Парламент Мәжілісінің
2024 жылғы 21 маусымдағы қаулысымен бекітілген
№-17-VIII

2023 ЖЫЛҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЕСЕБІНЕ ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Астана қаласы, 2024 жыл

Қысқарған сөздер тізімі

ЖАП – Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы
РББӘ – республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі (-лері)
ББ – бюджеттік бағдарлама
ҰСБ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
МКК – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
ММЖК – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті
ЖАО – жергілікті атқарушы орган (-дар)
ҰҚ – Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
ЖІӨ – Жалпы ішкі өнім
ДБ – Дүниежүзілік банк
ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одақ
ЕЭК – Еуразиялық экономикалық комиссия
ХВҚ – Халықаралық валюта қоры
ҚРҮҚ – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы
ЖСҚ – Жобалау-сметалық құжаттама
ӘЭДБ – Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму болжамы
РБ – республикалық бюджет
ҚР – Қазақстан Республикасы

МАЗМҰНЫ

I БӨЛІМ. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР МЕН БЮДЖЕТТІК ШЫҒЫСТАРДЫҢ ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІНЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІН БАҒАЛАУ 4

1.1. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫНЫҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ.4

1.2. БЮДЖЕТТІК ШЫҒЫСТАР МЕН ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫН БАҒАЛАУ 17

1.3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚОРЫ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ТҮСІМДЕРІ МЕН ПАЙДАЛАНЫЛУЫН БАҒАЛАУ 24

II БӨЛІМ. 2023 ЖЫЛҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҒАЛАУ 31

2.1. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ КІРІС БӨЛІГІНІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҒАЛАУ 31

2.2. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ ШЫҒЫС БӨЛІГІНІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҒАЛАУ 53

2.3. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШТЫ БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТА БАҒАЛАУ 68

2.4. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА БӨЛІНГЕН БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ 75

2.5 «АУЫЛ - ЕЛ БЕСІГІ» ЖОБАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ӨҢІРЛЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ 251

2.6. КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕРІ АКТИВТЕРІНІҢ БАСҚАРЫЛУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ 272

III БӨЛІМ. ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ 296

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ПИЛОТТЫҚ ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ 300

«АУЫЛДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫРТУ» ПИЛОТТЫҚ ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ 310

IV БӨЛІМ. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН БАҒАЛАУ 319

V БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІК 323

I БӨЛІМ. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР МЕН БЮДЖЕТТІК ШЫҒЫСТАРДЫҢ ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІНЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

ҚР Жоғары аудиторлық палатасы *(бұдан әрі – ЖАП, Жоғары аудиторлық палата)* осы қорытындыда республикалық бюджеттің атқарылуының макроэкономикалық жағдайларын және Қазақстан халқының өмір сүру сапасы факторларын бюджеттік шығыстардың адамға бағдарлану қағидаты бойынша бағалауды жалғастырады.

1.1. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫНЫҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Есепті жыл жаһандық геосаяси тұрақсыздықпен, қайталама санкциялар[1] тәуекелдерімен және валюта нарығындағы құбылмалылықпен сипатталып отыр.

2023 жылы Қазақстандағы экономикалық өсім 4%[2] деңгейінде болжанған болатын. Нақты ЖІӨ-нің өсімі іс жүзінде 5,1%-ды құрады.

1-КЕСТЕ. Макроэкономикалық көрсеткіштерге қол жеткізу

АТАУЫ	2022 іс жүзінде	2023				Ауытқу, %			
		2023-2027 ӘЭДБ-ға сәйкес 2023 бағалау	2023-2027 ӘЭДБ-ға сәйкес 2023 бағалау	2024-2028 ӘЭДБ-ға сәйкес 2023 бағалау	Жедел деректер*	2022 жылға	2023-2027 жж. ӘЭДБ-ға (1-кезең)	2023-2027 жж. ӘЭДБ-ға (2-кезең)	2024-2028 жж. ӘЭДБ-ға
ЖІӨ-нің нақты өзгеруі, өткен жылға %-бен	103,2	104,2	104	104,7	105,1	1,84	0,9	1,05	0,4
Экономика салаларының ЖҚҚ НКИ									
Ауыл, орман және балық шаруашылығы, өткен жылға %-бен	109,1	103,6	103	103,1	92,3	-15,4	-10,9	-10,4	-10,5
Өнеркәсіп, өткен жылға %-бен	101,2	104,9	104,6	104,9	104,3	3,1	-0,6	-0,3	-0,6
Тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу, өткен жылға %-бен	99,1	106,2	106,4	105,9	104,6	5,5	-1,5	-1,7	-1,2
Өңдеу өнеркәсібі, өткен жылға %-бен	103,6	103,7	103,2	104,1	104,1	0,5	0,4	0,9	0
Құрылыс, өткен жылға %-бен	110,2	103,8	103,8	107	113,3	2,8	9,2	9,2	5,9
Көлік және қоймалау, өткен жылға %-бен	101,3	103,3	103,3	105	107,1	5,7	3,7	3,7	2
Ақпарат және байланыс, өткен жылға %-бен	99	105,2	105,2	106,4	107,1	8,2	1,8	1,8	0,7
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен	104,6	105,1	106,2	105,4	111,3	6,4	5,9	4,8	5,6

[1] ДБ. «SHAPING TOMORROW: REFORMS FOR LASTING PROSPERITY». KAZAKHSTAN ECONOMIC UPDATE - WINTER 2023-24, 37-бет

[2] 2023-2027 жылдарға арналған ӘЭДБ. ҰЭМ// www.gov.kz/memleket/entities/economy

АТАУЫ	2022 іс жүзінде	2023				Ауытқу, %			
		2023-2027 ӘЭДБ-ға сәйкес 2023 бағалау	2023-2027 ӘЭДБ-ға сәйкес 2023 бағалау	2024-2028 ӘЭДБ-ға сәйкес 2023 бағалау	Жедел деректер*	2022 жылға	2023-2027 жж. ӘЭДБ-ға (1-кезең)	2023-2027 жж. ӘЭДБ-ға (2-кезең)	2024-2028 жж. ӘЭДБ-ға
мотоциклдерді жөндеу, өткен жылға %-бен									
Кезең соңындағы инфляция, %	20,3	4-6	7,5-9,5	7,5-9,5	9,8	-52	145-63,3	30,7-3,2	30,7-3,2

Дереккөз: ӘЭДБ

Мемлекет басшысы экономиканы 2029 жылға қарай екі есеге арттыру міндетін қойды, ол үшін экономиканы кемінде жылдық 6% деңгейінде тұрақты түрде өсіру қажет. Бұл Қазақстанның орташа деңгейден жоғары табысы бар елдер тобынан жоғары табысы бар елдер тобына ауысуын білдіреді, яғни экономикада сапалы құрылымдық өзгерістерді талап етеді.

Алайда, 2014 жылдан бері ЖІӨ-нің нақты жылдық өсу қарқыны 4-5% деңгейінде баяулады. Дүниежүзілік Банктің бағалауынша, Қазақстанның экономикалық өсімінің серпіні мен сапасы көп жағдайда еңбек өнімділігінің артуына байланысты болады. Егер еңбек өнімділігі өспесе, келесі онжылдықта жан басына шаққандағы ЖІӨ өсімі шамалы болады *(жылына 0,4%-дан аспайды).*

ЖІӨ-нің өсуі мен халықтың жұмыспен қамтылуы арасындағы байланыстың нашар екені Халықаралық еңбек ұйымының деректерімен расталып отыр: Қазақстанда ЖІӨ-нің 1%-ға өсуі халықты жұмыспен қамтуды 0,23%-ға өсуіне ықпал етеді.

ЖІӨ-дегі еңбек кірістері үлесінің көрсеткіші бойынша Қазақстан G-20 *(2021 жылы – 54,4%)* және G-7 *(2021 жылы – 59%)* елдерінен, Батыс Еуропа елдерінен (*2021 жылы – 61,4%)* және Балтық жағалауы елдерінен *(2021 жылы – 50%-дан астам)* табыс деңгейі орташа елдердің *(жоғарғы топ)* орташа көрсеткішінен *(2021 жылы – 49,7%)* артта қалып отыр. ЕАЭО-ға мүше елдер арасында Қырғызстан ғана Қазақстаннан кейін орналасқан *(2021 жылы – 33,7%)*[3].

2-КЕСТЕ. ЖІӨ-дегі еңбек кірістерінің үлесі, %-бен

Көрсеткіштер	2017	2018	2019	2020	2021
ЕАЭО-ға мүше елдер					
Армения	53,6	52,5	52,4	55,1	53,3
Беларусь	49	49,6	51	51,1	48,9
Қазақстан	41	40,7	40,7	41,6	41,6
Қырғызстан	37,2	35,5	32,8	36,8	33,7
Ресей	52	51,8	51,9	53,9	51,2
Орталық Азия	**40,8**	**40,5**	**41,4**	**42,1**	**42,2**
Тәжікстан	20,1	20,3	19,7	18,9	17,9
Түрікменстан	47	47,1	47	47,3	46,8
Өзбекстан	41,3	41	44,8	44,9	46,1

[3] Халықаралық еңбек ұйымы. Statistics//ilostat.ilo.org/data/

Көрсеткіштер	2017	2018	2019	2020	2021
Табыс деңгейі орташа елдер (жоғарғы топ)	**50,3**	**50,1**	**50,3**	**50,7**	**49,7**
G-20 елдері	54,6	54,5	54,7	55,5	54,4
G-7 елдері	58,3	58,5	58,5	60	59
Батыс Еуропа	61,4	61,4	61,5	62,6	61,4
Балтық жағалауы елдері					
Эстония	55,1	55,8	56,7	59,7	56,4
Латвия	53,8	55	56,1	59	57,3
Литва	50,1	51,2	53,3	54,4	52,5

Дереккөз: Халықаралық еңбек ұйымы

Сонымен қатар, ХВҚ-ның болжамы бойынша, ЖІӨ-нің нақты өсімі 2023 жылы 4,6%-дан 2028 жылы 3%-ға дейін төмендейтін болады[4].

1-ДИАГРАММА. ЖІӨ-нің нақты өсуінің болжамы, %-бен



Дереккөз: ХВҚ

Дүниежүзілік Банктің бағалауы бойынша, экономикалық өсудің баяулап, теңсіздіктің ұлғаюы мемлекеттің қатысуы басым экономиканың шикізат моделін көрсетеді[5]. Осы жағдайды бәсекелестікті, адами капиталды дамыту, мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың көрсеткіштерін жақсарту және халықтың әлеуметтік қорғалуын нығайту арқылы басқаша еңсеруге болады[6].

Болжамды макроэкономикалық және бюджеттік параметрлерді қалыптастыру кезінде ҰЭМ мұнайдың бағасы бір баррель үшін 85 АҚШ доллары деңгейіндегі белгіленген базалық сценарийді алды. 2023 жылы нақты баға бір баррель үшін 82,6 АҚШ доллары деңгейінде қалыптасты. Қазақстанның мемлекеттік бюджеті кірістерінің 40%-дан астамы табиғи рента есебінен қалыптасады және мұнай кірістеріне тәуелді[7].

[4] ХВҚ// www.imf.org/en/data
[5] ДБ. Overview// www.worldbank.org/en/country/kazakhstan/overview
[6] ДБ. «SHAPING TOMORROW: REFORMS FOR LASTING PROSPERITY». KAZAKHSTAN ECONOMIC UPDATE - WINTER 2023-24, 37-бет
[7] Алпысбаева, Шунеев, Жанаков, Бакдолотов (2021). ҚАЗАҚСТАННЫҢ КОНТРЦИКЛДІ ФИСКАЛДЫҚ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ЖІӨ-НІҢ ӘЛЕУЕТТІ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТЕГІ АЛШАҚТЫҚТЫ БАҒАЛАУ// Болжау мәселелері, № 4, 163-175-бет. DOI: 10.47711/0868-6351-187-163-175

Бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігінің күшеюі **бюджет жүйесінің тұрақтылығын ұзақ мерзімді кезеңде қамтамасыз ету** мәселесінің өзектілігін тудырып отыр.

Сонымен қатар, 2050 жылға дейін 137 елдің басым бөлігі көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді мақсат етіп отыр. Қазақстан, басқа да бірқатар елдер сияқты *(Австралия, Сингапур, Украина, Қытай)* көзделген межеге 2060 жылға қарай жетуді жоспарлап отыр.

Соңғы жылдары ЖІӨ құрылымында **қызмет көрсету секторы басым** *(2023 жылы – 56%),* бұл дәстүрлі түрде еңбек өнімділігінің төмен болуымен сипатталады *(2023 жылдың 9 айында – 101)*[8]. Тауарлар өндірісіндегі жоғары еңбек өнімділігі тау-кен өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда сақталып отыр (*2023 жылдың 9 айында – 105,1*).

Еңбек өнімділігінің көрсеткіші бойынша Қазақстан (*2023 жылы - 30 АҚШ доллары*) ЕАЭО және Орталық Азия елдері арасында ғана емес, сонымен бірге табысы орташа елдер тобының (*жоғарғы топ*) орташа көрсеткішімен салыстырғанда көш басында.

Сонымен бірге, Қазақстан осы көрсеткіш бойынша Балтық жағалауы (*2023 жылы – 40 АҚШ долларынан астам*) және Батыс Еуропа елдерінен (*2023 жылы – 70,5 АҚШ доллары*) едәуір артта қалып отыр.

3-КЕСТЕ. Еңбек өнімділігі/сағат (ЖІӨ/сағат)
(2017 жылғы тұрақты бағадағы ЖІӨ, АҚШ доллары)

Көрсеткіштер	2018	2019	2020	2021	2022	2023
ЕАЭО-ға мүше елдер						
Армения	15,7	15,7	16	15,7	19	20,5
Беларусь	19,5	19,7	20	20,1	19,3	19,7
Қазақстан	25,9	26,7	27,2	27,4	29,0	**30,1**
Қырғызстан	7,1	7,3	7,2	6,9	7,1	7,2
Ресей	27,8	28,7	29,8	29,6	28,6	29,5
Орталық Азия						
Өзбекстан	9,1	9,6	10	10,4	10,7	11,1
Түрікменстан	21,1	22,3	22,3	22,8	22	22
Тәжікстан	6,6	7	7,5	8	8,2	8,5
Балтық жағалауы елдері						
Эстония	39,1	40,5	42,6	46,6	44,7	43,9
Латвия	33,2	34,7	35,6	38,7	40,4	40,7
Литва	48,1	46,4	45,6	45	45,6	46,4
Табыс деңгейі орташа елдер (жоғарғы топ)	14,8	15,4	16,3	16,7	16,7	17,3
Батыс Еуропа	68,2	68,6	69,9	70,6	70,7	70,5

Дереккөз: Халықаралық еңбек ұйымы.

Есепті жылы салаларға бөліп қарайтын болсақ, мыналарды да атап өтуге болады: көтерме және бөлшек сауда *(18,2%),* тау-кен өндіру *(12,6%)* және өңдеу *(12,3%)* салалары, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар *(7,4%),* құрылыс *(5,6%),* көлік және қоймалау *(5,3%)*, ауыл *(орман, балық)* шаруашылығы *(4,3%)*[9].

[8] ҰСБ. Ұлттық шоттар. Динамикалық қатарлар. Еңбек өнімділігінің индекстері// www.stat.gov.kz
[9] ҰСБ. Өндіріс әдісімен ЖІӨ құрылымы, 2023 жыл// www.stat.gov.kz

Есепті жылдағы болжамды параметрлердің орындалуын талдау нәтижелері болжау кезінде қателіктердің бар екендігін растайды. Атап айтқанда, 2023 жылғы жедел көрсеткіштерді 2023-2027 жылдарға және 2024-2028 жылдарға арналған болжамды көрсеткіштермен салыстырсақ, ауыл шаруашылығының нақты көлем индексі бойынша нақты қол жеткізілген мәндердің – 10,4 п.т.-дан 10,9 п.т.-ға дейін, инфляция деңгейі бойынша – 3,2 п.т.-дан 145 п.т.-ға дейін ауытқығанын көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы өнімін шығару 7,7%-ға төмендеді. Өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру көлемінің 14,6%-ға азаюы себебінен болжамды көрсеткіштерге қол жеткізілмеді. Бұл ретте агроөнеркәсіптік кешенде (*бұдан әрі – АӨК*) тұқым шаруашылығын дамыту, селекция және өсімдіктердің жаңа сорттарын шығару, мал азығын өндіруді ынталандыру, шалғайдағы мал шаруашылығын және жайылым инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ селекцияның заманауи әдістерін енгізуді ынталандыру есебінен орташа жылдық өсу 3,9%-ға[10] болжанған болатын. Іс жүзінде ауа-райының қолайсыз жағдайларына байланысты дәнді және майлы дақылдардың жалпы түсімі төмендегені байқалды (*жазғы кезеңдердегі құрғақшылық, сондай-ақ тамыз-қыркүйек айларындағы нөсер жаңбыр*).

Сонымен қатар, дәл осы ауыл шаруашылығы көптеген дамушы елдерде инновацияның көзі болып табылады. Мәселен, Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша, құнарлы жерлерді және азық-түлікке сұранысы жоғары елдерге географиялық жақындықты қамтитын осы саланың елеулі әлеуеті әлі де іске асырылмаған күйінде қалып отыр[11].

Осылайша, **ауыл шаруашылығының даму болжамы осы саланың табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділігін ескеруі керек.**

Экономиканың көптеген салаларында оң нәтижеге қол жеткізілді. Өнеркәсіптік өндіріс көлемі 4,3%-ға өсті. Тау-кен өнеркәсібіндегі өндіріс төмендегендіктен, болжамды мәнге 0,3 п.п.-ға қол жеткізілмеді.

Өңдеу саласында өсім 4,1%-ды құрады, бұл болжамды мәннен 0,9 п.т.-ға жоғары. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, тоқыма бұйымдарын, киім-кешек және былғары өнімдерін өндіру саласына қолданыстағы өндірістерді жүктеу және жаңа өндірістер құру есебінен инвестициялар тарту арқылы орташа жылдық өсім 3,5%-ға[12] болжанған болатын.

---

[10] 2023-2027 жылдарға арналған ӘЭДБ (2-кезең), 27.08.2022 ж., ҚР Үкіметі отырысының № 31 хаттамасы// www.gov.kz/memleket/entities/economy

[11] ДБ. «SHAPING TOMORROW: REFORMS FOR LASTING PROSPERITY». KAZAKHSTAN ECONOMIC UPDATE - WINTER 2023-24, 37-бет

[12] 2023-2027 жылдарға арналған ӘЭДБ (2-кезең), 27.08.2022 ж., ҚР Үкіметі отырысының № 31 хаттамасы// www.gov.kz/memleket/entities/economy

Тау-кен өндіру саласында болжамды көрсеткіштерге қол жеткізбеу 1,8 п.т. құрады. Осы саладағы орташа жылдық өсім 2023-2025 жылдары мұнай өндіруді орта есеппен 6,4%-ға ұлғайту, сондай-ақ газ өндіру көлемін 2023 жылы 55,6 млрд м^3-тен 2027 жылы 59 млрд м^3-ке дейін ұлғайту есебінен 2,9%-ға[13] болжанған болатын. Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі бойынша *(млн тонна)* нақты қол жеткізбеу -2,6 п.т. құрады.

Қазақстан экономикасына қосқан үлесі бойынша мұнай мен газ өндіру көшбасшылықты сақтап отыр, олардың тауарлардың жалпы экспортындағы үлесі 50% деңгейден асады, инвестициялардың таза ағынында 40%-ға жуығын қамтиды.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар 2018-2023 жылдар бойы тұрақты өсу үрдісіне ие. Қаржыландыру көздері бойынша дәстүрлі түрде шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты басым *(70%-дан астам)*. Одан кейін көлемі бойынша – бюджет қаражаты *(12%-дан астам)* және банк секторы (*2%-дан астам*).

2-ДИАГРАММА. Негізгі капиталға салынған инвестициялар

Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млрд теңге



Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар, %



Дереккөз: ҰСБ

Бұл ретте Мемлекет басшысы банк секторының ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды кредиттеу мүмкіндігін кеңейту қажеттігін бірнеше рет атап өтті[14]. «Инвестициялардың жетіспеушілігі нақты секторға кредит беру көлемінің жыл сайын 20% немесе одан да жоғары деңгейде өсуін қамтамасыз ету міндетін қоя отырып, экономикалық өсуді шектейтін негізгі мәселе болып қала береді» [15].

---

[13] 2023-2027 жылдарға арналған ӘЭДБ (2-кезең), 27.08.2022 ж., ҚР Үкіметі отырысының № 31 хаттамасы// www.gov.kz/memleket/entities/economy

[14] Мемлекет басшысының төрағалығымен 2023 жылғы 19 сәуірде өткен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңес

[15] Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауы// www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskiy-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588

Алайда, әдеттегідей өнеркәсіп *(орта есеппен 50%-дан жоғары)*, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар *(орта есеппен 16%-дан жоғары)*, көлік және қоймалау *(орта есеппен 10%-дан жоғары)* инвестициялық тартымды салалар болып қала береді. Өз кезегінде, өнеркәсіп құрылымында шикі мұнай, табиғи газ өндіру және металлургия басым.

3-ДИАГРАММА. Негізгі капиталға салынған инвестициялар

Салалар бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар, %

Өнеркәсіптің инвестициялық тартымды салалары, %



Дереккөз: ҰСБ

Қазақстан 2023 жылы **жылдық инфляция** көрсеткіші бойынша *(9,8%)* ЕАЭО елдері арасында көш бастап тұр *(Арменияда дефляция 0,6%, Беларусьте инфляция 5,8% деңгейінде, Қырғызстанда инфляция - 7,3%, Ресейде инфляция - 7,4%)*[16].

Тұтыну бағаларының индексі *(бұдан әрі – ТБИ)* 2023 жылғы желтоқсанда 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 109,8%-ды құрады, соның ішінде ақылы қызметтерге – 12,4%, азық-түлік емес тауарларға – 9,1%, азық-түлік тауарларына – 8,5%, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге – 9,8%.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық *(бұдан әрі – ТКШ)* қызметтеріне *(13,9%)*, соның ішінде тұрғын үй-жайларға қызмет көрсету мен жөндеуге *(8,6%)*, суық *(22%)* және ыстық *(23,4%)* суға, қоқыс шығаруға *(33,2%)* және су бұруға *(28,8%)* тарифтердің өсуі инфляция деңгейіне айтарлықтай әсер етті. Бұдан басқа, 2023 жылдың соңында орталық жылыту *(26,1%)* және электр энергиясына *(19,9%)* тарифтер, сондай-ақ тұрғын үйді жалға алу бағасы *(8,1%)* айтарлықтай өсті.

Қазақстандағы ішкі инфляция бұрынғысынша бірқатар факторларға байланысты, олардың ішінде: жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің төмен деңгейі, азық-түлік және азық-түлік емес тауарлардың импорты, ТКШ қызметтеріне тарифтердің жоғары болуы.

[16] ЕЭК. Тұрақты өсу және инклюзивті даму// www.eec.eaeunion.org/comission/department/dep_stat/union_stat/current_stat/prices/express/express_inflation.pdf

Сондай-ақ, ішкі нарық конъюнктурасына (*сұраныс, ұсыныс, бәсекелестік және баға*) әлемдегі, соның ішінде шекара маңы өңірлеріндегі **геосаяси жағдай да** айтарлықтай **әсер етеді.**

Инфляция деңгейінің серпіні,%



Дереккөз: ҰСБ

Мәселен, Қазақстанда 2022 жылы сыртқы иммигранттар санының өсуі *(2021 жылмен салыстырғанда 58%-ға)*[17] және инфляция деңгейінің 20,3%-ға дейін айтарлықтай өсуі байқалды[18]. Бұл ретте азық-түлік тауарлары бағасының индексі 125,3%, тұрғын үйге – 117,8% және ақылы көрсетілетін қызметтерге – 114,1% құрады.

Бағаның өсуіне тағы бір себеп – жекелеген тауар нарықтарында бәсекелестік деңгейінің төмендігі[19]. Атап айтқанда, электр энергиясының бөлшек сауда нарығында, жолаушыларды әуе көлігімен тұрақты тасымалдау нарығында, тұрғын үйді сату нарығында шоғырлануы жоғары сақталып отыр[20]. ЭЫДҰ сарапшыларының бағалауы бойынша, бәсекелестіктің нашар болуы орта есеппен 10%-ға дейін инфляцияға ұшыратады[21].

Дүниежүзілік Банктің шолуында мемлекеттің экономикада айтарлықтай қатысуын да атап өтеді[22]. Қазақстанның ЖІӨ-нің 40%-ға жуығы квазимемлекеттік секторды құрайды, бұл Қытай Халық Республикасы мен ЭЫДҰ елдеріндегі көрсеткіштерден жоғары[23]. Бұл ретте 2022 жылы квазимемлекеттік сектордың ЖІӨ-дегі жалпы қосылған құнының үлесі небәрі 14,2%-ды құрады[24].

Өз кезегінде, ҚР Үкіметі мемлекеттің экономикадағы үлесін 2025 жылдың соңына дейін ЖІӨ-нің 14%-на дейін қысқартуды жоспарлап отыр[25].

Осылайша, **тауар нарықтарындағы бәсекелестікті дамытпай, инфляцияны тұрақты ұстап тұру** және сәйкесінше халықтың өмір сүру сапасын қамтамасыз ету қиындау.

2017-2023 жылдары елдің әлемдік экономикаға тартылу деңгейінің оң үрдісі байқалады. **Сыртқы сауда** ЕАЭО елдерімен салыстырғанда *(20,4%)* басқа елдердің *(74,5%)* басым болуымен және экспорттың *(56,3%)* импорттан *(43,7%)* асып кетуімен сипатталады.

---

[17] ҰСБ. Сыртқы көші-қон// www.stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/

[18] ҰСБ. Бағалар// www.stat.gov.kz/ru/industries/economy/prices/

[19] ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі. 2022 ЖЫЛҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАУАР НАРЫҚТАРЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ МОНОПОЛИСТІК ҚЫЗМЕТТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ЕСЕП// www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/486951?lang=ru

[20] ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі. 2022 ЖЫЛҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАУАР НАРЫҚТАРЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ МОНОПОЛИСТІК ҚЫЗМЕТТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ЕСЕП // www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/486951?lang=ru

[21] ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі. 2022 ЖЫЛҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАУАР НАРЫҚТАРЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ МОНОПОЛИСТІК ҚЫЗМЕТТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ЕСЕП// www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/486951?lang=ru

[22] ДБ. «SHAPING TOMORROW: REFORMS FOR LASTING PROSPERITY». KAZAKHSTAN ECONOMIC UPDATE - WINTER 2023-24, 37-бет

[23] ҚР-дың еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. 2023 жылғы 29 қарашадағы № 1050 ҚРҮҚ// www.adilet.kz

[24] ҰСБ. Ұлттық шоттар. Динамикалық қатарлар// www.stat.gov.kz

[25] ҚР Үкіметі. Қаңтар-ақпан айларында экономиканың өсуі 4,2% құрады, 2024 жылғы 12 наурыз// www.primeminister.kz

Бөлшек сауда жалпы алғанда 7,7%-ға, соның ішінде азық-түлік емес тауарлар бойынша 14%-ға ұлғайғаны, азық-түлік тауарлары бойынша, керісінше, 3,4%-ға төмендегені байқалды. Көтерме сауда құрылымында азық-түлік емес тауарлар басым (*82,7%*), бұл олардың салыстырмалы түрде құнының жоғары болуымен байланысты.

Жекелеген тауарлардың импортына тәуелділіктің жоғары болуы сақталуда. Қосылған құны жоғары құрылыс материалдарына импортқа тәуелділік 50-100% деңгейінде сақталып отыр[26]. Мысалы, 2023 жылы кірпіштердің *(отқа төзімді, блоктар, плиткалар және өзге де ұқсас керамикалық отқа төзімді бұйымдар)* импорт көлемі заттай мәнде 93,1%-ды құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 18%-ға өсті[27]. Өз кезегінде, 2010-2022 жылдары құрылыс жұмыстарының көлемі 2,5 есеге *(млн теңгеге)* ұлғайды[28].

Бұдан басқа, импорт сыртқы киімдер мен аксессуарларды қамтамасыз етіп отыр, соның ішінде балаларға – 96%, аяқ киімге – 96%[29]. Дәрілік заттардың импорты 70%-дан[30] жоғары, соның ішінде антибиотиктер мен витаминдер *(поливитаминдер)* тиісінше 82%-ға және 90%-ға импортталады. 2023 жылы денсаулық сақтауға арналған тұтыну шығыстарының құрылымында фармацевтикалық өнімдердің үлесі 45,2%-ды құрады[31].

Мемлекет басшысы отандық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өндірісінің үлесін 50%-ға дейін жеткізуді тапсырған болатын[32]. 2023 жылы отандық өндірістегі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың үлесі *(құндық мәнде)* Үкімет есебінің деректеріне сәйкес небәрі 14,4%-ды құрады, жоспар – 36%. Оның үстіне, фармацевтикалық өнім импортының сомасы экспорт сомасынан 100 есе асады.

Осы міндетті орындау мақсатында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жол картасын іске асыруда[33].

Сонымен қатар, мемлекет отандық фарминдустрияны дамытуға қаражат бөлуде. Мәселен, 2022-2024 және 2024-2026 жылдарға арналған РБ-дан «QazBioPharm» ұлттық холдингі»АҚ базасында жаңа биологиялық және фармацевтикалық препараттарды әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қызметтері»

---

[26] ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі. 2022 ЖЫЛҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАУАР НАРЫҚТАРЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ МОНОПОЛИСТІК ҚЫЗМЕТТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ЕСЕП // www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/486951?lang=ru

[27] ҰСБ. ҚР-да өнімдердің (тауарлардың) және шикізаттың жекелеген түрлерін пайдалану және ресурстар, 2023 жылғы қаңтар-желтоқсан. 2024 жылғы 20 ақпан// www.stat.gov.kz

[28] ҰСБ. Динамикалық қатарлар. Құрылыс жұмыстарының көлемі// www.stat.gov.kz

[29] ҰСБ. ҚР өнімнің (тауарлардың) және шикізаттың жекелеген түрлерінің ресурстары мен пайдалануы. 2024 жылғы қаңтар // www.stat.gov.kz

[30] ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі. 2022 ЖЫЛҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАУАР НАРЫҚТАРЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ МОНОПОЛИСТІК ҚЫЗМЕТТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ЕСЕП// www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/486951?lang=ru

[31] ҰСБ. ҚР халқының шығыстары мен кірістері (2023 жылғы IV тоқсан)// www.stat.gov.kz

[32] Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан – бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын орындау аясындағы тапсырмасы

[33] 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы ҚР Үкіметінің есебі

мемлекеттік тапсырмасы бойынша тиісінше 336,7 млн теңгеге және 1 045,4 млн теңгеге қаражат бөлінді. Мемлекет шығыстарының өсіп жатқаны айқын.

Анықтама ретінде: 2019-2021 және 2020-2022 жылдарға арналған РБ-да «QazBioPharm» ұлттық холдингі» АҚ базасында жаңа биологиялық және фармацевтикалық препараттарды әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қызметтері» мемлекеттік тапсырмалары көзделмеген.

Фармацевтика саласының шығыны жоғары және үнемі қаржыландыруды қажет етеді. Осыған байланысты, мемлекеттік бюджеттен кең спектрлі және өтелу мерзімі қысқа фармацевтикалық препараттарды өндіру қаржыландырылуы тиіс.

Осылайша, **Үкіметтің инфляцияны тежеу жөніндегі шаралары қазақстандық құрамы жоғары халық тұтынатын тауарлар өндірісін дамытпай тұрақты әсер етпейді.**

Сонымен қатар, Қазақстанның импортқа жоғары тәуелді болуы, сауда төлемдерін негізінен АҚШ долларымен жүргізу және валюта бағамының құбылмалылығы инфляцияның өсуіне қысым жасайды.

4-ДИАГРАММА. Теңгеге қатысты валюта бағамының серпіні



Дереккөз: ҰБ

Болжау жүйесінде олқылықтардың болуы және жоғарыда аталған үрдістер әлеуметтік теңсіздік көрсеткіштерінің нашарлауына әсер етпей қоймайды.

4-КЕСТЕ. Әлеуметтік саланың көрсеткіштері

АТАУЫ	2022 іс жүзінде	2023				Ауытқу			
		2023-2027 жж. ӘЭДБ-ға сәйкес 2023 ж. бағалау (1-кезең)	2023-2027 жж. ӘЭДБ-ға сәйкес 2023 ж. бағалау (2-кезең)	2024-2028 жж. ӘЭДБ-ға сәйкес 2023 ж. бағалау	2023 жылғы жедел деректер*	2022 жылға %-бен	2023-2027 жж. ӘЭДБ-ға %-бен (1-кезең)	2023-2027 жж. ӘЭДБ-ға %-бен (2-кезең)	2024-2028 жж. ӘЭДБ-ға %-бен
Әлеуметтік саланың көрсеткіштері									
Халықтың өмір сүру ұзақтығы, жылдар	74,4	71,87	70,43	74,2	75,09	0,9	4,5	6,6	1,2
Халық саны, мың адам	19766,8	19515,1	19504,5	19895	20033,8	1,4	2,7	2,7	0,7
Жұмыс күші (15 жас және одан үлкен), мың адам	9429,8	9323	9323	9378	9534,1	1,1	2,3	2,3	1,7
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8971,5	8875,5	8875,5	8930,5	9081,9	1,2	2,3	2,3	1,7
жалдамалы жұмысшылар, мың адам	6847,3	6982,5	6982,5	6830,5	6893,4	0,7	-1,3	-1,3	0,9
өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлер, мың адам	2124,2	1893	1893	2100	2188,5	3	15,6	15,6	4,2

АТАУЫ	2022 іс жүзінде	2023				Ауытқу			
		2023-2027 жж. ӘЭДБ-ға сәйкес 2023 ж. бағалау (1-кезең)	2023-2027 жж. ӘЭДБ-ға сәйкес 2023 ж. бағалау (2-кезең)	2024-2028 жж. ӘЭДБ-ға сәйкес 2023 ж. бағалау	2023 жылғы жедел деректер*	2022 жылға %-бен	2023-2027 жж. ӘЭДБ-ға %-бен (1-кезең)	2023-2027 жж. ӘЭДБ-ға %-бен (2-кезең)	2024-2028 жж. ӘЭДБ-ға %-бен
Жұмыссыз халық (15 жас және одан үлкен), мың адам	458,3	447,5	447,5	447,5	452,2	-1,33	1,05	1,05	1,05
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,9	4,8	4,8	4,8	4,7	-4,1	-2,1	-2,1	-2,1
Ең төменгі жалақы мөлшері, теңге	60 000	60 000	60 000	70 000	70 000	16,7	16,7	16,7	0,0
Бір жұмыскердің орташа айлық жалақысы, теңге	309 867	311 860	322 301	351 504	393 605	27	26,2	22,1	12
Нақты жалақы индексі, өткен жылға %-бен	107,6	103,8	102,3	104,6	105,3	-2,1	1,4	2,9	0,7
Айлық есептік көрсеткіш, теңге	3 063	3 339	3 450	3 450	3 450	12,6	3,3	0,0	0,0
Зейнеткерлер саны, мың адам	2244,6	2270,9	2292,1	2292,1	2346,7	4,5	3,3	2,4	2,4
Базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері, теңге	20 191	21 200	21 907	24 341	24 341	20,6	14,8	11,1	0,0
Зейнетақының ең төменгі мөлшері, теңге	48 032	51 395	53 076	53 076	53 076	10,5	3,3	0,0	0,0
Күнкөріс деңгейі, теңге	37 389	39 258	40 567	40 567	40 567	8,5	3,3	0,0	0,0
Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі, %	5,2	5,5	5,5	5,5	5,1	-1,9	-7,3	-7,3	-7,3

Дереккөз: ӘЭДБ

2023 жылға арналған **әлеуметтік көрсеткіштер** болжамында күтілетін өмір сүру ұзақтығы 74,4 жылды құрайды. Іс жүзінде көрсеткіш 75 жылға тең. Бұл ретте 2018-2022 жылдардағы орташа өмір сүру ұзақтығы 72,5 жылды, ал 2022 жылы 74 жастан асқан жас санатындағы халықтың үлесі жалпы халық санының небәрі 2,6%-ын құрады.

2013 жылдан бастап Қазақстанда 65 жастан асқан халық үлесінің тұрақты өсіп келе жатқаны байқалады[34]. Сондай-ақ, 2020-2050 жылдары Қазақстанда әлеуетті қолдау коэффициенті екі есеге жуық төмендеп, еңбекке қабілетті жастағы бір адамға шаққанда 65 жастан асқан 3,64 адам келеді деп болжануда[35]. Егер 2000-2011 жылдары зейнеткерлер саны 3%-ға азайса, 2011-2023 жылдары, керісінше, олардың саны 35,5%-ға өсті[36].

[34] Қазақстан халқының 2009-2021 жылдар кезеңіндегі динамикадағы қартаю көрсеткіші БҰҰ халқының қартаю шкаласына сәйкес есептелген

[35] Joint Stock Company «Unified Accumulative Pension Fund». «БЖЗҚ демографиялық болжамдары бойынша анықтама», (in Russian), p. 19// https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/cdc/cdc5afecf6a9d55611b7d605705aeef2.pdf

[36] // www.stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-medicine/dynamic-tables/

5-ДИАГРАММА. 65 жастан асқан халық үлесінің және жасына байланысты зейнетақы мөлшерінің серпіні



Дереккөз: ҰСБ

Осылайша, **әлеуметтік-экономикалық дамуды болжау және бюджетті жоспарлау кезінде республикалық бюджеттің зейнетақымен қамсыздандыру мен денсаулық сақтау шығыстарының ұлғаюына әсер ететін демографиялық үрдістерді ескеру қажет.** Мысалы, Ресей мен Австралияда әлеуметтік-экономикалық даму болжамы халықтың қартаю[37] көрсеткіштерін және оның әлеуметтік қамсыздандыру мен денсаулық сақтау шығыстарына әсерін қамтиды.

Осыған байланысты, ҰЭМ-ға мемлекеттік бюджеттің болашақ шығыстарын болжау үшін халықтың қартаю көрсеткіштерін ӘЭДБ-ға енгізу ұсынылады.

Бұл өз кезегінде, экономикалық саясаттың үш негізгі мақсатына – оның тұрақтылығына, экономиканың өсуіне және әл-ауқат теңдігіне қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тағайындалған және ең төменгі зейнетақылардың орташа мөлшері жыл сайын артып келеді[38]. Нәтижесінде, 2023 жылы республикалық бюджеттің зейнетақы төлеуге арналған шығыстары 2022 жылмен салыстырғанда 15%-ға және 2021 жылмен салыстырғанда 25%-ға ұлғайды.

Үкімет 2027 жылға дейін базалық зейнетақының ең төменгі мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейінен 70%-ға дейін, ең жоғарысын 120%-ға дейін кезең-кезеңімен арттыруды жоспарлап отыр.

[37] Матвеева Н. (2020). Мемлекеттік қаржылық бақылаудың халықаралық тәжірибесі. Қаржылық журнал. Financial Journal. №2, 69-95-бет. DOI: 10.31107/2075-1990-2020-2-69-95

[38] ҰСБ// www.stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-medicine/dynamic-tables/

Дегенмен, 2022 жылы орташа зейнетақы бойынша алмастыру коэффициенті небәрі 23,8%-ды құрады *(салыстыру үшін 1993 жылы – 95,3%, 2003 жылы – 35,4%, 2013 жылы – 29,2%).*

Салыстыратын болсақ, Еуропалық одақ *(бұдан әрі – ЕО)* елдерінде бұл көрсеткіш 70%-ға жетеді. ЕАЭО шеңберінде Ресей мен Беларусьтегі зейнетақыны алмастыру коэффициенті Қазақстандағы ұқсас көрсеткіштің мәнінен де жоғары және тиісінше 33,9% және 47,2% құрайды.

Осылайша, орта мерзімді перспективада одан әрі экономикалық интеграция шаралары шеңберінде зейнетақыны алмастыру коэффициентін ЕАЭО бойынша әріптес елдердің деңгейіне, ал ұзақ мерзімді перспективада - ЕО деңгейіне дейін жеткізу ұсынылады.

Жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші бойынша Қазақстан *(11 290,9 АҚШ доллары)* ЕАЭО-ғы әріптес елдер арасында көш бастап тұр, бірақ жұмыссыздық деңгейі және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үлесі бойынша Беларусь пен Ресейден төмен.

5-КЕСТЕ. ЕАЭО елдерінің жекелеген макро көрсеткіштерінің серпіні

	Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғызстан	Ресей
ЖІӨ / жан басына шаққанда, 2015 жылғы бағамен, АҚШ доллары					
2020	4 256,1	6 252	10 974,2	1 117,7	9 714,4
2021	4 526,6	6 457,8	11 298,4	1 145,6	10 251,7
2022	5 116,2	6 204,1	**11 290,9**	1 182,9	10 030
Жұмыссыздық деңгейі, %					
2020	18,2	4,0	4,9	5,8	5,8
2021	15,4	3,9	4,9	5,3	4,8
2022	13,4	3,6	**4,9**	4,9	3,9
2023 IV тоқсан	13,1	3,5	**4,7**	-	2,9
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі, %					
2020	29	3,6	21,8	26,8	5
2021	29,4	3,8	22	26,5	5
2022	31,6	3,8	**22,2**	26,2	4,96

Дереккөз: ЕЭК

Жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін қолданылатын ең төменгі күнкөріс мөлшері 2023 жылы 8,5%-ға ұлғайтылды. Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің орташа мөлшері 67 794 теңгені құрайды.

2023 жылы **жұмыссыздық** деңгейі 4,7%-ға тең, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 0,2 п.т.-ға төмен. Сонымен қатар, 2020-2022 жылдары **жұмыссыздық** деңгейі 4,9%-да өзгеріссіз қалды, бірақ 2022 жылы абсолютті мәнде жұмыссыздар саны 2021 жылмен салыстырғанда 8,6 мың адамға артты.

Жалдамалы жұмыскерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың арақатынасы сәйкесінше 72,3% және 23% құрады[39]. Бұл ретте өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың ең көп үлесі ауылдық жерлерде және ауыл шаруашылығында шоғырланған. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың тек 36,7%-ы ғана жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылған[40].

Әртүрлі бағдарламалар мен бастамалар аясында құрылатын жұмыс орындарының көпшілігі уақытша[41]. Мысалы, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде есепті жылы тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту жобалары бойынша 1 500 жұмыс орны құрылды, оның 89,8%-ы уақытша. Сондай-ақ, 2021-2025 жылдарға арналған АӨК дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде құрылған 67 601 жұмыс орнының 81%-ы маусымдық болып табылады.

Анықтама ретінде:

Үкімет есебінің деректері бойынша «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде 2023 жылы тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту жобалары бойынша 1 500 жұмыс орны құрылды (жоспар 4 000), соның ішінде: тұрақты жұмыс орындары – 169 (жоспар 1 000), уақытша жұмыс орындары – 1 347 (жоспар 3 000).

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараты бойынша, жаңа жұмыс орындарының 87%-ы негізінен төмен және орта өнімді секторларда құрылады[42].

Орта және ұзақ мерзімді перспективада әлеуметтік-экономикалық дамуды болжауды сапалы түрде қайта қараудың объективті қажеттілігі туындап отыр.

Болжау тарихи тәжірибе мен сараптамалық болжамдарды ескеретін әлеуметтік-экономикалық дамудың ықтимал сценарийлерін нақты алдын ала білуі тиіс. Қазіргі уақытта ӘЭДБ көрсеткіштері әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық құбылыстары мен тенденцияларын көрсетпейді, өткен кезеңдегі нақты статистикалық деректерге сүйене отырып, жылына бірнеше рет түзетіледі. Нәтижесінде, болжау өзінің негізгі функциясын жоғалтты.

1.2. БЮДЖЕТТІК ШЫҒЫСТАР МЕН ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫН БАҒАЛАУ

Макроэкономикалық болжау болашақ экономикалық жағдайларды айқындай отырып, халықтың **өмір сүру сапасына** тікелей әсер етеді, бұл – мемлекеттік экономикалық саясаттың тиімділігін бағалаудың маңызды өлшемшарты.

[39] ҰСБ. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық. Динамикалық қатарлар// www.stat.gov.kz
[40] 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы ҚР Үкіметінің есебі
[41] 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы ҚР Үкіметінің есебі
[42] Еңбек нарығының сын-қатерлері мен перспективалары// https://iac.enbek.kz/ru/node/1717

Өмір сүру сапасы индексінің халықаралық рейтингінде Қазақстан ЕАЭО-ғы әріптес елдерден: Беларусь *(54 позиция)* пен Ресейден *(66 позиция)* төмен 73 позицияны иеленеді[43]. Сондай-ақ, «Халықтың өмір сүру сапасы»[44] зерттеу нәтижелеріне сәйкес қазақстандықтардың өмір сүру жағдайына қанағаттану деңгейі 51,8%-ды құрайды.

Соның ішінде, респонденттер өздерінің қаржылық және экономикалық жағдайына қанағаттануын тиісінше 34% және 36,5%-ға бағалады. Қазақстандықтардың денсаулық сақтау қызметінің сапасына қанағаттану дәрежесі 50%-ға да жетпейді. Бұл №3.8 «Денсаулық сақтау қызметтерімен жалпыға бірдей қамтуды, сапалы негізгі медициналық-санитарлық қызметтерге қол жеткізуді және барлығына қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету» тұрақты даму мақсатына *(бұдан әрі – ТДМ)* қол жеткізуге өз әсерін тигізеді.

Қазіргі уақытта денсаулық сақтауды қаржыландыруға қатысты негізгі жүктеме мемлекет бюджетіне түседі. 2021 жылы медициналық ұйымдардың тозуы 51,7%[45] құрады, оларды жаңғырту айтарлықтай қаржылық құюды талап етеді.

Денсаулық сақтау саласына салынған инвестициялар құрылымында 2023 жылы бюджет қаражатының үлесі 52%[46] құрады. Мемлекеттің қолдауына осындай тәуелділігі саланың тұрақсыз дамуын көрсетеді. Бұл қолда бар тәуекелдер мен кемшіліктерді ескере отырып, саланың инфрақұрылымын дамытуға жеке инвестицияларды тарту қажеттілігін білдіреді.

Сонымен, ЖАП аудитінің[47] қорытындысы бойынша мыналар атап өтілді:

- мемлекеттік-жекешелік әріптестік *(бұдан әрі – МЖӘ)* жобаларын іске асырудың ұзақ мерзімді стратегиясының болмауы;

- тартылатын инвестициялар көлеміне мемлекеттік міндеттемелердің сәйкес келмеуі *(2019 жылғы 1 қыркүйекке тартылған инвестициялардың 1 теңгесіне мемлекеттік міндеттемелердің 2,1 теңгесі келеді);*

- жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамыту саласында бастамалардың болмауы;

- МЖӘ жобаларының өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізетін әсерін бағалаудың болмауы, МЖӘ жобаларын кепілмен қамтамасыз ету мәселелері.

---

[43] Quality of Life Index by Country 2024// www.numbeo.com/quality-of-life/rankings_by_country.jsp?title=2024&displayColumn=0

[44] Халықтың өмір сүру сапасы (2023 жыл). ҰСБ. Қолжетімділік режимі://www/stat.gov.kz. Зерттеу 12000 үй шаруашылығына іріктеп жүргізілген сауалнамасына негізделген. Зерттеу өмір сүру жағдайлары, денсаулық, қаржылық жағдай, тұрғын үй сапасы, ауыз су, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерге қанағаттану мәселелерін қамтиды. «Өмір сүру сапасының индексі» жыл сайынғы бюллетеннің көрсеткіштерін есептеу «Өмір сүру сапасының индексін есептеу әдістемесін бекіту туралы» 2016 жылғы 9 қарашадағы №260 бұйрыққа толық сәйкес келеді.

[45] «ҚР-дың денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» 2022 жылғы 24 қарашадағы № 945 ҚРҮҚ

[46] www.stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-invest/spreadsheets/

[47] 2019 жылғы 21 қарашадағы №24-Қ «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, соның ішінде концессиялық жобалардың іске асырылу тиімділігін талдау және бағалау» аудиторлық қорытындысы

Бұдан басқа, экономиканың басым салаларын айқындап, тәуекелдерді саралап, мемлекеттің міндеттемелерін жобалар құнынан 30%-дан аспайтын мөлшерде шектеу қажет.

Тағы бір мәселе – денсаулық сақтау қызметтеріне жұмсалатын үй шаруашылықтарының жеке шығыстары *(қалтадан шығатын төлемдер)*, олардың көлемі ағымдағы шығыстардан денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындардың 30%-ынан асады. Бұл Қазақстанның барлық халқы медициналық сақтандырумен қамтылмағандығына байланысты[48]. Денсаулық сақтау министрлігі бұл мәселені 2026 жылға қарай халықты медициналық сақтандырумен қамтуды 90%-ға дейін ұлғайту арқылы шешуді жоспарлап отыр.

Анықтама ретінде: Еуропада 2018 жылы денсаулық сақтаудың ағымдағы шығыстарының құрылымында үй шаруашылықтарының жеке шығыстары (қалтадан шығатын төлемдер) 30% құрады[49].

ЕАЭО шеңберіндегі жекелеген көрсеткіштерді салыстыратын болсақ, Қазақстандағы ЖІӨ/жан басына шаққандағы ең жоғары көрсеткіш өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерімен сәйкес келмейтінін көрсетеді. Атап айтқанда, Қазақстан тағайындалған зейнетақының орташа мөлшері мен ең төменгі еңбекақы мөлшері бойынша Ресей мен Беларусьтен төмен[50].

6-КЕСТЕ. ЕАЭО-дағы жекелеген әлеуметтік көрсеткіштердің серпіні

	Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғызстан	Ресей
Күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жас					
2019	75,4	74,2	73,2	71,6	73,1
2020	72,2	72,5	71,4	71,8	71,3
2021	72,0	72,4	**70,2**	71,9	69,4
Тағайындалған зейнетақының орташа мөлшері, АҚШ доллары					
2020	90	184	146	79	208
2021	87	194	149	76	226
2022	107	217	**151**	96	264
Ең төменгі жалақы мөлшері, АҚШ доллары					
2020	131	152	101	22	164
2021	140	165	98	22	174
2022	172	189	**128**	26	234
Кедейлік деңгейі, %					
2020	27,0	4,8	5,3	25,3	12,1
2021	26,5	4,1	5,2	33,3	11,0
2022	24,8	3,9	**5,2**	33,2	9,8

Дереккөз: ЕЭК

[48] «ҚР-дың денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» 2022 жылғы 24 қарашадағы No 945 ҚРҮҚ

[49] Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы. Еуропадағы денсаулық сақтау шығындары: жаңа дәуірге қадам басу// iris.who.int/bitstream/handle/10665/362908/978928057875

[50] Қазақстанда ЕТЖ есебі айлық жалақының ең төменгі мөлшерін айқындаудың бекітілген әдістемесіне сәйкес жүргізіледі, 2024 жылғы 20 наурыздағы № 212 ҚРҮҚ бекітілген. Қазіргі уақытта ЕАЭО-да ЕТЖ есептеу әдістемелерін біріздендіру мәселесі қаралмайды

Кіріс көздері[51] бойынша халықтың құрылымы мынадай: жалданып жұмыс істейтіндер – 40,2%; өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 5,6%; түрлі жәрдемақылар алатындар (*зейнетақылар, стипендиялар, мүгедектік, жүктілік және босану бойынша жәрдемақылар)* – 10,5%; басқа да кірістер *(әлеуметтік көмектің басқа түрлері, жеке ауладан түсетін кірістер, меншіктен түсетін кірістер және басқалар)* – 9,5%; асырауында тұратындар – 34,3% *(оның ішінде 19 жасқа дейінгі балалар – 90%).* «Халықтың өмір сүру сапасы» зерттеу нәтижелеріне сәйкес[52], қамтамасыз етудің төмен деңгейінің себебін қазақстандықтардың 92,7%-ы еңбекақының төмен екенін атап өтті.

Жұмыспен қамту түріне қарай ай сайынғы кірістердің құрылымы[53] келесідей: жалға жұмыс істейтіндердің 18,6%-ы және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 18%-ы үшін 50 000 теңгеге дейін; жалға жұмыс істейтіндердің 74%-ы және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 62,7%-ы үшін 50 000 теңгеден 250 000 теңгеге дейін; және жалға жұмыс істейтіндердің тек 0,4%-ы және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 0,4%-ы үшін 500 000 теңге және одан жоғары.

Стипендия алушылардың 79%-ы; мүгедектігі бойынша жәрдемақы алушылардың 75,4%-ы; жүктілік және босану бойынша жәрдемақы алушылардың 60%-ы ай сайын 50 000 теңгеге дейінгі мөлшерде кіріс алып отыр. 71,6%-ының зейнетақысы 100 000 теңгеге дейінгі мөлшерде құрайды.

Тек халықтың 0,2%-ының ай сайынғы алатын негізгі кірісі – 500 000 теңге және одан жоғары, оның 0,3%-ы қалада және 0,05%-ы ғана ауылда тұрады. Табысы айына 500 000 теңге және одан жоғары адамдардың 53,6%-ы Алматы *(халықтың 0,6%)* және Астана *(халықтың 0,6%)* қалаларында тұрады. Ауылдық жерлерде табысы айына 500 000 теңге және одан жоғары адамдардың ең көп саны Маңғыстау *(халықтың 0,17%)* және Алматы *(халықтың 0,05%)* облыстарында және Түркістан қаласында *(халықтың 0,03%)* тұрады.

2010-2022 жылдары Қазақстанда ең төменгі және орташа айлық жалақы 4 есеге өсті. **Осыған байланысты, кірістер шексіз өсе алмайды деп объективті түрде айту керек. Импортты алмастыру және қазақстандық қамту мен импортты алмастыру деңгейі жоғары тауарларды өндіру арқылы ұлттық валютаның сатып алу қабілетін арттыру шаралары қажет.**

Тұтыну **шығыстары** ұзақ уақыт бойы *(2017-2022 жылдар)* 93% құрады. Тұтыну шығыстарының құрылымында азық-түлік тауарлары 50%-дан астам, азық-түлік емес тауарлар 25%-дан астам және ақылы қызметтер орта есеппен 17% құрайды[54].

Нәтижесінде, **тұтыну шығыстарының жоғары үлесі жеке тұлғалардың ішкі инвестициялары үшін әлеуеттің өсуіне ықпал етпейді.**

---

[51] ҚР халқының өмір сүру қаражатының кірістері мен көздері. 2023 жыл. 2021 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша // www.stat.gov.kz

[52] ҚР халқының өмір сүру сапасы, 2023 жыл. ҰСБ //www/stat.gov.kz. Зерттеу өмір сүру жағдайлары, денсаулық, қаржылық жағдай, тұрғын үй сапасы, ауыз су, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерге қанағаттану мәселелерін қамтиды

[53] ҚР халқының өмір сүру қаражатының кірістері мен көздері. 2023 жыл. 2021 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша // www.stat.gov.kz

[54] ҰСБ. Қазақстандағы халықтың өмір сүру деңгейі// www.stat.gov.kz/ru/publication/collections/?year=2022&name=17209&period=year

Орташа алғанда, 2013-2022 жылдары жалпы ішкі жинақ ЖІӨ-ге шаққанда 37,5%, ал жалпы ұлттық шығыстар ЖІӨ-ге шаққанда 88,9% құрады[55].

Халыққа кредит беру үлесі *(56%)* кредиттік портфель құрылымында бизнеске берілетін **кредиттерден** *(44%)* асып түседі[56]. Валюта түрлеріне қарайтын болсақ, ұлттық валютадағы кредиттер басым. Мақсаттарына байланысты – тұтынушылық *(59%)*, ипотекалық *(34%)* және басқалар *(6,8%)*. 2018-2022 жылдары банктердің халыққа тұтынушылық мақсаттарға берген кредиттері 2,5 есеге *(млн теңге)* ұлғайды[57].

6-ДИАГРАММА. ЕДБ-нің халыққа берген кредиттері және тұтыну мақсаттарына арналған сыйақы мөлшерлемелері

Банктердің халыққа тұтыну мақсаттарына берген кредиттері, млн теңге



Халыққа тұтынушылық кредиттерге арналған сыйақы мөлшерлемелері,%*



Дереккөз: ҰБ

**)- 2018-2020 жылдардағы сыйақы мөлшерлемелері желтоқсан айына көрсетілген.*

Төлем мерзімі өткен кредиттер *(қарыздар)* ерекше алаңдаушылық тудырады. Мәселен, 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда олардың сомасы 41,6%-ға, соның ішінде берешегін өтеу мерзімі 90 күннен асқандардікі 21,8%-ға ұлғайды[58]. Өз кезегінде, халықтың берешегін ескерсек, есепті жылы микроқаржы ұйымдарының кірістері 33,6%-ға, соның ішінде таза пайдасы 40%-ға ұлғайды.

Нәтижесінде, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қазақстандық коллекторлық агенттіктердің портфелінде жалпы борышы 382 млрд теңгені құрайтын 890 мың қарыз алушы бойынша деректер бар[59].

ЕАЭО шеңберінде Қазақстан жылжымайтын мүлік бағасының индексі бойынша барлық басқа мемлекеттерден төмен орналасып, 104 елдің ішінде 72 позицияда[60] тұр. Сарапшылардың бағалауы бойынша, 2023 жылы қазақстандықтар үшін бастапқы нарықта тұрғын үйдің толық құнын жинақтау мерзімі 9,6 жылды

---

[55] ДБ. World development Indicators//www.worldbank.kz

[56] ҰБ // www.nationalbank.kz

[57] ҰБ. Банктердің халыққа тұтынушылық мақсаттарға берген кредиттері және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері (тарихи деректер)// www.nationalbank.kz

[58] ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ. 2024 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША// www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents

[59] ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. Банктерге қазақстандықтардың борышын коллекторларға сатуға тыйым салынады// www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/press/article/details/160211?lang=ru

[60] Property prices Index by country 2024// https://www.numbeo.com/property-investment/rankings_by_country.jsp. Бұл индекс көрсеткіштердің кең ауқымынан тұрады: бағаның кіріске қатынасы, қала орталығындағы жалдау бағасы, қала сыртындағы жалдау бағасы, кірістегі ипотека үлесі, қолжетімділік индексі, қала орталығындағы және қала орталығынан тыс жалпы жалдау кірісі

(2019 жылмен салыстырғанда 1 жылға жақсару), қайталама нарықта – 10 жылды *(2019 жылмен салыстырғанда 2,8 жылға нашарлау)* құрайды[61]. Осылайша, **қазақстандықтардың басым көпшілігі үшін** өз жинақтары есебінен **тұрғын үй сатып алу мүмкіндігі жоқ**[62].

Анықтама ретінде:

Тұрғын үйдің қолжетімділігі тұрғын үй құнының халықтың табысына қатынасы ретінде есептеледі. Мысалы, 2024 жылғы наурызда жаңа тұрғын үйдің құны – 486 579 теңге/м², орташа айлық атаулы жалақы – 393 605 теңге/м². Тиісінше, 54 м² жаңа пәтер сатып алу үшін барлық жалақыны 5,5 жыл немесе жалақының 30%-ын 18 жыл үнемдеу қажет.

Қазақстанда 2023 жылы 17,5 млн м² тұрғын үй пайдалануға берілді немесе 2022 жылғы деңгейден 11,9% артық[63]. Жылдық жоспар 14%-ға артық орындалды. 2018-2022 жылдары банктердің азаматтарға тұрғын үй салуға және сатып алуға берген кредиттерінің көлемі (ипотекалық кредиттеу) төрт еседен астам *(млн теңге)*[64] өсті.

Сонымен қатар, «Халықтың өмір сүру сапасы»[65] зерттеу нәтижелеріне сәйкес азаматтардың тұрғын үйді өз бетінше сатып алу мүмкіндігіне қанағаттану дәрежесі – 20,5% *(2022 жылы 21%)*, мемлекеттің тұрғын үй сатып алудағы қолдауы – 22,5%-дан *(2022 жылы 23,3%)* аспайды және тұрғын үй сапасы – 52,5% *(2022 жылы 54,9%)*. 2022 жылмен салыстырғанда қазақстандықтардың тұрғын үй сатып алу мүмкіндіктеріне қанағаттануы аздап нашарлағаны көрініп тұр.

7-ДИАГРАММА. Тұрғын үй салуға және сатып алуға берілген кредиттер мен сыйақы мөлшерлемелері

Азаматтарға тұрғын үй салуға және сатып алуға берілген кредиттер (ипотекалық кредиттеу), млн теңге



Ипотекалық кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері, %*



Дереккөз: ҰБ

**)- 2018-2020 жылдардағы сыйақы мөлшерлемелері желтоқсан айына көрсетілген.*

[61] Finprom, 10.07.2023 ж. Қазақстандық отбасы пәтерге алуға қанша жыл жинай алады?// www.inbusiness.kz/ru/last/za-skolko-let-mozhet-nakopit-na-kvartiru-kazahstanskaya-semya

[62] Тұрғын үй 3 жылдан аз уақытта қолжетімді, 3 жылдан 4 жылға дейін орташа қолжетімді және 5 жылдан артық қолжетімді емес болып саналады

[63] 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы ҚР Үкіметінің есебі

[64] ҰБ. Банктердің азаматтарға тұрғын үй салуға және сатып алуға берген кредиттері (ипотекалық кредиттеу) және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері, 2018-2022 жылдар//www.natonalbank.kz

[65] ҚР халқының өмір сүру сапасы, 2023 жыл. ҰСБ. Қолжетімділік режимі: //www/stat.gov.kz. Зерттеу өмір сүру жағдайлары, денсаулық, қаржылық жағдай, тұрғын үй сапасы, ауыз су, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерге қанағаттану мәселелерін қамтиды

Инклюзивті экономикалық өсу өмір сүру сапасын арттырып, ел халқының барлық топтарының мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасаумен қатар жүретін экономикалық өсуді болжайды[66].

Тұрақты дамуды және инклюзивті өсуді қамтамасыз ету БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму саласындағы күн тәртібінде көрініс табады. Сондай-ақ, мүше мемлекеттер халқының өмір сүру деңгейін арттыру мүддесіне орай олардың экономикаларының тұрақты дамуы үшін жағдай жасау – Еуропалық экономикалық одақтың негізгі мақсаттарының бірі *(ЕАЭО туралы шарттың 4-бабы)*.

Мемлекеттің экономикалық дамуын бағалаудың баламалы жүйесі **инклюзивті даму** индексін *(Inclusive Development Index)* қамтиды. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің экономикалық ахуалы мен экономикалық қызметінің нәтижелерін инклюзивтілік тұрғысынан бағалау үшін ЕЭК ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер экономикаларының инклюзивтілігін бағалау әдістемесін *(бұдан әрі – Әдістеме)* әзірледі.

Әдістемеде көрсеткіштер бес бағыт бойынша жіктеледі: «Кедейлік және теңсіздік», «Экономикалық өсу және жұмыспен қамту», «Инфрақұрылым», «Білім беру» және «Өмір сүру ұзақтығы және денсаулық сақтау». Егер бес топтың әрқайсысында есепті кезеңнің аяғындағы кез-келген көрсеткіштердің жартысынан көбі базалық кезеңнің аяғына қарағанда экономикалық тұрғыдан жақсы болса, елдің экономикалық өсуі инклюзивті болып саналады.

ЕЭК әдістемесіне сәйкес жүргізілген ЖАП бағалауынша**, Қазақстан экономикасының дамуы** «Кедейлік және теңсіздік» бағыты бойынша **инклюзивті емес.**

«Кедейлік және теңсіздік» бағыты бойынша *(№1 ТДМ «Кедейлікті барлық нысандарда жаппай жою»)* зейнетақының орташа мөлшері мен орташа айлық жалақының арақатынасы төмен, халықтың неғұрлым қамтамасыз етілген 20% және ең аз қамтамасыз етілген топтарының 20% табыстары арасындағы алшақтық, халықтың неғұрлым қамтамасыз етілген топтарының 10% және ең аз қамтамасыз етілген топтарының 10% табыстары арасындағы алшақтық, халықтың жан басына шаққандағы орташа табыстардың төмендеуі және үй шаруашылықтарының ақшалай табыстары құрылымындағы әлеуметтік төлемдер *(зейнетақыларды есептемегенде)* үлесінің шамалы ұлғаюы сақталады.

Бұл ретте, Үкіметтің есебінде **орташа қазақстандықтың әлеуметтік әл-ауқатының** өзекті аспектілері іс жүзінде ашылмайды, қаражат механикалық түрде игеріліп, нәтижелер көрсеткіштеріне сан жағынан қол жеткізілетіні айтылады. Үкіметтің есебінде мәлімделген шығыстардан экономикалық әсерді бағалау жөніндегі Бюджет кодексінің талабы толық көлемде ашылмаған. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асырудан қол жеткізілген әлеуметтік және

[66] ЕЭК. Тұрақты даму және инклюзивті өсу// www/eec/eaeunion.org/commission/department/dep_makroec_pol/sustainable_and_inclusive.pdf

экономикалық әсерлер ретінде ұсынылған субсидиялауды, жарғылық капиталды ұлғайтуды және (немесе) толықтыруды өлшеу мүмкін емес, жалпылама берілген және иесі жоқ, ал бірқатар шығыстар бойынша мүлдем жоқ.

Мұның бәрі стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың негізгі бағдары ретінде халықтың өмір сүру сапасының барлық аспектілерін стандарттау қажеттілігінің пісіп жетілгенін дәлелдейді.

ЖАП 2022 жылғы Үкіметтің есебіне берген қорытындысында бюджеттік шығыстардың, макроэкономикалық және салалық саясаттың ӨСИ әлеуметтік-экономикалық әсерлерімен нақты корреляциясын қамтамасыз ету үшін экономиканың негізгі әлеуметтік бағдарланған салалары мен өңірлері бөлінісінде өмір сүру сапасының қазақстандық стандартын әзірлеуді ұсынған болатын.

Бүгінгі күні ҰЭМ бұл ұсынымды Өңірлік стандарт жүйесі түрінде ішінара іске асырды, яғни өмір сапасы индексін баламалы әдістеме бойынша негізді есептеуде, бірақ бюджеттік шығыстардың әлеуметтік тиімділігімен талап етілетін интеграция байқалмайды.

ЖАП-тың пікірі бойынша, мемлекеттік бюджет шығыстарының орташа қазақстандықтың әл-ауқатына әсерін өлшеу және бағалау үшін халықтың өмір сүру сапасының бірыңғай ұлттық стандарты (индексі) қажет.

Өз кезегінде, ҰЭМ-ға бюджетті жоспарлау кезінде өмір сүру деңгейі мен сапасын есептеудің балама әдістерінің нәтижелерін ескеру ұсынылады.

1.3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚОРЫ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ТҮСІМДЕРІ МЕН ПАЙДАЛАНЫЛУЫН БАҒАЛАУ

ҚР мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында[67] *(бұдан әрі – Тұжырымдама)* Ұлттық қорды құрудың негізгі мақсаты – болашақ ұрпақ үшін жинақтарды қалыптастыру арқылы қаржы ресурстарын сақтау және республикалық бюджет пен ел экономикасының мұнай секторына тәуелділігін және қолайсыз сыртқы факторлардың әсерін азайту болып белгіленді. Жинақтау және тұрақтандыру функцияларын орындай отырып, Ұлттық қордың алдында мынадай:

- елдің болашақ ұрпақтары үшін мұнай кірістерін жинақтау;
- республикалық бюджеттің ағымдағы қажеттіліктерін қамтамасыз ету *(Ұлттық қор активтері өтімділігінің жеткілікті деңгейін қолдау есебінен);*
- 2030 жылы оның активтерін 100 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайту;
- ҚР Президентінің 2024 жылдан бастап Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ын балаларға төлеуді жүзеге асыру туралы бастамасын іске асыру міндеттері тұр.

[67] ҚР Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі №1005 Жарлығымен бекітілген

Осы ауқымды бастамаларды Ұлттық қор активтерін жинаудың жоғары деңгейімен, соның ішінде алып қоюды шектеу және қордың толымдылығын арттыру, сондай-ақ басқару сапасын арттыру және лайықты инвестициялық табысты қамтамасыз ету есебінен жүзеге асырылуға тиіс.

Есепті кезеңде мұнай секторы ұйымдарынан тікелей салықтардың түсімі 1 840,9 млрд теңгеге *(-29,8%)* төмендеп, 4 557,4 млрд теңгені құрады, соның ішінде корпоративтік табыс салығы бойынша төлемдер 32%-ға, үстеме пайдаға салынатын салық - 42%-ға, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық - 19%-ға, экспортқа рента салығы бойынша - 40%-ға, жасалған келісімшарттар шеңберінде өнімді бөлуге қатысты елдің үлесі бойынша - 30%-ға, жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемдері бойынша - 85%-ға қысқарды. Төленген бонустардың мөлшері екі есеге жуық 15,9 млрд теңгеге дейін өсті. Ұлттық қорға салық төлемдерінің 30%-ға жуық азаюы мұнай бағасының төмендеуіне байланысты.

Салықтық емес түсімдер *(әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар, табиғат пайдаланушылардан мұнай секторы ұйымдарының зиянды өтеу туралы талап-арыздары бойынша алынған қаражат және т.б.)* 2 есе өсіп, 8,5 млрд теңгені құрады.

Республикалық меншікті жекешелендіруден түскен түсімдер көлемі 1,2 млрд теңгені құрады.

Ұлттық қорды басқарудан түскен инвестициялық табыс өткен жылдың теріс мәнінен *(-826,5 млрд теңге)* 2023 жылдың қорытындысы бойынша 1 819,7 млрд теңгені құрап, өскенін көрсетті.

2023 жылы кепілдендірілген трансферт сомасы 45%-ға төмендеп, 2 200 млрд теңгені құрады. Бұл ретте қосымша 1 800 млрд теңге көлемінде нысаналы трансферт бөлінді.

Қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстар 69,9 млрд теңгені құрады *(48,3 млрд теңгеге ұлғайған)*. Аталған шығыстардың өсуі өткен жылмен салыстырғанда үстеме кірістілік алған сыртқы басқарушылардың бұрынғы сыйақылары мен комиссиялар бойынша төлемдерге байланысты үш есе көп болды.

Басқару шығыстары активтерді басқару үшін базалық комиссияларды және басқару нәтижелері бойынша комиссияларды *(performance fee)* төлеуді, кастодиалдық қызметтерді, жыл сайынғы сыртқы аудит жүргізу қызметтерін, сондай-ақ ақпараттық қызметтерді төлеуді қамтиды. Аудитке тікелей жұмсалған шығыстар: 2022 жылы – 74,5 млн теңге, 2023 жылы – 84,3 млн теңге.

Ұлттық қордың **таза жинақтары** 2023 жылы 1,2 еседен астам өсіп, **2 339,9 млрд теңгені** құрады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша, бұл көрсеткіш 1 987,3 млрд теңге болды. Нәтижесінде Ұлттық қордың жалпы көлемі **29 114,8 млрд теңгені** *(60 млрд АҚШ доллары)* құрады.

8-ДИАГРАММА. Ұлттық қор активтерінің ЖІӨ-ге арақатынасының серпіні



Дереккөз: ҰСБ, ҰБ

Ұлттық қордың қаражаты 2015-2023 жылдар кезеңінде республикалық бюджеттің шамамен 30%-ын, соның ішінде 2023 жылы 19%-ын жауып отыр.

Инфрақұрылымдық дағдарысты шешу үшін шығыстарды ұлғайту жөніндегі бұл тәсіл жыл сайын бір мезгілде бюджет тапшылығын арттыра отырып, осы қаражаттың сақталуына қауіп төндіретін болады. Сонымен қатар, республикалық бюджет шығындарының жыл сайынғы өсу серпінінде Ұлттық қор шығыстарының үлесі төмендеп бара жатқанын, алайда тартылатын трансферттердің көлемі абсолютті мәнде сақталып отырғанын атап өткен жөн.

9-ДИАГРАММА. ҰҚ қаражатының РБ-ға арақатынасының серпіні, млрд теңге



Дереккөз: Қаржымині, ҰБ

2023 жылы Ұлттық қордан берілетін трансферттер 26 бюджеттік бағдарлама бойынша 32 бағытқа бөлінді, оның ішінде РББӘ-ге – 2 535,9 млрд теңге, ЖАО-ға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түрінде – 1 464,1 млрд теңге. Басым қаражат ағымдағы іс-шараларға – 2 438,4 млрд теңге немесе 61% *(2022 жылы – 84%),* даму бағдарламаларына – 1 561,6 млрд теңге немесе 39% *(2022 жылы - 16%)* бағытталды.

7-КЕСТЕ. 2015-2023 жылдары Ұлттық қордан нысаналы трансферттің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) қаражатын қайтару туралы ақпарат, млрд теңге

Жылдар	ҰҚ-дан жоспарланған НТ көлемі	Олардың ішінен РБ-ға түскені	Игерілмеген сома	Олардың ішінде толық пайдалануға рұқсат етілгені	Оның ішінде игерілмегені	Пайдаланылмағаны (толық пайдаланылмағаны)	Қайтарылғаны (097/100 БКБ бойынша)
2015	755,3	754,4	3,3	0,7		1,7	
2016	752,8	745,6	21,3	1,4	0,3	12,9	0,4
2017	1 534,6	1 534,3	4	0,8	0,2	3,2	9,4
2018							8,4
2019	370	370	12,8			12,8	0,3
2020							
2021	1 850	1 830,3	128,2	18,2	7,5	110	
2022	550	550	75,9	23,6	6,4	69,5	140,4
2023	1 800	1 800	37,1	7,9		29,2	
Барлығы	**7 612,7**	**7 588,3**	**282,6**	**52,6**	**14,4**	**239,3**	**158,9**

Дереккөз: Қаржымині

Ұлттық қордан бұрын тартылған қаражатты қайтарудың ең үлкен көлемі 2022 жылға тиесілі – шамамен 140 млрд теңге.

10-ДИАГРАММА. 2015 - 2023 жылдары ҰҚ-дан берілген кепілдендірілген және нысаналы трансферттер қаражатының пайдаланылған көлемі, млрд теңге



Дереккөз: Қаржымині, ҰБ

2015-2023 жылдары Ұлттық қордан берілетін трансферттер есебінен барлығы сомасы 33 246,3 млрд теңгеге шығыстар қаржыландырылды *(77,2% - кепілдендірілген трансферт, 22,8% - нысаналы трансферт)*. Бұл ретте, Ұлттық қордан нысаналы трансферт түрінде бөлінген қаражаттың ең үлкен көлемі 2021 жылға тиесілі – талданатын кезеңдегі орташа мәннен 1,7 есе жоғары *(1 084 млрд теңге)*.

Ұлттық қор құрылғаннан бері **заңнамалық база** бес жыл сайын дерлік **бірқатар тұжырымдамалық өзгерістерге ұшырады**: **Тұжырымдаманың төрт нұсқасы қабылданды** *(Үкіметтің өкілеттіктері кеңейтілді, бірқатар шектеулер алып тасталды)*, бұл тұтастай алғанда, Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану бойынша ұзақ мерзімді және тұрақты саясаттың болмауын айғақтайды.

Мұндай тәуелсіз қорлардың *(мысалы, Норвегия)* қызметін реттеудің халықаралық тәжірибесі осы қаражатты ондаған жылдар бойы пайдаланудың тұжырымдамалық тәсілдерінің тұрақты сипатын көрсететінін айта кеткен жөн.

Бұл ретте Ұлттық қордың қаражатын пайдаланудың контрциклді сипатының бастапқы идеясы жұтаңдалған, ол артық ақша массасын айықтыру және инфляцияның үдеуіне жол бермеу мақсатында қаражатты шоғырландыру үшін оны экономикалық құлдырау кезеңдерінде және керісінше – экономиканың өрлеуі және мұнай бағасының өсуі кезеңдерінде пайдалануды көздейді.

Мәселен, 2010 жылғы Тұжырымдаманың нұсқасы Ұлттық қордың қаражатын пайдалану бойынша едәуір қатаң талаптарды көздеді. Мысалы, республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт абсолюттік мәні 8 млрд АҚШ долларымен шектелді. Сондай-ақ, ҚР Президенті айқындайтын мақсаттарға республикалық бюджетке нысаналы трансферттер рұқсат етілді.

2016 жылғы Тұжырымдамада бюджеттік рәсімдерге сәйкес кепілдендірілген және нысаналы трансферттің республикалық бюджет арқылы өтуі көзделді. Бұл ретте, Ұлттық қор қаражатын пайдалануға қойылған шектеулерде тәсілдер өзгерді.

Өз кезегінде, 2022 жылғы Мемлекеттік қаржыны басқарудың тұжырымдамасында Ұлттық қордың қаражатын пайдалануға мынадай шектеулер қоюды көздеді:

- кепілдендірілген трансферт мұнайдың есептік бағасына («кесімді» бағасына) қарай болжанатын мұнай секторынан Ұлттық қорға түсетін түсімдердің көлемінен аспайтын мөлшерде айқындалатын болады;

- Ұлттық қорды пайдалану *(кепілдендірілген нысаналы трансферт түрінде және Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу)* Ұлттық қордың таза активтерінің мөлшерімен, яғни міндеттемелерді, соның ішінде нысаналы талаптардың сомаларын алып тастағандағы активтермен шектеледі.

Бұл талаптар республикалық бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін төмендету және бюджеттің сыртқы факторларға тұрақтылығын жоғарылатуға бағытталған және мұнайға қатысты емес кірістермен және болжамды тапшылықпен бірге бюджеттің жоспарланған шығыстарының есу қарқынын шектеуге ықпал етеді.

Сонымен бірге, 2022 жылғы Тұжырымдамада Ұлттық қордан облигациялық қарыздар нысанында қаражат бөлудің мүмкіндігі қарастырылды, соған сәйкес 2023 жылы темір жол учаскесінің құрылысын қаржыландыру үшін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның 336,5 млрд теңгеге бағалы қағаздары қосымша сатып алынды.

2023 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен[68] 2022 жылғы Тұжырымдамаға мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке сектор субъектілерінің қазақстандық бағалы қағаздарын сатып алуға, акциялар пакеттерін, қазақстандық

[68] «ҚР мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 357 Жарлығы

компаниялардың қатысу үлестерін сатып алуға, екінші деңгейдегі банктерді қорландыруға, ҰҚ-дан заңды және жеке тұлғаларға тікелей кредит беруге, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акцияларын сатып алуды қоспағанда, активтерді міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде пайдалануға тыйым салатын толықтырулар енгізілді.

Жалпы, Ұлттық қордың бұрын салынған қаражатынан отандық компаниялардың *(«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ)* облигациялық қарыздарына түсетін сыйақылар түріндегі түсімдердің мөлшері төмен деңгейде қалып отыр.

Бұл жағдай кірістілігі ұзақ мерзімді сипатқа ие әлеуметтік бағдарланған объектілер мен стратегиялық маңызы бар объектілердің құрылысына инвестициялар салумен түсіндіріледі.

Есепті кезеңде мұндай қарыздар бойынша сыйақы ретінде Ұлттық қорға небәры 73,2 млрд теңге түсті.

Мәселен, 2014-2023 жылдары бөлінген 1 276,6 млрд теңгенің 100%-ға жуығы немесе 1 276,2 млрд теңгесі игерілді, оның ішінде: ЭКСПО-2017 объектілерінің, жалдамалы және кредиттік тұрғын үйдің құрылысына – 370,7 млрд теңге, кәсіпкерлік субъектілері мен «Отбасы Банк» АҚ-ның салымшыларына кредит беруге – 472 млрд теңге, ЖАО-ның облигацияларын сатып алуға – 97 млрд теңге, жалпы ұзындығы 836 км теміржол учаскесінің екінші жолдарын салуға – 336,5 млрд теңге *(жобаның жалпы сомасы - 542 млрд теңге).*

Бұл ретте капиталы 1,6 трлн АҚШ долларын құрайтын әлемдегі ең ірі Норвегияның ұлттық әл-ауқат қоры 2023 жылы 2,22 трлн Норвегиялық крон *(шамамен 213 млрд АҚШ доллары)* рекордтық пайда тапты, бұған технологиялық компаниялардың акцияларына салынған инвестициялардың жоғары кірістілігі ықпал етті *(дереккөз – Reuters агенттігі).* Қор инвестицияларының кірістілігі 2023 жылы 16,1%-ды құрады.

Анықтама ретінде:

Қор тек шетелдік активтерге: акцияларға, облигацияларға және жылжымайтын мүлікке, жаңартылатын жобаларға салады. Оған әлемнің 77 елінен 8900-ден астам компанияның үлесі тиесілі (бұл акциялар биржасында бағаланатындардың 1,5%-ы). 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша қор активтерінің 70,9%-ы акцияларға, 27,1%-ы облигацияларға, 1,9%-ы жылжымайтын мүлікке салынды. Қорға қаражат ағыны 2023 жылы 711 млрд кронды (68,3 млрд АҚШ доллары) құрады.

Ұлттық қор қаражатын пайдаланудың тұжырымдамалық тәсілдерін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар:

1) орта мерзімді кезеңге Ұлттық қорды пайдаланудың **тұрақты** нормативтік-құқықтық реттеу жағдайларын жасау;

2) Ұлттық қордан трансферттерді бөлу экономикалық құлдырау кезеңдерінде мемлекеттік шығыстардың ұлғаюын көздейтін **контрциклді** тәсілге *(бюджеттік қағидаға)* байланыстыра отырып жүзеге асыру; экономикалық өсу циклдері басталған кезде мемлекет шығыстарын *(Ұлттық қор жинақтарының өсуі)* тежеу;

3) Ұлттық қордан аса маңызды инфрақұрылымдық жобаларға трансферттер бөлу оларды нарықтық тетіктер, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, қарыз қаражаты есебінен немесе бюджет қаражатын қайта бөлу жолымен іске асыру **мүмкін болмаған жағдайда ғана** жүзеге асырылуға тиіс.

Сайып келгенде, Ұлттық қор қаражатын пайдаланудың тұжырымдамалық тәсілдері экономикалық өсуді, бюджеттік шығыстарды, инфляцияны және айырбас бағамын тұрақтандыру есебінен макроэкономикалық тұрақтылықты орнатуға бағытталуы тиіс.

II БӨЛІМ. 2023 ЖЫЛҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҒАЛАУ

2.1. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ КІРІС БӨЛІГІНІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҒАЛАУ

2023 жылы республикалық бюджетке түскен **түсімдер** *(қарыздардың түсімдерін ескере отырып)* 24 644,8 млрд теңгені немесе **жоспарға шаққанда 99,4%-ды** құрады. Көлемі 140,4 млрд теңге қаражат атқарылмады. 2022 жылмен салыстырғанда түсімдер салық түсімдерінің 2 885,6 млрд теңгеге *(28,8%-ға)* және қарыз түсімдерінің 1 313 млрд теңгеге *(32,5%-ға)* ұлғаюы есебінен 4 468 млрд теңгеге немесе 22,1%-ға ұлғайды.

8-КЕСТЕ. 2023 жылғы республикалық бюджеттің түсімдері туралы ақпарат, млрд теңге

	2022 жылғы есеп	2023 жылға арналған бекітілген бюджет	2023 жыл				2022 жылғы фактімен салыстырғанда 2023 жылғы факт	
			Нақтыланған бюджет	Атқарылуы	(+,-)	%	(+,-)	%
ТҮСІМДЕР	**20 176,8**	**23 548,5**	**24 785,2**	**24 644,8**	**-140,4**	**99,4**	**4 468**	**122,1**
Кірістер, соның ішінде:	**15 963,4**	**17 543,3**	**19 064**	**19 038**	**-26**	**99,9**	**3 074,6**	**119,2**
Салық түсімдері	10 026,8	13 559	14 279	12 912,4	-1 366,6	90,4	2 885,6	128,8
Салықтық емес түсімдер	438,2	351,1	351,8	1 617,6	1 265,8	459,8	1 179,4	в 3,7 раза
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	7	1,2	1,2	0,8	-0,4	58,9	-6,2	11,4
Трансферттер түсімдері, соның ішінде:	5 491,4	3 631,9	4 431,9	4 507,2	75,3	101,7	-984,2	82,1
Ұлттық қор	4 580	3 200	4 000	4 000		100	-580	87,3
Бюджеттік кредиттерді өтеу	**178,2**	**253,4**	**244,5**	**258,6**	**14,1**	**105,8**	**80,4**	**145,1**
Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	**0**							
Қарыздар түсімдері	**4 035,2**	**5 751,8**	**5 476,7**	**5 348,2**	**-128,5**	**97,7**	**1 313**	**132,5**

Дереккөз: Қаржымині

Республикалық бюджеттің **кірістері** 19 038 млрд теңгені құрады, бұл **жоспардан 26 млрд теңгеге** *(0,1%-ға)* төмен, 2022 жылмен салыстырғанда 3 074,6 млрд теңгеге немесе 19,2%-ға өскен.

11-ДИАГРАММА. 2020-2023 жылдардағы республикалық бюджет кірісінің серпіні, млрд теңге

Дереккөз: Қаржымині

Республикалық бюджет кірістерінің шамамен 24%-ы трансферттер түсімдері есебінен қалыптасты, олар 2023 жылы 4 507,2 млрд теңгені құрады, соның ішінде Ұлттық қордан – 2022 жылмен *(5 491,4 млрд теңге)* салыстырғанда 17,9%-ға төмендей отырып, 4 000 млрд теңге.

Республикалық бюджет кірісінің құрылымында 2022 жылғы деңгейге қарағанда 28,8%-ға *(10 026,8 млрд теңге)* өсіммен **12 912,4 млрд теңге** көлеміндегі **салық түсімдері айтарлықтай үлес** алады.

Жалпы ел бюджетіне түсетін түсімдердің номиналды өсуіне қарамастан *(МБ+ҰҚ)*, олардың ЖІӨ-ге қатысты 2022 жылғы 20,5%-ға қарағанда 19,5%-ға дейін төмендегені байқалады.

9-КЕСТЕ. 2015 - 2023 жылдардағы бюджеттің салықтық түсімдерінің серпіні (МБ+ҰҚ)

	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
ШБ салықтық түсімдері, млрд, теңге	6 497	7 153,3	8 812	11 090,9	12 053,7	9 962	13 329	21 241,7	23 469,6
ШБ салықтық түсімдері, ЖІӨ-ге шаққанда %-бен	15,9	15,2	16,2	17,9	17,3	14,2	15,9	20,5	19,5
ЖІӨ, млрд теңге	40 884,1	46 971,2	54 378,9	61 819,5	69 533	70 134	83 952	103 765	120 561

Дереккөз: Қаржымині, ҰСБ

Әлемдік тәжірибені және елдегі бизнесті дамытудың ағымдағы макроэкономикалық көрсеткіштерін ескере отырып, ЖАП әкімшілендіруді күшейтуді, көлеңкелі экономиканы қысқартуға бағытталған нақты шаралар қабылдауды, салық төлеушілердің қызметін барынша ашық жүргізу үшін жағдай жасауды, салық есептілігі нысандарынан салықтық бақылауға дейін оңтайландыру жолымен салық рәсімдерін жеңілдетуді және т.б. орынды деп санайды.

12-ДИАГРАММА. 2016-2023 жылдары ЖІӨ-нің өсу қарқыны мен бюджет түсімдерінің арақатынасы (МБ+ҰҚ)

Дереккөз: Қаржымині

13-ДИАГРАММА. 2017-2023 жылдардағы республикалық бюджеттің салықтық түсімдерінің құрылымы %



Дереккөз: Қаржымині

Талдау көрсеткендей, 2019 жылдан бастап республикалық бюджетке түсетін салық түсімдері шығыстардың 19,8%-ға өсуі кезінде орта есеппен 17,6%-ға ұлғайып, 2,2 п.т.-ға артта қалып отыр.

14-ДИАГРАММА. 2019-2023 жылдардағы республикалық бюджет шығыстары мен салық түсімдерінің серпіні*



** 2021 жылдан 2022 жылға және 2022 жылдан 2023 жылға ауыстырылған төлемдерді, сондай-ақ 2023 жылы ҚҚС қайтаруды тоқтата тұруды ескере отырып, салық түсімдері*

Бұл ретте республикалық бюджеттің шығыстары 2023 жылы 24 867 млрд теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 12 157 млрд теңгеге *(95,6%-ға)* ұлғайды, ал есепті жылы салық түсімдері 2019 жылға қарағанда 5 002 млрд теңгеге *(73,2%-ға)* өсіп, 22,4 п. т.-ға артта қалды.

Республикалық бюджетке түсетін салық түсімдерінің құрылымындағы ең үлкен үлес салмақ бұрынғысынша **ҚҚС-қа** *(ІТӨ-ге ҚҚС, үшінші елдерден импортқа ҚҚС, ЕАЭО елдерінен импортталатын тауарларға ҚҚС, бейрезидентке ҚҚС, электрондық сауданы жүзеге асыру кезінде шетелдік интернет компаниялардан ҚҚС)* тиесілі, ол 2022 жылмен салыстырғанда **1,7 п. т.-ға** ұлғая отырып **43,9%-ды** құрады, соның ішінде:

- ІТӨ-ге ҚҚС бойынша түсімдердің үлесі 2022 жылғы 16,1%-дан 2023 жылы 20,6%-ға дейін немесе 4,5 п.т.-ға ұлғайды;

- сыртқы сауда операцияларын жүзеге асырудан түсетін түсімдердің үлесі *(үшінші елдерден импортқа ҚҚС, ЕАЭО елдерінен импортталатын тауарларға ҚҚС)* 2022 жылғы деңгейге қарағанда 2,6 п.т.-ға *(24,3%)* төмендей отырып, 21,7% деңгейінде тіркелді.

ІТӨ-ге ҚҚС жалпы түсімінің номиналды мәнде өсуіне қарамастан *(өтеуді есепке алмағанда),* салық түсімдерінің жалпы көлемінде оның салық түсімдерінің құрылымында 2022 жылғы 24,7%-бен салыстырғанда 2023 жылы 23,9%-ға дейін шамалы қысқарғаны байқалады.

2023 жылы «нөлдік» мөлшерлеме бойынша ҚҚС-ны өтеу сомасы 429,7 млрд теңгені құрады және 2022 жылмен салыстырғанда *(858,5 млрд теңге)* 2 есеге төмендеді. Бұл **соңғы 9 жылдағы** «нөлдік мөлшерлеме» бойынша өтелген ҚҚС-ның **рекордтық төмен** сомасы, аталған жағдай түсімдер жоспарының орындалуын, оның ішінде есепті кезең ішінде **ҚҚС-ны өтеуді тоқтата тұру** есебінен орындалғанын айғақтайды, бұл **келесі жылдың бюджетіне жүктеме туғызады.**

Мәселен, салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігіне жүргізілген аудиттің алдын ала қорытындысы бойынша 2 246 салықтық тексеру мен 78

талаптың нәтижесінде республикалық бюджет жоспарының орындалмауына байланысты 536,8 млрд теңге мөлшерінде ҚҚС сомасы қайтарылмағаны анықталды.

Бұдан басқа, 90,2 млрд теңгеге 435 салықтық тексеру бойынша, сондай-ақ 68,9 млрд теңгеге 21 талап бойынша оңайлатылған тәртіппен ҚҚС-ны қайтару мерзімдері сақталмаған.

15-ДИАГРАММА. 2022-2023 жылдары республикалық бюджеттен нөлдік мөлшерлеме бойынша ҚҚС-ның қайтарылуы, млрд теңге



Дереккөз: МКК

Көрсетілген бұзушылықтар мен кемшіліктер салық төлеушілердің көрсетілген фактілер бойынша жалпы сомасы 939,3 млн теңгеге *(соның ішінде салықтық тексерулер бойынша – 214,5 млн теңге, оңайлатылған қайтару бойынша – 724,8 млн теңге)* өсімпұл есептеуге шағымдар мен талаптарды қою тәуекеліне әкелуі мүмкін.

Жалпы сомасы 245,5 млн теңгеге бюджеттен ҚҚС негізсіз қайтарылған.

16-ДИАГРАММА. 2017-2023 жылдардағы (экономика салалары бөлінісінде) бюджеттің салық түсімдерінің құрылымы (МБ+ҰҚ), %



Дереккөз: Қаржымині

Бюджет түсімдеріндегі **тау-кен өнеркәсібінің үлесі** 2022 жылғы 46,2%-дан 2023 жылы 36,3%-ға дейін төмендеді және 2021 жылғы деңгейге жақындады *(35,7%)*.

Жалпы алғанда, шикізаттық емес сектордың пайдасына бюджет құрылымының шамалы жақсаруы өңдеу өнеркәсібінен түсетін түсімдердің өсуі есебінен емес, мұнайға әлемдік бағаның төмендеуі себебінен тау-кен өндіру секторынан түсетін түсімдердің 13,3%-ға *(2022 жылғы 9,8 трлн теңгеден 2023 жылы 8,5 трлн теңгеге дейін)* едәуір қысқаруы есебінен болғанын атап өткен жөн. Мәселен, түсімдер құрылымындағы **өңдеу өнеркәсібінен түсетін түсімдердің үлесі** 11,4%-ды *(2,7 трлн теңге)* құрап, іс жүзінде **өскен жоқ** *(тек 0,2 п.т.).* Сауда салаларындағы кәсіпорындар мен ұйымдардан түсетін түсімдердің үлесі тиісінше 2,4 п.т.-ға *(893 млрд. теңгеге)*, құрылыс және көлік салалары бойынша сәйкесінше 0,6 п.т.-ға (*238 млрд теңгеге)* және 1,1 п.т.-ға (*329 млрд теңгеге)* ұлғайды.

Қазақстан экспортының құрылымы әлсіз әртараптандырылған күйінде қалып отыр, оның 58,9%-ы отын-энергетикалық тауарларға, 12,6%-ы металдар мен олардан жасалған бұйымдарға тиесілі. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің экспорты өсуде, бұл елдің экспорттық себеттегі жоғары технологиялық және қайта өңделген тауарлардың үлесін ұлғайту бойынша күш-жігерін көрсетеді.

S&P Global Ratings[69] халықаралық рейтинг агенттігінің бағалауы бойынша экономиканың мұнай-газ секторына тәуелділігін төмендету және оны әртараптандыру үшін инвестициялық бағдарламаларды, атап айтқанда, коммуналдық қызметтерді дамыту, жол құрылысы және тұрғын үй құрылысы жобаларын іске асыру талап етіледі.

42%-ға немесе 5 385,8 млрд теңгеге республикалық бюджетке түскен салықтық түсімдер *(мұнайға ЭКБ және импортқа ҚҚС-ны қоспағанда)* республикалық мониторингте тұрған ірі салық төлеушілердің салық төлеуі есебінен қамтамасыз етілген. 2022 жылмен салыстырғанда олар бойынша төлемдер абсолютті мәнде 2 103 млрд теңгеге *(1,6 есе)* ұлғайды, салыстырмалы түрде ірі кәсіпкерліктен түсетін салық түсімдерінің 10,6 п.т.-ға *(52,6%-дан)* төмендеуі байқалады.

Мемлекет басшысы орта бизнесті дамытуға бірнеше рет ерекше көңіл аударып отыр. Шағын және орта бизнес *(ШОБ)* бәсекелестікті, инновацияларды дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ете отырып, Қазақстанның экономикалық өсуінің іргетасы болып табылады.

2023 жылы ШОБ секторы тұтастай алғанда шағын кәсіпкерлік субъектілері санының тұрақты ұлғаюы есебінен кеңеюін жалғастыруда.

2024 жылдың басында жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны өткен жылмен салыстырғанда 10,1%-ға артып, 2 002 199 субъектіге жетті.

Бұл ұлғаю әкімшілік рәсімдерді оңайлатуды, арнайы салық режимдерін және қаржыландыруға қолжетімділікті қоса алғанда, кәсіпкерлікті дамытуды қолдау

[69] 2024 жылғы 1 наурызда S & P Global Ratings «BBB-/A-3» деңгейінде шетел және ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді егеменді кредиттік рейтингтерін растады. Рейтинг бойынша болжам «Тұрақты» болып қала береді.

тетігінің тиімділігін көрсетеді.

ШОБ құрылымында жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің жалпы санының 82%-ын құрайтын дара кәсіпкерлер басым, бұл ЖАП-тың бағалауы бойынша, бизнесті қолдан бөлшектеу фактісін жоққа шығармайды. Ал 2022 жылы дара кәсіпкерліктің үлесі жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің жалпы санының 63,4%-ын *(1 431 647-ден 977 722)*, 2021 жылы – 75,4%-ын *(1 497 713-тен 1 129 162)* құраған.

Соңғы 10 жыл ішінде орта кәсіпкерліктің үлесі 1,8%-дан аспады, ал 2020 жылдан бастап ол тіпті 1,3%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, ЖІӨ-ге шаққанда орта кәсіпкерлік субъектілерінен салық түсімдері үлесінің 1,8%-дан 3%-ға дейін ұлғайғанын атап өту қажет, бұл өндіріс қарқынының артуын, бәсекеге қабілеттіліктің дамуын, жаңа жұмыс орындарының құрылғанын көрсетеді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде кәсіпкерліктің қандай да бір субъективтілігіне, атап айтқанда **«орта кәсіпкерлік»** санаты бойынша **жатқызу өлшемшарттарын қайта қарау** қажет.

17-ДИАГРАММА. 2016-2023 жылдардағы орта кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі, %-бен



Дереккөз: ҰСБ, МКК

Соңғы 5 жылдағы *(2019-2023 жылдар)* орындалмаған бюджеттік сыныптама кодтарының *(бұдан әрі – БСК)* серпіні көрсеткендей, 2023 жылы сомасы 1 857 млрд теңгеге салық түсімдері бойынша жоспардың, сондай-ақ 14 немесе жоспарда белгіленген БСК-ның жалпы санының 31,1%-ын құрай отырып, БСК санының ең көп орындалмағаны байқалады.

Бұл ретте сомасы 822 млрд теңгеге 2024 жылғы алдағы төлемдердің пайдаланылуын ескере отырып *(518,3 млрд теңгеге ҚҚС қайтаруды тоқтата тұру және 304*

млрд теңгеге аванс беру), 2024 жылдың қорытындысы бойынша РБ-ның атқарылмау қаупі жоғары.

18-ДИАГРАММА. 2019-2023 жылдардағы республикалық бюджетке салық түсімдері жоспарының орындалу серпіні



Дереккөз: МКК

Салық түсімдері жоспарының орындалмауына болжамның тиісінше жасалмауы әсер етті.

19-ДИАГРАММА. 2021-2023 жылдардағы республикалық бюджеттің салық түсімдерінің тоқсандық серпіні, млрд теңге

Төлемдерді келесі жылға ауыстыру *(2021 жылы - 172 млрд теңге, 2022 жылы - 250 млрд теңге).*
2023 жылғы 4-тоқсанға 2024 жылғы алдағы 304 млрд теңгеге төлемдер (*оның ішінде КТС - 183,2 млрд теңге*) енгізілді және 518 млрд теңгеге ҚҚС қайтару тоқтатылды.



Дереккөз: МКК

19-диаграммадан көріп отырғанымыздай, салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігіне жүргізілген аудиттің алдын ала қорытындысы бойынша 2022 жылғы 4-тоқсандағы және 2023 жылғы 1-тоқсандағы кірістер түсімдерін салыстыру кезінде 2022 жылғы желтоқсанда корпоративтік табыс салығы *(бұдан әрі - КТС)* бойынша желтоқсан төлемдерін 2023 жылғы қаңтарға ауыстырудың жалғасқан практикасын қолдану жолымен салық түсімдерін жасанды тежеуге байланысты шамамен 250 млрд теңге кіріс есепті жылғы 1-тоқсанда түскен.

.

Кері жағдай 2023 жылдың 4-тоқсанында байқалады. Бюджеттің кіріс бөлігін атқару мақсатында алдағы төлемдер есебінен 2024 жылдың 1-тоқсанында бюджетке 183,2 млрд теңге сомасында КТС төленді, сондай-ақ 2023 жылы 518,3 млрд теңгеге нөлдік мөлшерлеме бойынша ҚҚС-ны қайтару тоқтатылды.

2023 жылғы 4-тоқсанда бюджетке салықтар мен төлемдер өткен тоқсанның түсімдеріне қарағанда 39%-ға немесе 1 124 млрд теңгеге көбірек түсті, бұл 2023 жылғы желтоқсанда республикалық бюджетке 2024 жылғы қаңтар-ақпандағы түсімдердің салық түсімдерінің жылдық жоспарын орындау мақсатында алдағы салық төлемдері есебіне есепке алынғанын куәландырады.

Бюджетке түсетін салық түсімдерінің ең көп көлемі КТС-ға тиесілі, бұл 2023 жылғы желтоқсандағы салық түсімдерінің 53,4%-ы.

Осылайша, 2023 жылғы КТС бойынша жоспардың нақты орындалмауы ЖАП-тың бағалау бойынша 1 259,4 млрд теңгені немесе жоспарға шаққанда 25,4%-ды құрады, бұны 2024 жылғы қаңтарда КТС жоспарының 101,4 млрд теңгеге немесе 32,5%-ға орындалмағаны туралы мәліметтер растап отыр *(жоспар бойынша 312,2 млрд теңге болғанымен, іс жүзінде 210,9 млрд теңге түсті).*

2023 жылы республикалық бюджеттің **салықтық емес түсімдері** нақтыланған жоспардан **4,6 есе** немесе 1 265,8 млрд теңгеге **асып**, **1 617,6 млрд теңгені** құрады.

2023 жылы өсім Ұлттық қор қаражаты есебінен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акцияларын сатып алу арқылы 1 трлн теңге сомасында дивидендтердің түсуімен қамтамасыз етілді, бұл 2023 жылға арналған бюджетке кепілдендірілген трансферт мөлшерінің 60%-ын құрайды.

ЖАП-тың пікірі бойынша, осы операция бюджеттің кіріс бөлігін толықтыру ретінде республикалық бюджетті қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылды, бұл бюджет саясатының контрциклді сипатының сақталуын қамтамасыз етпейді. Бұл ХВҚ-ның жоғарыда аталған мәмілеге қатысты бюджеттік сыныптау қағидаттарын әлсірету ретіндегі ұстанымымен расталады.

2023 жылы **трансферттер** негізінен нысаналы мақсатына сай пайдаланылмаған, пайдаланылмаған *(толық пайдаланылмаған)* **нысаналы трансферттерді, с**оның ішінде Үкіметтің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген **69,2 млрд теңге**ні **қайтару** есебінен **1,7%-ға немесе 75,3 млрд теңгеге** сәл асыра орындаумен **4 507,2 млрд теңге** сомасында **орындалды**.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикалық бюджетке **артық төлем** 3 697,5 млрд теңгені құрады, жыл басындағы деректермен салыстырғанда **1,7 есеге** немесе 1 524,2 млрд теңгеге **ұлғайған** *(2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 2 173,3 млрд теңге).* 2023 жылы түскен төлемдердің жалпы сомасынан артық төлем үлесі 28,7%-ды құрады *(2021 жылы – 24,6%, 2022 жылы – 21,8%).*

Артық төлем құрылымындағы ең үлкен үлес салмақты **ІТӨ-ге ҚҚС** алып

отыр – 2022 жылмен салыстырғанда 1 061 млрд теңгеге **өсіммен** барлық артық төлемнің **79,4%-ы** *(3 697,5 млрд теңгенің 2 937,5 млрд теңгесі).* Негізгі себептердің бірі – республикалық бюджет болжамының атқарылмаған сомасын төмендету мақсатында экспорттаушыларға ҚҚС-ны қайтаруды тоқтата тұру.

20-ДИАГРАММА. Салық түсімдерінің құрылымындағы артық төлем үлесі



Дереккөз: МКК

Ең үлкен өсім мониторингіленетін 303 ірі экспорттаушыға *(2,2 есе өсумен 1 150 млрд теңге)*, қалған 2,2 мың экспорттаушыға *(1,9 есе өсумен 591,5 млрд теңге)* тиесілі.

Бұдан басқа, КТС бойынша 282 млрд теңге немесе **4,2 есеге** артық төлем республикалық бюджетті атқару мақсатында аванстау себебінен негізінен төлеу мерзімі 2024 жылғы сәуірде басталатын алдағы төлемдерді төлеу есебінен *(«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ - 67,8 млрд теңге, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ - 22,9 млрд теңге, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС - 16,5 млрд теңге, «Банк ЦентрКредит» АҚ - 13,5 млрд теңге, «Интергаз Орталық Азия» АҚ - 9,3 млрд теңге, «Отбасы Банкі» ТҰҚЖБ» АҚ - 7,4 млрд теңге)* және алдағы жылдың төлемдерін ағымдағы жылы төлеу мақсатында мұнайға ЭКБ 128,6 млрд теңгеге немесе **6,4 есеге** едәуір өсті, бұл артық төлемнің өсуіне алып келді.

21-ДИАГРАММА. РБ-ға салық түсімдері бойынша артық төлем



Дереккөз: МКК

Бюджетке **бересі** *(МБ+ҰҚ)* 2023 жылдың басынан 94,8 млрд теңгеге немесе 13,4%-ға төмендей отырып, 611 млрд теңгені құрады, соның ішінде **республикалық бюджетке бересі** жыл басындағы *(501,8 млрд теңге)* деректермен салыстырғанда 21%-ға төмендеумен **- 396,2 млрд теңге**. Төмендегеніне қарамастан, бересі мөлшері әлі де жоғары мәнге ие, ол 2022 жылдың басында тез өскен болатын.

22-ДИАГРАММА. 2018-2023 жылдардағы бюджетке салықтар мен төлемдер бойынша бересі серпіні, млрд теңге



Дереккөз: МКК

Қалыптасқан жағдайдың себептерінің бірі 2021 жылы Қаржымині МКК-нің мәжбүрлеп өндіріп алу шараларының тиімділігі бөлігіндегі жұмысының нәтижелерін көрсететін нысаналы индикаторды алып тастау болды.

Осыған байланысты, Жоғары аудиторлық палатаның тапсырмасы бойынша Қаржыминінің даму жоспарына өзгерістер енгізілді, оған сәйкес 2024 жылдан

бастап жоспарлы мәндерді белгілей отырып, «Бересіні төмендету үшін қолданылатын мәжбүрлеп өндіріп алу шараларының тиімділігі» индикаторы қосылды, бұл бересіні төмендету процесіне ықпал ететін болады.

Республикалық бюджетке бересінің ірі сомаларын оның пайда болу негіздері бөлігінде талдау қорытындылары 2021-2022 жылдардағы аудит нәтижелерінен айтарлықтай ерекшеленетінін атап өткен жөн.

Мәселен, көрсетілген кезеңдерде КТС-ның аванстық төлемдерін есептеу негізінде есепті жылдың желтоқсанында бересінің қалыптасу, оларды одан әрі 2023 жылғы қаңтарда төлеу үрдісі байқалды.

Сонымен қатар, 2023 жылдың соңында мұндай көрініс байқалмады, себебі 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоспардың орындалмауы тіркелді.

Жоғарыда айтылғандар ЖАП-тың алдыңғы аудиттерінің бірқатар жағдайларда аванстық төлемдер бойынша бересі есепті жылдың соңында жылдық болжамды мәндер шеңберінде салық түсімдерінің көрсеткіштерін ұстап қалу үшін, яғни оларды шамадан тыс асыра орындау қарқынын төмендету мақсатында қалыптастырылды деген тұжырымдарын растайды.

Салықтық және кедендік әкімшілендіруден түсетін қосымша түсімдер

МКК деректері бойынша 2023 жылы салықтық және кедендік әкімшілендіру есебінен қосымша түсімдер 943,9 млрд теңгені құрады.

Аудитпен қамтылған 784 млрд теңгенің 334 млрд теңге мөлшеріндегі РБ-ға түсімдер сомасы немесе қамту сомасының 42,6%-ы салықтық және кедендік әкімшілендіру нәтижелеріне жатпайды.

Мәселен, ЖАП-тың әңгімелесу жүргізу үшін салық төлеушіні таңдау, жүргізу тәртібі мен құжаттамалық ресімдеу тетігін заңнамалық бекіту бөлігіндегі тапсырмасының бүгінгі күнге дейін орындалмағанына қарамастан, әңгімелесулер бұрынғысынша салықтық әкімшілендіру құралы болып табылады.

Жалпы, МКК деректері бойынша әңгімелесу есебінен 130,4 млрд теңге сомасына түсімдер немесе барлық қосымша түсімдердің 13,8%-ы қамтамасыз етілді, ал бұл аудитпен расталмады.

Мысалы, «БанкЦентрКредит» АҚ-мен әңгімелесу 2023 жылғы 2 қазанда өткізілген, ал түсімдер 2023 жылғы 25 тамыз және 25 қыркүйек қарсаңында есепке алынған. «Қазтеміртранс» АҚ-мен әңгімелесу 2023 жылғы 24 ақпанда өткізіліп, ал түсімдер оны өткізуден 1 ай бұрын - 2023 жылғы 23 қаңтарда есепке алынған.

2022 жылдың қорытындысы бойынша тиімділік аудитін жүргізу кезінде белгіленген қосымша түсімдер ретінде 2022 жылғы қараша-желтоқсанда қаржы-шаруашылық қызметті талдау және жалпы сомасы 31,6 млрд теңгеге әңгімелесу қорытындылары негізінде ұсынылған қосымша есеп айырысулар бойынша КТС-ның аванстық төлемдері енгізілді, олар 2022 жылға декларацияларды ұсыну қорытындылары бойынша төмендетуге берілгенін айта кеткен жөн.

Мысалы, «Шұбаркөл Премиум» АҚ бойынша - 2022 жылғы желтоқсанда төленген 16,6 млрд теңге 2023 жылғы 10 сәуірдегі мерзім бойынша ұсынылған 2022 жылғы КТС декларациясы бойынша азайтылған (19,1 млрд теңгеге азайтылды), «Варваринское» АҚ - 2 млрд теңге (КТС бойынша декларациямен 2,4 млрд теңгеге азайтылды), «Samsung electronics» ЖШС - 2 млрд теңге (КТС бойынша декларациямен 1,2 млрд теңгеге азайтылды), «QazaqGaz» ҰК» АҚ - 3,3 млрд теңге (КТС бойынша декларациямен 13,2 млрд теңгеге азайтылды), «Восход Хром» ЖШС - 8,9 млрд теңге (КТС бойынша декларациямен 3,5 млрд теңгеге азайтылды).

Бұдан басқа, сомасы 4,1 млрд теңгеге инкассалық өкім «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-ға салық төлеушінің ауызша өтініші негізінде орташа тәуекел санатына жатқызылған салық төлеушілер үшін көзделген мерзімнен бұрын ұсынылған, нәтижесінде салықтық әкімшілендіру шаралары есебінен қамтамасыз етілген түсімдер ретінде бағалана алмайды.

Осыған ұқсас «RG Brands Kazakhstan» ЖШС-дан ақшалай қаражат түсті: сомасы 1,4 млрд теңгеге инкассо салық төлеушінің ауызша өтініші бойынша мерзіміне дейін ұсынылған.

Салықтық тексерулер

2023 жылы есептелген 329,3 млрд теңге соманың 76,9 млрд теңгесіне шағым жасалды. Өндіріп алу 55,8 млрд теңгені немесе шағымдану сомаларын есепке алмағанда есептелген соманың 22%-ын құрады.

Анықтама ретінде: 2022 жылы 677,3 млрд теңге есептелген сомадан 276,2 млрд теңгеге шағым жасалды. Өндіріп алу 32 млрд теңгені немесе шағымдану сомасын шегергендегі есептелген соманың 8%-ын құрады.

Соңғы 4 жыл ішінде шағымдану нәтижелері бойынша азайтылған сомалардың көлемі өсіп келе жатыр. Егер 2020 және 2021 жылдары толық есепке жазылған сомалардың азаюы 3,3%-ды (*257 млрд теңгеден 8,4 млрд теңге*) және 3,6%-ды (*293,3 млрд теңгеден 10,6 млрд теңге*), 2022 жылы – 6,1%-ды (*677,3 млрд теңгеден 41,1 млрд теңге)* құраса, 2023 жылы – 11,7% (*329,3 млрд теңгеден 38,6 млрд теңге*).

10-КЕСТЕ. 2017-2023 жылдардағы салықтық тексерулер, млрд теңге

	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	Барлығы
Толық есепке жазылған салықтар	234,9	176	344	257	293,3	677,3	329,3	**2 311,8**
Шағымдануда	67,1	34,3	44,3	68,2	80,6	276,2	76,9	**753,2**
Шағымдарды қарау нәтижелері бойынша азайтылды	3,3	7,2	3,5	8,4	10,6	41,1	38,6	**112,7**

Дереккөз: МКК

Камералдық бақылау

Расталған бұзушылықтар сомасы бөлігінде *(1 621,5 млрд теңге немесе орындалған хабарламалар бойынша бұзушылықтар сомасының 52,1%-ы)* камералдық бақылау рәсімдерін жүргізудің жоғары көрсеткіштері аясында *(бұзушылықтар сомасы 4 308,3 млрд теңгені құрайтын 287,7 мың хабарлама және хабарлау)* іс жүзінде толық есепке жазылған салықтар сомасы 28,2% *(458,7 млрд теңге),* ал камералдық бақылау нәтижесінде төленген салықтар – 16,7% *(271,6 млрд теңге),* бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 1,1 п.т.-ға аз.

Автоматтандырылған камералдық бақылау *(бұдан әрі – АКБ)* рәсімдері шеңберінде анықталған бұзушылықтар сомасы бойынша ең үлкен үлес салмақ *(50,3%)* КТС-ке тиесілі. АКБ-ның КТС бойынша орындалған хабарламаларының үлес салмағы жіберілгендердің 51%-ын құрады *(35319-дан 18024).* Бұл ретте расталған сома 7%-ға төмендеп, 53,5%-ды құрады *(2022 жылы - 60,5%),* ал анықталған бұзушылықтар сомасына есептелген КТС сомасының үлесі 2023 жылы АКБ нәтижелері бойынша бар болғаны 2,7%-ды құрап, 2022 жылғы төмен мәндер *(2,2%)* сақталып отыр.

Автоматтандырылған камералдық бақылау тиімділігінің төмендеуі камералдық бақылау рәсімдерін іске асыру кезінде деректерді, олардың көздерін салыстыру схемаларын дұрыс құрмаудың орын алуына байланысты, бұл камералдық бақылау тиімділігіне әсер етіп, қалыптасқан және жіберілген хабарламалардың заңдылығына күмән келтіреді.

Сондай-ақ жіберуші ұйымдардан МКК-нің ақпараттық жүйесіне ақшалай өзара есеп айырысулар туралы ақпарат түскен кезде туындайтын техникалық қателер де орын алып отыр.

Қолмен камералдық бақылау *(бұдан әрі – ҚКБ)* шеңберінде анықталған бұзушылықтар сомасы бойынша ең үлкен үлес салмақты сот шешімі бойынша жарамсыз деп танылған мәмілелердің рәсімдері алады. Жарамсыз мәмілелер бойынша ҚКБ-ның орындалған хабарламаларының үлес салмағы жіберілген хабарламалардың жалпы санының 40,6%-ын *(6152-ден 2502)* құрады, онда расталған сома 3,8%-ға төмендеген *(2022 жылы 79,2%-ға қарағанда 75,4%).* Бұл ретте анықталған бұзушылықтар сомасына шаққанда есептелген соманың үлесі 31%-ға дейін азайды *(2022 жылы - 40,8%).*

МКК және оның аумақтық бөлімшелері камералдық бақылау рәсімдерінің тиімділігін төмендететін мынадай бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол беруде:

- ҚКБ шеңберінде бір кезең ішінде бір бұзушылық бойынша хабарламалардың қайталануы;

- камералдық бақылау нәтижелері бойынша соттың мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген шешімдеріне қатысты бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар қоймау;

Мысалы, Алматы облысы бойынша МКД Талғар ауданы бойынша МКБ салық төлеушілерге сот жарамсыз деп таныған мәмілелер бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жібермеген:

- «Румикс» ЖШС «ҚТЖ-Номад» ЖШС-мен 2020 жылға айналым сомасы 139 511 мың теңгеге, мұнда КТС ***27 902,2 мың теңгені*** *құрады (соттың 20.10.2023 жылғы №1912-23-00-2/2187 шешімі 22.11.2023 жылы күшіне енді);*

- «Румикс» ЖШС «НТ-Альянс» ЖШС-мен 2020 жылға айналым сомасы 723 042 мың теңгеге, мұнда КТС ***144 608,4 мың теңгені*** *құрады.*

- талап қою мерзімі өткеннен кейін мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы соттың күшіне енген шешімдері бойынша камералдық бақылау нәтижелерінің бұзушылықтарын жою туралы хабарламалар қою.

Мысалы, Түркістан қаласы бойынша МКБ талап қою мерзімі өткеннен кейін «СК Прометей» ЖШС-ға Нұр-Сұлтан қаласы бойынша МАЭС-тің 27.09.2022 жылы күшіне енген 16.08.2022 жылғы шешімі негізінде «Экспресс строй НС» ЖШС-мен өзара есеп айырысу бойынша 2019 жылғы кезеңге КТС бойынша шегерімдерге жатқызылған және ҚҚС бойынша есепке жатқызылған сомаларды алып тастау бойынша 23.01.2023 жылы бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолдады, мұнда салық түріндегі шығындар сомасы 14 560 мың теңгені құрады.

Жиынтығында аудит барысында анықталған барлық бұзушылықтардың нәтижелері сомасы **2,1 млрд теңгеге** салық *(КТС және ҚҚС)* түрінде бюджет шығындарына әкелді.

Электрондық шот-фактураларды (ЭШФ) жазып беруді шектеу.

Салықтық әкімшілендіру тәсілдерінің бірі – электрондық шот-фактуралар жүйесінде *(бұдан әрі – ЭШФ АЖ)* электрондық шот-фактураларды жазып берумен шектелу.

2023 жылы «ЭШФ жазып берілуінің жалған болу тәуекелі негізделген» деген мәртебе берілген салық төлеушілер саны 61%-ға өсті *(2023 жылы – 1 780 СТ, 2022 жылы – 1 096 СТ).*

Бұл ретте тәуекел дәрежесі жоғары бұзушылықтарды жою туралы хабарлама салық төлеушілерге ЭШФ жазып берудің жалған болу тәуекелі негізді деп танылғаннан кейін 3 айдан екі жылға дейінгі мерзімде жіберілген көптеген фактілер анықталды, бұл өз кезегінде осы уақыт ішінде «жосықсыз» салық төлеушілерге ЭШФ жазып беруге мүмкіндік берді.

Аудит барысында **хабарламаны орындамаған 18 салық төлеуші бойынша** сомасы **4,5 млрд теңгеге ЭШФ жазып беру** фактілері анықталды, соның ішінде ҚҚС 500 млн теңге.

Сондай-ақ мынадай бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды:

- ЭШФ-ның жазып берілуін уақтылы шектемеу,

- ЭШФ-ның жазып берілуін шектемеу,

- хабарламалардың тапсырылмауына себеп болған салық төлеушінің тіркеу деректеріндегі қате мәліметтер;

- салық төлеушіні мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі бола тұра жалған ЭШФ жазып беру.

Мысалы, «Pretos KZ» ЖШС 15.06.2017 жылдан бастап Алатау ауданы бойынша МКБ-ның тіркеу есебінде тұрды. Алматы қаласының Алатау ауданы бойынша МКБ-ның талап арызына сәйкес Алматы қаласының МАЭС оңайлатылған тәртіппен мәжбүрлеп тарату туралы шешім шығарды. Сонымен қатар, Алматы қаласы Алатау ауданы бойынша МКБ «Pretos KZ» ЖШС-ны тіркеу есебінен шығару жөнінде шаралар қабылдамаған, бірақ 21.09.2022 жылдан бастап ҚҚС төлеуші ретінде есепке қойған.

Нәтижесінде, «Pretos KZ» ЖШС-ға 26.09.2022 ж. - 29.12.2022 ж. дейінгі кезеңде сомасы 670,5 млн теңгеге ЭШФ жазып берілген, соның ішінде ҚҚС 42,8 млн теңге.

Бұдан басқа, аудит барысында ЭШФ деректерін талдау шеңберінде мемлекеттік сатып алу саласында бұзушылықтар анықталды.

Мысалы, «MEDINA Building» ЖШС хабарламаны орындау мақсатында «Балқаш жібек жолы» ЖШС-мен қосалқы мердігерлік шарттарын ұсынды, сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу

порталының деректеріне сәйкес «Балқаш жібек жолы» ЖШС мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша «Жаңаарқа құрылыс бөлімі» ММ-мен құрылыс саласында мемлекеттік сатып алу туралы 16.06.2022 жылғы №38 шарт жасасқаны анықталды, бұл ретте шарттың мәні «Жаңаарқа ауданының Атасу кентінде ДСК салу» болып табылады, шарттың сомасы 906 382,4 мың теңге немесе «MEDINA Building» ЖШС-мен ***қосалқы мердігерлік бойынша жасалған шарт сомасының 100%-ы****, бұл мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға қайшы келеді.*

Мәжбүрлеп өндіріп алу.

ЖАП аудит барысында мемлекеттік кірістер органдарының салық төлеушілердің банкроттығы туралы мәліметтерді ақпараттық жүйелерде мерзімінен бұрын және уақтылы көрсетпеу фактілеріне жол беретінін анықтады, бұл бересі мен бюджет алдындағы борышкерлер саны туралы деректердің анық болмауына әкеледі.

2023 жылы мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары есебінен түсімдер 119,6 млрд теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 9,2%-ға аз ғана өскенін көрсетті және:

- 56,1 млрд теңге салық төлеушінің банктік шоттарындағы ақша;
- 60,9 млрд теңге дебиторлар;
- 2 млрд теңге иеліктегі шектелген мүлікті өткізу есебінен қамтамасыз етілді.

Кедендік төлемдер мен салықтар бойынша берешек сомасының жартысына жуығы *(0,8 млрд теңге)* кеден өкілін ынтымақты тәртіппен тарту есебінен өндірілгенін айта кеткен жөн, алайда кеден өкілдерінің кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерді орындау процесі осы уақытқа дейін автоматтандырылмаған, бұл берешекті өндіріп алу процесін едәуір кешіктіріп, оның ашықтығын қамтамасыз етпей, оны бақылаудың тиімділігін төмендетеді.

Банкроттық рәсімдері бірінші кезектегі талаптарды өтеумен және оны жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарды төлеумен шектеледі. 2023 жылдың қорытындысы бойынша банкроттық рәсімдерінің нәтижесінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру мүмкіндігінсіз іс жүзінде 3,5 трлн-нан астам теңге есептен шығарылды, оның ішінде 262,8 млрд теңге – бюджет алдындағы берешек, бұл 2022 жылдың қорытындысынан бірнеше есе артық *(2022 жылы 1 трлн теңге есептен шығарылды, оның ішінде 125,7 млрд теңге – бюджет алдындағы берешек).*

2023 жылы тек бюджет алдында ғана берешек болған кезде оңалту рәсімін қолдану практикасы жалғастырылды, бұл оңалту және банкроттық туралы заңнамаға қайшы: 2022 жылы 30 жағдай, 2023 жылы 20 жаңа факт тіркелді.

Оңалту әлі де салық міндеттемелерін орындау бойынша жауапкершіліктен жалтару құралына айналып отыр.

Мысалы, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2016 жылғы 2 тамыздағы шешімімен борышкердің меншік иесінің өтініші бойынша «Пелестрой» ЖШС-ға қатысты 2012 жылғы 4 шілдедегі салықтық тексеру актісі бойынша 39,1 млн теңге мөлшерінде салық берешегінің қалыптасуына байланысты оңалту рәсімі қолданылды.

Алайда, кейіннен мемлекеттік кірістер органдарының өкілі тұлғасындағы жалғыз кредитор оңалту жоспарына 5 рет, оның ішінде рәсімді өткізу мерзімін ұзарту бойынша екі рет өзгерістер енгізуге келіскен.

Бұл ретте оңалту рәсімінің барлық уақытында салық берешегін өтеу 2017 жылы небәрі 250 мың теңге сомасына жүзеге асырылды.

Оңалту және банкроттық рәсімдерінің жүргізілуін бақылаудың нашар болуы бизнес-процестерді автоматтандырудың көп жылдар бойы болмауына, сондай-ақ жеке тұлғалардың банкроттық рәсімдерін әкімшілендіру бойынша мемлекеттік кіріс органдарына жүктеменің артуына негізделген, олардың төлем қабілетсіздігі негізінен банктік қарыз шарттарының талаптарын орындамауына байланысты.

Осыған байланысты, бұған дейін берілген ұсыныстарды ескере отырып, аталған функцияны Қаржымині МКК құзыретінен бөліп шығару мәселесі өзектілігін сақтайды.

Кедендік әкімшілендіру.

2023 жылы МКК қызметінің нәтижелері бойынша кедендік төлемдер мен салықтардың түсімі 4 080,8 млрд теңгені немесе жоспарға шаққанда 98,9%-ды құрады *(жоспар – 4 125,7 млрд теңге).*

2022 жылмен салыстырғанда кедендік төлемдер мен салықтар 1,2 есеге ұлғайды немесе 628 млрд теңгеге артық *(2022 ж. – 3 452,8 млрд теңге),* өсу қарқыны 2022 жылмен салыстырғанда 118,2%-ды құрады.

11-КЕСТЕ. 2023 жылы кедендік төлемдер мен салықтардың түсімі

КБмС түрлері	2023 жылға жоспар	2023 жылғы түсімдер	Ауытқу	Жылдық жоспардың атқарылу %-ы	2022 жылғы түсімдер	Ауытқу (2023-2022)	Өсу қарқыны (2022-2023) %
Импортқа ҚҚС	1 902 057	1 799 822	-102 234	95%	1 394 436	405 386	129%
Импортқа акциздер	51 832	63 704	11 872	123%	28 992	34 712	220%
Импорттық баж	32 008	63 242	31 234	198%	41 627	21 615	152%
КБ (мұнай)	1 761 316	1 643 145	-118 171	93%	1 621 378	21 767	101%
ЭКБ (өзгелер)	26 684	36 958	10 274	139%	39 089	-2 131	95%
Бөлінген әкелу баждары	313 575	425 644	112 069	136%	291 607	134 037	146%
Өзгелер (кедендік алымдар, БКТ, ЖКТ, қорғаныс кедендік бажы)	38 181	48 250	10 070	126%	35 646	12 605	135%
Жиыны	**4 125 652**	**4 080 766**	**-44 886**	**99%**	**3 452 775**	**627 991**	**118%**

Дереккөз: МКК

Өткен жылы тауарларға *(ТД)* 1 094,3 мың декларация ресімделді және іс жүзінде шығарылды, бұл 2022 жылдың мәнінен *(822 мың ТД)* 33,1%-ға артық, соның ішінде:

- тауарлар импорты бойынша – 692,8 мың ТД, өсім 30,44%;
- экспорт бойынша – 401,5 мың ТД, өсім 38,05%.

Кедендік бақылау объектілерін, кедендік бақылау нысандарын және (немесе) кедендік бақылауды жүргізуді қамтамасыз ететін шараларды таңдау кезінде кеден органдарының ТБЖ-сы пайдаланылады.

Бұл ретте Қаржыминінің даму жоспарының «ТБЖ іске асқан тауарларға арналған декларациялардың жалпы санынан тәуекелдер расталған тауарларға арналған декларациялардың үлесі» нысаналы индикаторы 70%-ға жоспарланып, **64%-ға** орындалды *(тәуекел бейіндері іске асқан 206,2 мың ТД-дан 133 мың ТД бойынша бұзушылықтар анықталды).*

Бұл көрсеткіштің орындалуы 2022 жылы - 65,6%-ды, 2021 жылы - 76,6%-ды құрады, бұл ТБЖ арқылы жүргізілетін кедендік бақылау шараларының тиімділігінің төмендегенін көрсетеді.

Мәселен, аудит барысында төлем көзінен КТС төлеу бойынша 101.04 СЕН салық есептілігі нысандарын құрылтайшылары - ҚР бейрезиденттері арқылы тауарлары жеткізілетін СЭҚ қатысушылары бойынша *(қызметтің негізгі түрі – тауарларды көтерме және бөлшек саудада сату)* ТД электрондық нысандарының мәліметтерімен салыстырмалы талдау нәтижелері бойынша импортталған тауарлардың кедендік құнын дұрыс декларацияламау *(роялти, дивидендтер және олар бойынша жалдау төлемдерінің сомаларын қоспау, сондай-ақ сатып алу-сату нысанасы болып табылмайтын тауарларға қатысты әкелінетін тауарлармен мәміле бағасы бойынша құнды қабылдау, кедендік құнды айқындау кезінде баға ақпаратының негізсіз көздерін қолдану)* белгілері анықталды, тауарлар шығарылғанға дейін кедендік операцияларды жасау кезеңінде жеткіліксіз бақылау және оны сапасыз жүргізу жағдайлары анықталды, нәтижесінде кедендік баждар мен салықтарды *(бұдан әрі – КБмС)* төлеу бойынша шығын - **2,5 млрд теңге**.

Сондай-ақ, Қаржыминінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспарының нысаналы индикаторларының бірі «Қытайдың кедендік статистикасымен сәйкессіздіктерді қысқарту» болып табылады, ол бойынша 2023 жылға жоспар **37%**-ды құрады.

ҚР деректері бойынша ҚХР-мен тауар айналымының жалпы көлемі 31,5 млрд АҚШ долларын құрады, ҚХР деректері бойынша – 41 млрд АҚШ доллары, осылайша жалпы алшақтық 9,5 млрд АҚШ долларын немесе **23,3%**-ды құрады.

ҚР-ның ҚХР-ға экспорты 14,7 млрд АҚШ долларын, ҚХР-дың ҚР-дан импорты 16,3 АҚШ долларын, алшақтық 1,6 млрд АҚШ долларын немесе 9,9%-ды құрады.

МКК деректері бойынша Қазақстанның Қытайдан импорты - 16,8 млрд АҚШ долларын, ҚХР-дың ҚР-ға экспорты - 24,7 млрд АҚШ долларын құрады, алшақтық **7,9 млрд АҚШ долларын** немесе **32,1%-ды** құрады. Сонымен қатар, ЖАП-тың бағалауынша, бұл көрсеткішке қол жеткізілмеді және 2023 жылы - **37,9%** құрады.

23-ДИАГРАММА. ҚХР-мен «айна-қатесіз» статистикасының алшақтық серпіні және 2023 жылғы аудиттің алдын ала деректері бойынша бағалау



Дереккөз: МКК

Мәселен, аудит барысында ҚХР-дың кедендік статистикасымен ең көп теріс сәйкессіздіктер бар 61-ші *(киім заттары мен киімге керек-жарақтар, машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаждар)*, 62-ші *(машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаждан басқа киім заттары мен киімге керек-жарақтар)*, 64-ші *(аяқ киім, гетралар және ұқсас бұйымдар, олардың бөлшектері)* және басқа топтар бойынша ҚХР-дан әкелінетін тауарлардың кедендік құнымен айла-шарғы жасау арқылы уәкілетті экономикалық операторлар *(бұдан әрі - УЭО)* болып табылатын СЭҚ қатысушылары оларды кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырған кезде ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылғанға дейін *(ИМ-40)* оны бірнеше рет асыра бағалау жолымен *(КБмС төлеуді және кедендік құнды бақылауды көздемейді)* ҚХР-дан ҚР-ға импортта көрсетілген тауарлардың құны **1,4 млрд АҚШ** долларына асырылғаны анықталды.

24-ДИАГРАММА. ҚХР-дан ҚР-ға тауарлар импортының құнымен айла-шарғы жасау



Дереккөз: МКК, ЖАП

МКК-нің 2023 жылғы есептік деректеріне сәйкес, ҚР импорты – ҚХР экспорты кезіндегі сәйкессіздіктер бойынша ҚХР деректерімен сәйкессіздіктер

кезінде оң мәндер де, теріс мәндер де асып кеткен тауарлардың барлық топтары бойынша «қаз-қатар» мән көрсетіледі.

ҚХР-дан «айна-қатесіз статистикада» ең көп сәйкессіздіктері бар тауарлар импортын салыстырмалы талдау көрсеткендей, ҚХР-дан тауарлар импорты кезінде көлемдер қытай тарапының деректерімен салыстырғанда салмақ жағынан да, құндық мәні жағынан да айтарлықтай ерекшеленеді.

ҚХР экспортымен ҚР импортының «айна-қатесіз» статистикасындағы алшақтықтың ең жоғары көрсеткіші 2023 жылы 2022 жылдағыдай 42, 61, 62, 64 және 95-ші тауар топтарының 5 тауар тобы бойынша тіркелді, олар бойынша алшақтық сомасы (-) **6,7 млрд АҚШ долларын** немесе аудитпен анықталған (-) **9,3 млрд АҚШ доллары мөлшеріндегі** сәйкессіздіктердің жалпы сомасына шаққанда **72%-ды** *(2022 жылы - ҚХР экспортымен сәйкессіздіктердің жалпы көлемінің 76,9%-ы)* құрады.

Бұл ретте талдау 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы олар бойынша сәйкессіздіктердің абсолютті мәнінің (-) **2,8 млрд АҚШ** долларына *(2022 жылы – 3,9 млрд АҚШ доллары)* өскенін көрсетіп отыр.

25-ДИАГРАММА. Тәуекелі жоғары тауарлардың салмағы бойынша сәйкессіздіктері



Дереккөз: МКК

Атап айтқанда, алшақтықтың салмағына қарай 62-топ бойынша *(машинамен немесе қолмен тоқылған тоқымадан басқа киім заттары мен киімге керек-жарақтар)* - 5,2 есе, 61-ші топ бойынша *(киім заттары мен киімге керек-жарақтар, машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаждар)* - 3,4 есе, 64-ші топ бойынша *(аяқ киім, гетралар және осыған ұқсас бұйымдар; олардың бөлшектері)* 4,1 есе, 95-ші топ бойынша *(ойыншықтар, ойындар және спорттық мүкәммал; олардың бөліктері мен керек-жарақтары)* - 1,9 есе, 42-ші топ бойынша *(былғарыдан жасалған бұйымдар)* - 3 есе, жалпы салмағы - **392 мың тонна**.

26-ДИАГРАММА. Тәуекелі жоғары тауарлардың құны бойынша алшақтықтары



Дереккөз: МКК

Құнына қарай алшақтықтар 62-топ бойынша – 3,9 есе, 61-топ бойынша – 3,5 есе, 64-топ бойынша – 7,2 есе, 95-топ бойынша – 5,1 есе, 42-топ бойынша – 3,8 есе құнына қарай жалпы сомасы (-) **6 781 млн АҚШ долларын** құрады.

Көрсетілген фактілер аталған тауарлардың импортына қатысты кедендік әкімшілендіру шараларының тиімсіздігін куәландырады.

Бұл ретте, ҚХР тауарларының көрсетілген топтарының импорты көлемінде жартысына жуығы УЭО-ға тиесілі.

ҚХР-дан *(шығарылған ел бойынша)* тауарлар импортының кедендік құнының индексін *(КҚИ)* «айна-қатесіз» сауда статистикасындағы ең үлкен сәйкессіздіктермен салыстырмалы талдау «барынша қолайлы» режимін пайдаланатын УЭО-ның осы тауарлар импортының КҚИ-і **тауарлардың 62, 64, 95-топтары бойынша басқа санаттағы КҚИ**-дан төмен екенін, ал тауарлардың ресми ритейлерінің КҚИ-і барлық тәуекелі жоғары топтар тауарлары бойынша төмен екенін көрсетті.

27-ДИАГРАММА. Импорттаушылар санаттары бойынша тауарлардың тәуекелі жоғары топтарының КҚИ-ін салыстыру



Дереккөз: МКК

Атап айтқанда, 62-топ бойынша (*машинамен немесе қолмен тоқылған тоқымадан басқа киім заттары мен киімге керек-жарақтар)* **2 есе, 61-топ** бойынша *(киім заттары мен киімге керек-жарақтар, машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаждар)* **3,3 есе**, **64-топ** бойынша *(аяқ киім, гетралар және ұқсас бұйымдар; олардың бөлшектері)* **4 есе**, **95-ші топ бойынша** *(ойыншықтар, ойындар және спорттық мүкәммал; олардың бөліктері мен керек-жарақтары)* **- 2,3 есе**, **42-ші топ бойынша** *(былғарыдан жасалған бұйымдар)* - **1,8 есе**.

Аталған фактілер УЭО-ға қатысты кедендік әкімшілендіру шараларының тиімсіздігін куәландырады.

Сонымен қатар, Қытайдан шыққан тауарлардың импортын талдау барысында СЭҚ ТН-ның 6 белгісі деңгейінде 2023 жылы 3 808 тауар субпозицияның ішінде айтарлықтай оң және теріс сәйкессіздіктер бар екендігі анықталды:

1) 2 063 субпозиция бойынша жалпы сомасы 5 787,9 млн АҚШ долларына оң ауытқу (*ҚР импортының ҚХР экспортынан асып кетуі*) бар;

2) 1 745 субпозиция бойынша жалпы сомасы (-) 13 712,9 млн. АҚШ долларына теріс ауытқу *(ҚХР экспортының ҚР импортынан асып кетуі)* бар.

Осылайша, ҚХР экспорты мен ҚР импорты арасындағы «айна-қатесіз статистикадағы» алшақтықтардың салыстырмалы мәнде төмендеу үрдісіне қарамастан, 2023 жылы абсолютті мәндегі алшақтық (-) 7 925 млн АҚШ долларын құрады *(13 712,9 млн АҚШ доллары - 5 787,9 млн АҚШ доллары)*, оған қатысты кедендік баждар мен ҚҚС бойынша **болжамды экономикалық шығын сомасы 1 025,4 млн АҚШ долларын** немесе АҚШ долларының орташа жылдық бағамы 456,31 теңге болған кезде **467,9 млрд теңгені** құрады.

Анықтама ретінде:

1) Кедендік әкелу бажы бойынша ықтимал экономикалық шығындарды есептеу:

*Теріс алшақтық сомасы 13 712,9 млн АҚШ доллары – оң ауытқулар сомасы 5 787,9 млн АҚШ доллары = 7 925 млн АҚШ доллары * 3,9% (2023 жылғы кедендік әкелу бажы бойынша алып қою коэффициенті) =* ***313 млн АҚШ доллары****;*

2) ҚҚС бойынша ықтимал экономикалық шығындарды есептеу:

*(теріс және оң алшақтықтардың айырмасы 7 925 млн АҚШ доллары + кедендік әкелу бажы 313 млн АҚШ доллары) * 8,6% (2023 жылғы ҚҚС бойынша алып қою коэффициенті) =* ***712,4 млн АҚШ доллары****.*

Сондай-ақ аудит барысында жер қойнауын пайдаланушы 13 компания бойынша МКК жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнаманы екіұшты түсінуге және қолдануға байланысты олардың шикі мұнай мен мұнай өнімдерін экспорттауы кезінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасу күніне қолданыста болған ставкалар бойынша кедендік алымдар 191 ТД бойынша 0,2% (*«Кедендік төлемдер ставкалары туралы» 1995 жылғы 7 қарашадағы №1479 ҚРҮҚ бекітілген*) мөлшерінде сомасы **1,8 млрд теңгеге** заңсыз өндіргені анықталды.

Анықтама ретінде: «Мемлекеттік кірістер органдары өндіріп алатын кедендік алымдардың мөлшерлемелерін бекіту туралы» 05.04.2018 ж. № 171 ҚРҮК сәйкес тауарларға арналған декларацияны пайдалана отырып кедендік декларациялау үшін кедендік алымдардың қолданыстағы мөлшерлемесі 6 АЕК немесе 1 ТД үшін 20,7 мың теңгені құрайды, тиісінше 191 ТД бойынша барлығы шамамен 3,9 млн теңге төленуге тиіс.

2.2. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ ШЫҒЫС БӨЛІГІНІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҒАЛАУ

2023 жылға арналған республикалық бюджеттің шығыстары «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңымен *(2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 163-VII ҚРЗ) (бұдан әрі – Заң)* бекітілген. Оны орындау үшін «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңын іске асыру туралы» Үкіметтің қаулысы *(2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 987) (бұдан әрі – Қаулы)* қабылданды. Есепті жыл ішінде Заңға 2023 жылғы наурызда жүргізілген республикалық бюджетті нақтылау нәтижелері бойынша 1 өзгеріс енгізілді, Қаулыға өзгерістер 7 рет енгізілді *(салыстыру үшін 2020 жылы – 5 рет, 2021 және 2022 жылдары – 9 рет).*

Бюджетті нақтылау нәтижесінде шығыстар бастапқыда бекітілген 23 548,5 млрд теңге көлемімен салыстырғанда 6%-ға немесе 1 520,4 млрд теңгеге ұлғая отырып *(2022 жылмен салыстырғанда түзетілген жоспардың көлемі 4 680,9 млрд теңгеге немесе 23%-ға ұлғайды),* 25 068,8 млрд теңгені құрады. Жыл қорытындысы бойынша шығыстар 99,2%-ға немесе 24 867,1 млрд теңгеге атқарылды.

12-КЕСТЕ. 2023 жылғы республикалық бюджеттің шығыстары туралы ақпарат, млрд теңге

Атауы	Бекітілген бюджет	Нақтыланған бюджет	*Ауытқу*	Түзетілген бюджет	Атқарылуы	%	*Атқарылмауы*
ШЫҒЫСТАР, барлығы	**23 548,5**	**25 068,8**	***+1 520,4***	**25 068,8**	**24 867,1**	**99,2**	***-201,8***
Қарыздардың өтелуін есептемегендегі ШЫҒЫСТАР	**20 996,7**	**22 517,1**	***+1 520,4***	**22 517,1**	**22 417,4**	**99,6**	***-99,7***
Шығындар	20 578,7	21 647,5	*+1 068,8*	21 647,5	21 547,8	99,5	*-99,6*
Бюджеттік кредиттер	279,3	661,4	*+382,1*	661,4	661,4	100	-
Қаржы активтерін сатып алу	138,7	208,2	*+69,5*	208,2	208,2	100	-
Қарыздарды өтеу	2 551,8	2 551,8	-	2 551,8	2 449,6	96	*-102,1*

Дереккөз: Қаржымині

Бюджетті **нақтылау және түзету** салдарынан шығыстардың 1 521 млрд теңгеге ұлғаюы Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансфертті және республикалық бюджет кірістерін ұлғайту есебінен қамтамасыз етілді.

2023 жыл ішінде шығыстардың шамамен 33%-ы *(жаңадан құрылған 5 министрлікті есептемегенде)* қайта қаралды *(түзетілді),* салыстыру үшін 2021 жылы – 19%, 2022 жылы – 30%.

Түзетулер мен жыл ішінде қайта қаралған қаражаттың үлкен көлемі шығыстарды жоспарлау сатысында мәселелердің жеткіліксіз пысықталғанын көрсетеді *(мысалы, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін төлеуге берілетін трансферттер 10,3 млрд теңгеге қысқарып, жыл ішінде 4 рет 127,1 млрд теңгеге ұлғайды; төтенше жағдайлар жөніндегі органдар мен мекемелердің күрделі шығыстары жыл ішінде 6 рет азайып, ұлғайды, нәтижесінде 38,9 млрд теңгеден 54,4 теңгеге дейін өсті, соған қарамастан, жыл қорытындысы бойынша 5,1 млрд теңге атқарылмай қалған).*

13-КЕСТЕ. Жыл ішінде қайта қаралған (түзетілген) қаражат көлемі, млрд теңге

Атауы	Плюс	Минус
Бекітілген бюджет	**20 997**	
1-түзету	+6	-6
2-түзету	+18	-18
Нақтылау	+2 255	-744
Нақтыланған бюджет	**22 517**	
3-түзету	+108	-108
4-түзету (*жаңадан 5 министрлік құрылды*)	+2 600	-2 600
5-түзету	+110	-110
6-түзету	+97	-97
7-түзету	+36	-36
Түзетілген бюджет	**22 517**	



Дереккөз: Қаржымині

Жүргізілген түзетулерге қарамастан, **бюджет қаражатының игерілмеуі** жоғары деңгейде қалуда – 73,3 млрд теңге *(2021 жылы – 68,8 млрд теңге, 2022 жылы – 81,3 млрд теңге. Игерілмеудің ең төмен сомасы 2018 жылы 1,5 млрд теңге болды).*

Бұл ретте, 2023 жылы Үкімет ЖАП-тың игерілмей жатқан қаражатты Үкімет резервіне қайта бөлу жолымен қаражаттың игерілмеуін жасанды түрде төмендетуге қатысты ескертуін ескергенін атап өткен жөн *(бюджет заңнамасына сәйкес Үкіметтің бөлінбеген резерві игерілмеген болып есептелмейді)*. 2023 жылдың қорытындысы бойынша резервтің бөлінбеген сомасы 23 млрд теңгені құрады.

28-ДИАГРАММА. 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы, млрд теңге

Дереккөз: Қаржымині

Игерілмеу себептері әдеттегідей: бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша жұмыс кестесінен артта қалу, өнім берушілердің шарттық міндеттемелерді орындамауы, мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілмеген конкурстар, сот талқылаулары, келісудің ұзақ рәсімдері және т.б.

14-КЕСТЕ. Бюджет қаражатының ең көп игерілмеуіне жол берген РББӘ, млн теңге

Атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Атқарылмауы	Үнем	Бөлінбеген резерв	Игерілмеуі
ЖИЫНЫ, оның ішінде:	**22 517 076**	**22 417 424**	**-99 652**	**-3 318**	**-23 043,5**	**-73 290**
Қаржы министрлігі	7 182 732	7 130 443	-52 289	-1 262	-23 043,5	-27 983
Ішкі істер министрлігі	635 608	626 287	-9 321	-32		-9 289
Көлік министрлігі	762 954	754 219	-8 735	-30		-8 705
Төтенше жағдайлар министрлігі	262 903	256 303	-6 600	-153		-6 447
Су ресурстары және ирригация министрлігі	97 971	92 806	-5 165	-1		-5 165
Әділет министрлігі	44 009	38 850	-5 159	-10		-5 149

Дереккөз: Қаржымині

Қаржы министрлігі бірнеше жыл қатарынан Қытай Халық Республикасы Эксимбанкінің қарыз қаражаты есебінен «Шекарадағы өткізу пункттерін жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру» жобасын нашар іске асыруда, оны іске асыруға арналған қаражат үшінші жыл қатарынан игерілмеген күйінде қалып отыр, 2023 жылы бұл сома **22,3 млрд теңгені** құрады.

Анықтама ретінде:

- 2021 жылы құрылыс орнын ауыстыру себебінен 19,7 млрд теңге игерілмеген;

- 2022 жылы – «NUCTECH» компаниясының әрбір объектіге қосалқы мердігерлік шарттарға қол қоюының ұзақ рәсімдері, сондай-ақ үш жоба бойынша ЖСҚ-ға теріс қорытындылар алу себебінен - 14,4 млрд теңге;

- 2023 жылы - ҰҚК Шекара қызметімен режимдік объектілер арқылы автокөлік қозғалысының уақытша схемасын келісудің ұзақ рәсімдеріне, реконструкциялау үшін өткізу пункттерін толық жабудың мүмкін болмауына байланысты, бұл өз кезегінде қажетті жұмыстарды орындауды қиындатады, құрылысқа жақын инертті материалдардың болмауы және т.б. - 22,3 млрд теңге.

Бұл ретте, есепті жылы жоба климаттық жағдайлардың тәуекелдері, реконструкциялау үшін өткізу пункттерін толығымен жабудың мүмкін болмауы және т.б. ескерілмей іске асырылған. Осылайша, Үкіметтің есебінде белгіленген тәуекелдерді жоққа шығару үшін қабылданған шаралар туралы ақпарат көрсетілмей, жобаның уақтылы іске асырылмауына әкеп соқтырған себептер көрсетілген.

Сондай-ақ, Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №1253 бұйрығымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларында мемлекеттік сатып алуды «айрықша тәртіпті» қолдана отырып, жүзеге асыру бөлігінде қайшылықтарға байланысты Көлік министрлігінің ҚР-дың Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін салуға және реконструкциялауға Ұлттық қордан бөлінген **8,2 млрд теңгесі** де игерілмеген күйінде қалды *(Қағидалар мәтінінің орысша және қазақша нұсқаларында сәйкессіздіктер болды, мысалы, қазақша нұсқасында құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша 10%, орысша нұсқасында – 5% мөлшерінде демпинг белгіленген. Сәйкессіздіктер 2024 жылғы 17 сәуірде өзгерістер енгізу арқылы жойылды).*

Бұдан басқа, игерілмеудің елеулі сомасы негізгі құралдарды сатып алуға бағытталған күрделі шығыстар бойынша қалыптасты, атап айтқанда: ІІМ – **7 млрд теңге** *(соның ішінде Ұлттық ұлан – 1,6 млрд теңге),* ТЖМ – **5 млрд теңге,** Әділетмині – **1,9 млрд теңге**.

ІІМ бойынша игерілмеу әлемдегі геосаяси жағдайға байланысты болса, ал ТЖМ және Әділетминінің игермеу себептері ретінде мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілмеген конкурстар, сот талқылаулары, өнім берушілердің тауарларды жеткізбеуі көрсетілген, бұл тиісті РББӘ тарапынан нашар әкімшілендірудің салдары болып табылады.

Орындалған жұмыстардың актілерін, шот-фактураларды уақтылы ұсынбау Су ресурстары және ирригация министрлігінің сумен жабдықтау жүйелерін, гидротехникалық құрылыстарды салу және реконструкциялау бойынша сомасы **3 млрд теңгені** игермеуіне себеп болды.

ЖАП-тың 208 объектіде 19,5 трлн теңге бюджет қаражатын қамти отырып жүргізген 20 аудит нәтижелері бойынша 2023 жылғы 12 айда анықталған **бұзушылықтардың жалпы сомасы** 522,9 млрд теңгені құрады, соның ішінде:

- 70,4 млрд теңге – қаржылық бұзушылықтар;

- 250,2 млрд теңге – мемлекет қаражаты мен активтерін тиімсіз пайдалану;

- 202,3 млрд теңге – тиімсіз жоспарлау.

3 033 рәсімдік бұзушылық анықталды.

Есепті кезеңде іс жүзінде 27,8 млрд теңге қалпына келтірілді (өтелді) немесе орындау мерзімі келген қалпына келтіруге (өтеуге) жататын қаражаттың 100%-ы немесе қалпына келтіруге (өтеуге) жататын қаражаттың жалпы көлемінің (*70,4 млрд теңге*) 39,4%-ы.

Үкіметке және мемлекеттік органдарға 84 ұсыным мен 456 тапсырма *(нұсқама)* жіберілді.

123 лауазымды адам тәртіптік, 32 жеке және заңды тұлға әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

Құқық қорғау органдарына 23 аудит материалы жіберілді.

Сонымен қатар, Үкімет есебінің деректері бойынша **тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының** сомасы 2022 жылмен салыстырғанда 68 млрд теңгеге *(421 млрд теңге)* ұлғая отырып, 489 млрд теңгені құрады.

15-КЕСТЕ. Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, млн теңге

Негізгі көрсеткіштер	2022	2023	Ауытқу
БАРЛЫҒЫ, оның ішінде:	**421 236,0**	**488 987,9**	**+67 751,9▲**
Бюджет қаражатының игерілмеуі	81 334,8	73 290,2	-8 044,6▼
Нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттерді қайтару (нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған, пайдаланылмаған/ толық пайдаланылмаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген)	90 781,8	69 946,9	-20 834,9▼
Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражаттың пайдаланылмаған қалдықтары	11 420,1	87 215,6	+75 795,6▲
Мемлекеттік аудит органдары «таза» 2023 жылы анықтаған бұзушылықтар (қаржылық бұзушылықтар, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану және жоспарлау)	237 699,2	258 535,1	20 835,9▲

Дереккөз: Үкіметтің есебі №15 кесте, ЖАП-тың және тексеру комиссияларының аудит нәтижелері

Республикалық бюджет әдетте **әлеуметтік бағдарланған** болып табылады – шығыстардың жалпы көлемінің 38%-ы. Шығыстардың абсолютті мәнде 2022 жылғы 8 535 млрд теңгеден 2023 жылы 8 452 млрд теңгеге дейін шамалы төмендегені байқалады.

Шығыстардың басқа функционалдық топтарымен салыстырғанда, әлеуметтік сектордың үлесі төмендеп отыр *(2021 жыл – 50%, 2022 жыл – 46%, 2023 жыл – 38%).* Бұған өңірлерге берілетін ***субвенциялар*** үлесінің 2021 жылғы 14%-дан 2023 жылы 20%-ға дейін *(немесе тиісінше 2 121 млрд теңгеден 4 995 млрд теңгеге дейін)* артуы әсер етті. Бұл ағымдағы нысаналы трансферттерді жалпы сипаттағы трансферттер базасына беруге байланысты.

Сонымен қатар, ***қарыздарды өтеу және оған қызмет көрсету*** шығыстарының үлесі 2021 жылғы 14%-дан 2023 жылы 19%-ға дейін өсті. Абсолютті мәнде қарыздарды өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар соңғы 3 жылда 2 есе өсті *(2021 жылғы 2 073,9 млрд теңгеден 2023 жылы 4 257,8 млрд теңгеге дейін).*

Жоғары аудиторлық палата[70] аудитінің қорытындысы бойынша, ұзақ мерзімді перспективада үкіметтік борышты өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығыстардың ағымдағы өсу қарқынының сақталуы *(өзге де тең жағдайларда)* қабылданған әлеуметтік міндеттемелердің толық көлемде орындалмауына әкеп соғуы мүмкін.

Бұл ретте Қаржы министрлігі алдағы уақыттағы тәуекелдерді деңгейлестіру үшін қарыз алу көздеріне, борышқа қызмет көрсету бойынша шығындар мен төлемдердің пайыздық мөлшерлемелерге және айырбас бағамдарына сезімталдығына талдау жүргізбейді.

Экономиканың нақты секторы шығыстарының үлесі төмендеуде, ол соңғы 10 жылда шығыстардың жалпы көлемінде 2014 жылғы 27%-ға қарағанда 16%-ды құрады, бұл республикалық бюджеттен қаржыландырылатын инфрақұрылымдық жобаларды дамытуға салынатын салымдардың қарқыны төмендегенін көрсетеді. Сонымен бірге, шығыстардың жалпы көлеміне даму бюджеттерінің үлесі де 2014 жылы 22%-ға қарағанда 2023 жылы 10,5%-ды құрап, төмен болып қалып отыр.

Қорғаныс, құқық қорғау, сот және мемлекеттік секторға жұмсалатын шығыстардың үлесі іс жүзінде өзгеріссіз қалып отыр – 16%. ЖІӨ-ге шаққанда әскери шығыстардың үлесі 2022 жылмен салыстырғанда 0,1 п.т.-ға төмендеп *(2022 жылы – 1%),* 0,9%-ды құрады.

29-ДИАГРАММА. Негізгі функционалдық топтар бойынша республикалық бюджет шығыстарының серпіні, трлн теңге



Дереккөз: Қаржымині

Соңғы 10 жылдағы шығыстар тұрақты өсу серпініне ие, ал **мұнайға қатысты емес кірістермен қамтамасыз етілуі** *(Ұлттық қордан берілетін трансферттерді және шикі мұнайға экспорттық кедендік баж салығын есептемегенде кірістер)* 50% деңгейінде ауытқиды,

[70] 16.10.2023 жылғы № 23-Қ Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген борышты, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің борышын басқарудың тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит

қалған алшақтық Ұлттық қордан берілетін трансферттер мен қарыздар есебінен жабылады. Сонымен қатар, 2023 жылы дивидендтердің күрт өсуі байқалады *(жоспар – 212 млрд теңге, іс жүзінде – 1 338 млрд теңге),* бұл шығыстардың мұнайға қатысты емес кірістермен 54% деңгейінде қамтамасыз етілу үлесіне әсер етті.

Бұл тетік **бюджет тапшылығының жыл сайын ұлғаюына** әкеледі.

30-ДИАГРАММА. Негізгі бюджеттік параметрлердің бюджет шығыстарының мұнайға қатысты емес кірістермен қамтамасыз етілуімен өзара байланыстағы серпіні

Дереккөз: Қаржымині

Бұл ретте Үкімет ҚР Бюджет кодексінде[71], сондай-ақ бұған дейін ҚР жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасында[72] және қолданыстағы Мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасында[73] *(бұдан әрі – МҚБТ, Тұжырымдама)* белгіленген бюджет саясатының **контрциклді сипаттағы** қағидасын сақтамай отыр.

Қазақстан сияқты мұнай елдері үшін контрциклді бюджет саясатының мәні мұнайдың бағалары жоғары болған кезде болашақ тұрақсыз кезеңдер үшін резервтер құра отырып *(Ұлттық қорда жинақтай отырып),* кірістер ұлғаяды. Бұл ретте шығыстар әдейі шектеледі *(ұлғаймайды).* Алайда бақыланып отырған үрдістер керісінше – экономиканың қалыпты өсу қарқыны кезінде шығыстардың жыл сайынғы өсуін және Ұлттық қордан қаражат алудың болуын көрсетуде.

[71] 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV ҚР Бюджет кодексінің 12-бабы, 24-бабы

72 «ҚР мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 10.09.2022 № 1005 Жарлығымен күшін жойды

[73] «ҚР мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 10.09.2022 № 1005 Жарлығымен бекітілген

31-ДИАГРАММА. Ұлттық қордан берілетін трансферттерді мұнай бағасына және экономиканың өсу қарқынымен байланысты пайдалану серпіні (2007 жылы пайдаланыла бастаған кезден)



Дереккөз:
Шығыстар, ҰҚ-дан берілетін трансферттер - Қаржымині
Brent маркалы мұнай бағасы (АҚШ долл./ баррель) - World Bank Commodity Price Data (The Pink Sheet)
ЖІӨ-нің нақты өсу қарқыны - IMF Real GDP growth (annual percent change)[74]
**) СЖРА ҰСБ-ның деректері бойынша ЖІӨ алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты мәнде 5,3%-ға ұлғайған*[75]

Мәселен, мұнай бағасы бір баррелі үшін 100 АҚШ долларынан жоғары *(2012 жыл – бір баррель мұнай үшін 112 АҚШ доллары),* ал экономикасы өсу үстінде *(7,3-7,5%)* болған 2011-2013 жылдардағы сияқты қолайлы кезеңдерде Ұлттық қордың қаражатын пайдалану есебінен шығыстарды жабу төмендеген жоқ, керісінше өсу серпініне ие болды *(2011 жылы – 1,2 трлн теңге, 2012 жылы – 1,4 трлн теңге),* бұл алдағы уақытта инфляцияны одан әрі жеделдете отырып, жалпы макроэкономикалық жағдайды нашарлатты.

Талданатын кезеңде іске асырылатын бюджет саясатының циклдік сипаты байқалады. Мұнай бағасының өсуі *(бір баррель мұнай үшін 2020 жылғы 42,3 АҚШ долларынан 2022 жылы 99,8 АҚШ долларына дейін)* және қалыпты экономикалық өсу *(2023 жылы 4,6%)* кезінде Ұлттық қордан берілетін трансферттер қиын-қыстау пандемия кезеңіндегідей *(2020 жыл)* жоғары деңгейде қалып отыр, шығыстардың өсуі жалғасуда, бұл бюджет тапшылығының *(2023 жылы 3,1 трлн теңге)* ұлғаюына әкеледі.

[74] Мұнай бағасы - www.worldbank.org/commodities; ЖІӨ-нің нақты өсу қарқыны - imf.org/en/Countries/KAZ
[75] stat.gov.kz/ru/industries/economy/national-accounts/publications/4971/

Ұлттық қордың нысаналы трансфертін пайдалануға нақты шектеулердің жеткіліксіз болуы оның жинақтау және сақтау функцияларының төмендеу тәуекелдеріне алып келді *(жиналған ең көп сома 2023 жылы – 70,8 млн АҚШ доллары, 2014 жылы – 73,2 млн АҚШ доллары. Кейінгі жылдары Ұлттық қорды белсенді пайдаланылғаны байқалады, сөйтіп оның активтерінің 2021-2022 жылдары 55 млн АҚШ долларына дейін төмендеуіне алып келді).* ЖАП жүргізген аудит[76] барысында Ұлттық қорды 2007 жылдан бастап белсенді пайдалану бюджет тапшылығын қысқартуға ықпал етпегеніне, оның «созылмалы» күйге өткеніне назар аударылды.

Қазіргі уақытта Бюджет кодексінің 2023 жылғы 16 қарашадағы толықтыруларымен Ұлттық қордың таза активтерінің мөлшерін шектеу түрінде Ұлттық қор қаражатын, яғни міндеттемелерді шегергендегі активтерді, соның ішінде нысаналы талаптар сомаларын пайдалануды шектеу енгізілді *(Бюджет кодексінің 23-бабының 1-1-тармағы)*.

32-ДИАГРАММА. Ұлттық қордың түсімдері мен пайдалану серпіні, трлн теңге



Дереккөз: Қаржымині

Сонымен қатар, бюджет қағидаларында жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет **шығыстарының өсу қарқынына шектеулер** белгіленді.

Бұл ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейі *(жоспарланған кезеңге дейінгі он жылдағы нақты жалпы ішкі өнімнің өсуінің орташа мәні ретінде анықталады)* инфляция[77] мақсатына ұлғайды. Сонымен бірге, ретроспективті талдау деректері бюджет саясатының жарияланған контрциклді сипатына кейбір парадоксты көрсетеді.

Мәселен, инфляцияның бірқалыпты деңгейінде ұзақ мерзімді өсудің жеткілікті жоғары деңгейі *(және мұнайдың бағасының жоғары болуы)* кезінде ұзақ мерзімді

[76] 21.06.2022 жылғы № 16-Қ ҚР Ұлттық қорынан 2019-2021 жылдар кезеңінде бөлінген нысаналы трансферттерді мақсатына сай және тиімді пайдалануға жүргізілген мемлекеттік аудит

[77] ҚР Президентінің 10.09.2022 № 1005 Жарлығымен бекітілген ҚР мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының 5.4.1-бөлімі

өсу деңгейінің төмендеуіне қарағанда *(мысалы, пандемиялық 2020 жылы – 33%)* шығыстар қарқынына шектеу жоғары *(мысалы, қолайлы 2011 жылы – 61,4%).* Басқаша айтқанда, экономиканың жеткілікті жақсы көрсеткіштері бола тұра шығыстардың өсу қарқынына шектеу жоғары, яғни шығындарды көбейтуге болады, қолайсыз көрсеткіштер кезінде шығыстардың өсу қарқыны төмен.

Осылайша, жоғары экономикалық өсу кезінде шығыстарды тежеу және Ұлттық қор қаражатын пайдаланудың серпінді қарқынын ескере отырып, экономиканы ынталандыру, сұраныс пен жұмыспен қамтуды қолдау үшін экономикалық құлдырау кезеңдерінде экономикаға мемлекеттік қаражаттың құйылуы **бақыланбайды.**

33-ДИАГРАММА. Республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқынына шектеулерді есептеу негізінде бюджет саясатының контрциклді сипатының орындалуын ретроспективті талдау



Дереккөз: ҰСБ, IMF Real GDP growth (annual percent change), ЖАП-тың есептеулері

Сонымен қатар, шығыстардың өсуінің тиісті түсімдермен қамтамасыз етілуі алаңдаушылық туғызады, өйткені жоғарыда айтылғандай шығыстардың жартысы ғана *(шамамен 50%)* мұнайға қатысты емес кірістермен қамтамасыз етілген, ал барлық түсімдерді ескере отырып *(шикі мұнайға экспорттық кедендік баждан түсетін түсімдерді ескере отырып, кірістер, бюджеттік кредиттерді өтеу, бірақ әлі де Ұлттық қордан берілетін трансферттер мен қарыздарды қоспағанда),* шығыстардың қамтамасыз етілуі сәл жоғары *(2021 жылы – 50,1%, 2022 жылы – 57,5%, 2023 жылы – 61,5%).*

34-ДИАГРАММА. Республикалық бюджет түсімдерінің (Ұлттық қордан берілетін трансферттер мен қарыздарды қоспағанда) және шығыстарының өсу қарқыны

Дереккөз: Қаржымині

Түсімдердің серпінді өсу қарқыны орын алып, ол негізінен мұнай бағасының өзгеруі және біржолғы төлемдер есебінен қамтамасыз етілген:

- 2016 жылы түсімдердің өсуі негізінен біржолғы төлемдердің түсімдері есебінен қамтамасыз етілді *(соның ішінде 2011-2013 жылдарға салық есептілігінің қосымша нысандарын ұсынуға байланысты «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-дан анағұрлым ірі төлемдер, бейрезиденттерге дивидендтер төлеуге байланысты «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ-дан және т.б.)* [78].

- 2018 жылы мұнайдың орташа айлық бағасының өсуі *(бір баррелі үшін 54,4-тен 71,1 АҚШ долларына дейін)* және негізгі экспорттық позициялар *(феррохром бағасы 14,9%-ға, уран 11,3%-ға, алюминий 6,8%-ға, мыс 5,6%-ға өсті)*[79] есебінен;

- 2021 жылы негізінен 692 ірі салық төлеуші[80] бойынша аванстық төлемдер сомасын ұлғайту есебінен;

- 2022 жылы негізінен үшінші елдермен тауар айналымының өсуі *(мысалы, ҚХР-дан ҚР-ға тауарлар импортының көлемі 33,5%-ға немесе 2 758 млн АҚШ долларына ұлғайды),* темекіге, бензинге, дизель отынына акциздер мөлшерлемесінің, жер қойнауын пайдалануға[81] арналған алынған келісімшарттан біржолғы тіркелген төлемдердің ұлғаюы есебінен;

- 2023 жылы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-дан 1 трлн теңге мөлшерінде

[78] ҚР Парламенті Мәжілісінің 2017 жылғы 19 маусымдағы №19-VI ҚРҚ қаулысымен бекітілген ҚР Үкіметінің 2016 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі

[79] ҚР Парламенті Мәжілісінің 2019 жылғы 20 маусымдағы №36-VI ҚРҚ қаулысымен бекітілген ҚР Үкіметінің 2018 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі

[80] ҚР Парламенті Мәжілісінің 2022 жылғы 20 маусымдағы №9-VII ҚРҚ қаулысымен бекітілген ҚР Үкіметінің 2021 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі

[81] ҚР Парламенті Мәжілісінің 2023 жылғы 20 маусымдағы №3-VIII ҚРҚ қаулысымен бекітілген ҚР Үкіметінің 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы

қосымша дивидендтер есебінен. Бұл ретте салық түсімдері бойынша жоспар орындалмады *(жоспар 14,3 трлн теңге болғанымен, 12,9 трлн теңге сомасына салық түсті).*

Осылайша, шығыстардың өсуі мұнай бағасына және бір реттік интервенцияларға байланысты тиісті кірістермен қамтамасыз етілмейді. Мұндай жүйелі емес қысқа мерзімді тәсіл елдің бюджетпен қамтамасыз етілу тұрақтылығының тәуекелдерін арттырады және бюджет саясатының контрциклді қағидаларына қайшы келеді.

Бұл үрдіске Дүниежүзілік Банктің сарапшылары да «Ертеңгі күнді қалыптастыру: ұзақ мерзімді өркендеу үшін реформалар» атты Қазақстан экономикасы туралы баяндамасында назар аударып, Қазақстанның[82] **салық-бюджет саясатының процикліді үрдісін** атап өтті.

Осыған орай, бюджеттің орнықтылығы мен теңгерімділігін арттыру мақсатында **Ұлттық қордан нысаналы трансфертті пайдалануды шектейтін ковенанттарды көздеу, сондай-ақ инвестициялық шығыстарды қоса алғанда, дамытуға бағытталуы тиіс шығыстардың көлемін белгілеу** орынды деп санаймыз.

ЖАП-тың пікірінше, бұл шығыстардың өсуін бақылауға, бюджет тапшылығының кеңеюін тежеуге және сонымен бірге болашақта салық салынатын базаны құру және халықтың әл-ауқатын жақсарту түріндегі әлеуметтік міндеттерді шешу үшін шығыстарды әртараптандыруға мүмкіндік береді.

Бюджеттен тыс қорлар бойынша операциялар мен активтерді қамтитын тұтас көрініссіз толыққанды болжамдар мен салық-бюджет саясатының тиімділігіне тиісті талдау жүргізу мүмкін емес. Бұл экономиканы тұрақтандыру және ресурстар мен кірістерді тиімді қайта бөлу үшін қажет.

Сонымен қатар, бюджеттен тыс қорлар арқылы жинақталатын және қаржыландырылатын қомақты ресурстардың есептілігі **фрагментті және жеткілікті түрде ашық емес.**

Мәселен, Үкіметтің есебінде квазимемлекеттік сектор субъектілеріне РББӘ-ден *(жарғылық капиталды қалыптастыруға немесе толықтыруға)* бюджет қаражатының аударылғаны туралы ақпаратпен шектелген бюджет қаражатының жұмсалуының бірінші деңгейі ғана талданады. Бұл ретте осы қаражаттың қалай пайдаланылғаны, бұл қаражат квазимемлекеттік сектор субъектісінің және тұтастай экономиканың активтерінің, міндеттемелерінің ұлғаюына немесе азаюына қалай әсер еткені туралы **Үкімет есебінде талданбайды.**

Республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігі (*бұдан әрі – РБ ШҚҰ)* мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы кешенді ақпаратты толық

[82] Қазақстан экономикасы туралы «Ертеңгі күнді қалыптастыру: ұзақ мерзімді өркендеу үшін реформалар» баяндамасы. Қыс 2023-2024 жж.

көлемде көрсетпейді. Мәселен, ЖАП жүргізген аудиттерде атап өтілгендей, РБ ШҚЕ мемлекеттің қаржылық жай-күйі және оның республикалық деңгейдегі қызметінің нәтижелері туралы объективті түсінік бермейді, осыған байланысты ЖАП соңғы жылдары ескертумен пікір білдірді.

Сонымен қатар, Қаржыминінде мемлекеттік сектордың көлемі туралы көрініс алу үшін қолжетімді құралдар бар. Қаржы министрлігі ХВҚ[83] Келісімінің 5 «Ақпарат беру» бөлімі негізінде 1997 жылдан бастап халықаралық әдіснамаға сәйкес Мемлекеттік қаржы статистикасы бойынша есептілікті қалыптастырады.

Есептіліктің бұл түрі республикалық, жергілікті бюджеттер және бюджеттен тыс қорлар *(ұлттық қор, міндетті медициналық сақтандыру қоры және т.б.)* бойынша есепті кезеңдегі деректер мен жүргізілген операцияларды қамтиды, бұл салық-бюджет саясатын, әсіресе мемлекеттік басқару секторы қызметінің нәтижелерін талдау және бағалау үшін жарамды кешенді тұжырымдамалық негізді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

16-КЕСТЕ. Мемлекеттік басқару секторы бойынша пайда мен залал (кірістер, шығыстар, таза кредит беру/қарыз алу және қаржыландыру) туралы есеп (бұдан әрі - Есеп), млрд теңге

Атауы	2019	2020	2021
АКТИВТЕРДІҢ ТАЗА ҚҰНЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР			
Кірістер, оның ішінде:	13 267,2	11 956,3	14 998,7
Салықтар	10 479,4	8 749,4	11 567,1
Жарналар/ әлеуметтік қажеттілікке арналған аударымдар	369,4	824,1	732,1
Басқа да түсімдер	2 416,5	2 700,0	2 732,1
Шығыстар, оның ішінде:	11 962,9	14 361,1	15 944,2
Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу	1 995,1	2 581,9	3 120,6
Тауарлар мен қызметтерді пайдалану	3 882,5	4 366,9	4 289,1
Пайыздар	679,1	735,5	987,1
Субсидиялар	643,5	776,3	889,8
Әлеуметтік жәрдемақылар	4 541,8	5 846,1	6 398,3
Басқа да төлемдер	203,9	357,2	293,4
Жалпы операциялық сальдо (кірістер – шығыстар)	1 304,4	-2 404,8	-945,5
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР			
Қаржылық емес активтерге таза / жалпы инвестициялар	1 624,1	2 505,9	2 075,1
Жиынтық шығыстар (шығыстар + қаржылық емес активтерге таза / жалпы инвестициялар)	13 587,0	16 867,0	18 019,3
Таза кредит беру (+)/ таза қарыз алу (-)	-319,8	-4 910,7	-3 020,6
Бастапқы таза кредит беру / қарыз алу	359,3	-4 175,2	-2 033,4

[83] «Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне, Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкіне мүшелігі туралы» 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 264-II ҚР Заңының 1-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы ХВҚ келісімдерінің баптарына қатысушы мемлекет болып табылады.

Атауы	2019	2020	2021
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР			
Таза қаржы активтерін сатып алу	718,0	-1 938,9	-881,2
Таза міндеттемелерді қабылдау	1 037,9	2 971,8	2 139,5

Дереккөз: ХВҚ[84]
2022 жылғы деректер орналастырылмаған

Институционалдық қамту республикалық және жергілікті бюджеттер, Ұлттық қор және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры бойынша деректермен ұсынылған.

Мемлекеттік басқару секторы бойынша деректерді қарастыра отырып, **тауарлар мен қызметтерді пайдалану** ретінде жіктелетін елеулі шығыстарға назар аударылды *(2021 жылы 4 289,1 млрд теңге немесе 27%).*

Шығыстардың бюджеттік сыныптамасының ұлттық әдіснамасының ашық болмау салдары факторлардың бірі болып табылады. Мысалы, «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі тұрғысынан шығыстардың экономикалық мәнін анықтау қиын, өйткені онда барлық шығыстардың 6%-ы шоғырланған *(салыстыру үшін күрделі шығындар барлық шығыстардың 10,8%-ын құрайды).*

Түсіндірме ғимараттарды күтіп-ұстау және қызмет көрсету қызметтерінен бастап жоғары білім беру ақысын төлеу бойынша білім беру грантын ұсынуға дейінгі қызметтердің кең спектрін қамтиды (*ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды, көлік және басқа да негізгі құралдарды күтіп-ұстау жөніндегі қызметтер; республикалық немесе коммуналдық меншіктегі ғимараттарды, үй-жайларды, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін ағымдағы жөндеу, сондай-ақ жабдықтарды, көлік және басқа да негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу; тауарларды, материалдарды сатып алу; үй-жайларды, ғимараттарды жалға алу үшін төлемақы; бағалаушылардың қызметтеріне ақы төлеу; жоғары білімге ақы төлеу жөніндегі білім беру гранты, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті–Елбасының «Өркен» білім беру гранты; жеке тұлғалар көрсеткен қызметтер мен жұмыстар үшін оларға ақы төлеуге жататын сомалардан ҚР заңнамасында көзделген ұстап қалуларды аудару)*[85].

17-КЕСТЕ. Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеуге арналған шығыстардың серпіні, млрд теңге

Атауы	2019	2020	2021	2022	2023
Қызметтер мен жұмыстарды сатып алу	**1 020,3**	**1 055,7**	**1 141,9**	**1 299,7**	**1 571,3**
оның ішінде: өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу	897,3	925,3	1 001,3	1 136,8	1 342,5
%-бен	*87,9*	*87,7*	*87,7*	*87,5*	*85,4*

Дереккөз: Қаржымині

[84] data.imf.org/regular.aspx?key=60991462
[85] «ҚР бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы» ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығы

Осыған байланысты, шығыстардың бюджеттік сыныптамасын жетілдіру мақсатында **шығыстардың ерекшеліктерін экономикалық мәнге сәйкес жіктей отырып, нақтырақ көрсетуді** орынды деп санаймыз.

Сонымен қатар, Есептен көріп отырғанымыздай, мемлекеттік басқарудың бүкіл секторы бойынша **қаржылық емес активтерге төмен салымдар** байқалады, бұл тауарлар мен қызметтерді өндіруде немесе меншіктен түсетін кірістер мен холдингтік пайда түрінде[86] табыс табуды қамтамасыз ететін құнды сақтау құралдары *(бұл негізгі құралдар, қорлар, материалдық айналым қаражаттары, құндылықтар, жер, минералдық және энергетикалық ресурстар, басқа да табиғи активтер және материалдық емес өндірілмеген активтер)*. Басқаша айтқанда, ағымдағы іс-шараларды қаржыландыру *(тауарлар мен қызметтерді пайдалану)* басым жүзеге асырылады.

Ағымдағы іс-шараларды қаржыландыруға назар аударумен қатар, қарыз алудың қаржы құралдарынан *(мысалы, бюджеттік кредит беру)* басым болуы, сондай-ақ міндеттемелердің ұлғаюы *(міндеттемелерді таза қабылдау плюс белгісімен қалыптасты)* байқалады.

Бұл ретте еліміздің негізгі инфрақұрылымдық жобалары бюджеттен тыс қорлар немесе квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы *(«Жаңаөзен қаласында жаңа МӨЗ салу» қарыз қаражаты есебінен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ арқылы, «Қазақстанда Changan, Chery, Haval жеңіл автомобильдерін өндіру бойынша мультибрендтік зауыт салу» және «Astana Motors Manufacturing Kazakhstan» ЖШС-ның өтінімі бойынша қаржыландырудың басқа да шарттарын бекіту» республикалық бюджет және қарыз қаражаты есебінен «Өнеркәсіптi дамыту қоры» АҚ арқылы және т.б.)* іске асырылуда. Сондықтан, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің есептік деректерін Үкіметтің жылдық есептілігіне интеграциялау экономиканың нақты көрінісін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, институционалдық қамтуды ұлғайту, деректерді уақтылы жариялау бюджет саясатын неғұрлым икемді әрі тиімдірек қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, салық-бюджет саясатын қалыптастыру және бағалау жөніндегі шешімдерді сындарлы қабылдау мақсатында мемлекеттік басқару секторының бірліктерімен институционалдық қамтуды *(проблемалық кредиттер қорларын, жәбірленушілерге өтемақыны және т.б. қоса алғанда)* кеңейтуді орынды деп санаймыз.

Сондай-ақ Үкіметтің тиісті жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы **жылдық есебіне қосу** арқылы мемлекеттік қаржы статистикасы бойынша есептіліктің ашықтығын да қамтамасыз ету қажет.

[86] ХВҚ мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі басшылығы, 2014 жыл

2.3. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШТЫ БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТА БАҒАЛАУ

Соңғы 10 жылда ЖІӨ-ге қатысты тапшылық қозғалысының траекториясы соңғы 4 жылда оң төмендеу үрдісімен 3%, мұнайға қатысты емес тапшылық – 10% шегінде ауытқиды. Көрнекі түрде бұл Мемлекеттік қаржыны басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында белгіленген жалпы саясатпен салыстырылады, мұнда нысаналы бағдар бюджет тапшылығын 2030 жылы ЖІӨ-ге шаққанда 2%-дан аспайтын деңгейге дейін, мұнайға қатысты емес тапшылықты – 5%-дан аспайтын деңгейге дейін төмендету белгіленген.

Сонымен қатар, бұған дейін Жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасында бюджет тапшылығын 2018 жылдан бастап ЖІӨ-ге шаққанда 1%-ға дейін төмендету көзделгенін атап өткен жөн. Тұжырымдама параметрлерінің өзгеру хронологиясы шекті мәндерді сәйкестіктің ыңғайлы шеңберіне дейін ұлғайту саясатын, сондай-ақ тапшылықты төмендетуден тапшылықты белгіленген дәлізде ұстап тұруға басымдық берілгенін айғақтайды.

35-ДИАГРАММА. Республикалық бюджет тапшылығы мен мұнайға қатысты емес тапшылықтың серпіні

Дереккөз: Қаржымині

2023 жылдың қорытындысы бойынша республикалық бюджет тапшылығы 3 120,9 млрд теңге мөлшерінде қалыптасты, бұл бекітілген жоспардан 87,7 млрд теңгеге төмен, сонымен қатар 2022 жылдың қорытындысы бойынша қалыптасқан *(2 390,8 млрд теңге)* тапшылық деңгейінен 31%-ға жоғары.

ЖІӨ-ге шаққанда 2,6%-ды құрай отырып *(жоспар бойынша ЖІӨ-ге шаққанда 2,7%),* бюджет тапшылығының ЖІӨ-ге арақатынасы түріндегі шектеу бұзылмады.

Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы ковенанттары номиналды түрде сақталып, ЖІӨ-ге шаққанда 7,3%-ды немесе 8 764 млрд теңгені *(жоспар – 8 969,9 млрд теңге)* құрады, алайда бастапқы бекітілген деректермен *(ЖІӨ-ге шаққанда 6,8% немесе 8 161,3 млрд теңге)* салыстырғанда едәуір ұлғайтылған.

18-КЕСТЕ. Тапшылық мөлшері бойынша қабылданған шешімдердің және республикалық бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығының салыстырмалы кестесі, млрд теңге

Атауы	2023-2027 жылдарға арналған ӘЭДБ			2023-2025 жылдарға арналған РБ туралы ҚРЗ			Іс жүзінде
	1-кезең	2-кезең	Ауытқу	бекітілген	нақтыланған	ауытқу	
Тапшылық	3 115,0	3 200,0▲		3 200,0	3 208,6▲	+8,6	3 120,9▼
ЖІӨ-ге шаққанда пайызбен	*3,0%*	*2,7%▼*	*-0,3*	*2,7%*	*2,7%◄*	-	*2,6%▼*
Мұнайға қатысты емес тапшылық	7 337,9	8 161,3▲		8 161,3	8 969,9▲	+808,6	8 764,0▼
ЖІӨ-ге шаққанда пайызбен	*7,1%*	*6,8%▼*	*-0,3*	*6,8%*	*7,4%▲*	*+0,6*	*7,3%◄*

Дереккөз: ҰЭМ, «Әділет» АҚЖ

ЖІӨ-ге қатысты бюджет тапшылығының жалпы **шектеулері оңай орындалатынын** айта кеткен жөн.

Мәселен, шектеу ковенантын орындауға **болашақ кезеңдердің түсімдерін (кірістерін) пайдалану** арқылы қол жеткізілді. Есепті жылдың соңғы айларында болашақ кезеңдердің төлемдері есебіне (есебінен) салық төлемдерін аванстаудың қалыптасқан тәжірибесі, сондай-ақ есепті кезеңнің соңында ҚҚС өтеуді тоқтата тұру кірістерді ұлғайтуға және бюджет тапшылығының едәуір кеңеюіне жол бермеуге мүмкіндік берді. Алайда, бұл операцияны қолдану келесі жылдың бірінші тоқсанында қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражаттың жеткілікті болу тәуекелдерін арттырады.

Бұдан басқа, 2023 жылғы қараша-желтоқсанда Ұлттық қор есебінен сомасы 1 трлн теңгеге «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ *(бұдан әрі – ҚМГ)* акцияларын сатып алу бойынша операция жүргізілді, бұл республикалық бюджетке дивидендтер төлеу түріндегі түсімдерді ұлғайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бекітілген ковенанттар шегінде тапшылықты ұстап тұруға мүмкіндік жасады.

Шектеулерді қарапайым сақтаудың тағы бір факторы **Республикалық бюджет туралы заңда бұрын бекітілген параметрлерге өзгерістер енгізу** болып табылады. Жоғары аудиторлық палата дәлізді кеңейту есебінен мұнайға қатысты емес тапшылық бойынша шектеудің формальды сақталуын екінші жыл қатарынан атап өтіп отыр. 2023 жылы бұл шектеу ЖІӨ-ге шаққанда 6,8%-дан 7,4%-ға дейін өзгертілді. 2023 жылдың қорытынысы бойынша ЖІӨ-ге шаққанда 7,3%-ды құрады *(2022 жылы мұнайға қатысты емес тапшылық бойынша дәліз бастапқыда бекітілгеннен ЖІӨ-ге шаққанда 8,1%-дан 10,2%-ға дейін кеңейтілді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 8,3%-ды құрады).*

Осылайша, есепті жылдың соңғы айларында салық төлемдерін аванстау, Ұлттық қор қаражатын жанама пайдалану *(ҚМГ акцияларын сатып алу)* бюджет теңгерімсіздігінің өсу тәуекелдеріне және бекітілген нысаналы параметрлердің кеңеюіне әкеледі *(бюджет тапшылығы ЖІӨ-ге шаққанда 2%-дан аспайды, мұнайға қатысты емес тапшылық ЖІӨ-ге шаққанда 5%-дан аспайды).*

Бюджет тапшылығын қаржыландыру әдеттегідей қарыздар мен бюджет қаражатының қалдықтары есебінен жүзеге асырылады.

36-ДИАГРАММА. Бюджет тапшылығын қаржыландыру көздері, млрд теңге



Дереккөз: Қаржымині

Үкімет валюталық тәуекелдерді төмендету мақсатында соңғы жылдары бюджет тапшылығын қаржыландыруды негізінен **ішкі көздер** есебінен жүзеге асырып отыр, 2023 жылы – бұл 95% *(2022 жылы – 96,8%).*

19-КЕСТЕ. Қарыздардың түсімдері есебінен бюджет тапшылығын қаржыландыру, млн теңге

Атауы	Бекітілген бюджет	Нақтыланған бюджет	Түзетілген бюджет	Нақты атқарылуы
ҚАРЫЗДАРДЫҢ ТҮСІМДЕРІ	**5 751,8**	**5 476,7**	**5 476,7**	**5 348,2**
Ішкі мемлекеттік қарыздар *(мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар)*	**3 959,8**	**3 741,3**	**5 198,3**	**5 096,3**
Мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелер	1 361,8	1 741,3	3 717,0	3 615,5
Мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер	700,0	1 100,0	806,1	806,1
Мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелер	398,0	500,0	547,5	547,5
Өзге де мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	1 500,0	400,0	127,7	127,1
Сыртқы мемлекеттік қарыздар	**1 792,0**	**1 735,4**	**278,4**	**251,9**
Халықаралық қаржы ұйымдарыннан алынған кредиттер	808,1	986,6	234,6	229,9

Атауы	Бекітілген бюджет	Нақтыланған бюджет	Түзетілген бюджет	Нақты атқарылуы
Шет мемлекеттерден алынған кредиттер	43,9	43,9	43,9	22,0
Сыртқы капитал нарықтарында орналастырылған мемлекеттік борыштық міндеттемелер	940,0	705,0	0,0	0,0

Дереккөз: Қаржымині

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша **Үкіметтің борышы** 24 915 млрд теңгені *(54 811 млн АҚШ доллары)*, оның құрылымында ішкі борыш 72%-ды, сыртқы борыш 28%-ды құрады. Үкімет борышының ЖІӨ-ге арақатынасы 21%-ды құрады *(Мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасында 2030 жылға қарай үкіметтік борышты ЖІӨ-ге шаққанда 27,5%-дан аспайтын деңгейде ұстап тұру белгіленді).*

Аудитпен атап өтілгендей, ковенанттарды есептеудің әдіснамалық негізі әлсіз және салмақталған борыштық саясатты қалыптастыру үшін олардың тиімділігі белгіленбеген. Номиналды шамаларға *(номиналды ЖІӨ, инфляция қарқыны)* байланыстырылған түрдегі шектеулердің пайдаланылатын моделі шекті мәннің пропорционалды өсуіне және мемлекеттің әлеуетті кредиттік жүктемесінің кеңеюіне *(ковенантты «қалтқылар»)* әкеп соғады.

Ал жақсы жобаланған ковенанттар мемлекеттік борышты басқару және қаржы жүйесінде тұрақтылықты сақтау үшін сенімді зәкір бола алады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, борыштың ЖІӨ-ге төмен қатынасына ғана сүйену жеткіліксіз, оны ұстап тұру үшін стратегиялық бағытты ұстану Үкіметтің бюджеттік ұстанымын экономикалық күйзелістерден қорғау үшін жеткіліксіз болуы мүмкін.

37-ДИАГРАММА. Үкіметтік борыштың өсу серпіні, трлн теңге



Дереккөз: Қаржымині

Үкіметтің сыртқы борышы 2022 жылғы деректермен салыстырғанда төмендеп, 7 080,7 млрд теңгені *(15 577 млн АҚШ долларын)* құрады. Үкіметтің негізгі кредиторлары 10 халықаралық қаржы ұйымы болып табылады.

Үкімет 2023 жылы 7 жобаның іске асырылуын жалғастырды.

20-КЕСТЕ. 2023 жылы сыртқы қарыздар есебінен іске асырылатын жобалар туралы ақпарат, млн АҚШ доллары

№	ББӘ /Қарыз беруші / қарыздың атауы	Қарызға қол қойылған, ратификацияланған, жабылған және ұзартылған күн	Қарыздың қол қойылған сомасы	Қарыздың жойылған сомасы	Игерілген сома	Төлемдер
1	ББӘ - КМ *Қарыз беруші* - ХҚДБ Оңтүстік - Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі (ОАӨЭЫ 1b және 6b)	13.06.2009 10.07.2009 31.12.2013 31.12.2024 ж. дейін ұзартылды	2 125 млн АҚШ долл.	-	1 988,8	1 187,9
2	ББӘ - КМ *Қарыз беруші* - ХҚДБ Шығыс-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы (Алматы-Қорғас учаскесі): Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық транзиттік дәлізі (ОАӨЭЫ 1b)	10.10.2012 23.05.2013 30.06.2017, 31.12.2025 ж. дейін ұзартылды	1 068 млн АҚШ долл.	-	844,8	419,4
3	ББӘ - КМ *Қарыз беруші* - АДБ ОАӨЭЫ-ның 1 және 6 дәліздерін жалғайтын «Ақтөбе-Мақат» автожолын реконструкциялау жобасы	07.12.2016 13.06.2017 30.06.2021, 31.12.2023 ж. дейін ұзартылды	240,3 млн АҚШ долл.	20,2	213,6	43,9
4	ББӘ – СРИМ *Қарыз беруші* - ХҚДБ Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасының екінші кезеңі	29.04.2014 26.12.2014 31.12.2021, 30.06.2025 ж. дейін ұзартылды	102,9 млн АҚШ долл.	-	70,2	20,2
5	ББӘ - ЦДИАӨМ *Қарыз беруші* - ХҚДБ Өнімді инновацияларды ынталандыру жобасы	09.06.2015 02.02.2016 31.12.2020, 30.10.2024 ж. дейін ұзартылды	88 млн АҚШ долл.	24,0	52,8	9,7
6	ББӘ – ҒЖБМ *Қарыз беруші* - ХҚДБ Орта білім беруді жаңғырту	21.08.2017 13.06.2018 31.12.2022, 30.06.2024 ж. дейін ұзартылды	67 млн АҚШ долл.	49,47	8,4	1,5
7	ББӘ - Қаржымині *Қарыз беруші* - ҚХР ЭИБ Шекарадағы өткізу пункттерін жаңғырту және техникалық толық жарақтандыру	11.09.2019 - 24.10.2024 -	289,3 млн қытай юаны	-	176,8	8,5
	БАРЛЫҒЫ:				**3 355,2**	**1 691,2**

Дереккөз: Қаржымині

Бұл ретте, Жоғары аудиторлық палатаның ұсынымдарына қарамастан, Үкіметтің есебінде тартылған қарыздар нәтижесінде қол жеткізілген әсер бойынша ақпарат ашып көрсетілмеген; ЖАО мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық міндеттемелері бойынша ақпарат жоқ; борышты басқаруға, шығыстар мен төлемдердің пайыздық мөлшерлемелер мен айырбас бағамына сезімталдығына, ұзақ мерзімді перспективада негізгі борыш пен пайыздарды төлеу бойынша уақыт аралығына талдау жүргізілмеген. Ақпарат қол жеткізбеудің себептерін *(жұмыс кестесінен артта қалу, актілерді ұсынбау және т.б.)* көрсете отырып, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу/ қол жеткізбеу туралы мәлімдememен жекелеген мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламалары бөлінісінде ұсынылған.

Мемлекеттік бағалы қағаздарды *(бұдан әрі – МБҚ)* шығару есебінен қалыптасқан **Үкіметтің ішкі борышы** 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 17 834 млрд теңгені *(39 234 млн АҚШ долларын)* құрап, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 25%-ға өскен.

МБҚ-ның негізгі ұстаушылары – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, екінші деңгейдегі банктер, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры, Міндетті медициналық сақтандыру қоры және басқалар.

МБҚ шығару арқылы ішкі қарыз алу мүмкіндіктерін одан әрі кеңейту қор нарығының шектеулі еркін өтімділігімен тежеліп отыр, бұл сыртқы қарыз алуды толығымен алмастыра отырып, бюджетке борыштық жүктемені жеңілдету үшін оның әлеуетін пайдалануға мүмкіндік бермейді.

МБҚ шығару сыйақымен және Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесін *(16%)* ескере отырып жүзеге асырылады, оның өсуі қабылданған міндеттемелерге қызмет көрсетуге арналған республикалық бюджет шығыстарының ұлғаюына негіз болатынын айта кеткен жөн.

Нәтижесінде, ЕДБ МБҚ-дан сыйақылар бойынша жоғары табыс ала отырып *(Салық кодексінің 288-бабы 2-тармағы МБҚ-дан алынатын сыйақылар бойынша салықтарды төлеуден босатылған),* экономиканың нақты секторын кредиттеуге қызықпайды.

Жоғары аудиторлық палата жүргізген аудиттің қорытындысы бойынша, МБҚ нарығы қысқа мерзімді перспективада бюджет тапшылығын жабу үшін жедел шара ретінде қабылданады, осы құралдың дамуын жеделдетуге талап қойылмайды, қаржы нарығының өтімділігін қолдаусыз және елдің экономикалық белсенділігін реттеусіз жылдам ақша рөлін атқарады.

Өз кезегінде, Үкіметтің ішкі борышының ұлғаюы МБҚ ұстаушылар тарапынан талаптардың өсуіне әкелетіні заңдылық.

Мәселен, Ұлттық Банктің[87] деректері бойынша соңғы 5 жылда тек депозиттік емес қаржы ұйымдарының Үкіметке қойған таза талаптары *(ипотекалық ұйымдардың, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының шоттары, зейнетақы*

[87] ҰБ-ның статистикалық бюллетені №12 (349) 2023, желтоқсан

және ЗЖҚ-ның меншікті активтері енгізіледі) 3 есеге жуық өскен *(2018 жылғы 3 987,2 млрд теңгеден 2023 жылы 9 029,6 млрд теңгеге дейін)*. Борышты басқарудың тиімді жүйесінсіз кейінге қалдырылған борыштық міндеттемелер болашақта салық-бюджет жүйесінің тұрақтылығына айтарлықтай қауіп төндіреді.

Жалпы алғанда, 2023 жылы **қарыздарды өтеуге және оларға қызмет көрсетуге** 4 257,8 млрд теңге бағытталды, бұл бюджеттің барлық кірістерінің 28%-ын *(Ұлттық қордан берілетін трансферттерді есепке алмағанда)* немесе шығыстардың 19%-ын құрады.

Алайда, Мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасын қабылдай отырып, үкіметтік борышқа қызмет көрсету және оны өтеу шығындарының мөлшерін басқарудың әдіснамалық тәсілдерінің өзгеруі 2030 жылға қарай республикалық бюджет шығыстарының 10%-нан аспауға тиіс үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығыстарды *(негізгі борышты өтеуді есепке алмағанда)* есепке қалдырып, қолайлы көрініс қалыптастыруға мүмкіндік берді. Осы тәсіл бойынша ковенант күтілгендей сақталған - 2023 жылдың қорытындысы бойынша үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығыстар бюджет шығыстарының 8,1%-ын құрады.

Нәтижесінде, ковенанттың 10%-ға дейін формальды түрде әлсіреуі ақшалай түрде қызмет көрсету шығындарының өсу шегін екі есе дерлік арттыруға, сондай-ақ бюджет кірістерімен байланысты болдырмауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, Үкімет ұзақ мерзімді перспективаға макроэкономикалық және бюджеттік параметрлермен өзара байланыста борышты өтеу және оған қызмет көрсету бойынша борыштық жүктемені бағалауды жүргізген жоқ.

Осылайша, көзделген ковенанттар мен шектеулер *(ЖІӨ-ге, бюджет шығыстарына қызмет көрсету шығыстарының арақатынасы)* мемлекеттік қаржының осалдығын бағалау және олардың ықтимал күйзелістерге қарсы орнықтылығы шегін анықтау үшін жеткіліксіз, бұл алдын ала басқару шешімдерін қабылдауға кедергі келтіреді.

ЖАП жүйелі кемшіліктерді жою мақсатында **мыналарды ұсынды**:

1) тапшылықсыз бюджетті қалыптастыруға кедергі келтіретін мүмкіндіктер мен тәуекелдерге талдау жүргізу;

2) борыштық орнықтылықтың ағымдағы жай-күйін сапалы бағалауды қамтамасыз етуге қабілетті оның базалық көрсеткіштерінің тізбесін *(мемлекеттік борыштың ЖІӨ-ге арақатынасымен тең, борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстардың республикалық бюджет кірістеріне арақатынасы және басқалар)* кеңейту;

3) Бюджет кодексінде Парламентке борыш бойынша есептілікті ұсына отырып, борышты басқарудың мәлімделген мақсаттарымен салыстырғанда тәуекелдер мен нәтижелерді, мемлекеттік борыш қаражатын пайдаланудан макроэкономикалық/құрылымдық әсерді бағалай отырып, осындай мемлекеттік борыштың жай-күйі туралы ақпаратты ашу талап етілетін құжатты әзірлеу қажеттілігі туралы талапты регламенттеу.

2.4. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА БӨЛІНГЕН БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

2023 жылы мемлекеттік басқару органдарын қайта ұйымдастыру[88] шеңберінде жаңа министрліктер *(су ресурстары және ирригация министрлігі, көлік министрлігі, ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, туризм және спорт министрлігі)* құрылды, нәтижесінде 2023 жылы республикалық бюджеттің атқарылуын 41 РББӘ[89] жүзеге асырды.

Жоғары аудиторлық палата 38 РББӘ-нің бюджетті атқаруына бағалау жүргізді, соның ішінде:

елдің дамуына тікелей әсер ететін салалық саясатты іске асыратын 21 РББӘ бойынша;

мемлекеттік басқару органдарына жатқызылған 17 РББӘ бойынша бекітілген параметрлерге сәйкестікке талдау жүргізілді.

Республикалық бюджеттің атқарылуы *(қарыздарды есептемегенде)* 2023 жылы 99,5% *(немесе 22 417,4 млрд теңге)* құрады, негізгі үлесті ағымдағы шығыстар – 85% құрайды, дамытуға бағытталған шығыстар небәрі – 15%.

38-ДИАГРАММА. Шығыстар құрылымы

Дереккөз: Қаржымині (шығыстардың экономикалық жіктелуі)

[88] «ҚР-дың мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы

[89] Соның ішінде ҚР Президентінің 2023 жылғы 14 тамыздағы № 303 қбпү Жарлығымен таратылған ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңсесі

Даму жоспарларының орындалуына мониторинг жүргізудің негізгі факторы қаржыландыру көлемін игеру және жоспарлардың іске асырылуын сан жағынан бағалау болып қала береді. Бірақ мұнда да **бюджет шығыстарының әрбір теңгесін нәтижелер көрсеткіштерінің мәніне байланыстыру** бөлігінде Бюджет кодексінің талабы сақталмаған.

2023 жылы 177 макроиндикатордың 69-на қол жеткізілді, 22-не қол жеткізілмеді *(соның ішінде 1 ішінара),* 86 макроиндикатор орындалуда. Индикаторлардың бюджет қаражатымен корреляциясына талдау жүргізіліп, олардың бір-бірімен өзара байланысы нашар екенін және Даму жоспарларының құрамында формальды түрде бекітілгенін көрсетті.

Макроиндикаторлардың жартысына жуығын *(49%)* деректердің болмауына байланысты бағалау мүмкін емес, өйткені олар есепті кезеңнен кейін қалыптасатын статистикалық мәліметтерге сүйенеді.

Нәтижелер көрсеткіштері **бойынша** *(тікелей және түпкілікті)* **бюджет қаражатымен өзара байланыстың нашар екені байқалады:**

1) бюджет қаражатын толық игеру және тікелей нәтижелерге қол жеткізбеу жағдайлары орын алған және керісінше *(мысалы, денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға бөлінген қаражат жергілікті деңгейде 89,8%-ға игерілді, ал тікелей нәтиже көрсеткіштері 2 есе асыра орындалды (ДСМ 053.128 ББ));*

2) қаржыландыру көлемі өзгермеген жағдайда есепті жыл ішінде **нәтижелер көрсеткіштеріне елеулі түзету енгізілгені** байқалады *(мысалы, «Қосылу жылдамдығы **8 Мбит/с-тан асатын** ТОБЖ технологиясы бойынша Интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметтерімен қамтамасыз етілген АЕМ-дегі абоненттер саны» көрсеткіші **75 есеге төмендетілген**, ал «Қосылу жылдамдығы **2 Мбит/с-тан 8 Мбит/с-қа дейін** Интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметтерімен қамтамасыз етілген АЕМ-дегі абоненттер саны» көрсеткіші **2,3 есеге** ұлғайтылған. Бұл ретте бұл көрсеткіштің сапалық құрамдас бөлігіне әсер етті (ЦДИАӨМ 003.105 ББ));*

3) **бөлінген бюджет қаражатының бюджеттік бағдарламада көзделмеген мақсаттарға пайдаланылғаны** тіркелді *(мысалы, тапсырылған өнім үшін шығындарды ішінара өтеу қант қызылшасының орнына майлы дақылдар – мақсары (АШМ 255.114 ББ) тапсырылған көлемі есебінен субсидияланды)*.

Консалтингтік қызметтерге келер болсақ, консалтингтік қызметтер көрсететін ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметі ашық емес, олардың жұмыс қорытындылары мен нәтижелері ресми сайттарда жарияланбайды. Зерттеу тақырыптарының қайталанатыны байқалады.

Имидждік іс-шараларды бюджет қаражаты есебінен өткізу практикасы жалғасты. Мәселен, «Qazakhstan Project Management Awards» жобалық басқару бойынша ұлттық конкурс *(бұдан әрі – Конкурс) (ЦДИАӨМ 004 ББ)* өткізуге 42,8 млн теңге игерілді. Бұл ретте, бөлінген ақшаға Конкурс өткізу үшін ассессорлардың, PR-сүйемелдеу жөніндегі қызметкерлердің, халықаралық және ұлттық консультанттардың бірлесіп ұйымдастырушыларының саны он есе аз тартылды,

бұл шығыстар көлемін жоспарлаудың дұрыстығына күмән келтіреді *(тікелей нәтиже көрсеткіштері: 160 асессердің орнына 26 асессер тартылды; Конкурсты PR – сүйемелдеу бойынша – 5 қызметкердің орнына 2; Жобалық басқару жөніндегі форумды ұйымдастыру және өткізу бойынша – 8 бірлесіп ұйымдастырушының орнына 7; мемлекеттік органдарда жобалық жетілуді бағалауды өткізуге – 139 халықаралық және ұлттық консультанттың орнына 52 тартылды)*.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде елеулі **кемшіліктер анықталды**:

- жобалау кезінде алдын ала сапалы талдау жүргізу жеткіліксіз *(мысалы, Ақмола облысының Есіл өзенінде Есіл контрреттегішін салу бойынша ЖСҚ әзірлеу 2020 жылдан бері жүргізілуде, 601,6 млн теңге игерілді. Алайда, жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың болмауына, ЖСҚ құнының жобаның ТЭН-нен асып кетуіне, автомобиль жолын ауыстыруға техникалық шарттардың болмауына байланысты ЖСҚ әзірленбеген);*

- ұзақ уақыт салынып жатқан құрылыс жобаларының мәселелері уақтылы шешілмейді *(мысалы, 2014 жылдан бастап Пресновский топтық су құбырын реконструкциялау жүргізілуде);*

- ведомствоаралық өзара іс-қимылдың әлсіз болуы *(Түркістан облысы Ленгер қаласының Алатау шағын ауданында автомобиль жолын салуға және инженерлік желілерді жүргізуге қаражат бір мезгілде бөлінді).*

ЖАП 98 бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламалар шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделген шығыстардан бағаланған **экономикалық әсердің** толықтығы, өлшемділігі және нақтылығы тұрғысынан талдау жасады.

Нәтижесінде, бекітілген 20 бюджеттік бағдарламада/кіші бағдарламада *(мысалы, СРИМ «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру» бағдарламасы бойынша)* тұжырымдалған экономикалық әсердің жоқтығы атап өтілді. Үкіметтің бекітілген бағдарламалары мен есебіндегі экономикалық әсерлер базалық өлшемшарттарды – жобаны іске асырудан немесе субсидиялаудан, бюджетке салықтар түріндегі түсімдерден алушылар санын көрсетпей жалпыланған, бұлыңғыр түрде ұсынылған. *Мысалы, «Атырау қаласында «Тухлая балка» сарқынды сулардың буландырғыш тоғанын тазарту» жобасы бойынша алынған экономикалық әсер түрінде «іс-шаралар қоршаған ортаға кейінгі жағымсыз әсерлердің алдын алуға мүмкіндік береді. Сарқынды сулардың буландырғыш тоғанын тазарту буландырғышқа іргелес елді мекендердегі атмосфералық ауаның сапасын жақсартады» деп көрсетілген (ЭТРМ)*.

БИЖ-ді іске асыратын ОМО-ның нашар басқаруы, ОМО мен ЖАО және олардың бөлімшелері арасындағы іс-қимылдардың үйлестірілмеуі бюджет қаражатын сапасыз жоспарлау мен пайдалану тәуекелдеріне әкеледі.

Осылайша, бюджеттік бағдарламалардың берілген параметрлерінің формальды түрде орындалуы *(нәтижелер көрсеткіштері, бюджет қаражатын игеру)* сақталып отыр. Бұл ретте Үкіметтің есебі бекітілген параметрлермен өзара байланысты талдаусыз, РББӘ өткізген іс-шараларының саланың әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне тигізетін әсерін жан-жақты талдаусыз нақты орындауды

мәлімдеумен шектеледі.

Нәтижесінде ЖАП-тың бағалауы бойынша ***бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау, пайдалану және бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару*** **537 млрд теңгені** құрады *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және ҚСС ҚБШ-дағы қаражат қалдықтарын есепке алмағанда),* соның ішінде:

- тиімсіз жоспарлау – 58,1 млрд теңге *(мысалы, ӨҚМ көлеңкелі нарық факторын ескермеген, ол жалпы жалға берілетін тұрғын үй нарығының шамамен 60-70% алады. Бұл ретте тұрғын үйді жалға алуға субсидия алушылардың саны 69 267 бірліктен 3 963 бірлікке дейін азайтылды, бұл 40 млрд теңге сомасында тиімсіз жоспарлауға әкелді);*

- тиімсіз пайдалану – 384,2 млрд теңге *(мысалы, ОАМ шығыстары шеңберінде 306,1 млрд теңге іс жүзінде игерілмеген және «Самұрық-Қазына Constuction» АҚ ҚБШ-да жатыр);*

- бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару – 94,7 млрд теңге *(мысалы, ТЖМ бойынша айтар болсақ, 26,6 млрд теңге мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілмеген конкурстар, ұзаққа созылған құрылыс объектілері бойынша қаржыландырудың қысқаруы себебінен).*

Әрі қарай, РББӘ бөлінісінде егжей-тегжейлі талдау ұсынылады.

Оқу-ағарту министрлігі

Оқу ағарту министрлігінің *(бұдан әрі – Министрлік, ОАМ)* бастапқыда бекітілген жоспары 2023 жыл ішінде **4 рет** түзетілді (нақтыланды), нәтижесінде **12%-ға** немесе 80,7 млрд теңгеге **ұлғайтылып**, 765,7 млрд теңгені құрады.

Жыл қорытындысы бойынша атқарылу **100%-ды** құрады, өнім берушілердің тауарларды уақтылы жеткізбеуіне байланысты 0,145 млрд теңге атқарылмай қалған.

2023 жылы 17 макро- және нысаналы индикатордың 13-іне *(76%)* қол жеткізілген, 3 макроиндикаторға *(18%)* және 1 нысаналы индикаторға *(6%)* қол жеткізілмеген. Сонымен қатар, сауалнама[90] жолымен анықталған мектепке дейінгі/орта білім беру сапасына халықтың қанағаттану деңгейіне соңғы екі жылда қол жеткізілмеген *(2022 жыл: жоспар – 71,3%, іс жүзінде – 64,1%; 2023 жыл: жоспар – 74,2%, іс жүзінде – 65,4%),* бұл балаларды мектепке дейінгі және мектеп білімімен қамтамасыз етудегі проблемаларға байланысты болуы мүмкін.

21-КЕСТЕ. Қол жеткізілмеген макро- және нысаналы индикаторлар

Макро және нысаналы индикатордың атауы	Жоспар	Іс жүзінде
Макроиндикаторлар:		
PISA тестінің нәтижелері бойынша мектептегі білім сапасын бағалау, *балдар*	PISA-2022 (балдар): математика – 430; жаратылыстану – 402;	PISA-2022 (балдар): математика – **425;** жаратылыстану – 423;

[90] Әлеуметтанушылық сауалнама ҚР Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына сәйкес ЖАП іске асыратын мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі шеңберінде жүргізіледі

Макро және нысаналы индикатордың атауы	Жоспар	Іс жүзінде
	оқу – 392	оқу – **386**
Халықтың мектепке дейінгі/орта білім беру сапасына қанағаттану деңгейі, %	74,2	**65,4**
Кәсіптік-техникалық білім беру сапасы, %	82	-
Бюджеттік бағдарламалармен өзара байланысты нысаналы индикаторлар:		
Жобалық қуаты 300 орыннан асатын орта білім беру ұйымдарында үш ауысымда оқытатын мектептердің үлесі, %	1,45 (бекітілді) 1,2 (түзетілді)	1,86

Дереккөз: ОАМ

12 нысаналы индикатор бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижесінің көрсеткіштері болып табылады.

Министрліктің бюджеттік бағдарламаларының түпкілікті нәтижесінің жоспарланған 17 көрсеткішінің 16-сына қол жеткізілген, 1-еуіне қол жеткізілмеген. Тікелей нәтиженің 58 көрсеткішінің 47-сіне қол жеткізілген, қол жеткізілмегені – 11 *(ішінара қол жеткізілгені – 1).*

Қаражатты **толық игеру кезінде бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті және тікелей нәтижесінің көрсеткіштеріне қол жеткізбеу** фактілері атап өтілген.

Мәселен, 003.102 «*Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер*» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша шығыстарды Оқу-ағарту министрлігі толық көлемде игерген, бұл ретте «*Мемлекеттік тапсырыс орналастырылатын мектепке дейінгі ұйымдардағы орындар саны*» тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілмеген *(жоспар – 985 300 орын, іс жүзінде – 968 433 орын).*

ЖАО бөлінген 27 799,9 млн теңгенің 27 553,7 млн теңгесін немесе 99,1%-ын игерген. 246,2 млн теңге игерілмеген, оның ішінде 218,6 млн теңге – Алматы облысы бойынша қазынашылық органдарына төлем шотының кеш ұсынылуына байланысты. Алматы облысында тікелей нәтиженің нақты көрсеткіші жоспарланғаннан 3 948 орынға төмен.

Айта кету керек, Түркістан облысында бөлінген 4 559,6 млн теңгенің 4 557,1 млн теңгесі немесе 99,9%-ы игерілген. Бұл ретте нақты көрсеткіштің мәні жоспарланған деңгейден 5 272 орынға төмен *(жоспар – 155 539 орын, іс жүзінде – 150 267 орын).*

Сол сияқты жағдай Батыс Қазақстан облысында *(100% немесе 993,5 млн теңге игерілген, жоспарланған көрсеткіш 11%-ға (4 193 орынға) орындалмаған),* Алматы қаласында *(бөлінген 2 148 млн теңгенің 2 144,3 млн теңгесі немесе 99,8%-ы игерілді. Бұл ретте нақты көрсеткіштің мәні жоспарланған деңгейден 3 501 орынға төмен (жоспар – 83 998 орын, іс жүзінде – 80 497 орын)* орын алған.

Оның үстіне, бюджетті 6-шы рет түзету шеңберінде Оқу-ағарту министрлігі облыстағы балалар контингентінің **4 193 адамға** ұлғаюына байланысты Батыс Қазақстан облысының пайдасына сомасы 80 млн теңге шығыстарды қайта бөлген

(бекітілген жоспар - 34 573 бала, түзетілген жоспар - 38 766 бала). Қаражат игерілген, ал нақты көрсеткіш бастапқы деңгейде қалған – **34 574 орын.**

Осыған байланысты, ЖАП **Алматы қаласында, Түркістан, Батыс Қазақстан және Алматы облыстарында** бөлінген бюджет қаражаты мен тікелей нәтиже көрсеткіштері арасында өзара байланыс болмағандықтан, **педагогтердің еңбекақысын арттыруға** бағытталған **бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару тәуекелдерін** байқады.

Бюджеттік кіші бағдарламаның шығыстары педагогтердің еңбекақысын ұлғайтуға бағытталғандықтан, еңбекақысын ұлғайтқан педагогтердің санын айқындайтын тікелей нәтиже көрсеткішімен, сондай-ақ жоғары оқу орындары мен ТжКБ түлектері үшін мектепке дейінгі ұйымның педагог мамандығының тартымдылығының өзгеру, осы мамандыққа білікті кадрлар ағынының ұлғаю дәрежесін өлшейтін сапалы көрсеткіштермен толықтырған жөн деп санаймыз.

004.107 «*Білім сапасына сырттай бағалау жүргізу*» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша қаражат толық игерілген кезде *(жоспар/іс жүзінде – 1 200,3 млн теңге)* «*ББЖМ үшін әзірленген тест тапсырмаларының саны*» тікелей нәтиже көрсеткішіне тек 14,5%-ға қол жеткізілген *(жоспар – 7 250 бірлік, іс жүзінде – 1 050 бірлік).*

004.125 *«Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін ауылдық толық жиынтықты мектептерде жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер»* бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша қаражат толық игерілген кезде *(жергілікті деңгейде 99,7%) «*Жан басына шаққандағы қаржыландыру енгізілген мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін ауылдық толық жиынтықты мектептердің білім алушыларының орташа жылдық контингенті» тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілмеген *(жоспар – 37 100 адам, іс жүзінде – 36 836 адам).* Ақмола облысында көрсеткішке 264 адамға қол жеткізілмеген, бұл ретте ЖАО бөлінген қаражатты толық көлемде игерген.

Жоғарыда айтылғандар қаражатты тиімсіз пайдалану тәуекелін, бюджет жүйесінің нәтижелілігі қағидатын сақтамауды, бөлінген қаражат пен нәтиже көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстың жоқтығын көрсетіп отыр.

Жекеменшік орта білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

Жекеменшік орта білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын *(004.110 ББ)* орналастыруға республикалық бюджеттен 139 006,4 млн теңге бөлінген және игерілген *(100%).*

Қаражатты толық игеру кезінде «Мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік орта білім беру ұйымдарының саны» тікелей

нәтижесінің бір көрсеткішіне **қол жеткізілмеген** *(жоспар – 616 бірлік, іс жүзінде – 612 бірлік),* екінші «Мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жекеменшік орта білім беру ұйымдарының оқушы орындарының саны» көрсеткіші **асыра орындалған** *(жоспар – 228 237 бірлік, іс жүзінде – 234 892 бірлік).*

Осы бағыт бойынша нәтиже көрсеткіштері мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру нәтижелерінің сандық көрінісінде ғана айқындалған және бюджет қаражатын пайдаланудан **сапа нәтижелерін көрсетпейді**, бұл жеткіліксіз, өйткені **2023 жылғы білім алушылардың білім жетістіктері мониторингінің** *(бұдан әрі – ББЖМ)* қорытындылары бойынша 2022 жылғы ББЖМ нәтижелерімен салыстырғанда **жекеменшік мектептердің білім алушыларының орташа балл нәтижелерінің төмендеуі байқалады**.

Мәселен, 2023 жылы ББЖМ 1471 мектептің, оның ішінде 136 жекеменшік мектептің 4 және 9-сынып оқушылары арасында өткізілген.

2023 жылғы ББЖМ нәтижелері бойынша жекеменшік мектептердің **4-сынып оқушыларының** тест нәтижелері өткен жылдан 19%-ға төмендегенін көрсеткен: *(2023 жыл: орташа балл: - 16,92 балл; 2022 жыл: орташа балл: - 20,09 балл),* **9-сынып оқушыларының** орташа балдары да бір жылда 23%-ға төмендеген *(2023 жыл: орташа балл: - 35,46 балл; 2022 жыл: орташа балл: жекеменшік - 43,68 балл).*

Жоғарыда айтылғандар жекеменшік мектептердегі оқушылардың функционалдық сауаттылығының және білім беру процесінің сапасы төмендегенін көрсетеді, оған басқа нәрселермен қатар педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби даму деңгейі әсер етеді.

2020-2023 жылдардағы жекеменшік білім беру ұйымдарының педагог жұмыскерлеріне жүргізілген ұлттық біліктілік тестілеу деректері *(ҰБТ)* алынған білім сапасын, сондай-ақ тестілеуге қатысқан педагогтердің дайындығын көрсететін көрсеткіштердің жыл сайын төмендеу серпінін көрсетіп отыр.

Егер 2020 жылы 3 139 қатысушының 41%-ы *(1 282 адам)* шекті балл жинаса, 2023 жылы 8 689 тестіге қатысушының 38%-ы *(3 274 адам)* шекті балл жинаған. 2021 жылы тестілеуге қатысқан 9 257 қатысушының ішінен шекті балды 40%-ы *(3 692 адам)* жинаған, 2022 жылы 7 126 қатысушының ішінен шекті балды 28%-ы *(2 015 адам)* өткен.

39-ДИАГРАММА. 2020-2023 жылдары ҰБТ бойынша шекті балл жинаған педагогтердің үлесі, %-бен



Дереккөз: Ұлттық тестілеу орталығы

ЖАП аудит қорытындысы бойынша[91], білім беру сапасына теріс әсер ететін жүйелі проблемалар мен кемшіліктерді, соның ішінде **білім беру процесінде бизнестің** кейде сапаға нұқсан келтіре отырып **пайда табуға бағытталатындығын** атап өтті.

Осыған байланысты, ЖАП орта білім беретін жекеменшік ұйымдардың қызметін олардың уәкілетті органға есеп беруі бөлігінде реттеуге; жекеменшік мектептердегі орта білім беру сапасын бағалайтын нәтижелер көрсеткіштерін әзірлеуге, жекеменшік мектептердің орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт (*бұдан әрі – МЖБС*) талаптарын сақтау мәніне тексеру жүргізуді ұсынды.

Мәселен, 2023 жылы жоспарланған 112 жекеменшік мектептің ішінен 108 мектеп мемлекеттік аттестаттаудан өткен, оның ішінде 73 мектеп *(68%)* аттестатталмаған, 35-і аттестатталған.

Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы бойынша МЖБС талаптарына сәйкес ұйымдастыру мәселелері және оқу-тәрбие процесін іске асыруға қатысты бірқатар бұзушылықтар анықталған.

Колледж студенттерін жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету

Колледж студенттерін жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету өзекті мәселелердің бірі болып табылады *(001.105 ББ).*

2023-2024 оқу жылының басында ҚР-да 711 дербес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары *(бұдан әрі – ТжКБ)* және 39 филиалы жұмыс істеді. Оқушылардың жалпы саны 548 мың адамды құрады.

2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда олардың саны 4%-ға өскен, ал соңғы бес жылда олардың саны 15%-ға артқан, ал ТжКБ ұйымдарына білім алушыларды қабылдау 26%-ға өсіп, 2023 жылы 193 мың адамды құраған. Білім алушыларды

[91] 2023 жылғы 9 наурыздағы № 4-Қ «Орта білім берудегі жан басына шаққандағы қаржыландырумен байланысты шаралардың іске асырылу, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит» аудиторлық қорытындысы

қабылдаудың ең жоғары өсімі Астана қаласында – 66%, Алматы қаласында – 29%, Шымкент қаласында – 79% және Түркістан облысында – 28% болды. Осыған байланысты, студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр.

Бүгінгі таңда елімізде 193 885 орындық 925 жатақхана жұмыс істейді, оның ішінде ТжКБ ұйымдарының студенттері үшін 75 971 орындық 563 жатақхана бар. 2023-2024 оқу жылының басында орын тапшылығы 23 972 орынды құраған, оның ішінде ТжКБ ұйымдарының студенттеріне арналған жатақханаларда 6 484 орын. Орындардың ең үлкен тапшылығы Астана қаласында – 2 490 және Ақмола облысында – 1 212 байқалады.

Студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету мақсатында «Amanat» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндег жол картасының «2025 жылға қарай колледждер мен университеттердің жатақханаларында кемінде 50 000 жаңа орын енгізу» деген 65-тармағында жыл сайын жатақханаларда 10 000 орын пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

ҚР-да мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын[92] *(бұдан әрі – Тұжырымдама)* іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 60-тармағында студенттерді жатақханалардағы орындармен, соның ішінде жаңа орындарды енгізу есебінен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар көзделген.

Жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесін шешу үшін Оқу-ағарту министрлігі студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты *(бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс)* орналастыру тетігін іске асыруда.

Оқу-ағарту министрлігінің бюджетінде 2023 жылы колледж студенттерін жатақханаларда жаңадан енгізілетін орындармен қамтамасыз етуге *(001.105 ББ)* 1 759,1 млн теңге бөлінген, 1 746,6 млн теңге немесе 99,3%-ы игерілген, өйткені төлем нақты көрсетілген қызмет көлемі үшін жүргізілген.

Қаражат толық игерілген кезде «Жатақханаларда енгізілген төсек-орындарының саны» тікелей нәтиже көрсеткішіне *(жоспар – 5 273 бірлік, іс жүзінде – 5 025 бірлік)* қол жеткізілмеген.

Бюджеттік кіші бағдарлама шеңберінде іс жүзінде жаңадан енгізілген орындар ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік тапсырыс шеңберінде өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өткен жылдары енгізілген орындар да қаржыландырылатынын атап өткен жөн.

[92] 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 ҚРҮҚ бекітілген

Осыған байланысты, тікелей нәтиже көрсеткіштерінде жылына қаржыландырылған орындардың жалпы санын көрсету дұрыс емес деп санаймыз, өйткені іс жүзінде бұл көрсеткіш жаңадан енгізілген орындардың санын ғана көрсетуі керек. Бюджеттік кіші бағдарламаны бюджет қаражатын пайдаланудың тікелей нәтижесін, «Бір жылда қаржыландырылған төсек-орындардың санын» көрсететін жаңа көрсеткішпен толықтыруды ұсынамыз.

2019-2023 жылдар кезеңінде барлығы 44 945 орындық 197 жаңа жатақхана, оның ішінде ЖОО студенттері үшін 30 155 орындық 121 жатақхана, ТжКБ студенттері үшін 14 790 орындық 76 жатақхана іске қосылды.

40-ДИАГРАММА. 2019 - 2023 жылдары енгізілген жатақханалар мен олардағы орындардың серпіні



Дереккөз: ОАМ, ҒЖБМ

Жалпы, соңғы 5 жылда колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету саласында оң серпін байқалады.

2019-2023 жылдары 197 жаңа жатақхананың ішінде мемлекеттік тапсырыс тетігі шеңберінде 36 521 орындық 153 жатақхана, оның ішінде ЖОО үшін 23 734 орындық 92 жатақхана, ТжКБ ұйымдарының студенттері үшін 8 978 орындық 42 жатақхана және ЖОО мен колледждер үшін 3 809 орындық 19 бірлескен жатақхана пайдалануға берілген.

41-ДИАГРАММА. 2019-2023 жылдардағы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде енгізілген жатақханалар мен олардағы орындардың серпіні



Дереккөз: ОАМ, ҒЖБМ

Жатақханалардағы орын тапшылығы серпінінің сипаты соңғы бес жылда тұрақты емес: тапшылық жаңадан енгізілген орындар санына қарамастан біресе азаяды, біресе қайтадан артады, бұл жаңа орындарды енгізу тетігінің тапшылық деңгейіне әсерін объективті бағалауға мүмкіндік бермей отыр. Бұл ұсынылған орындардың тапшылығы оқу жылының басында анықталатындығына байланысты болуы мүмкін, ал студенттерден жатақханаға өтінімдер жыл соңына дейін түседі, осыған байланысты тапшылық бойынша деректерді жинау кезінде жатақханалардағы орындарға қажеттіліктің бір бөлігі ескерілмейді.

Мәселен, 2019 жылы колледждер мен ЖОО-ның студенттеріне арналған жатақханалардағы орын тапшылығы оқу жылының басында 82 500 орынды құраған, 2020 жылы 30%-ға 63 685 орынға дейін қысқарған, 2021 жылы қайтадан 84 129-ға дейін өсіп, 2022 жылы қайтадан 34%-ға қысқарған *(62 851 орынға дейін),* 2023 жылы өткен жылмен салыстырғанда 2,6 есе төмендеп, 23 972 орынды құраған.

Қолданыстағы заңнамада орын тапшылығын есептеу тәртібі немесе әдістемесі анықталмаған, осыған байланысты жатақханалардағы орын тапшылығының көрінісі қаншалықты объективті көрінетіні белгісіз болып қалып отыр.

Жатақханалардағы орын тапшылығының өзгеруі нақты бар орындардың санына ғана емес, сонымен қатар аймақтағы демографиялық жағдайға, көші-қон процестеріне және басқаларына байланысты жыл сайын өзгеруі мүмкін қабылданған және оқитын студенттердің санына байланысты екенін атап өткен жөн.

ЖАП ТжКБ ұйымдары студенттерінің жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етілуін талдау кезінде Оқу-ағарту министрлігінде демографиялық жағдайды және көші-қон процестерін ескере отырып, орындардың қажеттілігіне (тапшылығына) байланысты өңірлер бөлінісінде жатақханаларды енгізудің бекітілген жоспарының жоқтығын анықтады.

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында студенттерді жатақханалардағы орындармен, соның ішінде жаңа орындарды енгізу есебінен қамтамасыз ету көзделген, **бірақ онда енгізу қажет орындардың жалпы саны егжей-тегжейлі көрсетілмеген және өңірлік бөлініс бөлінбеген**.

Студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларында[93] *(бұдан әрі – Қағидалар)* өнім берушілермен шарттар жасасу кезінде нақты өңірдегі орындардың ағымдағы тапшылығын және демографиялық жағдайды ескеретін талаптар көзделмеген.

Оқу-ағарту министрлігінің бюджеттік өтінім материалдарын талдау сонымен қатар бюджетті қалыптастыру кезінде осы бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстарды есептеу өнім берушілермен жасалған шарттар санына және мемлекеттік тапсырыс шеңберінде қаржыландыруға жоспарланған орындар санына негізделгенін көрсетіп отыр.

Қазіргі уақытта мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жатақханаларда орындарды енгізу жұмыстары жеке бизнес тарапынан ниет білдірілген кезде ғана жүргізілуде. Бұл өңірлердің жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етілуіндегі теңгерімсіздікке әкелуі мүмкін.

Мәселен, Ақмола облысында ТжКБ ұйымдарының студенттері үшін соңғы үш жылда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде бірде-бір жатақхана салынбаған. Солтүстік Қазақстан облысында 2019-2023 жылдар аралығында бірде-бір жатақхана іске қосылмаған. Ал, Жамбыл облысында 2021-2023 жылдары 1251 орындық 8 жатақхана іске қосылған.

Сонымен қатар, бірқатар басқа аймақтар мен ірі қалаларда енгізілген орындардың саны қажеттіден айтарлықтай аз.

Сонымен қатар, әлеуметтік маңызды объектілерді дамытуды жоспарлау кезінде ағымдағы орын тапшылығынан басқа, жергілікті жердің демографиялық дамуының болжамды көрсеткіштерін, атап айтқанда халықтың жас құрылымының болжамды көрсеткіштерін[94] ескеру қажет.

2030 жылы 17 жастағы халық санының 2023 жылға қарағанда ең көп өсуі жоғары және орташа демографиялық әлеуеті бар өңірлерге *(Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарын қоса алғанда)* тиесілі болады: Астана қ. – 57%, Алматы қ. – 32% Шымкент қ. – 38%, Түркістан обл.– 27%, Маңғыстау обл. – 50%, Атырау обл. – 41%, Алматы обл. – 35%, Ақтөбе обл.– 37%, Қызылорда обл.– 34%, БҚО – 31%, Жамбыл обл.– 25%.

---

[93] «Студенттерді жатақханаларда орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 464 бұйрығы

[94] «Өңірлік саясатты, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын сараптамалық-талдамалық сүйемелдеу, өңірлер экономикасының өсу резервтерін анықтау, соның ішінде халықтың қалалық және ауылдық елді мекендерде тұруының жайлылық деңгейін бағалау және мониторингілеу бойынша ұсынымдар әзірлеу жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындау туралы» ҚР ҰЭМ Экономикалық зерттеулер институтының қорытынды талдамалық есебі «Әділет» АҚЖ зерттеу базасында орналастырылған

Ең төменгісі елдің солтүстік өңірлеріне тиесілі: СҚО – 10%, ШҚО – 18%, Павлодар обл. – 22%, Қостанай обл. – 17%, Ақмола обл. – 25%, Қарағанды обл. – 19%.

42-ДИАГРАММА. 17 жастағы болжамды халық саны



Дереккөз: ҰЭМ Экономикалық зерттеулер институты

Мәселен, демографиялық әлеуеті жоғары және 2030 жылы 17 жастағы болжамды халық саны 31 мың адам болатын Алматы облысында бес жыл ішінде ағымдағы орын тапшылығы 700 орын болған кезде ТжКБ ұйымдарының студенттері үшін тек 250 орындық 2 жатақхана салынған.

Колледж студенттеріне арналған жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесін шешу бойынша қолданыстағы саясатта бірқатар кемшіліктер мен олқылықтар бар.

Ең алдымен, жоғарыда айтылғандай, бұл өңірлік бөліністе жатақханаларды пайдалануға берудің бекітілген жоспарының болмауы.

Сондай-ақ, уәкілетті органдар, білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы *(«Қаржы орталығы» АҚ),* оқу орындары мен өнім берушілер арасында орындарға қажеттілікті қалыптастыру және мемлекеттік тапсырысты орналастыру кезінде үйлестіру жоқ. Соның салдарынан, жатақханаларда жаңа орындарды пайдалануға беру тек бизнес тарапынан ниет білдіру арқылы жүзеге асырылады, ал жаңадан берілген орындарды студенттермен толтыру өнім берушінің міндеті болып табылады.

Айта кету керек, Қағидалар студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігінің ашықтығын толық қамтамасыз етпейді.

Сондай-ақ, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттерін жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыстың мөлшерін айқындау әдістемесінде[95] *(бұдан әрі – Әдістеме)* ҚР заңнамасына сәйкес ҚР-ның тиісті аумақтарында төтенше жағдайды және (немесе) шектеу шараларын енгізу кезеңіне, соның ішінде қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыруды *(бұдан әрі – төтенше жағдай)* көздейтін ай сайынғы мемлекеттік тапсырыс мөлшерінің формуласы жоқ.

Қағидалардың 15-тармағына сәйкес мемлекеттік тапсырыс бойынша төлемдер толық айға жүзеге асырылады, бөліктерге бөлінбейді. Төлемді жүзеге асыру үшін өнім беруші 15 желтоқсандағы жағдай бойынша берілетін желтоқсан айына тізілімді қоспағанда, айдың соңғы күніндегі жағдайға жатақханадағы нақты орналасқан орындар туралы мәліметтерді қамтитын тізілімді ұсынады.

Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік тапсырысты орналастыру мақсатында Оператор ТжКБ-лардың көмегімен өнім берушілердің дерекқорларын құру және енгізу арқылы өнім берушінің жатақханаларда жаңа орындарды пайдалануға беруге, сондай-ақ жатақханадағы нақты орналасқан жаңа орындарға мониторинг жүргізуді жүзеге асырады.

Қағидаларда нақты орналасқан орындардың мониторингі қалай жүзеге асырылатыны анықталмаған.

Сондай-ақ, Қағидаларда студент толық бір ай тұрмаса, студентті оқу орнынан шығарса, сырқатына байланысты бойынша болмаған және т.б. жағдайда мемлекеттік тапсырыс бойынша төлем тәртібі айқындалмаған.

Студенттерді жатақханаларда орындармен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру, нақты орналасқан орындарға мониторинг жүргізу, мемлекеттік тапсырыс шарты бойынша көрсетілетін қызметтерді қабылдау, жатақхананың нысаналы мақсатының өзгермейтіндігі туралы келісім жасасу, студенттерді жатақханаларда жаңадан енгізілетін орындармен қамтамасыз ету жөніндегі алдын ала шарт және т.б. бөлігінде заңнаманың қолданылуын нақтылау оператор – «Қаржы орталығы» АҚ-ның ішкі құжаттамасында (нұсқаулықтарда) келтіріледі.

Нұсқаулықтар «Қаржы орталығы» АҚ Басқармасы шешімінің хаттамасымен тек **2024 жылғы 15 сәуірде бекітілгенін** атап өту қажет.

Студенттерді, магистранттарды және докоранттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру шеңберінде студенттер, магистранттар мен докоранттар нақты орналасқан жатақханалардағы орындардың мониторингін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықтың *(бұдан әрі – ЖОО және ТжКБ -ге арналған жалпы нұсқаулық, Нұсқаулық)* 8-тармағына сәйкес өнім беруші Операторға, соның ішінде нақты орналасқан орындардың тізілімін *(«StudDom» АЖ-дан*

[95] ҚП Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 465 бұйрығы

түсірілген EXCEL және PDF форматында) беру арқылы Оператор ай сайын қашықтықтан мониторингілеуді жүзеге асырады.

Осы Нұсқаулықтың 10-13-тармақтарына сәйкес өнім берушінің тізілімін «StudDom» ақпараттық жүйесінің тиісті айдағы есебімен қайталанудың болуы, ЖСН-ны салыстыру, кемінде 12 сағат тұру уақыты және т.б. тұрғысынан салыстыру жүргізіледі.

Осы Нұсқаулықтың 16 және 21-тармақтарына сәйкес тізілімді тексеру барысында ескертулер анықталған кезде өнім берушіге оларды бір күн ішінде жою қажеттігі туралы хабарланады. Тапсырыс берушінің мемлекеттік тапсырыс шарты шеңберінде өнім берушінің көрсетілген қызметтерінің актісін қабылдауы және бекітуі үшін құжаттарды қалыптастыру өнім беруші барлық ескертулерді жойғаннан кейін жүзеге асырылады.

Осылайша, «Қаржы орталығы» АҚ-ның ішкі нұсқаулығында студенттің жатақханада **айына кемінде 12 сағат** *(айына 720 сағат)* **тұру қажеттілігі туралы талап** белгіленген, олай болмаған жағдайда мемлекеттік тапсырыс бойынша төлем жасалмайды. Сондай-ақ, төлем студент тиісті айда оқу орнынан шығарылған жағдайда да жасалмайды.

ЖАП-тың бағалауы бойынша, мемлекеттік тапсырысты төлеуді жүзеге асыру үшін студенттің жатақханада тұру уақыты *(айына 12 сағат)* бойынша **ең төменгі талаптардың жеткіліксіздігі** байқалады.

Сондай-ақ, Нұсқаулықтың 20-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, «StudDom» АЖ-да студенттердің, магистранттар мен докоранттардың тиісті жатақханада тұруы туралы мәліметтер болмаған жағдайда, оператор жатақханада тұратын студенттерге, магистранттар мен докоранттарға іріктеп қоңырау шалуды жүзеге асырады.

Операторға тиесілі «StudDom» АЖ адамдардың тиісті жатақханаға *(бұдан әрі - турникеттен)* еркін өтуін *(кіруін немесе шығуын)* шектейтін құрылғымен *(лармен)* интеграцияланған, оны өнім берушімен шарт талаптарына сәйкес өнім беруші жатақханаға кіре берісте орнатуға міндетті.

Өнім берушілер орнататын турникеттер нақты студенттің жатақханада тұруы туралы мәліметтердің толық дұрыстығын қамтамасыз етпейтінін атап өткен жөн, өйткені рұқсаттаманы басқа адамдар, соның ішінде студент жатақханадан шығарылғаннан кейін *(дұрыс қадағаланбауына байланысты немесе өнім беруші тарапынан қасақана)* пайдалануы мүмкін. Бұл студенттер нақты тұрмаған орындар үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша төлем алу тәуекелін тудырады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, ЖАП бюджет қаражатын негізсіз және тиімсіз пайдалану тәуекелдерін көрсетіп отыр.

Осыған байланысты, студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігінің ашықтығын арттыру және бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Оқу-ағарту

министрлігіне оқу орындарымен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

1) демографиялық ахуалды және көші қон процестерін ескере отырып өңірлердегі жатақханаларда қосымша орындардың қажеттілігіне сапалы талдау жүргізу;

2) жүргізілген талдау негізінде өңірлер бөлінісінде жатақханаларда жаңа орындарды пайдалануға беру жоспарын әзірлеу және бекіту;

3) студенттерді, магистранттарды, докоранттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерге:

- Оператордың жатақханаларда студенттердің нақты орналасқан орындарына мониторинг жүргізу жөніндегі функцияларын;

- нақты тұратындардың санын ай сайын есепке алу үшін студенттердің айына жатақханада тұру уақыты бойынша талаптарды;

- студенттердің жатақханада бір ай толық тұрмаса, студенттерді оқу орнынан шығарылса, сырқаттануы және басқа да себептеріне байланысты болмаған жағдайларда мемлекеттік тапсырысты төлеуді регламенттеу және нақтылау бөлігінде толықтырулар енгізу;

4) төтенше жағдай енгізу кезеңіне ай сайынғы мемлекеттік тапсырыс мөлшерін есептеу формуласын әзірлеу және Әдістемеге тиісті толықтырулар енгізу;

5) жатақханада студенттердің рұқсаттамаларын басқа адамдардың *(FaceID жүйесі немесе басқа)* пайдалануына жол бермеу жөнінде шаралар әзірлеу ұсынылады.

Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ғылым және жоғары білім министрлігінің *(бұдан әрі – ҒЖБМ, Министрлік)* бастапқыда бекітілген жоспары 2023 жыл ішінде **7 рет** түзетілді (нақтыланды), нәтижесінде **7%-ға** немесе 35,8 млрд теңгеге **азайтылып**, 528 млрд теңгені құрады. Жыл қорытындысы бойынша атқарылу **99,9%-ды** құрады.

Үнемдеу, нақты көрсетілген қызмет көлемі үшін ақы төлеу, өтпеген конкурстар, сот талқылаулары, өнім берушілердің шарт талаптарын бұзуы есебінен 0,704 млрд теңге атқарылмай қалды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша 22 макро- және нысаналы индикаторлардың 18-іне *(82%)* қол жеткізілді, 1-еуіне *(4%)* қол жеткізілмеді, 3-еуі бойынша *(14%)* есептік деректер қалыптастырылмаған *(2024 жылдың екінші жартыжылдығы)*.

22-КЕСТЕ. Қол жеткізілмеген макро- және нысаналы индикаторлар, сондай-ақ есептік деректері жоқ индикаторлар

Макро-және нысаналы индикатордың атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Мәртебесі
Макроиндикаторлар:			
Қазақстанның QS-WUR, ТОП-700 рейтингінде белгіленген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының саны, бірл.	9	6	Қол жеткізілмеген
ЖІӨ-ден ғылымға арналған шығыстардың үлесі, %	0,14	-	Деректер қалыптаспаған
Нысаналы индикаторлар:			
Индекстелетін ғылыми журналдардағы мақалалардың жалпы саны бойынша Қазақстанның InCites елдік рейтингіндегі позициясының өсуі, орны	73	-	Деректер қалыптаспаған
Мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілген ҒЗЖ шеңберінде ұлттық өтінім берушілердің патенттік белсенділігінің 2020 жылға қатысты өсуі,%	15	-	Деректер қалыптаспаған

Дереккөз: ҒЖБМ

Айта кету керек, жоспарланған «*QS-WUR, ТОП-200 рейтингінде белгіленген Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының саны» макроиндикаторы (жоспар – 2 бірлік, соңғы 2 жылда қол жеткізілген жоқ)* ҚР-да жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына[96] сәйкес келтіру мақсатында *(бұдан әрі – Жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы)* бюджетті нақтылау кезінде «*QS-WUR, ТОП-700 рейтингінде белгіленген Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының саны*» деген **жаңасына ауыстырылды**.

Соған қарамастан, жыл қорытындысы бойынша ауыстырылған индикаторға да қол жеткізілмеді *(жоспар – 9 бірлік, іс жүзінде – 6 бірлік),* бұл Қазақстандағы жоғары білім мен ғылымды дамытудағы жүйелі проблемаларды көрсетіп отыр.

Анықтама ретінде: 2023 жылы QS-WUR жаһандық рейтингіне 21 отандық жоғары оқу орны кірді, оның ішінде әлемдегі ең үздік 700 университеттің қатарына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Сәтбаев университеті, Әуезов атындағы ОҚУ, ҚазҰАЗУ, Абай атындағы ҚазҰПУ кірді.

Мәселен, индикаторға қол жеткізбеу және рейтингке қатысқан ЖОО позицияларының төмендеуі мыналардан туындады:

- дәйексөз бойынша ең төменгі көрсеткіштер *(әр ЖОО үшін бір ғалымға 100-ден 1 балл);*

- төмен халықаралық зерттеу желісі *(12 балл – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан басқа барлық ЖОО-да 100-ден 1 балл);*

- түлектердің жұмысқа орналасу деңгейінің төмендігі *(15 ЖОО-да көрсеткіштердің төмендеуі байқалады).*

Министрліктің даму жоспарының 19 нысаналы индикаторы бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижесінің көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

Бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижесінің жоспарланған 23 көрсеткішінің 21-не қол жеткізілді, 2-еуі бойынша *(нысаналы индикаторларға сәйкес келеді)* есепті деректер қалыптастырылмаған. Тікелей нәтиже көрсеткіштеріне толық көлемде қол жеткізілген – 91 бірлік.

[96] 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 ҚРҮҚ қаулысымен бекітілген

Бюджеттік бағдарламалар параметрлерінің өзгерістерін талдау кезінде **көрсеткіштерді сапасыз жоспарлау салдарын жою мақсатында олардың нақты орындалуына келтіріп көрсеткіштерді түзету**, сондай-ақ бөлінген қаражат пен нәтижелер көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстың жоқтығы байқалады.

Мысалы, «Ғалым Қ.И. Сәтбаевтың шығармашылығы туралы жарияланған материалдардың саны» тікелей нәтиже көрсеткіштерінің мәні *(нақт. жоспар - 15 бірлік, түзет. жоспар - 7 бірлік, іс жүзінде - 7 бірлік),* «Мұражайға келген азаматтардың саны» *(нақт. жоспар - 7 400 бірлік, түзет. жоспар - 2 800 бірлік, іс жүзінде - 2800 бірлік),* «Оқушылар мен студенттер үшін өткізілген экскурсиялар саны» *(нақт. жоспар - 93 бірлік, түзет.жоспар - 24 бірлік, іс жүзінде - 24 бірлік) (219.100 «Ғылыми-тарихи құндылықтарға қол жеткізуді қамтамасыз ету» ББ)* сомасы 36,9 млн теңге қаржыландыру көлемі өзгермеген жағдайда жыл соңында қол жеткізілген мәндерге дейін түзетілген.

Бюджеттік бағдарламаны **қаржыландыру сомасын түзету кезінде** *(азайту немесе ұлғайту)* **нәтиже көрсеткіштері мәндерінің сәйкес келмеу фактілері бар.**

Мысалы, 204.102 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және «Назарбаев Университеті» ДБҰ қызметін ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша бекітілген жоспар 42 679,8 млн теңгені құрады, «Мемлекеттік тапсырыс негізінде дайындық бөліміне қабылданған тыңдаушылар саны» тікелей нәтиже көрсеткішінің мәні 275 адамды құрады. Қаржыландыру сомасы 42 569,2 млн теңгеге дейін төмендегенде *(110,6 млн теңгеге төмендеу)* көрсеткіштің жоспарлы мәні 2 есеге жуық өсіп, 473 адамды құрады *(100%-ға орындалды).*

Қаржыландыру көлемін түзету *(азайту немесе ұлғайту)* **кезінде түпкілікті және тікелей нәтижелердің өзгермейтіндігі атап өтілді.**

204.103 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы әдіснамалық қамтамасыз ету» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша шығыстар көлемі 3 рет түзетіліп, 230,1 млн теңгеден 152,2 млн теңгеге дейін қысқарды, бұл ретте тікелей нәтиже көрсеткіштері өз мәнін өзгерткен жоқ.

Анықтама ретінде: «Білім беру бағдарламаларының тізілімі» ақпараттық жүйесіне енгізу үшін сараптамаға жататын білім беру бағдарламаларының саны» (жоспар/ іс жүзінде - 2 000 бірлік), «Болон процесінің негізгі құжаттарының ұсынымдары бойынша Қазақстанға ЖОО-лар үшін әзірленген әдістемелік нұсқаулықтардың саны» (жоспар/ іс жүзінде - 1 бірлік), «Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын бағалау саны» (жоспар/ іс жүзінде - 2 000 бірлік) тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілді.

Сол сияқты 204.109 «Білім беру сапасына сырттай бағалау жүргізу» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша шығыстар көлемі 162,6 млн теңгеге, яғни 2 023,9 млн теңгеге дейін қысқарды, бұл ретте тікелей нәтиже көрсеткіштері өз мәнін өзгерткен жоқ.

Анықтама ретінде: «Ұлттық бірыңғай тестілеу үшін әзірленген тест тапсырмаларының саны» (жоспар/ іс жүзінде – 20 000 бірлік), «Қысқартылған оқу мерзімі көзделген білім беру бағдарламалары бойынша даярлаудың ұқсас бағыттарына түсушілер үшін әзірленген ұлттық бірыңғай тестілеудің тест тапсырмаларының саны» (жоспар/ іс жүзінде – 8 940 бірлік), «Магистратураға кешенді тестілеу үшін әзірленген тест тапсырмаларының саны» (жоспар/ іс жүзінде – 34 380 бірлік) тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілді.

204.118 «Шетел азаматтарын, ҚР азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтының өкілдерін (диаспора) оқыту үшін стипендиялық бағдарламалар» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша қаржыландыру көлемі 282 млн теңгеге қысқарды, бұл ретте білім алушыларды қабылдау саны – 550 адам өзгерген жоқ.

Қаражат толық игерілмеген жағдайда бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті және тікелей нәтижесінің көрсеткіштеріне қол жеткізу фактілері атап өтілді.

093.004 «Сыртқы қарыздар есебінен» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша бөлінген 1 876 млн теңгенің 95,1%-ы игерілді, 43 млн теңге игерілмеді, бұл ретте барлық көрсеткішке тікелей қол жеткізілді. Айта кету керек, соңғы 4 жылда осы бағдарлама бойынша бөлінген бюджет қаражаты толық көлемде игерілмей келеді.

Анықтама ретінде: «30 білім беру бағдарламасын іске асыру үшін жоғары оқу орындарының ПОҚ оқыту үшін дайындалған жаттықтырушылар саны» (жоспар/іс жүзінде - 50 бірлік), «Консультациялық көрсетілетін қызметтер мен тауарларды сатып алу бойынша жасалған келісімшарттар саны» (жоспар/ іс жүзінде - 8 бірлік), «Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес әзірленген білім беру бағдарламаларының саны» (жоспар / іс жүзінде - 30 бірлік), «Орта білім беруді жаңғырту» жобасының іске асырылу барысы туралы NUR.KZ және AZATTYQ RUHY.KZ интернет-ресурстарында орналастырылған мақалалар саны» (жоспар / іс жүзінде - 11 бірлік) тікелей нәтиже көрсеткіштері қол жеткізілді.

Жоғарыда келтірілген фактілер бөлінген қаражат пен нәтижелер көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстың жоқтығын, ыңғайлы мәндердегі көрсеткіштерді жоспарлауды, олар нақты орындалуына келтіріліп түзетілгенін айқын көрсетеді, осылайша бюджет қаражаты сапасыз жоспарланғанын және бюджеттік бағдарламалар тиімсіз басқарылғанын растайды.

Жоғары білім беру саласындағы, сондай-ақ кәсіптік-техникалық білім беру саласындағы маңызды проблемалардың бірі – **ЖОО студенттері үшін жатақханалардағы орындардың тапшылығы**.

Жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесін шешу үшін Министрлік студенттерді, магистранттар мен докоранттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты *(бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс)* орналастыру тетігін іске асыруда.

Министрліктің бюджетінде 2023 жылы студенттерді, магистранттар мен докоранттарды жатақханаларға жаңадан берілетін орындармен қамтамасыз етуге *(001.105 ББ)* 3 403,3 млн теңге бөлінді, 3 318,7 млн теңге немесе 97,5% игерілді, атқарылмауы жоспарланғанға қарсы бюджет қаражатын алушылардың нақты санының азаюы есебінен қалыптасты.

Бөлінген қаражат толық игерілмеген жағдайда «Жатақханаларда берілетін (қаржыландырылатын) төсек-орын саны» тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілді *(жоспар/ іс жүзінде – 13 155 орын).*

Бүгінгі таңда елімізде ЖОО студенттері үшін 117 914 орындық 362 жатақхана жұмыс істейді. 2023-2024 оқу жылының басында ЖОО жатақханаларында орын тапшылығы 17 488 орынды құрады *(ең көп орын тапшылығы Астана қаласында – 6 344, Алматы қаласында – 7 673, Солтүстік Қазақстан облысында – 2 163 байқалды. 2023 жылғы 15 желтоқсандағы жағдай бойынша ЖОО-лар үшін жатақханаларда орын тапшылығы 19 174-ті құрады. Алматы қаласында тапшылық айтарлықтай өсті – 11 640, ал Солтүстік Қазақстан қаласында төмендеді – 420).*

Оқу-ағарту министрлігі бойынша талдауда атап өтілгендей, орындардың ағымдағы тапшылығы жатақханаларда берілген орындардың санына қарамастан жыл ішінде және соңғы 5 жыл ішінде өзгеріп отырды.

Осыған байланысты, оның объективтілігі күмән туғызады, бұл оның қысқа мерзімде жекелеген өңірлерде айтарлықтай өзгеруімен расталады.

2019-2023 жылдар кезеңінде барлығы 44 945 орындық 197 жаңа жатақхана іске қосылды *(оның ішінде: ЖОО студенттері үшін – 30 155 орындық 121 жатақхана және қалғандары ТжКБ ұйымдарының студенттері үшін).*

2019-2023 жылдары 197 жаңа жатақхананың ішінде мемлекеттік тапсырыс тетігі шеңберінде 36 521 орындық 153 жатақхана пайдалануға берілді, оның ішінде: ЖОО үшін 23 734 орындық 92 жатақхана, қалғандары ТжКБ ұйымдарының студенттері үшін және колледждер мен ЖОО студенттері үшін бірлескен жатақханалар.

43-ДИАГРАММА. ЖОО студенттеріне арналған 2019-2023 жылдары берілген жатақханалар мен орындардың саны

Дереккөз: ҒЖБМ

Талдау барысында Министрлікте **демографиялық жағдайды, көші-қон процестерін ескере отырып, орындардың қажеттілігіне (тапшылығына) байланысты өңірлер бөлінісінде жатақханаларды берудің бекітілген жоспары жоқ екені анықталды.**

ҚР-да жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында нақтылаусыз және өңірлік бөліністе бөлінбей, жыл сайынғы мәні 10 мың орын болатын «Жатақханаларда берілген төсек-орындарының саны» нысаналы индикаторы көзделген.

Студенттерді, магистранттар мен докоранттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларында[97] *(бұдан әрі – Мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидалары)* өнім берушілермен шарт жасасу кезінде нақты өңірдегі орындардың ағымдағы тапшылығын және демографиялық жағдайды ескеретін талаптар мен шарттар көзделмеген.

Министрліктің бюджеттік өтінім материалдарын талдау да бюджетті қалыптастыру кезінде осы бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстарды есептеу өнім берушілермен жасалған шарттар санына және мемлекеттік тапсырыс шеңберінде қаржыландыруға жоспарланған орындардың санына негізделгенін көрсетіп отыр.

Осылайша, қазіргі уақытта елдегі жатақханаларда орындарды беру жұмыстарын уәкілетті органдар ағымдағы және болашақ қажеттілік негізінде әрбір өңір мен қала үшін бөлек есептелген орындарды берудің бекітілген жоспарынсыз, тек жеке бизнес тарапынан ниет білдірілген кезде ғана жүргізеді. Бұл өңірлердің жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етілуіндегі теңгерімсіздікке әкелуі мүмкін.

Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында 2019-2023 жылдар аралығында жыл сайын ЖОО студенттеріне арналған жатақханаларда 2200-ге жуық орын тапшылығы бола тұра мемлекеттік тапсырыс шеңберінде бірде-бір жатақхана пайдалануға берілмеген, басқа қаражат есебінен ЖОО студенттеріне арналған 244 орындық 1 жатақхана салынды, бұл да қажетті санды қамтымайды. Сондай-ақ, Ақмола облысында 2021-2023 жылдары бірде-бір жатақхана пайдалануға берілмеген.

Бұдан басқа, бірқатар басқа аймақтар мен ірі қалаларда берілген орындардың саны қажетті санынан айтарлықтай аз.

Сонымен бірге, әлеуметтік маңызды объектілерді дамытуды жоспарлау кезінде орындардың ағымдағы тапшылығынан басқа, жергілікті жердің демографиялық дамуының болжамды көрсеткіштерін, атап айтқанда халықтың жас құрылымының болжамды көрсеткіштерін ескеру қажет[98].

2030 жылы 17 жастағы халық санының 2023 жылға қарағанда ең көп өсуі жоғары және орташа демографиялық әлеуеті бар өңірлерге *(Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарын қоса алғанда)* тиесілі болады:

---

[97] «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттерін, магистранттары мен докоранттарын жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 1 бұйрығымен бекітілген

[98] ҰЭМ Экономикалық зерттеулер институтының «Өңірлік саясатты, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын сараптамалық-талдамалық сүйемелдеу, өңірлер экономикасының өсу резервтерін анықтау, соның ішінде халықтың қалалық және ауылдық елді мекендерде тұруының жайлылық деңгейін бағалау және мониторингілеу бойынша ұсынымдар әзірлеу жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындау туралы» қорытынды талдамалық есебі «Әділет» АҚЖ зерттеу базасында орналастырылған.

- Астана қ. – 57%, Алматы қ. – 32% Шымкент қ. – 38%, Түркістан – 27%, Маңғыстау – 50%, Атырау – 41%, Алматы – 35%, Ақтөбе – 37%, Қызылорда – 34%, БҚО – 31%, Жамбыл – 25%.

Ең төменгісі – елдің солтүстік өңірлеріне тиесілі: СҚО – 10%, ШҚО – 18%, Павлодар – 22%, Қостанай – 17%, Ақмола – 25%, Қарағанды – 19%.

44-ДИАГРАММА. 17 жастағы болжамды халық саны



Дереккөз: ҰЭМ Экономикалық зерттеулер институты

Мәселен, демографиялық әлеуеті жоғары және 17 жастағы болжамды халық саны 2030 жылы 31 мың адам болатын Алматы облысында бес жыл ішінде ағымдағы 711 орын тапшылығы бола тұра, 454 орынға арналған 4 жатақхана ғана салынған.

ЖОО студенттері үшін жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесін шешетін қолданыстағы тетіктерде бірқатар кемшіліктер мен олқылықтар бар.

Бірінші. Бұл өңірлік бөліністе бекітілген жатақханаларды пайдалануға беру жоспарының болмауы.

Екінші. Уәкілетті органдар, білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы *(«Қаржы орталығы» АҚ),* оқу орындары мен өнім берушілер арасында орындардарға қажеттілікті қалыптастыру және мемлекеттік тапсырысты орналастыру кезінде үйлестіру жоқ.

Нәтижесінде, жатақханаларда жаңа орындарды пайдалануға беру тек бизнес тарапынан ниет білдіру арқылы жүзеге асырылады, ал жаңадан берілген орындарды студенттермен толтыру – өнім берушінің өз міндеті.

Үшінші. Қолданыстағы мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидалары студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігінің ашықтығын толық қамтамасыз етпейді.

Сондай-ақ, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттерін, магистранттары мен докоранттарын жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыстың мөлшерін айқындау әдістемесінде[99] *(бұдан әрі – Әдістеме)* ҚР заңнамасына сәйкес ҚР-ның тиісті аумақтарында төтенше жағдай және (немесе) шектеу шараларын енгізу кезеңіне, соның ішінде қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыруды көздейтін ай сайынғы мемлекеттік тапсырыс мөлшерінің формуласы *(бұдан әрі – төтенше жағдай)* жоқ.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларының 15-тармағына сәйкес мемлекеттік тапсырыс бойынша төлемдер толық айға жүзеге асырылады, бөліктерге бөлінбейді. Төлемді жүзеге асыру үшін өнім беруші 15 желтоқсандағы жағдай бойынша берілетін желтоқсан айына тізілімді қоспағанда, айдың соңғы күніндегі жағдайға жатақханадағы нақты орналасқан орындар туралы мәліметтерді қамтитын тізілімді ұсынады.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларының 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік тапсырысты орналастыру мақсатында Оператор ЖОО-лардың көмегімен өнім берушілердің дерекқорларын құру және енгізу арқылы өнім берушінің жатақханаларда жаңа орындарды беруіне, сондай-ақ жатақханадағы нақты орналасқан жаңа орындарға мониторинг жүргізуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларының 5-1-тармағы негізінде оператор жатақханадағы нақты қамтылған орындардың мониторингін «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасынан, «Ұлттық білім беру деректер қоры», «StudDom» ақпараттық жүйелерінен тұрғылықты жері бойынша тұратынын, оқитынын және тіркелгенін растайтын мәліметтерді алу жолымен жүзеге асырады.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларында студент толық бір ай тұрмаса, студентті оқу орнынан шығарса, сырқатына байланысты болмаған және т.б. жағдайда мемлекеттік тапсырыс бойынша төлем тәртібі айқындалмаған.

Студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру, нақты бос орындарға мониторинг жүргізу, мемлекеттік тапсырыс шарты бойынша көрсетілетін қызметтерді қабылдау, жатақхананың нысаналы мақсатының өзгермейтіндігі туралы келісім жасасу, студенттерді жатақханаларда жаңадан берілетін орындармен қамтамасыз ету жөніндегі алдын ала шарт және т.б. бөлігінде заңнаманың қолданылуын нақтылау оператор – «Қаржы орталығы» АҚ-ның ішкі құжаттамасында (нұсқаулықтарда) келтіріледі.

Нұсқаулықтар «Қаржы орталығы» АҚ Басқармасы шешімінің хаттамасымен тек **2024 жылғы 15 сәуірде бекітілгенін** атап өту қажет.

---

[99] ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 1 бұйрығы

Студенттерді, магистранттарды және докоранттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру шеңберінде студенттер, магистранттар мен докоранттар нақты орналасқан жатақханалардағы орындардың мониторингін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықтың[100] 8-тармағына сәйкес өнім беруші Операторға, соның ішінде нақты орналасқан орындардың тізілімін *(«StudDom» АЖ-дан түсірілген EXCEL және PDF форматында)* беру жолымен Оператор ай сайын қашықтықтан мониторингті жүзеге асырады.

Осы Нұсқаулықтың 10-13-тармақтарына сәйкес өнім берушінің тізілімін тиісті айдағы «StudDom» АЖ есебімен қайталанудың болуы, ЖСН-ді салыстыру, кемінде 12 сағат тұру уақыты және т.б. тұрғысынан салыстыру жүргізіледі.

Осы Нұсқаулықтың 16 және 21-тармақтарына сәйкес тізілімді тексеру барысында ескертулер анықталған кезде өнім берушіге оларды бір күн ішінде жою қажеттігі туралы хабарланады. Тапсырыс берушінің мемлекеттік тапсырыс шарты шеңберінде өнім берушінің көрсетілген қызметтерінің актісін қабылдауы және бекітуі үшін құжаттарды қалыптастыру өнім беруші барлық ескертулерді жойғаннан кейін жүзеге асырылады.

Осылайша, «Қаржы орталығы» АҚ-ның ішкі нұсқаулығында студенттің жатақханада **айына кемінде 12 сағат** *(айына 720 сағат)* **тұру қажеттілігі туралы талап** белгіленген, әйтпесе мемлекеттік тапсырыс бойынша төлем жасалмайды. Сондай-ақ төлем студент тиісті айда оқу орнынан шығарылған жағдайда жасалмайды.

ЖАП-тың бағалауы бойынша, мемлекеттік тапсырысты төлеуді жүзеге асыру үшін студенттің жатақханада **тұру уақыты** *(айына 12 сағат)* **бойынша ең төменгі талаптардың жеткіліксіздігі** байқалады.

Сондай-ақ, Мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларының 5-тармағына және Студенттерді, магистранттар мен докоранттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі нұсқаулықтың[101] 20-тармағының 3) тармақшасына сәйкес *(ЖОО және ТжКБ-ге арналған жалпы нұсқаулық)* «StudDom» АЖ-да студенттердің, магистранттар мен докоранттардың тиісті жатақханада тұруы туралы мәліметтер болмаған жағдайда, оператор жатақханада тұратын студенттерге, магистранттар мен докоранттарға іріктеп қоңырау шалуды жүзеге асырады.

Операторға тиесілі «StudDom» АЖ адамдардың тиісті жатақханаға *(бұдан әрі - турникеттен)* еркін өтуін *(кіруін немесе шығуын)* шектейтін құрылғымен (лармен) интеграцияланған, оны өнім берушімен шарт талаптарына сәйкес өнім беруші жатақханаға кіре берісте орнатуға міндетті.

---

[100] «Қаржы орталығы» АҚ Басқармасының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 14 хаттамасымен бекітілген
[101] «Қаржы орталығы» АҚ Басқармасының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 14 хаттамасымен бекітілген

Өнім берушілер орнататын турникеттер нақты студенттің жатақханада тұруы туралы мәліметтердің толығымен анықтығын қамтамасыз етпейтінін атап өткен жөн, өйткені рұқсаттаманы басқа адамдар, соның ішінде студент жатақханадан шығарылғаннан кейін *(дұрыс қадағаланбауына байланысты немесе өнім беруші тарапынан қасақана)* пайдалануы мүмкін. Осыған байланысты студенттер нақты тұрмаған орындар үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша төлем алу тәуекелі бар.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, ЖАП **бюджет қаражатын** негізсіз және **тиімсіз пайдалану** тәуекелдерін көріп отыр.

Осыған байланысты, студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігінің ашықтығын арттыру және бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында ҒЖБМ-ге оқу орындарымен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

1) демографиялық ахуалды және көші-қон процестерін ескере отырып, өңірлердегі жатақханаларда қосымша орындар қажеттілігіне сапалы талдау жүргізу;

2) жүргізілген талдау негізінде өңірлер бөлінісінде жатақханаларда жаңа орындарды беру жоспарын әзірлеу және бекіту;

3) студенттерді, магистранттарды, докоранттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерге:

- Оператордың жатақханаларда студенттердің нақты орналасқан орындарына мониторинг жүргізу жөніндегі функцияларын;

- нақты тұратындардың санын ай сайын есепке алу үшін студенттердің айына жатақханада тұру уақыты бойынша талаптарды;

- студенттер жатақханада толық бір ай тұрмаса, студенттерді оқу орнынан шығарса, сырқаттануына және басқа да себептерге байланысты болмаған жағдайларда мемлекеттік тапсырысты төлеуді регламенттеу және нақтылау бөлігінде толықтырулар енгізу;

4) төтенше жағдай енгізу кезеңіне ай сайынғы мемлекеттік тапсырыс мөлшерін есептеу формуласын әзірлеу, Әдістемеге тиісті толықтырулар енгізу;

5) жатақханада студенттердің рұқсаттамаларын басқа адамдардың *(FaceID жүйесі немесе басқа)* пайдалануына жол бермеу жөнінде шаралар әзірлеу ұсынылады.

001.103 «Әлеуметтанушылық, талдамалық зерттеулер жүргізу және консалтингтік қызметтер көрсету» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде **зерттеулер жүргізуге және консалтингтік қызметтер көрсетуге** арналған Министрліктің шығыстары өткен жылмен салыстырғанда **2,2 есе өсіп, 790 млн** теңгені құрады.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулерді және шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулерді іріктеу, сондай-ақ зерттеу жүргізу аяқталғаннан кейін талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулер шығындарының құрылымын айқындау жөніндегі әдістеменің[102] 14-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар 10 жұмыс күні ішінде зерттеу нәтижелерін талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулердің бірыңғай дерекқорына орналастырады.

Сонымен қатар, Министрлік жоғарыда аталған 14-тармақты бұза отырып, Бірыңғай базада Ведомствоаралық комиссия айқындаған *(2022 жылғы 27 тамыздағы №2 хаттама)* ҚР-дағы тіл саясаты мәселелері бойынша зерттеу нәтижелерін *(7,1 млн теңге)* орналастырмаған.

Осыған байланысты, зерттеу нәтижелері пайдаланушылардың қалың көпшілігіне қолжетімді емес, бұл тиісті мәселелерді шешуде пайдалану мүмкіндігін шектейді.

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының **жарғылық капиталын ұлғайтуға** есепті жылы зертханалар мен оқу кабинеттерін материалдық-техникалық жарақтандыруды жаңартуға университеттің ҚБШ-сына 2,9 млрд теңге *(234 ББ)* бөлінді және аударылды. 2022 жылғы қарашаның соңында осы мақсаттарға 3 млрд теңге бөлінді.

Сонымен қатар, 2022 және 2023 жылдары бөлінген **сомасы 5,9 млрд теңге** ресурс **пайдаланылмаған** және ҚБШ-да тұр *(Үкіметтің 2022 жылғы есебіне ЖАП қорытындысында атап өтілді).*

2022 жылы Университет жобаның техникалық-технологиялық шешімдерінің тізбесіне онда бейінді емес жабдықтың болуына, сондай-ақ «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ-ның экономикалық қорытындысына сәйкес кейінге қалдыру шартына байланысты түзетулер енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылдады, бұл **жобаның сапасыз жоспарланғанын көрсетеді**.

Осыған байланысты, қолданыстағы заңнамаға сәйкес есепті жылы мынадай жұмыстар жүргізілді:

- экономикалық сараптама жүргізу үшін 2023 жылғы қыркүйекте ҰЭМ-ге жаңа инвестициялық ұсыныс енгізілді, ол бойынша 2023 жылғы қазанда оң экономикалық қорытынды алынды;

- 2023 жылғы желтоқсанда РБК шешімімен ҚЭН-ді түзетудің орындылығы қолдау тапты және оған ҰЭМ-нің оң экономикалық қорытындысы алынды.

Осылайша, ҚЭН-ді түзету қажеттілігіне және қаражатты пайдаланбау тәуекеліне қарамастан, Министрлік есепті жылы бюджет қаражатын университеттің қазынашылық шотына аударған, бұл мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға сұрақтар туғызады.

---

[102] ҚР Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 13 маусымдағы №214, ҚР Қаржы министрінің 2018 жылғы 18 маусымдағы № 605 және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 307 бірлескен бұйрығымен бекітілген.

Бюджет қаражаты есепті жылы пайдаланылмағанына қарамастан *(2022 жылдағыдай),* «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ-да білім беруді интернационалдандыру, өмір бойы оқыту, ғылымды дамыту жөніндегі орталықтарды ашу» *(жоспар - кемінде 3 бірлік, іс жүзінде - 3 бірлік)* тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілді.

Бұл формалды қарауды және тікелей нәтиже көрсеткіші мен бюджетті жоспарлау кезеңінде рұқсат етілген бюджет қаражатының өзара байланысының жоқтығын көрсетеді.

Нәтижелі ғылым. 2023 жылы ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар өткен жылға қарағанда 42%-ға өсіп, 172,6 млрд теңгені құрады. 2022 жылы олардың деңгейі 121,6 млрд теңгені құрады. ЖІӨ бойынша ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындардың үлесі 0,14 % [103] құрады.

2018 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде ҒЗТКЖ шығыстарының 2,4 есе өсу үрдісі кезінде *(72,2 млрд теңгеден 172,6 млрд теңгеге дейін)* ЖІӨ-ден ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындардың үлесі ЖІӨ-ге 0,12-0,14% төмен деңгейде қалып отыр *(120 561,1 млрд теңге).*

23-КЕСТЕ. 2018 – 2023 жылдардағы ғылымның жай-күйі мен дамуының негізгі көрсеткіштері

	2018	2019	2020	2021	2022	2023
ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар, млн теңге	72 224,6	82 333,1	89 028,7	109 332,7	121 560,1	172 585,9
Жалпы ішкі өнімнен ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындардың үлесі, %	0,12	0,12	0,13	0,13	0,12	0,14
ҒЗТКЖ-ны жүзеге асырған ұйымдардың (кәсіпорындардың) саны, бірлік	384	386	396	438	414	425

Дереккөз:ҰСБ

Негізгі себеп – ғалымдар шығаратын ғылыми өнімге деген сұраныс деңгейінің өте төмендігі – бұл ел экономикасын, өндірістік қызметті дамытуда білімді пайдалану жағдайына жеткізілмейтін жаңа білім. Мәселен, 2023 жылы теориялық әзірлемелердің әртүрлі дәрежесіне жататын зерттеулерге, яғни іргелі және қолданбалы зерттеулерге шығындардың[104] **93%**-ы *(2022 жылы – 86%, 2021 жылы – 82 %)* тиесілі болды.

Жаңа материалдарды, өнімдерді, процестерді, құрылғыларды, көрсетілетін қызметтерді, жүйелерді немесе әдістерді жасауға және оларды одан әрі жетілдіруге бағытталған **тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге (ТКӘ) – небәрі 7%.** 2022 жылы ТКӘ-ге шығындардың 14 %-ы тиесілі болды.

Мұндай көзқарас кезінде ғылыми жетістіктерді практикалық пайдалану мүмкіндігі болмаған кезде, кәсіпкерлерді ғылымға инвестициялардың қажеттілігі мен пайдалылығына сендіру өте қиын.

[103] Есепте 2023 жылғы қаңтар-желтоқсандағы ЖІӨ деңгейі пайдаланылған
[104] Ғылым бойынша 2022 жылғы Ұлттық баяндама

«Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV ҚР Заңының 19-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруға ұсынылатын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын конкурстық іріктеуді жүзеге асыру – Ұлттық ғылыми кеңестердің *(бұдан әрі – ҰҒК)* міндеті.

Көрсетілген баптың 4-тармағына сәйкес, Ұлттық ғылыми кеңестердің құрамдарын уәкілетті орган салалық уәкілетті органдардың, ғылыми ұйымдардың, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының және ғылыми қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстары мен ұсынымдары бойынша қазақстандық және шетелдік білікті ғалымдар, мемлекеттік органдардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық даму институттарының, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, **жеке кәсіпкерлік субъектілерінің** өкілдері қатарынан қалыптастырады және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

ҰҒК құрамдарына талдау жасалып, онда ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бағыты бойынша ҰҒК-ны қоспағанда, іс жүзінде **жеке кәсіпкерлік субъектілерінің** өкілдері жоқ екенін көрсетті, ал мүшелердің басым көпшілігі ғылыми ұйымдардың, ЖОО-ның ғалымдары мен қызметкерлері болып табылады, бұл іріктеудің ашықтығына және қаржыландыруға іріктелетін жобалардың сапасына және олардың нәтижелерін өндіріске енгізуге бағытталуының төмендеуіне теріс әсер етуі мүмкін.

Есепті жылы республикалық бюджет есебінен ғылыми жобаларды коммерцияландыру саласындағы қаржыландырылатын жобалардың саны 68-ден 138-ге дейін 2 есеге өсті. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруға бағытталған қаражат көлемі **2022 жылмен салыстырғанда 10 есеге жуық 16,7 млрд теңгеге дейін ұлғайды**. Бұл 2022 жылы конкурстық рәсімдердің кеш аяқталуы салдарынан жобаларды іске асырудың және қаражатты игерудің кеш басталуына (жылдың соңында) байланысты.

24-КЕСТЕ. Республикалық бюджет есебінен ғылыми жобаларды коммерцияландыруды қаржыландыру, млн теңге / бірлік

	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Жобаларды коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру	5 400	5 400	5 400	4 860	1 616	16 751
Коммерцияланатын жобалар саны	148	145	115	63	68	138

Дереккөз: ҒЖБМ

Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, қолданбалы ғылыми жобалар мен бағдарламалар нәтижелерінің көпшілігі отандық экономикада сұранысқа ие емес немесе оған

сраныс аз, бұл коммерциялық жобалардың қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санынан арақатынасының төмен деңгейінен көрінеді.

Осы арақатынастың жыл бойынша серпіні мынадай түрде: 2018 жыл – 23,5%, 2019 жыл – 20%, 2020 жыл – 25%, 2021 жыл – 26,1%, 2023 жыл – 29,4%[105].

Осы шығыстардың нәтижелілігіне қатысты мемлекеттік органның стратегиялық құжаттары деңгейінде тиімділік көрсеткіштері мен индикаторларын қайта қарауды қамтамасыз ету талап етіледі.

Осы бюджеттік кіші бағдарламаның «Коммерцияландыру саласындағы қаржыландырылатын жобалардың саны» *(жоспар/іс жүзінде – 138 бірлік)* тікелей нәтижесінің көрсеткіші бюджет қаражатын пайдаланудан сапалық қорытындыларды көрсетпейді.

Нәтижелілікті Министрлік аяқталған және өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген жобалардың саны емес, қаржыландырылатын ғылыми жобалардың саны бойынша ғана бағалайды.

Мәселен, 2024 жылы 2023 жылы қаржыландырылған 72 жобаның 1-еуі ҰҒК шешімі бойынша жабылды *(№2 үзінді көшірме 21.02.2024 жылғы № 1 хаттама*). 2022 жылы да қаржыландырылған 68 жобаның 2-еуі бойынша грант алушылар 2023 жылы іске асырудан бас тартты *(№1 үзінді көшірме 11.05.2023 жылғы № 8 хаттама*). Бөлінген қаражат бюджетке қайтарылды.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет пен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларының 43-тармағына сәйкес *(2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 ҚРҮҚ бекітілген, бұдан әрі – Қағидалар)* бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру **стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді**, оның ішінде ұлттық ғылыми-техникалық міндеттерді шешу мақсатында **стратегиялық ғылыми зерттеулер жүргізуге** бөлінеді және конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға негіз – Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы, жалпыұлттық басымдықтар, ұлттық даму жоспарлары, елдің аумақтық даму жоспарлары, саланы/аяны дамыту тұжырымдамасы, ұлттық жобалар, мемлекеттік органдардың даму жоспарлары және стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді іске асыруға бағытталған басқа да бағдарламалар.

Мысалы, жоғары оқу орнының «on-line community» цифрлық кеңістігінде **оқытушылар мен студенттердің** желілік коммуникативтік мәдениетін және

[105] 2022 жылғы ғылым туралы есеп

цифрлық этикетін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындау, оларды іс жүзінде іске асырудың әдістері мен тәсілдерін әзірлеу мақсаты болып табылатын «білім беру және лингвистика саласындағы өзекті мәселелер» бағдарламасының бағыты бойынша №94 ғылыми-техникалық тапсырма оларды әдістемелік қамтамасыз ету, **стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді шешпейді.**

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде осы бюджеттік кіші бағдарлама бойынша **бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және тиімсіз пайдалану тәуекелдері бар.**

Білім мен лингвистикаға арналған ғылыми басылымдарда стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді шешетін неғұрлым жаһандық және кең тақырыптар қамтылуы керек.

Денсаулық сақтау министрлігі

Денсаулық сақтау министрлігінің *(бұдан әрі – ДСМ, Министрлік)* бастапқыда бекітілген жоспары 2023 жыл ішінде **5 рет** түзетілді (нақтыланды), нәтижесінде **9%-ға** немесе 0,184 млрд теңгеге **ұлғайып**, 2 192,6 млрд теңгені құрады.

1,1 млрд теңге атқарылмай қалды *(соның ішінде игерілмегені – 889,3 млн теңге, үнемделгені – 255,1 млн теңге),* бюджеттің пайыздық арақатынаста атқарылуы – **99,9%.** Қаражаттың 56%-ының немесе 498,2 млн теңгенің игерілмеуі «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің *(бұдан әрі – ТМККК)* нақты көрсетілген көлемі үшін ақы төлеуге, сондай-ақ 163,9 млн теңге Израиль-Палестина қақтығысына байланысты шетелде оқудан өту мүмкіндігінің болмауына байланысты *(«Онкология» және «Биоқауіпсіздік» бағыттары бойынша 25 маман оқудан өтпеді),* 120,1 млн теңге балалар хирургиялық орталығының құрылысына арналған ЖСҚ-ның әзірленбеуіне байланысты *(нақтылау кезінде «Назарбаев Университеті» АҚ-ға нысаналы салым шеңберінде «Ана мен бала» ұлттық орталығының ғимаратын реконструкциялау арқылы 350 төсек-орынға арналған балалар хирургиялық орталығының құрылысына» қаражат бөлінді).*

Министрліктің даму жоспарында 2 стратегиялық бағыттың 3 мақсатына қол жеткізумен өлшенетін 15 макроиндикаторға және 16 нысаналы индикаторға қол жеткізу жоспарланған. 15 макроиндикатордың 6-ауы бойынша деректер қалыптастыру мерзімдерінің басталмауына байланысты қалыптастырылмаған *(2024 жылдың екінші жартыжылдығында жарияланатын болады),* бұл Министрліктің стратегиялық

нәтижелерге қол жеткізуін бағалау процесін қиындатады, 6-ауына қол жеткізіліп, 3-еуіне қол жеткізілмеген.

16 нысаналы индикатордың 13-іне *(81,3%)* қол жеткізілді, 3 нысаналы индикатор бойынша деректер қалыптастыру мерзімдерінің басталмауына байланысты қалыптастырылмаған.

25-КЕСТЕ. Қол жеткізілмеген макро- және нысаналы индикаторлар, сондай-ақ есептік деректері жоқ индикаторлар

Атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Қол жеткізу
Макроиндикаторлар			
Халықтың туған кездегі өмір сүруінің болжамды ұзақтығы	74,2	-	Деректер қалыптастырылмаған
Өлім-жітімнің стандартталған коэффициентін төмендету	6,07	-	Деректер қалыптастырылмаған
Нәресте өлімін төмендету	7,4	7,69	Көрсеткішке **қол жеткізбеу** қызылша, көкжөтел, ЖРВИ-мен ауыратын балалардың көбеюіне байланысты қолайсыз эпидемиологиялық жағдай сияқты көптеген факторлардың жиынтығының салдары болып табылады
Ана өлімін төмендету	10,8	11,4	Көрсеткішке **қол жеткізбеу** босанатын әйелдердің экстрагенитальды патологияларының (25 жағдай), сондай-ақ білікті кадрлардың жетіспеушілігінің салдары болып табылатын акушерлік себептердің (20 жағдай) болуына байланысты.
Абайсызда уланудан болатын өлім-жітімді төмендету	1,67	-	Деректер қалыптастырылмаған
Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлімнің стандартталған коэффициентін төмендету	217,2	-	Деректер қалыптастырылмаған
Медициналық мекемелер ұсынатын медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне халықтың қанағаттану деңгейі	73	56,5	**Қол жеткізілген жоқ.** Бағалау ОМО қызметінің нәтижелілігіне бағалау жүргізу шеңберінде «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау» ЖШС-ның әлеуметтік сауалнамасы негізінде жүргізілді
ЖІӨ-ге шаққанда денсаулық сақтауға жұмсалатын жалпы шығыстардың үлесі, %	3,3	-	Деректер қалыптастырылмаған
Жүрек-қан тамырлары, онкологиялық, созылмалы респираторлық аурулардан және қант диабетінен 30-70 жас аралығындағы адамдардың мезгілсіз өлім қаупін төмендету	21	-	Деректер қалыптастырылмаған

Дереккөз: Үкіметтің есебі

Есепті кезеңде түпкілікті нәтиженің жоспарланған 17 көрсеткішінің 14-іне қол жеткізілді, 3-еуі орындалу үстінде *(нысаналы индикаторларға сәйкес келеді, олар бойынша есептік деректерді қалыптастыру мерзімдері басталған жоқ).* Тікелей нәтиженің 88 көрсеткішінің 68 көрсеткішіне қол жеткізілді, 20 көрсеткішке қол жеткізілген жоқ, оның 15-і Ұлттық жобаны іске асыруға байланысты *(«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының тиімділігін бағалау» бөлімін қараңыз).*

Жалпы, бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша мынадай кемшіліктер байқалады:

1. Министрлік тарапынан ЖАО-ның республикалық бюджет қаражатын атқаруы бөлігінде бақылаудың нашар болуы.

Мәселен, Ұлттық қордан өңірлерге *денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға (053.128 ББ)* ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде бөлінген 11,8 млрд теңге жергілікті деңгейде 89,8%-ға немесе 10,6 млрд теңгеге атқарылды. Осыған қарамастан, тікелей нәтиже көрсеткіші 2 есе асыра орындалған *(жоспар бойынша – 910 бірлік болғанымен, 1 800 бірлік медициналық техника сатып алынған).*

Қаражаттың толық игерілмеу себептері **тікелей нәтиженің жоспарланған көрсеткішін есептеудің дұрыстығына, сондай-ақ** денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыру бойынша **мақсатқа қол жеткізуге күмән келтіреді**:

- Палестина-Израиль қақтығысына байланысты Ақмола облысы бойынша бейнеэндоскопиялық кешенді жеткізбеу *(159,7 млн теңге);*

- өткізілмеген конкурстық рәсімдер, Алматы *(157,7 млн теңге),* Атырау *(172,6 млн теңге),* Түркістан *(221,2 млн теңге)* облыстары бойынша теріс клиникалық-техникалық негіздеме алу *(вертикализаторды пайдалану мүмкіндігі жоқ).*

2. Көрсеткіштерді олардың нақты орындалуына қарай түзету. Мысалы, *Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына ТМККК-ні (067.121 ББ) төлеуге берілетін трансферттерді* қаржыландыру өзгермесе де тікелей нәтиже көрсеткіші 4 767-ден 4 240 көрсетілген медициналық қызметке ауыстырылған.

3. Бөлінген қаражат пен тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу арасындағы байланыстың болмауы.

066.104 *«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеуге берілетін трансферттер»* БКБ бойынша 6,5 млрд теңге мөлшеріндегі бюджет толық игерілсе де, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алатын әскери қызметшілер/арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері бойынша емделген жағдайлардың саны» **тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілмеген** *(жоспар – 33 526, іс жүзінде – 19 816).*

Анықтама ретінде: Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараты бойынша бұл стационарлық және стационарды алмастыратын көмекке жүгінушілердің азаюына байланысты.

024 «*Назарбаев Университеті» ДББҰ-ға нысаналы салым*» ББ бойынша «Енгізілген жаңа технологиялардың жалпы санына шаққанда шетелде емделуге мұқтаж пациенттерді емдеуге бағытталған жаңа технологиялардың үлесі» **түпкілікті нәтиже көрсеткішіне толық қол жеткізілсе де** өткізілетін конкурстық рәсімдердің және шарт жасасудың ұзақтығына байланысты **қаражаттың игерілмеу** фактілері орын алып отыр.

Республикалық бюджетті 2023 жылғы желтоқсанда түзету кезінде *«Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь» ШЖҚ РМК жанында орналасқан 120 төсек-орынға арналған көп бейінді аурухана салу бойынша* ЖСҚ-ны *(053.114 ББ)* әзірлеуге бюджетті нақтылау кезінде *(2023 жылғы наурыз)* көзделген 206,2 млн теңге **толығымен қысқартылған**.

Сонымен қатар, 2021 жылы осы жобаны іске асыруға көзделген қаражат *(146,2 млн теңге)* конкурстық рәсімдердің ұзақтығына және «Арх-Комплекс» ЖШС-мен шарттың *(2021 жылғы 17 қыркүйектегі №276)* бұзылуына байланысты қысқартылған.

Нәтижесінде, соңғы 3 жылда ҰОС қатысушыларын, мүгедектерін және оларға жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдарды *(интернационалист-жауынгерлер, иондаушы сәулеленуге ұшыраған адамдар, саяси қуғын-сүргіннің оңалтудан өткен құрбандары, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары)* толыққанды, сапалы, жоғары білікті, мамандандырылған емдеу үшін госпиталь инфрақұрылымы кеңейтілмеді.

Осылайша, Министрлік ЖСҚ-ны әзірлеу рәсімдерін бірнеше жылға созған, ал қаражат бюджетте екі рет резервтеліп, кейіннен қысқартылған, бұл осы бюджеттік бағдарламаның тиімсіз басқарылғанын айғақтайды.

Сондай-ақ, 070.112 «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары» БКБ бойынша техникалық өзіндік ерекшелікке сәйкес келмейтін бактериологиялық ілмектерге арналған инсенераторлардың 24 бірлігін жеткізуге байланысты 35,4 млн теңге игерілмеген *(тікелей нәтиже: 736 бірліктің орнына 577 бірлік лабораториялық және медициналық жабдық сатып алынған, 159 бірлікке орындалмаған).*

Санитариялық авиация

Министрліктің[106] операциялық жоспарының «Өлім-жітімнің стандартталған коэффициентін төмендету» 2 нысаналы индикаторына *(2023 жылы – 1 000 адамға шаққанда 6,07)* қол жеткізу мақсатында «Халықты жедел медициналық көмекпен, соның ішінде медициналық авиациямен қамту» өлшемшарты айқындалды. Осылайша санитариялық авиация арқылы медициналық көмек көрсету үшін *(067.107 БКБ)* 2023 жылы 11 956,7 млн теңге бөлінді, атқарылуы 99,9% деңгейінде қалыптасты.

[106] Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №179 бұйрығымен бекітілген

45-ДИАГРАММА. Санитариялық авиация арқылы медициналық көмек көрсету



Дереккөз: Үкіметтің есебі

ДСМ-ның ақпараты бойынша, 2023 жылы медициналық авиация желісі арқылы медициналық көмек көрсету үшін 2 323 ұшу орындалды немесе өткен жылмен салыстырғанда 34 ұшуға аз. Бұл ретте есепті жылы көлік және медициналық қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді ұлғайту есебінен жұмсалған бюджет қаражаты көлемінің 670,9 млн теңгеге *(11,3 млрд теңгеден 12 млрд теңгеге дейін)* өсуі байқалады.

Бетпе-бет консультациялар жүргізу үшін ұшулардың қысқаруы медициналық қызметтерді қашықтықтан көрсетудің ұлғаюына *(4 769)* байланысты.

Шетелдік клиникалардан *(Түркия – 2, АҚШ, Оңтүстік Корея, Вьетнам, РФ, Чехия – 1-ден)* халы мүшкіл жағдайдағы азаматтарымызды әкелу бойынша 7 ұшу орындалды.

46-ДИАГРАММА. Санитариялық авиациямен медициналық қызмет алған пациенттер, %

Дереккөз: ДСМ

ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК-нің *(бұдан әрі – ҰШМҮО)* 2022-2026 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес санитариялық авиация проблемаларының бірі – **ескірген әуе кемелерін пайдалану**.

Медициналық авиация қызметінің жұмысы Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларымен регламенттелген *(бұдан әрі – Қағидалар)*[107]. Осы Қағидаларға сәйкес пациентті тасымалдау осы өңірдің медициналық авиация бөлімшесінен медициналық авиацияны тарта отырып, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың медициналық ұйымы дәрігерінің алып жүруімен медициналық қызмет көрсетуге өтінім болған кезде ұйымдастырылады және 18 жасқа дейінгі баланы бір туысының алып жүруіне жол беріледі.

Анықтама ретінде: Мамандандырылған немесе арнайы дайындалған әуе кемесін пайдалана отырып медициналық авиация нысанында медициналық көмек көрсету үшін негіздер мынадай жағдайларда:

- пациенттің орналасқан жері бойынша медициналық ұйымда медициналық бұйымдардың және (немесе) білікті бейінді маманның болмауына байланысты медициналық көмек көрсетудің мүмкін болмауы;

- жетуі қиын кезінде (жолдардың болмауы, таулы жер, қажетті медициналық көмектен алыс орналасқан шалғай елді мекендер (учаскелер) және т.б.);

- ЖМЖ көшпелі бригадаларына жер үсті және су көлік түрлерімен медициналық тасымалдауды жүзеге асыру мүмкіндік бермейтін оқиғалар кезінде медициналық көмек көрсету және т б..

Жаңа әуе кемелерін пайдаланудың басымдығына қарамастан, Министрлік орташа қызмет ету мерзімі 40 жылдан асқан, медициналық нұсқада 1 пациентті стандартты зембілде жатқызып, медициналық персоналдың кемінде 2 маманына және еріп жүретін 1 адамға немесе пациенттерді жатқан және отыратын күйде бірлесіп тасымалдауға арналған ескірген АН-2/Як-40 әуе кемелері арқылы жедел медициналық авиациялық көмек көрсету тәжірибесін жалғастыруда.

Анықтама ретінде: Як-40 – 1960 жылдары КСРО-да жасалған әлемдегі алғашқы үш қозғалтқышты, жергілікті авиакомпанияларға арналған 3-класты турбоагрегатты жолаушылар ұшағы. Өндіріс жылдары: 1966-1981 жж. Ан – 2 - кеңестік жеңіл көп мақсатты ұшақ және оның модификациясы. Өндіріс жылдары: 1947 жыл – қазіргі уақытқа дейін.

2023 жылы ҰШМҮО-мен шарттық негізде авиациялық қызметтерді әуе кемелерін пайдаланушы 11 авиакомпания көрсетті.

---

[107] «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы №11 бұйрығы

26-КЕСТЕ. 2019-2023 жылдары санитариялық авиацияның ұшып шығу саны, млн теңге

Әуе кемесінің маркасы	Ұшудың орташа ұзақтығы	2019	Жалпы сомасы	2020	Жалпы сомасы	2021	Жалпы сомасы	2022	Жалпы сомасы	2023	Жалпы сомасы
EC-145 тікұшағы	2,55с	363	489,6	495	1 172,6	670	1 510	470	1 040,1	291	684,1
АН-2 ұшағы	3,93с	1 365	1 102	1 047	981,8	1 234	1 461	1 161	1 234,5	1 278	1 310,1
ЯК-40 ұшағы	5,40с	319	1 888,4	348	1 904,8	418	3 013,1	288	2 702,1	284	3 356
L-410 ұшағы	4,02с	-	-	-	-	36	132,9	72	201,5	110	291,6
Pilatus PC12 ұшағы	4,78с	-	-	-	-	112	926	310	2 729,6	305	3 205

Дереккөз: ДСМ, МЖАЖ

ЖАП-тың 2019-2023 жылдарға жүргізген талдауында атап өтілгендей, 2023 жылы ұшулардың шамамен 70%-ы АН-2 және ЯК-40 ұшақтарымен, 12,5%-ы EC-145 тікұшағымен жүзеге асырылған. Әуе кемелерін пайдалану әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының орташа құны бойынша айқындалатын медициналық авиацияның көлік қызметтері мен медициналық қызметтеріне арналған жыл сайынғы тарифтерге сәйкес қамтамасыз етіледі.

27-КЕСТЕ. ҰШМҰО РМК-нің көлік қызметтері мен медициналық қызметтерге арналған 2019-2023 жылдардағы тарифтері, мың теңге

Әуе кемесінің маркасы/ Қызмет	Ұшудың орташа ұзақтығы	2019	2020	2021	2022	2023
EC-145 тікұшағы	2,55с	632,5	936,6	936,6	936,6	936,6
АН-2 ұшағы	3,93с	270	270	270	328	328
ЯК-40 ұшағы	5,40с	1 092	1 092	1 092	1 328	1 995,5
L-410 ұшағы	4,02с				760	760
Pilatus ұшағы	4,78с				1 750	1 975
санитарлық авиацияның 1 сағат медициналық қызметі	-	144,8	142,4	140,2	148,5	186,7

Дереккөз: МЖАЖ

27-кестеден көріп отырғанымыздай, АН-2 ұшақтарымен көлік қызметтерін көрсетуге арналған тариф авиатасымалдаушылар ұсынған ең төмен тариф болып табылады және соның нәтижесінде пайдаланушылар шарттардың басым үлесін жыл сайын ҰШМҰО РМК-мен жасасады.

ДСМ-ның ақпараты бойынша, АН-2 ұшақтарымен ұшулар еліміздің 15 өңірінде жүзеге асырылады. ҰШМҰО деректеріне сәйкес елді мекендер тізімінде Түркістан қаласы жоқ. Бұл тікұшақтарды қоспағанда, жерде ұшу-қону жолақтарының болмауына және тиісінше әуе кемесін қонуға қабылдауға мүмкіндіктің болмауына байланысты, осыған байланысты ұшулар Шымкент қаласы арқылы жүзеге асырылады. EC-145 тікұшақтарын пайдалану тарифі АН-2 ұшақтарына арналған тарифтен 3 есе дерлік жоғары, сол себепті ДСМ-да ҰШМҰО атынан тікұшақтарды пайдалануға сұраныс төмен. Бұл ретте, EC-145 тікұшағының орташа ұшу ұзақтығы АН-2 ұшақтарымен орташа ұшу ұзақтығынан *(1 - 1, 5 сағатқа)* жылдамырақ.

Пайдалану мерзімі 40-50 жылдан асатын АН-2 ұшақтарының орташа ұшу ұзақтығы шамамен 4 сағатты, ал пайдалану мерзімі 10 жылдан асатын ЕС-145 тікұшақтарының ұшу ұзақтығы орташа есеппен 2,5 сағатты құрайды.

Осылайша, белгілі бір уақыт аралығы науқастарға жедел шұғыл білікті көмек көрсетудің уақтылылығына тікелей әсер етеді. ЖАП-тың бағалауынша, бұл теріс әсер ететін маңызды фактор.

Анықтама ретінде: ДСМ-ның ақпараты бойынша есепті жылы әуе кемесін пайдалана отырып, 1 өлім-жітім тіркелді.

ҰШМҰО-ның[108] ақпаратына сәйкес 2023 жылы «East Wing» АҚ авиакомпаниясы Hawker 750 немесе SRJ 200 ұшақтарын 2023 жылдың соңына дейін сатып алу бойынша әлеуетті өнім берушілермен жұмыс жүргізіп, нәтижесінде өзара уағдаластықтың болмауына байланысты пайдаланушы сатып ала алмаған.

Анықтама ретінде: Ресейлік тәжірибені зерделеу көрсеткендей, санитариялық авиацияда негізінен Ми-8, Ансат маркалы тікұшақтар қолданылады, бұл пациенттермен 12 зембілге дейін 500-ден 1400 км қашықтыққа орта есеппен 3 сағат ішінде тасымалдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ресейлік тарап техникалық сипаттамалары жақсартылған және орташа ұшу ұзақтығы 3,7 сағ болатын жаңа үнемді қозғалтқыштары бар Hawker 700, 800 типті ұшақтармен әуе тасымалымен айналысып жатқанын атап өтеміз.

Санитариялық авиацияны пайдаланудың жылдық қажеттілігін ҰШМҰО жоспарлайды және ол 2023 жылы 2 246 ұшуды құрайды, іс жүзінде 2 323 ұшып шығу жүзеге асырылды, бұл жоспарланған қажеттіліктен 3,4%-ға артық.

Сонымен қатар, Ақмола облысы *(жоспар – 54, іс жүзінде – 46),* Алматы облысы *(жоспар – 90, іс жүзінде – 80),* Батыс Қазақстан облысы *(жоспар - 67, іс жүзінде – 30)* сияқты жекелеген өңірлер бойынша 2021 жылдан бері жыл сайын авиатасымалдауға жоспарланған қажеттілік өтелмей келеді. Бұл ҰШМҰО мен ЖАО арасында ведомствоаралық үйлестірудің болмауына, өңірлерден әуе кемесінің ұшып шығуына негіз болып табылатын өтінімдердің болмауына орай санитариялық авиация қызметтеріне мұқтаж адамдар бойынша жағдайды толық игермеуге байланысты.

Денсаулық сақтау министрлігінен алынған деректер негізінде ЖАП жүргізген талдау барысында ескірген әуе кемелерінде авиациялық отынның орнына автомобиль отыны қолданылатыны атап өтіледі. Мәселен, Ан-2 ұшақтары санитариялық рейстерді орындау үшін АИ-95 маркалы автомобиль бензинін пайдаланады, бұл авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың орын алуын жоққа шығармайды.

Мәселен, Көлік министрлігінің ақпараты бойынша 2019-2023 жылдары санитариялық авиация желісі арқылы 11 оқыс оқиға және 5 авиациялық оқиға *(адам шығынынсыз)* тіркелген.

[108] 2023 жылғы 31 наурыздағы №159/23-АЛА хат

28-КЕСТЕ. 2019-2023 жалдардағы оқыс оқиғалар

Әуе кемесінің маркасы / қызмет	Оқыс оқиға	2019	2020	2021	2022	2023	Оқыс оқиғаның себебі
ЕС-145 тікұшағы	оқыс оқиға	-	-	1	2	-	радиобайланыстың істен шығуы, әуе кемесінің аралық редукторының жоңқалары, электрлік дабыл датчигінде металл бөлшектердің жиналып қалуы
МИ-8 тікұшағы	адам шығынынсыз авиациялық оқиға	-	-	1	-	-	қозғалтқыштың дірілі
АН-2 ұшағы	оқыс оқиға	-	-	1	1	2	метеорологиялық жағдайлардың өзгерістеріне қозғалтқыштың тұрақсыз жұмысы
	адам шығынынсыз авиациялық оқиға	-	2	1	1	-	қатты қону салдарынан әуе кемесінің жануы
ЯК-40 ұшағы	оқыс оқиға	1	1		1		жеткіліксіз жылыту, қозғалтқыштың істен шығуы, қолайсыз ауа райы жағдайлары
АН-24 ұшағы	оқыс оқиға	1					қозғалтқыштың әуе винтін флюгирлеу
ЖИЫНЫ		**2**	**3**	**4**	**5**	**2**	

Дереккөз: КМ

28-кестеден көріп отырғанымыздай, 16 оқиғаның 50%-ы АН-2 (*оқыс оқиға – 4, авиациялық оқиға - 4)* ұшақтарымен ұшу кезінде орын алған және ескірген ұшақтарды пайдалану нәтижесінде сақталып отырған қауіп туралы *(қозғалтқыштар жұмысының метерологиялық жағдайларға тәуелділігін ескере отырып)* пайымдауға негіз береді.

ҰШМҰО-нің жедел өтінімдерін орындау барысында шарттық міндеттемелерді бұзудың салдары болып табылатын проблемалар мен оқыс оқиғалар туындаған жағдайларда авиациялық қызметтерді жеткізушілердің жауапкершілігі Тапсырыс беруші (ҰШМҰО) мен ӘК-ні жеткізуші - пайдаланушылар арасында жасалатын медициналық авиация желісі бойынша авиациялық қызметтерді сатып алудың жыл сайынғы шарттарының ережелерімен реттеледі, мұнда бұзушылық түріне немесе жіберілген сәйкессіздікке байланысты **ұшу уақытының бір сағатына тариф құнынан есептелетін айыппұл санкцияларының пайыздық мөлшерлемелері** айқындалған.

Зерттеулер және консалтингтік қызметтер көрсету

ДСМ-ға зерттеулер жүргізуге және консалтингтік қызметтер көрсетуге 2023 жылы 1 180,6 млн теңге бөлінді, бұл 2022 жылғы шығыстардан **2,3 есе артық**.

Сонымен қатар, Министрлікке бюджетті нақтылау шеңберінде 2 зерттеуге 295 млн теңге бюджет қаражаты бөлінді:

- құны 207,7 млн теңге болатын «Электрондық денсаулық сақтауды дамытудың функционалдық және институционалдық орнықтылығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»:

- құны 87,2 млн теңгені құрайтын «ДДҰ-ның «STEPS» әдістемесі бойынша жұқпалы емес аурулардың қаупі факторларының таралуын анықтау бойынша эпидемиологиялық зерттеулер жүргізу, STEPS нәтижелері мен қауіп

факторларының тұрақты мониторингіне негізделген жұқпалы емес ауруларды эпидемиологиялық қадағалаудың толыққанды жүйесін енгізу».

Нәтижесінде, жоғарыда аталған зерттеулерді жүргізуге **2023 жылғы наурызда** бөлінген бюджет қаражаты 2023 жылғы желтоқсанда түзету кезінде нақты нәтижелерсіз *(БҚДА және «Атамекен» ҰКП-ның оң қорытындыларының болмауы, деректерді алу мүмкіндігінің болмауы)* қайта бөлінді және қысқартылды. Ал, бұл зерттеулерді Ведомствоаралық комиссия[109] өзекті және экономикалық тұрғыдан орынды деп айқындаған болатын.

Жоғарыда айтылғандар бюджеттік бағдарламаның тиімсіз басқарылуын айғақтайды, 9 ай ішінде пайдаланылмаған бюджет қаражатын неғұрлым басым шығыстарға бағыттауға болар еді.

«С. Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК-ге есепті жылы **мемлекеттік тапсырманы** орындау шеңберінде талдамалық зерттеулер жүргізуге, консалтингтік қызметтер көрсетуге 600,2 млн теңге аударылды.

Осы талдамалық зерттеудің халықтың амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуіне қанағаттануын бағалауға, денсаулық сақтаудың ұлттық шоттарын бағалауға, пациенттердің медициналық көмек сапасына қанағаттануын бағалауға және т.б. ішінара бағытталуы байқалады.

Мемлекеттік органдарға жоғарыда аталған мәселелерді өз бетінше зерделеуге мүмкіндік беретін серпінді дамып келе жатқан заманауи ақпараттық технологияларға қарамастан, оларды қаржыландыруға арналған шығыстарды жоспарлау практикасы жалғасып отыр.

ЖАП-тың бағалауы бойынша, бюджеттік шығыстарды оңтайландыру үшін халықтың қанағаттану деңгейі туралы хабардар болу мақсатында IT-технологияларды қолдану практикасын кеңейту, үкіметтік емес ұйымдардың, халықаралық сарапшылардың тәуелсіз әлеуметтанушылық сауалнамалары мен шолуларының нәтижелерін басшылыққа алу қажет.

Осылайша, ЖАП-тың бағалауынша, жалпы Министрлік бойынша **бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару 501,2 млн теңгені құрады** *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және ҚСС ҚБШ-дағы қаражат қалдығын есептемегенде)*.

[109] 2022 жылғы 27 тамыздағы №2 хаттама

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің *(бұдан әрі – Еңбекмині, Министрлік)* бастапқыда бекітілген жоспары 2023 жыл ішінде **5 рет** түзетілді (нақтыланды), нәтижесінде **4 689,3 млрд теңгені құрай отырып, 25,9 млрд теңгеге болмашы** ұлғайды.

13,8 млн теңге *(үнем – 9,8 млн теңге, игерілмегені – 4 млн теңге, өнім берушілердің шарт талаптарын бұзуы себебінен)* атқарылмай қалды. Жалпы бюджеттің атқарылуы 100%-ды құрады.

Даму жоспары бойынша 14 макроиндикатор көзделген, оның 2-еуіне қол жеткізілген, 1-еуіне қол жеткізілмеген, 11-і бойынша *(79%)* деректер қалыптастырылмаған *(2024 жылғы 2 жартыжылдықта жарияланатын болады),* бұл Министрліктің стратегиялық нәтижелерге қол жеткізуін бағалау процесін қиындатады. 12 нысаналы индикатордың 10-ына *(83,3%)* қол жеткізілген, 1-еуіне *(8%)* қол жеткізілмеген, 1-еуі бойынша деректер қалыптастырылмады.

29-КЕСТЕ. Қол жеткізілмеген макро және нысаналы индикаторлар

Атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Қол жеткізілуі
Макроиндикаторлар			
Жұмыс күші артық өңірден жұмыс күші тапшы өңірлерге көшкен адамдардың саны, мың адам.	6,7	6,56	Өңірлердің бөлінісінде ішкі қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасының (қандастарды қабылдау квотасын қоспағанда) дұрыс жоспарланбауына байланысты
Нысаналы индикаторлар			
Жұмыспен қамту органдарында тіркелгендер қатарынан нәтижелі жұмыспен қамтуға тартылған адамдардың үлесі, %	85	83,3	Жұмыспен қамту органдарында тіркелгендердің жалпы санына қысқа мерзімді оқытудан, Бастау Бизнес жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өту үшін **ресми жұмысқа орналасқанға дейін** жүгінген адамдар, грант, жеңілдікті микрокредит алуға үміткерлер және т.б. кіретіндігіне байланысты Нәтижесінде 2023 жылы ресми жұмысқа орналасқанға дейін медициналық көмекке және емделуге қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін *(«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ҚР Заңының 26-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы)* тіркелген адамдардың саны шамамен 50%-ға (*451,9 мың адамнан 667,3 мың адамға дейін*) өсті.

Дереккөз: Үкіметтің есебі

«Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қызметтерін көрсетудің жалпы форматынан халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің атаулы пакеттік шараларына көшу» деген 3-мақсат нысаналы индикаторлар бойынша жоспарлы мәндердің орындалмауы себебінен (*1 нысаналы индикатор орындалмады, 2 нысаналы индикатор алып тасталды*) жоспарланған көлемде іске асырылмады.

«Атаулы әлеуметтік қолдауды күшейту» деген екінші стратегиялық бағыт шеңберінде «Халықтың қамқорлық күтуінен - жеке жауапкершілікке көшу» деген 2-мақсат бойынша тікелей нәтиже көрсеткіші орындалмаса да *(Spinabifida диагнозы бар бір рет қолданылатын катетерлерді алушылар саны азайды, жоспар бойынша – 101, іс жүзінде – 87),* барлық нысаналы индикаторларға қол жеткізілген *(Мұқтаж адамдар қатарынан арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылған мүгедектігі бар адамдардың үлесі (жоспар – 47,7%, іс жүзінде – 47,7%), Мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламаларының іске асырылған әлеуметтік бөлігінің үлесі («Е-Собес» ААЖ базасының деректерін толтыру бойынша) (жоспар – 83%, іс жүзінде – 92,94%)).*

«Азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу» деген үшінші стратегиялық бағыт шеңберінде *«Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қызметтерін көрсетудің жалпы форматынан көшу»* деген 3-мақсат бойынша «Жұмыспен қамту органдарында тіркелгендер қатарынан нәтижелі жұмыспен қамтуға тартылған адамдардың үлесі» нысаналы индикаторы бойынша жоспарланған позицияларға қол жеткізілмеген *(жоспар – 85%, іс жүзінде – 83,3).*

Еңбекмині қызметінде байқалатын нәтижелер көрсеткіштерін сапасыз жоспарлау және олардың бөлінетін қаржыландырумен өзара байланысының болмауы бюджет қаражатын одан әрі тиімсіз пайдалануға негіз болады.

Жалпы, бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша мынадай кемшіліктер байқалады:

Еңбекмині тарапынан ЖАО-ның республикалық бюджет қаражатын атқаруы бөлігінде нашар бақылау. Мәселен, *ҚР мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға (058.105 ББ)* өңірлерге ағымдағы нысаналы трансферттермен бөлінген 156,3 млн теңге іс жүзінде **99,4%-ға** немесе 155,3 млн теңгеге атқарылды.

Бұл ретте «Spinabifida» диагнозы бар бір рет қолданылатын катетерлерді алушылар саны» тікелей нәтиже көрсеткішіне 86,1%-ға қол жеткізілген *(жоспар – 101 адам, іс жүзінде – 87 адам).* Қол жеткізбеу қажеттіліктің төмендеуіне байланысты Павлодар облысы бойынша *(жоспар – 8 адам, іс жүзінде – 4 адам)* және Астана қаласы *(жоспар – 22 адам, іс жүзінде – 11 адам)* бойынша байқалады, бұл **«Мұқтаж адамдар қатарынан арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылған мүгедектігі бар адамдардың үлесі» ББ түпкілікті нәтижесінің көрсеткішіне 100% қол жеткізуге күмән туғызады.**

Жекелеген бағдарламалар бойынша жыл ішінде **тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізбеу** байқалады:

001.111 «ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің күрделі шығыстары» БКБ бойынша 2,8 млн теңге игерілмеген *(154 бірлік есептеу және ақпараттық техника, ұйымдастыру техникасы (жоспар 155 бірлік) сатып алынған, 505 бірлік тұрмыстық техника, медициналық және басқа да жабдықтар сатып алынған (жоспар 511 бірлік)).*

Толық сатып алмау өнім берушілердің шарт талаптарын орындамауына байланысты, нәтижесінде тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілмеген.

Еңбекминінің әлеуметтанушылық зерттеуі

Министрлік 2023 жылға арналған бюджетті бекіту кезінде **«Республика кәсіпорындарында өндірістік жарақаттанудың алдын алу тетіктерін жетілдіру және жұмыскерлердің қауіпсіз еңбекке құқықтарын қамтамасыз ету»** әлеуметтанушылық зерттеуін жүргізуге 15 млн теңге мөлшерінде қаражат көздеді (*001.103 ББ*). Конкурстық рәсімдерді ұзақ уақыт өткізу нәтижесінде бірнеше қайтара шағымдану себебінен конкурс өткізілмеді.

Конкурсты қайта өткізудің орынсыз болуына байланысты *(зерттеу мерзімі – 6 ай)* бұрын жоспарланған қаражат 2023 жылғы қарашада түзету кезінде бюджетке қайтарылды. Сонымен қатар, жоғарыда аталған зерттеу бойынша 2022 жылы конкурстың өтпеуі себебінен 15 млн теңге де бюджетке қайтарылған.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстанның өндірістік кәсіпорындарында еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін зерделеу арқылы өндірістік процестерді ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Осылайша, зерттеу жүргізудің ұзаққа созылған процесі және сайып келгенде, жұмыскерлердің өндірістік жарақаттанудан қорғау жөніндегі құқықтарын бекітетін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Министрліктің осы бағыттағы жұмысының сапасыз екендігін көрсетеді.

ЖАП-тың бағалауынша, былтырғы жағдайдың қайталануын ескере отырып, зерттеу тақырыбын іске асыру мақсатында Министрліктің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге бағдарланған тәсілдер пысықталмаған.

Мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту орталықтарын салу

«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейінің жоғары болуына кепілдік беретінін және әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсететіні туралы атап өтті.

Министрлік мүгедектігі бар адамдарды қоғамға толыққанды интеграциялауға және қолжетімді орта құруға бағытталған, оларды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде **мүгедектігі бар адамдар үшін оңалту орталықтарының** *(058.106 ББ)* **құрылысын** жүргізуде.

2023 жылы әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін салуға және реконструкциялауға нысаналы трансферттер түрінде республикалық бюджеттен 13 860,3 млн теңге бөлінді, өңірлер іс жүзінде аталған қаражаттың 12 076,7 млн теңгесін немесе 87,1%-ын игерді.

30-КЕСТЕ. Өңірлер бөлінісінде әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілген нысаналы трансферттер, млн теңге

Өңір	Бөлінгені	Игерілгені	Атқарылмағаны	Игерілу %-ы
Ақмола облысы	1 550	1 550	-	100
Ақтөбе облысы	3 864,6	2 307,3	-1 557,3	59,7
Атырау облысы	1 000	773,9	-226,1	77,4
Жамбыл облысы	2 180,1	2 180,1	-	100
Батыс Қазақстан облысы	3 786,9	3 786,9	-	100
Түркістан облысы	1 478,5	1 478,5	-	-
ЖИЫНЫ	**13 860,3**	**12 076,7**	**-1 783,4**	**87,1**

Дереккөз: Еңбекмині

Мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту орталықтарын пайдалануға беру жөніндегі жоспарлар Жамбыл облысында ғана іске асырылды. 150 орынға арналған орталықтың құрылысына 5,5 млрд теңге бөлінді. Ашылған орталықта жыл сайын 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар 1000 адам оңалтудан өтеді деп күтілуде. Бұл ретте облыста 45 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұратынын, олардың жартысына жуығы – 1 және 2 топтағы мүгедек адамдар екенін атап өткен жөн.

Қажеттілікті анықтау кезінде өңірдегі мүгедектігі бар адамдардың саны және сәйкесінше, олардың оңалту қызметтеріне қажеттілігі сияқты өлшемшарттар ескерілді. Оңалту орталықтары мүгедектігі бар адамдарды, соның ішінде өңірдің шалғайдағы елді мекендерінен Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына[110] сәйкес тәуліктің күндізгі уақытында ғана емес, сондай-ақ оңалту кезеңінде *(көрсетілетін қызметтерді алушы басқа елді мекенде тұратын жағдайда)* орталықта тәулік бойы тұруды қамтамасыз ете отырып қамтуға тиіс.

Министрліктің мәліметінше, 2023 жылдың соңына дейін Түркістан облысының Кентау қаласында *(2023 жылдың 3-тоқсаны),* Ақтөбе және Жамбыл облыстарында *(2023 жылдың соңына дейін)* мүгедектігі бар адамдар үшін оңалту орталықтарын пайдалануға беру жоспарланған болатын.

Әрбір оңалту орталығының қуаты жылына 1 500 – 1 800 қызмет алушыны құрайды *(3 оңалту орталығы деп есептесек, орта есеппен 4 500 – 5 400 қызмет алушы).* Еңбекминінің ақпараты бойынша қазіргі уақытта бұл қызметке мұқтаж мүгедектігі бар адамдардың саны 3 өңірде 174 мыңнан асады, оның ішінде 79 мыңнан астамы – 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар.

Түркістан облысының Кентау қаласында 200 орындық мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған оңалту орталығының құрылысы 2022 жылы басталды, жобаның құны 2 562,9 млн теңге. Республикалық бюджеттен 2022 жылы 2 306,7 млн теңге бөлінді, 2023 жылы жобаны аяқтауға 256,3 млн теңге сомасында жергілікті бюджет қаражаты бөлінді.

[110] ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 хаты

Алайда, орындалған жұмыстар актілеріне уақтылы қол қойылмауына байланысты жұмыстар мерзімінде *(2023 жылғы 3-тоқсан)* аяқталмады. Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 11 наурыздағы № 32/732 ақпараты бойынша объект пайдалануға және балансқа беруге дайындалуда.

Жалпы құны 5 424,6 млн теңгені құрайтын 2022 жылы басталған *Ақтөбе облысында 150 орындық мүгедектігі бар азаматтарға арналған оңалту орталығының құрылысы* осы уақытқа дейін орындалған жұмыстар актілерінің уақтылы ұсынылмауына байланысты аяқталған жоқ. 2022-2023 жылдары 3 867,3 млн теңге игерілді, 2023 жылы 1 557,3 млн теңге немесе 28,7%-ы пайдаланылмай қалды. Құрылыс жұмыстары 50%-ға жасалған.

Ашылған орталықта жыл сайын 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар 1 500 - 1 800 адам оңалтудан өтеді деп күтілуде. Бұл ретте облыста 29 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұрады, оның ішінде 13 мыңнан астамы 1 және 2 топтағы мүгедек адамдар. Осылайша, осы жобаны іске асырудың созылуына байланысты мүгедектігі бар адамдар оңалту шараларынан шектеліп отыр.

Түркістан облысы, Сауран ауданы, Оранғай ауылдық округінде 50 орындық психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекеме салу үшін бөлінген 1 478,5 млн теңге сома толық игерілді. Ашылған орталықта жыл сайын мүгедектігі бар 1 500-1 800 баланың оңалтудан өтуі жоспарлануда. Облыста 98 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұрады, оның ішінде 13 мыңнан астамы – мүгедектігі бар балалар.

Мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту орталықтары құрылысының төмен қарқынын ескере отырып, Мемлекет басшысының 2025 жылдың соңына дейін 12 оңалту орталығын салу жөніндегі тапсырмасының *(Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысы)* орындалмау қаупі артады.

Мысалы, *«Ақмола облысының Көкшетау қаласында 150 орындық мүгедектерді оңалту орталығының құрылысына үлгілік жобаны байланыстыру»* жобасы бойынша 2023 жылдың бекітілген бюджеті 3 500 млн теңгені құрады, 2023 жылдың соңындағы түзетулерді ескере отырып, бөлінген сома 1 550 млн теңгені немесе жобаның жалпы құнының 22,8%-ын құрады, ол есепті жылдың қорытындысы бойынша толық игерілді. Құрылыс қарқынының төмендеуі жобаның қымбаттауына әкелуі мүмкін екенін атап өткен жөн.

Сондай-ақ «*Атырау қаласында 150 орындық мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту орталығының құрылысы»* жобасы бойынша 2023 жылдың бекітілген бюджеті 1 млрд теңгені құрады, жыл қорытындысы бойынша атқарылмаған қаражат - 226,1 млн теңге немесе 22,6%. Жоба орындалған жұмыстар актілерінің уақтылы ұсынылмауына байланысты іске асырылмаған. Бұл ретте Атырау облысында 25 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұрады, оның ішінде 12 мыңнан астамы – 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, олар уақтылы

оңалтудан өту мүмкіндігінен айырылып отыр.

Жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу

Министрлікке **азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу** стратегиялық бағытын іске асыру мақсатында 2023 жылы республикалық бюджеттен жастарға шағын кредиттер беруге 28 980 млн теңге *(073 «Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесуге кредит беру» ББ)* бөлінді.

Ресми деректер бойынша елдегі жастар жұмыссыздығының деңгейі жалпы жұмыссыздық деңгейінен төмен *(4,7% қарағанда 3,4%).* Сонымен қатар, NEET санатындағы жастардың үлесі алаңдаушылық туғызады, олардың проблемалары оқудан кейін еңбек нарығына көшу кезінде басталады. Білім алу арқылы дағдыларын жетілдірмеген немесе жұмыспен қамту арқылы тәжірибе ала алмаған осы санаттағы жастар еңбек нарығынан тыс қалу және әлеуметтік оқшаулану қаупіне ұшырайды.

IMD 2022 рейтингісіне сәйкес NEET-тің төмен үлесі Жапонияда *(3,1%),* Сингапурда *(4,4%),* Нидерландыда *(4,5%),* Норвегияда *(4,9%)* салыстырмалы түрде төмен. Ең жоғары үлесі – Ботсванада *(39,3%).*

Қазақстанда жұмыспен қамтылмаған, оқуға да тартылмаған жастардың үлесі шамамен 8% немесе 456 мың адамды құрайды. Өңірлер бөлінісінде көрінісі мынадай.

31-КЕСТЕ. Өңірлер бойынша NEET санатындағы жастардың үлесі

	NEET санатындағы жастардың үлесі, пайызбен, 2023
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	**7,9**
Абай	6,2
Ақмола	7,2
Ақтөбе	6,9
Алматы	8,9
Атырау	5,7
Батыс Қазақстан	4,9
Жамбыл	8,6
Жетісу	6,2
Қарағанды	11
Қостанай	7,7
Қызылорда	7,7
Маңғыстау	10,6
Павлодар	6,1
Солтүстік Қазақстан	8,4
Түркістан	10,4
Ұлытау	12,1
Шығыс Қазақстан	3,9
Астана қ.	6,2
Алматы қ.	8,3
Шымкент қ.	5,9

Дереккөз: Qazaqstan: орнықты даму моделіне бағытталу. Жас сарапшылардың көзқарасы.

«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы жастарды жан-жақты қолдауды мемлекеттің әлеуметтік дамуының сөзсіз басымдықтарының бірі ретінде атап өтті. 2023 жылы 100 мыңға жуық жастарды жылдық өсімі 2,5%-дық жеңілдетілген шағын кредит берудің жекелеген тетігін іске асыру арқылы жұмыспен қамтудың түрлі шараларымен қамту жоспарланған болатын.

Анықтама ретінде: қарыз сомасы – 5 млн теңгеге дейін, мөлшерлемесі – 2,5%, қатысу мерзімі – 5 жыл (кез келген мақсатқа), 7 жылға дейін (мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін). Қарыз алушының жасы – 21-ден 35 жасқа дейін. Микрокредиттер сенім білдірілген өкіл (агент) – «Аграрлық несие корпорация» АҚ арқылы беріледі. Микрокредит алу үшін сенім білдірілген өкілге (агентке) жүгінген кезде қарыз алушыны дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі бес жылдан аз. Негізгі борышты және сыйақыны өтеу бойынша жеңілдетілген кезең микрокредит беру мерзімінің ұзақтығының 1/3 аспайды.

32-КЕСТЕ. Жастардың кәсіпкерлік қызметіне жәрдемдесуге арналған кредиттерді өңірлердің нақты атқаруы туралы ақпарат, млн теңге

Облыс	Жоспар	Іс жүзінде	Микрокредиттердің жоспарлы саны	Нақты алынған қарыздар	Атқарылу %-ы	Игерілмегені	Берілмеген микрокредиттердің қалдығы
Жиыны	**28 980**	**26 430**	**5 796**	**5 622**	**100**	**-2 550**	**-174**
Абай	1 055	1 055	211	238	100	-	27
Ақмола	855	855	171	185	100	-	14
Ақтөбе	935	935	187	200	100	-	13
Алматы	1 875	1 875	375	387	100	-	12
Атырау	930	930	186	196	100	-	10
Шығыс Қазақстан	1 090	1 090	218	247	100	-	29
Жамбыл	2 235	2 235	447	483	100	-	36
Жетісу	1 245	1 245	249	269	100	-	20
Батыс Қазақстан	1 190	1 190	238	261	100	-	23
Қарағанды	1 620	1 620	324	365	100	-	41
Қостанай	1 150	995	230	199	86,5	-155	-31
Қызылорда	2 285	2 285	457	492	100	-	35
Маңғыстау	815	815	163	168	100	-	5
Павлодар	785	785	157	172	100	-	15
Солтүстік Қазақстан	650	650	130	150	100	-	-
Түркістан	2 970	2 970	594	625	100	-	-
Ұлытау	345	345	69	72	100	-	-
Алматы қаласы	3 085	985	617	197	31,9	-2 100	-420
Астана қаласы	2 560	2 265	512	453	88,5	-295	-59
Шымкент қаласы	1 305	1 305	261	263	100	-	-

Дереккөз: Қаржымині, Еңбекмині

Бала туудың өсу қарқыны бойынша демографиялық өзгерістерді ескере отырып, жас халықтың қарқынды өсуі оңтүстік және батыс өңірлерде *(2023 жылдың басында 15 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің неғұрлым жоғары үлесі Түркістан (39,5%), Маңғыстау (38,7%), Жамбыл (36,7%), Қызылорда (36,4%), Алматы (33,1%) облыстарда және Шымкент қаласында (37,4%)).*

Бұл ретте солтүстік өңірлерде халықтың болмашы ғана табиғи өсімі және көші-қонның теріс сальдосы *(салыстырмалы түрде егде жастағы халықтың ең жоғары үлесі Солтүстік Қазақстан (18,6%), Шығыс Қазақстан (19,3%), Қостанай (16,8%), Павлодар (15,7%), Қарағанды (15,4%), Ақмола (14,9%) облыстарында)* салдарынан халықтың қартаюы байқалады.

32-кестеден көріп отырғанымыздай, кейбір өңірлер жоспарлау кезінде жоғарыда аталған факторларды ескермеген, бұл бөлінген бюджет қаражатының толық игерілмеуіне әкеп соқтырды. Атап айтқанда ЖАП-тың бағалауынша, Қостанай облысы бойынша жоспарлы көрсеткіштер асырылған. Қарағанды облысына 1,6 млрд теңге, ал Шымкент қаласына 1,3 млрд теңге бөлінген, бұл жоспарлаудың теңгерімсіздігін көрсетеді.

Бюджеттік бағдарламада айқындалған берілген микрокредиттер саны және құрылған жұмыс орындарының саны сияқты тікелей нәтиже көрсеткіштері жобаның мақсатына қол жеткізу дәрежесін толық көлемде көрсетпейді. Жастардың табыс деңгейі, жұмыспен қамту деңгейі, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің ұлғаюы, салық төлеушілердің осы санатынан түсетін салық түсімдерінің ұлғаюы сияқты әл-ауқат дәрежесін сипаттайтын индикаторлар жоқ.

Талдау жүргізу қорытындысы бойынша 2023 жылдың 11 айында 4 958 субъектіге берілген қарыздар бойынша деректерді МКК ұсынған деректермен салыстыру кезінде мыналар анықталды.

Жоғарыда айтылғандай, кредит беру шарттарының бірі қарыз алушыны дара кәсіпкер *(бұдан әрі - ДК)* ретінде тіркеу болып табылады. Сонымен қатар, **тіркелмеген ДК-ге қарыз беру** фактісі бар. Атап айтқанда, 4,9 млн теңге мөлшеріндегі қарызды «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның Шығыс Қазақстан өңірлік филиалы **2023 жылғы 25 мамырда** *(№8-ВКФ-М банктік қарыз шарты)* берген, қарыз алушы «Саят» ДК ретінде **2023 жылғы 14 маусымда** немесе қарыз берілгеннен кейін күнтізбелік 20 күн өткен соң тіркелген.

Сондай-ақ ЖАП мынадай өлшемшарттарға сәйкестігіне бағалау жүргізді:

- 2023 жылдың 1 жартыжылдығы/ 2023 жылдың 9 айындағы **тауарлар мен қызметтерді сату бойынша айналымдардың болмауы** *(салық заңнамасында белгіленген есептілікті ұсыну мерзімдеріне қарай)* және **2023 жылдың 11 айы ішінде 1 924** кәсіпкерлік субъектісінде **бюджетке** салықтар *(оның ішінде міндетті әлеуметтік аударымдар)* төленбеуі немесе **7 654,2 млн теңге** мөлшерінде микрокредиттер алынған қарыз алушылардың жалпы (*4 959*) санының шамамен 40%-ы, бұл бөлінген бюджет қаражаты сомасының **33,2%-ын** құрайды *(Еңбекминінің 2023 жылғы 11 айдағы деректері бойынша **23 080,9 млн** теңге);*

- **қызметті тоқтата тұру** – қарыздарды алғаннан кейін қызметін тоқтатқан 249,3 млн теңгеге қарыз сомасы бар 65 ШОК субъектісі *(1,3%),* оның ішінде 15 қарыз алушы қызметін тоқтата тұру кезеңінде бола отырып, 50 млн теңгеге микрокредит ресімдеген;

- кәсіпкерлік **қызметті тарату** және жүзеге асыруды **тоқтату** – 362 млн теңге мөлшерінде алынған қарыз сомасымен 97 субъект *(2%),* оның ішінде **2 ДК қарыз алғаннан кейін 1 ай ішінде, 9 ДК қарыз алғаннан кейін 2 айдан кейін таратылған**.

Осылайша, ЖАП-тың бағалауынша, сомасы 362 млн теңге бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану тәуекелдері байқалады, бұл Еңбекминінің ақпаратына сәйкес келеді, мұнда оператор алынған микрокредиттердің нысаналы мақсатын растамаған.

Бұл жұмыссыздық деңгейін төмендету және жұмыссыз азаматтарды нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту бағдарламасының негізгі мақсатына қол жеткізбеудің ықтимал тәуекелдерін, сондай-ақ қарыз алушының кәсіпкерлік қызметінің тоқтатылуына байланысты берілген микрокредиттердің қайтарылмау тәуекелін айғақтайды.

Министрлік «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-мен бірлесіп бюджет қаражатының пайдаланылуына мониторинг пен бақылау жүргізбейді.

Осыған байланысты, ЖАП кредиттік келісімнің қолданылу кезеңінде кредит сомасы пайдаланылмаған немесе толық пайдаланылмаған, кредиторлар орналастырылатын қаражатты мақсатына сай пайдаланбаған, толық және ішінара игермеген жағдайларда операторға кредиторларға қатысты шараларды қолдану, соның ішінде кредиттік келісімді мерзімінен бұрын бұзу және (немесе) орналастырылған қаражатты басқа кредиторлар арасында одан әрі қайта бөле отырып кері қайтарып алу құқығын беру тұрғысынан Жастарға микрокредит беру қағидаларын қайта қаруды ұсынады.

Бюджет қаражатының қайтарылмау тәуекелдерін болдырмау мақсатында операторға қарыз алғаннан кейін 3 жыл ішінде жеңілдікті кредит алушылардың мәлімделген қызметті нақты жүзеге асыруы тұрғысынан тоқсан сайын мониторинг жүргізу ұсынылады.

Еңбекминінің ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуі

Министрліктің ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 2023 жылы 2 082,8 млн теңге бөлінді, игерілуі – 100%. Еңбекминінің әлеуметтік-еңбек саласының автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін *(бұдан әрі – ААЖ)* әзірлеуді, сүйемелдеуді және дамытуды «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ *(бұдан әрі – «ЕРДО» АҚ)* ведомстволық бағынысты ұйымы жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта «ЕРДО» АҚ әлеуметтік-еңбек саласының 16 АЖ-сын мынадай: еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік сақтандыру, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік қолдау, арнаулы әлеуметтік қызметтер және көші-қон бағыттары бойынша сүйемелдейді.

ЖАП-тың аудитімен Еңбекмині АЖ және бірқатар мемлекеттік органдардың халыққа жедел қызмет көрсетуге кедергі келтіретін интеграциясының жоқтығы анықталды. Атап айтқанда:

- «Қандас» ААЖ-ның ҒЖБМ-ның «Ұлттық білім беру деректер базасы» АЖ-мен *(этникалық қазақтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларын көрсету уақытын қысқарту үшін білім туралы мәліметтерді электрондық түрде алуға, сондай-ақ білім туралы ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге мүмкіндік бермейді),* ҰҚК-нің «Бүркіт» БАЖ-мен *(азаматтардың орын ауыстыруының және олардың құжаттарын бақылауға мүмкіндік бермейді. осылайша, шекарадан өту туралы ақпараттың болмауы ұнамсыз адамдар немесе олардың өкілдері үшін қызметтерді беру/өткізу тәуекелдеріне ие),* Әділетминінің «Е-Нотариат» АЖ-мен *(жүйеде жұмыс істеу кезінде құжаттардың түпнұсқалылығы мен тұтастығын растау үшін талап етілетін нотариат куәландырған құжаттарды сұратуға мүмкіндік бермейді);*

«Шетелдік жұмыс күші» ААЖ ҰҚК-нің «Бүркіт» БАЖ-мен *(шетелдік жұмыс күшінің шекараны кесіп өтуі жөніндегі деректерді алу бөлігінде, бұл ҚР шекарасы арқылы азаматтардың осы санатының келуін /кетуін бақылауды неғұрлым тиімді есепке алуды және бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берер еді),* ДСМ-ның «Даму» және «Үміт» АЖ-мен *(еңбек иммигранттарының медициналық анықтама (075) және медициналық сақтандыруды алуы бөлігінде. Интеграция медициналық сақтандыруды алу үшін жалған құжаттарды тіркеуге тырысу тәуекелдерін жоюға мүмкіндік берер еді).*

Еңбекмині *(«Мүгедектердің орталық деректер базасы»)* мен халықтың, медициналық ұйымдардың *(Дамумед; Жетісу; Антис-Мед; Инфомед; Авиценна; Elsi Med және т.б.)* ақпараттық жүйелері арасында интеграцияның болмауы себебінен мүгедектікті көзбе-көз форматта белгілеу үшін медициналық-әлеуметтік сараптамаға арналған барлық медициналық құжаттама тек қағаз жеткізгіштерде қабылданады.

Осылайша, ЖАП-тың бағалауынша, жалпы Министрлік бойынша **бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару 377 млн теңгені** құрады *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және ҚСС ҚБШ-дағы қаражат қалдықтарын есепке алмағанда).*

Мәдениет және ақпарат министрлігі



Мәдениет және ақпарат министрлігінің *(бұдан әрі – Министрлік, МАМ)* бастапқыда бекітілген қаржыландыру жоспары 2023 жыл ішінде 7 **рет** түзетілді (нақтыланды), нәтижесінде **2,8%-ға** немесе 4,9 млрд теңгеге **азайтылып,** 165,1 млрд теңгені құрады. Дегенмен, жыл қорытындысы бойынша 2 млрд теңге атқарылмай қалды, бюджеттің атқарылуы – **98,8%**.

Қаражаттың орындалмауы жоспарланған іс-шараларды уақтылы өткізбеу және шарттар жасаспау *(003, 033 ББ),* өнім берушілердің шарт талаптарын бұзуы *(046 ББ)* салдарынан қалыптасты.

Министрліктің даму жоспарында **11** макроиндикатор көзделген, олардың ішінде: 5-уіне *(45,5%)* – қол жеткізілді, 6-уы *(54,5%)* бойынша жылдық есептік деректер 2024 жылғы 2-жартыжылдықта қалыптастырылатын болады және **24** нысаналы индикатор көзделген, олардың ішінде 2-уіне *(8,3%)* – қол жеткізілмеді, 22-іне *(91,7%)* толық көлемде қол жеткізілді.

33-КЕСТЕ. Қол жеткізілмеген макро- және нысаналы индикаторлар, сондай-ақ есептік деректер жоқ индикаторлар

Атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Қол жеткізу
Макроиндикаторылар			
Дүниежүзілік банктің халықтың пікірін есепке алу және мемлекеттік органдардың есептілігі индексі (Voice and Accountability), *процентиль*	35	-	Деректер қалыптастырылмаған
Дүниежүзілік банктің саяси тұрақтылық және зорлық-зомбылықтың/терроризмнің болмауы индексі, *процентиль*	49	-	Деректер қалыптастырылмаған
«Ақпарат және байланыс» саласында еңбек өнімділігінің өсімі, *2019 жылғы деңгейден 2019 жылғы бағамен өсім %*	23,8	-	Деректер қалыптастырылмаған
Музейлер мен тарихи-мәдени мұра объектілеріне келуді ұлғайту, *2019 жылғы деңгейден %*	2		Деректер қалыптастырылмаған
Кітапханаларға келуді арттыру, *2022 жылғы деңгейден %*	2		Деректер қалыптастырылмаған
«Оқитын ұлт» жобасы шеңберінде халықтың кітап оқу белсенділігін арттыру	31		Деректер қалыптастырылмаған
Нысаналы индикаторлар			
Кәсіби даярлық деңгейін арттырған мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің саны, *адам*	6	0	Мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілмеген конкурстар себебінен қол жеткізілмеді
«Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ жаңғыртуды қамтамасыз ету, *%*	100	85,66	Жабдық құнының қымбаттауына және ҚЭН-ге түзетулер енгізу қажеттілігіне байланысты қол жеткізілмеді

Дереккөз: Үкімет есебі

Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде 158 тікелей нәтиже көрсеткіші және 30 түпкілікті нәтиже көрсеткіші көзделген, олардың ішінде сәйкесінше 19-ына *(2023 жылғы 23 желтоқсанда «Қазтелерадио» АҚ профилактикалық жұмыстар жүргізуіне байланысты «МИР» МТРК-ның телехабар тарату көлемі 207,8 сағатқа азаюы; «Жастар арасында ақпараттық сауаттылықты дамыту» жобасы бойынша сот талқылаулары; өткізілмеген конкурстар, техникалық сипаттамаларға сәйкес келмеуі және т.б.) және 2-уіне (нысаналы индикаторларға сәйкес келеді)* қол жеткізілмеді.

Бюджеттік бағдарламалардың орындалуын талдау барысында бөлінген қаражат пен нәтижелер көрсеткіштері арасында **өзара байланыстың жоқ** екені байқалады. Мәселен, бюджеттің толық атқарылуына қарамастан, түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижелерімен өзара байланыстылық жоқ.

Мысалға, «Жалпы Қазақстандық кинопрокат көлеміндегі отандық фильмдердің үлесі» түпкілікті нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілген кезде *(жоспар – 18%, іс жүзінде – 19,3%),* 033.118 «Ұлттық фильмдерді қолдау және ілгерілету жұмыстарын ұйымдастыру» ББ бойынша 2 069,3 млн теңге жоспарланған соманың 137,1 млн теңгесінің игерілмеуіне жол берілді, бұл 6,6% құрайды.

«Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ-ның жарғылық капталын ұлғайту

«Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайтуға 366,7 млн теңге мөлшерінде қаражат толық аударылса да *(050 ББ),* «Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ-ның жаңғыртылуы 85,66%-ға *(жоспар бойынша 100%)* орындалған, яғни түпкілікті нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілмеген. Аталған жағдай 2 жыл бойы қайталанып келеді *(2022 жылғы жоспар – 94,8%, 2022 жылы іс жүзінде – 49%).*

2022 жылы қол жеткізілмеу техникалық өзіндік ерекшеліктерді ұзақ уақыт келісумен, арнайы көлікті сатып алатын әлеуетті өнім берушілердің болмауымен түсіндіріледі, бұл өз кезегінде қымбаттауына және ҚЭН-ге түзетулер жүргізу қажеттілігіне әкеп соқтырды.

Бұдан басқа, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің ҚБШ-да «Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ есебінде мемлекеттік сатып алуды жүргізу жұмыстарын нашар ұйымдастыру салдарынан *(шарттарды кешіктіріп жасасу және бұзу, ұзақ уақыт келісу және т.б.)* 2021 жылы пайда болған 1 693,8 млн теңге *(2022 жылдың басында 2 446,6 млн теңге)* пайдаланылмаған қалдық бар. Үкіметтің есебіне сәйкес 2022 жылдың басындағы қалдықты 2022 жылдың I тоқсанында игеру жоспарланған, алайда, нақты игеру тек 752,8 млн теңге немесе 31% құрады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша осыған ұқсас арнайы көлік құралдары мен жабдықтардың нарықтағы құнының көтерілуі, сондай-ақ бағамдық айырманың пайда болуы себебінен сомасы 653,5 млн теңге *(2023 жылдың басында – 1 693,8 млн теңге)* пайдаланылмаған қалдық есепте тұр, бұл қымбаттауына және ҚЭН-ге түзетулер жүргізу қажеттілігіне әкеп соқтырды.

Ұлттық фильмдерді қолдау және ілгерілету

Мәдениет және өнер саласындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында Министрлік *ұлттық фильмдерді қолдау және ілгерілету жұмыстарын (033.118 ББ)* жүзеге асыруда. Есепті жылы бюджеттен 2 069, 3 млн теңге бөлініп, 1 932,2 млн теңге немесе 93,4% игерілді. 102,8 млн теңгенің игерілмеуі қызмет көрсету кестесінен артта қалуы себебінен қалыптасты.

«Кинематография туралы» 2019 жылғы 3 қаңтардағы ҚР Заңының *(бұдан әрі – Кино туралы заң)* 11-бабына сәйкес ҚР аумағында фильмдерді жүйеге келтіру және есепке алу мақсатында уәкілетті орган Фильмдер мониторингінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін *(бұдан әрі – БААЖ)* жүргізеді.

Жобалау тапсырмасына[111] *(бұдан әрі – ЖТ)* сәйкес, **БААЖ-ды** өнеркәсіптік пайдалануға **беру мерзімі 2020 жылғы желтоқсан** болып айқындалған. Алайда, бүгінде бұл жұмыс орындалмаған, **БААЖ өнеркәсіптік пайдалануға берілмеген.**

БААЖ-ды іске асыру нәтижесі бойынша пайдаланушыларға фильмдерді **прокаттау**[112], күні, аптасы, айы мен жылы бөлінісінде өңірлерді таңдау бойынша кіші бөлімі, **алымдардың, көрермендердің, сеанстардың саны, сеанстың орташа алымы, ақылы көрсетілетін фильмнен түсетін жалпы алымның сомасы** қолжетімді болуы тиіс.

Сондай-ақ, фильмдерді көрсетушілер мен мемлекеттік органдардың қызметкерлері тарапынан фильмдерді прокаттау туралы мәліметтерді жинау бөлігінде адамның қатысуы болмайды, кино көрсетуді және фильмдер шығаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі туралы статистикалық мәліметтерді жинау және өзекті ету рәсімдері жеңілдетіледі, кино көрсетуді және фильмдер шығаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі туралы жинақталған мәліметтер мен деректерді мүдделі мемлекеттік органдардың қайта пайдалану мүмкіндігі беріледі.

БААЖ-ды іске асыру мерзімін созу отандық киноны шығару және прокаттау процесінде ашықтықтың болмауына алып келеді. Бұл, өз кезегінде, кинематография саласының тиімділігін арттыру мақсатында фильмдерді *(бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жеке инвестициялар есебінен қаржыландырылатын)* шығару бойынша сенімді және сапалы талдау қалыптастыруға, оның табыстылығын *(шығындылығын)* айқындауға мүмкіндік бермейді.

2019 жылға дейін фильмдерді мемлекеттік қаржыландыру «Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясы» АҚ *(бұдан әрі – «Қазақфильм» АҚ)* арқылы жүзеге асырылды. Қаржы-шаруашылық қызметті талдау нәтижелері бойынша ұйымның шығынға ұшырағаны анықталды.

34-КЕСТЕ. «Қазақфильм» АҚ-ның 2016-2022 жылдардағы қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпарат, млн теңге

Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
Кірістер	3 054,3	7 249,2	8 111,1	4 155,6	1 216,6	3 625,7	2 856,7
Шығыстар	3 015,4	7 302,6	8 218,1	4 268,4	1 653,9	3 790,9	3 665,1
соның ішінде ЕТҚ бойынша шығыстар	*574,7*	*1 073,2*	*1 304,0*	*976,1*	*479,1*	*937,7*	*814,8*
ТАЗА ПАЙДА/(ШЫҒЫН)	**- 10,5**	4,4	**- 45,6**	**- 108,7**	**- 367,4**	**- 187,4**	**- 881,5**

Дереккөз: МАМ

[111] ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі 2019 жылғы 24 желтоқсанда бекіткен
[112] ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі 2019 жылғы 24 желтоқсанда бекіткен Жобалау тапсырмасының 4.4.1-тармағы (14-бет)

34-кестеден көріп отырғанымыздай, өткен жылдармен салыстырғанда, 2022 жылғы шығын айтарлықтай ұлғайып, 881,5 млн теңгені құрады. 2021 жылдан бастап ұйымның қызметі жарғылық капиталды толықтыру есебінен де жүзеге асырылады *(2021 жылы – 3 885,9 млн теңге, 2022 жылы – 2 863,8 млн теңге),* бұл ұйым менеджментінің жұмысы жеткілікті түрде тиімді емес екенін көрсетеді және тұтастай алғанда қызметті басқару тәсілдерін қайта қарауды талап етеді.

2016 жылдан бастап «Қазақфильм» АҚ-ға республикалық бюджеттен 24,6 млрд теңге бөлінді *(34 толық метражды көркем фильмге 22 млрд теңге, 60 деректі, 6 анимациялық, 22 қысқа метражды көркем фильмге жалпы сомасы 2,6 млрд теңге).*

35-КЕСТЕ. 2016-2022 жылдары «Қазақфильм» АҚ арқылы республикалық бюджеттен қаржыландырылған көркем фильмдер және олардың прокаттағы алымдары туралы ақпарат

№ р/с	Кинокартинаның атауы	Картинаның жалпы бюджеті, млн теңге	Прокаттау кезеңіндегі алымдар, млн теңге	Құнының %
1	«Оралман» («Төре-там»)	217,3	0,8	0,4
2	«Өгей туыс» («Маленький принц нашего города»)	155,6	0,5	0,3
3	«Әмре» (Париждегі ән)	470	23,3	5
4	«Алмас қылыш» («Алмазный меч»)	80	13,5	16,9
5	«Талан»	210	0,043	0,02
6	«Ең сұлу» («16 Қыз-2» («14 Қыз»)	225	3,3	1,5
7	«Әруақ» («В тени ветвей над косогором»)	300	0,007	0
8	«Балуан Шолақ»	720	1,1	0,16
9	«Саташ» («Шала казах»)	100	0,023	0,02
10	«Река»	450	0,05	0,01
11	«Тренинг личностного роста» («Мир мечты»)	250	0,161	0,06
12	«Ночной бог» («Рассвет»)	100	0,003	0
13	«Композитор»	1 229	0,414	0,03
14	«Астана» киноэпопеи «Путь Лидера» («В эпицентре мира. Путь Лидера»)	2 100	3	0,14
15	«Қазақ хандығы. Алтын тақ» («Алтын тақ»)	300	7,3	2,44
16	Томирис	3 850	531,6	13,8
17	«Ұлы дала таңы» («В потоках истории: Обретая вечность. Касымхан»)	3 800	110	2,9
Жиыны:		**14 556,9**	**695,1**	**4,8**

Дереккөз: МАМ

Талдау көрсеткендей, фильмдер шығаруға жұмсалған және прокатқа шығарылған қаражаттың жалпы сомасынан *(14 556,9 млн теңге)* алым небәрі 695,1 млн теңгені немесе 4,8% құрады, бұл прокаттағы алымның деңгейі айтарлықтай төмен екенін көрсетеді. «Әруақ» *(«В тени ветвей над косогором») (300 млн теңге шығынмен 7 мың теңге),* «Композитор» *(1 229 млн теңге шығынмен 0,4 млн теңге)* сияқты және басқа да картиналар ең аз табыс тапты.

Жалпы сомасы 297,3 млн теңгені құрайтын толықметражды көркем фильмдер прокатқа шықпады *(бюджеті 37 млн теңгені құрайтын «Оазис» («Руслан»), бюджеті 50 млн теңгені құрайтын «Құмдағы іздер», бюджеті 207,3 млн теңгені құрайтын «Шыңырау»).*

Сондай-ақ, жалпы сомасы 7 423,6 млн теңгеге толықметражды көркем фильмдер туралы ақпарат ұсынылмады. 1 807 млн теңгеге деректі фильмдер негізінен телеарналарда және тақырыптық іс-шараларда көрсетілуге арналған, 630 млн теңгеге анимациялық фильмдер телеарналарда көрсетілуге арналған, 189,4 млн теңгеге қысқа метражды көркем фильмдер кинофестивальдерде көрсетілуге арналған.

«Кинематография туралы»[113] Заң қабылданғаннан кейін 2019 жылдан бастап ашық конкурстар арқылы мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету үшін жобаларды іріктеу функциясы Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығына *(бұдан әрі – ҰККМО)* берілді. Мәселен, оның жұмыс істеген кезеңінде 2019-2023 жылдар аралығында жалпы сомасы 17 723 млн теңгеге 100 кинокартина қаржыландырылды, оның ішінде 19 көркем фильм прокатқа шықты, бұл 19% құрайды.

Жалпы сомасы 10 918,2 млн теңгеге көркем фильмдер бойынша МАМ прокатқа шыққаны туралы ақпарат ұсынбады. Бюджеті 100,6 млн теңгені құрайтын «Ағайындылар» көркем фильмі прокатқа шықпады, бірақ XVI «Еуразия» халықаралық кинофестивалі және Hainan Island International Film Festival аясында көрсетілді.

36-КЕСТЕ. 2019-2023 жылдары ҰККМО арқылы қаржыландырылған көркем фильмдер және олардың прокаттағы алымдары туралы ақпарат

№ р/с	Кинокартинаның атауы	Кинокартина өндірушісі (студия)	Картинаның жалпы бюджеті (ҚҚС-мен), млн теңге	Прокаттағы апталар саны	Прокаттау кезеңіндегі алымдар, млн теңге	ҰККМО-ға түскен кіріс, млн теңге	Құнының %
1	«Боксер» К/Ф	«SATAI FILM» ЖШС	900	6	25	5	2,8
2	«Время патриотов» К/Ф	«Atlas Entertainment» ЖШС	1 000	4	137,5	27,5	13,8
3	«Жизнь» К/Ф	«EMIR BAIGAZIN production» ЖШС	500	1	0,7	0,042	0,1
4	«На старте» (Alga) К/Ф	«Golden Man Media» ЖШС	468,5	8	15,5	2,5	3,3
5	«Хардкор» (Схема) К/Ф	«MEDEOR» ЖШС	300	3	21,8	4,4	7,3
6	«Ақын» К/Ф	Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ	246,1	2	7,4	1,5	3
7	«Слепая любовь» К/Ф	«Фонд Дениса Тен» ҚБ	60	2	3,2	-	5,3
8	«Обучение Адемоки» К/Ф	Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ	240	2	13	-	5,4
9	«Нартай» К/Ф	«Eurasia film production» ЖШС	380	5	4	-	1,1
10	**«Каникулы оффлайн 2» К/Ф**	**«ASTANA FILM FUND» ЖШС**	**38,2**	**8**	**95**	**21,9**	**148,7**
11	«Огонь» К/Ф	A Team ЖК	37,3	3	6	0,9	16,1
12	«Лето 1941-го года» К/Ф	«Медетфильм» ЖШС	697,2	3	2,2	8,1	0,3

113 2019 жылғы 3 қаңтардағы № 212-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы

№ р/с	Кинокартинаның атауы	Кинокартина өндірушісі (студия)	Картинаның жалпы бюджеті (ҚҚС-мен), млн теңге	Прокатталған апталар саны	Прокаттау кезеңіндегі алымдар, млн теңге	ҰҚҚМО-ға түскен кіріс, млн теңге	Құнының %
13	**«Дос-Мұқасан» К/Ф**	**«Aray Media Group» ЖШС**	**424,8**	**10**	**503,2**	**41,0**	**18,5**
14	«Ақ боз үй» К/Ф	«Asau art films» ЖШС	365,7	3	2,6	0,5	0,7
15	«Боран» К/Ф	«NRK Production» ЖШС	188,4	1	0,6	-	0,3
16	«Хирург» К/Ф	«АРДФИЛЬМ» ЖШС	240	3	1,1	0,35	0,5
17	«Паралимпиец» К/Ф	«Bairakimov&Kairzhanova Presents» ЖК	141,6	4	25,6	8,6	18,06
18	«Молочная девочка» К/Ф	«H-POINT» ЖШС	136,3	1	0,2	0,7	0,13
19	«Беркут» К/Ф	«TERRA MOTORS Astana» ЖШС	340	4	254,4	28,6	74,8
Жиыны:			**6 704,1**	**73**	**1 119**	**151,6**	**16,7**

Дереккөз: МАМ

Талдау көрсеткендей, 2019-2023 жылдар аралығында прокатқа шыққан кинокартиналарды жасауға 6 704,1 млн теңге жұмсалды, өтелімнің жалпы пайызы – 16,7%, бұл «Қазақфильм» АҚ арқылы қаржыландыру прокатының алым мөлшерінен едәуір асады *(4,8%),* алайда, бұл картиналарға жұмсалған бюджеттің үштен бірін де жаппайды *(«Дос-Мұқасан» және «Офлайн демалыс 2» фильмдерін қоспағанда).*

ҰҚҚМО-дағы кіріс сомасы *(151,6 млн теңге)* 6290 «Өзге де кірістер» шоты бойынша есепке алынады және оларды жарғылық қызмет шеңберінде дамытуға бөлінеді[114].

Кинокартиналарды прокаттауға байланысты бірқатар мәселелер қолданыстағы заңнаманы жетілдіруді талап етеді. Мәселен, **кинокартиналарды прокаттаудан кинотеатрлар үлесінің нормасы** реттелмеген. Кинокартиналарды прокаттаудың әлемдік тәжірибесінде кинотеатр әдетте фильмнің кассалық жиынының 50%-на тең үлесін алады, Қазақстанда кинотеатрға 50%-дан асатын үлесі түсуі мүмкін жағдайлар байқалады.

Министрлік ұсынған кино алымдары туралы ақпарат Comscore.com *(RENTRAK)* интернет – көзінен ҰҚҚМО қарызға алған прокаттағы алымдар сомасы туралы мәліметтер негізінде қалыптастырылған, бұл өз кезегінде уәкілетті органдарда оның орталықтандырылған есебі мен мониторингінің жоқтығын көрсетеді және **қысқа мерзімде** ҚР аумағында **БААЖ-ды қолданысқа енгізудің маңыздылығын растайды**.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ЖАП **Мәдениет және ақпарат министрлігіне** мыналарды ұсынды:

[114] Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығы

- ЦДИАӨМ және «ҰАТ» АҚ-мен бірлесіп, бюджет қаражаты есебінен де, жеке инвесторлардың қаражаты есебінен де қаржыландырылатын фильмдерді шығару және прокаттағы алымдар туралы ақпаратты көрсете отырып, БААЖ-ды өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жұмыстарын жеделдету;

- БААЖ-ды жүргізу қағидаларында фильмдер шығаруды және кино көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі, бюджет қаражаты есебінен де, жеке инвесторлардың қаражаты есебінен де қаржыландырылатын фильмдерді ақылы көрсетуден алынатын алымдар сомасы туралы мәліметтерді есепке алу туралы ақпаратты енгізу жөніндегі талапты көздеу;

- «prime-time» кезеңінде қазақ тіліндегі *(қазақ тіліне дубляждалған)* фильмдердің үлесін арттыра отырып, мәдени бірегейлікті сақтау мақсатында отандық фильмдерді *(ПРОМО-акцияларды пайдалану, әлеуметтік-белсенді блогерлерді, инфлюенсерлерді тарту)* танымал ету жөніндегі жұмысты күшейту.

Театр-концерттік ұйымдар

Еліміздің бірыңғай мәдени кеңістігін дамыту жөніндегі бірінші стратегиялық бағытты іске асыру мақсатында Министрлік театр-концерттік ұйымдардың *(бұдан әрі – ТКҰ)* шығындылығына байланысты оларды субсидиялау *(033.106 ББ)* арқылы жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Министрліктің мәліметінше, 2021-2023 жылдар аралығындағы кезеңде ТКҰ күтіп-ұстауға арналған шығыстар бойынша оң серпін белгіленді. Мәселен, 2023 жылы бұл көрсеткіш 24 464,3 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 3 995,7 млн теңгеге немесе 19,5%-ға ұлғайды. Бұл ретте шығыстарды қаржыландырудың негізгі үлесі республикалық бюджетке *(субсидияларға)* тиесілі, олар да (*2021 жылдан бастап 13 475,2 млн теңгеден немесе 21 728,1 млн теңгеге) (89%)* 89%-дан 91%-ға дейін ұлғайды.

37-КЕСТЕ. Театр-концерттік ұйымдардың 2021-2023 жылдар кезеңіндегі шығыстары туралы ақпарат, млн теңге

№ р/с	Атауы	2021 жыл субсидиялар үлесі, %	2022 жыл субсидиялар үлесі, %	2023 жыл			
				Барлық шығыс	РБ-дан субсидиялар есебінен	Жеке қаражаты есебінен	Субсидиялар үлесі, %
1	«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры» КеАҚ	90	92,0	6 461,6	5 756,7	704,8	89,1
2	«Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры» РМҚК	85	86,2	3 475,5	3 126,2	349,3	89,9
3	«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» РМҚК	93	91,0	2 540,6	2 370,6	170	93,3
4	«Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры» РМҚК	98	96,7	2 107,1	1 959,6	147,5	93,0
5	«Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы» РМҚК	92	91,6	1 916,5	1 708,8	207,8	89,2
6	«М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры» РМҚК	90	85,5	1 647,1	1 450	197,1	88,0

№ р/с	Атауы	2021 жыл субсидиялар үлесі, %	2022 жыл субсидиялар үлесі, %	2023 жыл			
				Барлық шығыс	РБ-дан субсидиялар есебінен	Жеке қаражаты есебінен	Субсидиялар үлесі, %
7	«Михаил Лермонтов атындағы ҰОДТ» РМҚК	75	71,6	1 410,1	1 043,2	367,0	74,0
8	«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі» РМҚК	90	91,5	960,9	879,4	81,5	91,5
9	«Ғ. Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» РМҚК	85	85,8	740,3	644,1	96,2	87,0
10	«Қожамияров атындағы ұйғыр музыкалық комедия театры» РМҚК	97	96,1	699,4	586,6	112,8	83,9
11	«Наталия Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» РМҚК	83	77,2	769,1	584,0	185,2	75,9
12	«ҚР «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі» РМҚК	95	91,2	441,7	410,3	31,4	92,9
13	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік академиялық би театры» РМҚК	95	94,3	440,9	407,7	33,2	92,5
14	«Республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театры» РМҚК	97	95,8	409,3	398,6	10,7	97,4
15	«Республикалық академиялық неміс драма театры» РМҚК	95	87,6	280,3	244,9	35,4	87,4
16	«Қазақстан камераты» классикалық музыка ансамблі» РМҚК	97	95,5	163,8	157,5	7,3	96,2
Жиыны		**90,6**	**90,0**	**24 464,3**	**21 728,1**	**2 737,2**	**88,8**

Дереккөз: МАМ

Талдау нәтижелері бойынша 2021-2023 жылдары ТКҰ[115] **субсидиялау мөлшерлемесін көтеру** фактілері анықталды, соның нәтижесінде республикалық бюджеттен 371,6 млн теңгеге артық бөлінді *(2021 жылы – 204,2 млрд теңге, 2022 жылы – 99,2 млрд теңге, 2023 жылы – 68,2 млрд теңге).*

16 ТКҰ-ның ішінде субсидиялаудың ең үлкен үлес салмағы «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры» КеАҚ-ға *(бұдан әрі – Астана-Опера)* тиесілі *(2021 жылы – 33%, 2022 жылы – 30,1%, 2023 жылы – 26,5%).* 2023 жылы Астана – Операны субсидиялау сомасы 5 756,7 млн теңге мөлшерінде қалыптасты.

Қалған ТКҰ-ға келер болсақ, 2021 жылмен салыстырғанда есепті жылы *(2023 жыл)* субсидиялау мөлшерінің ең үлкен өсуі мыналарда байқалады:

1) «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі» РМҚК (189,8%), бұл ретте 2021 жылы – 86, 2022 жылы – 92, 2023 жылы – 102 концерттер санының өсу серпіні байқалады;

2) «Абай атындағы қазақ ұлттық опера және балет театры» РМҚК (149,6%), 2021 жылы жаңа қойылымдар саны 3, 2022 жылы – 2, 2023 жылы – 3 құрады;

3) «Михаил Лермонтов атындағы МАОДТ» РМҚК (144,6%), 2021 жылы жаңа қойылымдар саны 3, 2022 жылы – 2, 2023 жылы – 4 құрады;

4) «М. Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры» РМҚК (138,6%), 2021 жылы жаңа қойылымдар саны 5, 2022 жылы – 4, 2023 жылы – 8 құрады.

[115] ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 5 ақпандағы №32 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидалары (2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)

Ағымдағы жылы қаржыландырылған және көрсетілген қойылымдар бойынша табыс сомасы 2021 жылғы 90,4 млн теңгеден 2023 жылы 238,2 млн теңгеге дейін өсті. 2023 жылы қаржыландырылған және қойылған қойылымдар бойынша залдардың толуы 2021 жылғы 60,8%-дан 2023 жылы 70,3%-ға дейін өсті. Ковидке қатысты карантиндік шараларды алып тастауға және көрермендер залдарын толық толтыру мүмкіндігіне байланысты оң серпінге ие болды.

Талдау нәтижелері бойынша ТКҰ **гастрольдері** аталған ұйымдар **қызметінің ең аз өтелетін түрі екені** белгіленді.

38-КЕСТЕ. 2018-2023 жылдары субсидияланған және 2023 жылы көрсетілген шетелдегі гастрольдер туралы ақпарат

№ р/с	Атауы	2018 – 2022 жылдары субсидияланғаны	2023 жылы сахнада көрсетілгені	2023 жылы субсидияланғаны	2023 жылы сахнада көрсетілгені
1.	**«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» РМҚК**	**17**	**17**	**20**	**20**
-	*Тапқан табысы, млн теңге*		*0*		*0*
-	*Қаржыландыру көзі, млн теңге*		*259,3 РБ, ЖҚ*		*351,5 РБ, ЖҚ*
2.	**«М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры» РМҚК**	**2**	**-**	**-**	**-**
-	*Тапқан табысы, млн теңге*		*0*		**-**
-	*Қаржыландыру көзі, млн теңге*		*50,6 РБ*		
3.	**«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры» КеАҚ**	**12**	**-**	**5**	**5**
-	*Тапқан табысы, млн теңге*		*0*		*127,4*
-	*Қаржыландыру көзі, млн теңге*		*0*		*447,2*
Жиыны:		**31**	**17**	**25**	**25**
-	***Тапқан табысы, млн теңге***		***0***		***127,4***
-	***Қаржыландыру көзі, млн теңге***		***309,9***		***798,7***

Дереккөз: МАМ

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2018-2022 жылдары қаржыландырылған шетелдегі гастрольдер саны 31-ді құрады, оның ішінде 2023 жылы іс жүзінде көрсетілгені – 17, осыған жалпы шығын сомасы 309,9 млн теңге жұмсалғанмен, кіріс сомасы – 0 теңге.

Есепті жылы қаржыландырылған және көрсетілген гастрольдер бойынша «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» РМҚК-да оң серпін байқалады, 2023 жылы гастрольдер саны 20-ға дейін ұлғайған, алайда табыс таппаған.

Бұл ретте, «Астана Опера» МОБТ» КеАҚ гастрольдік қызметінде оң серпін байқалады, гастрольдер саны 3-тен *(2022 жылы)* 5-ке *(2023 жылы)* ұлғайған, кірісі 2023 жылы 127,4 млн теңгеге дейін өскен, бұл қаржыландыру сомасының 28,5% *(447,2 млн теңге)* құрайды.

Анықталған проблемалар гастрольдердің бағытын мұқият жоспарлау және анықтау, онлайн-құралдарды пайдалана отырып, концерттік бағдарламаларды маркетингтік ілгерілету арқылы күтілетін қаражат жинауға талдау жүргізу, сондай-ақ көрерменді тарту және кіріс алу мақсатында гастрольдер тақырыбын өзекті ету қажеттігін айғақтайды.

Осылайша, ЖАП-тың бағалауынша, Министрлік бойынша **бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану 371,6 млн теңгені құрады** *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қаражат қалдықтарын есепке алмағанда).*

Туризм және спорт министрлігі



Туризм және спорт министрлігінің *(бұдан әрі – Министрлік, ТСМ)* бастапқыда бекітілген қаржыландыру жоспары 2023 жыл ішінде **7 рет** түзетілді (нақтыланды), нәтижесінде **1,4 есеге** немесе 35,9 млрд теңгеге **ұлғайтылып**, 122,9 млрд теңгені құрады. Жыл қорытындысы бойынша 2,7 млрд теңге атқарылмай қалды, атқару пайыздық ара қатынаста **97,8%**.

Қаражаттың атқарылмауы мердігерлердің орындалған жұмыстардың актілерін ұсынбауы, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын ұстап қалу себебінен қалыптасты *(036 ББ).*

Министрліктің даму жоспарында **7 макро және 10 нысаналы индикатор** көзделген, оның ішінде **4 макро** *(«Туризм саласындағы ЖҚҚ көлемінің өсуі», «Тұру және тамақтану жөніндегі қызметтерге инвестициялардың өсуі», «Сапарлар» сыныптамасы бойынша қызметтер экспортын ұлғайту», «Туризм саласындағы жұмыспен қамтуды ұлғайту»)* және **3 нысаналы** *(«Келуші туристер саны», «Ішкі туристер саны», «Нөмірлік қор санының ұлғаюы»)* индикаторларға есептік деректер қалыптастырылмаған *(2024 жылдың екінші жартыжылдығында жарияланатын болады).* Қалған 3 макро және 7 нысаналы индикаторға толық көлемде қол жеткізілген.

10 бюджеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде 41 тікелей нәтиже көрсеткішіне *(толық көлемде қол жеткізілді)* және 14 түпкілікті нәтиже көрсеткішіне *(деректердің болмауына байланысты бағалау жүргізу мүмкіндігі жоқ нысаналы индикаторлар ретінде айқындалған 3 көрсеткіштен басқа, қол жеткізілген)* іске асыру көзделген.

Туристік саланы дамыту

ЖАП Мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ға қазақстандық туризмді ілгерілету жөніндегі міндеттерді іске асыруға»[116] бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу

[116] ЖАП-тың 2023 жылғы 21 қыркүйектегі №18-К қаулысымен бекітілген

тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізді, оның нәтижелері бойынша мынадай негізгі проблемалар анықталды.

1. Туристік саланы дамытуда жүйелілік пен сабақтастықтың болмауы.

Туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды әртүрлі министрліктер мен ведомстволарға бірнеше рет беру *(соңғы 23 жыл ішінде туризм саласы мемлекеттік органдар арасында 8 рет берілді)* Қазақстанның туристік саласының даму сапасына өте теріс әсер етті.

Соңғы 20 жылда туристік саланы дамыту үшін Қазақстанның туристік саласын дамытудың 4 бағдарламасы/тұжырымдамасы қабылданды. Бұл ретте, туристік саланы дамыту бойынша қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың ешқайсысы іске асырудың белгіленген мерзіміне *(логикалық аяқталуға)* жеткен жоқ және одан әрі практика жүзінде қолданылмай күші жойылды.

2. Мемлекет тарапынан туристік саланы қолдау шараларының тиімділігінің жеткіліксіздігі.

Мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру тетігі тиісті өкілеттіктер бермей, ЖАО-ның және Экология және табиғи ресурстар министрлігінің *(ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда)* басым туристік аумақтың шекараларын айқындауын және басқаруын көздейді.

Министрлік ЖАО-мен тиісті дәрежеде туристік бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпаратты жеткізу бойынша жұмыс жүргізбейді.

Мәселен, есепті жылы жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындардың бөлігі тек 1 кәсіпкерлік субъектісіне *(Ж. Үсенов ЖК)* 12 млн теңге сомаға өтелді; туристік өнімге енгізілген билеттің құнын субсидиялау бойынша ҚР аумағында кәмелетке толмаған жолаушыларды әуе тасымалы кезінде туристік операторлардан өтінімдер ұсынылмауына байланысты 2,7 млн теңге игерілмеген күйінде қалды.

Анықтама ретінде: 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап жеті жаңа мемлекеттік қолдау шарасы қолданылады[117], соның ішінде:

1) әрбір шетелдік турист үшін туроператорлардың шығындарын субсидиялау (15 мың теңге);

2) туристік объектілерді салу, реконструкциялау және жарақтандыру кезінде бизнес шығындарын өтеу (10%);

3) ішкі авиамаршруттар («KIDS GO FREE») бойынша балалар үшін тасымалдау ақысын авиакомпанияларға өтеу (100%);

4) туристік сыныптағы көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындарды (25%) өтеу (8 және одан да көп орындық);

5) жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындарды өтеу (10%);

6) санитариялық-гигиеналық тораптарды ұстау бойынша шығындарды субсидиялау (83300 теңге);

7) тау шаңғысы жабдықтарын сатып алу бойынша шығындарды өтеу (25%).

[117] 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 ҚРҮҚ бекітілген ҚР туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

3) Қонақ үй туристік инфрақұрылымды дамытудың, Интернеттің төмен деңгейі және туристік қызметтерді цифрландырудың жеткіліксіздігі.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 3 970 орналастыру орны бар, оның ішінде барлығы 130 орналастыру орны *(3,3%)* санаты бар *(жұлдызы бар),* оның ішінде курорттық аймақтарда 52 санатталған орналастыру орны бар, бұл тұру бағасының негізсіз жоғары болуын тудырады.

Бұдан басқа, қашықтан брондау және көптеген орналастыру орындарына ақы төлеу мүмкіндігі жоқ *(халықаралық интернет-брондау жүйелеріне интеграцияланған – 22,6%),* бұл туристке тұру шарттарымен танысуға және саяхат маршрутын жоспарлауға мүмкіндік бермейді.

Интернеттің және цифрландырудың нашар деңгейі туристердің қауіпсіздігіне теріс әсер етеді, саяхат кезінде жағымсыз оқиғаларға себеп болады, кей жағдайда туристердің өліміне әкеледі.

Автоматтандырылған ішкі бизнес-процестері және өзінің интернет-порталдары бар туристік инфрақұрылым объектілерінің төмен үлесі туризмді дамытуды қиындатады, өйткені ол ақпаратқа қол жеткізуді шектейді, онлайн-брондауды қиындатады, маркетингтік мүмкіндіктерге кедергі келтіреді және туристермен қарым-қатынасты төмендетеді.

Сонымен қатар Төтенше жағдайлар министрлігінің *(бұдан әрі – ТЖМ)* ақпараты негізінде **туристердің қауіпсіздігі** алаңдатады. Мәселен, ТЖМ алдыңғы жылдарда саяхат кезінде болған оқиғалар бойынша мынадай ден қою шараларын қабылдады.

39-КЕСТЕ. Саяхат кезіндегі оқиғаларға ден қою шаралары

Қазақстан, өңірлер бөлінісінде	Кезең	Оқиғалар саны	Оқиғаның себептері
Алматы қаласы	2017-2022 жылдар	40	кері бағытты таба алмады *(15 жағдай),* таудың басынан өздігінен түсе алмады *(25 жағдай)*
Түркістан облысы	2019-2022 жылдар	15	кері бағытты таба алмады *(13 жағдай),* таудың басынан өздігінен түсе алмады *(2 жағдай)*
Ақмола облысы	2018-2023 жылдар	8	таудың басынан өздігінен түсе алмады
Алматы облысы	2023 жыл	2	кері бағытты таба алмады
Шығыс Қазақстан облысы	2019 жыл	1	таудың басынан өздігінен түсе алмады
Жамбыл облысы	2021 жыл	1	кері бағытты таба алмады
Жетісу облысы	2023 жыл	1	кері бағытты таба алмады
Қарағанды облысы	2019-2022 жылдар	12	кері бағытты таба алмады
Жиыны		**80**	***кері бағытты таба алмады (44 жағдай), таудың басынан өздігінен түсе алмады (36 жағдай)***

Дереккөз: ЖАП-тың туризм саласына жүргізген мемлекеттік аудит қорытындылары

ТЖМ аумақтық бөлімшелерінде осы туристердің жүру маршруттары туралы мәліметтердің болмауына байланысты құтқарушылар оларды іздеуге едәуір ресурс пен уақыт жұмсайды. Бұл ретте ден қою уақыты – таулы жерлерде, төмен температурада, жауын-шашында және басқа да күрделі климаттық жағдайларда адамдардың өмірі мен денсаулығына әсер ететін негізгі фактор.

Офлайн режимде жұмыс істейтін 2ГИС жүйесіне *(жергілікті жердің картасы бар электрондық анықтамалық)* байланыстырылған таулы жерде туристік маршруттарды цифрландыру туристік жорықтар кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызар еді.

ЖАП аудитінің нәтижелері бойынша Министрлікке туризм саласындағы саясатты жетілдіруге бағытталған бірқатар ұсынымдар берілді және Туристік саланы дамыту тұжырымдамасына өзгерістер енгізу кезінде оларды ескеру ұсынылды:

- өңір әкімдері қызметінің тиімділігін бағалау рейтингісіне туризмді дамыту көрсеткіштерін енгізу мәселесін қарау;

- туристік саланы дамытуды ынталандыратын, соның ішінде туристік бизнестің санатталған объектілерінің санын ұлғайтуға бағытталған мемлекеттік қолдаудың қосымша шараларын әзірлеу;

- аумақтардағы, соның ішінде ұлттық парк мәртебесі бар туристік маршруттарды Туристік соқпақ (маршрут) паспорттарына сәйкес келтіру.

Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша **92,3 млн теңге** қаржылық бұзушылықтар, **1,5 млрд теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану анықталды.

Бұқаралық спортты және жоғары жетістіктер спортын дамыту

«Бұқаралық спортты одан әрі дамыту және әлемдік спорт аренасында жоғары жетістіктер спортының бәсекеге қабілеттілігін арттыру» екінші стратегиялық бағыты шеңберінде «Бұқаралық спортты және жоғары жетістіктер спортын дамыту» мақсаты бойынша іс жүзінде тікелей нәтиже көрсеткіші орындалмаған жағдайда *(мердігер ұйымның орындалған жұмыстардың актісін ұсынбауына байланысты «Алатау» қысқы спорт түрлері бойынша РЖСШМ» РМҚК-де күрделі жөндеу аяқталған жоқ),* барлық нысаналы индикаторлар мен түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

2023 жылға бюджетті бекіту кезінде 6 көшпелі кешенді халықаралық жарыстар *(VII Азия жағажай ойындары, VI жабық үй-жайлардағы Азия ойындары, ТМД елдерінің II ойындары, II Дүниежүзілік жағажай ойындары, Азия балалары, XIX Жазғы Азия ойындары)* өткізу жоспарланған болатын, олардың ішінде есепті жылы іс жүзінде қазақстандық спортшылар ойындардың 3 түріне қатысқан *(ТМД елдерінің II ойындары, Азия балалары, XIX Жазғы Азия ойындары).*

ТСМ 2023 жылға арналған бюджетті бекіту кезінде VII жағажай Азия ойындарына қатысуға 277 млн теңгеге жоспарлаған *(экипировка – 36,7 млн теңге, іссапар*

шығыстары – 106,6 млн теңге, полиграфияға арналған шығыстар – 64 млн теңге) іс жүзінде есепті жылы Азия Олимпиада кеңесінің оларды алып тастауына байланысты өткізілген жоқ.

2023 жылғы шілдеде Азия Олимпиада кеңесі Тайландтың Ұлттық Олимпиада комитетімен және Азия ойындарының ұйымдастыру комитетімен бірлесіп, Бангкокта жабық үй-жайларда жекпе-жек өнері бойынша VI Азия ойындарын 2024 жылға ауыстыру туралы шешім қабылдады, оған қатысуға 2023 жылға 780,9 млн теңге жоспарланған.

Сонымен қатар 2023 жылғы 4 шілдеде Халықаралық ұлттық комитеттер қауымдастығының *(ХҰКҚ)* және Бали ұйымдастыру комитетінің шешімімен II Дүниежүзілік жағажай ойындары 2021 жылдан бері кейінге қалдырылған жарыстарды өткізу үшін бюджет қаражатының болмауына байланысты ресми түрде алып тасталды. Осы ойын түрлеріне қатысуға 2023 жылы 117,1 млн теңге жоспарланған болатын.

Нәтижесінде 2023 жыл ішінде ТСМ-нің бюджеттен тыс комиссиясының *(10.08.2023 жылғы №02-1-0/1251)* шешімімен бұдан бұрын алып тасталған 3 халықаралық жарысты өткізуге жоспарланған 1 175 млн теңге мөлшеріндегі қаражат осы бағдарлама шеңберінде Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары арасында спорттық іс-шараларды өткізуге қайта бөлінді.

Нәтижесінде қосымша 2023 жылғы қазанда Сауд Арабиясында өткен **олимпиадалық емес спорт түрлері** бойынша Дүниежүзілік жекпе-жек ойындары, сондай-ақ 2023 жылғы қарашада Алматы қаласында *(әйелдер мен ерлер)* жастар арасында киокушинкай-кан каратэден Әлем чемпионаты алдында оқу-жаттығу жиындары өткізілді.

Анықтама ретінде: Дүниежүзілік жекпе-жек ойындарында Қазақстан атынан 9 спорт түрінен 53 спортшыдан тұратын делегация қатысты. Нәтижесінде құрама жалпы есепте 12 алтын, 13 күміс және 23 қола медальмен 3 орынға ие болды.

Министрліктің 2023-2025 жылдарға арналған бекітілген бюджеттік бағдарламаларына сәйкес халықаралық көшпелі жарыстарға қатысудың түпкілікті нәтижесі «Ресми спорттық іс-шараларда, әлем чемпионаттарында, әлем кубоктарында, Азия чемпионаттарында және халықаралық турнирлерде спорттық іс-шараларда ойнатылатын медальдардың жалпы санынан жеңіп алынған медальдардың саны» көрсеткіші 864 бірлік мөлшерінде айқындалды.

Осы жоспарланған көрсеткіштің тұжырымы спортшылар қатысқан жарыстардың санын көрсетпейді, бұл шын мәнінде салынған қаражаттың нәтижесі емес, нақты жағдайдың бұрмалануына әкеліп, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану тәуекелдерін тудырады.

ЖАП әрбір жоспарланған іс-шара бойынша өзара байланысты емес бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде іс-шараны орындау барысында өзгерту мүмкіндігін беретін ТСМ-нің дұрыс емес тәсілін анықтады. Салдарынан Министрлік белгіленген мақсаттарды іске асыру шеңберінде бұрын мәлімделген бюджеттік көрсеткіштерге қол жеткізуге мүдделі емес.

Осылайша, Министрліктің бюджетті атқаруының жоғары деңгейі бюджет қаражатын пайдаланудың сапасы мен тиімділігіне кепілдік бермейді және бастапқы бюджетте жоспарланған «Халықаралық деңгейдегі ресми спорттық іс-шараларда жеңіп алынған медальдар саны» көрсеткішіне қол жеткізу бойынша ұсынылған деректердің анықтығы мен шынайылығы күмән келтіреді.

Осыған байланысты, бюджеттік бағдарламаларда бюджеттік бағдарламалардың тікелей көрсеткіштерінде бюджетте көзделген әрбір спорттық іс-шара бойынша нәтижелерді көрсетуді көздеу қажет, бұл жоғары жетістіктер спортын дамыту бойынша қойылған мақсаттар мен міндеттерді қамтамасыз етуге әкеліп, спорт саласында іске асырылып жатқан саясаттың тиімділігіне әсер етеді.

Бұдан басқа, Министрліктің жарыс түрлерін ауыстыру бойынша қабылдаған шешімдерінің нәтижесінде жоғарыда көрсетілген нысаналы индикатор 4%-ға асыра орындалды *(жоспар – 830 бірлік, іс жүзінде – 864 бірлік).*

Бюджетті бекіту кезінде 2023 жылға арналған бюджеттік өтінімге сәйкес ТМД елдерінің II ойындарын ұйымдастыруға 28 спорт түрінен 266 спортшы мәлімделді және 419,8 млн теңге жоспарланған *(экипировка – 90,6 млн теңге, іссапар – 112,8 млн теңге, шығу шығындары – 215,7 млн теңге).* Министрліктің ақпараты бойынша аталған спорттық іс-шараға жоспарланған спорттың 28 түрінен 266 спортшыдан іс жүзінде спорттың 14 түрі бойынша 136 спортшы қатысты және 705,2 млн теңге жұмсалды. Қатысушылар саны **2 есеге жуық қысқарған жағдайда**, **нақты** шығындар бюджетті бекіту кезіндегі шығындардан **1,7 есе артық** болды.

Анықтама ретінде: нәтижесінде 53 медаль жеңіп алынды, оның 7-і алтын, 14-і күміс, 32-сі қола және жалпы командалық есепте 5-орын.

Бұқаралық спортты дамыту мақсатында 035 ББ шеңберінде Министрлік спорт әуесқойларын тарта отырып, ауқымды іс-шаралар өткізуде.

Мәселен, Министрліктің бюджеттік өтініміне сәйкес 2023 жылға арналған бюджетті бекіту кезінде «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» РМК *(бұдан әрі – ҰАСТО РМК)* қарамағындағы ұлттық спорт түрлері бойынша наградтау қажеттілігі 31 млн теңгені құрайды *(медальдар – 5 600 дана, дипломдар – 7 000 дана, кубоктер – 522 дана).*

2023 жылғы бюджеттің атқарылу қорытындысы бойынша медальдар, дипломдар мен кубоктарды сатып алу бойынша нақты шығыстар 8 млн теңгені құрады *(Қаржымині МКК ақпаратынан жазып берілген электрондық шот-фактуралар тізілімі негізінде)* жоспарланған 5 600 дана медальдан 1 929 медаль сатып алынды, 522

кубоктен 331 кубок сатып алынған. Сонымен бірге бюджеттік бағдарламаларда Министрліктің республикалық және халықаралық жарыстарды ұйымдастыруының сапасы жөніндегі жұмысын сипаттайтын тікелей нәтиже көрсеткішінің болмауы себебінен сатып алынған дипломдар мен медальдарға қол жеткізуге баға беру мүмкін емес.

Күрделі шығындар Министрліктің жалпы бюджетінің шамамен 42% құрайды және **спорт объектілерін салуға 49 441,1 млн теңге** көлемінде шығыстармен ұсынылған, оның ішінде:

- 2004 жылы басталған **Алматы облысында олимпиадалық даярлаудың республикалық базасының құрылысын аяқтауға 30 015 млн теңге** жұмсалды.

Объект аяқталды, нәтижесінде спортшыларға жыл бойы жаттығулар, оқу-жаттығу жиындары, республикалық жарыстар, халықаралық турнирлер өткізілетін болады. Объектінің тәуліктік өткізу қабілеті – 2 300 адам, бұл балалар мен жасөспірімдерге арналған кемінде 10 тегін спорт секцияларын *(жеңіл атлетика, гимнастика, жүзу, жекпе-жек және басқалары)* ашуға ықпал етеді, сонымен қатар халықтың бос уақытын белсенді өткізуге арналған ойын залдары *(футбол, волейбол, үстел теннисі);* мүмкіндігі шектеулі адамдар мен мүгедек балаларға, соның ішінде арбада отырғандар үшін спорт сабақтарын өткізуге арналған аймақтар көзделген;

- 2024 жылға ауысатын «Астана қаласындағы Олимпиадалық даярлау орталығы» көпфункционалды спорт кешені» базасында **Ұлттық спорт университетінің 1 және 2-кезегін салуға 18 425,4 млн теңге** *(оның ішінде Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферт есебінен 9 723,7 млн теңге).* 2023 жылдың қорытындысы бойынша игерілмеу шарт бойынша өнім беруші қабылдаған міндеттемелердің тиісінше орындалмауы себебінен 5% тұрақсыздық айыбын өндіріп алу есебінен 1 003,9 млн теңгені *(соның ішінде Ұлттық қордан 502,7 млн теңгені)* құрады.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің *(бұдан әрі – ЭТРМ, Министрлік)* бастапқыда бекітілген шығыстар көлемі *(135,5 млрд теңге)* жүргізілген нақтылаулар нәтижесінде 34,4%-ға немесе жалпы 46,6 млрд теңгеге азайтылды, оның ішінде шығыстар 74,3 млрд теңгеге ұлғайды және 120,9 млрд теңгеге қысқарды



Анықтама ретінде: жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералды-шикізат базасын молайту саласындағы өкілеттіктер ӨҚМ-ға ақпан айында (12,3 млрд теңге), су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы өкілеттіктер СРИМ-ге қазан айында берілді (97 262,1 млн теңге).

2023 жылдың қорытындысы бойынша шығыстар 99,4%-ға игерілді. 562,6 млн теңге игерілмеген, оның 558 млн теңгесі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өнім берушілердің орындалмаған шарттық міндеттемелеріне байланысты, соның ішінде 441,4 млн теңге өнім берушілердің шарттар талаптарын бұзуы салдарынан және 116,6 млн теңге тауарлардың, машиналар мен жабдықтардың жеткізілмеуіне байланысты қалыптасты.

2 стратегиялық бағыт шеңберінде жоспарланған 8 макроиндикатор мен 13 нысаналы индикатордан 2 макро- және 12 нысаналы индикаторға қол жеткізілді, 5 макроиндикатор бойынша нәтижелерге қол жеткізілмеген, 1 макро- және 1 нысаналы индикатор бойынша статистикалық деректер жоқ.

40-КЕСТЕ. Қол жеткізілмеген макро- және нысаналы индикаторлар, сондай-ақ есептік деректері жоқ индикаторлар

Макро және нысаналы индикатордың атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Индикаторға қол жеткізу
Макроиндикаторлар			
Халықтың экологиялық өмір сапасына қанағаттану деңгейі (республика бойынша), %	72	54,2	Қол жеткізілмеді
Өндіріс қалдықтарын олардың түзілуіне қарай өңдеу және кәдеге жарату үлесі, %	42	30,4	Қол жеткізілмеді
Қатты тұрмыстық қалдықтарды олардың түзілуіне қарай қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі, %	27	23,9	Қол жеткізілмеді
Еңбек өнімділігінің өсуі, 2019 жылғы деңгейден 2019 жылғы бағадағы өсім %: Орман және балық шаруашылығы, %	33,9	-	Деректер қалыптастырылмаған
«Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға инвестициялар» (қызметтің жекелеген түрлері бойынша), млрд теңге	280	62,3	Қол жеткізілмеді
ЕҚТА (табиғат қорғау ұйымдары) алаңын ұлғайту, мың га	8111	7997	Қол жеткізілмеді
Нысаналы индикатор			
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы және орман шаруашылығының мамандандырылған кәсіпорындарының аумақтарындағы орманды алқаптар алаңы, мың га	1804	-	Деректер қалыптастырылмаған

Дереккөз: ЭТРМ

ЭТРМ-ның деректері бойынша бастапқыда «Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға инвестициялар» *(қызметтің жекелеген түрлері бойынша)* макроиндикаторында 280 млрд теңгеге тек экология саласы бойынша ғана емес, сонымен қатар су шаруашылығы және геология салалары бойынша инвестициялар жоспарланған.

Бұл ретте қайта ұйымдастырудан және тиісті функциялар СРИМ мен ӨҚМ-ға берілгеннен кейін ЭТРМ тарапынан жоспарлы көрсеткіштерге өзгерістер енгізу **шараларының уақтылы қабылданбауына байланысты** осы макроиндикатор орындалмаған.

Сонымен қатар, ЭТРМ мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының жекелеген бағыттар бойынша қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің[118] қорытындылары бойынша Министрліктің даму жоспарында мынадай

[118] «ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының жекелеген бағыттар бойынша қызметінің тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» 2023 жылғы 16 маусымдағы № 13-Қ

кемшіліктер анықталды:

- атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын азайту бөлігінде **мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарының міндеттеріне қол жеткізуге бағдарланбауы.**

Анықтама ретінде: «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасында 2022 жылы өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша ірі қалалардағы стационарлық көздерден шығатын осындай шығарындылардың көлемін 2021 жылғы деңгейге қарағанда 47,9 мың тоннаға (803,8 мың тоннадан 755,9 мың тоннаға дейін) төмендету бойынша қойылған мақсаттар кезінде Даму жоспарында шығарындылардың нормативтік көлемін төмендету 10 мың тоннаға ғана тіркелген (4,5 млн тоннадан 4,49 млн тоннаға дейін).

- ҚР «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамада айқындалған «2030 жылға қарай қоқысты санитарлық сақтау – 95%» нысаналы индикаторы **Министрліктің даму жоспарына декомпозияланбаған.**

Анықтама ретінде: Министрліктің деректері бойынша экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес келетін полигондардың үлесі небәрі 20%-ды құрайды (жылдық өсу қарқыны орта есеппен 1 п.т.), бұл болжамды мәндерде Тұжырымдама көрсеткішіне қол жеткізбеу қаупін тудырады.

- нысаналы индикаторлардың жоспарлы мәндерін нақты қол жеткізуге қарай келтіру.

Мысалы, «Нысаналы трансферттер арқылы іске асырылатын иесіз қауіпті қалдықтарды басқару бойынша орындалған жұмыстардың көлемі: Алға химия зауытының шлам жинағыштарының жойылған қалдықтарының үлесі» нысаналы индикаторын іске асыру процесінде 2020 жылға арналған жоспарлы мән 25,9% екі рет төмендеу жағына қарай түзетілді: сәуірде 2,6%-ға дейін (Министрдің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 103-П бұйрығы), желтоқсанда 0%-ға дейін (Министрдің 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 301-П бұйрығы).

- жекелеген индикаторлардың көрсеткіштерін жоспарлау ғылыми мақалалардың, сондай-ақ күшін жоюға қойылған немесе ҚР аумағында заңды күші жоқ **құжаттардың деректері** негізінде жүзеге асырылады:

- метеорологиялық және агрометеорологиялық мониторинг бойынша есептеулер ғылыми мақалалардың[119] деректеріне негізделген;

- гидрологиялық мониторингпен қамтамасыз ету деңгейін есептеу Қазақстанның су ресурстарын басқарудың мемлекеттік бағдарламасында көзделген міндет негізінде жүргізілді (ҚР Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 420 Жарлығымен күші жойылды);

- атмосфералық ауаның ластану жағдайын мониторингілеу есебі 1991 жылғы нормативті емес құжатқа негізделген (КСРО-ның Гидрометеорология жөніндегі мемлекеттік комитеті мен КСРО Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеген «Атмосфераның ластануын бақылау жөніндегі нұсқаулық», Мәскеу қаласы).

ЖАП аудитімен ҚР-ның «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамаға нысаналы индикаторлардың құрылымы мен жоспарлы мәндерін мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының талаптарына сәйкес келтіру бөлігінде өзгерістер енгізу ұсынылды.

---

[119] Ел аумағын метеорологиялық мониторингпен қамтамасыз ету үшін бақылау пункттерінің ең аз қажетті саны (421тармақ) т.ғ.к. П.Ж. Қожахметовтың «Қазақстанның метеорологиялық желісін оңтайландыру туралы» ғылыми мақаласы негізінде айқындалған. Агрометеорологиялық мониторинг бойынша бақылау пункттеріне қажеттілік (280-тармақ) г.ғ.к. С.С. Байшолановтың «Қазақстанда агрометеорологиялық мониторингті дамыту туралы» ғылыми мақаласы негізінде айқындалған

Сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжатының көрсеткіштеріне және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның тікелей қызметіне тәуелділікке сәйкес ЭТРМ-ның даму жоспарының нысаналы индикаторларының оң серпінін қамтамасыз ету мақсатында оларды қайта қарау ұсынылды.

«Халықтың өмір сүру сапасы» зерттеу деректері бойынша 2023 жылы Қазақстан бойынша ауаның тазалығына қанағаттану 42,9%-ды құрады және 2022 жылмен *(42,7%)* салыстырғанда 0,2 п.т-ға өскен, алайда 2020 жылмен *(45,2%)* салыстырғанда көрсеткіш 2,3 п.т-ға төмендеген.

Экологиялық тиімділік бойынша елдер рейтингісінің деректері негізінде Қазақстан 5 жыл ішінде индексте 13,66 балға төмендеді.

41-КЕСТЕ. Елдердің экология деңгейі бойынша рейтингі

Ел	2018		2022		Ауытқу (+;-)	
	орын	индекс	орын	индекс	орын	индекс
Украина	109	52,87	52	49,6	-57	-3,27
Беларусь	44	64,98	55	48,5	11	-16,48
Армения	63	62,07	56	48,3	-7	-13,77
Қазақстан	101	54,56	93	40,9	-8	-13,66

Дереккөз: The Environmental Performance Index рейтингі (орташа есеппен 2 жылда бір рет жаңартылады)

2022 жылы елімізге 40,9 индексі берілді, бұл ретте көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, ел экология саласында неғұрлым тиімді саналады.

2023 жылы қоршаған ортаның ластану деңгейі бойынша елдер рейтингінде Қазақстан 2022 жылғы деңгейге *(18 орын, индекс – 73,4)* қарағанда 1 позицияға төмендеп, **ауыз судың сапасы бойынша** – 66 орынға *(индекс – 55,1)* 12 позицияға *(индекс – 56)* төмендеген.

18.03.2024 жылы IQAi сайтында нақты уақытта жарияланған «Ауа сапасының индексі (AQI) және атмосфераның ластануы PM2.5» әлемдік рейтингінде **әлемнің ең ластанған қалаларының рейтингіне еліміздің 6 қаласы кірді**, бұл ретте ең ластанған қалаларының бірі – Қарағанды облысындағы Теміртау қаласы.

	ҚАЛАЛАР	AQI АҚШ
1	Теміртау, Қарағанды облысы	229
2	Первомай, Алматы облысы	153
3	Бұрындай, Алматы облысы	144
4	Алматы, Алматы қ.	122
5	Павлодар,	114
6	Астана	99
7	Өскемен, Шығыс Қазақстан облысы	21

Дереккөз: IQAi сайты

ҰСБ деректері бойынша 2018-2022 жылдар кезеңінде ел бойынша қалдықтар көлемі 2,4 есеге өсіп, жылына 1 052 134,9 мың тоннаны құрады. Бұл ретте қалдықтардың ең көп үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібінде қалыптасты *(70,7% немесе жылына 744 017,6 мың тонна).*

Мұндай жағдай өңдеу өнеркәсібінде де байқалады, 5 жыл ішінде қалдықтар көлемі 6,4 есе өсіп, жылына 180 735,3 мың тоннаны құрады.

42-КЕСТЕ. 2018-2022 жылдары қалдықтардың қалыптасу серпіні*

Атауы	2018	2019	2020	2021	2022
Өндіріс және тұтыну қалдықтарының қалыптасуы					
Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық шаруашылығы, жылына 1000 тонна	2 130	2 450,5	2 168,7	3 132,9	3 039,6
Тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу, жылына 1000 тонна	384 375,5	449 887,2	392 534,4	495 400,1	744 017,6
Өңдеу өнеркәсібі (ХССС 10-33), жылына 1000 тонна	28 154,6	31 583,1	33 262,5	129 091,7	180 735,3
Электрмен, газбен, бумен кондиционерленген ауамен жабдықтау, жылына 1000 тонна	20 811,4	20 527,3	19 806,8	21 143,6	17 881,7
Құрылыс, жылына 1000 тонна	478,4	477,1	358,8	498,4	634,6
Экономикалық қызметтің басқа түрлері, жылына 1000 тонна	9 467,3	11 032,9	9 799,9	128 498,2	105 826,1
Пайда болған қалдықтардың жалпы көлемі, оның ішінде өндіріс көздері бойынша қауіпті қалдықтар	**445 417,2**	**515 958,1**	**457 931,1**	**777 764,9**	**1 052 134,9**
Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық шаруашылығы, жылына 1000 тонна	2 077,2	2 420	2 144,4	1 052,7	766,8
Тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу, жылына 1000 тонна	102 389,5	131 203,7	91 189,6	25 501,2	31 820,1
Өңдеу өнеркәсібі, жылына 1000 тонна	19 358	21 619,9	20 979,1	6 121	8 396,6
Электрмен, газбен, бумен кондиционерленген ауамен жабдықтау, жылына 1000 тонна	20 720,5	20 501,2	19 784,5	4 606,1	554,3
Құрылыс (Халықаралық стандартты салалық сыныптама (ХССС) 41-43), жылына 1000 тонна	82,2	363,7	220,6	30,7	152,3
Экономикалық қызметтің басқа түрлері, жылына 1000 тонна	5 335	4 398,2	3 509,8	4 778,5	4 797,7
Пайда болған қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі	**149 962,4**	**180 506,7**	**137 828**	**42 090,2**	**46 487,8**
Коммуналдық қалдықтар					
Жиналған коммуналдық қалдықтардың көлемі, жылына 1000 тонна	3 692	3 674	3 708,5	4 006,5	3 071,9

Дереккөз: ҰСБ

**2023 жылғы статдеректер ағымдағы жылдың желтоқсан айында қалыптастырылатын болады*

2022 жылдың қорытындысы бойынша жиналған ҚТҚ-ның 70%-дан астамы 9 өңірде – Алматы *(429 244 т),* Қарағанды *(328 223 т),* Ақтөбе *(300 886 т),* Павлодар *(292 805 т),* Ұлытау *(268 360 т),* Атырау облыстарында (*232 565 т*), сондай-ақ ірі қалалар - Алматы *(451 821 т),* Астана *(316 753 т),* Шымкентте *(225 010 т)* шоғырланған.

2022 жылы тұрмыстық қатты қалдықтардың тек 25,4%-ы қайта өңдеуге жіберілді. ҚТҚ концентрациясы жоғары кейбір өңірлерде қайта өңдеу деңгейі 20%-дан аспайды. Мәселен, ҚТҚ-ны қайта өңдеу және қайталама пайдалану деңгейі елдік көрсеткіштен Алматы қаласында *(18%),* Алматы *(17,1%),* Жетісу *(17,8%),* Ақтөбе *(15%)* облыстарында төмен, Ақмола *(7,9%),* Абай *(1,6%),* Ұлытау *(0,1%)* облыстарында өте төмен.

Тиісінше, қалдықтардың көпшілігі қоқыс полигондары мен қоқыс үйіндісінде жиналады. 2021 жылы 3 мың полигонда 125 млн тонна қалдық жинақталған және олардың тек 20%-ы экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес келеді.

Сонымен қатар, аудит қорытындысы бойынша ҰСБ, ЭТРМ-ның ведомстволық деректері, Мемлекеттік кадастр және ЖАО арасында пайда болған ҚТҚ және жиналған коммуналдық қалдықтардың көлемі бойынша **деректердің сәйкес келмеу** фактілері орын алып отыр.

43-КЕСТЕ. Қалдықтарды басқару бойынша статистикалық деректер, млн тонна

Қалдықтардың пайда болуы	2019	2020	2021	2022
Мем. кадастр бойынша қалдықтардың пайда болуы	516,1	458	777,8	1 051,7
ҰСБ статдеректері бойынша қалдықтардың пайда болуы	1 057,6	905,9	359,9	**қалыптастырылмаған**
Мем. кадастр бойынша қайта өңдеу, кәдеге жарату, қайта пайдалану	163,8	155,8	113,6	152,8
ҰСБ статдеректері бойынша қайта өңдеу, кәдеге жарату, қайта пайдалану	332,8	299,2	29,9	**қалыптастырылмаған**

Дереккөз: https://ecogeo.gov.kz/

Аудитпен атап өтілгендей, ҰСБ деректері Мемлекеттік кадастрда[120] жинақталған мәліметтерге сәйкес келмейді және қалдықтардың түзілу көлемі 2 еседен артық бұрмаланған. Елімізде халық санының өсуі аясында ҚТҚ-ның мәлімделген төмендеуі деректердің анықтығына күмән келтіреді және ҚТҚ-ны басқаруда көлеңкелі сектордың барын хабардар етеді *(ЭТРМ және ҰСБ-ның деректеріне сәйкес 2019-2022 жылдары ел бойынша ҚТҚ-ның қалыптасуының орташа деңгейі жылына 1 адамға шаққанда күніне орташа есеппен 235,5 кг немесе 0,6 кг қалдықтардың шығарылуымен 4 460,7 мың тоннаны құрады).*

Жалпы, аудит қорытындысы бойынша 277 млн теңгеге – қаржылық бұзушылықтар, 2 425,7 млн теңгеге – тиімсіз пайдалану, 2 581,1 млн теңгеге – тиімсіз жоспарлау, 4 677,4 млн теңге – жіберіп алған пайда анықталды.

2023 жыл ішінде ЭТРМ-ның бюджеттік бағдарламаларына 8 рет өзгеріс енгізілді: республикалық бюджетті 7 түзету және 1 нақтылау. Жалпы, ЭТРМ бойынша 2 министрлікке берілген қаражатты есепке алмағанда, жыл ішінде 11,4 млрд теңге сомасында шығыстар, соның ішінде:

- 6,6 млрд теңге – МТЖ-ны қамтамасыз етуге;
- 3,1 млрд теңге – БИЖ іске асыруға;
- 1,6 млрд теңге – басқа ағымдағы шығыстарға көзделген шығыстар қысқартылды немесе қайта бөлінді.

Қысқартудың негізгі себебі – жоспарлаудағы кемшіліктер, бұл **шығыстардың негізделмеу және бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару** фактілерін айғақтайды, **атап айтқанда:**

[120] Қалдықтардың мемлекеттік кадастры – қалдықтардың түрі, олардың қалыптасуы, құрамы және т.б. туралы мәліметтердің жүйелендірілген базасы.

1. **4,9 млрд теңгеге негізсіз жоспарлау:**

254.113 «Республикалық бюджет қаражаты есебінен сумен жабдықтау жүйелерін, гидротехникалық құрылыстарды салу және реконструкциялау» ББ-ның 2 БИЖ-і бойынша наурыз айында республикалық бюджетті нақтылау кезінде **754,1 млн теңге қысқартылды**:

- «Қызылқоға ауданының *(Атырау облысы)* «Кереген-Сағыз-Жамансор» топтық су құбырын реконструкциялауға жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу» объектісі бойынша наурыз айында жобаның ЖСҚ-сына **мемлекеттік емес, жеке сараптама жүргізілуіне** байланысты **554,1 млн теңге қысқартылды**.

Сонымен қатар, осы бюджеттік инвестициялық жоба бойынша 856,4 млн теңге сомасындағы қаражат бекітілген бюджетте ЖСҚ әзірлеуге емес, «Кереген-Сағыз-Жамансор» топтық су құбырын реконструкциялауға жоспарланғанын атап өткен жөн;

- «Көкжиде» жерасты су көзінен Атырау облысы, Атырау қаласына дейін магистральдық су құбырын салу» РЖ бойынша **ТЭН-нің және тиісінше, ЖСҚ-ның болмауына** байланысты бекітілген бюджетте көзделген **200 млн теңге толығымен қысқартылды.**

ЭТРМ бюджетті жоспарлау кезінде Бюджет кодексінің[121] «негізділік» және «тиімділік» қағидаттарын сақтамағанын атап өткен жөн.

207.256.111 «Республикалық бюджет қаражаты есебінен орман шаруашылығы және жануарлар әлемі саласындағы ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» ББ бойынша наурыз айында бюджетті нақтылау кезінде орман өрттерін ерте анықтаудың 2 жүйесін сатып алуға көзделген **4,1 млрд теңге** 2023 жылғы шілдеде республикалық бюджетті түзету кезінде **толығымен қысқартылды**.

Материалдық-техникалық жарақтандыруға арналған шығыстардың жоспарлануын талдау ЭТРМ қызметіндегі мынадай олқылықтар мен кемшіліктерді анықтады:

Бірінші. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі **нормалар мен нормативтер ескірген** және ормандарды, жануарлар дүниесін және мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін күзету, қорғау, молықтыру және ұтымды пайдалану жөніндегі міндеттерді тиімді және сапалы орындауға **сәйкес келмейді** *(ЭТРМ-ның ведомстволық бағынысты мекемелері «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бойынша нормалар мен нормативтерді бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 18-02/664 және «Мамандандырылған ұйым үшін жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған авиациялық техникаға, арнайы көлікке,*

[121] ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексінің 4-бабының 9) және 12) тармақшалары

байланыс құралдары жабдығына, навигациялық жабдықтар мен арнайы құралдарға қажеттіліктің заттай нормаларын бекіту туралы» ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 18 мамырдағы № 204 бұйрығын басшылыққа алады).

Екінші. Соңғы 5 жылда елде **орман өрттері санының 2,2 есе өсуі** *(2018 жылы – 358 оқиға, 2022 жылы – 801 оқиға)* және өртенген жерлер көлемінің 43 есе ұлғаюы *(2018 жылы – 2,4 мың га, 2022 жылы – 104 мың га)* байқалады және уақтылы өрттің алдын алу үшін **өрт ошақтарын ерте анықтаудың жаңа және заманауи технологияларын** қолдану қажет.

47-ДИАГРАММА. ҚР-дағы өрттер саны



Дереккөз: ҰСБ

Бұл ретте 207.256.111 ББ бойынша сомасы 4,1 млрд теңгеге ерте хабарландырудың 2 ақпараттық жүйесін сатып алу көзделген, алайда ол **табиғат қорғау, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келмейді.**

Осы құралдарды сатып алу үшін ЭТРМ ең алдымен **өрт қауіпсіздігінің қазіргі заманғы талаптарына сай келетін табиғат қорғау, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жаңа нормалар мен нормативтерді әзірлеп, бекітуі қажет.**

РББӘ тиісті нормативтік құқықтық актілердің ережелеріне сәйкес бюджет қаражатын пайдалану бөлігінде Бюджет кодексінің[122] талаптарын сақтамайтынын атап өткен жөн.

2. ***2,8 млрд теңгеге бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару:***

207.256.100 «Республикалық бюджет қаражаты есебінен табиғи қорық қоры нысандарын сақтауды қамтамасыз ету» ББ бойынша 2023 жылғы 13 желтоқсанда ББӘ **коммуникациялардың болмауына орай** орман өрт сөндіру станциясы мен кордон құрылысына **ЖСҚ әзірлеу жөніндегі қызметтің қажеттілігінің болмауына** байланысты бюджетке **21,3 млн теңгені** қайтарды.

[122] Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексінің 95-бабының 1-тармағы

207.256.102 «Жануарлар әлемі ресурстарын сақтау, өсімін молайту және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету» ББ бойынша иттерді ұстауға арналған орталық ғимарат құрылысының аяқтамалуына байланысты *(құрылысты ҚР Президенті Іс басқармасы бюджеттен тыс қаражат есебінен жүргізеді)* Ұлттық қазақтың асыл тұқымды ұлттық ит тұқымдары орталығының қызметін *(күтіп-ұстау)* жүзеге асыруға көзделген **188,5 млн теңге** бюджетке қайтарылды.

ЭТРМ шығыстарын асыра жоспарлап, кейіннен талап етілмеген қаражатты 112 «Қосымша ақшалай төлемдер» шығыстарының ерекшелігіне ауыстыратынын айта кету керек.

Мәселен, аудит қорытындысы бойынша 207.001 *«Экология және табиғи ресурстар саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер*» ББ бойынша 2018-2020 жылдары 106 *«Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарының күрделі шығыстары»* бюджеттік кіші бағдарламасы шеңберінде ЭТРМ Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 8,7 млрд теңге бөлінгені анықталды, оның іс жүзінде тек 61,9%-ы немесе 5,4 млрд теңге берілген, бұл ретте 2,3 млрд теңге *(бөлінген соманың 27%-ы)* ЭТРМ-ның иелігінде қалып, жұмыскерлерге қосымша ақшалай төлемдерге және ЭТРМ-ның басқа да ағымдағы әкімшілік шығыстарына жіберілген *(Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет 966,2 млн теңгені республикалық бюджеттің кірісіне қайтарған).*

Бұдан басқа, **Қағидалар[123] талаптарын бұза отырып**, 2023 жылғы желтоқсанда 207.001 «Экология және табиғи ресурстар саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер» ББ бойынша ЭТРМ бюджеттік кіші бағдарламалар ішінде түзету кезінде **материалдық-техникалық жарақтандыруды қамтамасыз етуге көзделген 202,5 млн теңге** күрделі шығыстарды **сыйлықақы беруге негізсіз бағыттаған** *(001.111 БКБ).*

Сондай-ақ, материалдық-техникалық жарақтандыруды қамтамасыз етуге арналған **мемлекеттік сатып алу конкурстарының уақтылы өткізілмеуіне** байланысты ЭТРМ 3 бюджеттік кіші бағдарлама бойынша 1,9 млрд теңгені қысқартып, қайта бөлді:

- 001.106 «Республикалық бюджет қаражаты есебінен ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдардың күрделі шығыстары» 120,2 млн теңге *(13 желтоқсан - 58,6 млн теңге және 21 желтоқсан - 61,6 млн теңге)* қысқартылды;

- 001.111 «ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің күрделі шығыстары» 1,2 млрд теңге *(қазан айында - 442,0 млн теңге, 13 желтоқсанда - 246,1 млн теңге және 21 желтоқсанда - 483,7 млн теңге)* қысқартылды;

---

[123] «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ҚР органдары қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және олардың лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы N 1127 қаулысының 13-тармағы

- 256.111 «Республикалық бюджет қаражаты есебінен орман шаруашылығы және жануарлар әлемі саласындағы ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» 586,1 млн теңге *(13 желтоқсан - 303,3 млн теңге және 21 желтоқсан - 282,8 млн теңге)* қысқартылды.

1 БИЖ бойынша **ЖСҚ-ны түзету процесінің созылуына** байланысты 645,7 млн теңге қысқартылды:

- 037.105 *«Республикалық бюджет қаражаты есебінен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне қоршаған ортаны қорғау объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері»* ББ бойынша қазанда «Қошқар-Ата» қалдық қоймасын рекультивациялауға жататын учаскелер алаңы, I кезең» объектісі бойынша 645,7 млн теңге қысқартылды.

«Мемсараптама» РМК-нің Батыс филиалы 2022 жылғы 22 қарашада МС-ның 2022 жылғы 19 тамыздағы № 15-0157/22 объект бойынша қорытындысының күшін жойды және Премьер-Министрдің бірінші орынбасары өткізген кеңестің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 17-05/Б-1033 хаттамасына сәйкес 2023 жылы жобаның қымбаттауы себебінен ЖСҚ түзетілді, 15.12.2023 ж. № 01-0527/23 мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды, бұл ретте ***жобаның түзетілген құны 17,5-тен 51,8 млрд теңгеге дейін немесе 3 есеге жуық*** *ұлғайды;*

Бұдан басқа, 256.101 «Республикалық бюджет қаражаты есебінен орман ресурстарын сақтауды, өсімін молайтуды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету» ББ бойынша «Жасыл Аймақ» РМК-нің отырғызу материалын өсіру және орман тұқымы плантациясын күту жөніндегі жұмыстарды орындамауына байланысты 103,6 млн теңге желтоқсан айында қысқартылды.

256 бюджеттік бағдарлама бойынша 256.111 *«Республикалық бюджет қаражаты есебінен орман шаруашылығы және жануарлар әлемі саласындағы ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары»* БКБ-ның табиғат қорғау мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етумен жарақтандыру деңгейін көрсететін **түпкілікті нәтижесі көзделмегенін** айта кету керек.

037.105 *«Республикалық бюджет қаражаты есебінен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне қоршаған ортаны қорғау объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері»* ББ бойынша Бюджет кодексі[124] мен Қағидалардың[125] талаптарын бұза отырып, 3 бюджеттік инвестициялық жоба бойынша **мәлімделген шығыстардың экономикалық әсері көрсетілмеген** *(Маңғыстау облысындағы «Қошқар-Ата» қалдық қоймасын рекультивациялауға жататын учаскелер алаңы, Атырау қаласындағы Атырау қаласындағы «Тухлая балка» ағынды сулардың буландырғыш тоғанын тазарту, Атырау қаласындағы «Квадрат» ағынды сулардың буландырғыш тоғанын тазарту),* бұл **жобаларды/іс-шараларды іске асыру процесінің аяқталуын белгілеуге мүмкіндік бермейді** және іс-шаралардың **объективті нәтижелерін** *(жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін (көлемдерін)* **көрсетпейді, бұл ретте ЖАО-ның республикалық бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану тәуекелдері бар**.

---

[124] 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексінің 32-бабының 2-тармағы

[125] «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығының 8-тармағының 15) тармақшасы

207.037 «Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту» ББ бойынша Қағидалардың[126] талаптарын бұзып, **037.105 БКБ бойынша «*Атырау қаласындағы «Тухлая балка» ағынды сулардың буландырғыш-тоғанын тазарту*» аяқталған БИЖ-дің түпкілікті нәтиже көрсеткіші көзделмеген**.

Бұл ретте, бюджет **қаражаты толық игерілсе де осы кіші бағдарлама бойынша тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілмегенін** атап өту қажет.

Мәселен, 2023 жылы 5,1 млрд теңгеге нысаналы даму трансферттері түріндегі қаражат 3 өңірге толық көлемде аударылды. Жыл қорытындысы бойынша «Маңғыстау облысындағы «Қошқар-Ата» қалдық қоймасын рекультивациялауға жататын учаскелер алаңы» ТНК **жергілікті деңгейде 1,9 млрд теңгенің игерілмегендіктен, қол жеткізілген жоқ** *(2023 жылы объектіні іске асыру үшін 2,6 млрд теңге көзделді, алайда ЖСҚ-ны түзету жұмыстары созылып, қазанда қаражатты 645,7 млн теңгеге азайту туралы шешім қабылданды. 31.10.23ж. жоба мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алуға жіберілді, 15.12.2023ж. № 01-0527/23 ЖСҚ-ға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды).*

Жоғарыда айтылғандар Министрліктің түпкілікті және тікелей нәтиже көрсеткіштерін дұрыс жоспарламағанын және іс-шараларды формалды іске асырғанын көрсетеді, бұл бөлінген қаражатты тиімсіз пайдалану тәуекелдерін тудырды. Нәтижелер көрсеткіштерінің ыңғайлы тұжырымдары орындаушыларға оларға қол жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдамауға, нақты жағдайды бұрмалауға мүмкіндік береді және шығындар көлемі мен көрсеткіштердің мәндері арасында өзара байланыстың әуел бастан болмағанын көрсетеді.

Жалпы ҚР Үкіметінің резервінен ЭТРМ-ға 1 318,2 млн теңге бөлінді, атқарылуы 68,9%-ды немесе 908,2 млн теңгені құрады, игерілмеген 407 млн теңге бюджетке қайтарылды *(оның ішінде 4 млн теңге ҚБП).* Сомасы 403 млн теңге игерілмеген қаражаттың негізгі үлесі табиғат қорғау және орман мекемелерінің орман өрт сөндіру станцияларының қызметкерлеріне өртке қарсы киім сатып алуға мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілмеген конкурстар есебінен қалыптасты.

Сонымен қатар, Бюджет кодексі[127] мен Қағидалардың[128] талаптарын бұза отырып, **Министрлік 2023 жылы резервтерді пайдалану тәртібін сақтамаған**:

207.109 *«ҚР Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымдағы іс-шаралар өткізу»* ББ бойынша **2023 жылдың соңына дейін тиісті резервті қалпына келтіру жолымен 3,1 млн теңге** бөлінген ақшаның пайдаланылмаған бөлігін **қайтару қамтамасыз етілмеген** *(ЭТРМ деректері бойынша қаражат ҚБШ-да қалған).*

---

[126] «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығының 8-тармағының 8) тармақшасы

[127] ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексінің 20-бабының 6-тармағы

[128] «ҚР Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту және ҚР Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысының 5-тармағы

207.109 және 207.116 ББ бойынша Министрлік «ҚР Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» 25.07.2023 жылғы №607 ҚРҮҚ-ға өзгеріс енгізу туралы» 2023 жылғы 20 желтоқсандағы №1157 ҚРҮҚ-мен **2023 жылғы 20 желтоқсанда ғана** сомасы 403 млн теңгеге төмендетуге өзгеріс енгізді.

Бұдан басқа, «ҚР Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» 15.03.2023 жылғы №210 **қбп** ҚРҮҚ-мен 400 млн теңге бөлініп, 396 млн теңгесі игерілді, игерілмеген 4 млн теңге үнем сомасы бюджетке **2023 жылғы 22 желтоқсанда** ғана, яғни белгіленген мерзімнен 2 күнге кеш қайтарылды.

Жалпы, ЖАП-тың бағалауынша, Министрлік бойынша **бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару 7,7 млрд теңгені** құрады *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қаражат қалдығын есептемегенде).*

Су ресурстары және ирригация министрлігі

Су ресурстары министрлігінің *(бұдан әрі – СРИМ, Министрлік)* шығыстары жүргізілген түзетулер нәтижесінде бастапқы бекітілген көлемнен *(97,3 млрд теңге)* 0,709 млрд теңгеге ұлғайтылды, оның ішінде шығыстар 13,3 млрд теңгеге қысқартылып, 14 млрд теңгеге ұлғайтылды.



2023 жылдың қорытындысы бойынша 98 млрд теңге сомадағы шығыстар 92,8 млрд теңгеге игерілді немесе 94,7%. Орындалған жұмыстардың актілерін уақытылы ұсынбау, өнім берушілердің шарт талаптарын орындамауы және т.б. себептерден 5,2 млрд теңге игерілмеді.

Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында Су ресурстары және ирригация министрлігі ретінде **уәкілетті орган құру** арқылы су ресурстарын дамыту мен нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Осы уәкілетті органның функцияларына су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға басшылықты қамтамасыз ету кіреді *(Ұлттық гидрогеологиялық қызмет Министрліктің департаменті ретінде құрылды).*

2023-2027 жылдарға арналған СРИМ **даму жоспары** 2023 жылғы 28 желтоқсанда бекітілді. Сонымен бірге жекелеген кемшіліктер мен Мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және

бақылау әдістемесінің *(бұдан әрі – Әдістеме*)[129] талаптарына сәйкессіздіктер анықталды.

Атап айтқанда:

- ҚР «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамада[130] және оны Іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында[131] көзделген мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, іс-шаралар және нәтиже көрсеткіштері **декомпозицияланған жоқ;**

- су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау саласын дамыту міндеттерін шешуге бағытталған бюджеттік бағдарламалармен **өзара байланысы** жоқ *(254 «Су ресурстарын тиімді басқару»; 268 «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру»).*

Осыған байланысты, СРИМ тұжырымдамалық тұрғыда Даму жоспарының мақсаттарын, міндеттің нысаналы индикаторларын, іс-шаралары мен нәтиже көрсеткіштерін Әдістеме талаптарына сәйкестікте және жоғары тұрған құжаттармен өзара байланыста қайта қарауы қажет.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Даму жоспарында жоспарланған 1 макроиндикатор орындалуда *(деректер қалыптастырылған жоқ, 2024 жылдың 2 тоқсанында жарияланады)* және 3 нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

Есепті жыл ішінде Министрлік шығыстардың негізделмеуі мен бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару фактілерін көрсететін жоспарлау кемшіліктерімен байланысты 13,3 млрд теңге сомадағы (*оның ішінде бюджеттік инвестициялық жобалар 13,1 млрд теңге немесе 98,5%, ағымдағы шығыстар 205,1 млн теңге немесе 1,5%*) шығыстарды **қысқартты немесе қайта бөлді**.

Сумен жабдықтау жүйелерін, гидротехникалық құрылыстарды салу және реконструкциялау

Қазіргі уақытта Қазақстанда 13366 су шаруашылығы құрылыстары бар, оның 405-і су қоймалары (*көп бөлігі (46%) көлемі 1 млн м3-ден 10 млн м3-ге дейін, 42%-ы 10 млн м3-ден 100 млн м3-ге дейін және 12%-ы 100 млн м3-ден жоғары: Бұқтырма, Вячеслав, Ақтөбе, Қапшағай),* бөгеттер – 461, дамбалар – 247, гидротораптар – 118, тоғандар – 271, каналдар – 8 577, басқа ГТҚ *(коллекторлық-дренаждық жүйелер, дренаждық ұңғыма)* – 3287[132].

Олардың көпшілігі 30 жылдан 50 жылға дейін күрделі жөндеусіз және реконструкциялаусыз пайдаланылуда және қауіптілігі жоғары объектілерге жатады.

Жалпы, сала төмен инвестициялық тартымдылығымен сипатталады.

---

[129] «ҚР Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесін бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығы

[130] ҚР Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы

[131] 2020 жылғы 29 шілдедегі № 479 ҚРҮҚ

[132] ҚР Парламенті Мәжілісінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 242-VIII қаулысымен бекітілген ҚР Жоғары аудиторлық палатасының есебі

2023 жылы сумен жабдықтау жүйелері мен гидротехникалық құрылыстарды салуға және реконструкциялауға *(254,113, 119 ББ)* республикалық бюджет және Ұлттық қор қаражаты есебінен 17,5 млрд теңге бөлінді, 14,5 млрд теңге игерілді *(40 ауыспалы жоба және ЖСҚ әзірлеу бойынша 8 жоба іске асырылды).*

Мемлекеттік сатып алудың ақпараттық жүйесіндегі техникалық ақауларға, орындалған жұмыстардың актісі мен шот-фактуралардың уақтылы берілмеуіне байланысты 3 млрд теңге игерілмеген.

Алайда, бұл жыл қорытындысы бойынша Үкімет есебіне сәйкес толық көлемде қол жеткізілген нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсер еткен жоқ *(тікелей нәтиже көрсеткіштері: салынып жатқан (реконструкцияланып жатқан) су шаруашылығы объектілерінің саны, әзірленген ЖСҚ саны; түпкілікті нәтиже көрсеткіші: республикалық маңызы бар топтық су құбырлары желілер қосылған елді мекендердің саны» – 675 бірлік).* Бұл нәтиже көрсеткіштерін қалыптастырудың дұрыстығына күмән тудырады, өйткені «салынып жатқан объектілердің саны» деген сөз жобаны іске асырудың шынайы бейнесін және жобалардың нақты аяқталуын немесе кешіктірілуін көрсетпейді.

Осылайша, қаржыландыруға бастапқыда мақұлданған 16 бюджеттік инвестициялық жоба **алынып тасталды**, ал қаржыландыру көлемдері қысқартылды, бұл **бюджет қаражатын негізсіз жоспарлау тәуекелдерін** көрсетеді.

Мәселен, ***«Қызылорда облысының Шиелі ауданында суды жинақтау үшін Сырдария өзенінің Күміскеткен учаскесінде су қоймасын салу» жобасының мемлекеттік сараптамасымен ЖСҚ әзірлеу»*** жобасына көзделген 28 млн теңге қысқартылды.

Жоба бюджетке **ескірген ТЭН** негізінде *(2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 14-0235/17 ТЭН)* қайта сараптамадан өткізілмей енгізілген, бұл Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды *(техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы)* бекіту қағидаларының (*бұдан әрі – Жобаларды келісу қағидалары*)[133] талаптарына сәйкес келмейді.

Сонымен бірге, жоба аясында Шиелі ауданы тұсындағы Сырдария өзенінің бойында тасқын суды жинақтау, қыс-көктем кезеңіндегі су тасқыны құбылыстарынан елді мекендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілуін арттыру жоспарланған болатын, бұл қазіргі таңдағы өткір мәселе.

Бұл ретте, Қызылорда облысының әкімдігі жобаның әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тұрғыдан іске асырылуын **тиімсіз**[134] деп таныған.

---

[133] «Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 304 бұйрығының 12-тармағы

[134] Қызылорда облысы әкімдігінің 14.03.2024 жылғы №4159-Д/05-3/11-03/Б-1162 хаты

Бұл ретте, ЖСҚ әзірлеу 2020 жылы басталып, 3 жылға созылып, бюджет қаражатының 50 миллион теңгесі игерілді *(2020 жылы 50 млн теңге көзделіп, кейіннен қысқартылды, 2022 жылы 56 млн теңге бөлінді және 28 млн теңге игерілді, сонымен қатар Қызылорда облысы әкімдігінің деректеріне 2023 жылы сәйкес ескірген ТЭН түзетуге 22 млн теңге бөлінді),* нәтижесінде жоба іске асырылмай қалды.

Қызылорда облысы әкімдігінің жобаны іске асырудың орындылығы туралы өзгермелі ұстанымы, бюджет қаражатын жоспарлау кезінде РББӘ мен ЖАО арасындағы өзара іс-қимылының әлсіздігі байқалады.

Келесі мысал ***«Атырау облысы Қызылқоға ауданының «Кереген-Сағыз-Жамансор» топтық су құбырын реконструкциялау»*** жобасы бойынша қаражатты негізсіз жоспарлауда орын алды. Осылайша, жоба бюджетке құрылыс заңнамасының[135] талаптарын сақтамай енгізілген. Атап айтқанда, объект күрделілігі бойынша II санатқа жататындықтан, ЖСҚ түзетуге мемлекеттік емес, **жеке сараптама жүргізу** бөлігінде сақталмаған. Осыған байланысты 302,4 млн теңге қысқартылды.

Экономикалық әсер – Сағыз және Жамансор ауылдарының су тұтынушыларын сапалы ауыз сумен сенімді қамтамасыз ету. Сағыз ауылында 7577 адам тұрады.

Ұзақ мерзімді құрылыс объектілерінің мәселелері уақтылы шешілмейді, бұл уәкілетті органның **бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқаруының** салдары. Атап айтқанда:

- ***Ақмола облысындағы Нұра топтық су құбыры*** Ақмола облысының Атбасар, Егіндікөл және Қорғалжын аудандарындағы 35 елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз етеді.

«Сабынды» ӨК өндірістік учаскесі магистралінің жалпы ұзындығы *(Нұра топтық су құбырына жатады)* 337 км, тарату желілері 57,6 км. СРИМ ақпараты бойынша іс жүзінде өндірістік ресурстар (*сорғы станциялары, ғимараттар, құрылыстар, жабдықтар, арнайы техника, автокөліктер)* жарамсыз жағдайда[136].

2020-2021 жылдары жалпы ұзындығы 16 км құрайтын 9 авариялық учаскені реконструкциялау жобасы іске асырылды. 2023 жылы республикалық бюджеттен 722,3 млн теңге игерілді *(соның ішінде ЖСҚ әзірлеуге 195,9 млн теңге).* Бұдан басқа, ұзындығы 68 км құрайтын Нұра топтық су құбырының магистральдық желілерінің авариялық учаскесін реконструкциялауға Үкіметтің төтенше резервінің қаражаты есебінен 3 млрд теңге бөлінді. Бөлінген қаражаттың 1,8 млрд теңгесі игерілмей қалды *(орындалған жұмыстардың актісін уақтылы бермеу).*

---

[135] «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 Заңы 1-тармағының 2) тармақшасы және 2-тармағы

[136] Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 242-VIII қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының есебі

Бұл ретте Бюджет кодексінің[137] және Қағидалардың[138] талаптарын бұза отырып, Үкімет резервінен бөлінген қаражаттың пайдаланылмаған бөлігін уақтылы қайтару қамтамасыз етілмеген *(СРИМ деректері бойынша қаражат ҚБШ-да қалған).*

- «***Солтүстік Қазақстан облысының Пресновский топтық су құбырын реконструкциялау» жобасы (1-кезең). Түзету***» 2014 жылдан бастап іске асырылуда *(10 жыл).* Жобаның құны 8,4 млрд теңге, бюджет қаражаты есебінен игерілгені – 4,5 млрд теңге *(соның ішінде 2023 жылы Ұлттық қор есебінен 200 млн теңге),* 150 км *(185 км-ден)* құбыр төселді, бұл ретте белгіленген жобалық шешімдер іске асыру мерзіміне қарай ескірген *(06.06.2012 ж. № 17-0304/12 ЖСҚ және 25.12.2017 ж. № 12-0529/17 ЖСҚ).*

2023 жылы бөлінген 1,2 млрд теңгенің 1 млрд теңгесі ЖСҚ үшінші рет түзетудің аяқталмауы салдарынан қысқартылды.

Экономикалық әсер – 28 мыңға жуық халқы бар 19 ауылдық елді мекеннің 186 км су құбырын реконструкциялау және сумен жабдықтауды жақсарту.

- «***Соколовский топтық су құбырын реконструкциялау және қосумен ауылдық елді мекендерде тарату желілерін салу» жобасы. 2-кезең, Солтүстік Қазақстан облысы***» жобасы 2018 жылдан бері іске асырылуда, жобаның жалпы құны 6,9 млрд теңге, жобаның басынан бері 834,9 млн теңге *(соның ішінде 2023 жылы – 222,4 млн теңге)* игерілді, барлығы 44 км құбыр реконструкцияланды.

Сонымен қатар 2023 жылы бөлінген 1010,4 млн теңгенің 596,3 млн теңгесі қысқартылған, конкурстық рәсімдердің ұзаққа созылуына және шарттарды жаңа деректемелер бойынша қайта тіркеу салдарынан игерілмей қалу тәуекелдеріне байланысты 191,7 млн теңге игерілмеген.

Экономикалық әсер – 23,608 мың тұрғыны бар 19 АЕМ үздіксіз сумен жабдықтаумен қамтамасыз ету. Уақытша жұмыс орындарын құру – 45, тұрақты жұмыс орындарын құру – 25.

- ***«Қарағанды облысы Жезқазған қаласын сумен жабдықтауды ескере отырып, Есқұлын су құбырын салу»*** жобасы ***(№2 түзету)»*** 2010 жылдан бері (*13 жыл*) іске асырылуда, жобаның жалпы құны 8,7 млрд теңге, жоба іске асыру басталғалы 8,1 млрд теңге игерілді (*соның ішінде 2023 жылы – 12,1 млн теңге)*, орындалған жұмыс көлемі – құбырлар толығымен төселді, бас сорғы станциясы орнатылды.

Сонымен қатар, 2023 жылы бөлінген 427,5 млн теңгенің 223,6 млн теңгесі қысқартылып, жыл қорытындысы бойынша мердігерлердің шарттық міндеттемелерін уақтылы орындамауына байланысты 191,8 млн теңгесі игерілмеген, сот талқылаулары жүргізілуде.

Экономикалық әсер – сапалы ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету.

---

[137] Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексінің 20-бабының 6-тармағы

[138] «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысының 5-тармағы

Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың нашар болуы және жобалау кезіндегі алдын ала талдаудың сапасыз жүргізілуі – әлеуметтік маңызы бар ірі жобаларды іске асырудағы өзекті проблемлардың бірі. Мысалы:

- ***«Астана қаласының қорғаныш бөгетін бұрма каналы бар апаттық су ағызғыш орната отырып реконструкциялау» ЖСҚ түзету»*** жобасы бойынша жобаны әзірлеу барысында ағызу каналының трассасы Ақмола облысының жерлері арқылы *(«Жасыл аймақ» РМК балансындағы орман қоры жерлері арқылы*) өтетіні анықталды.

Бұл жер учаскесінің мәнін өзгертуді талап етті. ЭТРМ орман қоры жерлерін иеліктен шығару үшін Орман кодексіне ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының мұқтаждары үшін орман қоры жерлерін алып қою бөлігінде түзетулер енгізу туралы бастама көтерді *(Ұлттық қор есебінен бекітілген бюджетте 121,1 млн теңге жоспарланған, бюджетті түзету кезінде 38 млн теңгеге қысқартылған, 100% немесе 83,1 млн теңге игерілген)*.

Анықтама ретінде: өзгерістер «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 6 сәуірдегі № 71-VIII-ЗРК ҚР Заңымен қабылданды.

- ***«Ақмола облысының Есіл өзенінде Есіл контрреттегішін салу» ЖСҚ әзірлеу»*** жобасы бойынша құжаттаманы әзірлеу 2020 жылдан бері жүргізілуде.

Жобаның мақсаты – төменде орналасқан елді мекендер мен құрылыстардың су басу қаупін жою, бұл әсіресе көктемгі су тасқыны жағдайында өте маңызды.

Бюджет қаражаты есебінен 601,6 млн теңге игерілді *(2020 жылы 150 млн теңге көзделіп, қысқартылды, 2021 жылы 528,4 млн теңге игерілді, 2022 жылы 73,2 млн теңге игерілді, 2023 жылы 3,9 млн теңге көзделіп, қысқартылды),* алайда ЖСҚ әзірленген жоқ. Негізгі себептері - жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың жоқтығы, ЖСҚ құнының жобаның ТЭН-інен асып түсуі, автомобиль жолын көшіруге техникалық талаптардың жоқтығы, бұл жобаны алдын ала зерделеу кезеңінде тәуекелдерді толық пысықтамаудың және нивелирлемеудің салдарынан орын алды. ЖСҚ аяқтау мерзімі 2024 жылға ауыстырылды.

- ***Алматы облысы Қарасай ауданындағы Қаскелен топталған сутартқышының құрылысы. 1 кезегі (2-ші, 3-ші іске қосу кешені)*** жобасы бойынша құрылыс 2022 жылы басталды. Жобаның құны 2,6 млрд теңге, бюджет қаражаты есебінен 467,9 млн теңге игерілді, 5 км құбыр тартылды. Сонымен қатар, 2023 жылы бөлінген 2,2 млрд теңгенің 1,7 млрд теңгесі қысқартылып, жыл соңында 132,1 млн теңге игерілмей қалған.

Жобаны іске асыру барысында жеке тұлғалар мен бөгде ұйымдарға тиесілі жер учаскелері анықталды, бұл құрылыс жүргізуді қиындатады.

Бұдан басқа, бірнеше жобалар **құнының қымбаттауына** сәйкес келеді, соның ішінде:

- *Көкшетау топтық су құбырын реконструкциялау, құрылыстың үшінші кезегі. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мен Шал ақын ауданының төртінші көтеру сорғы станциясынан жетінші көтеру сорғы станциясына дейінгі учаске (бірінші кезең)* 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 01-0374/18 құжаттамасы.

Жобаның құны – 6 304,8 млн теңге, 2023 жылға дейін игерілгені – 843,6 млн теңге. 2023 жылы жобаны іске асыруға бөлінген 1 млрд теңге қысқартылды. Өнім беруші 4 км *(жоба бойынша барлығы 37 км)* құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтады.

Экономикалық әсер – 179,6 мың тұрғыны бар Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау және Шал ақын аудандарының 2 АЕМ орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз ету және 7 АЕМ-де сумен жабдықтауды жақсарту. Уақытша жұмыс орындарын құру – 60, тұрақты жұмыс орындарын құру – 20;

- *«Атырау облысы Индер ауданының «Бағырлай» каналын реконструкциялау»* 2021 жылғы 26 ақпандағы № 15-0062/21 құжаттамасы.

Жобаның құны – 1,1 млрд теңге, жобаны іске асыру мерзімі – 2023-2024 жылдар, алайда бюджетті нақтылау кезінде бекітілген бюджетте көзделген 120 млн теңге қысқартылды.

Экономикалық әсер – су үнемдейтін және топырақты қорғайтын конструкцияларды, технологияларды енгізе отырып, Бағырлай каналы мен ондағы құрылыстардың техникалық жай-күйі мен пайдалануын қалпына келтіру және жақсарту, каналға тоқтап тұрған жайылымдық жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту, ауыз сумен қамтамасыз етуді арттыру.

Жыл ішінде жекелеген БИЖ бойынша **қаражаттың баяу игерілуі** байқалды, алайда СРИМ бюджетті түзету (*қайта бөлу*) кезінде қаржыландыру көлемін **қосымша ұлғайтты,** ол жыл соңында **игерілмей** қалды, мысалы:

- *«Булаев топтық су құбырының IV сатыдағы №1 «Замотаевка сорғы станциясының технологиялық жабдығын реконструкциялау»* жобасы бойынша бекітілген бюджетте 83,1 млн теңге көзделген, қараша-желтоқсанда бюджет 209 млн теңгеге ұлғайтылды *(барлығы 292,1 млн теңге),* игерілмегені – 259,3 млн теңге немесе бөлінген соманың – 89%-ы *(жалпы 32,7 млн теңге игерілді немесе 11%);*

- *«Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырының Арал-Тоқабай-Абай қосу тармақтарын салу және Қызылорда облысы Арал ауданының Тоқабай, Абай елді мекендерін сумен жабдықтау»* жобасы бойынша бекітілген бюджет 855,3 млн теңге көзделген, желтоқсанда бюджет 200 млн теңгеге ұлғайтылды *(барлығы 1 055,3 млн теңге),* 641,3 млн теңге немесе 61% игерілмеді *(жалпы 413,9 млн теңге игерілді немесе 39%);*

- «*Атырау облысы Индер ауданының «Ақсай» каналын реконструкциялау*» жобасы бойынша бекітілген бюджетте 500 млн теңге көзделген, желтоқсанда бюджет 200 млн теңгеге ұлғайтылды *(барлығы 700 млн теңге),* 196,9 млн теңге игерілмеді немесе 28% *(жалпы 503,1 млн теңге игерілді немесе 72%).*

Сонымен қатар, «*Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы «Тақыркөл» бас су тартуышынан № 1 сорғы станциясына дейін магистральдық су ағызардың екінші желісін салу*» жобасы бойынша бюджетті түзету кезінде желтоқсанда жоспарланған 700 млн теңгенің небәрі 18,5%-ы игерілді *(129,5 млн теңге),* 570,5 млн теңгесі игерілмеді *(мердігер орындалған жұмыстардың актілерін рәсімдемеген).*

Осылайша, бюджеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау мен іске асыруды талдау бірқатар жүйелі проблемалардың бар екенін көрсетеді – бұл ЖСҚ әзірлеу сапасының төмендігі, ЖАО-ның жер учаскелеріне құқық белгілейтін құжаттарының болмауы, мердігерлердің шарттық міндеттемелерді тиісті түрде және уақтылы орындамауы, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар тарапынан жобалардың сапалы және уақтылы іске асырылуын бақылау бөлігінде формальды тәсіл, бұл жобаларды іске асыру мерзімінің ұзақ болуына және соның салдарынан, құнын түзетуге әкеп соғады.

Бұдан басқа, әрбір БИЖ-да мәлімделген шығыстардың әлеуметтік-экономикалық әсерінің көрсеткіші қалыптастырылмағаны анықталды[139].

Су саласын талдау

Су ресурстары – ел экономикасының одан әрі қарқынды дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын айқындайтын фактор.

Су тұтынудың ұлғаюы бойынша күтілетін үрдістер Қазақстан жақын арада кездесуі мүмкін өңірлік тапшылықтың өсуімен қауіпті. Су ресурстарын пайдалану мен басқару тиімділігін арттырмайынша, 2040 жылға қарай судың тапшылығы ұлғаяды, бұл халықты сумен қамтамасыз етуге, ЖІӨ өсуі мен қоршаған орта жай-күйіне теріс әсер етеді.

Климаттық жағдайлары бойынша қалыпты су объектілері халықтың өмірі мен ел экономикасына онша проблема жасамайды. Қысылтаяң немесе оған жақын жылдары су ағындысының қалыптасу жағдайлары бойынша, тіпті толық кеуіп кететін су арналары төтенше жағдайдың туындау қауіп-қатерін тудырады.

Ағымдағы жылғы көктемде Қазақстанның 13 өңірінде су тасқыны *(Ақмола, Ақтөбе, Атырау, ШҚО, БҚО, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, СҚО, Түркістан, Абай, Ұлытау облыстарында және Шымкент қ.)* орын алды.

Еліміздің 10 облысында *(Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында)* жергілікті ауқымдағы ТЖ режимі жарияланды.

Маусымдық су тасқыны үлкен экономикалық шығындарға ұшыратады, халықтың өмірі мен тыныс-тіршілігіне қауіп төндіреді.

---

[139] «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығы 6-тармағының 15) тармақшасы және 8-тармағының 15) тармақшасы

Бүгінде 2024-2030 жылдарға арналған су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы[140] бекітілді, онда **су басудың, су тасқынының және олардан келетін залалдың негізгі себептері** көрсетілген:

1) су қоймаларын құру кезінде жерасты сулары деңгейінің жоғарылауы, техникалық және коммуналдық-тұрмыстық желілерден судың ағып кетуі, елді мекендерде жауын-шашын кәрізінің болмауы, сондай-ақ ландшафттың бақылау болмай бұзылуы сияқты техногендік факторлар;

2) су басу қаупі бар аумақтарға, соның ішінде су тораптарының төменгі бьефтеріне құрылыс салу, елді мекендер мен экономика объектілерін инженерлік қорғау құрылыстарымен жеткіліксіз қамтамасыз ету, сондай-ақ гидрологиялық болжамдардың күні бұрындылығы мен дұрыстығының заманауи талаптарға сәйкес келмеуі.

3) төтенше жағдайлар жөніндегі қызметтердің *(«Қазсушар» РМК және «Қазгидромет» РМК)* болжау-талдамалық жұмысы нашар ұйымдастырылған. Ден қою шаралары негізінен постфактум немесе болжаудың азғантай негізімен жасалады. Бұл ретте ауа райы жағдайларының өзгеруіне, судың ағымдағы температурасына, мұз бен жауын-шашынның еру қарқындылығының болжамына, сондай-ақ бөгеттерде және басқа да әлсіз учаскелерде бөгелістердің пайда болу мүмкіндігіне байланысты мұз қату құрылымының мониторингіне тиісті көңіл бөлінбейді.

4) су тасқыны және судың өзге де теріс әсер ету тәуекелі жаңа климаттық жағдайларда қауіпті гидрологиялық құбылыстардың жиілеуіне және аумақтарды антропогендік игерудің жалғасуына байланысты болашақта сақталады әрі күшейетін болады, бұл инженерлік қорғау құрылыстарын салу және халық пен экономика объектілерін қорғау жөніндегі міндеттерді шешу шеңберінде түбегейлі жаңа тәсілдерді пайдалану жөніндегі іс-шараларды іске асыруды талап етеді.

Осыған байланысты, **су ресурстарын басқару саласында мемлекет алдында тұрған мәселелерді шешу кешенді тәсілді және нақты шараларды әзірлеуді талап етеді.** Депутаттық корпус су шаруашылығы мен жалпы саладағы проблемаларды бірнеше көтерді.

Жүйелі проблемаларға[141] мыналар жатады:

- су объектілеріне жүргізілетін мемлекеттік мониторингтің төмендігі (бақылау жүйесі, жер асты суларының қорына зерттеу жүргізу);

- елдің трансшекаралық өзендердің су ағындарына тәуелділігі;

- су шаруашылығы құрылыстарының тозуы, кей жерлерде 90%-ға жетеді (гидротехникалық құрылыстардың апаттылығының одан әрі өсуі);

- суды үнемдейтін озық технологиялардың баяу енгізілуі;

- өндірістік бағыттағы білікті кадрлардың жетіспеушілігі және т.б.

[140] «ҚР су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» 2024 жылғы 5 ақпандағы № 66 ҚРҮҚ

[141] ҚР Парламенті Мәжілісінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 242-VIII қаулысымен бекітілген ҚР ЖАП есебі

Су ресурстарын ұтымсыз пайдаланудың негізгі факторлары:

- суды көп қажетсінетін ескірген өндірістік технологияларды қолдану (суару әдістері);

- жер каналдары арқылы тасымалдау кезінде су шығынының жоғары деңгейі;

- су алу құрылыстарын суды есепке алу жүйелерімен жарақтандырудың жеткіліксіз дәрежесі;

- бизнесті өндірістің прогрессивті су үнемдеу технологияларын, айналымды және қайталама-біріндеп сумен жабдықтау жүйелерін белсенді енгізуге және судың өнімсіз шығындарын қысқартуға ынталандыратын тиімді экономикалық тетіктердің болмауы.

Айта кету керек, ЖАП бұдан бұрын өзінің жүйелі ұсынымдарында су шаруашылығын дамытудың бағдарламалық құжатын әзірлеу, сондай-ақ Су кодексіне бірқатар түзетулер енгізу қажеттігін атап өткен.

Тұжырымдамада[142] гидротехникалық құрылыстарды автоматтандыру жүйелерін біртұтас цифрлық жұмыс кеңістігін құру арқылы жоғары деңгейдегі облыстық және республикалық диспетчерлік пункттермен интеграциялау, су ресурстары кешенді пайдалану және қорғау үшін бассейндік схемаларды жаңарту жөніндегі Жоғары аудиторлық палатаның жекелеген ұсынымдары ескерілген.

Сонымен бірге **Тұжырымдамада мынадай**:

- трансшекаралық өзендерден су алу көлемдерін есепке алудың бірыңғай тәртібін әзірлеу;

- тежеуіш гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздік декларациясын алмаған 206 объектіге көпфакторлы зерттеу жүргізу *(77 су шаруашылығы объектісіне көпфакторлы зерттеу жүргізу жоспарлануда немесе 37%)* бөлігіндегі **ұсынымдар толық көлемде ескерілмеген.**

Бұдан басқа, Тұжырымдаманың мақсаттарын, міндеттерін, нысаналы индикаторларын және көрсеткіштерін СРИМ-нің 2024-2028 жылдарға арналған **даму жоспарына декомпозициялау** қажет.

Сонымен қатар, Тұжырымдаманы іске асыру жоспарында су тасқыны мен топан суға қарсы күрес және шет мемлекеттердің қалаларда немесе ауыл шаруашылығында еріген және жаңбыр суларын пайдалану тәжірибесін мысалға ала отырып, СРИМ-нің ЖАО-мен өзара іс-қимылы бойынша іс-шаралар қарастырылмаған, яғни Тұжырымдаманың іс-қимыл жоспары осы табиғи апаттардың алдын алу және залалын азайту мәселелерін кешенді шешуге мүмкіндік бермейді.

Өңірлерде жыл сайын қар тазалауға, еріген суларды соруға және нөсер кәріздерін тазалауға қомақты бюджет қаражаты бөлінеді, ал еріген қар және жаңбыр суын жинап, сақтауға арналған су қоймаларын салу су тапшылығы қатты сезілетін қалалар мен елді мекендерде сумен жабдықтау қажеттілігін азайтар еді, сонымен қатар су қоймаларының суын ауыл шаруашылығында егістіктерді суару үшін пайдалануға болады.

---

[142] «ҚР су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» 2024 жылғы 5 ақпандағы № 66 ҚРҮҚ

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 8 ақпандағы кеңейтілген отырыста берген тапсырмасына қарамастан, бүгінгі күнге дейін жаңа Су кодексінің жобасы **қабылданған жоқ.**

Негізгі құжаттың болмауы суды тиімді пайдалану, гидротехникалық құрылыстар мен ирригация қауіпсіздігін қамтамасыз ету, су үнемдейтін жаңа технологияларды енгізу, су беру процестерін автоматтандыру және цифрландыру, тарифтер сияқты және тағы басқа да жүйелі мәселелерді шешуде саланың мақсатты дамуына кедергі келтіруде.

Тұтастай алғанда, ЖАП-тың бағалауынша, Министрлік бойынша **бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару 5 млрд теңгені** құрады (*аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қалдықтарды есепке алмағанда).*

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Ауыл шаруашылығы министрлігінің *(бұдан әрі – АШМ, Министрлік)* бастапқыда бекітілген жоспары 2023 жыл ішінде **6 рет** түзетіліп *(нақтыланып),* нәтижесінде **2 есеге** немесе 291,6 млрд теңгеге ұлғайтылып, **582,2 млрд теңгені құраған.** Жыл қорытындысы бойынша атқарылу **100%-ды** құраған.



Есепті жылы орындауға Министрліктің даму жоспарының 3 мақсатына қол жеткізуді өлшейтін 14 макро - және нысаналы индикатор жоспарланған, оның ішінде 6-ауына *(42,8%)* қол жеткізілген, 4-еуіне *(28,6%)* қол жеткізілмеген, 4 *(28,6%)* макроиндикатор бойынша статистикалық деректер қалыптастырылмаған (*2024 жылдың екінші жартыжылдығында жарияланатын болады).*

44-КЕСТЕ. Қол жеткізілмеген нысаналы индикаторлар

Атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Себебі
Ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны кеңінен тарату шеңберінде жаңа жұмыс орындарын құру, бірл.	18 169	**13 109**	Бюджеттік кредитті игеру кезеңі ЖАО-ға бюджеттік кредитті аударған сәттен бастап 12 айды құрайды (ақпан-қазан)
Өңдеуге тапсырылған қант қызылшасының көлемі, мың тонна	328	**306,1**	Құрғақшылыққа байланысты 2023 жылы Жамбыл облысында қант қызылшасының 6,3 мың гектар егістік алқабы есептен шығарылды.
АӨК-де сақтандырумен қамту: - ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы, мың га - мал мен құс басы, мың бас	 770 9 444	 **279** **4 077**	Субсидия алушылар санының азаюына байланысты.
Ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту, %	1,2	**0,8**	Бюджеттік инвестициялардың ҚЭН-іне сәйкес жобаны іске асыру мерзімі болып 2023-2024 жылдар белгіленді

Дереккөз: АШМ

Сонымен қатар, *«Ауыл, орман және балық шаруашылығындағы қадағаланбайтын (көлеңкелі) экономиканың үлесі»* макроиндикаторы бойынша статистикалық деректерге сәйкес АӨК субъектілері қызметінің ашықтығын арттыруға бағытталған іс-шаралардың уақтылы орындалмауына байланысты **үнемі қол жеткізбеу** байқалады.

2020-2022 жылдары көрсеткішті орындамау пайызы 17,7%-дан 32,6%-ға дейін өскені атап өтілді, бұл Министрлік көлеңкелі экономиканы қысқарту бойынша қабылдап жатқан шаралар нәтижелерінің төмендігін көрсетеді.

45-КЕСТЕ. «Ауыл, орман және балық шаруашылығындағы қадағаланбайтын (көлеңкелі) экономиканың үлесі» көрсеткішіне қол жеткізу серпіні, %-бен

Дереккөз	2019	2020	2021	2022	2023	2024
АШМ даму жоспары	2,2	2,2	2,0	1,9	1,7	1,6
Статистикалық деректер	2,21	2,59	2,54	2,52		

Дереккөз: АШМ, ҰСБ

Мәселен, Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың 2023-2025[143] жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес, 2023 жылы орындалу мерзімі басталған **үш іс-шараның ішінен**:

- бір ғана іс-шара толық көлемде орындалған *(ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін дизель отынының көлемін қалыптастыру және бөлу процестерін, сондай-ақ МӨЗ-ден өңірлерге дизель отынын жеткізу жөніндегі операторларды айқындау тәртібі мен шарттарын регламенттейтін қағидалар бекітілді);*

- өсімдік шаруашылығын қадағалаудың жаңа ақпараттық жүйесін енгізу бойынша **жұмыс аяқталмаған**;

- бастапқы белгіленген мерзім 2021 жылдың 4-тоқсанынан[144] 2023 жылдың 3-тоқсанына дейін ұзартылғанына қарамастан, өндірілген өнімді өткізу бойынша **қарсы міндеттемелерді** енгізу бойынша іс-шара **толық көлемде орындалмаған** *(қарсы міндеттемелер 2024 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бағыттары бойынша көзделген).*

Сонымен қатар, АӨК-де мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдалану мәселесі өзекті болып қала береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің деректері бойынша 2021-2022 жылдары **субсидиялау саласында** жүргізілген тергеу қорытындылары бойынша **96 адам** қылмыстық жауаптылыққа тартылған *(оның ішінде 18 түрлі деңгейдегі басшылар)*[145].

Министрліктің есептік деректерін талдау барысында 2023 жылға арналған республикалық бюджетті **жоспарлау және атқару кезіндегі** мынадай кемшіліктер анықталды:

---

[143] «Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту және ҚР Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» 14.07.2023 ж № 589 ҚРҮҚ

[144] «Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» 21.09.2021 ж. №644 ҚРҮҚ 2023 жылғы 14 шілдедегі № 589 ҚРҮҚ-мен күші жойылды

[145] www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/press/news/details/635413

1. Бөлінген бюджет қаражатын бюджеттік бағдарламада көзделмеген мақсаттарға пайдалану байқалады.

Мәселен, өңірлерге басым дақылдар өндірісін дамытуды субсидиялауға, атап айтқанда, **қант қызылшасының** тапсырылған өнімі үшін шығындарды ішінара өтеуге бөлінген сомасы 7,9 млрд теңге нысаналы трансферттердің жалпы сомасынан *(255.114 ББ)* субсидиялардың бір бөлігін Жамбыл облысы тапсырылған майлы дақылдар – **мақсары** *(12,3 мың тонна)* көлемінің есебінен игерген. Бұл ретте қант қызылшасын жалпы жинау бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізілмеген *(жоспар - 323 мың тонна, іс жүзінде - 218 мың тонна).*

2. Іс-шараларды орындау мүмкіндігі мәселесін пысықтамай қаражатты жоспарлау

Өндіріс объектілерін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық және карантиндік және фитосанитариялық бақылау мен қадағалау және инспекциялау жүйелеріне аудитті ұйымдастыруға және жүргізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша *(249.113, 255.109 ББ)* бюджет қаражатының жыл сайын қысқаруы байқалады.

46-КЕСТЕ. Инспекциялау бағдарламалары бойынша қаражатты игеру серпіні, мың теңге

Іске асыру жылы	Бекітілген бюджет	Нақтыланған бюджет	Түзетілген бюджет	РБ-ге қайтару (-)/ қосымша бөлінді
249.113 «Импорттаушы ел өкілдерінің жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау және инспекциялау жүйесінің аудитін ұйымдастыруы және жүргізуі»				
2021	46 896	46 896	4 708	-42 188
2022	46 377	46 377	0	-46 377
2023	41 672	41 672	10 418	-31 254
255.109 «Импорттаушы ел өкілдерінің мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүйесінің аудитін және карантинді объектілер және (немесе) бөтен текті түрлер таралмаған немесе шектеулі таралған карантинге жатқызылған объектілерді, орындарды, өндіріс учаскелерін инспекциялауын ұйымдастыруы және жүргізуі».				
2021	21 275	21 275	0	-21 275
2022	27 776	27 776	0	-27 776
2023	58 455	58 455	29 228	-29 227

Дереккөз: АШМ

Жоғарыда аталған бағдарламалардың мақсаты – осы кәсіпорындардың өнімдерін әкелуге рұқсат беру үшін импорттаушы елдердің тиісті тізілімдеріне отандық кәсіпорындарды қосу арқылы отандық өсімдік және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өндірушілер үшін экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту.

Егер **2021-2022 жылдары** шығыстардың қысқаруы Қытай тарапынан кіруге және шығуға енгізілген карантиндік шектеулерге байланысты болса *(2023 жылғы қаңтарда алынып тасталды*), **2023 жылы** импорттаушы ел тарапынан жүргізілетін

аудиттердің қысқаруы себебінен: ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бойынша - 4-тен 1 инспекцияға дейін, карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау бойынша – 2-ден 1 инспекцияға дейін.

Сонымен қатар, осы бағдарламаларды іске асыру ел үшін стратегиялық маңызға ие, ол Мемлекет басшысының АӨК өнімінің экспортын екі есеге ұлғайту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында ауыл шаруашылығы өнімін өткізу үшін жаңа нарықтардың ашылуына ықпал етеді[146].

3. Үкімет резервтерінің қаражатын толық және сапалы пайдалану үшін қажетті шараларды қамтамасыз етпеу.

Жалпы, Үкіметтің төтенше резерві және Үкіметтің шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен ЖАО-ға нысаналы трансферттер түрінде бөлінген 6,8 млрд теңгенің 2,6 млрд теңгесі немесе **бастапқы соманың 38%-дан астамы** қайтарылған**.**

Анықтама ретінде:

*«Жетісу «ӘКК» ӨДИ» АҚ жарғылық капиталын толықтыру жолымен Жетісу облысында қант саласын дамытуға - бастапқыда **3 140 млн теңге көзделген**, **1 429,8 млн теңгеге дейін азайтылған**, өйткені ҚЭН-де 120 мың тонна көлемінде қант қызылшасын өңдеу жоспары бекітілсе, іс жүзінде өңдеуге қабылданған қант қызылшасының жалпы салмағы 36,2 мың тоннаны құраған.*

*Құрғақшылық салдарынан зардап шеккен Жамбыл облысының АШТӨ шығындарын өтеуге-бастапқыда **3 678,7 млн теңге қарастырылып, 2 788,7 млн теңгеге дейін** азайтылған. Өтемақы алу үшін талаптарға сәйкессіздік анықталды (жер кадастрының сәйкес келмеуі, жерді заңсыз жалға алу, ұңғымалар түріндегі қосымша су көздерінің болуы, сондай-ақ алынған егінді суару және өткізу фактілері).*

Бұдан басқа, Үкіметтің резервінен **«Азық-түлік корпорациясы» АҚ ҚБШ**-сына шұғыл шығындарға бөлінген сомасы **26,6 млрд теңге** *(31,4 млрд теңгеден)* **қаражаттың қалдығы**, сондай-ақ тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізбеу бар.

Анықтама ретінде: 2023 жылғы 7 желтоқсандағы № 1090 ҚРҮҚ-мен «Азық-түлік корпорациясы» АҚ ауа-райының салдарынан зардап шеккен АӨК субъектілерін қаржыландыруға 31,4 млрд теңге бөлген. Қаражат «Азық-түлік корпорациясы «ҰК» АҚ ҚБШ-ға 2023 жылғы 25 желтоқсанда аударылған. «Мемлекеттік қолдау шараларын алған АӨК субъектілерінің саны» түпкілікті нәтиже көрсеткішіне қол жеткізу 206 бірлікті құрады, жоспар бойынша 245 бірлік (84,1%), «Ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу көлемі» тікелей нәтиже - 103,9 мың тонна, жоспар бойынша 350 мың тонна (29,7%).

Үкімет резервтері шығыстарының кезек күттірмейтін сипатын ескере отырып, оларды тиімді және толық пайдалануды қамтамасыз ету үшін бюджет қаражатын түпкілікті алушыларға уақтылы жеткізудің маңыздылығы атап өтілді.

4. Нәтижелер көрсеткіштерін қол жеткізуге ыңғайлы мөлшерде жоспарлау.

---

[146] Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Қол жеткізілген 15 *түпкілікті нәтиже* көрсеткішінің 4-еуі *(барлығы-20)* асыра орындалды, соның ішінде 2 көрсеткіш едәуір асыра орындалған, тиісінше **310%** *(ет өндіру көлемінің ұлғаю көрсеткіштері бойынша)* және **175%** *(егіс алқаптарын қамту)*.

Жаңа қарыз алушылардың саны бойынша 262 *«Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін» Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ға кредит беру»* бағдарламасы бойынша *тікелей нәтиже* көрсеткіші **4,5 есе** *(2022 жылдың қорытындысы бойынша - **2 есе**, 2021 жылы - **3 есе**)* асыра орындалған.

Бюджеттік кредиттің ҚЭН-іне сәйкес жаңа қарыз алушылардың саны өткен кезеңдердегі көрсеткіштің нақты орындалуын есепке алмағанда, жыл сайын кредиттелген АӨК субъектілері санының 10% деңгейінде *(тек 2016 жылы – 16%)* айқындалады.

Министрлік шығыстарының құрылымында негізгі үлесті бюджеттік **кредиттер** *(58%)* және **субсидиялар** *(15%)* құрайды.

Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне АӨК-дегі инвестициялық жобаларға кредит беру

202 «Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне АӨК-дегі инвестициялық жобаларға кредит беру» бағдарламасы бойынша **бөлінген қаражат пен бюджеттік бағдарлама нәтижелерінің көрсеткіштері арасында өзара байланыстың жоқтығы** байқалады.

Қаражатты толық игеру кезінде Министрлік қаржыландырылған инвестициялық жобалар саны бойынша тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізген жоқ *(жоспар 65 болған кезде 14 жоба немесе барлығы 21,5%)*. Бұл ретте «Өткен жылға қарағанда сүт өндіру көлемін ұлғайту» түпкілікті нәтиже көрсеткіші асыра орындалған *(жоспар 5% болғанда - 7,4% -ды құрады).*

Анықтама ретінде: инвестициялық жобалар сүт-тауар фермаларын (СТФ) салуға және кеңейтуге бағытталған, жобаларды іске асыру кезеңі 2024-2025 жылдар.

Сүт өндіру көлемі бойынша түпкілікті нәтиже көрсеткіші статистикалық деректер негізінде қалыптастырылатынын және ел бойынша өндірілетін сүттің барлық көлемін қамтитынын ескере отырып, **осы бюджеттік бағдарлама шеңберінде жүргізілетін Министрлік жұмысының оған қол жеткізуге әсері көрсетілмейді**.

Жалпы, сүт сауу көлемінің 2,9%-ға *(6 320 мың тоннадан 6 503,2 мың тоннаға дейін)* ұлғаюына қарамастан, 2023 жылдың қорытындысы **бойынша өз өндірісі есебінен сүтпен қамтамасыз ету** 2,4 п.т.-ға төмендеген *(2022 жылғы 98%-дан 95,6%-ға дейін).*

Сүтті тереңдете өңдеу өнімдерінің негізгі түрлері бойынша қамтамасыз ету көрсеткіштері де 2022 жылмен салыстырғанда **төмендеген:** сары май – 5 п.т.-ға *(86%-дан 81%-ға дейін*), ашытылған сүт өнімдері – 0,8 п.т.-ға *(89%-дан 88,2%-ға дейін).*

Ірімшік пен сүзбе бойынша айқын импортқа тәуелділік байқалады – импорт көлемінің 56%-ға ұлғаюымен 2022 жылмен салыстырғанда өз өндірісі есебінен қамтамасыз етудің **9,3 п.т.**-ға *(2023 жылы - 45,7%, 2022 жылы - 55%)* төмендеуі байқалады.

Бұл ретте халықтың сүт және сүт өнімдерін тұтыну деңгейі тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларына сәйкес келмейді[147]. Егер сүт және сүт өнімдері бойынша жан басына шаққандағы ұтымды орташа тұтыну нормасы жылына 301 кг болса, іс жүзінде 2023 жылы тұтыну жан басына шаққанда жылына 227,2 кг-ны *(немесе нормадан 25%-ға аз)* құраған және төмендеу үрдісіне ие *(салыстыру үшін: 2019 жылы-жан басына шаққанда жылына 253,5 кг).*

47-КЕСТЕ. Сүтпен және сүт өнімдерінің негізгі түрлерімен қамтамасыз етілу

Атауы	Жылы	Сүт	Ашытылған сүт өнімдері	Сары май	Ірімшіктер мен сүзбе
Өндіріс, тонна	**2022**	582 056	230 689	26 259	39 735
	2023	598 679	228 460	31 123	43 855
	+/-	**16 623**	**-2 229**	**4 864**	**4 120**
Экспорт, тонна	**2022**	13 751	12 684	3 819	2 749
	2023	4 365	6 952	1 624	3 019
	+/-	**-9 386**	**-5 732**	**-2 195**	**270**
Импорт, тонна	**2022**	26 312	42 191	7 945	35 305
	2023	31 775	37 649	8 943	55 190
	+/-	**5 463**	**-4 542**	**998**	**19 885**
Тұтыну, тонна	**2022**	594 617	260 195	30 385	72 291
	2023	626 088	259 157	38 442	96 026
	+/-	**31 471**	**-1 038**	**8 057**	**23 735**
Отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілу, %	**2022**	98	89	86	55
	2023	95,6	88,2	81	45,7
	+/-	**-2,4**	**-0,8**	**-5,0**	**-9,3**

Дереккөз: АШМ

2022 жылғы өндірістік қуаттар теңгерімінің деректері бойынша *(2023 жылғы деректер 2024 жылғы шілдеде ұсынылатын болады)* орташа жылдық қуаттарды пайдалану: ашытылған сүт өнімдерін өндіру кезінде – 58,6%-ды, өңделген сүт пен кілегей өндіру кезінде – 42,4%-ды, сары май – 40,8%-ды, ірімшік пен сүзбе өндіру кезінде – 36,2%-ды құраған. Осыған байланысты, өңдеуге арналған тауарлы сүт шикізатының көлемін ұлғайту кезінде өз өндірісінің сүт өнімдерімен қамтамасыз етілуін арттыру әлеуеті көрінеді.

АӨК сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау

[147] «Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы» Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 503 бұйрығы

Жалпы, АӨК саласын субсидиялауға соңғы бес жылда шамамен 2,1 трлн теңге бөлінген, соның ішінде 2023 жылы – 492,7 млрд теңге.

48-КЕСТЕ. 2019-2023 жылдардағы қаржыландыру көздері бойынша АӨК-ні қолдауға бөлінген нақты шығыстардың серпіні

Дереккөз	2019		2020		2021		2022		2023*	
	млн теңге	%	млн теңге	%	млн теңге	%	млн теңге	%	млн теңге	%
РБ	**202 644,9**	**56,7**	**211 766,3**	**54,7**	**188 863,6**	**46,1**	**258 967,5**	**57,5**	**86 583,8**	**17,6**
соның ішінде Үкімет резерві	*70 222,3*	*19,7*	*12 271,0*	*3,2*	*16 602,5*	*4,1*	*540,4*	*0,1*	*64 300,8*	*13,0*
ЖБ	**154 606,9**	**43,3**	**175 650,3**	**45,3**	**189 787,4**	**46,4**	**191 039,2**	**42,5**	**406 162,4**	**82,4**
Ұлттық қор					30 559,4	7,5				
Жиыны	**357 251,8**	**100**	**387 416,6**	**100**	**409 210,4**	**100**	**450 006,7**	**100**	**492 746,2**	**100**

Дереккөз: АШМ

** Субсидиялардың негізгі бөлігі «2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер туралы» заң шеңберінде жергілікті бюджеттер базасына берілген.*

ЖАП АӨК-де сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялауға байланысты кемшіліктерді бірнеше рет атап өткен болатын.

Сақтандыру операторы «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ *(бұдан әрі – АКК)* болып табылады, 2023 жылы 2 сақтандыру ұйымы сақтандырушы болды: «Jusan Garant «СК» АҚ және «Freedom Finance Insurance «СК» АҚ *(2022 жылы – 3 сақтандыру ұйымы - «Jusan Garant» СК» АҚ, «Лондон-Алматы» «СК» АҚ, «Amanat» СК» АҚ).*

Сонымен қатар, 2023 жылы сақтандырылған **алаңдар елдегі жалпы егіс алқабының 1%**-ын ғана құрағанын атап өткен жөн (*мысалы, Ресей Федерациясында – 14% - дан астам)*[148]**.**

Анықтама ретінде: Қазақстанда сақтандыру сыйлықақысының 20%-ын АШТӨ төлейді, 80%-ын сақтандыру ұйымдарына мемлекет субсидиялайды.

Салыстыру үшін: Ресей Федерациясында сақтандыру бағдарламасына, кәсіпорын типіне және өңірге байланысты мемлекет сақтандыру жарнасының 50%-нан 80%-на дейін субсидиялайды.

49-КЕСТЕ. Сақтандырылған алаңдардың жалпы егіс көлеміне үлес салмағы, мың га

Атауы	2020	2021	2022	2023
Жалпы егіс алаңы	22 582	22 926	23 162	23 940
Сақтандыру алаңы	115	151	362	**279**
Үлесі, %	0,5	0,7	1,6	**1,1**

Дереккөз: АШМ

Министрлік тарапынан қаражат толық игерілген кезде «Субсидия алушылардың саны» **тікелей нәтижесінің де** *(жоспар 1372 бірлік болғанда, іс жүзінде 227 бірлік немесе 16%),* сондай-ақ сақтандырумен **қамту бойынша түпкілікті нәтиженің**

[148] www.insur-info.ru/press/190904

де көрсеткіштеріне қол жеткізілмегені байқалады**:** ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы – жоспар 770 мың га болғанда, іс жүзінде 279,1 мың га *(немесе 36%)* құрады; мал мен құс басы-жоспар бойынша 9449 мың бас, іс жүзінде 4 077,4 мың басты құрады *(43%).*

Бұл ретте 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Ұлттық банктегі АНК операторының ағымдағы шотындағы қаражат қалдығы 37%-ға ұлғайып, **3 261,5 млн теңгені құраған** *(2023 жылғы 1 қаңтарға - 2 378,3 млн теңге).*

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығындағы сақтандыру АШТӨ-ге олардың қаржылық тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік бере отырып, климаттық жағдайлардың өзгеруіне байланысты қаржылық тәуекелдерді жеңілдетудің тиімді құралы болып табылады.

Мысалы, **2023 жылғы қолайсыз климаттық жағдайлар жаздық** дақылдардың 818 мың гектар егісінің немесе жалпы егіс алқабының 3,4%-ының шықпай қалуына әкеп соққан.

Қолайсыз ауа-райы жағдайларынан көбіне негізгі астық егетін өңірлер: Ақмола *(246,2 мың га шықпай қалды немесе жаздық дәнді дақылдардың (күріште қоспағанда) және бұршақ дақылдарының жалпы егіс алқабының 5%-ы),* Павлодар *(159,8 мың га немесе 15,2%),* Қарағанды *(51,7 мың га немесе 5,2%),* Қостанай *(46,7 мың га немесе 1,1%)* және Жамбыл *(13,4 мың га немесе 3,3%)* облыстары зардап шеккен.

*Анықтама ретінде: жаздағы құрғақ ауа-райының және 2023 жылдың қыркүйегінде ұзақ жауған жаңбырдың нәтижесінде топырақтағы ылғал тапшылығының да, артық ылғалдың да **индексін сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің күрт өсуі байқалады**, бұл сақтандыру сыйлықақыларының сомасынан тиісінше 2 және 7,6 есе асады.*

48-ДИАГРАММА. Сақтандыру төлемдері

Топырақтағы ылғал тапшылығы индексін сақтандыру кезіндегі сақтандыру төлемдері



Топырақтағы ылғал тапшылығы индексін сақтандыру кезіндегі сақтандыру төлемдері



Дереккөз: www.kezekte.kz

Ауыл шаруашылығы саласының сыртқы климаттық факторлардан ерекше осалдығын ескере отырып, сақтандырушылар мен сақтандыру өнімдерінің санын **ұлғайту жолымен АШТӨ-ні агросақтандыруға тарту жөніндегі шараларды** күшейту қажет.

Азық-түлік астығын сату кезінде «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ шеккен шығыстарды субсидиялау.

Ішкі нарыққа әсер етуді реттеу үшін азық-түлік астығын сату кезінде «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ шеккен шығыстарды субсидиялау жолымен 1-ші сұрыпты ұнды сатуға бағаны ұстап тұру тиісті әсер етпейді.

Жалпы, 2023 жылдың қорытындысы бойынша арзандатылған құн бойынша *(90 мың теңге/тонна)* сатылған азық-түлік бидайынан 89 093,2 тонна көлемінде 54 015,2 тонна бірінші сұрыпты бидай ұны *(60,6%)* алынды, оның ішінде бидай нанын өндіру үшін - 42 814,8 тонна *(79,3%)* сатылды, бұл тек 2023 жылы республика бойынша бидай ұнын тұтынудың жалпы көлемінің **3%-ын құрайды.**

ЖАП Маңғыстау облысына бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген аудит барысында азық-түлік астығын өткізу кезінде Шығыстарды **субсидиялау қағидаларында төмендегілердің болмауына** байланысты жүйелі кемшіліктерді анықтады[149]:

- түпкі тұтынушыларды әлеуметтік нанмен қамтамасыз етудің толық циклі;
- ұнның, өндірілетін нанның белгіленген бағасын анықтау тетігі;
- қайта өңдеу кәсіпорындарының ұнды тек нан-тоқаш өнімдерін өндіретін және жергілікті деңгейдегі кәсіпорындарға өткізу жөніндегі міндеттемелері;
- астықты өңдеу және ұнды өткізу мерзімдері;
- астықты 1-сұрыпты ұнға өңдеу нормалары;
- ұн тартатын кәсіпорындардың арзандатылған астықтан алынған 1-сұрыпты ұнның өткізілгенін растайтын құжаттарды ұсынуы бойынша шарттар.

Осыған байланысты, Министрлік ЖАП ұсынымдарына сәйкес Субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу жұмыстарын жүргізуде *(орындалу мерзімі - 2024 жылғы маусым).*

Қолданыстағы Субсидиялау қағидаларының жетілмегендігі, сайып келгенде, **астық құнын өтеуге төленген субсидиялар түріндегі мемлекеттің шығындарына және** нан пісіру кәсіпорындарын шикізатпен тұрақты қамтамасыз ету, халықты белгіленген баға бойынша қажетті көлемде нанмен уақтылы қамтамасыз ету түріндегі бюджеттік бағдарламаны іске асырудан **әлеуметтік-экономикалық әсерге қол жеткізбеуге** әкеп соғады.

Бұдан басқа, ұн тарту ұйымдарының **есептік деректерінде** арзандатылған астықтан өндірілген ұнды өткізу көлемі **бойынша алшақтық** фактілері, сондай-ақ нан өнімдерін өндірмейтін кәсіпорындарға ұнды өткізу фактілері бар.

---

[149] «Ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы № 199 бұйрығы

Мысалы, 2022 жылы нан бағасын тұрақтандыру шеңберінде Азық-түлік корпорациясы 21 мың тонна көлемінде бөлген арзандатылған астықты қайта өңдеу жолымен 1-сұрыпты ұн өндіретін Маңғыстау облысының ұн тарту кәсіпорындары бойынша шамамен 4,1 мың тонна 1-сұрыпты ұнның өткізілуі расталмады, бұл астық құнын өтеуге субсидиялар түрінде төленген сомасы 165,5 млн теңге экономикалық шығындарға әкеп соқтырды. Сонымен қатар, 1- сортты 2,9 мың тонна ұн нан-тоқаш өнімдерін өндірмейтін кәсіпорындарға сатылған.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту

Кейіннен лизингке беру үшін ауыл шаруашылығы, жем-шөп дайындау техникасын және суарудың ұтқыр жүйелерін сатып алуды қаржыландыру үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ *(бұдан әрі – ҚАҚ АҚ)* жарғылық капиталын ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарлама бойынша *(204 ББ)* Министрлік тарапынан қаражатты толық игеру кезінде «Сатып алынатын ауыл шаруашылығы техникасының саны» тікелей нәтиже көрсеткіштеріне *(жоспарда 2808 бірлік, іс жүзінде 1880 бірлік, немесе 67%)* және «Ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту» түпкілікті нәтиже көрсеткішіне *(жоспар бойынша 1,2%, іс жүзінде 1%)* қол жеткізілмегені атап өтілді.

ҚАҚ АҚ есепті жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық қордан бөлінген 20 млрд теңгенің 8,7 млрд теңгесін *(43,5%)* игерген, **қалдық 11,3 млрд теңгені құраған.**

Бюджет кодексінің 32-бабының 2-тармағын бұза отырып[150], Министрліктің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламасында жарғылық капиталды қалыптастыруға мәлімделген шығыстардың **экономикалық әсер көрсеткіші қамтылмаған.**

Жалпы, республика бойынша 2023 жылы 19,6 мың бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынған, оның ішінде 7,7 мың бірлігі ҚАҚ АҚ-ға тиесілі *(соның ішінде бюджеттік инвестициялар есебінен 1,9 мың бірлік).*

Іс жүзінде **2023 жылдың қорытындысы бойынша жаңарту деңгейі 4,5%-**ды құраған *(2022 жылы – 4,3%, 2021 жылы – 4,5%).*

Ауыл шаруашылығы техникасының лизингі нарығында ҚАҚ АҚ-ның үлесі жыл сайын шамамен **40%-ды құрайды**, ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерін *(тракторлар, комбайндар, сепкіштер, орақтар, егіс кешендері)* сатып алудағы **үлесі 73-83%-ды құрайды**.

ҚАҚ АҚ нарықта үстем жағдайға ие бола отырып, басқа қаржы институттарымен қатар АӨК субъектілеріне кредит беру кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алу лизингісіне қатысады.

ҚАҚ АҚ-ның пайыздық мөлшерлемелері 8%-дан 24,25%- ға дейін өзгереді, оның ішінде қарыз алушы 6%-ын төлейді, мемлекет **18,25%-ға дейін** субсидиялайды.

Бұл ретте ҚАҚ АҚ-ның қаржылық есептілігі оның көздері бойынша берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түріндегі кірістерді көруге мүмкіндік бермейді

[150] 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV ҚР Бюджет кодексі

(2023 жылдың қорытындысы бойынша жалпы сомасы – 64,3 млрд теңге, 2022 жылы – 49,6 млрд теңге[151]).

Сонымен бірге, ЖАО деректеріне сәйкес 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚАҚ АҚ **АӨК субъектілерін кредиттеу, сондай-ақ лизинг** *(89,3 млрд теңге)* кезінде сыйақы мөлшерлемелерін **субсидиялауға сомасы 28,5 млрд теңге** немесе қаражаттың жалпы көлемінің **31,9%-**ы мөлшерінде субсидия алды.

Бұдан басқа, ҚАҚ АҚ-ның жеке лизингтік компанияларға қарағанда артықшылықтарының бірі – нарықтық мөлшерлемелерден төмен кредиттер тарту мүмкіндігі.

Мысалы, 2022 жылы ҚАҚ АҚ 0,35% сыйақы мөлшерлемесі бойынша отандық өндірістің өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдікті лизингі бағдарламасын қаржыландыру үшін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-дан қарыз алған.

Сондай-ақ, Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында[152] оның жарғылық капиталын ұлғайту *(2023 жылы – 20 млрд теңге, 2024-2025 жылдары - жыл сайын 30 млрд теңгеге дейін)* және ұзақ мерзімді бюджеттік кредиттеу *(2023-2025 жылдары – жыл сайын 30 млрд теңгеге дейін)* жолымен ҚАҚ АҚ арқылы лизингтік қаржыландыру тетіктері көзделеді.

Осылайша, ҚАҚ АҚ **бюджет қаражаты есебінен** неғұрлым тиімді шарттарды ұсына отырып, **жекеменшік лизингтік компанияларға бәсекелес болады**.

ҚАҚ АҚ 2023 жылы барлығы **7,7 мың бірлік** ауыл шаруашылығы техникасын *(2022 жылы – 6,8 мың бірлік)* сатып алғанын, ал ауыл шаруашылығы техникасының жалпы паркі **435 мың бірлікті құрайтынын** *(тозуы 76%)* ескерсек, Мемлекет басшысы белгілеген ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынын жылына **10%-ға дейін[153]** ұлғайту екіталай болып көрінеді.

Осыған байланысты, АШТӨ-ні жеңілдікті лизингпен қамтуды ұлғайту бойынша қойылған мақсаттарға қол жеткізу жеке лизинг нарығын дамыту арқылы мүмкін болады деп санаймыз.

ҚР Президентінің 2023 жылғы 10 наурыздағы № 140 Жарлығына[154] сәйкес Министрлікке республикалық бюджет және (немесе) квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен сенімділік өлшемшарттарына сәйкес келетін **жекеменшік лизингтік компанияларға жеңілдікпен кредит беруді ұлғайту** мәселесін пысықтау тапсырылды.

Мемлекет басшысының жеңілдікті лизинг көлемін жыл сайын 450 млрд теңгеге дейін ұлғайту туралы тапсырмасын іске асыру мақсатында жыл сайын кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікті лизингтік қаржыландыруды көздейтін

---

[151] www.kaf.kz/about/reporting

[152] «ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 ҚРҮҚ

[153] Мемлекет басшысының 2024 жылғы 7 ақпандағы ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінен

[154] «Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту және халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 жылғы 10 наурыздағы № 140 Жарлығы

мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде **жекеменшік лизингтік компанияларды тарту тетіктерін** кеңейту қажет деп санаймыз.

Анықтама ретінде: Қазіргі уақытта Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы жеке лизингтік компанияларды қорландыру бөлігінде ҚР өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізуде.

Жалпы, ЖАП-тың бағалауынша, Министрлік бойынша **бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және тиімсіз пайдалану 12,2 млрд теңгені** құрады *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қалдықтарды есепке алмағанда).*

Энергетика министрлігі

Энергетика министрлігінің *(бұдан әрі – ЭМ, Министрлік)* бастапқыда бекітілген бюджетінің жоспары 2023 жыл ішінде 5 рет нақтыланып, түзетілді, нәтижесінде 2 еседен астам немесе 108,6 млрд теңгеге ұлғайтылып, 210,9 млрд теңгені құрады. Жыл қорытындысы бойынша орындау **100%** құрады, 25,8 млн теңге орындалмай қалды.



Макро- және нысаналы индикаторлар

Есепті жылы Министрліктің даму жоспарының 2 мақсатына қол жеткізуді өлшейтін 15 макро- және нысаналы индикатор орындалуға жоспарланған болатын, оның ішінде – 8-не *(53,4%)* қол жеткізілген, 3-не *(20%)* қол жеткізілмеген, 4 *(26,6%)* макроиндикатор бойынша статистикалық деректер 2024 жылғы екінші жартыжылдықта қалыптастырылатын болады, бұл Министрліктің жоспарланған стратегиялық міндеттерге қол жеткізуін бағалау процесін қиындатады.

50-КЕСТЕ. Қол жеткізілмеген макроиндикаторлар, сондай-ақ есепті деректер жоқ индикаторлар

Атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Қол жеткізу
Уран өндірудің нақты көлемінің индексі %	100,9	98,0	Қол жеткізілген жоқ
Мұнай өндіру көлемі млн тонна	90,5	89,9	Қол жеткізілген жоқ
Мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру көлемі (битум көлемін қоспағанда) мың, тонна	515,8	358,7	Қол жеткізілген жоқ
Тау-кен өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда еңбек өнімділігінің өсуі, 2019 жылғы бағадағы 2019 жылғы деңгейден % өсім %	11,7	-	Деректер қалыптаспаған
Электрмен жабдықтау, бу беру және ауа баптаудағы еңбек өнімділігінің өсуі, 2019 жылғы бағадағы 2019 жылғы деңгейден % өсім %	28,4	-	Деректер қалыптаспаған
Кен өндіру және карьерлерді қазу саласындағы негізгі капиталға салынатын инвестициялар 2019 жылғы деңгейден %	6,0	-	Деректер қалыптаспаған
Электрмен жабдықтау, бу беру және ауа баптаудағы негізгі капиталға салынатын инвестициялар 2019 жылғы деңгейден %	5,9	-	Деректер қалыптаспаған

Дереккөз: ЭМ

Қол жеткізілмеген макроиндикаторлар:

1) мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру көлемі *(битум көлемін қоспағанда)* 2023 жылға 920 мың тонна[155] көлемінде бекітілген.

Енгізілген өзгеріске сәйкес, бұл көрсеткіш 515,8 мың тоннаға[156] дейін азайтылды, іс жүзінде 358,7 мың тоннаға орындалды, бұл бастапқы бекітілген көрсеткіштен 2,6 есе төмен.

Макроиндикаторға қол жеткізбеу «KPI» ЖШС зауытында Siemens компрессорының зауыттық ақауымен байланысты болды *(ақау 2023 жылғы 25 мамырда анықталды),* оның шеңберінде 3 ай ішінде жоспардан тыс жөндеу жүргізілді. Нәтижесінде полипропилен өндіру көлемі *(«KPI» ЖШС және «Компания Нефтехим Ltd» ЖШС)* 217,3 мың тоннаны құрады, жоспар бойынша – 345,6 мың тонна немесе 63%.

Анықтама ретінде: «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде 2022 жылы жоғарыда көрсетілген көрсеткіш жоспар бойынша 560 мың тонна болған кезінде 271,4 мың тоннаға немесе 48,4%-ға орындалды.

2) уран өндірудің нақты көлемінің индексі жоспар бойынша 100,9% болған кезде, іс жүзінде 98% орындалды. Макроиндикаторға қол жеткізбеу стратегиялық материалдардың *(химиялық реагенттердің)* тапшылығымен, атап айтқанда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ақпараты бойынша 2023 жылдың басынан бастап күкірт қышқылының толық жеткізілмеуімен байланысты.

3) мұнай өндіру көлемінің индикаторы жоспар бойынша 90,5 млн тонна болған кезде, іс жүзінде 89,9 млн тоннаға орындалды. Қол жеткізілмеу Маңғыстау облысының кен орындарында мұнай өндірудің төмендеуімен, МАЭК тарапынан электр энергиясының авариялық ажыратылуымен байланысты. Шығындар 2 айда *(шілде-тамыз)* шамамен 400 мың тоннаны құрады, сондай-ақ Қарашығанақ кен орнында газды кері айдау және техникалық желілерді тоқтату компрессорларын жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты.

Министрлік іске асыратын 12 бюджеттік бағдарлама бойынша:

- 44 тікелей нәтиженің 43-не қол жеткізілді, 1 «Сатып алынған активтер санына» қол жеткізілмеді, 32 бірлік жоспарланған кезде, іс жүзінде 30 бірлікті құрады, негізгі себебі – Алматы облысының «Нұрлы Жол» кеден бекетінде 2 бірлік рентгендік тексеру жабдығы бар жүк машинасының кешігуіне байланысты жабдықты 2023 жылғы 29 желтоқсанға дейін уақтылы жеткізбеу;

- түпкілікті нәтижелерге толық қол жеткізілді (*12 бірл.*).

Жылумен, электрмен, газбен жабдықтау саласындағы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру

Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен 2024 жылғы 7 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысы шеңберінде коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғыртуды жеделдету қажеттігі атап өтілді: «Елді мекендердің тыныс-

---

[155] Энергетика министрінің «ҚР Энергетика министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспары туралы» 30.12.2022 ж. №458 бұйрығы

[156] ҚР Үкіметінің 28.03.2023 ж. № 260 қаулысының редакциясындағы Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

тіршілігіне қажетті барлық жүйе үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету – Үкімет пен әкімдіктердің негізгі міндетінің бірі».

1. **Жылу, электр энергетикасын дамытуға** *(041 ББ)* 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өңірлер жылдық жоспары 89 174,6 млн теңге болған кезде 87 815,4 млн теңге немесе 98,5% игерді. 1 359,2 млн теңге орындалмады, оның ішінде 695,6 млн теңге үнемделді *(«Астана қаласында «Оңтүстік-шығыс» аудандық газ қазандық құрылысы (алаңнан тыс инженерлік желілерсіз»),* өнім берушілердің шарт талаптарын бұзуына байланысты 663,6 млн теңге игерілмеген *(«Астана қаласында 110 кВ ЭБЖ реконструкциялау және салу» («Жұлдыз» КС трансформаторларын ауыстырумен және «Восточная» КС 110 кВ кабельдік желісін реконструкциялаумен). Түзету»).*

Соңғы 5 жылда республикалық бюджеттен осы бюджеттік бағдарлама бойынша ел экономикасының жылу және электр энергиясына өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз етуге 221 136 млн теңге бөлінді, оның ішінде 2023 жылы – 89 174,6 млн теңге *(2022 жылмен салыстырғанда 2,5 есе көп).* Бұл ретте, бөлінген қаражаттың негізгі үлесі Астана қаласына 82 120,9 млн теңгеден астам немесе жалпы соманың 92,1% тиесілі.

49-ДИАГРАММА. Республикалық бюджеттен жылу, электр энергетикасын дамытуға бөлінген қаражат, млрд теңге



Дереккөз: Қаржымині

2023 жылы 11 жоба қаржыландырылды (*4 – Астана қаласында, 2-уден – Батыс Қазақстан, Түркістан облыстарында, 1-уден – Ақмола, Қостанай, Атырау облыстарында).* Бұл ретте, 3 жоба екі көзден қаржыландырылды *(республикалық бюджет және Ұлттық қор).*

Сонымен қатар, жыл ішінде басқа бюджеттік бағдарламаларға қайта бөлу нәтижесінде **513 мыңнан астам тұрғынды** қамти отырып, бұрын қаржыландыруға бекітілген 3 жоба бойынша **4 365,5 млн теңге** сомаға **шығыстар** толық көлемде **қысқартылды**, соның ішінде:

- *«Шымкент қ. Ынтымақ шағын ауданында 110/35/10 кВ КС және 110 кВ электр желілерін салу»* – 1 000 млн теңге, мердігер ұйымдар тарапынан өткізілген мемлекеттік сатып алу конкурстарының қорытындыларымен келіспеуіне қатысты сот талқылауларына байланысты.

Сонымен бірге, 2024 жылға Ұлттық қор есебінен – 5 000 млн теңге көзделген

(02.08.2021 ж. № 19-0311/21 ЖСҚ МС. Жобаның жалпы құны 11 832,7 млн теңге). Бұл ретте, жобаны іске асырудың басталуын кешіктіру ЖСҚ ескіріп, кейіннен құнның қымбаттауы тәуекеліне әкеп соқтыратынын атап өткен жөн;

- *«110 кВ ЭБЖ бар «Қазбек» 110/20 кВ жабық КС құрылысы»* – 1 465,5 млн теңге, жобаның ЖСҚ түзетуіне байланысты (*құнның қымбаттауы*).

Жоба 2014 жылғы 29 тамыздағы № 01-496/14 ЖСҚ-ға МС сәйкес, 2017 жылдан бастап, құны 3 149,1 млн теңгеге іске асырылуда.

Құрылыстың нормативтік мерзімі – 15 ай. Алайда, мердігерлік ұйым ішіндегі талқылауларға (*2017 жыл, 2019 жыл*), мердігердің өндірістік жұмыстар кестесіне (*2018 жыл*) сәйкес жұмысты орындамауына, конкурстардың қорытындыларына шағымдану рәсіміне (*2020 жыл*), сондай-ақ құнның қымбаттауына орай (*2022-2023 жылдар*) ЖСҚ түзетілуіне байланысты жобаны іске асыру **7 жылға созылды** және осы уақытқа дейін нысан **пайдалануға берілмеген.**

Анықтама ретінде: бюджет қаражатынан 1 043,3 млн теңге бөлінді, соның ішінде: 2017 жылы - 700 млн теңге, 2018 жылы - 195,8 млн теңге, 2022 жылы - 147,5 млн теңге. 951,1 млн теңге игерілді.

Астана қаласы әкімдігінің жедел ақпараты бойынша ЖСҚ түзету ағымдағы жылдың тамыз айында аяқталады (жобаның болжамды құны 6 млрд теңге);

- *«ӘЖ-110 кВ (Ақжайық, Бәйтерек, Тасқала аудандары және Орал қ., БҚО) реконструкциялау»* - 1 900 млн теңге, «Мемсараптама» РМК-дан қорытынды алу қажеттілігіне байланысты.

«Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларының»[157] 6-тармағына сәйкес бұл жоба жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі техникалық жағынан күрделі объектілерге жатады.

Жобаны қаржыландыру 2022 жылғы 25 желтоқсандағы № SBEX-0050/22 ЖСҚ-ға 2 806,1 млн теңге сомасына жеке сараптама негізінде көзделген (*«Smart Build Expertise» ЖШС*).

Анықтама ретінде: жеке ЖСҚ мердігердің өз қаражаты есебінен қаржыландырылды (БҚО әкімдігінің ақпараты бойынша бюджеттен жеке сараптама жүргізуге қаражат бөлінбеді).

2023 жылғы 28 қарашада 2 823,8 млн теңге сомасына № 15-0274/23 ЖСҚ-ға мемлекеттік сараптама алынды. ЭМ ақпараты бойынша жобаны қаржыландыруды 2024 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде көздеу жоспарлануда.

Бұл ретте, 1 991,1 млн теңге сомасындағы оңтайландырылған қаражаттың бір бөлігі «Атырау қаласындағы кәріз-тазарту құрылыстары (КТҚ) үшін 110/10 кВ кіші станция (КС) құрылысы» жобасын **аяқтауға** *(1 009,4 млн теңге) (ЖАО ақпараты бойынша объект 2024 жылғы тамызда пайдалануға тапсырылады деп жоспарлануда)* және «Орал қ. «Ақжайық» ЕТЖК ауданында 110/10 КС салу» **жаңа жобасын** іске асыруды

157 «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген

бастауға *(981,7 млн теңге)* **қайта бөлінді**.

2023 жылы пайдалануға беруге жоспарланған **4 жобаның 2-уі пайдалануға берілмеген**, оның ішінде:

- *«Қостанай облысының Жітіқара қаласындағы орталық қалалық қазандықтың өз мұқтажын жабу үшін газ тұтынатын энергетикалық қондырғы салу»*, «ARKANTOR» ЖШС мердігерінің шарттық міндеттемелерін орындамауына байланысты, шарт біржақты тәртіппен бұзылды. Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен мердігер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылды.

Анықтама ретінде: 2023 жылы 170,9 млн теңге игерілді;

08.06.2022 ж. № 12-0178/22 ЖСҚ-ға МС, құны - 900,7 млн теңге;

Құрылыстың нормативтік мерзімі – 2,5 ай.

Әлеуметтік әсер – Жітіқара қаласының 35,6 мың тұрғынын үздіксіз және сапалы жылумен қамтамасыз ету.

- *«Астана қаласында 110 кВ ЭБЖ реконструкциялау және салу («Жұлдыз» КС трансформаторларын ауыстырумен және «Восточная» КС 110 кВ кабельдік желісін реконструкциялаумен). Түзету»,* өнім берушінің шарт талаптарын бұзуына байланысты (*КРУЭ-110 кВ жабдығын уақтылы жеткізбеу*).

Анықтама ретінде: 2023 жылы 4 282,9 млн теңге игерілді;

13.09.2022 ж. № 01-0455 / 22 ЖСҚ-ға МС, құны – 5 465,2 млн теңге;

Құрылыстың нормативтік мерзімі – 7 ай.

Әлеуметтік әсер – 20 мыңнан астам тұрғынды үздіксіз және сапалы электрмен қамтамасыз ету.

Айта кету керек, жылу, электр энергетикасын дамытуға (*041 ББ*) көзделген қаражаттың негізгі көлемі Астана қаласының жобаларын, соның ішінде 2011 жылдан бері іске асырылып жатқан **«Астана қаласында ЖЭО-3** құрылысы» жобасын іске асыруға бағытталған (*аудит кезінде*[158] *жұмыстардың 64% орындалғаны расталды, ал әкімдіктің мәліметінше – 83%*). 2023 жылы республикалық бюджеттен және Ұлттық қордан 15 млрд теңге бөлініп, игерілді (*2024 жылы РБ есебінен 21,6 млрд теңге көзделген*).

Анықтама ретінде: ЭМ ақпараты бойынша ІҚРЖ-ның (іске қосу-реттеу жұмысы) ЖСҚ құны 88,8 млрд теңгені құрады. Жобаның ІҚРЖ-мен бірге құны қазіргі уақытта шарттар бойынша 145,6 млрд теңгені құрайды. Бірінші іске қосу кешені бойынша (табиғи газды пайдалана отырып) 95% орындалды.

Министрлік жылу, электр энергетикасын дамытуға 716 мыңнан астам халықты үздіксіз жылумен, 286 мыңнан астам халықты электрмен жабдықтаумен қамтамасыз ету үшін 11 бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру түріндегі **әлеуметтік-экономикалық әсерді** көрсетті.

Сонымен қатар, жыл қорытындысы бойынша қалыптасқан бюджет

---

[158] 2023 жылғы 26 мамырдағы №10-Қ «Жылумен жабдықтау, тартылған қаржы қаражатын мақсатты пайдалану және жылу энергиясын өндіру және беру объектілерінің инвестициялық бағдарламаларды орындауы саласындағы басқару тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық қорытындысы

қаражатының игерілмеуіне, бастапқыда бекітілген 3 жобаның алынып тасталуына және 2 жобаның пайдалануға берілмеуіне қарамастан, нәтижелер көрсеткіштері қол жеткізілген деп белгіленді:

- тікелей нәтиже: қаржыландырылған БИЖ саны – 11 бірлік;

- түпкілікті нәтиже: өңірлердің үздіксіз электрмен жабдықтау қажеттілігін қамтамасыз ететін электр энергиясының көлемі – 100 %.

Бұл факт нәтижелер көрсеткіштерін жоспарлаудың формальды екенін көрсетеді. Басқаша айтқанда, БИЖ-ді пайдалануға беру және/немесе бермеу, жобаларды қысқарту бағдарламаның түпкілікті нәтижесіне әсер етпейді, бұл Министрлік жұмысының нәтижелерін бағалайтын көрсеткіштердің дұрыс қалыптаспауының салдары болып табылады.

Анықтама ретінде: 2023 жылы «Астана қаласындағы «Оңтүстік-шығыс» аудандық газ қазандығының құрылысы» (алаңнан тыс инженерлік желілерсіз)» және «БҚО, Орал қ., Водозабор к-сі, 1-құрылыс» мекенжайында орналасқан ЖЭО су тартқышын Ру-3,15 кВ реконструкциялау» 2 жобасы аяқталды, бұл Астана қаласының 50 мың тұрғынын және Орал қаласының 315 мың тұрғынын жылумен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

2. Газ тасымалдау жүйесін дамытуға *(003 ББ)* көзделген қаражатты 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өңірлер 97,2% игерді *(81 400,6 млн теңге бөлінді, 79 081,5 млн теңге игерілді).* 2 319,1 млн теңге орындалмады, оның ішінде үнемдеу – 3,1 млн теңге, игерілмегені – 2 316 млн теңге.

Ең көп игерілмеуге жол берілгендер:

*– **955,8 млн теңге** – ЖСҚ түзетуге байланысты «САРЫ-АРҚА» МГ «Жезқазған»-АГТС-тен бастап Жезқазған каласының газ тарату желілерін салу;*

*- **608,9 млн теңге** – Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы 14 елді мекенді (Қызылдыхан, Маятас, Жайылма, Өндіріс, Саудакент, Игілік, Жаңаталап, Ұйым, Сыздықбаев, Ақтоғай, Жаңатас, Үшбас, Бүркітбаев, Арыстан) газдандыру бойынша газ құбырларын салумен (жеткізу, тарату), жұмыстарды жүргізу кестесінен артта қалуына байланысты;*

*- **436,2 млн теңге** – «Қызылорда облысы Арал ауданы Сексеуіл кентінде АГТС орната отырып, «Бейнеу-Шымкент» магистральдық газ құбырынан бұрылатын газ құбырын салу». Түзету» жоба бойынша, жұмыс кестесінен артта қалуына байланысты.*

Бекітілген бюджетте іске асыруға көзделген **6 жоба** кейіннен *(11 579,4 млн теңге)* **алынып тасталды:**

- «Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының 8 елді мекенінде (Дайыр, Көкжыр, Қуаныш, Сарытерек, Жарсу, Бақасу, Сарыжыра елді мекендері) кентішілік және орамішілік газдандыру желілерін салу» (939,9 млн теңге).

Бұл жобаның мақсаты – ұзындығы 96,5 км кентішілік және орамішілік желілерді төсеу, объектілерді 2020 жылы салынған магистральдық жеткізу желілеріне қосу *(52 км жоғары қысымды газ құбырлары, 8 дана ГТТ орнатылған).*

2022 жылғы 27 маусымда «StroyGazCompany» ЖШС мердігерлік ұйымымен жобаны іске асыру жөнінде шарт жасалды. 215 млн теңге игерілді *(164,5 млн теңге – аванстық төлем, 44 млн теңгеге материалдар сатып алынды, авторлық және техникалық қадағалау – 6,5 млн теңге).*

Алайда, конкурстық комиссияның шешімімен келіспеу себебінен конкурс нәтижелеріне шағымдануға қатысты сот рәсімдері жүргізілді *(нәтижесінде БҚО Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 06.09.2022 ж. шешімімен «StroyGazCompany» ЖШС-мен жасалған мемлекеттік сатып алу шарты жарамсыз деп танылды. Соған қарамастан 07.03.2023 ж. Жоғарғы соттың шешімімен БҚО МАӘС-тің шешімі «StroyGazCompany» ЖШС пайдасына күшін жойды).*

2023 жылы жұмысты жалғастыру үшін сметалық бағаларды түзету қажеттілігіне, сондай-ақ ЖСҚ-да көзделмеген жұмыс түрлеріне байланысты ЖСҚ түзету қажет болды *(20.06.2019 ж. №06-0138/9 ЖСҚ МС, құны 1 400,1 млн теңге).*

Қазіргі уақытта мердігер ұйымның тексеру комиссиясының нұсқамасын, сондай-ақ шарттық міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзуына байланысты шартты бұзу және төленген қаражатты өндіріп алу бойынша тағы да сот талқылаулары жүргізілуде *(23.03.2024 ж. ШҚО МАЭС ұйғарымы).* Жобаны іске асырудың әлеуметтік әсеріне 2020 жылдан бастап қол жеткізілген жоқ, 8 ауылдың 5 835 тұрғыны газбен қамтамасыз етілмеген.

- *«Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шоқай елді мекенінде АГТС орната отырып, «Бейнеу-Шымкент» магистральдық газ құбырынан бұрма-газ құбырын салу». Түзету» (1 088,1 млн теңге),* АГТС (*автоматтандырылған газ тарату станциясы)* құнының қымбаттауына, материалдардың қымбаттауына және газ құбырының ұзындығының өзгеруіне *(АГТС құрылысының орналасуының өзгеруі)* байланысты жобаның құжаттамасына түзету енгізілуде.

Анықтама ретінде:

2021 жылғы 5 қарашадағы №19-0436/21 ЖСҚ-ға МС, құны 2 147,3 млн теңге;

2022 жылы 36 млн теңге бөлініп, орындалды (мердігерге аванстық төлем).

Әлеуметтік әсер – 10 АЕМ-де 14 мыңнан астам тұрғынды табиғи газбен қамтамасыз ету.

- *«Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян е/м 55 га инфрақұрылым алаңында 20 коммуналдық үйлер мен учаскелер үшін газ құбыры желілерін салу» (109,8 млн теңге).*

Анықтама ретінде:

2020 жылғы 18 қазандағы №ЕТ-0222/20 ЖСҚ-ға МС, құны 143,2 млн теңге.

Жоба ҚР газ тасымалдау жүйесінің тапшылығы себебінен іске асырылмаған.

ЖАО ақпараты бойынша 2024 жылы облыстық бюджетті қалыптастыру кезінде 120 млн теңге жоспарланған.

Әлеуметтік әсер – 1 040-тан астам тұрғынды табиғи газбен қамтамасыз ету.

- *«Түркістан облысы, Арыс қаласы, Байырқұм а/о, Көкжиде е/м орташа қысымды газ құбырларының орамішілік желілерін салу» (104,2 млн теңге),*

2021 жылғы 20 сәуірдегі № ССоп-0098/21 ЖСҚ-ға МС, құны 143,2 млн теңге;

Жоба ҚР газ тасымалдау жүйесінің тапшылығы себебінен іске асырылмаған.

2024 жылы ҰҚ есебінен 104.2 млн теңге қарастырылған.

Әлеуметтік әсер - 1200-ден астам тұрғынды табиғи газбен қамтамасыз ету,

- *«Нұр-Сұлтан қаласын газдандыру. Құрылыстың III кезегі. Газ құбыры-бұру. (1-3 іске қосу кешендері)» (8 837,4 млн теңге).*

2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 04-0373/21 ЖСҚ-ға МС, құны 30 357,8 млн теңге;

Жоба газ көлемінің жеткіліксіздігіне байланысты іске асырылмаған.

2024 жылы РБ есебінен 500 млн теңге қарастырылған.

Әлеуметтік әсер – жобаны іске асыру АГТС-3 салу арқылы тұрақты гидравликалық режимді және қажетті газ көлемін қамтамасыз етуге, сондай-ақ инвестициялық климатты жақсартуға бағытталған,

- *«Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Атасу кентінің газбен жабдықтау тарату желілері бар «Атасу» АГТС және газ бұру құбырын салу» (500 млн теңге),* Қазынашылық органдарында жаңадан құрылған облыс арасында қаржыландыруды бөлу бөлігінде рәсімдік мәселелерге байланысты.

Анықтама ретінде:

ЖСҚ-ға МС (25.02.2021 ж. № 01-0113/21)

Әлеуметтік әсер – 17 528-ден астам тұрғынды табиғи газбен қамтамасыз ету.

Осылайша, ЖАО және Министрлік тарапынан **сапасыз жоспарлау** және жобаның іске асырылуына **бақылаудың жеткіліксіздігінің** белгілері байқалады.

Сонымен қатар, **құрылыс материалдары мен жабдықтары құнының қымбаттауы** фактілері бар, мысалы, келесі 3 жоба бойынша қымбаттаудың ең көп сомасы атап өтілді.

51-КЕСТЕ. Құрылыс материалы мен жабдықтың құны қымбаттаған жобалар, млн теңге

Атауы	Бастапқы құны	Түзетілген құн	Қымбаттау сомасы	Құжаттар
Жамбыл облысы Сарысу ауданының 14 елді мекенін (Қызылдыхан, Маятас, Жайылма, Өндіріс, Саудакент, Игілік, Жаңаталап, Үйым, Сыздықбаев, Ақтоғай, Жаңатас, Үшбас, Бүркітбаев, Арыстан) газ құбырларын салу арқылы газдандыру (жеткізу, тарату)	8 551,4	13 745,9	+5 194,5	18.04.2018 ж. № 19-0136/18 30.06.2023 ж. № 19-0214/23
Жамбыл облысы Шу ауданының 18 елді мекеніне (Абай, Мойынқұм, Еңбек, Жиенбет, Ақтөбе, Бәйдібек, Ақтасты, Бөлтірік, Балуан Шолақ, Далақайнар, Шоқпар, Шоқпар, Тасөткел, Аспара, Ақсу, Оразалы, Тасөткел, Жайсан су қоймасы) газ құбырын салу	6 595,8	9 364,4	+2 768,6	26.01.2018 ж. № 19-0023/18 03.08.2023 ж. №19-0272/23
Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоянды ауылының газ құбыры мен газ тарату желілерін салу	5 258,5	7 383,5	+2 125,0	25.10.2019 ж. №12-0255/19 07.12.2022 ж. № 12-0382/22

Дереккөз: ЭМ

2023 жылы Энергетика министрлігінің ақпараты бойынша, 88 жоба іске асырылды, 2023 жылы аяқталуы жоспарланғандардан 22-і аяқталды, 27-і аяқталмады, себебі – мердігерлермен сот талқылауы, орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемінің төмендігі, сондай-ақ ЖСҚ түзету *(материалдар құнының қымбаттауы).* Сонымен қатар, ЖАО-ның деректері бойынша жоспарланған 34 жобаның 24-і аяқталды, бұл уәкілетті ОМО мен ЖАО деректері арасындағы алшақтықты көрсетеді.

Анықтама ретінде: Түркістан облысы бойынша 2024 жылға ауысатын 10 жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен аяқтау жоспарланып отырғанын айта кету керек.

52-КЕСТЕ. Газ тасымалдау жүйесін дамытуға арналған құрылыс жобаларын іске асыру туралы ақпарат, бірлік

Облыс	Жобалардың жалпы саны	олардың ішінде:					
		ЭМ мәліметі бойынша 2023 жылы аяқталу мерзімімен	соның ішінде:		ЖАО мәліметі бойынша 2023 жылы аяқталу мерзімімен	соның ішінде:	
			аяқталғаны	аяқталмағаны		аяқталғаны	аяқталмағаны
Ақмола	5	2		2	2		2
Ақтөбе	7	4	4		4	4	
Алматы	7	2		2	2		2
Атырау	3	3	2	1	3	2	1
Жамбыл	6	3	2	1	2	2	
Қарағанды	3						
Қостанай	4	1	1		1	1	
Қызылорда	15	12	8	4	12	8	4
Маңғыстау	1						
Жетісу	4	2	1	1	2	1	1
Ұлытау	1						
Түркістан	28	18	2	16	4	4	
Шымкент	3	1	1		1	1	
Астана	1	1	1		1	1	
ЖИЫНЫ	**88**	**49**	**22**	**27**	**34**	**24**	**10**

Дереккөз: ЭМ, ЖАО

Қалыптасқан жағдайға қарамастан, «Халықты газдандыру деңгейі» *(003 ББ)* түпкілікті нәтиже көрсеткіші 0,1%-ға артық орындалды *(жоспар 59,9%, іс жүзінде 60 %).* Бұл бюджет есебінен қаржыландырылатын *(республикалық және жергілікті)* жобалардан басқа, газдандыру «QazagGaz» ҰК» АҚ газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператордың қаражаты есебінен жүзеге асырылғандығымен түсіндірілді.

Осыған байланысты, Министрліктің бюджеттік бағдарламасының түпкілікті нәтижесінің көрсеткіші бастапқыда бекітілген жобалар бойынша қаржыландыруды қысқарту *(6 жоба)* жобаларды уақтылы іске асырмау *(10 жоба),* құнның қымбаттауына байланысты іске асыру мерзімдерін кешіктіру *(3 жоба)* факторларын ескермейді. Сондықтан, ЭМ-нің халықты газдандыру деңгейін қамтамасыз етудегі нақты үлесін бағалау мүмкін емес.

Газдандыру деңгейіне 2024 жылы - 61,1%, 2025 жылы - 61,5%, 2026 жылы - 61,8%, 2027 жылы - 62,2% жету жоспарлануда.

53-КЕСТЕ. 01.01.2024 жылға ҚР халқын газдандыру деңгейі

Өңір атауы	Облыс бойынша газ құбырларының жалпы ұзындығы, км	Е/м саны (барлығы)	соның ішінде:	Облыс халқының саны (барлығы)	соның ішінде:	Газдандыру деңгейі %	
			газдандырылған		газдандырылған	1.01.2023	1.01.2024
Барлығы	**80 418**	**6 192**	**1 859**	**20 033 546**	**12 020 634**	**59**	**60**
Астана қ.	650	1	1	1 430 136	203 848	15,1	14,3
Ақмола	345	605	16	788 012	18 538	2,2	2,4
Алматы қ.	6 019	1	1	2 228 515	2 205 152	99,2	99
Алматы	4 688	384	149	1 531 044	1 107 014	73,5	72,3
Жетісу	1 905	192	31	697 998	319 011	41,2	45,7
Атырау	6 335	155	139	704 078	701 716	99,7	99,7
Ақтөбе	10 989	320	168	939 400	886 522	93,6	94,4
ШҚО	380	362	10	727 071	23 590	3,13	3,2
Абай	0	333	0	607 556	0	0	0
Жамбыл	6 934	371	285	1 222 597	1 113 358	90,2	91,1
БҚО	9 256	415	368	693 249	691 738	99,6	99,8
Қызылорда	4 356	234	39	841 831	630 773	70	74,9
Қостанай	4 186	501	79	829 998	486 927	58,3	58,7
Қарағанды	321	354	2	1 135 411	17 412	1,5	1,5
Ұлытау	94	77	1	221 592	5 950	2,69	2,7
Маңғыстау	4 847	61	56	786 917	786 405	99,9	99,9
Түркістан	11 627	832	513	2 142 005	1 649 464	73,1	77
Шымкент қ.	7 486	1	1	1 222 055	1 173 216	94,2	96
СҚО	0	635	0	530 124	0	0	0
Павлодар	0	358	0	753 957	0	0	0

Дереккөз: ЭМ

Бұрынғыдай, **жеке тұрғын үйлерді газ тарату жүйесіне қосуға қатысты** мәселе өткір тұр.

Энергетика министрлігінің ақпараты бойынша газ желілеріне қосылу бағасы, мысалы, Ақмола облысында *(Аршалы ауданы)* 500 мыңнан 1 250 мың теңгеге дейін *(газдандыру деңгейі 2,4%),* Астана қаласында 500 мыңнан 1 500 мың теңгеге дейін *(газдандыру деңгейі 14,3%),* Қарағанды облысында *(Қарағанды қ., Теміртау)* 400 мыңнан 1500 мың теңгеге дейін *(газдандыру деңгейі 1,5%),* Ұлытау облысында Жезқазған қаласында 500 мыңнан 800 мың теңгеге дейін *(газдандыру деңгейі 2,7%),* Қызылорда облысында 250 мыңнан 800 мың теңгеге дейін (*газдандыру деңгейі 74,9%).*

Мысалы, 2023 жылы аяқталған «Қызылорда қаласы Қосшыңырау ауылдық округінің Абай, Досан елді мекендерінде газ құбыры желілерінің құрылысы» жобасы шеңберінде 678 үйдің 165-і табиғи газға қосылған *(Энергетика министрлігінің ақпараты бойынша а.ж. 19 сәуірге).*

Бұл ретте газ желілеріне қосылу құнын мердігердің өзі айқындайды, мемлекет тарапынан қосылу бағасы реттелмейді.

Қазіргі уақытта 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын алдын ала бағалау қорытындылары бойынша газ тарату желілеріне қосылу

мақсатында халықтың жекелеген топтары үшін мемлекеттік қолдаудың жүйелі шараларын енгізудің орындылығын қарау туралы ЖАП-тың ұсынымы орындалмай отыр.

Айта кету керек, бұл бағаны көптеген тұрғынның қалтасы көтермейді, бұл өз кезегінде газдандыру қарқынының төмендеуіне әсер етуі мүмкін.

Сондай-ақ, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ ақпараты бойынша осы уақытқа дейін 1 481 объект бюджет қаражаты есебінен салынған **газ тарату және газ тасымалдау жүйелерінің тізбесі пайдаланушы ұйымдардың балансына берілмегенін** атап өткен жөн.

- 465 бірлік «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға берілді;

- 263 бірлік «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-мен тапсыру келісілді, ММЖК бұйрығы талап етіледі;

- 68 бірлік беруге дайын, ММЖК-ға беру туралы ЖАО-ның өтініші жоқ;

- 539 бірлік ЖАО құқық белгілейтін құжаттар мен атқарушылық техникалық құжаттаманы ұсыну қажет;

- 146 бірлік ЖАО ҚМЖ сапасына қатысты ескертулерді жою қажет.

Бұл жобалық шешімдерді әзірлеу кезеңінде техникалық тапсырманы дайындау, бағалау және шаралар қабылдау үшін газ тарату және газ тасымалдау жүйелері объектілерін салу саласындағы ЖАО құзыретінің жеткіліксіз деңгейінің салдары болып табылады.

Аталған газ құбырлары авариялық қызмет көрсету шеңберінде пайдаланады, ал оларға жоспарлы-алдын алу іс-шараларының толыққанды кешенін орындау үшін қолда бар ресурстар жеткіліксіз, өйткені бюджеттік газ құбырларына арналған пайдалану шығыстары «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның тарифтік сметаларында **есепке алынбаған** немесе ішінара ескерілген.

Осыған байланысты, Энергетика министрлігі облыстардың, республикалық бюджет қалаларының, астананың әкімдігімен, «GazaqGaz» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ бірлесіп, бюджет қаражаты есебінен салынған **газ тарату және газ тасымалдау жүйелерінің объектілерін пайдаланушы ұйымдардың** балансына беру жөнінде шаралар қабылдауы қажет.

116 «ҚР Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізуге мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне нысаналы ағымдағы трансферттер» бюджеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жататын жер учаскелерін және өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алуға *(«Алматы-Байсерке-Талғар» магистральдық газ құбырының екінші желісін салу үшін)* 7 151,2 млн теңге бөлінді, 6 234,8 млн теңге[159] игерілді.

[159] «Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 15 қарашадағы №1003 қаулысы

Газ құбырын салу орны өзгергендіктен, 916,4 млн теңге игерілмеген, сондықтан Талғар ауданының тұрғындарынан жер сатып алу қажеттілігі жоқ.

Анықтама ретінде: Әкімдіктің ақпараты бойынша магистральдық газ құбырының өзгеруі газ құбырының ЖТҚ-дан ең аз қашықтығының (150 м) бұзылуынан туындаған. Стихиялық құрылыстар, сондай-ақ Қарабұлақ және Панфилов кенттері арасында орналасқан «Газпром» ЖМҚС болуы магистральдық газ құбырын 15 м-ге дейін жақындатады.

Бұдан басқа, Үкіметтің және ЖАО-ның резервтерін пайдалану қағидаларының[160] 5-тармағын бұза отырып, игерілмеген сома бюджетке 2023 жылғы 22 желтоқсанда[161] ғана, яғни белгіленген мерзімнен 2 күнге кеш қайтарылды.

3. Өңірлердің қажеттіліктерін үздіксіз электрмен жабдықтаумен қамтамасыз ету 100% құрайды, бұл ретте электр желілерін салу, реконструкциялау және жаңғырту жабдықтардың сенімділігін қамтамасыз етуге және істен шығу және авариялар қаупін азайтуға, сондай-ақ өңірлерде электр энергиясының қуаты мен өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Энергетика министрлігінің даму жоспарына сәйкес *«Енгізілетін электр қуаттарының көлемі, жинақталған»* макроиндикаторы жоспар бойынша 0,5 ГВт болған кезде 12%-ға асыра орындалды және 0,56 ГВт құрады.

2023 жылы электр энергиясын тұтыну көлемі 115 млрд кВтсағ-қа өсті, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 1,8%-ға артық *(2022 жылы 112,9 млрд кВтсағ).*

54-КЕСТЕ. Аймақтар бойынша электр энергиясын тұтыну

Атауы	млн кВт.сағ	%
Қазақстан	**115 067,6**	**100,0**
Солтүстік аймақ	73 521,2	63,9
Оңтүстік аймақ	26 871,0	23,3
Батыс аймақ	14 675,4	12,8

Дереккөз: «KEGOC» АҚ

Анықтама ретінде: 2023 жылдың есепті кезеңінде 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда электр энергиясын тұтынудың ең көп өсуі мыналарда байқалады: Алматы облысы бойынша 513,3 млн кВтсағ (4,5%), Түркістан облысы бойынша 429,9 млн кВтсағ (7,2%), Ақмола облысы бойынша 417,1 млн кВтсағ (3,9%), Атырау облысы бойынша 383,7 млн кВтсағ (5,7%).

2 244,5 млн кВт/сағ электр энергиясын өндіру мен тұтыну арасындағы айырмашылық Ресей Федерациясының электр жүйесінен электр энергиясын жеткізумен жабылды. Мәселен, есепті кезеңде Ресеймен электр энергиясының сальдо-ағыны 3 617,3 млн кВтсағ *(2022 жылы 470,9 млн кВтсағ)* құрады.

[160] «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 қаулысы

[161] «Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 15 қарашадағы №1003 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 1166 қаулысы

Анықтама ретінде: мысалы, Ақтөбе облысына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша облыста электр энергиясының тапшылығы 395 МВт (45%) құрайды, ол Қазақстан Республикасының және/немесе Ресей Федерациясының басқа өңірлерінен жетіспейтін көлемді сатып алу есебінен жабылады, бұл Ақтөбе облысының халқы үшін тарифтің қымбаттау қаупін арттырады.

Қазақстанның 2024 жылдан 2030 жылға дейінгі кезеңде бірттас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының болжамды теңгеріміне[162] сәйкес электр энергиясын тұтыну жыл сайын ұлғаяды және 2030 жылы 155,9 млрд кВт сағ. құрайды, бұл өз кезегінде электр энергиясының тапшылығына әкелуі мүмкін *(болжам бойынша 2030 жылы электр энергиясының тапшылығы 13,5 млрд кВт сағ құрайды).*

50-ДИАГРАММА. Электр энергиясын тұтыну бойынша болжамды деректер, млрд кВт сағ



Дереккөз: ЭМ

Қазақстанның электр желілерінің орташа тозу деңгейі 66% құрайды. Ең жоғары тозу деңгейі – Қостанай облысында 85,3%, ең азы – Астана қаласында 29,5%.

Осыған байланысты, Энергетика министрлігіне Табиғи монополияларды реттеу комитетімен және «KEGOC» АҚ-мен бірлесіп, «Тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасы шеңберінде электр желілерінің тозуын азайтуға бағытталған міндеттемелердің сақталуын бақылауды күшейту ұсынылады.

Тұтас алғанда, ЖАП-тың бағалауынша, Министрлік бойынша **тиімсіз жоспарлау 11,6 млрд теңгені құрады** *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қаражат қалдықтарын есепке алмағанда).*

[162] «2024-2030 жылдар кезеңіне Қазақстан Республикасының бірттас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясы мен қуатының болжамды теңгерімдерін бекіту туралы» Энергетика министрінің 2024 жылғы 11 қаңтардағы №11 бұйрығы

Көлік министрлігі

Көлік министрлігінің *(бұдан әрі-Министрлік, КМ)* бекітілген жоспары[163] 747,6 млрд теңгені құраған және 2023 жыл ішінде **3 рет** нақтыланып, түзетілген, нәтижесінде **2%-ға** немесе 15,3 млрд теңгеге ұлғайтылып, 762,9 млрд теңгені құраған. 2023 жылдың қорытындысы бойынша шығыстар 98,9%-ға игеріліп, 8,7 млрд теңге атқарылмай қалған.



Қаражаттың атқарылмауы мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдерінің ұзаққа созылуы *(8,2 млрд теңге),* өнім берушілердің орындалған жұмыс актілерін уақтылы ұсынбауы *(0,4 млрд теңге)* себептері бойынша қалыптасқан.

«Экономиканың қажеттілігін қамтамасыз ету және транзиттік әлеуетті іске асыру үшін көлік инфрақұрылымын дамыту» стратегиялық бағыты шеңберінде жоспарланған 3 макроиндикатор мен 8 нысаналы индикатордан 1 макро-және 7 нысаналы индикаторға қол жеткізілген, 1 нысаналы индикатор бойынша нәтижелерге қол жеткізілмеген, 2 макроиндикатор бойынша статистикалық деректер жоқ *(мерзімі – 2024 жылғы шілде, тамыз).*

55-КЕСТЕ. Қол жеткізілмеген макро-және нысаналы индикаторлар, сондай-ақ есептік деректері жоқ индикаторлар

Макро және нысаналы индикатордың атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Қол жеткізбеу себептері
Макроиндикаторлар:			
Көлік және қоймаға орналастыру саласындағы еңбек өнімділігінің өсуі	2019 жылғы деңгейден 2023 жылға қарай 2019 жылғы бағалардағы өсім % - 9,8%		Деректер 2024 жылғы тамызда қалыптастырылады
Көлік және қоймаға орналастыру саласындағы негізгі капиталға инвестициялар	2019 жылғы деңгейге нақты өсу % - 41,9%	-	Деректер 2024 жылғы шілдеде қалыптастырылады
Бюджеттік бағдарламалармен өзара байланысты нысаналы индикаторлар:			
Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығындағы I және II техникалық санаттағы автомобиль жолдарының үлесі, %	42	40	Құрылыс-монтаждау жұмыстарының қымбаттауына, жол жұмыстарын ұйымдастыру қарқынының әлсіздігіне байланысты қол жеткізілген жоқ

Дереккөз: Үкіметтің есебі

Қол жеткізілген индикаторлардың 3-еуі бойынша асыра орындау фактілері бар.

[163] Жоспар 2023 жылғы қазанда ҚР Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жарлығы негізінде Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігін Көлік министрлігі етіп қайта ұйымдастыру жолымен бекітілді.

56-КЕСТЕ. Артығымен орындалған нысаналы индикаторлар

Макро және нысаналы индикатордың атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Асыра орындау себептері
Макроиндикаторлар:			
Халықтың әуе көлігінде жылына 1 адамға шаққандағы көліктік ұтқырлығы (қозғалысы), коэффициенті	0,54	0,67	Пандемияға байланысты шектеулер жеңілдетілгеннен кейін халықтың қозғалғыштығының күрт өсуіне байланысты
Бюджеттік бағдарламалармен өзара байланысты нысаналы индикаторлар:			
Алматы қаласы метрополитенімен жолаушылар тасымалының көлемі, млн. адам	18,4	26,2	Жарнама акциясының іске қосылуына байланысты көрсетілеттін қызметтерге төмен ақы төлеу, сондай-ақ жол ақысын төлеудің заманауи технологиялары енгізілуіне байланысты
Әлеуметтік маңызы бар авиамаршруттар бойынша жолаушылар айналымының көлемі, млн. жолаушы км.	229	600	Жаңа 6 авиамаршрутты субсидиялауға байланысты

Дереккөз: Үкіметтің есебі

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштердің асыра орындалуы жыл сайын қайталанатынын, соның салдарынан көрсеткіштер Министрлік қызметінің объективті нәтижелерін көрсетпейтінін атап өткен жөн *(мысалы, 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Әлеуметтік маңызы бар авиамаршруттар бойынша жолаушылар айналымының көлемі, млн жолаушы км.» нысаналы индикаторының орындалуы 215,5%-ды құраған).* Бұл факт Министрліктің нәтижелер көрсеткіштерін **ыңғайлы қол жеткізу аймағында** жоспарлау практикасын көрсетеді.

Түпкілікті және тікелей нәтижелерге қол жеткізу

Есепті кезеңде жоспарланған 21 түпкілікті көрсеткіштің 17-сіне қол жеткізілген *(оның 5-еуі асыра орындалған, соның ішінде 2-еуі 262% - ға және 142%-ға),* 4-еуіне қол жеткізілмеген. Тікелей нәтиженің 64 көрсеткішінің 59-ына қол жеткізілген, 5-еуіне қол жеткізілмеген**.**

Жалпы, бюджеттік бағдарламалар нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша мынадай кемшіліктер байқалады:

1) Көрсеткіштерді дұрыс жоспарламау. Мысалы, *шекара бөлімшелерін (207 ББ) жобалауға және салуға* қаржыландыру көлемінің 3,5 млрд теңгеге қысқаруы және тиісінше тікелей нәтиже көрсеткіштерінің төмендеуі *(ҚМЖ жүргізілетін шекара заставаларының саны 20 бірліктен 12 бірлікке дейін)* «*Орындалған жұмыстардың үлесі: 2023 жылы*» түпкілікті нәтиже көрсеткішінің 20%-дан 24%-ға дейін **ұлғаюына әкелді** *(2023 жылдың қорытындысы бойынша толық көлемде қол жеткізілді).*

Анықтама ретінде: Министрліктің деректері бойынша[164] *түпкілікті нәтиже мына формула бойынша есептеледі: 2023 жылы құрылыспен қамтылған заставалар/ заставалардың жалпы саны *100%.*

Жалпы Министрліктің 50 шекара заставасын салу қажеттілігі бар. 2023 жылы 20 заставаның құрылысы жоспарланған болатын, бұл жалпы қажеттіліктің 40%-ын құрайды, бұл түпкілікті көрсеткіш нәтижесінде көрсетілуі керек еді. Жобаны іске асыру мерзімдері қаржыландырумен бірге бастапқыда 2023-2024 жылдарға бөлінген болатын, алайда бюджеттік бағдарламаның тікелей көрсеткіштері көзделген қаражатпен өзара байланыстырмай көрсетілген.

[164] ҚР Көлік министрлігінің 22.04.2024 №18-18-02/921-И хаты

Бюджет кодексіне[165] сәйкес ББӘ жоспарлауды дайындауға, оның **сапасы мен анықтығы** үшін жауап береді.

2) Қаражатты толық пысықтаусыз бөлу. Мәселен 2023 жылы Үкімет резервінен[166] Министрлікке *Алматы облысының теміржол желісін салуға жер учаскелерін сатып алу үшін* 772,4 млн теңге бөлінген *(116 ББ).*

Анықтама ретінде: ***Көзделмегендігіне байланысты*** *республикалық және жергілікті бюджеттерді әзірлеу кезінде* ***жоспарланбаған*** *және ағымдағы қаржы жылында* ***дереу қаржыландыруды талап ететін*** *шығындарды қаржыландыру үшін ҚР Үкіметінің және ЖАО резервтері республикалық және жергілікті бюджеттердің құрамында құрылады.*

Қаражат толық көлемде жергілікті бюджетке аударылған. Бұл ретте мемлекет мұқтаждығы үшін иеліктен шығаруға жоспарланған жер учаскелерінің 70 меншік иесінің 23-і өтемақы сомасымен келіспейді, соның нәтижесінде сомасы 58,9 млн теңге резервтік қаражат игерілмеген күйінде қалды. Қазіргі уақытта осы факті бойынша Алматы облысының әкімдігі сот рәсімдерін жүргізуде.

3) Бюджеттік бағдарламаның қаражатын уақтылы іске асыру мақсатында НҚА-ға өзгерістер енгізуге байланысты қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етпеу, мәселен Ұлттық қордан нысаналы трансферт есебінен қаржыландырылатын 240 «*ҚР Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін салу және реконструкциялау»* бюджеттік бағдарламасы бойынша есепті жылдың қорытындылары бойынша **жоспардың тек 0,8%-ы ғана** *(8 302,1 млн теңге)* **немесе 68,6 млн теңгесі игерілген.**

Игерілмеу:

- автомобиль пункттерін реконструкциялау және жаңғыртуға қатысты 7 жоба бойынша ЖСҚ әзірлеу рәсімінің ұзаққа созылуына байланысты 21,9 млн теңгені;

- квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін сатып алуды жүргізуге арналған мемлекеттік сатып алу веб-порталының техникалық мүмкіндігінің болмауына байланысты 8 211,6 млн теңгені *(сомасы 68,8 млрд теңге 06.02.2021 жылғы №06-0012/25 ЖСҚ бар)* құраған.

Анықтама ретінде: Жобаның тапсырыс берушісі «ҚР Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті» РММ болып табылады, көрсетілетін қызметтерді сатып алу рәсімдерін «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ жүргізеді. Сатып алу квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары[167] *(бұдан әрі – Сатып алу қағидалары) негізінде жүргізілді.*

Алайда, тендер қорытындысын шығару кезінде Сатып алу қағидалары мәтінінің орыс және қазақ тілдеріндегі нұсқаларында айтарлықтай сәйкессіздіктер анықталған, соның салдарынан тендер қорытындысын шығару мүмкін болмаған:

---

[165] 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV ҚР Бюджет кодексінің 32-бабы 8-тармағы және 67-бабы 12-тармағы

[166] «Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» 2023 жылғы 15 қарашадағы № 1004 ҚРҮҚ

[167] «Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №1253 бұйрығы»

1) орыс нұсқасының 458-тармағында құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша 5% мөлшерінде демпинг белгіленсе, қазақ нұсқасының ұқсас тармағында 10 % мөлшерінде демпинг белгіленген;

2) орыс нұсқасының 462-тармағында инжинирингтік қызметтер көрсетуге 10% мөлшерінде демпинг белгіленген, ал қазақ нұсқасында-15%;

3) орыс нұсқасының 462-3-тармағында әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша демпингтік баға деп танылмайтын ең төменгі рұқсат етілген бағадан төмендетілген сомаға тең мөлшерде соманы енгізген жағдайда, демпингтік бағаны ұсынуға жол беріледі, ал қазақ нұсқасында демпингтік бағаларды ұсынуға мүлде жол берілмейді.

Бүгінгі күні «ҚР Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қаржы министрінің 2024 жылғы 17 сәуірдегі №218 бұйрығымен Сатып алу қағидалары сәйкес келтірілген.

Өз кезегінде, Министрлік бұл мәселені шешу үшін Қаржы министрлігіне сұрау салуды жылдың соңында ғана жолдаған *(08.12.2023 жылғы №03-01/06-01/2915-и).*

Министрліктің негізгі шығыстары **көлік инфрақұрылымын** дамытуға және **транзиттік әлеуетті** дамытуға бағытталған.

ҚР 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында[168] орта мерзімді кезеңде көлік-логистика секторын реформалау және өңірлер арасындағы байланысты жақсарту, жол активтерін басқару жүйесін құру арқылы бюджеттік ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, **нәтижелілік пен өнімділік** көрсеткіштеріне негізделген келісімшарттарды пайдалануды кеңейту, сондай-ақ, бірінші кезекте, көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар есебінен бюджеттен тыс көздерден қосымша қаржыландырумен қамтамасыз ету көзделген.

Министрліктің деректеріне сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республиканың жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы 94,9 мың км, соның ішінде халықаралық және республикалық маңызы бар 24,9 мың км, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының ұзындығы – 69,9 мың км құрайды.

Қазақстандағы республикалық маңызы бар жолдардың жай-күйі былайша бағаланады: 51% немесе 12,7 мың км – жақсы жағдайда; 41% немесе 10,1 мың км – қанағаттанарлық жағдайда; 8% немесе 2,1 мың км-қанағаттанарлықсыз жағдайда.

Автомобиль жолдарының сапасы бойынша рейтингте[169] Қазақстан 141 елдің ішінде 93-ші орынды иеленген, бұл Әзірбайжан *(27-орын),* Қытай *(45-орын),* Тәжікстан *(50-орын)* көрсеткіштерінен төмен.

---

[168] «ҚР 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және ҚР Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Президенттің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығы

[169] Nonews.co сайтында жарияланған Дүниежүзілік экономикалық форумның (World Economic forum) әлемдегі экономиканың жай-күйі туралы баяндамасы, Global competitiveness Report зерттеулері бойынша 2019 жылғы автомобиль жолдарының сапасы (Quality of roads) бойынша елдердің рейтингі бөлімі

51-ДИАГРАММА. 2023 жылғы республикалық маңызы бар автожолдардың жай-күйі, км



Дереккөз: КМ

Автомобиль жолдарының қанағаттанарлықсыз жағдайы бойынша өңірлердің белгілі бір поляризациясын атап өткен жөн.

Мәселен, Түркістан, Павлодар, Маңғыстау, Жамбыл облыстарында ұзындығы ең аз болса, Ұлытау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Ақтөбе және Ақмола облыстарында-айтарлықтай.

Сонымен қатар, халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау жөніндегі жобалардың басымдылық өлшемшарттары[170] **экономикалық әсерді есептемей** және жолдардың ағымдағы жай-күйін бағаламай **жалпыланған, «формальды»** болып табылады.

ЖАП-тың бағалауы бойынша[171] жолдардың «жақсы», «қанағаттанарлық» және «қанағаттанарлықсыз» жай-күйі ұғымдары **заңнамалық бекітілмегені** атап өтілді.

Жалпы, автожол саласын республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру соңғы 5 жылда 2,5 трлн теңгені құрады.

---

[170] ҚР Көлік министрінің м.а. 2023 жылғы 24 қарашадағы №96 «Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі және орташа жөндеу жөніндегі жобалардың басымдылық критерийлерін бекіту туралы» бұйрығы

[171] 2023 жылғы 30 қарашадағы № 27-Қ Ақтөбе облысына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит

52-ДИАГРАММА. Республикалық автожол инфрақұрылымын қаржыландыру көлемі, млрд теңге



Дереккөз: Қаржымині

2023 жылы автожолдарды дамыту үшін, соның ішінде сыртқы қарыздар, Ұлттық қордан трансферттер және республикалық бюджет қаражаты есебінен автомобиль жолдарын жөндеу, күтіп ұстау, сапасын жақсарту, салу және реконструкциялау үшін 541,3 млрд теңге бөлінген *(003, 116, 091, 233 ББ).*

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру 003 «*Республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамыту*» бюджеттік бағдарламасы бойынша, соның ішінде Халықаралық қаржы институттарының сыртқы қарыздары, Ұлттық қордан берілетін трансферттер және республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Есепті кезеңде сыртқы қарыздар қаражаты және республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен 5 жобаны *(өткен жылдардан ауысатын)* іске асыру жұмыстары жүргізілді, соның ішінде:

57-КЕСТЕ. Халықаралық қаржы ұйымдары іске асыратын автожол жобалары бойынша қаражатты игеру серпіні (Халықаралық қайта құру және даму банкі және Азия Даму Банкі), млн теңге

Іске асырылған жылы	Бекітілген бюджет	Нақтыланған бюджет	Түзетілген бюджет	РБ-ге қайтару (-)/ Қосымша бөлінгені (+)
1. ХҚДБ-мен бірлесіп «Ұзынағаш-Отар» республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау (іске асыру кезеңі 2017-2025)				
2017-2021	65 447	26 591	31 056	- 34 391
2022	8 000	8 000	8 000	-
2023	10 300	10 300	2 737	-7 563
2. ХҚДБ-мен бірлесіп «Астана-Қарағанды-Балқаш-Күрті-Қапшағай-Алматы» Орталық-Оңтүстік дәлізінің Күрті - Бурылбайтал учаскесін реконструкциялау және жобалау-іздестіру жұмыстары (іске асыру кезеңі 2017-2025)				

Іске асырылған жылы	Бекітілген бюджет	Нақтыланған бюджет	Түзетілген бюджет	РБ-ге қайтару (-)/ Қосымша бөлінгені (+)
2017-2021	44 655	23 790	19 319	-25 336
2022	8 000	4 000	4 000	-4 000
2023	10 000	10 000	13 060	+ 3 060
3. ХҚДБ-мен бірлесіп «Астана-Қарағанды-Балқаш-Құрты-Қапшағай-Алматы» Орталық-Оңтүстік дәлізінің Балқаш- Бурылбайтал учаскесін реконструкциялау және жобалау-іздестіру жұмыстары (іске асыру кезеңі 2018-2025)				
2018-2021	129 153	71 156	72 878	- 56 275
2022	20 000	20 000	20 000	-
2023	27 028	27 028	28 282	+ 1 254
4. АДБ-мен бірлесіп «РФ шек. (Орскке) – Ақтөбе-Атырау-РФ шек. (Астраханьға) республикалық маңызы бар автомобиль жолының Қандыағаш - Мақат учаскесін реконструкциялау (іске асыру кезеңі 2017-2023)				
2017-2021	80 175	79 801	77 607	-2 568
2022	2 500	11 388	11 388	+8 888
2023	3 971	7 972	10 371	+6 400
5. ХҚДБ-мен бірлесіп «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізін реконструкциялау және жобалау-іздестіру жұмыстары (іске асыру кезеңі 2009-2024)				
2017-2021	39 716	68 864	68 116	+28 400
2022	0	2430	2430	-2 430
2023	1 000	1 000	1 849	+849

Дереккөз: Қаржымині

Министрлік тарапынан **нашар әкімшілендіру салдарынан** жобаларды іске асыру мерзімдерінің кешіктірілуі, қаражат бөлінсе де, қаржыландырудың бірнеше рет ауыстырылуы анықталды.

Мысалы, ЖСҚ-ға ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындыларына сәйкес *«Балқаш-Бурылбайтал»* учаскесін *(ұзындығы – 297 км)* реконструкциялау **2017-2020 жылдары** «Шығыс-Батыс» автомобиль жолдарын дамыту жобасы шеңберінде іске асыру жоспарланған болатын. Жаңа іске асыру мерзімі - **5 жылға ұзартумен** 2025 жыл.

«Ұзынағаш-Отар» автожолын реконструкциялау (*96 км*)» жобасын іске асыру мерзімі - 2017-2020 жылдар, ол бойынша жұмыс **тек 2018 жылы басталған**.

Сол сияқты жаңа іске асыру мерзімі - **5 жылға ұзартыла отырып** 2025 жыл, бұл жыл сайын неғұрлым басым бағыттарда сұранысқа ие елеулі ресурстардың бөлінуіне әкеп соғады.

Үйлестіру кеңесінің хаттамасына[172] сәйкес 2020 жылы «*Түркістан қаласының шығыс айналма жолының құрылысы» (30 км)* жобасын іске асыру жоспарланған.

Мәселен, 2022 жылғы бюджетте бастапқыда 4,4 млрд теңге қарастырылған, содан кейін қаржыландыру көлемі 2,9 млрд теңгеге дейін азайтылған. Бұл ретте әлеуетті мердігерлердің ЖСҚ құнынан асатын өтінімдерді ұсынуы себебінен конкурстар өткізілген жоқ. Нәтижесінде бұл **қаражат толық игерілмеген**.

[172] ҚР Үкіметінің халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастығы жөніндегі үйлестіру кеңесінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы №12-3/07-938 хаттамасы

2023 жылы жағдай өзгерген жоқ, өйткені бюджетте көзделген шамамен 5 млрд теңге **талап етілмеген күйінде қалып, бюджетке қайтарылды** *(мемлекеттік сатып алуар бойынша конкурс өткен жоқ).* ЖСҚ-ның ескіруіне байланысты *(2020 жыл)* 2024 жылы сметалық құжаттаманы қайта қарау жоспарланған.

Анықтама ретінде: Жобаның құны 70 млрд теңге, 2019 жылғы 5 желтоқсандағы №01-0502/19 ТЭН-ге оң сараптама бар.

ЖАП сондай-ақ сыртқы қарыздар қаражаты есебінен жобаларды іске асыратын мемлекеттік органдарға тән жұмыс кестесінен артта қалу бойынша «**созылмалы» фактілерді** және соның салдарынан жобаларды іске асыру мерзімдерін бірнеше рет ұзартылғанын бірнеше рет атап өткен болатын.

Ұлттық қордан нысаналы трансферт қаражаты есебінен 11 жобаны іске асыруға шамамен 36 млрд теңге бөлінген, соның ішінде 1 млрд теңге «*Қызылорда - Павлодар - Успенка - РФ шекарасы» республикалық маңызы бар автомобиль жолында Ертіс өзені арқылы өтетін көпір салу» (1381 км)* жобасын іске асыру үшін бөлінген. Есепті жылы қажетті конкурстық рәсімдер жүргізіліп, тек 293 млн теңге көлемінде аванс төленген, сома қалдығы бағдарлама ішінде қайта бөлінген.

– Бұл жағдай «Қазақдорстрой» ЖШС мердігерінің аралық тірек қадаларын қайта жобалауды, қалқымалы құралдардың бағаларын ескере отырып сметаны қайта есептеуді және тасымалдаудың өзгертілген көлік схемасын талап ететін ЖСҚ-ны түзету жөніндегі өтініміне байланысты қалыптасты.

Осыған байланысты ЖАП жобаны уақтылы аяқтамау және мемлекеттің 2026 жылға дейін жоспарланған әлеуметтік әсерді алу тәуекелдерін атап өтеді *(жұмыс орындарын құру – 144 бірлік, көпір учаскелерінің өткізу қабілетін тәулігіне 7000 автомобильден тәулігіне 14000 автомобильге дейін ұлғайту).*

Анықтама ретінде: жобаның жалпы сомасы 40 млрд теңгені құрайды. ЖСҚ және мемлекеттік сараптама 2021 жылғы, шарт бойынша іске асырылуы жоспарланған мерзімдері 2023-2025 жылдар. 2023 жылы ЖСҚ түзетілуіне байланысты жұмыс іс жүзінде жүргізілмеді.

Сондай-ақ, *«Қызылорда - Жезқазған» республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздестіру жұмыстары (208 км)* жобасы бойынша мерзімдер созылуда - есепті жылы Ұлттық қор қаражаты шеңберінде 25 млн теңге көзделген *(ЖСҚ әзірлеу бойынша шартқа сәйкес ұсталған 5%-ды төлеуге).*

Осы жоба бойынша әлеуетті мердігерлердің ЖСҚ құнынан асатын өтінімдер ұсынуы себебінен конкурстық рәсімдер екі рет болды және өткізілмеді *(2022-2023 жылдары).* Осыған байланысты, жобаларды бекіту қағидалары[173] негізінде сметалық құжаттаманы қайта есептеу жүргізілді.

[173] «Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелер мен жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі №304 бұйрығы

Анықтама ретінде: ЖСҚ бойынша бастапқы құны (2021 жыл) 90 млрд теңге, түзетуден кейін (2024 жыл) құны 167 млрд теңгені құрады, ***қымбаттауы*** *– 77 млрд теңге. Қазіргі уақытта қайта қаралған сметалық құжаттама мемлекеттік сараптамаға жіберілді.*

Бастапқы бекітілген жобаны іске асыру мерзімі (*2021-2023 жыл*) **бұзылған,** нақтыланған мерзімі 5 жылға ұзартылған *(2025 – 2027 жыл),* осыған байланысты жоба тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізілмеген *(560 жұмыс орнын құру, жол желісін және қозғалыс жағдайларын жақсарту, жүк және жолаушылар тасымалдау жөніндегі көлік кәсіпорындарының шығындарын азайту).*

Қолданыстағы бюджеттік бағдарламада экономикалық тиімділіктің көрсеткіші **бастапқы немесе қол жеткізуге жоспарланған мәндері жоқ** «Жобаларды іске асыру жол жүру уақытын, жол пайдаланушылардың пайдалану шығындарын қысқартуға және ЖКО санын азайтуға мүмкіндік береді» деп көрсетілгенін атап өткен жөн.

Сондай-ақ бюджеттік инвестициялық жобалар бөлінісінде әрбір бюджеттік кіші бағдарлама бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларға мәлімделетін шығыстардың әлеуметтік және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін көрсету қажеттілігі бөлігінде бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу және бекіту талаптары[174] сақталмаған.

Осыған байланысты, ЖАП заңнаманың талаптарына сәйкес бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бекітілген бюджеттік бағдарламаларды қайта қарауды ұсынады.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының (091ББ) сапасын жақсартуға бағытталған жөндеуге және күтіп ұстауды ұйымдастыруға 2023 жылы 319 млрд теңге көзделген, соның ішінде жергілікті маңызы бар автожолдарды салу және реконструкциялау жөніндегі іс-шараларға, автомобиль жолдарын күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуге, күтіп-ұстауға, көгалдандыруға, мемлекет мұқтаждығы үшін жер учаскелерін алып қою жөніндегі шығыстарға.

Сонымен қатар, ЖАП-тың ұсынымы бойынша ағымдағы жылы **заңнамалық деңгейде** «орташа жөндеу» ұғымы реттелді және автомобиль жолдарын «орташа жөндеуді» ұйымдастыруға және тікелей жүзеге асыруға **тиісті талаптар** белгіленді.

Анықтама ретінде:«Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу кезінде техникалық қадағалауды жүзеге асыру және оған шығындарды айқындау жөніндегі нұсқаулық» және «Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және орташа жөндеу кезінде негіздер мен жабындарды салу кезінде жұмыстарды жүргізу жөніндегі техникалық өзіндік ерекшеліктер» ҒТҚ бекітілді.

2018 жылдан бастап Министрлік екі мемлекеттік-жекешелік әріптестік *(бұдан әрі – МЖӘ)* жобасын іске асыру бойынша міндеттемелер қабылдаған.

2023 жылы 120 *«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша*

[174] «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығының 2-тарауының 15-тармағы

мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасы бойынша мынадай жобалар бойынша **мемлекеттік міндеттемелерді орындауға арналған шығыстар көзделген:**

1. «Transport tower» әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратының жарықтандыру жүйесін жаңғырту және пайдалану *(жаңғырту кезеңі - 2018 жыл, пайдалану және техникалық қызмет көрсету кезеңі-2019-2024 жылдар, жобаның жалпы сомасы – 56,7 млн теңге)*- **6,7 млн теңге**.

Жоба жабдықтың тиімді жұмысын қамтамасыз ету, жарықдиодты шамдарды қолдану арқылы энергия тиімділігін арттыру, сондай-ақ электр энергиясына ақы төлеу шығындарын азайту мәселелерін кешенді шешуге бағытталған.

*Анықтама ретінде: «Қызмет көрсетілетін жарықтандыру жабдығының саны» тікелей нәтижесінің (жоспар 13 375 бірлік, іс жүзінде 13 375 бірлік) және «Ғимараттың жарықтандыру жабдығының энергия тұтынуының 2015 жылғы деңгейден жылына кемінде 523 366 кВт*сағ төмендеу деңгейі» түпкілікті нәтижесінің көрсеткіштеріне (жоспар 523 366 кВт * сағ, іс жүзінде 523 366 кВт * сағ) қол жеткізілді.*

Сонымен бірге, ЖАП аудиті[175] барысында **жоба** халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін инфрақұрылым мен жүйелерді дамыту, жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу, халыққа және басқа да тұлғаларға қызмет көрсету бөлігінде **МЖӘ-нің негізгі міндеттеріне сәйкес келмейтіні**, сондай-ақ **тікелей ақша ағындарын алуды көздемейтіні, ақша ағындарын тудырмайтыны** және қоғам үшін ұзақ мерзімді кезеңге құндылық тудырмайтыны атап өтілді.

Тікелей ғимаратты жарықтандыруға электр энергиясын тұтыну көлемі есептеу жолымен анықталады *(жеке есептеу аспаптары жоқ),* бұл **түпкілікті нәтиже көрсеткішінің дұрыс есептелмеуіне әкелуі мүмкін**.

1. «Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы (ҮААААЖ)[176] автомобиль жолын салу және пайдалану» **концессиялық жобасы** *(құрылыс кезеңі - 2018-2023 жылдар, пайдалану және техникалық қызмет көрсету кезеңі - 2023-2038 жылдар, жобаның жалпы сомасы – 511 млрд теңге)* **- 15,9 млрд теңге**.

Жоба «Ташкент-Шымкент-Тараз-Бішкек-Алматы-Қорғас (Жібек жолы)» және Алматы-Қарағанды-Астана-Петропавл» халықаралық дәліздерінің қиылысында транзиттік ағындарды Алматы қаласынан тыс жерлерге шығара отырып, айналма автожол құруға бағытталған.

---

[175] 2024 жылғы 14 наурыздағы № 2-Қ «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, концессиялық жобаларды іске асыру тиімділігін талдау және бағалау» аудиторлық қорытындысы

[176] «Орта мерзімді кезеңге (2014 - 2016 жылдарға) концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1518 және «Ерекше маңызы бар концессиялық жобалардың тізбесін бекіту туралы» 2014 жылғы 7 қазандағы №1060 қаулыларымен ҮААААЖ жобасы құрылысы мен пайдаланылуы концессия шарты негізінде жүзеге асырылатын объектіге және аса маңызды концессиялық жобаларға жатқызылған

Анықтама ретінде: жобада көзделген «Ұзындығы 66 км» «1а» техникалық санаттағы автомобиль жолын салу» тікелей нәтижесінің және «Алматы қаласының көлік жүйесіне жүктемені азайту есебінен қалалық және қала маңындағы аумақтардың экологиялық жай-күйін жақсарту»; жол жүру уақытының ұзақтығының және автомобиль тасымалдарының өзіндік құнының төмендеуі» түпкілікті нәтижесінің көрсеткіштері сандық сипаттамалардың болмауына байланысты Министрліктің бюджеттік бағдарламасында көрсетілмеген. Сондықтан жоба бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді бағалау мүмкін болмады.

Бюджеттік бағдарламада қаражат «МЖӘ бойынша іске асырылатын автожол жобаларының саны – 1бірл.» тікелей көрсеткішіне қол жеткізумен өзара байланысты.

Концессиялық шарттың талаптарына сәйкес мемлекеттік әріптестің міндеттемелері - 511 млрд теңгені құрайды *(1,7 млрд АҚШ долларына балама),* соның ішінде инвестициялық шығындардың өтемақысы *(ИШӨ)* – 176,7 млрд теңге, пайдалану шығындарының өтемақысы *(ПШӨ)* - 28 млрд теңге, басқарғаны үшін сыйақы *(БҮС)* - 306,3 млрд теңге. Жеке серіктестің міндеттемелері - жобаны «толығымен» іске асыру, одан әрі пайдалану және қызмет көрсету *(күтіп-ұстау).*

Сонымен қатар, ЖАП аудиті[177] барысында қолданыстағы заңнамада концессиялық жобалар шеңберінде ПШӨ және БҮС-ға жатқызылатын шығындар көлемін айқындау тәртібі регламенттелмегені атап өтілді.

Бұл концессионер үшін АҚШ долларының бағамын белгілеу түріндегі **қолжетімділік үшін төлемінің барлық көлеміне** қолданылатын **валюталық тәуекелді өтеу шартымен** концессия шартын жасасуға алып келді.

Анықтама ретінде: МЖӘ шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша валюталық тәуекелдер инвестициялық шығындар өтемақысы (ИШӨ) құрамында ғана көзделген.

Нәтижесінде концессиялық міндеттеме мөлшерінің құны 511 млрд теңгеден 751 млрд теңгеге дейін немесе доллар бағамының өсуі есебінен 47% - ға ұлғаюы мүмкін

ЖАП аудитімен мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткен құрылыстың өзекті сметалық құнының **болмауына байланысты** концессионер шеккен нақты шығындары бағаланбады.

Объект 2023 жылғы 26 маусымда республикалық меншікке сомасы 314,1 млрд теңгемен қабылданды, бұл концессия шарты бойынша жоспарланған инвестициялық шығындар көлемінен **1,8 еседен асады**.

Объектіні тапсыру кезеңінде оның бағалау құны да заңнама талаптарына сәйкес анықталмағанын атап өткен жөн. [178]

Бүгінгі таңда Министрліктің орындауында ЖАП-тың төрт ұсынымы бар *(орындау мерзімі - 2024 жылдың екінші жартыжылдығы және 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы).*

Есепті жылдағы Министрлік бюджетінің атқарылу нәтижелері бойынша ЖАП:

---

[177] 2024 жылғы 14 наурыздағы № 2-Қ «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, концессиялық жобаларды іске асыру тиімділігін талдау және бағалау» аудиторлық қорытындысы

[178] «Концессия объектісінің құнын және концессионерлердің қызметін мемлекеттік қолдаудың жиынтық құнын және шығындардың орнын толтыру көздерін айқындау әдістемесін бекіту туралы» ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009 жылғы 23 ақпандағы №24 бұйрығы

- қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу арқылы жолдардың ағымдағы жай-күйінің талдауын ескере отырып және экономикалық әсерін көрсете отырып, жобалардың басымдылығын бағалаудың нақты мәндерін айқындауды;

- облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау үшін қаржыландыру көлемін есептеу әдістемесін айқындауды ұсынады.

Жалпы, ЖАП-тың бағалауынша, Министрлік бойынша **бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және бюджеттік бағдарламаларды тиімсіз басқару 12,6 млрд теңгені** құрады *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қалдықтарды есепке алмағанда).*

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің[179] *(бұдан әрі – ӨҚМ, Министрлік)* бекітілген жоспары 1 404,5 млрд теңге. Жыл ішінде түзетулер нәтижесінде бюджет 4%-ға немесе 59,1 млрд теңгеге қысқарып, 1 345,4 млрд теңгені құрады. Жыл қорытындысы бойынша атқару 100% құрады. Атқарылмағаны – 79,6 млн теңге.



Игерілмеудің негізгі себептері – өнім берушілердің шарт талаптарын жосықсыз орындауы *(74,7 млн теңге),* конкурстық рәсімдерді уақтылы өткізбеу *(1,1 млн теңге).*

Министрліктің даму жоспарында Министрліктің 3 мақсатына қол жеткізуді өлшейтін 32 макро- және нысаналы индикатор *(құпия сипаттағы индикаторды қоспағанда)* көзделген. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша 20 индикаторға *(62,5%)* қол жеткізілді, 2 макроиндикаторға *(6,2%)* қол жеткізілмеді, 10 индикатор бойынша *(31,2%)* деректер қалыптастырылмаған.

58-КЕСТЕ. Қол жеткізілмеген макроиндикаторлар

Макро және нысаналы көрсеткіштің атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Қол жеткізбеу себебі
Металлургия өнеркәсібі өнімдерін өндіру НКИ	өткен жылға қарағанда % – 102,7	99,8	Өндіріс көлемінің төмендеуіне байланысты
Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру НКИ	өткен жылға қарағанда % – 102	100,2	Өндіріс көлемінің төмендеуіне байланысты

Дереккөз: ӨҚМ

[179] ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі «ҚР мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығының негізінде ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігін қайта ұйымдастыру жолымен құрылды.

Жоспарланған 37 түпкілікті нәтиже көрсеткішінің 32-іне *(86%)* қол жеткізілді, 5-іне *(14%)* қол жеткізілген жоқ. 107 тікелей нәтиже көрсеткішінің 9,-іне7 *(91%)* қол жеткізілді, 6-уына *(6%)* қол жеткізілген жоқ, 4-уіне *(4%)* ішінара қол жеткізілді.

Түпкілікті және тікелей нәтижелерге қол жеткізу

Жалпы есепті жылдың қорытындысы бойынша түпкілікті және тікелей нәтижеге қол жеткізбей, бюджет қаражатын толық игерудің бірнеше фактісі орын алған.

228 «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысы саласындағы іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша «*Пилоттық жобалар шеңберінде құрылыс, сатып алу және реконструкциялау арқылы халықтың әлеуметтік осал топтарын бюджет қаражаты есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету*» түпкілікті нәтижесіне қол жеткізу 56%-ды құрады *(жоспар – 135 пәтер, іс жүзінде – 75 пәтер).* Бұл ретте бөлінген қаражат толығымен игерілді *(жоспар 231 млрд теңге, іс жүзінде 231 млрд теңге).*

Анықтама ретінде: түпкілікті нәтиже көрсеткіші 2022 жылы қаржыландырылған Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарында екі пилоттық жоба бойынша пәтерлерді пайдалануға беруді ескере отырып жоспарланған. Жұмыс кестесінен кешігуге байланысты Жамбыл облысында 60 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілмей қалды.

Сонымен бірге, 228 бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтиже көрсеткіштері Министрлік жүргізген жұмыстардың нәтижелерін толық көрсетпейді, атап айтқанда, бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын құрылыс, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру саласындағы іс-шараларды қамтымайды, бұл өз кезегінде олардың қол жеткізілуін талдау мен бағалауды қиындатады.

228.120 «*Азаматтардың жекелеген санаттарына жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін тұрғын үй төлемдері*» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша **42,7 млрд** теңгеге бекітілген бюджет нақтылау нәтижесінде **2,7 млрд теңгеге дейін қысқартылды** *(көрсеткіш **69 267 пәтерден 3 963 пәтерге** дейін азайтылды).*

Көрсеткіштің төмендеуінің негізгі себебі – халықтың субсидия алуға өтінім бермеуінен, бұл бірінші кезекте нарықтағы ресми жалға берушілердің шектеулі санымен байланысты, өйткені субсидияларды жалдау шарты болған жағдайда ғана алуға болады *(жалға берілетін тұрғын үйдің көлеңкелі нарығы жалпы жалдамалы тұрғын үй нарығының 60-70%-ын дейін құрайды[180]).*

Осылайша, жоспарлау сатысында жеткілікті түрде пысықталмаған және бар тәуекелдерді есепке алмаған бағдарламаны іске асыру механизмі бөлінген қаражаттың **16 есе** қысқаруына және соның салдарынан **бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға** әкеледі.

[180] ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

Анықтама ретінде. Босатылған 40 млрд теңге халықтың әлеуметтік осал топтарына коммуналдық тұрғын үй сатып алуға бағытталды (228.125 ББ).

Бірнеше рет түзетулер енгізгеннен кейін бюджет **4,3 млрд теңгеге дейін**, **ал көрсеткіш 10 250 пәтерге дейін** ұлғайтылды *(іс жүзінде 10 199 пәтерді жалға алу субсидияланды немесе **99,5%**).*

Айта кету керек, бюджеттік бағдарламаны бастапқы бекітілген бюджет шеңберінде іске асыру тұрғын үйге мұқтаж ретінде тіркелген табысы 1 күнкөріс деңгейінен төмен халықтың әлеуметтік осал жағдайдағы 70 мың адамды жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй төлемдерін 100% қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін еді *(2024 жылғы 1 қаңтарға республика бойынша барлығы 645,7 мыңға жуық адам тұрғын үйге мұқтаж ретінде тіркелген)*.

Субсидияланған пәтерлер санына енгізілген өзгерістер *(69,3 мыңнан 10,3 мың бірлікке дейін)* және оған нақты қол жеткізілмеуі *(99,5%)* тұрғын үй жалдау ақысын субсидиялау механизмі арқылы төлемдерді алған азаматтардың жекелеген санаттарын қамтамасыз ету деңгейі бойынша түпкілікті нәтиже көрсеткішіне әсер етпегенін атап өткен жөн, бұл Министрліктің оған 100% қол жеткізгені туралы есептік деректеріне күмән тудырады.

Анықтама ретінде. Бағдарлама шеңберінде жалдау ақысын 50% мөлшерінде субсидиялау (субсидияланатын соманың 80% - РБ, 20% - жергілікті бюджеттерден) көзделген.

Бұл ретте, Бюджет кодексінің 32-бабын бұза отырып, Министрлік көрсеткіштерде субсидиялауға бағытталған бюджет шығыстарының экономикалық әсерінің көрсеткіштері, атап айтқанда жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үй төлемдері көзделмеген.

Бұдан басқа тұрғын үйді жалдау ақысын субсидиялауға өтінімдер санының *(6,7 есе)* және қаржыландырудың *(10 есе)* едәуір азаюына қарамастан жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін тұрғын үй төлемдерін жүргізу бойынша Оператордың *(«Отбасы Банк» АҚ)* қызметтеріне ақы төлеуге арналған қаражат түзетілмеген және 24,9 млн теңгені құрады.

Жоғарыда айтылғандар да Министрліктің формальды көзқарасын және нәтиже көрсеткіштерін сапасыз жоспарлағанын көрсетеді.

Өнеркәсіптің дамуына жәрдемдесу

Есепті жылы Қарағанды облысының Саран қаласында *(037.132 ББ)* тұрмыстық техника шығару жобасын іске асыруға 5 млрд теңге бөлінді.

Қаражат толық көлемде Қарағанды облысына «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайтуға кейіннен «Silk Road Electronics» ЖШС-нің жарғылық капиталын ұлғайту үшін нысаналы даму трансферттер ретінде аударылды.

Анықтама ретінде: жобаның жалпы құны (ТЭН-ге сәйкес) 24,9 млрд теңгені құрайды, оның 5 млрд теңгесі республикалық бюджет; 4,4 млрд теңге – «Artel Engineering and Management» ЖШС мен

«Meridian Company» ЖШС бірлескен инвестициялары; 15,5 млрд теңге – «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ қаржыландыруы.

Күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер – 2025 жылға қарай 1000-нан астам жұмыс орнын құру, 2042 жылға қарай салықтық түсімдер – 2 941 млн теңге.

Зауыттың жоспарлы қуаты жылына 1,1 млн бірлік тұрмыстық техниканы құрайды. 2023 жылғы қарашада зауытта шығарылатын барлық өнімге ЕАЭО сертификаттары алынып, «Artel» брендімен жаппай өндіріс басталды.

Қазіргі уақытта ғимаратты жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын қоса алғанда, жобаның жалпы аяқталуы шамамен 70%-ды құрайды. Құрал-жабдықтар 70% жеткізілген. 2023 жылғы қарашадан бастап 7 өндірістік желі – теледидарлар, су жылытқыштар, шаңсорғыштар, ас үй плиталары, шағын пештер, ас үй сорғыштары, кір жуғыш машиналар пайдалануға берілді.

Анықтама ретінде. Қазіргі уақытта зауыт электр тұрмыстық аспаптарын ірі құрылғылардан құрастыруды жүргізуде. Өндірісті жергіліктендіру арқылы ұсақ тораптық құрастыруға біртіндеп көшу жоспарлануда, атап айтқанда:

- пластмасса бұйымдарын жасау – 2024 жылдың 4-тоқсаны;

- SMT платаларын жасау – 2024 жылдың 4-тоқсаны;

- пенопласт жасау – 2025 жылдың 1-тоқсаны;

- эмальдау, дәнекерлеу, бояу – 2024 жылдың 4-тоқсаны;

- металл бұйымдарын штамптау – 2025 жылдың 4-тоқсаны.

Орта есеппен 34% жергіліктендіру үлесі күтілуде.

Министрліктің деректері бойынша 2023 жылғы қараша-желтоқсан айларында 18 416 бірлік және 2024 жылдың бірінші тоқсанында 24 391 бірлік тұрмыстық техника өндірілген, 15 226 бірлік сатылған немесе жалпы өндірілген өнімнің 35,6%-ы. Әйгілі брендтермен салыстырғанда, тұрмыстық техниканың техникалық сипаттамалары бірдей болса да, «Artel» өнімдерінің бағасы орта есеппен 22%-ға төмен.

Анықтама ретінде. Диагоналы 50" - 127 см теледидарлар: Artel – 179 990 теңге, Samsung – 222 603 теңге, 19,2% төмен. Шаңжинақтауышының сыйымдылығы 2,0 л шаңсорғыштар: Artel – 28 974 теңге, Samsung – 35 989 теңге, 19,5%-ға төмен. Сыйымдылығы 50 литр су жылытқыштары: Artel – 42 834 теңге, Ariston – 56 710 теңге, 24,5%-ға төмен (дереккөз: Kaspi.kz).

ЖАО ақпараты бойынша, қазір зауытта 217 адам жұмыс істейді, 2023 жылға жоспар бойынша 256 адам немесе жоспардың 84,8%-ы. Толық қуаттылыққа шыққанда 1136 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда.

Қостанай қаласындағы индустриалды аймақта «KIA» автомобильдерін шығаратын зауыт құрылысының жобасын іске асыру үшін 15 млрд теңге бөлінді *(ҰҚ-дан нысаналы трансферт есебінен 062.032 ББ).*

Қаражат толығымен Қостанай облысына «KIA Qazaqstan» ЖШС-ның жарғылық капиталына кіру мақсатында «Тобыл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайтуға нысаналы трансферттер ретінде аударылды.

Анықтама ретінде: жобаның жалпы құны (ТЭН-ге сәйкес) 103,8 млрд теңге, оның 15 млрд теңгесі республикалық бюджет; 43,2 млрд теңге – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаржыландыруы; 45,6 млрд теңге – «KIA Ресей және ТМД» ЖШС, «LAURUS INVEST» ЖШС инвестициялары.

Күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер – 2029 жылға қарай 1500-ден астам жұмыс орнын құру, 2029 жылға қарай шикізаттық емес өнімдер экспортының көлемі – шамамен 730 млрд теңге, 2025-2044 жылдар аралығындағы салықтық түсімдер – 81 млрд теңгеден астам.

Бюджет қаражаты зауыт құрылысы бойынша ішінара құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған.

Айта кету керек, жобаның басталуы 2023 жылғы наурызға жоспарланған болатын, бірақ іс жүзінде құрылыс жұмыстары қараша айында басталды *(кестеден 8 айға артта қалу).* Осыған байланысты өндірістің уақтылы іске қосылмау қаупі бар *(жобаны іске асырудың жоспарланған мерзімі – 23 ай, өнімді іске қосу – 2025 жылдың басы).*

Министрліктің деректері бойынша жоба 70 мың бірлік өндірістік қуаттылықты көздейді, оның ішінде зауыт бірден 50 мың бірлік жеңіл автомобильді ұсақ тораптық құрастыруды және 20 мың бірлікті ірі құрылғылардан құрастыруды бастайды. Болашақта құрамдауыштар бойынша шамамен 17 атауды жергіліктендіру іске асырылады деп болжануда. Ұсақ тораптық құрастыру кезінде құрамдауыштардың жергілікті құрамының үлесі кемінде 20%-ды құрайды.

Өңдеу өнеркәсібінің ірі жобаларын қаржыландыру үшін кейіннен «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ *(«ҚДБ» АҚ)* кредит бере отырып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на кредит беруге 2023 жылы **20 млрд теңге** бөлінді.

Кредит кейіннен «ҚДБ» АҚ-ға жылдық 0,15% мөлшерлеме бойынша кредит бере отырып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға жылдық 0,1% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 10 жыл мерзімге мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарымен берілді.

Бюджеттік кредиттің ТЭН-ге сәйкес 11%-дан аспайтын мөлшерлеме бойынша жеңілдетілген қарыздар беру мақсатында бюджет қаражатын өзге қаражатпен 60%-ға 40% ара қатынаста араластыру көзделеді.

2023 жылы бөлінген 20 млрд теңге сомадағы бюджет қаражаты жобалар бойынша мынадай түрде бөлінді:

1) Түркістан облысында каустикалық сода, ПВХ, кальций карбиді өндіретін зауыт салу *(қарыз алушы «Састобе инновациялық кешені» ЖШС)* **13,8 млрд теңге.** Жоба 2023 жылғы 22 желтоқсанда қаржыландырылды.

Анықтама ретінде. Жобаның жалпы құны – 153,8 млрд теңге («ҚДБ» АҚ мақұлдаған қарыз сомасы – 64,5 млрд теңге, соның ішінде бюджет қаражаты – 13,8 млрд теңге).

2) Жамбыл облысында қуаттылығы жылына 30 мың тоннаға дейін натрий цианидін және жылына 10 мың тоннаға дейін жететін аммоний сульфатын өндіру зауытының екінші кезегін салу *(қарыз алушы «Talas Investment Company» ЖШС)* – **5,4 млрд теңге.** Жоба 2024 жылғы 13 наурызда қаржыландырылды.

Анықтама ретінде. Жобаның жалпы құны – 46,4 млрд теңге («ҚДБ» АҚ мақұлдаған қарыз сомасы – 17 млрд теңге, соның ішінде бюджет қаражаты – 5,4 млрд теңге).

ӨҚМ есептік деректеріне сәйкес тікелей *(қаржыландырылған жобалар саны – 2, жоспар бойынша 2 жоба)* және түпкілікті нәтиже *(2023 жылы құрылыс кезеңінде құрылған уақытша жұмыс орындарының саны – 50 бірлік)* көрсеткіштеріне қол жеткізілді.

Сонымен бірге, натрий цианиді мен аммоний сульфатын өндіретін зауыттың екінші кезегін салу жөніндегі жоба тек **2024 жылғы наурызда қаржыландырылғанын ескере отырып, қаржыландырылған жобалар саны** *(2 жоба)* **бойынша бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижесіне қол жеткізу туралы ӨҚМ есептік деректері** күмән келтіреді.

Бұдан басқа, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша **толық пайдаланылмаған 6,2 млрд теңге** сомадағы **бюджет қаражатының қалдығы** қалыптасты, бұл қаржыландыруға жоспарланған жобалардың жеткілікті түрде пысықталмағанын көрсетеді.

Халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету.

Ұлттық даму жоспарына сәйкес елдің жалпыұлттық басымдықтарының бірі – әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз ету, атап айтқанда, тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру.

Қазіргі уақытта Қазақстанда бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі 23,9 ш.м. құрайды. Қазақстандағы ауылдық елді мекендерді тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі қалалық көрсеткіштен айтарлықтай артта қалуда. Ауылдық жерде бұл көрсеткіш небәрі 20,2 ш.м., қалада – 26,4 ш.м. құрайды. Жыл сайынғы өсуге қарамастан, тұрғын үймен қамтамасыз етілу едәуір төмен.

53-ДИАГРАММА. 2023 жылы Қазақстандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілу

Дереккөз: ҰСБ

Есепті жылы **«Отбасы Банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ** *(бұдан әрі – «Отбасы Банк» АҚ)* **алдын ала және аралық тұрғын үй заемдарын беруге 20 млрд теңге** *(231 ББ)* берілді. Жыл ішінде бөлінген сома 3,7 есеге ұлғайтылып, **73,3 млрд теңгені** құрады.

Бағдарлама Қазақстан халқының тұрғын үй проблемаларын шешуге, оларды **қолжетімді қарыздар** арқылы баспанамен қамтамасыз етуге, атап айтқанда, **халықтың әлеуметтік осал топтарын қолжетімді баспанамен қамтамасыз** етуге бағытталған.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ есебіне[181] сәйкес, 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Отбасы Банк» АҚ ипотекалық кредит берудің негізгі драйвері болып табылады және 2022 жылдың қорытындысы бойынша елдегі барлық ипотекалық қарыздардың 64%-ын беріп, Қазақстанның ипотекалық нарығындағы көшбасшыға айналды.

54-ДИАГРАММА. Азаматтардың тұрғын үй салуына және сатып алуына жыл сайынғы қарыз берудің жалпы көлеміндегі «Отбасы Банк» АҚ үлесі



Дереккөз: «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ

«Отбасы банк» АҚ бағдарламада көзделген қаражатты мыналарға бағыттады:

1) **33,6 млрд теңге** – ЖАО кезегінде тұрған аз қамтылған отбасыларға 2% *(2-10-20)* жылдық сыйақы мөлшерлемесімен кредит беруге *(бұрын «Бақытты отбасы»),* оның ішінде 2023 жылы 0,85 млрд теңге игерілді.

2) **39,7 млрд теңге** – 5% *(5-10-20)* сыйақы мөлшерлемесімен өзге санаттар бойынша тұрғын үйге мұқтаж есебінде тұрған азаматтарға кредит беруге, оның ішінде 2023 жылы жалпы сомасы 13,7 млрд теңгеге 1 280 қарыз берілді.

Жалпы, 2023 жылы «Отбасы банк» АҚ-да мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде салынған 12 мың пәтер көлемінде сатылымда болған кредиттік тұрғын үйден жалпы сомасы **87,1 млрд теңгеге 7 294 қарыз** берілді, соның ішінде 2%-бен – 51,3 млрд теңге сомаға 4 579 қарыз, 5%-бен – 31,8 млрд теңге сомаға 2 715 қарыз, соның ішінде қайтарымды қаражат есебінен *(қалған пәтерлер өтінімдердің түсуіне қарай іске асырылатын болады).*

[181] «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі

55-ДИАГРАММА. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде «Отбасы банк» АҚ кредит берген тұрғын үйдің орташа құны, 1 ш.м. мың теңге



Дереккөз: «Отбасы банк» АҚ

2023 жылы бөлінген 73,3 млрд теңгенің **58 767,3 млн теңгесі немесе 80% игерілмеген.** Қаражаттың толық пайдаланылмауы **51 млрд теңге** сомада **алдыңғы кезеңдердің** игерілмеген **қалдықтарының** болуымен байланысты.

Анықтама ретінде. Бұрын бөлінген қаражаттың игерілмеу себептері – «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасында[182] көзделген кредит берудің ең жоғары сомасы, белгіленген күнкөріс минимумына сәйкес қатысушылардың табыс деңгейі бойынша шектеулер, сондай-ақ тек әлеуметтік кредиттік тұрғын үй сатып алу бөлігінде шектеу және кейбір өңірлерде ЖАО-да пайдалануға берілген кредиттік тұрғын үйдің болмауы.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі *(Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі)* **қаражат бөлу кезінде олардың нақты қажеттілігін ескермейді**, бұл алдыңғы ҚЭН-нің бұрын бекітілген қаражатын қатар толық қаржыландырылмаған кезде қалдықтардың пайда болу жағдайын тудырады.

Қазіргі уақытта барлық бекітілген ҚЭН бойынша жеткіліксіз қаржыландыру сомасы – 96,3 млрд теңгені құрайды *(ЖАО-да кезекте тұрған аз қамтылған отбасыларға алдын ала және аралық қарыздар беру үшін 2021 жылға арналған ҚЭН бойынша – 8,5 млрд теңге, «2-10-20» шарттары бойынша алдын ала және аралық қарыздар беру үшін 2022 жылға арналған ҚЭН бойынша – 87,8 млрд теңге).*

Осылайша, **бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану** салдарынан «Отбасы банк» АҚ шоттарында **58,8 млрд теңге** сомада бюджет қаражатының пайдаланылмаған қалдықтарының қалыптасуына жол берілді.

Сонымен бірге, 2023 жылдан бастап ЖАО-да кезекте тұрғандар үшін тұрғын үйді сату Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029

[182] «Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1054 ҚРҮҚ. 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 ҚРҮҚ күші жойылды

жылдарға арналған тұжырымдамасы[183] *(бұдан әрі – Тұжырымдама)* шеңберінде жүзеге асырылады, оған сәйкес 3-4 класты жайлылыққа сай келетін және максималды алаңына 80 шаршы метрден *(+/- 5%)* аспайтын ЖАО желісі бойынша салынған *(сатып алынған)* әлеуметтік кредиттік тұрғын үйді ғана сатып алуға болады.

Халықтың әлеуметтік осал топтарын *(ХӘОТ)* тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында Министрлік 10 923 пәтер көлемінде **коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға** ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде ЖАО бюджетіне **105,7 млрд теңге** *(228, 122, 125 ББ)* толық көлемде аударған.

Жергілікті деңгейде атқарылу 103,5 млрд теңгені немесе **97,9%-ды** құрады, *«Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін сатып алынған пәтерлер саны»* тікелей нәтиже көрсеткішіне **қол жеткізілмеген** *(іс жүзінде 10 657 пәтер немесе 97,6%),* 700 млн теңге сомадағы **игерілмеу** мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілмеген конкурстар себебінен қалыптасты.

59-КЕСТЕ. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өңірлер бөлінісіндегі тұрғын үйге мұқтаждық деңгейі

Өңірлер	Кезекте тұрғандар бойынша		ХӘОТ үшін сатып алынған тұрғын үй 122 ББ (ҰҚ)		ХӘОТ үшін сатып алынған тұрғын үй 125 ББ (РБ)		ХӘОТ қамтамасыз ету үлесі ((4-баған+6-баған)/2*100), %
	Барлығы кезекте тұрғандар, адам	ХӘОТ, адам	Жоспар, бірл.	Іс жүзінде, бірл.	Жоспар, бірл.	Іс жүзінде, бірл.	
Абай облысы	19 354	7 195	450	417	126	110	7,3
Ақмола облысы	23 560	9 604	100	99	158	152	2,6
Ақтөбе облысы	36 221	14 939	133	142	227	227	2,5
Алматы облысы	39 058	15 151	-		280	281	1,9
Атырау облысы	29 759	9 750	59	59	203	203	2,7
ШҚО	23 166	8 484	175	135	141	129	3,1
Жамбыл облысы	41 731	18 250	500	522	297	342	4,7
Жетісу облысы	30 113	13 019	-		347	356	2,7
БҚО	32 141	12 031	-		178	202	1,7
Қарағанды облысы	33 142	12 710	126	129	220	218	2,7
Қостанай облысы	27 115	10 377	-		183	165	1,6
Қызылорда облысы	36 379	13 852	868	833	414	414	9,0
Маңғыстау облысы	25 018	9 279	92	78	59	45	1,3
Павлодар облысы	26 438	12 074	407	210	141	154	3,0
СҚО	20 722	7 586	31	33	118	122	2,0
Түркістан облысы	61 325	23 406	312	312	405	404	3,1
Ұлытау облысы	6 632	2 883	57	51	41	38	3,1
Шымкент қ.	50 918	17 283	175	175	300	300	2,8
Алматы қ.	42 438	18 106	1 745	1 745	255	255	11,1
Астана қ.	40 485	18 418	1 310	1 310	290	290	8,7
ЖИЫНЫ	**645 715**	**254 883**	**6 540**	**6 250**	**4 383**	**4 407**	**4,2**

Дереккөз ӨҚМ

[183] «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 ҚРҮҚ

Осылайша, 2023 жылы коммуналдық тұрғын үй қорынан **тұрғын үй сатып алуға** бөлінген бюджет қаражаты халықтың әлеуметтік осал топтарының **тұрғын үйге мұқтаж өкілдері санының 4,2%** ғана тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қамтамасыз етудің ең төмен пайызы Маңғыстау *(1,3%),* Қостанай *(1,6%),* Батыс Қазақстан *(1,7%)* және Алматы облыстарында *(1,9%)* орын алды.

Бұдан басқа, Тұжырымдама шеңберінде *(бұрын – «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша)* «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ «Отбасы банк» АҚ салымшылары мен ЖАО-да кезекте тұрғандар үшін ЖАО облигацияларын сатып алу жолымен **кредиттік тұрғын үй құрылысын** қаржыландырады. Облигациялық қарыздардан түскен қаражат ЖАО-ға Қазақстанның барлық өңірлерінде тұрғын үй салуға бағытталады.

ЖАО облигацияларын сатып алу есебінен 2022 жылы 9 573 пәтер пайдалануға берілді *(2016-2022 жылдары барлығы 958,1 млрд теңгеге ЖАО облигацияларын сатып алу жүзеге асырылды, шамамен 74,8 мың пәтер пайдалануға берілді).*

Жоғарыда айтылғандардың негізінде қаражатты тиімсіз пайдалану фактілеріне жол бермеу мақсатында азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған бюджет қаражатын жоспарлау кезінде тұрғын үй алуға өтінімдердің күтілетін санын мемлекеттік қаражат есебінен тұрғын үй құрылысының көлемімен салыстыру қажет деп есептейміз.

Инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту

ТҮКШ дамытудың маңызды проблемасы инженерлік желілер мен құрылыстардың әбден тозуы.

Жалпы республика бойынша 130 мың км астам жылу, сумен жабдықтау және су бұру желілері бар, олардың орташа тозуы 50% құрайды *(жылумен жабдықтау 53%, сумен жабдықтау – 40%, су бұру – 56%).*

60-КЕСТЕ. Жылумен-, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозуы

Өңірлер	Жылумен жабдықтау		Сумен жабдықтау		Су бұру	
	Ұзындығы, км	Желінің тозуы ,%	Ұзындығы, км	Желінің тозуы ,%	Ұзындығы, км	Желінің тозуы ,%
Абай облысы	413,0	66,0	3 196,1	47,5	517,6	56,6
Ақмола облысы	823,1	41,8	6 281,7	51,0	1 119,5	57,0
Ақтөбе облысы	414,9	40,4	5 073,2	23,6	882,9	58,0
Алматы облысы	173,0	42,0	5 128,0	53,5	725,0	70,0
Атырау облысы	601,0	54,0	4 294,5	28,0	522,0	44,0
ШҚО	1 017,3	60,6	4 013,1	52,7	1 147,5	70,0
Жамбыл облысы	350,7	55,5	6 839,8	26,7	588,2	51,1
Жетісу облысы	390,0	50,0	3 841,0	34,0	620,0	58,1
БҚО	312,0	42,3	4 851,0	34,2	446,0	61,6
Қарағанды облысы	1 125,3	66,4	4 895,5	47,0	1 713,1	75,3
Қостанай облысы	743,6	47,4	5 812,1	35,5	1 307,4	51,8
Қызылорда облысы	207,7	44,6	7 534,0	35,0	476,0	37,0

Өңірлер	Жылумен жабдықтау		Сумен жабдықтау		Су бұру	
	Ұзындығы, км	Желінің тозуы ,%	Ұзындығы, км	Желінің тозуы ,%	Ұзындығы, км	Желінің тозуы ,%
Маңғыстау облысы	790,6	62,8	3 802,0	32,0	582,9	56,0
Павлодар облысы	1 437,9	80,5	3 399,5	48,1	884,3	73,0
СКО	338,1	55,4	3 283,9	35,0	412,5	64,7
Түркістан облысы	282,8	44,6	15 466,7	35,5	607,9	26,1
Ұлытау облысы	639,4	58,0	1 314,4	51,2	539,0	71,2
Шымкент қ.	838,6	37,0	5 546,7	23,9	927,2	39,9
Алматы қ.	1 385,3	57,9	3 635,4	54,3	1 945,0	57,0
Астана қ.	1 009,0	54,4	1 610,0	40,8	1 663,0	40,5
Қазақстан бойынша ЖИЫНЫ	**13 293**	**53**	**99 819**	**40**	**17 627**	**56**

Дереккөз: ӨҚМ

Ең тозығы жеткен жылу, сумен жабдықтау және су бұру желілері: Павлодар облысында – 68%, ШҚО-да – 64%, Қарағанды және Ұлытау облыстарында – 62%-дан.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы бюджеттік инвестициялық жобалар *(229 ББ)* жергілікті атқарушы органдарға нысаналы трансферттерді аудару арқылы іске асырылуда.

Есепті жылы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуға және реконструкциялауға Қаржы министрлігінің деректері бойынша, 456 инвестициялық жобаны іске асыру арқылы 267,5 млрд теңге, оның ішінде ауылдық жерде 112,8 млрд теңгеге 325 жоба, қалалық жерде 131 жобаға 154,7 млрд теңге бөлінді.

Өңірлердің бөлінген қаражатты игеруі 259,1 млрд теңгені немесе 96,9% құрады. Жұмыс кестесінен кешігу, сот талқылаулары, орындалған жұмыстардың актісін уақтылы бермеу, жобалық-сметалық құжаттамаға түзетулер енгізу салдарынан 8,4 млрд теңге игерілмеген.

Жыл қорытындысы бойынша, Министрліктің деректеріне сәйкес республикалық бюджеттен қаржыландыру шеңберінде 2023 жылы аяқталуы жоспарланған 138 жобаның 114-і немесе 83% орындалды.

Бұл ретте, ЖАО деректері бойынша есепті жылы аяқтауға 165 жоба жоспарланған, оның ішінде 132 жоба немесе 80% аяқталды.

Анықтама ретінде. 33 инвестициялық жобаны уақтылы аяқтау нәтижесінде шамамен 88 мың адам сумен жабдықтау қамтамасыз етілер еді.

Есептік деректердің сәйкес келмеуі Министрлік тарапынан инвестициялық жобалардың іске асырылу барысына мониторинг пен бақылаудың нашар екенін көрсетеді.

Жалпы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыруды талдау Министрліктің функциялары жергілікті атқарушы органдарға нысаналы трансферттер қаражатын аударумен шектелетінін көрсетті.

61-КЕСТЕ. Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу мен реконструкциялау жобаларын іске асыру туралы ақпарат

Облысы	Жобалардың жалпы саны	оның ішінде:					
		ӨҚМ деректері бойынша аяқталу мерзімі 2023 жыл	соның ішінде:		ЖАО деректері бойынша аяқталу мерзімі 2023 жыл	соның ішінде:	
			аяқталды	аяқталмаған		аяқталды	аяқталмаған
Ақмола	34	5	5		4	3	1
Ақтөбе	18	3	3		5	5	
Алматы	30	5	5		6	4	2
Атырау	5				1	1	
Шығыс Қазақстан	19	5	5		9	8	1
Жамбыл	37	18	10	8	20	14	6
Батыс Қазақстан	19	11	11		13	12	1
Қарағанды	34	3	2	1	2	2	
Қостанай	38	8	7	1	18	15	3
Қызылорда	11	6	4	2	5	5	
Маңғыстау	6	1	1		1	1	
Абай облысы	45	6	5	1	11	9	2
Жетісу облысы	18	10	5	5	8	4	4
Ұлытау облысы	5						
Павлодар	38	29	28	1	30	24	6
Солтүстік Қазақстан	26	13	12	1	11	10	1
Түркістан	44	8	4	4	14	9	5
Шымкент	11	4	4		4	3	1
Алматы	6						
Астана	12	3	3		3	3	
ЖИЫНЫ	**456**	**138**	**114**	**24**	**165**	**132**	**33**

Дереккөз ӨҚМ, ЖАО

Анықтама. ЖАО деректері бойынша жобалардың аяқталмауының негізгі себептері: мердігерлердің жұмыс кестесінен артта қалуы, жобалардың қымбаттауы және ЖСҚ түзету, сот талқылаулары, қолайсыз ауа райы жағдайлары және т.б. Бұл жобалардың іске асырылуын кейінгі жылдарға ұзартуға себеп болды.

Министрліктің даму жоспарына[184] сәйкес сумен жабдықтауға қол жеткізу деңгейін: қалаларда – 99%-ға дейін, ауылдарда – 95,1%-ға дейін арттыру жоспарланған болатын *(2022 жылы бұл көрсеткіштер 98,4%-ды және тиісінше 94,5%-ды құрады).*

ЖАО-ның жедел деректері бойынша қалаларда жыл қорытындысы бойынша сумен жабдықтаумен қамтамасыз ету деңгейі 98,9%-ды *(0,1%-ға орындалмаған),* ауылдық жерлерде 96,6%-ды *(1,5%-ға асыра орындалды)* құрады.

[184] «ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларын қайта бекіту туралы» ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 158 бұйрығы

62-КЕСТЕ. Сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізу

Өңірлер	Сумен жабдықтау	
	Қала %	Ауыл %
Абай облысы	92,8	92,9
Ақмола облысы	97,8	95,2
Ақтөбе облысы	100	97
Алматы облысы	100	99,3
Атырау облысы	100	99,6
ШҚО	99,9	97
Жамбыл облысы	97,5	94,9
Жетісу облысы	100	98,9
БҚО	100	95
Қарағанды облысы	98,9	93,6
Қостанай облысы	98,6	86,7
Қызылорда облысы	100	98,4
Маңғыстау облысы	100	100
Павлодар облысы	97	98,1
СКО	100	88,3
Түркістан облысы	99,8	97,3
Ұлытау облысы	100	97,2
Шымкент қ.	98,5	-
Алматы қ.	99	-
Астана қ.	98,9	-
Қазақстан бойынша ЖИЫНЫ	**98,9**	**96,6**

Дереккөз: ӨҚМ

Бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу қағидаларының 8-тармағының 15) тармақшасын **бұза отырып**, Министрліктің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларында[185] **бюджеттік инвестициялық жобалар бөлінісінде әрбір кіші бюджеттік бағдарлама бойынша** бюджеттік инвестициялық жобаларға мәлімделген шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері көзделмеген.

Сонымен қатар, Министрліктің бюджеттік бағдарламаларында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға бағытталған 4 кіші бағдарламаның 3-уінде экономикалық әсер **нақты сандық өлшенетін көрсеткіштерсіз жоспарланған және жобаларды егжей-тегжейлі қарастырмаған**, 1 кіші бағдарламада ол мүлдем **жоқ;**

Осыған байланысты, 2023 жылы іске асырудан алып тасталған инвестициялық жобалардың жіберіп алған экономикалық әсерін бағалау мүмкін емес.

Сонымен бірге, объектілерді пайдалануға беру соңғы тұтынушылардың сумен жабдықтау жүйесіне **нақты қосылуын есепке алмай**, елді мекенді толық сумен жабдықтау ретінде түсіндіріледі.

[185] «ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларын қайта бекіту туралы» ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 288 бұйрығы

Мысалы, ЖАП аудиті[186] барысында Мұнайлы ауданының Қызылтөбе *(2021 жылғы 23 қарашада пайдалануға берілген)* және Басқұдық *(2021 жылғы 1 қарашада пайдалануға берілген)* ауылдарының сумен жабдықтау желілерінің құрылысы *(2 039,1 млн теңге және 3 047,9 млн теңге тиісінше)* аяқталғаннан кейін тұрғындар желілерге іс жүзінде қосылмағаны немесе жүйеде судың қажетті көлемінің болмауына байланысты су кесте бойынша шектеулі мөлшерде берілетіні анықталды.

Осылайша, ЖАО-ның нысаналы индикаторларға қол жеткізу туралы есеп беруі **формальды** және нақты әлеуметтік-экономикалық әсерді көрсетпейді.

Әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері арасындағы **іс-қимылдарды үйлестірудің**, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның бюджет қаражатын жоспарлауға тиісті мониторинг пен бақылаудың болмауы фактілері орын алған.

Мәселен, ЖАП[187] аудиті Ақтөбе облысы Хромтау ауданының Жазық ст., екі Басқарма *(Құрылыс басқармасы мен Энергетика басқармасы)* ауыз сумен жабдықтау бойынша жалпы сомасы 403 млн теңгеге **екі ұқсас жобаны** іске асырғанын атап өтеді. Бұл ретте осы өңірдегі 48 ауылдық елді мекен сапалы сумен жабдықтаумен қамтамасыз етілмеген.

Бюджеттік бағдарламаларды тиімсіз басқару салдарынан 2023 жылы жалпы сомасы **11,1 млрд теңгеге жекелеген** жобалар іске асырудан алынып тасталды:

- Қызылорда облысында – **729,5 млн теңге** сомасына Байқоңыр қаласының сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау жобасы сот талқылауларына байланысты іске асыру жоспарынан алынып тасталды *(әлеуетті өнім беруші конкурсқа шағымданды)*. Жоба бойынша 94,6 км су құбыры мен 84,6 км кәріз желілерін реконструкциялау көзделген. Қаражат басқа жобаларға қайта бөлінді.

- Маңғыстау облысында – **353,6 млн теңге** сомаға Ақтау қаласының 15-шағынауданы ЦУВС-3-тен, су құбыры желілерін реконструкциялау жобасы құрылыс материалдарының және жабдықтың қымбаттауына, сондай-ақ техникалық шарттардың өзгеруіне байланысты іске асыру жоспарынан алынып тасталды *(түзетуге байланысты жобаның қымбаттауы алдын ала шамамен 400 млн. теңге. Жобаның нақты сомасы мемлекеттік сараптаманың қорытындысынан кейін айқындалады).* Қаражат бюджетке қайтарылды, осыған байланысты Ақтау қаласының 7, 8, 15-шағынаудандардың тұрғындарын сумен үздіксіз және іркіліссіз қамтамасыз ету түріндегі әлеуметтік әсерге қол жеткізілмеді.

- Маңғыстау облысы бойынша – **10 млрд теңге** сомаға Маңғыстау облысының МАЭК-Қазатомөнеркәсіп ЖШС аумағында өнімділігі тәулігіне 24 000

---

[186] 5.10.2023 ж. № 20-Қ «Маңғыстау облысына бөлінген бюджет қаражатының және мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу»

[187] 30.11.2023 ж. № 27-Қ Ақтөбе облысына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу

м3 тұщыландыру қондырғыларын салу жобасы жабдықтың айтарлықтай қымбаттауына байланысты алынып тасталды *(«Альянс ЛТД» ЖШС (мердігер) ұсынған прайс-парақ ақпаратына сәйкес, «IDE-Technologies Group» өндірушісінің (израильдік компания) тұщыландыру қондырғыларының бағасы 43 394 000 АҚШ доллар, қымбаттау 4 044 000 АҚШ долларын құрайды, бұдан басқа, 4 бірлік мөлшеріндегі тұщыландыру қондырғыларының үлкен көлеміне байланысты Қара теңіздегі (Қара теңіз жолы-Еділ-Дон каналы-Каспий теңізі Ресей Федерациясы мен Украина Республикасы арасындағы ықтимал шиеленіс салдарынан Ақтау портына жабдықтың жетпеу тәуекелі бар).* Қаражат бюджетке қайтарылды, осыған байланысты Ақтау халқын және көрші елді мекендерді іркіліссіз сумен жабдықтаумен қамтамасыз ету түріндегі әлеуметтік әсер қамтамасыз етілмеген.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, жыл сайын жобаларды іске асыруды кешіктіру және қаржыландыруды бірнеше рет ауыстыру Мемлекет басшысының Қазақстан халқын 100% таза ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындауға әсер етуі мүмкін.

Жалпы, Министрлікте ЖАП бағалауынша, **бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару 116,1 млрд теңгені** құрады *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қалдықтарды есепке алмағанда).*

Ұлттық экономика министрлігі

Ұлттық экономика министрлігінің *(бұдан әрі – ҰЭМ, Министрлік)* бастапқыда бекітілген сомасы 330,8 млрд теңге шығыстарының көлемі бюджетті түзету және нақтылау нәтижесінде **2,3 есеге** немесе 425,7 млрд теңгеге ұлғайып, 756,5 млрд теңгені құрады. Атқарылу **100%**-ды құрады.

Макро- және нысаналы индикаторлар

ҰЭМ есепті жылы 3 стратегиялық бағыт *(соның ішінде 1 құпия)* шеңберінде 30 макро- және нысаналы индикатор *(соның ішінде 2 құпия)* жоспарлаған, оның ішінде 12-сіне *(40%)* қол жеткізілген, 1-еуіне *(3,3%)* қол жеткізілмеген, 17-сі *(56,6%)* орындауда, олар бойынша деректер ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында қалыптастырылатын болады.

Министрлік іске асыратын 19 бюджеттік бағдарлама бойынша: 58 тікелей нәтиже көрсеткішінің 3-еуіне қол жеткізілмеген; 19 түпкілікті нәтиже көрсеткішінің 1-еуіне қол жеткізілмеген, 1-орындауда.

«Әлеуметтік сала және агроөнеркәсіптік кешен мамандарының, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген ауылдар, кенттер, ауылдық

округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерінің тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредиттер түріндегі әлеуметтік қолдау шараларымен қамтамасыз етілу үлесі» нысаналы индикаторы түпкілікті және тікелей нәтижеге (*034 ББ*) қол жеткізілмеуіне байланысты **орындалмаған**.

Мәселен, ауылдық жерлерде жұмыс істеу үшін 3 518 маман *(жоспар бойынша 3 598) тартылған (тиісінше бөлінген 18,6 млрд теңгенің 17,9 млрд теңгесі игерілді) (білім беру салалары бойынша – 2 216 адам (63%), денсаулық сақтау – 725 адам (21%), әлеуметтік қамсыздандыру – 44 адам (1%), мәдениет - 125 адам (4%), спорт – 157 адам (4%), агроөнеркәсіптік кешен – 169 адам (5%), ауылдық елді мекендер әкімдері аппаратының мемлекеттік қызметшілері – 82 адам (2%),* бұл ЖАО мәлімдеген қажетті 4 775 бірлік маманның 73,7%-ын құрайды.

Бұл ретте, ЖАО-ның мамандарға деген қажеттілігі қызмет салалары бойынша бөлінбей, жалпы өтініммен берілетінін атап өту қажет.

Сонымен қатар, қолдаудың осы түрі шеңберінде ауылдық жерлерге тартылатын мамандардың жыл сайынғы саны төмендеуде: 2021 жылы – 4 300 маман, 2022 жылы – 4 234 маман, 2023 жылы – 3 518 маман.

Анықтама ретінде: ҰЭМ ақпараты бойынша мамандар санының жыл сайын азаюы жас мамандардың кредиттік тарихының болмауына немесе нашар болуына байланысты кредиттерді мақұлдау деңгейінің төмен болуына және тұрғын үй құнының жоғары болуына байланысты.

Осыған байланысты, Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 126 бұйрығымен *(2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)* ауданның әкімшілік орталығы болып табылатын АЕМ-ге келген мамандар үшін бюджеттік кредит сомасы 1500 АЕК-тен 2500 АЕК-тен аспайтын сомаға және АЕМ-ге 2000 АЕК-тен аспайтын сомаға ұлғайтылған.

Жоспарлау сапасы

Жалпы бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштерін жоспарлау және оларға қол жеткізу бойынша мынадай кемшіліктер байқалады:

Көрсеткіштерді мемлекеттік орган қызметінің нәтижелерімен өзара байланыссыз жоспарлау

«Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ-ның МЖӘ, бюджеттік кредиттеу, мемлекет кепілдігімен берілген мемлекеттік емес қарыздар жобалары бойынша экономикалық сараптама қорытындылары негізінде дайындалған экономикалық қорытындылардың мәлімделген ӘБП жалпы санынан үлесі» (001 ББ) бюджеттік бағдарламасы бойынша түпкілікті нәтиже көрсеткіші 2023 жылғы желтоқсанда қорытындылардың нақты саны негізінде 57,8%-дан 26,3%-ға дейін немесе 50%-дан астамға азайып, жыл қорытындылары бойынша көрсеткіштердің нәтижелерін **нақты орындалғанға келтіру** практикасын растады.

Анықтама ретінде: Түпкілікті көрсеткіш МЖӘ, мемлекеттік емес қарыздар, бюджеттік кредиттер арқылы қаржыландырылатын экономикалық сараптама қорытындысы бойынша инвестициялық жобалардың үлесін көрсетеді. Көрсеткіштің пайызы неғұрлым көп болса, бюджет жүктемесі соғұрлым төмен болады.

Мәселен есепті жылы 38 экономикалық сараптама, соның ішінде мемлекеттік кепілдіктермен, бюджеттік кредиттеуге МЖӘ жобалары бойынша 22 сараптама

жүргізу жоспарланған *(22*100%/38 = 57,8%).* Іс жүзінде әкімшілер 19 жоба ұсынған, оның ішінде 5 МЖӘ жобасы мемлекеттік кепілдіктермен және бюджеттік кредиттеу бойынша. Осыған байланысты көрсеткіш төмендеген *(5*100%/19 = 26,3%*).

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде ЖАП Бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларына[188] *(бұдан әрі – Бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу қағидалары*) сәйкес түпкілікті нәтижені жоспарлауға қойылатын талаптарды ескере отырып *001 «Инвестициялар тарту, экономикалық саясатты дамыту, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу, өңірлік даму және кәсіпкерлікті дамыту саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі қызметтер»* бюджеттік бағдарламасы бойынша түпкілікті көрсеткішті қайта қарау орынды деп санайды.

Анықтама ретінде: жалпы осы бағдарлама бойынша 2 түпкілікті нәтиже көрсеткіші көзделген, оларға қол жеткізуге ҰЭМ тікелей ықпал жасамайды:

1) «МЖӘ жобалары бойынша «ҚМЖӘО» АҚ экономикалық сараптамасының қорытындылары, мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыздар, мәлімделген ББӘ жалпы санынан бюджеттік кредит беру негізінде дайындалған экономикалық қорытындылардың үлесі»;

2) ТМС және нарық субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерден инфляцияға жиынтық салым (ҚР Үкіметі жанындағы ЭСК жыл сайын мақұлдайтын дәліз шеңберінде)».

Тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштерін дұрыс жоспарламау.

Еңбекақы төлеу қорын, салықтар мен аударымдарды төлеуге және іссапар шығыстарын төлеуге арналған шығыстарды көздейтін жұмыскерлерді ұстауға бағытталған бюджеттік кіші бағдарлама шеңберінде *(001.100 ББ*) тікелей нәтиже көрсеткіші болып «*Министрліктің өңделетін кіріс хат – хабарларының саны-94 000 бірлік*» бекітілген, бұл бюджеттік бағдарламаның бағытына сәйкес келмейді және қаражаттың жұмсалу тиімділігін көрсетпейді. Бюджетті нақтылау шеңберінде тікелей көрсеткіш сәйкес келтірілді *(2023 жылғы мамыр).*

Бұдан басқа, Министрлік Бюджет кодексінің талаптарын[189] бұза отырып, Министрліктің 2023 жылға арналған бюджеттік бағдарламаларын *(әкімшінің бастамасы бойынша түзету)* қайта бекітпеген, бұл Министрліктің ЖАП-қа ұсынған есеп деректерінің бұрмалануына әсер етті.

Анықтама ретінде: Мынадай бағдарламалар бойынша сәйкессіздіктер бар:

001.108 ББ – ҰЭМ бұйрығындағы шығыстар 150,7 млн теңгені құрайды, Үкіметтің есебінде - 146,5 млн теңге;

082.110 ББ – ҰЭМ бұйрығындағы жобалар саны бойынша тікелей нәтиже көрсеткіші-67 бірлікті құрайды, Үкімет есебінде - 65 бірлік.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және кепілдік беру

Ұлттық экономика министрлігі кәсіпкерлікті дамыту және мемлекеттік қолдау саласында басшылықты жүзеге асыратын салалық орган болып табылады.

---

[188] «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығы»

[189] 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV ҚР Бюджет кодексінің 32-бабының 4-1-тармағы

Осы мақсаттар үшін республикалық бюджеттен **сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша кепілдік беруге** *(087.128 ББ)* 2023 жылы 234,2 млрд теңге бөлінді, олар 100%-ға атқарылды.

Басым жобаларды кредиттеу және қаржылық лизинг тетігі қарыз алушыларға кредит/лизинг мақсаттарына байланысты мынадай талаптарды белгілей алады: жұмыс орындарын сақтау/ұлғайту, немесе табыстың және/немесе салық төлемдерінің және/немесе өндіріс көлемінің өсуі[190].

Мәселен, «Даму» Қоры ұсынған деректерге сәйкес 2019-2023 жылдар аралығындағы кезеңде жалпы сомасы 1 347,5 млрд теңгеге *(сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, ішінара кепілдік беру)* мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілген 2 249 талданған кәсіпкерлік субъектілері бойынша, МКК ақпараты бойынша мыналар атап өтілді:

- 2022 және 2023 жылдар бойы 412 кәсіпкерлік **субъектісінде** *(18,3%)* тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сату бойынша **айналымдар жоқ**;

- **2022 және 2023 жылдар бойы 960** кәсіпкерлік **субъектісі** *(42,7%)* бойынша **жалдамалы жұмыскерлер** *(200.00 салық есептілігі нысанындағы МКК деректері негізінде)* **туралы ақпарат жоқ**;

- 2022-2023 жылдар бойы 363 кәсіпкерлік **субъектісі** *(16,1%)* **салық төлеу бойынша міндеттемелерді орындамаған**;

- **7** кәсіпкерлік **субъектісінің қызметі тоқтатылған** *(0,3%);*

- 36 кәсіпкерлік субъектісінің **кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы тоқтатылған** *(1,6%).*

Мысалы, тек Ақтөбе облысы бойынша[191] 2019 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде мемлекеттік қаржылық қолдау шаралары көрсетілген 1 031 кәсіпкерлік субъектісі бойынша *(2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша)* 171 кәсіпкерлік субъектісінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сату бойынша айналымдар жоқ, 78 кәсіпкерлік субъектісі 759 жұмыс орнын құру бойынша міндеттемелерді және 116,7 млн теңге сомасына салық төлеу бойынша міндеттемелерді орындамаған, 45 кәсіпкерлік субъектісінің қызметі тоқтатылған.

Бұдан басқа, ЖАП аудиттері барысында өңірлерде мемлекеттік қаржылық қолдау шараларын іске асыру кезінде субсидиялау шарттарына сәйкес келмеген кезде субсидиялау *(кәсіпкерлік субъектісі ЭҚЖЖ беру жөніндегі шартты орындамаған),* субъектінің оған меншік құқығы болмаған кезде жобаларды субсидиялау сияқты бұзушылық фактілері, активтің құнын асыра бағалау және басқа[192] тәуекелдер

---

[190] «Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 ҚРҰҚ

[191] 2023 жылғы 30 қарашадағы № 27-Қ «Ақтөбе облысына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит» аудиторлық қорытындысы

[192] 2023 жылғы 5 қазандағы № 20-Қ «Маңғыстау облысына бөлінген бюджет қаражатының және мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит» аудиторлық қорытындысы

анықталды.

Моно-, шағын қалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру

2023 жылы моно-, шағын қалаларда *(082.100,082.109 ББ)* **80 бюджеттік инвестициялық жобаны** іске асыруға сомасы **34,4 млрд теңге** қаражат бөлінген *(РБ есебінен – 4,4 млрд теңге, ҰҚ есебінен – 30 млрд теңге).*

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша атқарылу **34,3 млрд теңгені немесе 99,8%-ды**. құраған. ЖАО орындалған жұмыс актілерінің уақтылы ұсынылмауына және Ақтөбе облысының (*1*), ШҚО (*2*) және Абай облысының (*2*) жобалары бойынша конкурстық рәсімдердің уақтылы өткізілмеуіне байланысты **72,5 млн теңгені игермеген.**

2023 жыл ішінде **сапасыз жоспарлау** және жоспарлау сатысында мәселелерді толық пысықтамау нәтижесінде **сомасы 1,4 млрд теңге 2 жоба** іске асырудан **алынып тасталды**, соның ішінде:

- *Төлеби ауданының Ленгер қаласы, Алатау шағын ауданында инженерлік коммуникациялық желілерді салу (автомобиль жолдары)* - 1 199,5 млн теңге, Ленгер қаласының Алатау шағын ауданында инженерлік желілерді жүргізу бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілуіне байланысты жолдарды салу мүмкін болмаған.

2023 жылы осы шағын ауданда электр және жарықтандыру *(ӨҚМ, 228.101 ББ, іске асыру кезеңі 2022-2025 жылдар)* және сумен жабдықтау *(ЖАО, іске асыру кезеңі 2023-2025 жылдар)* бойынша 2 жоба іске асырылған.

2025 жылы оларды аяқтау мерзімдерін ескере отырып, автомобиль жолдарын салу жөніндегі **жобаның уақтылы іске асырылмау**, жоба құнының қымбаттауы, сондай-ақ 2024 жылға жоспарланған сомасы 2 245,2 млн теңге қаражаттың игерілмеу тәуекелдері бар *(іске асыру кезеңі-2023-2024 жылдар).*

Бұл облыс **әкімдігінің бөлімшелері арасындағы іс-қимылдардың үйлесімсіздігін**, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан бюджет қаражатын жоспарлауға тиісті мониторинг пен бақылаудың жоқтығын көрсетеді.

- *Риддер қаласынан Батыс Алтай табиғи қорығына дейінгі 6кВ ЭБЖ* –230,3 млн теңге. Жобаны жоспарлау кезінде жер учаскелерін орман қорынан шығару қажеттілігі ескерілмеген, өйткені ЭБЖ бөлігі қорықтың балансындағы орман қоры арқылы өткізіледі.

Бұдан басқа, 2023 жылы жобаны іске асыру үшін енгізу кезінде әкімшінің бюджеттік өтініміне негіздеуші құжаттар қатарында **26.08.2016 жылғы** №ЭКСПРО – 0014/16 *(іске асыру кезеңі – 2017 жыл)* МС қорытындысы көрсетілген, бұл **ескірген құжаттама бойынша** жобаның **негізсіз жоспарланғанын** көрсетеді.

Облыс орталықтарында бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру.

Облыс орталықтарында 67 бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыруға *(082.102 ББ, 082.110 ББ)* 2023 жылы сомасы **51,2 млрд теңге** қаражат бөлінген *(РБ есебінен – 10,1 млрд теңге, ҰҚ есебінен – 41,1 млрд теңге).*

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша **атқарылу** 50,6 млрд теңгені немесе 98,9%-ды **құраған**. Абай облысының (1), Қостанай (1) және Ақтөбе (1) облыстарының жобалары бойынша орындалған жұмыстар актілерінің уақтылы ұсынылмауына және өндірістік жұмыс кестесінен артта қалуға байланысты ЖАО **537,5 млн теңгені игерген жоқ**.

Бұдан басқа, нақтылау және түзету шеңберінде сомасы **3 499,4 млн теңге** болатын **8 жоба алынып тасталды**, соның ішінде:

Жобалар құнының қымбаттауына және түзетілуіне байланысты:

- «Атырау облысының Атырау-Индер (0-10 км) автомобиль жолдарын реконструкциялау» *(іске асыру кезеңі 2022-2024 жылдар)* – **700 млн теңге** *(02.08.2018 ж. №15-0193/18 МС, құны – 5 230,8 млн теңге), ЖСҚ әзірлену сатысында);*

- «Атырау қаласындағы автомобиль жолдарының құрылысы. (Зарослый-1 ауылы)» *(іске асыру кезеңі – 2022-2025 жылдар)* – **500 млн теңге** *(14.02.2020 жылғы № 15-0031/20 МС, құны – 2 109,8 млн теңге; 22.08.2023 ж. №15-0189/23 МС түзетілген, құны – 6 605 млн теңге);*

- «Атырау қаласындағы автомобиль жолдарының құрылысы (Самал, Нұрсая, Атырау, Лесхоз, Жерұйық, орталық, Жұмыскер, Балықшы шағын ауданы)» *(іске асыру кезеңі – 2022-2023 жылдар)* – **399,4 млн теңге** *(02.07.2020 жылғы № 15-0143/20 МЭ, құны – 2 661 млн теңге; 17.08.2023 ж. №15-0187/23 МС түзетілген, құны – 6 544,2 млн теңге).*

- Павлодар қаласында Краснодонская көшесі-Ворушин көшесі бойынша К-45-тен К-65-ке дейін ұзындығы 1200 мм (1-ЖЭО) техникалық су құбырын реконструкциялау *(іске асыру кезеңі – 2023-2025 жылдар)* – **500 млн теңге** *(24.07.2020 жылғы № 06-0179/20 МС, құны – 553,6 млн теңге);*

- Павлодар қаласы Парковая көшесі - Н. Назарбаев даңғылы бойынша 2-ші көтерме сорғы станциясынан Торайғыров көшесіне дейін, ұзындығы 1000-1200 мм (2-ЖЭО) техникалық су құбырын реконструкциялау *(іске асыру кезеңі – 2023-2025 жылдар)* – **500 млн теңге** *(07.10.2020 жылғы № 06-0248/20 МС, құны-914,9 млн теңге).*

Павлодар қаласы бойынша жоғарыда аталған 2 жобаны «Инвестицияларға тарифті айырбастау» бағдарламасы шеңберінде «Павлодар-Водоканал» ЖШС-нің өз қаражаты есебінен іске асыру жоспарланған. Сонымен қатар, «Павлодар-Водоканал» ЖШС хатына сәйкес *(01.12.2023 ж.)* жобаларды іске асыру кезеңі **2026-2030 жылдарға** ауыстырылған.

Сапасыз жоспарлауға байланысты:

- «Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. Ахмирово ауылын электрмен жабдықтау желілерін салу» *(іске асыру кезеңі-2023-2025 жылдар)* – **100 млн теңге** *(31.08.2021 жылғы № ЭЦҚ- 0069/21 МС).*

082.100 кіші бағдарламасы аясында **облыс орталықтарында** инфрақұрылымды дамыту көзделіп отырғандықтан, ал бұл жоба Өскемен қаласының қалалық әкімшілігіне бағынатын Меновновка ауылдық округінің

Ахмирово ауылында орналасқандықтан, нақтылау шеңберінде бұл жоба «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесіне енгізілген.

«Парасат», «Астана» парктерін салу және реконструкциялау, Түркістан қаласының аумағын көгалдандыру және абаттандыру («Астана» паркін салу)» *(іске асыру кезеңі – 2023-2025 жылдар)* – **500 млн теңге** *(17.05.2022 жылғы № LTD-0100/22 МС, құны – 5 533 млн теңге),* техникалық-экономикалық көрсеткіштердің айтарлықтай өзгеруіне байланысты ЖСҚ-ға түзету жүргізілуде;

- «Түркістан қаласы Шавгар шағын ауданы, Ортақ тұрғын үй алабының кәріз желісінің құрылысы, 2-кезек. Сметалық құжаттаманы түзету*» (іске асыру кезеңі – 2023-2025 жылдар)* – **300 млн теңге** *(12.04.2022 жылғы № 19-0105/22 МС, құны – 3 663 млн теңге).*

Түркістан қ. Шавгар шағын ауданының Ортақ тұрғын үй алабының кәріз желісін салу бойынша **1 және 2-кезектердің** ұқсас жобаларын 2023 жылы **ӨҚМ** арқылы іске асыру көзделгендіктен, бұл жоба ҰЭМ бюджетінен нақтылау кезінде алынып тасталған және 229.121 ББ бойынша ӨҚМ іске асырған.

Сонымен қатар, ЖАП бұдан бұрын[193] 082 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде ҰЭМ-нің мемлекеттік органдардың салалық саясатын дамыту бойынша **дұрыс емес деректерді қалыптастыру тәуекелдеріне** әкеп соғатын **өзге салалық мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін көп бағытты жобаларды** іске асыруын атап өткен болатын.

Бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу қағидаларының 8-тармағының 15-тармақшасын **бұза отырып**, Министрліктің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларында[194] **бюджеттік инвестициялық жобалар бөлінісінде әрбір бюджеттік кіші бағдарлама бойынша** бюджеттік инвестициялық жобаларға мәлімделген шығыстардың экономикалық тиімділік көрсеткіштері көзделмеген.

Осыған байланысты, 2023 жылы іске асырудан алынып тасталған инвестициялық жобалар бойынша толық алынбаған экономикалық әсерді бағалау мүмкін емес.

082 «***Шағын және моноқалалардағы*** *инженерлік-коммуникациялық және көліктік инфрақұрылымның тозуын 2023 жылы 6,4%-ға; 2024 жылы 6,5%-ға; 2025 жылы 6,6%-ға төмендету»* **бюджеттік бағдарламасының түпкілікті нәтижесі** осы бюджеттік бағдарлама шеңберінде өткізілетін барлық іс-шараларды қамтымайды *(тек **шағын және моноқалалардың** инженерлік-коммуникациялық және көлік инфрақұрылымының тозу деңгейін көрсетеді, ал бюджеттік бағдарлама **облыс орталықтары мен ауылдық елді мекендерді** дамытуға да бағытталған).*

---

[193] 2023 жылғы 7 қыркүйектегі № 17-Қ «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңының жобасын бағалау бойынша ЖАП қорытындысы

[194] «Ұлттық экономика министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларын қайта бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 288 бұйрығы

Жоғарыда айтылғандардың негізінде **барлық әкімшілік-аумақтық бірліктерді** қамти отырып, бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесінің көрсеткішін көздеу қажет деп есептейміз.

МЖӘ жобаларын іске асыру.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шарттар жасалған **МЖӘ жобалары** портфелінің құны 2 221,9 млрд теңгені құрайтын 1 081 бірліктен *(соның ішінде мерзімі өткен шарттар - 317 бірлік)* тұрады, олар бойынша 1 085,4 млрд теңгеге инвестиция тартылған *(республикалық деңгейде – 667,7 млрд теңге (61,5%), жергілікті деңгейде - 417,7 млрд теңге (38,5%).*

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша концессия шарттары жасалған концессиялық жобалар портфелінің құны 602,5 млрд теңге болатын 16 жобадан тұрады *(білім беру саласында (10), көлік (3), энергетика (2), денсаулық сақтау (1) (соның ішінде мерзімі өткен және бұзылған шарттар - 10).*

Жалпы сомасы 596,5 млрд теңгені құрайтын қолданыстағы 6 концессия жобасының 3 жобасы республикалық деңгейде іске асырылуда *(«Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы» автомобиль жолын салу және пайдалану» - 07.02.2018, «Шар станциясы - Өскемен» жаңа теміржол желісін салу және пайдалану - 06.07.2005, «Солтүстік Қазақстан-Ақтөбе облысы» өңіраралық электр беру желісін салу және пайдалану» - 28.12.2005), жергілікті деңгейде – 3 (Ақтау халықаралық әуежайында жаңа жолаушылар терминалын салу және пайдалану – 10.12.2007, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы халқына амбулаторлық және стационарлық көмек көрсету үшін офтальмологиялық диагностика орталығын салу және пайдалануға беру,– 15.02.2018, ШҚО Зырян ауданы Зырян қаласының аудандық қазандығын қайта жаңарту (бас корпустың жаңа ғимаратында екі турбогенераторды орнату) – 16.04.2018).*

Сонымен қатар, ЖАП аудиті барысында[195] жекелеген процестер *(тетіктер)* бойынша МЖӘ-нің елеулі әлеуетінің бар екендігі атап өтілді, оны іске асыру мемлекеттік және жеке әріптес арасында шығындар мен пайданы теңгерімді бөлуді ескеретін МЖӘ-ні қайта жүктеу жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмаларын сапалы орындауға мүмкіндік береді.

МЖӘ-ні енгізу бойынша негізгі міндет – бюджетке түсетін жүктемені азайту *(«бюджеттік масылдықты» қысқарту)* және жеке инвестицияларды тартуға **өте қысқа мерзімді кезеңде қол жеткізілген**. МЖӘ жобалары мемлекеттік бюджеттің жоспарлы кезеңге арналған шығындарын азайтуға мүмкіндік беріп, олардың өтемақысының уақытын кейінге қалдырған.

Мәселен, жеке серіктестерге барлық инвестициялық шығындарды (*сондай-ақ қарыздарды (ХҚИ, ЕДБ және акционерлік қарыздар)* ғана емес, сонымен қатар операциялық шығыстардың өтемақысын, қолжетімділік төлемдерін, жобаны басқарғаны үшін сыйақыларды келтірілген шығыстарды нақты растаусыз өтеу кепілдігі заңды түрде көзделген. Нәтижесінде **жеке инвестициялардың мемлекеттік инвестицияларға арақатынасы 1,4** *(жергілікті жобалар бойынша – 1 теңге 1,4 теңгеге, республикалық жобалар бойынша - 1 теңге 1,5 теңгеге).*

---

[195] ЖАП-тың 2024 жылғы 14 наурыздағы № 2-Қ Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, концессиялық жобаларды іске асырудың тиімділігін талдау және бағалау аудиторлық қорытындысы

ЖАП болжамына сәйкес республикалық деңгейдегі МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді өтеу бойынша республикалық бюджетке ең жоғары жүктеме 2025 – 2029 жылдарға ***(жыл сайын 100 млрд теңгеден астам)*** тиесілі болады.

Бұл ретте жобаның деңгейіне және ол бойынша мемлекеттік міндеттемелердің болуына қарамастан, **МЖӘ-нің барлық жобаларын шоғырландырылған есепке алу қамтамасыз етілмеген**. Тиісті функционалдық міндет мемлекеттік органдардың ешқайсысына бекітілмеген.

Анықтама ретінде. МЖӘ саласындағы саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті орган ретінде ҰЭМ-ге заң жүзінде жобаның деңгейіне және ол бойынша мемлекеттік міндеттемелердің болуына қарамастан, МЖӘ-нің барлық жобаларының шоғырландырылған есебін жүргізу жөніндегі функция бекітілмеген.

МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді тіркеу және олардың мониторингі жөніндегі құзырет Қаржы министрлігіне[196] бекітілген.

МЖӘ жобаларының тізбесін жүргізу Қазақстандық МЖӘ орталығына[197] іске асыруға жоспарланған жобалар бөлігінде ғана бекітілген.

Барлық жобалар бойынша олардың санын, тартылған инвестициялар сомаларын, міндеттемелерді, салалық және өңірлік бөліністерде іске асыру кезеңдерін ескере отырып, ақпараттың жалғыз көзі - қалыптастырылатын мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауапты емес Қазақстандық МЖӘ орталығы болып табылады.

Нәтижесінде МЖӘ статистикасындағы деректерде елеулі алшақтықтар бар *(жобалар санында – 35 бірлікке, міндеттемелер көлемінде – 316,6 млрд теңгеге).*

Инвестицияларды тартуды, инфрақұрылымды және халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін, жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуды **көздемейтін** МЖӘ жобалары бойынша міндеттемелер қабылдауға жол берілген.

Осылайша, мемлекет ағымдағы шығыстар болып табылатын абаттандыруға, көгалдандыруға, жасыл желектерді күтіп-ұстауға, саябақтарды, сквелрлерді күтіп-ұстауға, санитариялық тазалауға, шіркейлерді азайтуға, омарташыларды оқытуға, ағылшын және мемлекеттік тілді оқытуға бағытталған **43 жоба бойынша 109,2 млрд теңгеге** міндеттемелер қабылдаған.

Мұндай жобаларды іске асыру жеке әріптестерге «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңда көзделген **конкурстық рәсімдерден өтпей-ақ 2-3 жылдан астам уақыт бойы тұрақты қаржыландыруға** кепілдік етуге мүмкіндік береді.

Мысалы,

- Түркістан облысы Созақ ауданы, Шолаққорған, Қыземшек, Таукент елді мекендерін, Арыс, Кентау қалаларын санитариялық тазарту бойынша МЖӘ жобалары;

- Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданының көпқабатты үйлерінің аулаларын абаттандыру және балалар алаңдарын орнату бойынша МЖӘ жобалары;

- Шымкент қаласының медициналық ұйымдарында компьютерлік техникаға техникалық қызмет көрсету бойынша МЖӘ жобалары;

---

[196] 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV ҚР Бюджет кодексінің 161-бабының 1-тармағы

[197] «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚР 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ Заңының 26-бабы 2-тармағының 7) тармақшасы

- Түркістан облысы мен Шымкент қаласында МЖӘ жобаларына сараптама және консультациялық сүйемелдеу жүргізу бойынша МЖӘ жобасы.

Сонымен қатар **мемлекеттік сатып алу рәсімдерін** МЖӘ құралдары арқылы **айналып өту** жекелеген жағдайларда жекеше әріптестермен **жоғары бағамен келісімшарттар жасауға** мүмкіндік берген.

Мысалы, 2023 жылы Шымкент қаласында 009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» ББ бойынша 3 443 көшеде санитариялық тазалықты сақтау үшін 5 088,2 млн теңге немесе 1 көшеге орта есеппен 1,5 млн теңге жоспарланған, ал МЖӘ жобасы бойынша 443 көшені қамтумен 11 332,5 млн теңгеге міндеттемелер қабылданған немесе 1 көшеге 25,5 млн теңге орташаланған.

Қазақстандық МЖӘ орталығы деректеріне сәйкес, **сапасыз жоспарлау, тәуекелдерді жеткіліксіз пысықтау** себебінен шарттар іске асыру мерзімдері аяқталғанға дейін және жалпы құны 742,96 млрд теңге болатын 90 МЖӘ жобасы бойынша 437,1 млрд теңгеге қабылданған мемлекеттік міндеттемелермен жоспарланған нәтижелерге қол жеткізбей бұзылған. Оның ішінде 14 жоба бойынша жеке серіктестерге 6,6 млрд теңге өтелген.

МЖӘ жобаларына сараптама жүргізу жөніндегі функцияның орталықсыздандырылуы *(орталық деңгейде – «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ, жергілікті деңгейде – ЖАО дербес айқындайтын ұйымдар)* және тиісті сараптамалық қорытындыларды қалыптастыруда бірыңғай практиканың болмауы орын алған.

Орталықтандырылған бағалау мен бақылаудың болмауы 2019 – 2020 жылдары Түркістан, Алматы облыстары мен Шымкент қаласының ЖАО-лары 42 МЖӘ жобасы бойынша **ол объектілерді құру құнынан 1,6 млрд теңгеге асатын** инвестициялық шығындарды өтеу бойынша міндеттемелер қабылдауына ықпал еткен *(Концессиялар туралы Заңның[198] 14-бабының 3-тармағын , МЖӘ туралы Заңның[199] 27-бабының 2-тармағын бұза отырып) (мемлекеттік міндеттемелер толық көлемде орындалды).*

Мемлекеттік міндеттемелердің МЖӘ объектілерін құруға тартылатын **жеке инвестициялар көлеміне сәйкес келмеуі** атап өтілді.

Бұның бәрі жекелеген жобалар құнының жоғары болуына, сондай-ақ валюталық тәуекелдерді өтеудің, инвестициялар құрамына қарыздарды енгізудің заңнамалық мүмкіндігіне, сондай-ақ қол жетімділік үшін төлем түрінде өтемақы төлеуге байланысты.

Талданған кезеңде МЖӘ жобалары мен концессиялық жобаларды іске асыру процесінде **заңнамаға** көптеген **түзетулер**, **соның ішінде құқықтық нормаларды нақты жобаларға бейімдеу үшін жасалған**. Жекелеген жағдайларда бәсекелестікті шектеген және жобаны жоспарлау және іріктеу кезеңінде қол жеткізуге көзделген нәтижелер көрсеткіштеріне байланыстырылмаған, мемлекеттің артық немесе экономикалық тиімсіз міндеттемелер қабылдауына алғышарттар жасалған.

---

[198] «Концессиялар туралы» ҚР 2006 жылғы 7 шілдедегі № 167 Заңы

[199] «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚР 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ Заңы

Осыған байланысты, ЖАП валюталық тәуекелдерді өтеу тәсілдерін қайта қарау мүмкіндігін қарастыруды, ақпараттық жүйелерді құрумен байланысты МЖӘ жобалары бойынша міндеттемелерді мемлекеттік меншікке бермей қабылдауға тыйым салуды регламенттеуді, МЖӘ жобаларына экономикалық сараптама қорытындылары бойынша шешімдер шығару үшін өлшемшарттарды нақтылауды ұсынады.

Жалпы, ЖАП-тың бағалауынша, Министрлік бойынша **бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау 4,9 млрд теңгені** құрады *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қалдықтарды есепке алмағанда)*.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің *(бұдан әрі – ЦДИАӨМ, Министрлік)* бастапқыда бекітілген жоспары 2023 жыл ішінде **7 рет** нақтыланып, түзетілді, нәтижесінде **9%-ға** немесе 15,5 млрд теңгеге **ұлғайтылып,** 188,2 млрд теңгені құрады. Жыл қорытындысы бойынша 1,7 млрд теңге атқарылмай қалды, бюджеттің атқарылуы – **99,1%** *(соның ішінде игерілмеу – 1 615,5 млн теңге, үнемдеу – 63,8 млн теңге)*.



Есепті жылы даму жоспарының 5 мақсатына қол жеткізуді өлшейтін 46 макро- және нысаналы индикатор орындалады деп жоспарланған, олардың ішінде 30-на *(65,2%)* қол жеткізілді, 16-ы *(34,8%)* бойынша жылдық есептік деректер 2024 жылғы екінші жартыжылдықта қалыптастырылатын болады, бұл Министрліктің стратегиялық нәтижелерге қол жеткізуін бағалауды толық көлемде жүргізуді қиындатады.

Сонымен қатар, Министрлік орындайтын макроиндикаторлар өзекті етуді қажет ететінін атап өткен жөн. Мысалы, *«Инновациялық әлеует»* макроиндикаторы бойынша сауалнама 2019 жылдан бері жүргізілмеген.

«АТ өнімдерін экспорттау көлемі» макроиндикаторы репрезентативті емес *(абсолютті мәнде ұсынылған: 2023 жылға арналған жоспар 84 млрд теңге, іс жүзінде 241,4 млрд теңге)*. Макроиндикаторға толық қол жеткізу немесе асыра орындау цифрландыру саласына инвестиция құю көлемінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік бермейді.

Бұл ретте, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) тауарлары экспортының үлесі экспорттың жалпы көлеміндегі сияқты және көршілес елдермен *(Қазақстан – 0,1%, Өзбекстан – 0,16%, Армения – 0,51%, РФ – 0,52%, Қырғызстан – 3,58%)* салыстырғанда өзгеріссіз қалып отыр *(0,1-0,2%-дан аспайды)*.

56-ДИАГРАММА. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортының жалпы көлеміндегі АКТ экспортының үлесі



Дереккөз: ДБ, соңғы деректер 2021 жылға дейін URL: https://data.worldbank.org/indicator/TX.VAL.ICTG.ZS.UN?most_recent_year_desc=true&locations=KZ

Анықтама ретінде: АТ өнімі экспортының көлемі отандық АТ компаниялар өндірген АТ өнімдері экспортының көлемін білдіреді.

ЦДИАӨМ ақпаратына сәйкес, АТ-қызметтер экспорты негізінен келесі елдерге жүзеге асырылады: АҚШ, Кипр, Нидерланды, РФ, Ұлыбритания Біріккен Корольдігі, Германия, Испания, Ирландия, Канада, сондай-ақ БАӘ.

Қазақстанның экспорттық әлеуетін қолдау шеңберінде, сондай-ақ АТ-қызметтер мен өнімдердің қазақстандық экспортын ұлғайту мақсатында тұрақты негізде бірқатар тиісті жұмыстар жүргізіледі, соның ішінде «Scalerator» бағдарламасы (Astana Hub халықаралық технопаркі), Global Outsourcer (Astana Hub) акселерациялық білім беру бағдарламалары ұйымдастырылады.

Есепті жылы Министрліктің бюджеттік бағдарламаларына 7 рет өзгерістер енгізілді, оның 50%-дан астамына есепті жылдың соңғы айларында *(қазан-желтоқсан)* түзетулер жүргізілді.

004 *«Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және мемлекеттік басқаруды жетілдіру, мемлекеттік органдардың қызметінде жобалық басқару жүйесін дамыту»* бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет қаражаты 100% игерілсе де, көрсеткіштерге қол жеткізілмегені атап өтілді. Бөлінген 42,8 млн теңге толығымен игерілді. Бұл ретте тікелей нәтиже көрсеткіштеріне толық көлемде қол жеткізілмеді *(26 асессер «Qazakhstan Project Management Awards» жобалық басқару жөніндегі ұлттық конкурсқа (бұдан әрі – Конкурс) тартылды, 160 бірлік жоспарланды; 5 бірліктің орнына Конкурсты PR-сүйемелдеуге 2 қызметкер тартылды; Жобалық басқару жөніндегі форумды ұйымдастыру және өткізу бойынша 7 бірлескен ұйымдастырушы 8 бірліктің орнына жобалық басқаруға тартылды; 52 халықаралық және ұлттық консультанттар, мемлекеттік органдарда жобалық жетілуді бағалауды жүргізуге тартылды, 139 бірлік жоспарланды).*

Көрсеткіштерге қол жеткізбеудің негізгі себебі мыналар: өтінімдерді қабылдау, Ұлттық конкурсқа қатысуға өтінімдерді өңдеу және қарау 2023 жылғы 1 маусымнан басталды және 2023 жылғы 12-13 қазанда Жобалық басқару жөніндегі форумда қорытындылау.

Осыған байланысты, ассесорлардың бағалауы еріктілер негізінде жүргізіліп, ақысы кейіннен төленді, тек 26 адам қатысуға келісті. Қалыптасқан жағдай қалған көрсеткіштерге қол жеткізуге де әсер етті.

Бұл көрсеткіштер бюджет қаражатымен өзара байланыссыз жоспарланғанын көрсетеді. Осыған байланысты, Конкурсты өткізу қажеттілігін, оның нәтижелерін, орындалған жұмыс көлемін және т.б. сипаттайтын сандық көрсеткіштерді қарастырған жөн деп санаймыз.

Бұдан басқа, Ұлттық конкурсты өткізу үшін ассессорларды, PR-сүйемелдеу жөніндегі қызметкерлерді, халықаралық және ұлттық консультанттарды бірлесіп ұйымдастырушыларды аз тарту шығыстар көлемін жоспарлаудың дұрыстығына күмән тудырады.

Әмбебап байланыс қызметтерін ұсыну бойынша ауылдық байланыс операторларының шығындарын субсидиялау

Қаржыландыру көлемі өзгермеген жағдайда жыл ішінде **нәтижелер көрсеткіштеріне елеулі түзету енгізілгені** байқалады. Мәселен, 003.105 «Әмбебап байланыс қызметтерін ұсыну бойынша ауылдық байланыс операторларының шығындарын субсидиялау» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде Министрлік 10,9 млрд теңге (*100% игерілді*) көздеді.

Бұл ретте «Қосылу жылдамдығы **2 Мбит/с-тан 8 Мбит/с-қа дейін** Интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметтерімен қамтамасыз етілген ауылдық елді мекендердегі *(бұдан әрі – АЕМ)* абоненттер саны» тікелей нәтиже көрсеткіші **2,3 есеге** ұлғайтылды *(130,9 мың бірліктен 300 мың бірлікке дейін),* ал «Қосылу жылдамдығы **8 Мбит/с-тан асатын** талшықты-оптикалық байланыс желілері (ТОБЖ) технологиясы бойынша Интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметтерімен қамтамасыз етілген АЕМ-дегі абоненттер саны» көрсеткіші қаржыландыруды тиісінше қайта бөле отырып, **75 есе** азайған *(653,7 мың бірліктен 8,7 мың бірлікке дейін).*

63-КЕСТЕ. Әмбебап байланыс қызметтерін ұсыну бойынша ауылдық байланыс операторларының шығындарын субсидиялау жөніндегі бюджеттік бағдарлама шеңберінде көрсеткіштерді түзету

	Қосылу жылдамдығы **2 Мбит/с-тан 8 Мбит/с-қа дейін** Интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметтерімен қамтамасыз етілген АЕМ-дегі абоненттер саны		Қосылу жылдамдығы **8 Мбит/с-тан асатын** ТОБЖ технологиясы бойынша Интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметтерімен қамтамасыз етілген АЕМ-дегі абоненттер саны	
	саны	млрд теңге	саны	млрд теңге
Бекітілген бюджет	**130,9** мың бірл.	**3,1**	**653,7** мың бірл.	**7,6**
Нақтыланған бюджет	▲**300** мың бірл.	**3,1**	▼**8,7** мың бірл.	**7,6**
Түзетілген бюджет	**300** мың бірл.	▲**7,8**	**8,7** мың бірл.	▼**0,26**
Атқарылуы	**300** мың бірл.	**7,8**	**8,7** мың бірл.	**0,26**

Дереккөз: МЖАЖ, ЦДИАӨМ, Қаржымині

Анықтама ретінде: қалған қаражат ЦДИАӨМ Ішкі бюджет комиссиясы отырысының 03-04-2023 ж. № 103-ХТ хаттамасына сәйкес тікелей нәтиженің басқа көрсеткіштері бойынша қайта бөлінді:

1. «Интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметі бойынша субсидияланатын абоненттерді қоспағанда, жергілікті телефон байланысы қызметтерімен қамтамасыз етілген АЕМ абоненттерінің саны» 28,2 мың бірліктен 83,5 мың бірлікке дейін ұлғайды, сәйкесінше сомасы да 188,5 млн теңгеден 767,1 млн теңгеге дейін ұлғайды;

2. «Тіркелмейтін хаттар мен бандерольдерді МББ тарату бойынша қызметтер саны» 11,9 млн теңгеге 200 мың бірліктен 161,9 мың бірлікке дейін азайды;

3. «Жазылым бойынша мерзімді баспасөз басылымдарын тарату қызметі» 33 972 мың бірлікті құрады, сомасы 2 007,1 млн теңгені құрады.

Телекоммуникация секторында бекітілген ауылдық елді мекендерде көрсетілетін субсидияланатын әмбебап байланыс қызметтері бағасының шекті деңгейі ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті төрағасының 2017 жылғы 22 маусымдағы № 29 бұйрығымен белгіленген.

ЦДИАӨМ ақпаратына сәйкес, есепті жылы халықты қосылу жылдамдығы **8 Мбит/с-тан асатын** талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша Интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметтерімен қамтамасыз ету жоспарланған, бірақ жыл ішінде қосылу жылдамдығы **2 Мбит/с-тан 8 Мбит/с-ке дейінгі** Интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметтерімен қамтамасыз етуге бағдарлана отырып, өзгерістер енгізілді[200].

Министрліктің көрсеткіштерін жоспарлаудағы бұл өзгерістер қосылу жылдамдығы 8 Мбит/с-тан асатын талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясының дамуын кешіктіруге әкелуі мүмкін, бұл ауыл тұрғындарының интернет желісіне сапалы қолжетімділігін қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді[201].

Мәселен, 6 290 АЕМ-нен[202] тек 2 601 АЕМ-ге талшықты-оптикалық байланыс желілері жүргізілді. Зерттеуге сәйкес *(2022 жылдың сәуір-маусым айларында IDC халықаралық компаниясы жүргізген)* кең жолақты қол жеткізу технологиялары арасында нарықтың ағымдағы таралуы келесідей: ауылдық жерлерде талшықты-оптикалық үй байланысы 18 %, шағын қалаларда - 28 %, ірі қалаларда талшықты-оптикалық байланыстың үлесі - 44 % құрайды.

Анықтама ретінде: Кәдімгі (мыс) кабельдермен салыстырғанда талшықты-оптикалық байланыс желілерінің[203] негізгі артықшылықтары:

- ақпаратты беру жылдамдығы жоғары;

- ақпараттық өткізу қабілеті жоғары;

- өткізу қабілеті бірдей мыс кабельдерімен салыстырғанда оптикалық кабельдердің көлемі мен салмағы аз;

- тапшы түсті металдардың болмауы (1 г шыны 10 кг мысты алмастырады).

- жарылыс және өрт қауіпсіздігі, бұл мыс кабельдер кезіндегі тұрғын және кеңсе үй-жайларындағы өрттер туралы тұрақты хабарламаларға байланысты өзекті.

Сонымен қатар, «Қолжетімді Интернет» [204] пилоттық ұлттық жобасының міндеттерінің бірі сымды байланыс инфрақұрылымын дамыту болып табылады.

Ауылдарда Интернетке тіркелген (сымды) қолжетімділікті одан әрі дамытуға қатысты келер болсақ, талшықты-оптикалық байланыс желілерінің тармақталған жүйесін салуға көп көңіл бөлінетін болады.

---

[200] ЦДИАӨМ Ішкі бюджет комиссиясы отырысының 03.04.2023 жылғы № 103-ХТ хаттамасы

[201] Президенттің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы

[202] 2023 жылғы 27 қазандағы № 949 қаулысымен ҚРҮҚ бекітілген Байланыс саласындағы «Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасы

[203] Величанский В.Л., Егоров В.К. «Талшықты-оптикалық байланыс желісі» зертханалық практикумы - М.: МИФИ, 2008. – 80 б.

[204] Байланыс саласындағы «Қолжетімді Интернет» ұлттық жобаны бекіту туралы» 2023 жылғы 27 қазандағы № 949 ҚРҮҚ

Талшықты-оптикалық кабель МЖӘ тетігі арқылы 3000 ауылдық елді мекенге жеткізіледі деп жоспарлануда, бұл ауылдардағы 1,2 млн адамға жоғары жылдамдықты Интернетке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, «Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасы шеңберінде талшықты-оптикалық байланыс желілерін ауылға 2027 жылға қарай 90%-ға дейін жеткізу көзделген.

Осылайша, талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша Интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметтерімен қамтамасыз етілген АЕМ-дегі абоненттер саны бойынша тікелей нәтиже көрсеткішінің мәндерін азайту (*қосылу жылдамдығы 8 Мбит/с-тан астам*) сымды байланыс инфрақұрылымының дамуын баяулатады, сондай-ақ ауылдардың дамуына оң әсерін азайтады (*денсаулық сақтауды, білім беруді, кәсіпкерлікті цифрландыру және т.б.*).

«Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін құру

Министрліктің «Пилотсыз ғарыш аппараттарын ұшыруға арналған жаңа буын орта класты ғарыштық мақсаттағы зымыран базасында «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін құру» *(011 ББ)* жобасын іске асыру тетігін пысықтамауы бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау тәуекелдерін арттырады.

Осыған қарамастан, 2023 жылға арналған ЦДИАӨМ бюджетінде 19,1 млрд теңге *(техникалық, бастапқы кешендер мен оқу-жаттығу құралдарының арнайы технологиялық жабдықтары - 14,6 млрд теңге, құрылыс жұмыстары - 3,8 млрд теңге, құлау аудандарын бөлу - 0,7 млрд теңге)* тағы да резервке қойылған, олар бюджетті нақтылау кезінде *(2023 жылғы наурызда)* қысқартылды.

64-КЕСТЕ. «Бәйтерек» ҒЗК құру жобасын республикалық бюджеттен қаржыландыру, млн теңге

	Бекітілген бюджет	Нақтыланған бюджет	Түзетілген бюджет	Іс жүзінде	Орындалмауы
2020	2 692,7	I - 1 696,9▼ II - 106,8▼	93,1▼	93,1=	-
2021	23 160,5	23 160,5=	14 127,9▼	2 286,9▼	-11,841,0
2022	20 856,0	23 933,7▲	14 360,2▼	6 353,4▼	-8 006,8
2023	19 148,9	0▼	-	-	-

Дереккөз: Қаржымині

Анықтама ретінде: Жоба ҚР Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 2004 жылғы 22 желтоқсандағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін құру туралы келісімге сәйкес іске асырылуда.

Ресей тарапы ведомстваралық комиссияда жобаны іске асыру мерзімінің болжамды ауысуы туралы хабардар етті, оның аяқталуы 2023 жылға жоспарланған болатын.

Ақпараттық жүйелер

Министрлік байланыс, ақпараттандыру, «электрондық үкімет», мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

ЖАП-тың бағалауынша, ҚР цифрландыру секторындағы рейтингі оң болғанына қарамастан, «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторының govarch.kz архитектуралық порталы бойынша үйлестіруінің жеткіліксіздігі байқалады.

govarch.kz архитектуралық порталының деректері бойынша барлығы ОМО-ның 235 ақпараттық жүйесі *(бұдан әрі – АЖ)* бар, олардың 24-і өнеркәсіптік пайдалануға енгізілмеген *(соның ішінде Еңбекмині – 5, ҒЖБМ – 3, ҚНРДА – 3, АШМ – 2, Бас прокуратура – 2, ПІБ – 2, ІІМ – 1, ЭГТРМ – 1, СРИМ – 1, ДСМ – 1, ӨҚМ – 1, Конституциялық Сот аппараты – 1, ТСМ – 1)*[205].

Анықтама ретінде: «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабына сәйкес ақпараттандыру объектілерінің меншік иесі «электрондық үкіметтің» архитектуралық порталында «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді және «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін есепке алуды және жаңартып отыруды жүзеге асыруға міндетті.

Бұдан басқа, Заңның 12-бабына сәйкес «электрондық үкіметтің» [206] сервистік интеграторының функцияларының бірі «электрондық үкіметтің» архитектуралық порталында «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алуды және «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін сақтауды жүзеге асыру болып табылады.

«Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы ҚР Заңына сәйкес:

- ақпараттандыру объектісін өнеркәсіптік пайдалану – ақпараттандыру объектісінің өмірлік циклінің кезеңі, осы кезең ішінде ақпараттандыру объектісін техникалық құжаттамада және нормативтік-техникалық құжаттамада жазылған мақсаттарға, міндеттер мен талаптарға сәйкес штаттық режимде пайдалану жүзеге асырылады.

- ақпараттандыру объектісін тәжірибелік пайдалану – ақпараттандыру объектісін пилоттық аймақта пайдалану, бұл оның жұмыс істеуіндегі кемшіліктерді анықтау мен жою және техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

Сонымен қатар, жекелеген ақпараттық жүйелер *(АЖ)* 2007 жылдан бастап өнеркәсіптік пайдалануға енгізілмеген, мысалға:

- *қаржы және салық есептілігі саласында:* 2007-2008 жылдардан бастап бастапқы құны 1,1 млрд теңге болатын ҚР Қаржымині МКК «Бірыңғай деректер қоймасы» АЖ *(970,8 млн теңге)* және «Ақпараттық жүйелерді интеграциялаудың өнеркәсіптік платформасы» АЖ *(125,7 млн теңге)* өнеркәсіптік пайдалануға

[205] 2024 жылғы 14 ақпандағы жағдай бойынша https://govarch.kz архитектуралық порталдан алынған деректер

[206] «Электрондық үкіметтің» сервистік интеграторын айқындау туралы» 2022 жылғы 25 мамырдағы №337 ҚРҮҚ сәйкес Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Цифрлық үкіметті қолдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторы болып айқындалған

енгізілмеген. Негізгі себеп – ескірген технологияларды қолдану *(1998-2015 жылдар аралығында жасалған).*

Сонымен қатар, Архитектуралық порталдың ақпаратына сәйкес, пайдаланушылар саны *(мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік органдардың қызметкерлері)* – 773 бірлікті құрайды *(2024 жылғы 15 сәуірдегі жағдай бойынша).*

- *экология және табиғи ресурстар саласында*: 2009 жылдан бастап бастапқы құны 591,6 млн теңге болатын «Қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі» АЖ *(ҚОҚ БАЖ),* «Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрлары» ҚОҚ БАЖ кіші жүйесі, «Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрлары» ҚОҚ БАЖ кіші жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға енгізілмеген. Аталған АЖ ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтан өткен жоқ.

Сонымен қатар, Архитектуралық порталдың ақпаратына сәйкес пайдаланушылар саны *(мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік органдардың жұмыскерлері)* – 200 бірлікті құрайды *(2024 жылғы 15 сәуірдегі жағдай бойынша);*

- *туризм және спорт саласында:* 2017 жылдан бастап бастапқы құны 145,1 млн теңге болатын «Kazakhstan.travel» ұлттық туристік порталы» АЖ *(79,3 млн теңге),* 2021 жылдан бастап «Туризм Онлайн» АЖ *(65,8 млн теңге)* өнеркәсіптік пайдалануға енгізілмеген.

Туризм және спорт министрлігінің ақпараты бойынша, 2023 жылға дейін портал қызмет көрсетуге және жаңғыртуға арналған тиісті шығындарымен бірге «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ балансында болған. Бұл ретте, ЦДИАӨМ да, ТСМ да *(2023 жылға дейін Мәдениет және спорт министрлігі)* жобаның іске асырылуына тиісті бақылау жүргізбеген.

Бұдан басқа, ЖАП аудитімен[207] ақпараттық жүйелерді дамытуға қатысты бұзушылықтар анықталды.

Атап айтқанда, Сауда және интеграция министрлігіне келер болсақ, экспорттаушыларды қолдау шаралары бойынша қызмет ақпараттық қауіпсіздік талаптарына қажетті тестілеу рәсімдерінен өтпеген www.export.gov.kz порталы арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте, аталған сайттың мобильді қосымшасында 1200 тіркелуші-қолданушы бар *(2024 жылғы 15 сәуірдегі жағдай бойынша).*

3,5 жыл бойы *(2018 жылғы желтоқсаннан 2022 жылғы шілдеге дейін)* Техникалық реттеу және метрология комитеті 2018 жылы сатып алынған *(республикалық бюджет есебінен 46 млн теңге мөлшерінде)* «ARTA SYNERGY» платформасы» *(бұдан әрі – Платформа)* бағдарламалық қамтылымын дамыту жөнінде тиісті шаралар қабылдаған жоқ. Техникалық реттеу деректері бірнеше ақпараттық ресурстарда орналастырылған, бұл техникалық реттеу *(аккредиттеу, стандарттау, метрология және өнімнің сәйкестігі)*

[207] 18.01.2024 ж. № 1-Қ ҚР Сауда және интеграция министрлігі және оның ведомстволық бағыныста ұйымдары қызметінің тиімділігіне аудит жүргізу

салаларындағы қызметті жүйелеу және ашықтық бойынша бар проблемалық мәселелерді қиындата түседі.

Анықтама ретінде: Комитет 2022 жылғы шілдеде қайта бастаған «Arta Software» ЖШС-мен (Платформаға авторлық құқығы бар) республикалық бюджет қаражатынан 73,4 млн теңге сомасында қаржыландырылатын «Е-КТРМ» АЖ құру жөніндегі жұмыстар сот ауыртпалықтарымен, «Е-КТРМ» АЖ тәжірибелік пайдаланудың бір жылдық мерзімінен асып кетумен (2022 жылғы қыркүйекте басталған, 2023 жылғы қарашада 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды), сондай-ақ жүйенің деректерін интеграциялау жөніндегі негізгі процестердің аяқталмауымен сүйемелденді.

Техникалық реттеу жүйесінің тиісінше жұмыс істемеуі салдарынан (өнеркәсіптік пайдалануға енгізілмеген) халық пен кәсіпкерлерге қауіпті өнім тізіліміне қол жеткізу қамтамасыз етілмеген.

Осылайша, АЖ құру жөніндегі іс-шаралардың орындалмауы немесе уақтылы орындалмауы оларды алдын ала талдау, жоспарлау және мүдделі тараптармен келісу кезеңінде толық пысықталмағанын көрсетеді.

Пайдалануға берілмегендіктен, оның өзектілігі жойылып, ескірген технологияларды пайдалануға байланысты жұмсалған ресурстардың *(еңбек, уақытша, қаржылық)* тиімсіздігіне әкеп соғады.

Мысалы, ЖАП-тың аудитімен фрагментті түрде *(сауда нарықтары бойынша, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бойынша, көтерме-тарату орталықтары бойынша)* жүзеге асырылатын сауда саласын цифрландыру деңгейі төмен екені анықталды, бұл өндіріс пен тұтыну арасындағы өзара іс-қимыл процесін басқаруға және баға белгілеуге тиімді ықпал етуге мүмкіндік бермейді.

Бұл үрдіс тиісті салалардың дамуын бәсеңдетіп, игілік алушылардың тиісті мемлекеттік қызметтерін толық ала алмауын, сондай-ақ цифрландырудың олардың дамуына жеткіліксіз түрде әсер етпейтінін білдіреді, бұл ЦДИАӨМ тарапынан бақылау функциялары мен үйлестіруді жеткілікті түрде орындамай отырғанын көрсетеді.

Жалпы, ЖАП-тың бағалауынша, Министрлік бойынша **тиімсіз жоспарлау 19,1 млрд теңгені** *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қаражат қалдықтарын есепке алмағанда)* **құрады**.

Сауда және интеграция министрлігі

Сауда және интеграция министрлігінің *(бұдан әрі – СИМ, Министрлік)* бастапқыда бекітілген жоспары 2023 жыл ішінде 6 рет түзетілді (нақтыланды), нәтижесінде 16%-ға немесе 3,8 млрд теңгеге ұлғайып, 27,9 млрд теңгені құрады. Соған қарамастан, жыл қорытындысы бойынша бюджеттің атқарылуы – 98,4% *(449 млн теңге атқарылмай қалған)*.



Қаражаттың атқарылмауы Екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер мен жасайтын лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларының[208] *(002 ББ)* талаптарына сәйкес келетін сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған жобалардың (экспорттаушылардың) болмауы себебінен қалыптасты.

Министрліктің даму жоспарының **нысаналы индикаторларын** 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобадан *(22.09.2023 жылы күші жойылды)* тыс жоспарлау практикасы жалғасқан. Қолданыстағы Даму жоспарының барлық нысаналы индикаторы (*барлығы* 10) сауда қызметін реттеудің түйінді мақсаттарымен *(отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, мемлекет экономикасының орнықты дамуына жәрдемдесу, ҚР-ның әлемдік сауда жүйесіне кірігуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету)* генерацияланбаған, соның салдарынан елдің экономикалық даму деңгейін қалыптастыру кезінде сауданың агрегаттық рөлі және Министрліктің сауда саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау мен іске асырудағы үйлестіруші рөліне сәйкес келетін нақты бағыттары байқалмайды.

Есепті кезеңге Даму жоспарында жоспарланған 6 макроиндикатордың 5-еуі бойынша деректер оларды қалыптастыру мерзімдерінің басталмауына байланысты қалыптастырылмаған, бұл Министрліктің стратегиялық нәтижелерге қол жеткізуін бағалау процесін қиындатады.

Анықтама ретінде: 2023 жылғы статистикалық деректер 2024 жылдың ортасында (сәуір – қыркүйек аралығында) жарияланатын болады.

Министрлік «Субсидиялау құралдарын қолдану нәтижесінде кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі» нысаналы индикаторына субсидиялау тетігінің қолданыстағы Субсидиялау қағидаларына бірнеше рет өзгерістер енгізіліп, қайта қаралуы себебінен екінші жыл қатарынан қол жеткізбей отыр *(2022 жылғы 30 қыркүйектен бастап 4 рет өзгеріс енгізілді).*

Тиісінше, 2-стратегиялық бағыттың 2.1. «Шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортын дамыту және ілгерілету, сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және халықаралық экономикалық интеграцияны дамыту» мақсатына жоспарланған көлемдерде қол жеткізілмеген.

65-КЕСТЕ. Қол жеткізілмеген макро және нысаналы индикаторлар, сондай-ақ есептік деректері жоқ индикаторлар

Р/т №	Атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Қол жеткізілуі
	Макроиндикаторлар			
1	Көтерме және бөлшек саудадағы еңбек өнімділігінің өсуі; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу, *2019 жылғы деңгейге шаққанда 2019 жылғы бағадағы өсімнің %-ы*	2,9	-	Деректер қалыптастырылмаған

[208] ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 389-НҚ бұйрығымен бекітілген.

Р/т №	Атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Қол жеткізілуі
2	Негізгі капиталға, көтерме және бөлшек саудаға инвестициялар; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу, *2019 жылғы деңгейге шаққанда нақты өсу %-ы*	13,1	-	Деректер қалыптастырылмаған
3	Көтерме және бөлшек саудадағы бақыланбайтын (көлеңкелі) экономиканың үлесі; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу, *ЖІӨ-ге шаққанда %-ы*	6,1	-	Деректер қалыптастырылмаған
4	Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауда-саттықтың үлесі, *%*	13,4	-	Деректер қалыптастырылмаған
5	Республика бойынша тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің шикізаттық емес экспортының көлемі, *млрд. АҚШ долл.*	34,6	-	Деректер қалыптастырылмаған
	Бюджеттік бағдарламалармен өзара байланысты нысаналы индикаторлар			
1	Субсидиялау құралдарын қолдану нәтижесінде кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі, *млн теңге*	3 968	0	Қол жеткізілмеген

Дереккөз: Үкіметтің есебі

Сонымен қатар, сауданы дамыту *(соның ішінде биржалық заңнаманы дамыту, сенімді баға индикаторлары бар нарықтық баға белгілеудің ақпараттық жүйесін қалыптастыру, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың сапалы жүйесін құру, шикізаттық емес экспортты ұлғайту және т.б.)* қолданыстағы ҚР 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының (*ҚР Президентінің Жарлығымен 2018 жылғы 15 ақпанда бекітілген)* негізгі басымдықтарының қатарында айқындалды. Бұл ретте Даму жоспарының барлық нысаналы индикаторы *(10-нан 3-уі)* ҚР 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарымен декомпозияланбаған.

Қаржыландырылуы 7 бюджеттік бағдарлама *(7 кіші бағдарлама*) бойынша жүзеге асырылған түпкілікті нәтижелердің 7 көрсеткіші мен тікелей нәтижелердің 57 көрсеткішінің 1 түпкілікті нәтиже көрсеткішіне және 1 тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілмеген.

66-КЕСТЕ. Түпкілікті және тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері

№	Көрсеткіштің атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Қол жеткізілмеу себептері
	Түпкілікті нәтиже			
1	Субсидиялау құралдарын қолдану нәтижесінде кәсіпорынның экспорттық түсімінің көлемі - 8 583 млн теңге.	3 968 млн теңге	0	Екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер мен жасайтын лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларының талаптарына сәйкес келетін сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған жобалардың (экспорттаушылардың) болмауы
	Тікелей нәтиже			
1	Субсидияланған экспорттаушылар саны	1 бірлік	0	Әлеуетті экспорттаушылардың болмауы

Дереккөз: СИМ

Министрліктің бюджеттік бағдарламалардың параметрлерін бірнеше рет өзгертуін талдау кезінде сапасыз жоспарлаудың салдарын жою мақсатында көрсеткіштерді олардың нақты орындалуына қарай түзетілуі *(алып тастау/түбегейлі ауыстыру)* байқалады.

Ағымдағы қызметті *(001.123 БКБ)* жүзеге асыру шеңберінде **11 ай бойы** «Осака қ. ЭКСПО-2025 халықаралық көрмесін салу үшін әзірленген ЖСҚ саны» тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізуге қаражат бөлініп келген және ол желтоқсан айында алып тасталған. Іс жүзінде 2023 жылы ЖСҚ әзірлеуге қаражат бағытталмаған, өнім берушілердің ЖСҚ әзірлеуге бағаларының қымбаттауына байланысты 5 желтоқсанда бюджетке қайтарылған *(шарт бұзылған).*

Қаржыландыру көлемі ұлғайған кезде нәтижелер көрсеткіштерінің өзгермеуі және алып тасталу жағдайлары байқалады. Мысалы, сыртқы нарықтарға қазақстандық тауарлардың экспортын ілгерілетуге жәрдемдесуге арналған шығыстар *(090 ББ)* 143,7 млн теңгеге *(8 963,5-тен 9 107,1 млн теңгеге дейін)* ұлғайған, алайда тікелей нәтиженің 5 көрсеткішінің сандық мәндері өзгерген жоқ, ал тікелей нәтиженің 1 көрсеткіші «Өткізілген вебинарлар *(онлайн-семинарлар)* саны» 2023 жылғы желтоқсанда мүлдем алып тасталды.

Қаржы жылының желтоқсанында көрсеткіштерді алып тастау **көрсеткіштерді жоспарлауға және орындауға формальды тәсілді көрсетеді,** сондай-ақ бөлінетін қаражаттың нысаналы мақсатына *(ұзақ уақыт бойы орындалған, бекітілген нәтижелер көрсеткіштерін алып тастау),* сондай-ақ мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарға, атап айтқанда әзірленетін бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті және тікелей нәтижелерінің көрсеткіштерін келісу кезеңіне және жалпы жұмыстарына сұрақтар туғызады.

061 «Техникалық реттеу және метрология саласындағы қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша қаржыландыру көлемінің 4,7%-ға (*немесе 330 млн теңгеге)* төмендеуі 3 түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге әсер еткен жоқ.

Министрліктің негізгі шығыстары **қазақстандық тауарлардың сыртқы нарықтарға экспортын ілгерілетуге жәрдемдесуге** бағытталған. Ол үшін «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған 2021-2025 жылдарға арналған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасы бойынша 090 «Сыртқы нарықта қазақстандық тауарлардың экспортын ілгерілетуге жәрдемдесу» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде экспорттаушыларды қолдаудың қаржылық емес және қаржылық шаралары көзделген.

57-ДИАГРАММА. Сыртқы нарықта қазақстандық тауарлар экспортын ілгерілетуге жәрдемдесудің негізгі көрсеткіштерінің серпіні



Дереккөз: СИМ

Соңғы 5 жылда республикалық бюджеттен 43,1 млрд теңге бөлінді. 2020 жылдан бастап қаражат экспорттаушы кәсіпорындардың экспорт көлемін ұлғайту және салықтарды аудару бойынша **үстеме міндеттемелерді** орындау шарттарымен *(Келісім)* бөліне бастады.

Бұл ретте, міндеттемелердің орындалуына **толыққанды бақылаудың жүргізілмеуі** салдарынан Министрлік мемлекеттік ынталандырудың тиімді шараларын қолданбаған *(орындалмаған нысаналы индикаторлар/үстеме міндеттемелер бойынша мониторингілеу тетігі мен есептеу әдістемесі әзірленбеген).*

Нәтижесінде, ЖАП-тың аудиті барысында «Qaztrade» АҚ-ның шарт талаптарын тиісінше орындамауына байланысты 2020 жылдың қорытындысы бойынша экспорттаушылардан орындалмаған міндеттемелер бойынша 139 млн теңге мөлшеріндегі сома өндірілмегені анықталды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша 69 субъектінің міндеттемелері орындалмаған, оларға 2 600 млн теңге көлемінде экспортқа жұмсалған шығындар өтелген, бұл талап етілетін НҚА-ның тиісті институционалдық дайындығының болмауына байланысты республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралардың сапасыз жоспарланғанын куәландырып, Бюджет кодексінің 4-бабы 12-тармақшасы талаптарының сақталмауына әкеп соқтырған.

Сонымен қатар, Министрлік тарапынан Келісімдердің шарттарын орындамаған экспорттаушылардың қаражатты қайтаруын уақтылы бақылау экспорттаушыларды көбірек қамту үшін қаражат бөлуге, сондай-ақ келесі кезеңдерде қаржылық қолдау шараларына жол бермеу арқылы осындай экспорттаушыларға қатысты талаптарды қатаңдатуға мүмкіндік берер еді.

Тұтастай алғанда, шикізаттық емес экспортты ілгерілету саясатын іске асыру кезінде **Министрліктің** қолдау шараларымен қамтылатын экспорттаушылар тобын

айқындау процесіне, қажетті бұйрықтарды әзірлеуге, сондай-ақ үстеме міндеттемелерді мониторингілеуге қатысуының **төмен деңгейі** байқалады. Қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарықта ілгерілетуге жәрдемдесу бағытын іске асыруды «Qaztrade» сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ-ның ведомстволық бағынысты ұйымы жүзеге асырады.

Бұл ретте, **қосалқы мердігерлік ұйымдарға** жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берудің жоғары үлес салмағы (*50%-дан астам*) байқалады:

- қазақстандық кәсіпорындардың сыртқы нарықтарға шығуына жәрдемдесу мақсатында олардың экспорттық әлеуетін диагностикалау бойынша көрсетілетін қызметтердің 63%-ы (*экспорттық акселерация бағдарламасын іске асыру) (2021-2023 жылдары 2,4 млрд теңгенің 1,5 млрд теңгесі*);

- шетелде сауда миссияларын ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтердің 56%-ы (*2021-2023 жылдары 953,5 млн теңгенің 535,6 млн теңгесі*);

- қазақстандық өндірушілердің, соның ішінде өнеркәсіп өнімдері мен АӨК өндірушілерінің экспорттық әлеуетін Шанхай қаласында, ҚХР-да бірыңғай ұлттық стенд форматындағы халықаралық көрмеде таныстыру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің 79%-ы (*2021 және 2023 жылдары 629,2 млн теңгенің 494,2 млн теңгесі*);

- қазақстандық өндірушілердің экспорттық әлеуетін халықаралық көрмелерде бірыңғай ұлттық стенд форматында таныстыру бойынша көрсетілетін қызметтердің 73%-ы (*2021-2022 жылдары 193,2 млн теңгенің 140,5 млн теңгесі*);

- экспорттық қызметті басқару саласында қазақстандық өңделген тауарлар мен қызметтерді өндірушілерді оқытуды қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтердің 50%-ы (*2021-2022 жылдары 132,7 млн теңгенің 65,7 млн теңгесі*).

Жалпы, **Министрліктің экспорттаушыларды қолдау шараларын іске асыруының төмен тиімділігі** байқалады:

- 2020 жылдан бастап келісімшарт жасасқан 16 экспорттаушы Alibaba.com алаңынан тыс экспорттаушылар болып табылады, олардың экспорт көлемі алаңға қатысу шығындарын өз бетінше көтеруге мүмкіндік береді (*аккаунт құны 1 000 АҚШ долларын құрайды)*. 10 экспорттаушы кәсіпорынның өтінімдері бойынша 2023 жылы олардың алаңға қатысуы республикалық бюджет қаражаты есебінен ұзартылды *(жалпы шығыстар 30 мың АҚШ долларын құрады),* бұл ретте 4 кәсіпорын сауда алаңына бастапқы қол жеткізу кезеңінде экспортты жүзеге асыру үшін аккаунт ресурсын пайдалана алмады;

- Экспорттық акселерация бағдарламасын іске асыруға (*қазақстандық кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін диагностикалау*) іріктелген кәсіпорындардың экспорттық әлеуеті төмен болған кезде республикалық бюджет қаражаты пайдаланылады *(326 компанияның ішінен 54 компания, немесе 16,6% келісімшарттар жасасқан. Келісімшарттардың жалпы құны 475,5 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде алғаш рет келісімшарт жасасқан кәсіпорындардың үлесіне 174,8 млн. АҚШ доллары немесе тек 36,7% тиесілі. Алғаш рет*

келісімшарт жасасқан 30 экспорттаушының 14-і бойынша экспорт жүзеге асырылмады, олар бойынша келісімшарттардың сомасын Министрлік 59,2 млн. АҚШ долларына бағалап отыр).

Шикізаттық емес экспорт құрылымын талдау **төменгі бөлініске** сәйкес келетін тауар позицияларының жоғары үлес салмағының (*90%*) сақталып отырғанын көрсетеді: 2022 жылы шикізаттық емес экспорттың жалпы көлемінде жоғары өңделген өнімге небәрі 1,7%-ы келеді, бұл 2019 жылғы деңгейден 1,6 пайыздық тармаққа төмен. Бұл Министрліктің жоғары технологиялық өнім (*қосылған құны жоғары*) өндіруді жүзеге асыратын кәсіпорындарды қолдаудың тиімді саясатын дәйекті енгізу бойынша салалық министрліктерге тәуелділігі жоғары екенін білдіреді.

Анықтама ретінде: төменгі бөлінісегі[209] өнімінің шикізаттық емес экспорттағы үлес салмағы – 89,9%, орташа бөлінісегі өнімінің үлес салмағы - 10,1%, жоғарғы бөлінісегі өнімінің үлес салмағы небәрі 1,7%.

Осыған байланысты, өнімнің шикізаттық емес экспорты көлемінің нақты өсуін қамтамасыз ете отырып, экспорттаушыларды мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну тетігін қайта қарау ұсынылды.

Сауда және интеграция министрлігіне **әлеуметтанушылық зерттеу жүргізуге 514 млн теңге бөлінді**, бұл өткен жылдың деңгейімен салыстырғанда **10,3%-ға өскен.**

Сонымен қатар, Министрлікке бюджетті бекіту кезінде 2 зерттеуге 99,1 млн теңге сомасында бюджет қаражаты бөлінген:

- құны 22 млн теңгелік «Шекара маңы және үшінші елдермен халықаралық ынтымақтастық шеңберінде ҚР-ның сыртқы сауда қатынастарын дамыту», ол **наурыз айында бюджетті нақтылау кезінде** 090 «Шекара маңы және үшінші елдермен халықаралық ынтымақтастық аясында ҚР-ның сыртқы сауда байланыстарын дамыту» ББ шеңберінде **өткізілетін іс-шаралар мақсаттарының ұқсастығына байланысты алып тасталды**;

- құны 77,1 млн теңгелік «Ішкі сауда саласындағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша сараптамалық-талдамалық қолдау», ол **наурыз айында бюджетті нақтылау кезінде** «Батыс елдерінің санкцияларының ҚР сыртқы саудасына әсерін сандық бағалау, сондай-ақ ұлттық мүдделерді қорғау бойынша ұсынымдар әзірлеу» **зерттеу мақсаттарының қайталануына байланысты алып тасталды**.

Бюджетті нақтылау кезінде құны 200,3 млн теңге болатын «Ішкі сауда саясатын қалыптастыру бойынша консультациялық қолдау» тақырыбындағы

[209] шикізатты өңдеу дәрежесі, нәтижесінде ол қолданылатын технологиялардың деңгейін ескере отырып, оның химиялық құрамы, физикалық немесе механикалық қасиеттері өзгереді

зерттеу іске асыру үшін енгізілді. Алайда, 2023 жылғы желтоқсанда субъективті себептер бойынша *(«Батыс елдерінің санкцияларының ҚР сыртқы саудасына әсерін сандық бағалау, сондай-ақ ұлттық мүдделерді қорғау бойынша ұсынымдар әзірлеу» іс-шарасы шеңберіндегі мақсаттардың ұқсастығына байланысты*) нақты жүргізілмей қайта бөлінді және қысқартылды, ал Министрлік ұсынған жоғарыда аталған зерттеулерді Ведомствоаралық комиссия *(2022 жылғы 27 тамыздағы №2 хаттама*) өзекті және экономикалық тұрғыдан орынды деп айқындаған болатын. Осылайша, 9 ай ішінде пайдаланылмаған бюджет қаражатын неғұрлым басым шығыстарға бағыттауға болатын еді.

Нәтижесінде ЖАП Министрлік зерттеулердің тақырыптарын іріктеу кезінде оларды жүргізу сипатын ескермейтінін атап өтеді. Жүргізілетін іс-шаралар бойынша қайталану фактілеріне жол беріліп отыр, бұл жүргізілетін зерттеулердің тиімсіздігін айғақтайды.

Өзекті болуы мен практикалық тұрғыдан қолданылуына бағытталған зерттеу тақырыптарының сапалы іріктелмейтіні байқалады.

Бір реттік сипаты бар проблеманы зерттеуді жоспарлаудың жыл сайынғы практикасы жалғасып отыр.

Бұдан басқа, Сауда және интеграция министрлігі Әдістеменің 14-тармағын бұза отырып, Ведомствоаралық комиссия **өзекті және экономикалық тұрғыдан орынды** деп айқындаған (*2022 жылғы 27 тамыздағы №2 хаттама*) **3 әлеуметтанушылық зерттеудің**:

- құны 5,8 млн теңгелік «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша әлеуметтанушылық зерттеу»;

- құны 89,3 млн теңгелік «ДСҰ-ға және халықаралық сауда келіссөздеріне мүшелік шеңберінде ҚР келіссөздер ұстанымын қалыптастыру, сондай-ақ ҚР-ның ЕАЭО-дағы өнеркәсіптік субсидиялар мәселелері бойынша міндеттемелерін іске асыру жөнінде консультациялық, талдамалық қолдау және ұсынымдар әзірлеу» **нәтижелерін** зерттеу аяқталғаннан кейін **10 жұмыс күні ішінде** Талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулердің бірыңғай дерекқорына орналастырған жоқ.

Жалпы, ЖАП-тың бағалауынша, Министрлік бойынша **бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару 299,4 млн теңгені** құрады *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қаражат қалдығын есептемегенде).*

Қаржы министрлігі

Қаржы министрлігінің *(бұдан әрі – Қаржымині, Министрлік)* бастапқыда бекітілген жоспары 2023 жыл ішінде **7 рет** түзетілді (нақтыланды), нәтижесінде **9,8%-ға** немесе 780 млрд теңгеге **төмендеп**, 7 183 млрд теңгені құрады.

Жыл қорытындысы бойынша 52,3 млрд теңге атқарылмады, оның ішінде: 23 млрд теңге – Үкімет резервінің бөлінбеген қалдығы, 27,9 млрд теңге – игерілмеу. Жыл қорытындысы бойынша бюджеттің атқарылуы **99,3%-ды** құрады.

Министрлік «Үкімет резерві» бөлінетін бюджеттік бағдарламасының *(010 ББ)* әкімшісі болып табылады, оның шеңберінде күтпеген, шұғыл, төтенше сипаттағы **шығындарды қаржыландыру** жүзеге асырылады.

Резервтің бекітілген көлемі 617,6 млрд теңгені құрады, ол түзетулер мен бюджетті нақтылаудан кейін 1,9 есе 316,8 млрд теңгеге дейін азайды.

58-ДИАГРАММА. Үкімет резервін нысаналы трансферттер түрінде бөлу



Дереккөз: Қаржымині

Резерв қаражатының негізгі көлемі күтпеген және шұғыл сипаттағы шұғыл шығындарға арналған резервке тиесілі. 2023 жылы резерв қаражатын нысаналы трансферттермен бөлу 9 ББӘ бойынша жүзеге асырылды.

Министрліктің даму жоспарында **2 макро және 23 нысаналы индикатор** көзделген, оның ішінде **1 макроиндикатор** бойынша есептік деректер есепті мерзімдердің басталмауына байланысты қалыптастырылмаған және **1 нысаналы индикаторға** қол жеткізілмеген.

67-КЕСТЕ. Қол жеткізілмеген макро-және нысаналы индикаторлар, сондай-ақ есептік деректері жоқ индикаторлар

Атауы	Жоспар	Іс жүзінде	Қол жеткізу
Макроиндикаторлар			
Ашықтық индексі	64%	-	Деректер қалыптаспаған
Нысаналы индикаторлар			
ТБЖ жұмыс істеген тауарларға арналған декларациялардың жалпы санынан тәуекелдер расталған тауарларға арналған декларациялардың үлесі	70%	64%	ТБЖ жұмыс істеген тауарларға арналған декларациялар санының ұлғаюына байланысты қол жеткізілмеді, бұл сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың 1,9 есеге (50 мыңнан 96 мыңға дейін) ұлғаюына байланысты

Дереккөз: Үкіметтің есебі

Қаржыландырылуы 18 бюджеттік бағдарлама *(15 кіші бағдарлама)* бойынша жүзеге асырылған 26 түпкілікті нәтиже көрсеткіші мен 46 тікелей нәтиже көрсеткішінің ішінен, бір мезгілде нысаналы индикатор болып табылатын 1 түпкілікті нәтиже көрсеткішіне және 2 тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілмеді *(өнім берушілердің шарт талаптарын бұзуына байланысты «Салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйесі» АЖ енгізілмеген; ҰҚК ШҚ-мен (режимдік объектілер арқылы) автокөлік қозғалысының уақытша схемасын келісудің ұзақ рәсімдеріне байланысты, өткізу пункттерін толық жабу мүмкін болмауына байланысты 7 өткізу пунктінің 1-і қайта жаңартылды және толық жарақтандырылды).*

Ақпараттық жүйелерді құру және дамыту

Қаржы министрлігіне қаржы жүйесінің тұрақтылығына жәрдемдесу жөніндегі стратегиялық бағытты іске асыру мақсатында 2023 жылы **ақпараттық жүйелерді**, атап айтқанда, «Салықтық әкімшілендірудің интеграцияланған жүйесі» АЖ *(бұдан әрі – СӘИЖ)* **құруға және дамытуға** 260 млн теңге бөлінді *(030 ББ),* өнім берушілердің шарт талаптарын бұзуы, «МТҚ»АҚ ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізу нәтижелері бойынша ескертулердің болуы себебінен бұл қаражат игерілмей қалды.

Анықтама ретінде: бюджетті бекіту кезінде 276,6 млн теңге қаражат жоспарланды.

Қаржыминінің ақпараты бойынша жобаның бастапқы жалпы құны 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі іске асыру мерзімдерімен 2 304,7 млн теңгені құрады.

2023 жылдың басында Министрлік 2 051,1 млн теңгені (*89%*) пайдаланды, ал жобаны іске асыру мерзімі 2021 жылдан 2023 жылға дейін ұзартылды.

Бұл ретте, соңғы 3 жылда 848,3 млн теңге игерілмеді *(2023 жылы – 260 млн теңге, 2022 жылы – 276,6 млн теңге, 2021 жылы – 311,7 млн теңге)*. Жобаны уақтылы іске асырмау нәтижесінде түзету жүргізілді, бұл жоба құнының 601,1 млн теңгеге немесе 26%-ға қымбаттауына әкеп соқтырды.

Сонымен қатар, халықаралық қаржы ұйымдарының қолдауымен 12 жыл бойы әзірленіп келе жатқан «СӘАЖ» АЖ барлық бұрынғы әзірленген 14 ақпараттық жүйені 2021 жылы ауыстыруға тиіс еді. Мемлекет басшысы өзінің 2024 жылғы 7

ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде осы жобаға назар аударған болатын, алайда, бүгінгі күнге дейін **жоба аяқталған жоқ**.

Сонымен қатар, бюджеттің толық орындалуына қарамастан, түпкілікті нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижелерімен корреляция жоқ. Бөлінген қаражат игерілмеген және тікелей нәтиже көрсеткіші орындалмаған кезде *(«Әзірленген ақпараттық жүйенің саны: «Салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйесі» (СӘАЖ))* *«Жеке тұлғалардың кірістері мен шығыстарын жалпыға бірдей декларациялаумен қамту»* түпкілікті нәтиже,көрсеткіші **1,7 есе** *(жоспар – 11,9%, іс жүзінде – 21%)* **асыра орындалды**, бұл көрсетілген көрсеткіштер арасында ғана емес, сонымен бірге бюджет қаражатымен де өзара байланыстың жоқ екенін сипаттайды.

Шекарадағы өткізу пункттерін жаңғырту және техникалық жете жарақтандыру.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыттарының бірі транзиттік әлеуетті дамыту болып табылады. Бірқатар ірі жалпыұлттық инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда, олардың нәтижесі 2020 жылға қарай Қазақстан арқылы **транзиттік тасымалдарды** екі есеге **ұлғайтуы** тиіс. 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш **10 есе** артуы керек.

Қаржыминінің Даму жоспарының «Қолайлы бизнес – орта құру және бизнес пен халық үшін әкімшілік кедергілерді азайту» 2.2-мақсатына қол жеткізу шеңберінде **шекарадағы өткізу пункттерін жаңғырту және техникалық жете жарақтандыру** жобасы *(205 ББ)* іске асырылуда, оларды іске асыру үшін 2023 жылы 44,4 млрд теңге көзделген. Есепті жылдың қорытындысы бойынша 22,1 млрд теңге немесе 49,8% игерілді.

Анықтама ретінде: 2020 жылдан 2023 жылға дейін сыртқы қарыздар есебінен 77,7 млрд теңге игерілді.

Осыған байланысты, «Қайта жаңартылған және қосымша жарақтандырылған өткізу пункттерінің саны» тікелей нәтиже көрсеткішіне *(жоспар – 7 бірлік, іс жүзінде – 1 бірлік)* **қол жеткізілмеді**. Алайда, «*Автомобиль өткізу пункттерінде кедендік операцияларды жүргізу уақытын қысқарту*» түпкілікті нәтиже көрсеткіші **2,2 есе артық орындалды**, бұл бюджет қаражаты, іске асырылатын жобалар мен түпкілікті нәтиже арасындағы теңгерімсіздікті көрсетеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша 7 өткізу пунктінің *(«Бақты», «Қазығұрт», «Атамекен», «Қалжат», «Тәжен», «Темір баба», «Майқапшағай» автомобиль өткізу пункттерін қайта жаңарту және жете жарақтандыру)* болжамды жүктемесіне қарамастан, өткізу пункттерін жаңғырту және заманауи техникалық жабдықтармен, бірыңғай жабдықтармен техникалық жете жарақтандыру көзделді, іс жүзінде есепті жылдың бюджеттік бағдарламасының көрсеткішінде көзделмеген 1 өткізу пунктінің *(Достық теміржол)* КБТҚ жете жарақтандыру аяқталды. Яғни, Министрліктің бюджеттік

бағдарламасының көрсеткішіне қол жеткізу бойынша есептілікті қалыптастыруы дұрыс емес және тиісінше тікелей көрсеткіштің орындалуы 0%-ы құрайды.

Анықтама ретінде: Жобаны іске асыру нәтижесінде мыналарға қол жеткізу жоспарлануда:

- 2-ден 6 қозғалыс жолағына дейін кеңейту;

- интеграцияланған кешендерді пайдалану арқылы кедендік процестердің ашықтығы мен автоматтандырылуы («адами факторды» болдырмау мақсатында өткізу пунктінің барлық техникалық құралдары кедендік рәсімдерді барынша оңайлатумен және өткізу пункті қызметкерлерінің процеске қатысуын барынша азайта отырып, бір автоматтандырылған кешенге біріктірілетін болады);

- сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың бақылаушы органдардың лауазымды адамдарымен байланысының минимумына дейін алып тастау;

- тауарлар мен көлік құралдарына мемлекеттік бақылау жүргізуге уақытты 2 сағаттан 25 минутқа дейін қысқарту, бұл тауар айналымын 4 еседен астам ұлғайтуға мүмкіндік береді;

- бірыңғай бағдарламалық кешен арқылы өткізу пункттерінде КБТҚ-тың тиімді пайдаланылуы мен жұмысқа қабілеттілігін қолдауға орталықтандырылған бақылауды жүзеге асыру;

- өткізу пункттерінің тәулік бойы шекаралық-кедендік бейнемониторингін жүзеге асыру және штаттан тыс жағдайлар туындаған жағдайда келісілген жедел ден қою шараларын қабылдау;

- бақылаушы органдар (шекаралық және кедендік, ветеринариялық-фитосанитариялық, санитариялық-эпидемиологиялық, көлік қызметі) арасында тиімді өзара іс-қимылды және ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

- өткізу қабілетін тәулігіне 8 есеге дейін ұлғайту (бір өткізу пунктінің өткізу қабілеті тәулігіне 120-дан 1000 АСТ-қа дейін ұлғаяды), елдің транзиттік әлеуетін арттыру, жеткізу тізбегінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- кедендік төлемдер мен салықтар түсімдерін 25%-ға ұлғайту.

Іс жүзінде есепті жылы **«Достық теміржол» өткізу пунктін қайта жаңарту және жете жарақтандыру аяқталды** *(инспекциялық-тексеру кешенін орнату).* Ал жобаның ТЭН сәйкес техникалық қайта жарақтандыруды аяқтау 2022 жылдың 4-тоқсанында жоспарланған болатын.

Үкімет есебіне сәйкес Жоба бойынша қаржының игерілмеуінің негізгі себептері – ҰҚК Шекара қызметінен *(режимдік объектілер арқылы)* автокөлік қозғалысының уақытша схемасын келісу рәсімдерінің ұзақтығы, реконструкциялау жұмыстарын жүргізуге өткізу пункттерін толық жабуға келмейтіндігі, бұл қажетті жұмыстарды жасауды қиындатады, еңбек жағдайларын нашарлатады және климаттық жағдайлардың басқа аймақтардан материалдардың ұзақ жеткізілуіне әсер етеді.

ЖАП-тың бағалауы бойынша, уәкілетті органдар мен Қаржы министрлігі арасындағы келісілмеген іс-қимылдар нәтижесінде қарыз қаражатын игермеуге жол берді. Қарыз қаражаты есебінен іске асырылатын осы жоба бойынша инвестициялық ұсынысты әзірлеу кезінде климаттық жағдайларға қатысты бар тәуекелдер оны уақтылы аяқтау жөніндегі міндеттемелерді қабылдау кезінде есептелуі және ескерілуі тиіс болатын.

Анықтама ретінде: Өткізу пункттерін жаңғырту жобасы 2019 жылдан бастап Қытайдың Экспорттық-Импорттық Банкінің қарыз қаражаты есебінен іске асырылуда. Қарыз сомасы 2,1 млрд қытай юані немесе 147 млрд теңге. Қарыздың жабылу күні 2024 жылғы 24 қазанда жоспарланып отыр.

Әділет министрлігі

Әділет министрлігінің *(бұдан әрі – Әділетмині, Министрлік)* бастапқыда бекітілген жоспары 2023 жылдың ішінде **5 рет** түзетілді (нақтыланды), нәтижесінде **8%** немесе 3,4 млрд теңгеге **төмендетіліп**, 44 млрд теңгені құрады.



Жыл қорытындысы бойынша 5,2 млрд теңге атқарылмай қалды, ал бюджетті атқару пайыздық ара қатынаста ең төмен көрсеткіштердің бірі – **88,3%**.

Қаражаттың атқарылмауы шарттың талаптарына сәйкес өнім берушінің көрсетілетін қызметтердің толық көлемін көрсету процесін ұзаққа созуы себебінен қалыптасты *(047 ББ)*.

ҚР-ның 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарына[210] сәйкес *(бұдан әрі – Ұлттық жоспар)* сәйкес 2021 жылдан бастап Министрліктің даму жоспарында мынадай **екі** макроиндикатор көзделген:

The World Justice Project Халықаралық үкіметтік емес ұйымы *(Дүниежүзілік әділет жобасы)* ***Заң үстемдігі индексін*** *(0,53 балл – қол жеткізілді)* саралайды және ол 8 факторға біріктірілген 44 көрсеткіштен тұрады *(1. Билік институттарының өкілеттіктерін шектеу; 2. Сыбайлас жемқорлықтың болмауы; 3. Ашық үкімет; 4. Негізгі құқықтарды қорғау; 5. Тәртіп пен қауіпсіздік; 6. Реттеуші құқық қолдану (нормативтік құқықтық қамтамасыз ету); 7. Азаматтық сот төрелігі; 8. Қылмыстық сот төрелігі).*

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес Қазақстанда 2025 жылға қарай Заң үстемдігі индексіне қол жеткізу **0,56 балға** дейін *(Ұлттық жоспарға сәйкес)* және 2030 жылға қарай дейін **0,6 балға** болжануда *(ҚР-ның құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес[211]).*

Соңғы 7 жылда Қазақстандағы Заң үстемдігі индексінің көрсеткіші небәрі 0,03 балға көтерілді. Осылайша, 2022 жылы осы индекс бойынша көрсеткіш **0,53 балды** құрады**,** бұл 140 елден Қазақстанға 65 орынға ие болуға мүмкіндік берді *(2016 жылы – 0,50 балл).* **2023 жылдың** қорытындысы бойынша көрсеткіштің мәні өсу үрдісінің жоқтығын көрсетіп, сол **0,53 балл** деңгейінде қалды.

Қалыптасқан үрдіс 2025 және 2030 жылдарға қарай индекстің жоспарланған мәніне қол жеткізбеу тәуекелінің ықтималдығын көрсетеді.

---

[210] «ҚР-дың 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және ҚР Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы

[211] «ҚР-дың құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы

Қадағаланбайтын (көлеңкедегі) экономиканың үлесі, ЖІӨ-дегі % *(орындалуда – деректер қалыптатырылмаған) (осы макроиндикатор бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруге жауапты болып Қаржы министрлігі айқындалды).*

Әділет министрлігі – «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» көрсеткіші бойынша «*Жылжымайтын мүлікпен операциялардағы қадағаланбайтын (көлеңкедегі) экономиканың үлесі, ЖІӨ-дегі %*» макроиндикаторының нәтижелеріне қол жеткізу бойынша бірлесіп орындаушылардың бірі.

2025 жылға қарай Қазақстанның ЖІӨ-дегі қадағаланбайтын (көлеңкедегі) экономиканың үлес салмағы **15%** мәнінде болжануда.

Анықтама ретінде: «Қадағаланбайтын (көлеңкедегі) экономиканың үлесі, ЖІӨ-дегі %» индикаторының көрсеткіштері Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2019 жылғы 7 тамыздағы №4 бұйрығымен бекітілген Бақыланбайтын экономиканы бағалау әдістемесі бойынша айқындалады.

ҰСБ деректері бойынша Қазақстандағы көлеңкедегі экономиканың соңғы 2 жылдағы деңгейі *(2021-2023 жодалар)* **0,97 %-ға** *(2021 жылы 19,75%-дан 2022 жылы 18,78-%-ға дейін),* соның ішінде «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» саласы бойынша 0,18**%**-ға **төмендеген** *(2021 жылы 0,84%-дан 2022 жылы 0,66%-ға дейін).*

59-ДИАГРАММА. 2021-2022 жылдардағы Қазақстандағы көлеңкелі экономиканың деңгейі, %*

Дереккөз: ҰСБ

** - 2023 жылғы деректер 2024 жылғы тамызда жарияланады*

Министрліктің 14 015 млн теңге сомадағы негізгі шығыстары 065 «Сот сараптамасы қызметтері» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде сот сараптамаларын жүргізуге бағытталды.

Қазақстандағы сот-сараптама қызметі қылмыстық, азаматтық істер, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот сараптамасын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Сот сараптамалары орталығы Сот сараптамасы органдары жүргізетін сот сараптамалары түрлерінің және ҚР Әділет министрлігі біліктілік беретін

сараптамалық мамандықтардың тізбесіне[212] сәйкес 57 сараптамалық мамандықтың ішінен 55 түрі бойынша сот сараптамаларын жүргізеді *(сот сараптамасы – 47, сот медицинасы – 8).*

*Анықтама ретінде: 2018-2022 жылдары **919 049** сараптама мен **1 076 524** зерттеу өткізілді (2018 жыл – 190 153 сараптама және 201 183 зерттеу; 2019 жыл – 185 211 сараптама және 217 833 зерттеу; 2020 жыл – 177 928 сараптама және 227 237 зерттеу; 2021 жыл – 180 983 сараптама және 205 378 зерттеу; 2022 жыл – 184 774 сараптама және 224 893 зерттеу).*

Сот сараптамалары орталығы 2018 – 2022 жылдары 5 түр бойынша зерттеу жүргізді *(Молекулярлық-генетикалық зерттеу; Сот-гистологиялық сараптамасы; Сот-биологиялық сараптамасы; Сот медициналық-криминалистикалық сараптамасы; Сот химия-токсикологиялық сараптамасы),* оның ішінде зерттеулердің негізгі көлемі немесе **52,6%** *(566 198 бірлік)* «Сот-биологиялық сараптамасы» бойынша өткізілді және ең ең аз көлемі «Молекулярлық-генетикалық зерттеу» бойынша – **1,7%** *(18 095 бірлік).*

Сараптамалар мен зерттеулердің мынадай екі түрі бойынша:

1) Гендік түрлендірілген организмдерді сот сараптамалық зерттеу *(қажеттіліктің болмауына байланысты);*

2) Сот-сараптамалық технологиялық зерттеу *(сарапшылардың болмауына байланысты, «ССО» РМҚК арқылы жеке сарапшыларды тарта отырып, 2022 жылы 5 сараптама жүргізілді)* жүргізілмегенін айта кету керек.

Сот сараптамасының ғылыми-зерттеу институтында *(«ССО» РМҚК-нің филиалы 2017 жылдан бастап жұмыс істейді)* сот сараптамаларын жүргізу процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру және сот сарапшыларын кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүргізу көзделген[213].

ЖАП аудитімен осы уақытқа дейін Сот сараптамасының ғылыми-зерттеу институтының қызметі сот сараптамаларын жүргізу процесін әдістемелік қамтамасыз етумен ғана шектелетіні анықталды.

Ғылыми қамтамасыз ету бойынша функциялар орындалмайды, сондай-ақ сот сарапшыларын кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өткізу бойынша жұмыстар жүргізілмейді *(сот сарапшыларын кәсіби даярлау «ССО» РМҚК-де жүргізіледі).*

Өздерінің кінәсінен сараптамалар қайтадан жүргізілетін сот сарапшылары *(кейбір жағдайларда бірнеше рет),* сот сарапшысының куәлігінен айырмай, тек тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 1 204 сот сарапшысынан 301 сарапшы немесе 25% біліктілігін арттырудан өтпеген.

ҚР-ның 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары шеңберінде «ССО» РМҚК-нің басым міндеттерінің бірі – саланың инфрақұрылымын жаңғырту, соның ішінде

---

[212] «Сот сараптамасы органдары жүргізетін сот сараптамалары түрлерінің және ҚР Әділет министрлігі біліктілік беретін сараптамалық мамандықтардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 306 бұйрығы.

[213] «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI Заңының 54- бабы

сот сараптамасы органдары үшін арнайы жабдықталған ғимараттардың құрылысын қамтамасыз ету.

Алайда, Сот сараптамасы орталығының аумақтық бөлімшелері ғимараттарының 97,7%-ы немесе 45 ғимараттың 44-і сот сараптамасын жүргізуге арналған арнайы жабдықталған үй-жайларға қойылатын стандарт талаптарына сәйкес келмейді *(Астана қаласы бойынша Сот сараптамасы институтынан басқа, ғимарат 2022 жылы жаңадан салынды)*.

Қазіргі уақытта Министрлік және Сот сараптамалары орталығы *(2021 жылдан бастап)* өңірлердегі сот сараптамасы институттарының *(ССИ)* ғимараттарына жергілікті бюджет есебінен күрделі жөндеу жүргізу, кейіннен республикалық меншікке қайтару үшін ЖАО балансына беру жұмыстарын жүргізуде. Осылайша, Алматы қаласы бойынша *(6 объекті),* Қостанай облысы бойынша *(2 объекті),* Ақмола облысы бойынша ССИ *(3 объекті)* берілді.

ССИ ғимараттарының аумақтар бойынша тозуы *(соның ішінде әкімшілік және өндірістік ғимараттар)* орташа алғанда *(2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)* 65,5% құрайды.

Бұл ретте ғимараттардың 91%-ы 50%-дан астам тозумен жұмыс істейді *(45 ғимараттың 41-і),* жекелеген ғимараттар бойынша тозу 80 - 100%-ды құрайды *(100% – Астана қ. бойынша ССИ, БҚО бойынша ССИ, Сот сараптамасының ғылыми-зерттеу институты; 85,6% – Ақмола облысы бойынша ССИ; 94,5% – Ақтөбе ССИ).*

Сонымен қатар орташа есеппен 76,3% құрайтын ССО аумақтық бөлімшелерінің жабдықтарының тозуы анықталды, соның ішінде: өлшеу аспаптары – 88,5%, зертханалық жабдық – 88,5%, медициналық жабдық – 50,7%.

Анықтама ретінде: өлшем жабдықтары Шығыс Қазақстан облысында – 97,4%, Қостанай облысында – 96,3%, Алматы қ. – 92,2%; зертханалық жабдық Абай облысында – 96,6%, Батыс Қазақстан облысында – 96,7%, Маңғыстау облысында – 94,7%, медициналық жабдық Батыс Қазақстан облысында – 78,8%, Маңғыстау облысында – 62,7%.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Сот сараптамалары орталығына арналған 2023 жылы жоспарланған 6 бірлік жабдық өнім берушілердің шарт талаптарын бұзуы себебінен сатып алынған жоқ.

Өлшеу, зертханалық және медициналық жабдықтардың тозу деңгейі жоғары, моральдық және физикалық тұрғыдан жағдайы ескірген, сондай-ақ ғимараттардың ескіруі сараптамалар сапасының төмендеуіне және уақтылы жүргізілмеуіне әкеп соғады.

Негізгі атқарылмау шарттың талаптарына сәйкес қызметтердің толық көлемін көрсету бойынша өнім берушілер тарапынан ұзаққа созылуы себебінен 047 «Төреліктерде, шетелдік төреліктерде, шетелдік мемлекеттік және сот органдарында, сондай-ақ төрелікке және сотқа дейінгі дауларды реттеу процесінде мемлекеттің мүдделерін қорғау және білдіру, ҚР Үкіметінің қатысуымен шетелде өткізілетін сот немесе төрелік талқылаулардың перспективаларын бағалау» бюджеттік бағдарламасы бойынша **3 271 млн теңге** мөлшерінде қалыптасты.

Анықтама ретінде: 2023 жылы 26 дау бойынша елдің мүдделерін қорғау және білдіру жұмыстары жүргізілді, оның 10-ы халықаралық төреліктерде, 6-ы шетелдік соттарда, 10-ы сотқа дейінгі талқылауларда.

Сонымен бірге, Министрлік қызметінің объективті нәтижелерін көрсетпейтін көрсеткіштерді сапасыз жоспарлау туралы, сондай-ақ бюджет қаражаты мен нәтижелер көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстың болмауын айта кету керек.

Игерілмеген 3 271 млн теңге бола тұра, «Мемлекеттің мүдделерін қорғау және білдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру мерзімдеріне сәйкес іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ету» **түпкілікті нәтижесіне 100% қол жеткізілді.**

Жыл ішінде Әділетминінің бюджеттік бағдарламаларына 6 рет өзгеріс енгізілді, оның ішінде түзетулердің шамамен 70%-ы есепті жылдың соңғы айында жүргізілді.

8 бюджеттік бағдарламаға *(6 кіші бағдарлама)* бойынша қаржыландырылу жүзеге асырылған 14 түпкілікті нәтиже көрсеткішіне және 20 тікелей нәтиже көрсеткішінен 1 түпкілікті нәтиже көрсеткіші мен 1 тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілген жоқ.

Қаржыландыру көлемдерін түзету кезінде нәтижелер көрсеткіштері өзгермейтін жағдайлар кездеседі *(азайтуда немесе ұлғайтуда).* Мысалы, адвокаттардың заң көмегін көрсетуге арналған шығыстар *(005 ББ)* 314,2 млн теңге азайтылған *(2 719,5-тен 2 405,3 млн теңгеге дейін)*.

Алайда, «Азаматтарға мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету көлемінің ұлғаюы» түпкілікті нәтиже және «Заңда көзделген жағдайларда тегін заң көмегі көрсетілген азаматтардың саны» тікелей нәтиже көрсеткіштерінің сандық мәндері бір жыл ішінде өзгеріссіз қалды.

Аудитпен колумбариялары бар крематорийлердің жұмыс істеуі үшін заңнамалық негіз болмаған жағдайда, 066 «Зираттар бар крематорийлер салу үшін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттері» ББ іске асыру анықталды, бұл бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау.

ББ іске асыру шеңберінде Астана қ. крематорий мен зиратты пайдалануға беру және Алматы қ. крематорийді пайдалануға беру кезінде сыртқы инженерлік коммуникациялардың дайын болуы ескерілген жоқ.

2022 – 2023 жылдары республикалық бюджеттен Астана қаласындағы зираты бар крематорий салуға бөлінген **1 550,5 млн теңге** сомадағы нысаналы трансферт іс жүзінде зерттеу жүргізу арқылы аурулардың нақты диагностикалауға арналған «Биологиялық және медициналық қалдықтарды кәдеге жаратумен патологиялық-анатомиялық бөлімшенің салу Алматы ауданы, А431 көшесі *(1 және 2-кезек)» (бұдан әрі – Патологоанатомиялық бюро)* жобасын іске асыруға бағытталған. Осылайша Әділет

министрлігі мен Астана қаласының әкімдігі бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етпеген.

Бұдан басқа, Патологиялық-анатомиялық бюроны салу кезінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнаманың бірқатар рәсімдік бұзушылықтарына жол берілді.

Осыған байланысты, ЖАП мүдделі уәкілетті органдармен бірлесе отырып, *(ДСМ, ҰЭМ, ӨҚМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті, «Мемсараптама» РМК, Астана қ. құрылыс басқармасы)* зираты бар крематорий салуға республикалық бюджеттен бөлінген трансферттің мақсатына сай пайдаланылуы тұрғысынан техникалық аудит жүргізуді ұсынды.

Алматы қаласында республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер есебінен **1 527,7 млн теңге** сомаға патологоанатомиялық бюро жанындағы крематорийдің құрылысы аяқталды *(2021 жылғы 13 желтоқсандағы пайдалануға беру актісі),* ол сыртқы коммуникациялардың болмауына байланысты қазіргі уақытқа дейін жұмыс істемейді *(бүгінгі күні Алматы қаласының құрылыс басқармасы жергілікті бюджет қаражаты есебінен инженерлік желілердің құрылысын аяқтаған жоқ).*

Кремация жүргізуге заңнамалық деңгейде шектеу қойылуына байланысты салынған крематорийдің тиісінше жұмыс істемеу және жобалық қуатының толтырылмау тәуекелдері бар *(тек ерекше жағдайларда ғана).*

Анықтама ретінде: Салынған крематорийдің өндірістік қуаты жылына 7000 кремацияны құрайды. Бұл ретте заңнамада кремацияны жүргізудің бекітілген тәртібі және/немесе тетігі, сондай-ақ жалпыға қолжетімді қолдану мүмкіндігі жоқ.

ЖАП Министрлікке пандемия немесе эпидемия жарияланған жағдайда, крематорийлердің қызметін және колумбарийлердің жұмыс істеуін, сондай-ақ халыққа жерлеу қызметтерін көрсетуі үшін жалпыға қолжетімді түрде пайдаланылуын регламенттейтін актіні қабылдау мәселесін қарауды ұсынды.

Бұдан әрі **салалық саясатты іске асырмайтын РББӘ, орталық мемлекеттік органдар бөлінісінде** республикалық бюджеттің атқарылуы бойынша ақпарат ұсынылды.

Президент Әкімшілігі (бұдан әрі – ПӘ)

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	-	-	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	4	4	-
тікелей нәтижелер, %	25	28	-
Дебиторлық берешек, млн теңге	0,146	0,91	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	6,8	7,3	x

Жыл қорытындысы бойынша 4 бюджеттік бағдарламаны іске асыруға бөлінген бюджет қаражаты *(16 793,5 млн теңге)* толық көлемде игерілді. Көзделген 28 тікелей және 4 түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне 100% қол жеткізілді. Тікелей нәтиженің 9 көрсеткішін асыра орындау фактісі бар.

Үкімет Аппараты (бұдан әрі – ҮА)

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	-	-	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	2	2	-
тікелей нәтижелер, %	7	7	-
Дебиторлық берешек, млн теңге		11,9	x
Кредиторлық берешек, млн теңге		0,005	x

2 бюджеттік бағдарлама шеңберінде есепті кезеңде 2 түпкілікті және 7 тікелей нәтиже көрсеткіштерін орындау жоспарланған.

Бюджет қаражатын толық игеру кезінде *(6 106,9 млн теңге)* нәтижелердің барлық көрсеткішіне қол жеткізілді, олардың кейбіреулері оларды төмендету жағына қарай түзету есебінен орындалды. Тікелей нәтиженің 5 көрсеткіші түзетуге ұшырады *(2-уі – ұлғайтылды, 3-уі – азайтылды).* Тікелей нәтиженің 2 көрсеткішінің төмендеуі *(фельдъегерлік қызмет желісі арқылы жіберілген хат-хабарлардың саны, құпиялылық режимін сақтай отырып жіберілген арнайы хат-хабарлардың саны)* мемлекеттік органдар мен мекемелердің электрондық құжат айналымын пайдалануының ұлғаюына байланысты.

2023 жылы дебиторлық берешектің 11,9 млн-ға өсуі есеп беруге, сондай-ақ салыстырып тексеру актілері бойынша артық төлеуге *(коммуналдық қызметтер, байланыс қызметтері, авиабилеттерді брондау үшін)* байланысты болды.

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	-	9,1	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	2	2	1
тікелей нәтижелер, %	22	7	6
Дебиторлық берешек, млн теңге	0,6	60,2	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	0,35	-	x

4 бюджеттік бағдарлама шеңберінде есепті кезеңде 2 түпкілікті нәтиже көрсеткішін және 7 тікелей нәтиже көрсеткіштерін орындау жоспарланған, оларға түзетулер жүргізілмеген.

Бөлінген бюджет қаражаты 99,2%-ға игерілгенмен *(1 077,6 млн теңге),* **тікелей нәтиже көрсеткіштерінің 46,1%-ына** немесе бюджетті нақтылау кезінде қосылған барлық 6 көрсеткішке **қол жеткізілмеді**. Бұл бюджеттік тәртіптің әлсіз екенін көрсетеді. 4 көрсеткіштің орындалмауы ҚР Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен сатып алуды өткізу бойынша конкурстық рәсімдердің ұзақтығына байланысты. Қалған 2 көрсеткішке *(Жобаны іске асыру топтарының саны, үй-жайды жалға алу және күтіп ұстау)* келісім бойынша міндеттемелер талаптарының орындалмауына байланысты қол жеткізілмеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша дебиторлық берешек 60,2 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 59,6 млн теңгеге ұлғайды, бұл кеш қаржыландыруға және конкурстық рәсімдерді кеш өткізуге байланысты.

Жоғары Сот Кеңесінің Аппараты

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	-	-	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	1	1	
тікелей нәтижелер, %	7	8	1
Дебиторлық берешек, млн теңге	0,6	0,3	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	0,02	-	x

1 бюджеттік бағдарлама шеңберінде 9 тікелей нәтиже көрсеткіші және 1 түпкілікті нәтиже көрсеткіші жоспарланған.

Республикалық бюджет 100%-ға атқарылса да *(697,6 млн теңге),* «Судьялар үшін дайындалуға жоспарланған куәліктер саны» 1 көрсеткіші бойынша орындалмай, тікелей нәтиже көрсеткіштерінің 88,9%-ы орындалды (*жоспар – 1 000, іс жүзінде – 971).*

Сондай-ақ, 001.104 «Мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша бюджетті нақтылау кезінде тікелей нәтиже көрсеткіші «Бос судьялық лауазымдарға кандидаттарды іріктеу» сервистік бағдарламалық өнімге мәліметтері енгізілген «Бос судьялық лауазымдарға конкурстарға қатысатын және судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсыруға ниет білдірген кандидаттардың саны» тікелей нәтиже көрсеткіші алынып тасталғанын атап өткен жөн *(АЖ-ның пайдалануға дайын болмауы себебінен).*

Жоғары аудиторлық палата

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	-	-	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	-	-	-
тікелей нәтижелер, %	12	12	-
Дебиторлық берешек, млн теңге	1,2	1,8	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	0,9	0,7	x

3 бюджеттік бағдарлама шеңберінде есепті кезеңде бөлінген бюджет қаражаты *(3 666,1 млн теңге)* толық көлемде игерілді.

Көзделген 12 тікелей көрсеткішке 100% қол жеткізілді.

007.100 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары кадрларының біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткен тыңдаушылардың саны» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша 1 тікелей нәтиже көрсеткішін асыра орындау фактісі бар *(жоспар – 430, іс жүзінде – 460),* бұл аудиттің өзекті тақырыптары бойынша біліктілікті арттыру арқылы қолданыстағы МАҚБ жұмыскерлерінің кәсіби құзыреттерін күшейту қажеттілігімен байланысты болды.

Жоғарғы Сот

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	-	967	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	2	2	-
тікелей нәтижелер, %	30	31	-
Дебиторлық берешек, млн теңге	65,5	67,2	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	203,4	444,4	x

4 бюджеттік бағдарлама шеңберінде есепті кезеңде қаражат көлемі 85 442,1 млн теңге болатын 2 түпкілікті және 31 тікелей нәтиже көрсеткіштері жоспарланған. Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру барысында көрсеткіштер түзетуге ұшырамады және толық көлемде орындалды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша дебиторлық берешек 67,2 млн теңгені құрады және бұл салыстыру актілері бойынша *(22,6 млн теңге),* міндетті төлемдер бойынша *(23,8 млн теңге)* артық төлеуге, сот шешімдерін орындауды кешіктіруге *(5 млн теңге)* байланысты орын алған.

Кредиторлық берешектің 444,4 млн теңгені құрап, 2 еседен астам өсуі құрылысқа және реконструкциялауға байланысты төлемнің 5%-ын ұстап қалуға *(263,1 млн теңге),* салыстырып тексеру актілері бойынша *(114,3 млн теңге)* растайтын құжаттарды кеш тапсыруға *(32,2 млн теңге),* ҚБШ-ғы қаражаттың жеткіліксіздігіне байланысты *(31,6 млн теңге).*

Сонымен қатар, 001.112 «Сот жүйесі органдары объектілерінің құрылысы» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша өнім берушілердің «Түркістан қаласында № 1 әкімшілік ғимараттың құрылысы» жобасының шарт талаптарын бұзуы себебінен қаражаттың 967 млн теңгеге игерілмегені байқалады.

Жоғарғы Соттың мәліметінше, жоба 2024 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр. Жобаны іске асырудың бастапқы жалпы құны мен мерзімдері – 2021-2022 жылдары, сомасы 7 219,4 млн теңге. Жобаны уақтылы іске асырмау оның 34,6%-ға *(немесе 2,5 млрд теңгеге)* қымбаттауына алып келді.

Бұл ретте тікелей нәтиженің барлық көрсеткішіне *(басталған құрылыс объектілерінің саны – 2, жалғасып жатқан объектілердің саны – 1)* толық көлемде қол жеткізілді.

Бас прокуратура

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	5,9	39,6	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	5	5	-
тікелей нәтижелер, %	35	40	-
Дебиторлық берешек, млн теңге	20,8	27,3	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	16,1	67,7	x

5 бюджеттік бағдарлама шеңберінде *(2 бөлінетін бағдарламаны ескере отырып)* есепті кезеңде қаражат көлемі 63 483,3 млн теңге болатын 5 түпкілікті және 40

тікелей нәтиже көрсеткіштерін орындау жоспарланған. Тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілді. Сонымен қатар, жыл қорытындысы бойынша 39,6 млн теңге игерілмей қалды. Атап айтқанда, күрделі шығыстар бойынша *(001.111 ББ)* 38,8 млн теңге игерілмеді *(өнім берушілердің тауарларды уақтылы жеткізбеуіне байланысты),* бұл ретте тікелей нәтиженің 23 көрсеткішіне толық көлемде қол жеткізілді *(ұйымдастыру техникасын, компьютерлерді, интерактивті тақталарды, планшеттерді және т.б. сатып алу).*

2023 жылдың қорытындысы бойынша дебиторлық берешек 27,3 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 6,5 млн теңгеге ұлғайды. Өсім салыстырып тексеру актілері бойынша, берілген есепті сомалар бойынша, міндетті төлемдер бойынша *(міндетті зейнетақы жарналары, табыс салығы, әлеуметтік салықтар, әлеуметтік аударымдар)* артық төлеуге байланысты.

2023 жылдың қорытындысы бойынша кредиторлық берешек 67,7 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 51,6 млн теңгеге ұлғайды. Өсім байланыс қызметтері мен коммуналдық қызметтер үшін төлемді растайтын құжаттардың кеш ұсынылуымен түсіндіріледі.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	-	-	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	13	14	-
тікелей нәтижелер, %	19	19	-
Дебиторлық берешек, млн теңге	0,6	1,4	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	0,1	2	x

Жыл қорытындысы бойынша 7 бюджеттік бағдарламаны іске асыруға бөлінген бюджет қаражаты *(8 110,5 млн теңге)* толық көлемде игерілді.

2023 жылы Агенттік үш стратегиялық бағыт шеңберінде 14 нысаналы индикаторы бар 4 мақсатты көздеді, сондай-ақ нәтижелер көрсеткіштеріне толық көлемде қол жеткізді.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	-	35,1	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	3	4	-
тікелей нәтижелер, %	17	16	-
Дебиторлық берешек, млн теңге	246,8	384,1	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	44,2	39,6	x

Жыл қорытындысы бойынша 6 бюджеттік бағдарламаны *(3 бөлінетін бағдарламаны ескере отырып)* іске асыруға бөлінген бюджет қаражаты *(36 581,7 млн теңге)* 99,2%-ға *(36 295 млн теңге)* игерілді.

Жоспарланған 5 макро- және нысаналы индикатордың 1 стратегиялық бағытын жүзеге асыру шеңберінде «Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі» макроиндикаторына *(бұдан әрі – СЖҚИ)* **қол жеткізілмеді** – рейтингте Қазақстан 39 балл алды *(жоспар 43 балл).*

СЖҚИ композиттік индекс болып табылады – Қазақстанның рейтингін шығару үшін әртүрлі әдіснамаларды қолданатын 9 түрлі ұйымның деректері пайдаланылады (кәсіпкерлердің сауалнамалары, сараптамалық бағалау, респонденттердің шектеулі тобымен сұхбаттасу, статистикалық деректерді талдау, БАҚ жарияланымдары және т.б.).

СЖҚИ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жұмысының тиімділігін емес, жалпы мемлекеттік басқарудың сапасы мен тазалығын көрсетеді.

Есепті кезеңде 4 түпкілікті нәтиже көрсеткішіне және 16 тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізу қамтамасыз етілді. Бұл ретте, НҚА жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу бойынша *(015 ББ)* 34 млн теңге игерілмеді *(қылмыстық істер шеңберінде сараптамалар, аудармалар жүргізу бойынша нақты көлем үшін ақы төлеу себебінен),* бұл тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінің толық көлемде орындалуына әсер етпеді. Бұл бөлінген қаражат пен нәтижелер көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстың жоқтығын көрсетеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша дебиторлық берешек 384,1 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 137,3 млн теңгеге ұлғайды. Өсім іссапар шығыстары мен ерекше шығындардың есепті сомаларын берумен түсіндіріледі.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	7,2	1,7	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	1	1	-
тікелей нәтижелер , %	13	13	-
Дебиторлық берешек, млн теңге	0,9	0,3	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	0,008	0,018	x

2 бюджеттік бағдарлама шеңберінде *(1 бөлінетін бағдарламаны ескере отырып)* есепті кезеңде 1 түпкілікті нәтиже көрсеткішін және 13 тікелей нәтиже көрсеткішін орындау жоспарланған, оларға түзетулер жүргізілмеген. Тікелей және түпкілікті нәтижелердің барлық көрсеткіші орындалды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша бөлінген бюджет қаражаты 99,9%-ға игерілді *(9 914,1 млн теңге).*

5 стратегиялық бағытты жүзеге асыру шеңберінде жоспарланған 10 макроиндикатордың ішінен «Сақтандыру ұйымдары активтерінің ЖІӨ-ге үлесі» макроиндикаторына 78% қол жеткізілді *(жоспар 2,68% болғанда, 2,09% орындалды).* Макроиндикатордың орындалмау себебі – азаматтарға тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуіне ақы төлеуге зейнетақы жинақтарын пайдалануына мүмкіндік берген заңнамалық өзгерістер, бұл зейнетақы аннуитеті шарттарына сұраныстың төмендеуіне әсер етті.

ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	-	-	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	3	3	-
тікелей нәтижелер, %	12	18	-
Дебиторлық берешек, млн теңге	203	309	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	1,8	2,1	x

Жыл қорытындысы бойынша 7 бюджеттік бағдарламаны *(3 бөлінетін бағдарламаны ескере отырып)* іске асыруға бөлінген бюджет қаражаты *(36 906,4 млн теңге)* толық көлемде игерілді.

Көзделген 3 түпкілікті нәтиже көрсеткішіне және 18 тікелей нәтиже көрсеткішіне 100%-ға қол жеткізілді.

2023 жылы Қаржылық мониторинг агенттігі 1 стратегиялық бағыт шеңберінде 1 макроиндикатор көздеді, 2 нысаналы индикаторы бар 2 мақсатқа қол жеткізілді, 1 макроиндикатор бойынша деректер қалыптастырылмады *(2023 жылғы «Бақыланбайтын (көлеңкелі) экономиканың үлесі, ЖІӨ-дегі %» макроиндикаторы бойынша статистика 2024 жылғы тамызда жарияланатын болады).*

2023 жылдың қорытындысы бойынша дебиторлық берешек 309 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 106 млн теңгеге немесе 52,2%-ға ұлғайды. Өсім ерекше шығындардың есепті сомасын *(002 «Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру» ББ (96,4 млн теңгеге өсім) және 003 «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» ББ (9,6 млн теңгеге өсім)* беруге байланысты.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	8,2	5,1	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	3	4	-
тікелей нәтижелер, %	19	21	1
Дебиторлық берешек, млн теңге	12,3	150,1	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	4,7	5,6	x

Жыл қорытындысы бойынша 7 бюджеттік бағдарламаны *(4 бөлінетін бағдарламаны ескере отырып)* іске асыруға бөлінген бюджет қаражаты *(23 900,4 млн теңге)* 99,9%-ға *(23 893,8 млн теңге)* игерілді.

Көзделген 4 түпкілікті нәтиже көрсеткішіне толық көлемде қол жеткізілді және 21 тікелей нәтиже көрсеткішіне 96%-ға қол жеткізілді.

«ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйым қызметкерлерінің саны» *(жоспар – 596 бірлік, іс жүзінде – 587 бірлік)* 1 тікелей нәтиже көрсеткіші орындалмады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша дебиторлық берешек 2022 жылмен салыстырғанда 12,2 есе ұлғайып, 150,1 млн теңгені құрады. Өсім Қазақстан Республикасы мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы

ынтымақтастық шеңберінде ҚР әлеуметтік-экономикалық жағдайына зерттеулер жүргізуге арналған ауыспалы *(үш жылдық кезеңге есептелген)* шарттар бойынша аванстық төлемге негізделген.

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	-	-	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	4	4	-
тікелей нәтижелер, %	5	13	-
Дебиторлық берешек, млн теңге	1,4	0,7	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	0,4	0,5	x

Жыл қорытындысы бойынша 3 бюджеттік бағдарламаны іске асыруға бөлінген бюджет қаражаты *(3 584,5 млн теңге)* толық көлемде игерілді.

Бұл ретте көзделген 4 тікелей және 13 түпкілікті көрсеткіштен «Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бәсекелестік ортасының индексі» *(Product Market Regulation)* түпкілікті нәтиже көрсеткішіне осы Қорытындыны қалыптастыру сәтінде ЭЫДҰ-ның қорытынды есебі қалыптаспауына байланысты баға беру мүмкін емес.

Бәсекелестікке әсерге бағалау жүргізуге 7 сұрау салудың ішінен «Енгізілген реттегіш құралдың және (немесе) БҚДА қарауға келіп түскен, ол бойынша белгіленген рәсімдерді сақтау туралы қорытындылар берілген бәсекелестік ортаның жай-күйіне қойылатын талаптардың, реттеуді қатаңдатудың әсерін бағалау нәтижелерін қамту» *(жоспар – 95%, іс жүзінде – 85,7%)* түпкілікті нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілмеді, 6 жоба бойынша қорытындылар жіберілді, 1 жоба келесі жылға көшті *(мерзімі – 2024 жылғы қаңтар)*.

ҚР Конституциялық Сотының аппараты

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	-	-	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	1	1	-
тікелей нәтижелер, %	4	5	-
Дебиторлық берешек, млн теңге	6,7	6,7	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	-	-	x

Жыл қорытындысы бойынша 2 бюджеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде бөлінген бюджет қаражаты *(1 578,7 млн теңге)* толық көлемде игерілді. Көзделген 5 тікелей және 1 түпкілікті көрсеткішке 100% қол жеткізілді.

Есепті кезең ішінде бюджеттік бағдарламаның параметрлері ұлғаю жағына қарай 2 рет нақтыланып, түзетілді, ал бірақ тікелей нәтижелер көрсеткіштері өзгермеген.

ҚР Орталық сайлау комиссиясы

	2022	2023	Қол жеткізілмеген көрсеткіштер
Игерілмеу, млн теңге	68,4	137,3	x
Бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері, с.і.:			
түпкілікті нәтижелер, %	3	2	-
тікелей нәтижелер, %	22	18	-
Дебиторлық берешек, млн теңге	0,4	0	x
Кредиторлық берешек, млн теңге	0,8	6	x

3 бюджеттік бағдарлама шеңберінде *(1 бөлінетін бағдарламаны ескере отырып)* есепті кезеңде қаражат көлемі 38 197 млн теңге болатын 2 түпкілікті және 18 тікелей нәтиже көрсеткіштері жоспарланған. Көзделген көрсеткіштерге толық көлемде қол жеткізілді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша кредиторлық берешек 6 млн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 5,2 млн теңгеге ұлғайды. Өсім көлік қызметтеріне *(«ҚР ПІБ Автошаруашылығы» РМК),* әлеуметтік салыққа және байланыс қызметтеріне *(«Қазпошта» АҚ РАБҚФ, «ҚР ПІБ ИТО» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ)* берешегінің болуына байланысты.

2.5 «АУЫЛ - ЕЛ БЕСІГІ» ЖОБАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ӨҢІРЛЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі өңірлердің серпінді және орнықты дамуына байланысты.

Барлық деңгейдегі бюджеттік жүйенің басты міндеті бюджет қаражатын өңірлік деңгейде тиімді жұмсау, бірінші кезекте экономиканың дамуын ынталандыру және халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді бұлжытпай орындау болып табылады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша жергілікті бюджетке **түсімдер** - 13 992,2 млрд теңгені, **шығыстар** - 13 713,6 млрд теңгені құрады.

ҰСБ ақпараты бойынша жоғары экономикалық әлеуетке ие өңірлер: Атырау облысы – жан басына шаққандағы[214], жалпы өңірлік өнімнің 21 401,2 мың теңгесі, Алматы қаласы – 11 310,4 мың теңге, Астана қаласы – 9 247 мың теңге, Ұлытау облысы – 8 802,1 мың теңге.

Өз кезегінде әлеуеті төмен – Түркістан облысы – 1 955,5 мың теңге, Жамбыл облысы – 2 547,1 мың теңге, Жетісу облысы – 2 754,6 мың теңге.

Өңірлер арасындағы экономикалық әлеует айырмашылығының негізгі себептері: республиканың оңтүстік өңірлерінде халық тығыздығы жоғары және батыс өңірлерде мұнай өндіру болып қала береді.

214 Жан басына шаққандағы ЖӨӨ 2023 жылғы қаңтар-желтоқсан.

Республика өңірлерінің кіріс деңгейі 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 123,4%-ға ұлғайып, 13 552,6 млрд теңгені құраған. Бұл ретте 2023 жылы жергілікті бюджеттер кірістері құрылымындағы меншікті кірістердің үлесі **аздап қысқарған**: 48,1%-дан 47,1%-ға дейін. Әдеттегідей ең аз меншікті кірістер үлесі Түркістан облысында байқалады - 13,7%. Сондай - ақ, Жамбыл *(-12,4 п.т.),* Алматы *(-6,7 п.т.),* Қарағанды *(-6 п.т.),* Қостанай *(-4,6 п.т.)* облыстарында айтарлықтай қысқарғанын атап өткен жөн.

68-КЕСТЕ. 2021-2023 жылдардағы жергілікті бюджеттер кірістерінен өңірлердің меншікті кірістерінің көлемі, млрд теңге

Өңірдің атауы	2021			2022			2023		
	Кірістер, барлығы	Меншікті кірістер, ЖБ	Үлесі %	Кірістер, барлығы	Меншікті кірістер, ЖБ	Үлесі %	Кірістер, барлығы	Меншікті кірістер, ЖБ	Үлесі %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
БАРЛЫҒЫ:	**8 742,6**	**3 987,7**	***45,6***	**10 981,2**	**5 278,1**	***48,1***	**13 552,6**	**6 386,6**	***47,1***
Абай облысы				124,0	**26,9**	*21,7*	406,3	**112,1**	***27,6***
Ақмола облысы	407,4	**109,4**	*26,8*	479,3	**142,4**	*29,7*	630,1	**181,1**	***28,7***
Ақтөбе облысы	373,6	**150,5**	*40,3*	439,4	**185,2**	*42,1*	601,1	**233,2**	***38,8***
Алматы облысы	800,5	**373,3**	*46,6*	727,1	**434,1**	*59,7*	755,7	**400,3**	***53,0***
Атырау облысы	502,7	**452,6**	*84,7*	682,0	**558,0**	*81,8*	733,4	**662,1**	***90,3***
Шығыс Қазақстан облысы	587,5	**200,5**	*34,1*	562,7	**201,1**	*35,7*	485,9	**176,5**	***36,3***
Жамбыл облысы	464,9	**96,7**	*20,8*	562,7	**201,1**	*35,7*	647,7	**150,7**	***23,3***
Жетісу облысы				314,6	**20,4**	*6,5*	463,4	**75,8**	***16,4***
Батыс Қазақстан облысы	295,7	**124,2**	*42*	355,9	**148,1**	*41,6*	453,0	**190,1**	***42,0***
Қарағанды облысы	556,6	**255**	*45,8*	601,2	**293,4**	*48,8*	686,6	**293,6**	***42,8***
Қостанай облысы	380,9	**126**	*33,1*	438,2	**155,6**	*35,5*	604,3	**186,7**	***30,9***
Қызылорда облысы	362,3	**71,5**	*19,7*	417,7	**78,8**	*18,9*	597,2	**109,5**	***18,3***
Маңғыстау облысы	271,4	**182,5**	*67,3*	351,9	**213,7**	*60,7*	475,0	**264,9**	***55,8***
Павлодар облысы	350,8	**185,6**	*52,9*	457,3	**270,1**	*59,1*	530,6	**323,4**	***60,9***
Солтүстік Қазақстан облысы	349,1	**71**	*20,3*	411,9	**96,8**	*23,5*	479,3	**119,7**	***25,0***
Түркістан облысы	876,4	**118,8**	*13,6*	1 093,2	**164,0**	*15*	1 355,4	**185,6**	***13,7***
Ұлытау облысы				69,9	**30,2**	*43,2*	169,2	**91,3**	***54,0***
Шымкент қ.	458,4	**174,5**	*38,1*	594,3	**280,6**	*47,2*	627,1	**342,7**	***54,6***
Алматы қ.	1 000,7	**826,4**	*82,6*	1 399,2	**1 175,1**	*84*	1 637,2	**1 511,4**	***92,3***
Астана қ.	**703,7**	**496,3**	***70,5***	**898,6**	**602,5**	***67***	**1 214,1**	**775,9**	***63,9***

Дереккөз: Қаржымині

Бұл ретте оң нәтижелер де бар: меншікті кірістер үлесінің ұлғаюы байқалатын 10 өңірде 2022 жылмен салыстырғанда үздік нәтижелерді Ұлытау *(+10,8 п.т.),* Жетісу *(+9,9 п.т.),* Атырау облысы *(+8,5 п.т.),* Алматы қаласы *(+ 8,3 п.т.)* көрсетті.

Аумақтардағы қаржылық дербестік көрсеткіштерін жақсарту және болашақта донор өңірлердің дамуы үшін өңірлерге үлкен дербестік беру және салық саясатын қайта қарау ұсынылады *(салықтарды орталықсыздандыру бойынша жұмысты жалғастыру, соның ішінде салық жеңілдіктеріне түгендеу жүргізу арқылы).*

Осыған байланысты, ҚМ ҰЭМ-мен және ЖАО-мен бірлесіп, **жаңа Салық кодексін әзірлеу шеңберінде салық түсімдерінің қосымша түрлерін жергілікті бюджет деңгейіне беру, салық жеңілдіктеріне түгендеу жүргізу арқылы одан әрі орталықсыздандыру мәселелерін пысықтау ұсынылады.**

Бұл ретте салықтық әлеуетті дамытуға өңірлердің іскерлік белсенділігін салықтық ынталандыру есебінен салықтық әлеуетті арттыруға бағытталған Үкімет жүргізетін саясат ықпал етуі тиіс және өңірлердің кірістерін арттыру құралдардың бірі - жаңа жобаларды іске асыру, инвестициялар тарту болуға тиіс.

Бюджет түсімдерін болжау және жалпы сипаттағы трансферттер бойынша есеп айырысулар жөніндегі жетілдірілген әдістемелерді қолдануға қарамастан, жүйелі проблемалық мәселелер толық шешілмеген. Түсімдер бойынша болжамды мәндерді жоспарлау тиісті деңгейде жүзеге асырылмайды. Жергілікті бюджеттер кірістерінің жоспарлы мәндерін төмендету практикасы жалғасуда, нәтижесінде ЖСТ есептеулерін бұрмалау тәуекелдерін арттырады және жекелеген өңірлерде республикалық бюджеттен субвенциялар көлемінің ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін.

Есепті кезеңде кірістер көрсеткіштерін төмендету жағдайы 2022 жылдағыға *(2022 жылы жоспарлы мәндердің 1041,2 млрд теңгеге төмендеуі)* ұқсас. 2023 жылы жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігінің атқарылуы *(трансферттерсіз және субвенциясыз)* - 6 386,6 млрд теңгені құраған және бекітілген жоспардан - 5 175,2 млрд теңгеден *(жоспарлы мәндердің 1 211,4 млрд теңгеге төмендеуі)* асып түскен. Бұл Бюджет түсімдерін болжау әдістемесінің жетілмегендігін көрсетеді.

Анықтама ретінде: «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Заң[215] *шеңберінде жергілікті бюджет кірістерінің болжамды параметрлерінің жалпы сомасы (азаматтарға пәтерлер мен трансферттерді сатудан түсетін түсімдерді есепке алмағанда) - **17 046 млрд** теңгені құрайды, оның ішінде **2023 жылға – 5 267,8 млрд теңге белгіленді**, бұл жергілікті бюджеттің меншікті кірістерінің нақты көлемінен **1 118,8** млрд теңгеге немесе 21%-ға аз (6 386,6 млрд теңге).*

Бюджеттің кіріс бөлігінің республикалық деңгейде орындалуын қамтамасыз ету бойынша бар проблемаларды ескере отырып, ЖАП бағалауы бойынша әрбір қосымша резерв елдің мемлекеттік функцияларын уақтылы және сапалы іске асыруды қамтамасыз ете отырып, республикалық бюджеттің жүктемесін төмендетуге мүмкіндік берер еді.

215 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 161-VII ҚРЗ ҚР Заңы

Осыған байланысты, ЖАП бағалау барысында анықталған **сомасы 1 трлн теңге ЖАО-ның қосымша резервтері қаншалықты тиімді пайдаланылды** деген сұрақ туындайды.

2021-2023 жылдарды талдау 3 жаңа облысты қоспағанда, көптеген өңірлерде жергілікті бюджеттердің болжамды жоспарларының жүйелі түрде асыра орындалуын көрсетіп отыр, бірақ ең жоғары асыра орындау **9 өңірде** байқалады *(орта есеппен 120-170% шегінде),* Астана қаласы – 148,4%, Шымкент қаласы – 141,2%, Түркістан облысы – 138,4%, СҚО – 135,9%, Алматы қаласы – 131,6%, Ақтөбе облысы – 130,6%, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстары – 130,2%, Ақмола облысы – 129,8%.

69-КЕСТЕ. 2021-2023 жылдардағы жергілікті атқарушы органдардың кірістері (трансферттерсіз) бойынша ақпарат, млрд теңге

Атауы	2021			2022			2023		
	жоспар	іс жүзінде	%	жоспар	іс жүзінде	%	жоспар	іс жүзінде	%
Ақмола облысы	80,3	109,4	**136,2**	111,8	142,4	**127,4**	144,0	181,1	**125,8**
Ақтөбе облысы	124,7	150,5	**120,7**	143,0	185,2	**129,5**	164,6	233,2	**141,6**
Алматы облысы	311,5	373,3	119,8	401,3	434,1	108,2	446,6	400,3	89,6
Атырау облысы	416,8	425,6	102,1	436,6	558,0	127,8	565,9	662,1	117,0
Шығыс Қазақстан облысы	162,4	200,5	123,5	201,5	201,1	99,8	143,1	176,5	123,3
Жамбыл облысы	75,2	96,7	128,5	201,5	201,1	99,8	126,3	150,7	119,3
Батыс Қазақстан облысы	101,2	124,2	**122,7**	120,5	148,1	**122,9**	131,0	190,1	**145,2**
Қарағанды облысы	207,0	255,0	123,2	252,9	293,4	116,0	249,7	293,6	117,6
Қостанай облысы	93,4	126,0	**134,9**	116,0	155,6	**134,2**	153,1	186,7	**121,9**
Қызылорда облысы	61,8	71,5	115,6	71,9	78,8	109,6	80,8	109,5	135,5
Маңғыстау облысы	169,0	182,5	108,0	200,3	213,7	106,7	183,8	264,9	144,1
Павлодар облысы	160,0	185,6	116,0	194,9	270,1	138,6	304,4	323,4	106,2
Солтүстік Қазақстан облысы	52,6	71,0	**134,9**	67,3	96,8	**143,8**	92,7	119,7	**129,1**
Түркістан облысы	69,1	118,8	**171,9**	117,5	164,0	**139,6**	178,8	185,6	**103,8**
Алматы қ.	669,9	826,4	**123,4**	852,5	1175,1	**137,8**	1131,4	1511,4	**133,6**
Астана қ.	329,7	496,3	**150,5**	390,4	602,5	**154,3**	552,9	775,9	**140,4**
Шымкент қ.	124,1	174,5	**140,6**	173,6	280,6	**161,6**	282,1	342,7	**121,5**
Абай облысы				76,2	26,9	35,3	90,6	112,1	123,7
Жетісу облысы				48,6	20,4	42,0	74,4	75,8	101,9
Ұлытау облысы				58,5	30,2	51,6	78,8	91,3	115,8

Дереккөз: Қаржымині, ЖАО

Осыған байланысты, қаржы, ұлттық экономика министрліктеріне ЖАО-мен бірлесіп, бюджет түсімдерін **болжау әдістемесін, соның ішінде өңірлердің экономикалық әлеуетін ескере отырып, субвенциялар мен алып қоюлар көлемін есептеу тәсілдерін одан әрі жетілдіре отырып**, қайта қарау ұсынылады.

Сонымен қатар, бюджетаралық қатынастарда өңірлердің өз бюджеттерінің кіріс бөлігін толықтыруға ұмтылуына теріс әсер ететін бюджеттік алып қоюдың қолданыстағы жүйесі маңызды мәселе болып табылады. Соңғы үш жылда бюджеттік алып қоялар – 1 340,9 млрд теңгені құрады. Бюджеттік алып қоюлардың ең көп үлесі Алматы қаласына (*45,4%*) және Атырау облысына (*44%*) тиесілі. Бұл ретте, 2023 жылдан бастап Маңғыстау облысы донор-өңірлерден шығып, 2020-2022 жылдардағы нақты орындаудан түсетін кіріс бөлігінің болжамды мәндерінің төмендеуіне байланысты реципиенттер санатына ауысқанын атап өткен жөн *(ЖСТ әдістемесіне сәйкес соңғы үш жылдағы кірістердің өсуінің үздіксіз серпіні қамтамасыз етілуі тиіс, бұл талап сақталмаған).*

Есепті кезеңде республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлар - 431,9 млрд теңгені немесе республикалық бюджет түсімдерінің жалпы көлемінің 1,8% -ын құрады.

70-КЕСТЕ. 2021-2023 жылдардағы донор-өңірлер бөлінісінде нысаналы трансферттерден бюджеттік алып қоюлар көлемдерінің өзгеру серпіні, млрд теңге

Өңірдің атауы	Бюджеттік алып қоюлар**				Нысаналы трансферттер*				НТ-ның БА-ға ауытқуы (*барлық көлемнен*)	
	2021	2022	2023	барлығы	2021	2022	2023	барлығы	сомасы	%
Барлығы:	**438,0**	**470,9**	**431,9**	**1340,9**	**440,8**	**537,8**	**605,8**	**1584,4**	**243,5**	**1,2 есе**
Атырау облысы	213,8	221,0	155,0	589,8	74,7	122,7	71,1	268,5	-321,3	**45,5%**
Алматы қ.	190,1	211,5	207,2	608,8	163,5	193,3	117,8	474,6	-134,2	**78,0%**
Астана қ.	**34,1**	**38,5**	**69,7**	**142,3**	**202,6**	**221,8**	**416,9**	**841,3**	**699**	**6 есе**

*Дереккөз: *Қаржымині, **«Әділет» АҚЖ*

Оң нәтижелерден 2021-2023 жылдары Атырау облысының донор өңірлерінде және Алматы қаласында РБ-дан нысаналы трансферттермен қаржыландыру көлемінің бюджеттік алып қоюлардан *(бөлінген нысаналы трансферттердің көлемі осы өңірлердің үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік алып қоюлар көлемінің орта есеппен 62%-ын құрайды)* қысқаруы байқалатынын атап өтуге болады, бюджеттік алып қоюлар көлемінен бөлінетін нысаналы трансферттер көлемі **алты есеге өскен** Астана қаласын қоспағанда, бұл елдегі ірі қалалық агломерация орталығына тән емес. Бұдан басқа, осы өңір бойынша нысаналы трансферттер көлемі 2022 жылмен салыстырғанда **2 есеге жуық өскен** *(221,8 млрд теңгеден 416,9 млрд теңгеге дейін).* Үш донор өңірдің ішінде Астана қаласы бойынша нысаналы трансферттер көлемінің бюджеттік алып қоюлардан артуы үш жылдық кезеңде - **6 есе өсумен 699 млрд теңгені құраған**.

Осылайша, республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер **Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешудің басты көзі болып қала береді, бұл республикалық бюджетке тәуелділікті күшейтеді**

және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді жедел және сапалы шешу үшін жауаптылықты арттырмайды.

Сонымен қатар, өңірлерге берілетін субвенциялар көлемі 2022 жылмен салыстырғанда **2 есеге** *(2125 млрд теңгеден 4995,1 млрд теңгеге дейін)* **ұлғайған.**

Анықтама ретінде: Мемлекет басшысының бюджетаралық қатынастарды реформалау және бюджет қаражатының қарсы ағынын қысқарту жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде үш жылдық кезеңге арналған субвенциялар көлеміне ЖАО-ның ағымдағы нысаналы шығыстары енгізілді.

60-ДИАГРАММА. 2021 – 2023 жылдары республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер көлемі, млрд теңге

Дереккөз: Қаржымині

2023 жылы өңірлерге нысаналы трансферттермен – **1944,1 млрд теңге** бөлінген, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 2 есе аз *(3 331 млрд теңгеден 1944,1 млрд теңгеге дейін).* Атқарылуы – **1907,8 млрд теңгені** *(98,1%)* құраған.

Нысаналы трансферттердің орындалмау көлемі – **36,3 млрд теңгені** құраған, оның ішінде игерілмеу - 30,7 млрд теңге *(соның ішінде Атырау облысында – 4,8 млрд теңге, Жамбыл облысында – 3,5 млрд теңге, Ақтөбе және Алматы облыстарында – 3,3 млрд теңгеден, Маңғыстау облысында – 2,9 млрд теңге).*

Негізгі себептер – ЖСҚ-ны түзету, орындалған жұмыстар актілерін уақтылы ұсынбау, конкурстық рәсімдерді ұзақ уақыт өткізу, жұмыстарды жүргізу (қызметтер көрсету) кестесінен артта қалу, мемлекеттік сатып алулардан үнемдеу.

Бүгінгі таңда республикада 6 295 ауылдық елді мекен *(бұдан әрі-АЕМ)* бар, онда 7,5 млн ауыл тұрғыны, халықтың жалпы санының 38%-ы тұрады.

Осыған байланысты, ЖАП **АЕМ-нің инфрақұрылымын дамытуға бағытталған** «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде ЖАО-лардың бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруына бағалау жүргізді.

Есепті кезеңде «Ауыл – Ел бесігі» жобаларына **91,9** млрд теңге бөлінген, **89,4** млрд теңгесі атқарылған (*бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 97,2%-ы*), атқарылмау 2,53 млрд теңгені құраған, соның ішінде үнемдеу – 0,04 млрд теңге, игерілмеу – 2,46 млрд теңге.

Анықтама ретінде: Ұлттық экономика министрлігінің ақпараты бойынша 2019-2023 жылдары 1331 АЕМ-де 4,1 мыңнан астам жоба іске асырылған. 2023 жылдың қорытындысы бойынша АЕМ-нің әлеуметтік игіліктермен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі - 64,3%-ды (2022 жылы - 60,3%) құраған.

71-КЕСТЕ. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде РБ және ҰҚ-дан өңірлерге бөлінген нысаналы трансферттер туралы ақпарат, млрд теңге

Өңірдің атауы	Жобалар саны	Бөлінгені	Атқарылғаны	Атқарылу %	Игерілмегені
БАРЛЫҒЫ:	**434**	**91,9**	**89,4**	**97,2**	**2,46**
Абай облысы	16	3,30	3,30	99,9	-
Ақмола облысы	32	6,51	6,35	97,6	0,16
Ақтөбе облысы	24	4,44	4,17	93,9	0,27
Алматы облысы	25	9,08	8,60	94,7	0,48
Атырау облысы	18	4,02	4,01	99,7	0,01
Шығыс Қазақстан облысы	11	4,33	4,33	100,0	-
Жамбыл облысы	45	7,19	7,07	98,3	0,12
Жетісу облысы	15	4,88	4,86	99,6	-
Батыс Қазақстан облысы	14	4,05	3,84	94,9	0,21
Қарағанды облысы	12	3,65	3,60	98,6	0,05
Қызылорда облысы	63	6,11	6,09	99,8	-
Қостанай облысы	19	5,53	5,31	96,1	0,22
Маңғыстау облысы	20	4,21	3,90	92,6	0,31
Павлодар облысы	18	3,74	3,12	83,4	0,62
Солтүстік Қазақстан облысы	20	4,97	4,96	99,9	-
Түркістан облысы	79	14,4	14,4	100,0	-
Ұлытау облысы	3	1,42	1,39	97,9	0,03

Дереккөз: Қаржымині

«Ауыл – Ел бесігі» шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын талдау барысында мынадай **кемшіліктер** атап өтілді:

1. Ұлттық қордан трансферт есебінен бөлінген 9 жоба бойынша шамамен сомасы 1,2 млрд теңге қаражатты **сапасыз жоспарлау**.

Пайдалануға берілген объектілер Ұлттық қор қаражаты есебінен қаржыландыруға мәлімделген *(мысалы, «Алматы облысы Жамбыл ауданы Тарғап ауылының газ құбыры мен газ тарату желілерін салу» жобасы бойынша ҰҚ-дан 93,4 млн теңге бөлінген, кейіннен бюджетті нақтылау кезінде қысқартылған. Алайда объект 30.09.2022 жылғы № 27 актімен пайдалануға берілген).*

2. Бюджет кодексінің 23-бабының жобаларды Ұлттық қор қаражаты есебінен қаржыландыру жөніндегі **талабы сақталмайды**.

Анықтама ретінде: Ұлттық қордың қаражаты дағдарысқа қарсы бағдарламаларға; ұлттық ауқымдағы әлеуметтік маңызы бар жобаларға, стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларға нысаналы трансферттер түрінде жұмсалады.

2023 жылы «Ауыл – Ел бесігі» аясында Ұлттық қордан **көшелерді жарықтандыруға, жарықдиодты шамдарды** орнатуға бағытталған жобалар қаржыландырылған *(«Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кентіндегі Мусірбаев, Томанов, М.Шоқай көшелерінің ескі жарықтандыру тіректерінің орнына металл тіректердегі 100 Вт*

жарықдиодты шамдарды орнату» сомасы 40,5 млн теңгеге, «Ақмола облысы Ерейментау ауданы Олжабай батыр ауылында көше жарықтандыруларын салу» сомасы 79,4 млн теңгеге және т.б.)

3. Қолданыстағы объектілердің **сапалық сипаттамаларын**, олардың техникалық жай-күйін және объектілерді салу немесе реконструкциялау қажеттілігін **ескермей,** қолданыстағы объектінің болуы ғана бағаланатын Өңірлік стандарттар жүйесіне[216] негізделген **жобаларды** бюджеттен қаржыландыруға **сапасыз іріктеу.**

Анықтама ретінде: 2024 жылғы 13 наурызда жаңа Әдістеме бекітілді.

Мысалы, Қарағанды облысы Нұра ауданы Қайнар ауылындағы су құбырын **реконструкциялауға** республикалық бюджеттен бөлінген 20 млн теңге объектіні реконструкциялау қажеттілігінің болмауына байланысты бюджетке қайтарылған. Аудандық бюджет қаражаты есебінен **ағымдағы жөндеу жұмыстары** жүргізілген.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің[217] 74-бабы 1-тармағының 5) тармақшасын бұза отырып, барлық бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша мәлімделетін шығыстардың **экономикалық әсері** айқындалмаған. Жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша әлеуметтік-экономикалық әсерлерді бағалау нәтижелері үстірт және формальды түрде баяндалған.

ЖАО жобалардың іске асырылуына сапалы мониторинг жүргізібейді, **жобалардың экономикалық сипаттамаларын есепке алу базасы РББД** тарапынан да, ЖАО тарапынан да **жүйеленбеген** *(жобаның жалпы құны, іске асыру кезеңі, жобаның мәлімделген қуаты және т.б.).*

Деректердің бытыраңқылығы, әлсіз мониторинг сапасыз жоспарлау, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану тәуекелдеріне әкеледі.

2023 жылғы бюджеттің атқарылу қорытындысы бойынша «Ауыл-Ел бесігі» жобасы бойынша 6 нысан аяқталған жоқ *(аяқталу мерзімі 2023 жыл).*

Жалпы, ЖАП-тың бағалауынша, «Ауыл-Ел бесігі» **бағдарламасы шеңберінде өңірлерге бөлінген бюджет қаражатының тиімсіз басқарылуы 1,2 млрд теңгені** құрады *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қаражат қалдықтарын есепке алмағанда).*

Жоғарыда жазылғандарды ескере отырып, ЖАП мыналарды **ұсынады:**

1. БИЖ-дерді жоспарлау кезеңінен бастап нақты пайдалануға беруге дейін есепке алу және мониторингілеу жөніндегі автоматтандырылған жүйені іске қосуды жеделдету *(бүгінгі күні «Мемлекеттік инвестициялық жобалар» модулі әзірленді, БИЖ жөніндегі қағидаларға тиісті түзетулер енгізілді, мәселе мемлекеттік органдарда орындалу*

---

216 ҚР Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 20 сәуірдегі № 29, ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 164, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № ҚР ДСМ-50, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 243, ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 113 және ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 56/НҚ бірлескен бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 сәуірде № 18592 болып тіркелді..

217 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV ҚР Кодексі

сатысында);

2. Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі шеңберінде БИЖ-ді іске асыру кезінде әлеуметтік-экономикалық әсердің өңірлерді дамыту жоспарларының нысаналы индикаторларымен және нәтижелерінің көрсеткіштерімен барабарлығын қамтамасыз ету *(өңірлер ұсынған 500-ге жуық БИЖ-ді іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігінің нәтижелері жалпыланған және оларды тиісті аумақтардың даму жоспарларымен салыстыру мүмкін емес).*

Бұдан әрі ақпарат өңірлер бөлінісінде беріледі.

Ақмола облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына РБ мен ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен 6,51 млрд теңге бөлінген, 6,35 млрд теңге немесе 97,6%-ы игерілген.

Есепті кезеңде іске асырылған 32 жобадан: 12-сі аяқталған, 19-ы – 2024 жылға ауысатын, 1-еуі аяқталмаған, соның ішінде:

Жоба	Себептері
Ақмола облысы Ерейментау ауданы Тайбай ауылдық округінің Тайбай ауылында көше жарықтандыруларын салу	**Аяқталмаған.** 2023 жылы - 179,8 млн теңге бөлінді (28.12.2021 жылғы № ЕЕ-0099/21 ЖСҚ-ға МС), игерілгені - 165,1 млн теңге (91,8%), игерілмегені-14,8 млн теңге, төлемнің негізділігін растайтын құжаттарды ұсынбауына байланысты (техникалық қадағалау орындалған жұмыстар актісіне қол қоймаған). Сот талқылаулары жүргізілуде.

Абай облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен 3,30 млрд теңге бөлінген, игерілгені – 3,30 млрд теңге немесе 99,9%.

Есепті кезеңде іске асырылған 16 жобаның: 6-ауы – аяқталған, 9-ы – 2024 жылға ауысатын, 1-еуі – аяқталмаған, соның ішінде:

Жоба	Себептері
Бородулиха ауданы Бородулиха ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу	**Аяқталмаған.** 2021 жылы ҰҚ-дан 477,5 млн теңге бөлініп, игерілді. 2022 жылы ҰҚ-дан 355,8 млн теңге бөлінді, 154,7 млн теңге игерілді (43,5%). 2023 жылы ҰҚ-дан 160,3 млн теңге бөлініп, игерілді. Жоба жұмыс кестесінің артта қалуына байланысты аяқталған жоқ. (13.11.2023 ж. № ОЭ-0652/23 ЖСҚ-ға МС, жобаның құны - 1594,1 млн теңге).

Абай облысында жекелеген бағыттар бойынша мемлекеттік қаражаттың, сондай-ақ «Семей» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ активтерінің пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің алдын ала қорытындылары бойынша мынадай кемшіліктер анықталды:

- мемлекеттік жоспарлау жүйесі шеңберінде бағдарламалық құжаттардың сапасыз жоспарлануы және мониторингі *(Облысты дамыту жоспарымен Кешенді жоспардың 48 іс-шарасының қайталануы, жекелеген жобаларды іске асыру мерзімдерінің алшақтау фактілері, соның ішінде: «Құрамында алтыны бар шикізатты электрохлоринациялау технологиясымен тәжірибелік металлургия зауытын салу» Кешенді жоспарда – 2024 жыл, Облысты дамыту жоспарында – 2025 жыл, 46 индикатор және 195 іс-шара бойынша (2022 жылы 35 индикатор және 3 іс-шара*

бойынша, 2023 жылы-11 индикатор және 192 іс-шара бойынша) көрсеткіштердің нақты және жоспарлы мәндерінің сәйкес келмеу себептері туралы қысқаша ақпарат жоқ);

- халық саны 16,5 мың адам 29 АЕМ *(325 АЕМ-нен)* және 26,7 мың адам Семей қаласында орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілмеген *(Абай облысы бойынша су бұру желілерінің тозуының өсуі 2022 жылғы 69,6% - дан 2023 жылы 71,3% - ға дейін);*

Энергетика басқармасы, сондай-ақ қалалық және аудандық ТКШ бөлімдері тарапынан жылумен жабдықтау желілері мен жылу көздерінің техникалық жай-күйін жеткіліксіз есепке алу (*Семей қаласының оң жағалауында сағатына 147 Гкал жылу энергиясының тапшылығы байқалады*);

- сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау объектілерінің сомасы 8,1 млрд теңге негізгі құралдары «Семей су арнасы» МКК пайдаланушы ұйымдарына және сомасы 32,1 млрд теңге «Теплокоммунэнерго» МКК-ға берілмеген және Семей қаласының құрылыс және ТКШ бөлімдерінің балансында көрсетілген.

- БИЖ-ді іске асырудағы кемшіліктер, 2022-2023 жылдары 60 объекті немесе жалпы санының 27,5%-ы пайдалануға берілмеген *(25 сумен жабдықтау жобасы, 9 жылумен жабдықтау жобасы, 14 тұрғын үй құрылысы жобасы, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым - 4 жоба, электрмен жабдықтау -2 жоба, басқалары-6 жоба),* мысалы, 2023 жылы Семей қаласының 1 734,2 млн теңгеге салынған «Орталық» қазандығы техникалық регламентке сәйкес келмеуіне байланысты пайдалануға берілмеген, ауданы 0,1075 га «ӨскеменСпецкоммунтранс» ЖШС-нен жер учаскесін сатып алу жүзеге асырылмаған;

- жалпы сомасы 1 782,4 млн теңгеге құрылыс, реконструкциялау және күрделі жөндеу объектілерінде орындалмаған жұмыстар үшін мердігер ұйымдарға негізсіз ақы төлеу фактілері анықталды. Мысалы, Құрылыс басқармасы 2023 жылы «ARMADA QURULYS» ЖШС мердігерлік ұйымына орындалмаған жұмыстар үшін және облыстық прокуратура ғимаратын күрделі жөндеу бойынша жабдықтарды жеткізбегені үшін сомасы 558,2 млн теңге (*1 516,3 млн теңге жалпы төлем сомасынан*) төлем жүргізен*;*

- «Семей» ӘКК» АҚ қызметінің төмен тиімділігі» *(азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қоры толық көлемде қалыптастырылмаған, 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларынан өнім 8 түрі бойынша (42,1%) нақты сатып алынған, «Семей ӘКК» АҚ тұрақтандыру қорын қалыптастыру бойынша бөлінген 2 млрд теңгенің 1,3 млрд теңгесіне немесе 65%-ына өнім жеткізуге шарт жасалды, нысаналы мақсаты бойынша емес қаражат салықтарды (КТС және ҚҚС) төлеуге бағытталған - 646 млн теңге, 55 млн теңге игерілмеді);*

- жосықсыз қарыз алушыға кепілмен қамтамасыз ету болмаған кезде кредит беру *(«Қалиханұлы» ШҚ қарыз алушысы жеткізілетін сүт сапасының ГОСТ 9225-84 -ке сәйкес келмеуіне байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде көрсетілген).*

Ақтөбе облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **4,44** млрд теңге бөлінген, игерілгені – **4,17** млрд теңге немесе **93,9%.**

Есепті кезеңде іске асырылған 24 жобаның 14-і аяқталған, 2024 жылға ауысатыны – 10.

Сонымен қатар, **Ақтөбе облысында** ЖАП-тың аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша (*қамту кезеңі 01.01.2019 ж. бастап 30.06.2023 ж. дейін*[218] мынадай кемшіліктер анықталды:

1. Объектілерді жобалау және салу барысын бақылаудың болмауы

(Құрылыс басқармасы бойынша құрылыс объектілерінің жартысы (48%) 2019-2022 жылдар кезеңінде (сомасы 121 млрд теңге 159-дан сомасы 90 млрд теңге 76 шарт) жобаларды іске асырудың нормативтік мерзімдерін бұза отырып, уақтылы аяқталмаған, бұл кейіннен жобаларды түзету есебінен қымбаттауға әкеп соғады (мысалы, «Ақтөбе қаласының «АҚТОВЕСІТУ» (Батыс-3) тұрғын алабының көп қабатты құрылысын электрмен жабдықтау желілерін салу» жобасы бойынша нормативтерді бұза отырып, жобаланатын 10 кВ кабель желілерін төсеу плиталармен жабылған типтік темірбетон науаларда көзделген, бұл жобалық құнын 19% - ға немесе 1,2 млрд теңгеге арттырды)

«Ақтөбе қ. «Бауырластар-5» тұрғын алабын электрмен жабдықтау желілерін салу» жобасы бойынша *құнынан* ***27%-ға*** *немесе 844 млн теңгеге* ***жасанды қымбаттау*** *анықталды. Көшені жарықтандыру Ақтөбе қаласында іске асырылып жатқан басқа жобаларға ұқсас жарықтандыруды темірбетон электрмен жабдықтау тіректерінде орнатудың орнына, жерасты кабелі бар жекелеген темір тіректерде жобаланған.*

2. Көлік инфрақұрылымын дамыту саласындағы елеулі проблемалық мәселелер *(облыс жол жағдайы нашар өңірлердің қатарына кіреді. Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау жүйелі түрде қаржыландырмайтындығы байқалады (белгіленген қаржыландыру нормативінен орта есеппен 11,6%). Жекелеген аудандарда* ***әр жылдары жеткіліксіз қаржыландыру пайызы 81,3%-дан 97,7%-ға дейін өзгерді*** *(Әйтеке би, Ойыл және Шалқар аудандарында). Шығыстардың негізгі үлесі (51%) немесе 99 млрд теңгенің 50 млрд теңгесі салалық заңнамада «орташа жөндеу» ұғымының болмауына байланысты мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жатпайтын жолдарға орташа жөндеу жүргізуге тиесілі).*

3. Көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларының тиімсіздігі *(«Бизнестің жол картасы 2020 (2025)» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сомасы 1,8 млрд теңге мемлекеттік қаржылық қолдау шаралары көрсетілген кәсіпкерлік субъектілерінің 29% - ы өңірлік кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз етуге жәрдемдеспейді (талдауға ұшыраған 1 031 субъектінің 294-інде тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдар жоқ, жаңа жұмыс орындарын құру және салық төлеу бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе толығымен жойылған).*

Мысалы, ***2020 жылы 700 гектар алқапта басталған суармалы жерлерге арналған инфрақұрылымды (сумен жабдықтау) жеткізу жобасы аяқталған жоқ****, оның шеңберінде облысты жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден картоппен қамтамасыз етуді 35-тен 44% - ға дейін жеткізу жоспарланған болатын.*

4. Облыс әкімдігінің құрылымдық бөлімшелері арасындағы іс-

[218] 2023 жылғы 30 қарашадағы №27-Қ Ақтөбе облысына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит

қимылдардың үйлестірілмеуі ***(Хромтау ауданы Жазық ауылының бір елді мекенінде (Құрылыс және энергетика және ТКШ басқармалары)*** *жалпы сомасы 400 млн теңгеден астам ауыз суды жеткізу бойынша* ***екі ұқсас жоба*** *іске асырылған. Бұл ретте өңірде 48 АЕМ сапалы сумен қамтамасыз етілмеген.*

Ақтөбе қаласындағы «Нұр-Ақтөбе» тұрғын алабы №8 шағын ауданының инженерлік желілерін (электрмен жабдықтау және газбен жабдықтау) салу жөніндегі екі жобаны іске асыру үшін республикалық бюджет қаражатынан бөлінген 275 млн теңге осы шағын ауданда үйлер салу жөніндегі жоспарлардың болмауына байланысты жоғары тұрған бюджетке қайтарылған.

Жүргізілген аудит қорытындысы бойынша **0,4 млрд теңгеге** қаржылық бұзушылықтар, **8,8 млрд теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану анықталды.

Алматы облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **9,08** млрд теңге бөлініп, **8,6** млрд теңге немесе **94,7%** игерілді.

Есепті кезеңде іске асырылған 25 жобаның: 11-і аяқталды, 2024 жылға ауысатыны – 14.

Сонымен бірге, бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару салдарынан 2022 жылы пайдалануға берілген және кейіннен қаражатты қысқарта отырып, 2023 жылы қаржыландырылған жобалар анықталды:

Жоба	Себептер
Алматы облысы Жамбыл ауданы Тарғап ауылында жеткізуші газ құбыры мен газ тарату желілерінің салу	**Жоба 2022 жылы пайдалануға беріліп, 2023 жылы қаржыландырылды** Бюджетті бекіту кезінде ҰҚ бөлінген 93,4 млн теңге қаражат бюджетке қайтарылды. Бұл жоба ЖБ есебінен іске асырылуына байланысты, 2022 жылы пайдалануға берілді. 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 27 қабылдау актісі.
Алматы облысы Райымбек ауданы Жаңа Текес ауылындағы су жабдықтау жүйесін реконструкциялау және салу	**Жоба 2022 жылы пайдалануға беріліп, 2023 жылы қаржыландырылды** Бюджетті бекіту кезінде Ұлттық қордан бөлінген 387,8 млн теңге қаражат бюджетке қайтарылды. Бұл жоба ЖБ есебінен іске асырылуына байланысты, 2022 жылы пайдалануға берілді. 2022 жылғы 29 желтоқсандағы н/ж қабылдау актісі.
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Тәшкенсаз ауылындағы қолданыстағы Абдуллин атындағы орта мектепке 300 орындық жапсаржай салу.	**Жоба 2022 жылы пайдалануға беріліп, 2023 жылы қаржыландырылды** Бюджетті бекіту кезінде Ұлттық қордан бөлінген 392,2 млн теңге қаражат бюджетке қайтарылды. Бұл жоба ЖБ есебінен іске асырылуына байланысты, 2022 жылы пайдалануға берілді. 2022 жылғы 15 қыркүйектегі н/ж қабылдау актісі.
«Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласының шағынаудандары мен Шелек ауылындағы көпқабатты үйлердің автономды блокты-модульдік қазандықтарын салу» (БМК 13, Шелек ауылы, Жібек жолы көшесі, №2 ғимарат, №4 ғимарат)	**Жоба 2022 жылы пайдалануға беріліп, 2023 жылы қаржыландырылды** Бюджетті бекіту кезінде Ұлттық қордан бөлінген 110,3 млн теңге қаражат бюджетке қайтарылды. Бұл жоба ЖБ есебінен іске асырылуына байланысты, 2022 жылы пайдалануға берілді. 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 109 қабылдау актісі.
«Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылының тұрғын алабын электрмен жабдықтау.» (2-кезең)	**Жоба 2022 жылы пайдалануға беріліп, 2023 жылы қаржыландырылды** Бюджетті бекіту кезінде Ұлттық қордан бөлінген 50,0 млн.теңге қаражат бюджетке қайтарылды. Бұл жоба ЖБ есебінен іске асырылуына байланысты, 2022 жылы пайдалануға берілді. 31.05.2022 жылғы № 11 қабылдау актісі.

ЖАП-тың Алматы облысында мемлекеттік ресурстардың пайдаланылу

тиімділігіне жүргізген **мемлекеттік аудиттің алдын ала қорытындылары** шеңберінде *(қамту мерзімі 01.01.2022 – 31.12.2023 жылдар аралығы)* мынадай проблемалық мәселелер атап өтіледі:

- шығыстар бойынша бюджетті атқару сапасының төмендігі *(кіріс бөлігінің нақты салық базасымен сәйкес келмеуі);*

- жергілікті бюджет қаражатының тапшылығы *(аудандар мен қалалардың ҚБШ бойынша бос қаражат қалдығы 11,2 млрд. теңге сомада жинақталған кезде 2023 жыл 14,9 млрд. теңге кредиторлық берешекпен аяқталды);*

- БИЖ іске асыру мерзімдерінің созылуы *(2022 жылы құны 129,5 млрд теңгені құрайтын 110 жоба, 2023 жылы құны 110,4 млрд теңгені құрайтын 81 жоба нормативтік мерзімде аяқталмаған, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманың сақталмауы, жобалардың қымбаттауы немесе оларды консервациялау);*

- техникалық және авторлық қадағалау қызметінің нашар ұйымдастырылуы *(жабдықтар мен материалдарды жеткізбеу, аяқталмаған жұмыстарды қабылдау, 3,9 млрд теңге сомада жоғарылатылған құны бойынша жұмысқа ақы төлеу, 12,7 млрд теңге сомада жұмыс көлемін сатып алынатын жұмыстарды олардың біртекті түрлері мен орындалу орны бойынша лоттарға бөлу бойынша талаптарға қайшы бір өнім берушіге беру фактілері);*

- мемлекеттік активтерді ұтымсыз пайдалану *(бюджет қаражаты есебінен 11,2 млрд теңге сомаға құрылған «Алатау» АҚ-ның объектілерін есепке алмау және Алматы облысының Іле және Еңбекшіқазақ аудандарында 916,5 млн теңге сомадағы дебиторлық берешекті жасыру фактілері).*

Атырау облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **4,02** млрд теңге бөлініп, **4,01** млрд теңге немесе 99,7% игерілді.

Есепті кезеңде іске асырылған 18 жобаның: 10-ы аяқталды, 2024 жылға ауысатыны – 8.

Сонымен бірге, бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқаруға байланысты 2022 жылы пайдалануға берілген және кейіннен қаражатты қысқарту арқылы 2023 жылы қаржыландырылатын жобалар анықталды:

Жоба	Себептер
Құрманғазин ауданы Атырау облысы Дашино ауылында 300 орындық ауылдық мәдениет үйінің салу	**Жоба 2022 жылы пайдалануға беріліп, 2023 жылы қаржыландырылды** 2023 жылы бюджетті бекіту кезінде ҰҚ-дан бөлінген 80 млн теңге қаражат бюджетке қайтарылды. Бұл жобаның 2022 жылы пайдалануға берілуіне байланысты. 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №161 қабылдау актісі.

Шығыс Қазақстан облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **4,33** млрд теңге бөлініп, **4,33** млрд теңге немесе **100%** игерілді.

Есепті кезеңде іске асырылған 11 жобаның: 4-і аяқталды, 7-уі ауысатын.

Жамбыл облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **7,19** млрд теңге бөлініп, **7,07** млрд теңге немесе **98,3%** игерілді.

Есепті кезеңде 45 жоба іске асырылды, соның ішінде 18-і аяқталды, 27-сі ауысатын. Бұдан басқа, 2022 жылы аяқталған, бірақ 2023 жылғы бюджетте қаржыландыру көзделген жобалар бар:

Жоба	Себептер
Жамбыл облысы Шу ауданы Төле би ауылындағы М. Әуезов атындағы орта мектепті газбен жабдықтау	**Жоба 2022 жылы пайдалануға беріліп, 2023 жылы қаржыландырылды** 2022 жылы ҰҚ-дан 46,0 млн.теңге бөлініп, 100% игерілді. Бұл жоба 2022 жылы пайдалануға берілгендіктен, 2023 жылы бюджетті бекіту кезінде ҰҚ-дан бөлінген 23 млн теңге бюджетке қайтарылды. 2022 жылғы 19 қазандағы қабылдау актісі.
Жамбыл облысы Шу ауданы Төле би ауылындағы М.Мақатаев атындағы орта мектепті газбен жабдықтау	**Жоба 2022 жылы пайдалануға беріліп, 2023 жылы қаржыландырылды** 2022 жылы ҰҚ-дан 36,5 млн теңге бөлініп, 100% игерілді. Бұл жобаның 2022 жылы пайдалануға берілуіне байланысты 2023 жылы бюджет бекітілгенде ҰҚ-дан бөлінген 33 млн теңге бюджетке қайтарылды. 2022 жылғы 19 қазандағы қабылдау актісі.
Жамбыл облысы Шу ауданы Төле би ауылындағы Қонаев атындағы орта мектепті газбен жабдықтау	**Жоба 2022 жылы пайдалануға беріліп, 2023 жылы қаржыландырылды** 2022 жылы ҰҚ-дан 69,4 млн теңге бөлініп, 100% игерілді. бұл жобаның 2022 жылы пайдалануға берілуіне байланысты 2023 жылы бюджет бекітілгенде ҰҚ-дан бөлінген 28 млн теңге бюджетке қайтарылды. 2022 жылғы 19 қазандағы қабылдау актісі.

Жетісу облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **4,88** млрд теңге бөлініп, **4,86** млрд теңге немесе **99,6%** игерілді.

Есепті кезеңде **15** жоба іске асырылды, оның ішінде 7-і аяқталды, 2024 жылға ауысатыны – 8.

Сонымен бірге, 2024 жылдың II тоқсанында ЖАП Жетісу облысында мемлекеттік ресурстардың пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің алдын ала қорытындыларын шығарды (*қамту кезеңі 01.01.2022 – 31.12.2023 жылдар аралығы)* және мынадай проблемалық мәселелерді анықтады:

- бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерін сапасыз жоспарлау *(бюджеттік бағдарламалардың есептілігі көрсеткіштерге қол жеткізу немесе қол жеткізбеу талдауды қамтымайды);*

- 12 құрылыс жобасын түзету *(құрылыс материалдары бағасының 4 888 млн теңгеден 7 873 млн теңгеге дейін қымбаттауы, жобаны іске асыру мерзімінің кешіктірілуі және т.б.);*

- салынып біткен құрылыс объектілеріне кепілдік мерзімін қысқарту құрылыс жобаларын Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына[219] сәйкес дайын құрылыс объектісін тауар ретінде сатып алу арқылы іске асырылды, бұл құрылыс жұмыстарының кепілдік мерзімін бір күнтізбелік жылға дейін қысқартуға әкеп соқты. Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде салынып біткен құрылыс объектісінің кепілдік мерзімі екі жылдан он жылға дейін *(«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның[220] 69-бабының 1-тармағына және Қазақстан*

[219] ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы
[220] 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 ҚР Заңы

Республикасы Азаматтық кодексінің 665-бабының 1-тармағына сәйкес (Ерекше бөлім)[221].

- тариф белгілеу саласындағы кемшіліктер *(халықтың сумен жабдықтауға тарифтер бойынша жарналары Жетісу облысы Кербұлақ ауданының салынған сумен жабдықтау жүйелерін күтіп-ұстауға арналған шығыстарды жаппайды (1 552,6 млн теңге жұмсалды);*

- Кербұлақ ауданының халқын ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз етудің бұзылу тәуекелдері *(электр энергиясының жоғары тарифтері салдарынан «Күреңбел су» қуаттылығы жоғары су сорғы станцияларына қызмет көрсететін компания шығынға ұшырауда).*

Батыс Қазақстан облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **4,05** млрд теңге бөлініп, **3,84** млрд теңге немесе **94,9%** игерілді.

Есепті кезеңде іске асырылған 14 жобаның: 4-і аяқталды, 2024 жылға ауысатыны – 10.

Қарағанды облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **3,65** млрд теңге бөлініп, **3,60** млрд теңге немесе **98,6%** игерілді.

Есепті кезеңде іске асырылған 12 жобаның: 2024 жылға ауысатыны – 11, аяқталмағаны – 1.

Бұдан басқа, ҰҚ қаражаты есебінен қаржыландыратын БИЖ жобаларының ішінде **реконструкциялау** жүргізу жобасы көзделген болатын, нәтижесінде оған **ағымдағы жөндеу** аудандық бюджет есебінен жүргізілді.

Жоба	Себептер
Бұқар жырау ауданы, Гагаринское ауылындағы қолданыстағы мектепке 4 сыныптық үй-жай, спорт залын, асхана және төрт мектепке дейінгі сыныпты жапсарлас салу.	**Аяқталмаған.** 2022 жылы ҰҚ-дан 151,7 млн.теңге бөлініп, 60,5 млн.теңге (39,9%) игерілді. 2023 жылы ҰҚ-дан 386,2 млн теңге бөлініп, игерілді. Жоба ЖСҚ-ның қымбаттауына байланысты жоспарланған мерзімінен кешігуде.
Нұра ауданы Қайнар ауылындағы су құбырын реконструкциялау	**Жобаны сапасыз іріктеу.** 2023 жылы ҰҚ-дан 20 млн теңге бөлініп, кейіннен бұл жобаны іске асыру қажеттілігі болмағандықтан қысқартылды. Нәтижесінде «Қаратал» КМК сервистік ұйымы реконструкциялау жұмыстарын жүргізудің орнына **аудандық бюджет қаражаты есебінен су құбырына** ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қалпына келтірілді.

Қызылорда облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **6,11** млрд теңге бөлініп, **6,09** млрд теңге немесе **99,8**% игерілді.

Есепті кезеңде іске асырылған 63 жобаның: 50-і аяқталды, 2024 жылға ауысатыны – 13.

[221] 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 ҚР Кодексі

Қостанай облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **5,53** млрд теңге бөлініп, **5,31** млрд теңге немесе **96,1**% игерілді.

Есепті кезеңде іске асырылған 19 жобаның: 6-ы аяқталды, 2024 жылға ауысатыны – 13.

Маңғыстау облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **4,21** млрд теңге бөлініп, **3,90** млрд теңге немесе **92,6**% игерілді.

Есепті кезеңде 20 жоба іске асырылды, соның ішінде 5-уі аяқталды, 2024 жылға ауысатыны – 13 жоба, аяқталмағаны – 2 жоба, соның ішінде:

Жоба	Себептер
Маңғыстау облысы Шетпе ауылының Базарлы шағынауданында ұзындығы 7,65 км автожол салу	**Аяқталмаған.** 2022 жылы ҰҚ-дан 364,6 млн теңге бөлініп, 318,2 млн.теңге (87,3%) игерілді. 2023 жылы ҰҚ-дан 216,9 млн теңге бөлініп, игерілді. Жоба орындалған жұмыстар актілерінің уақытылы тапсырылмауына байланысты жоспарланған кестеден кешігуде. 2024 жылғы сәуірде жергілікті бюджетті нақтылаумен қалған 25,2 млн теңге сома бөлінді. Ағымдағы жылдың қазан айында аяқтау жоспарлануда.
Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылында А.Меңдалыұлы атындағы орта мектепке қосымша құрылыс салу	**Аяқталмаған.** 2022 жылы ҰҚ-дан 362,2 млн теңге бөлініп, 123,1 млн теңге (34%) игерілді. 2023 жылы ҰҚ-дан 186,1 млн теңге бөлінді, 79,5 млн теңге (42,6%) игерілді. ЖСҚ-да жіберілген қателіктердің салдарынан жоба жоспарланған мерзімінен кешігуде. 2024 жылғы сәуірде жергілікті бюджетті нақтылау арқылы 97,3 млн теңге бөлінді. ҚМЖ жүргізілуде және биыл аяқтау жоспарлануда.

2023 жылы Маңғыстау облысында *(қамту кезеңі 01.01.2018 – 31.12.2022 жылдар аралығы)*[222] **аудит жүргізілді**, оның нәтижесінде мынадай кемшіліктер мен бұзушылықтар анықталды:

1. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері

Номиналды ЖӨӨ бес жыл ішінде 249,8 млрд теңгеге өскен кезде нақты көлем индексі, керісінше, 0,9 пайыздық тармаққа төмендеді.

Өңір жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша позициясын жыл сайын жоғалтуда, аудиттелетін кезеңде 4-орыннан 8-ге төмендеді;

Өңірдің өңдеу өнеркәсібі көлемінің ұлғаюына қарамастан, оның ЖӨӨ құрылымындағы үлесі бар болғаны 3,5%-ды құрады, бұл да республикалық көрсеткіштен 4 есе төмен.

2. Бюджеттің атқарылуының төмен деңгейі.

Бюджеттің кіріс бөлігінің орындалмауы *(42 млрд теңге)* және нысаналы трансферттердің игерілмеуі үрдісі анықталды. Бюджет шығындарын қаржыландыру салықтардың аванстық төлемдері *(28,8 млрд теңге),* нысаналы трансферттерді *(1,9 млрд теңге)* және қарыздарды *(4,2 млрд теңге)* мақсатына сай пайдаланбау есебінен жүйелі түрде қамтылып отыр. Инвестициялық жобаларды іске асыруға қарыз қаражатын тарту борышты өтеу бойынша шығындардың 73%-

[222]Маңғыстау облысына бөлінген бюджет қаражатының және мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу 2023 жылғы 5 қазандағы № 20-Қ

ға және оған қызмет көрсету бойынша шығыстардың 94 есеге *(0,024-тен 2,3 млрд теңгеге дейін)* өсуіне әкелді.

Бұдан басқа, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға тартылған 4,2 млрд теңге сомадағы қарыздар облыстық бюджеттің әлеуметтік маңызы бар шығыстарын жабуға бағытталған. *Мысалы, 2019 жылы Ақтау қаласында Қаржы басқармасы 5 қабатты төрт үйдің құрылысына тартқан 1,9 млрд теңге мөлшеріндегі қарыз сомасы төменгі бюджетке аударылмаған.*

3. Даму жоспарын қалыптастыру және орындау сапасының төмендігі.

Нысаналы индикаторлардың сабақтастығы сақталмайды, бұл олардың орындалуының уақытылылығы мен нәтижелілігін толыққанды бағалауға мүмкіндік бермейді. Бес жылда тек 3 индикатор үздіксіз орындалды, олардың сабақтастығы 4 жылды құрайды.

107 нысаналы индикатор немесе 28% (**388**) орындалмады, орындалмаған 19 индикатор бойынша жоспарлы мәндерге қол жеткізу 50%-дан кем;

Нысаналы индикаторлардың жоспарлы мәндерін орындау мен көзделген қаражатты игеру арасындағы өзара байланыс әлсіз.

Кейбір индикаторлардың жоспарлы мәндері өңірлік және табиғи-климаттық жағдайларды есепке алмаған.

Атап айтқанда, «Алма өндірісі» көрсеткіші бойынша: өңір халқын өз өнімдерімен қамтамасыз ету 0,4% ғана құрады, жоспар бойынша – 88%. Сонымен қатар шұжық өнімдерімен қамтамасыз ету 5,3% құрады, жоспар бойынша – 85%.

Бюджеттік бағдарламалардың нәтиже көрсеткіштеріне 424 қол жеткізбеу фактісі анықталды.

4. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру тиімділігінің жеткіліксіздігі.

Бес жыл ішінде өңірде іске асырылған құрылыс саласындағы 111 жобадан 56 жоба *(50,5%)* бастапқыда белгіленген мерзімде аяқталмаған.

Құрылысы аяқталған 18 объектінің 14-і пайдаланушы ұйымдардың балансына берілмеген. Бұл кейіннен объектілердің иесіз қалуына, конструкциялардың бұзылуына және материалдардың ұрлануына әкеп соғады *(Мәселен, ауылдық елді мекендерді (Батыр ауылы, Қызылтөбе ауылы) электрмен жабдықтаудың екі жобасы бойынша жалпы сомасы 8,4 млн теңгеге өздігінен жүретін электр жетектерін ұрлау анықталды).*

2021 жылы пайдалануға берілген жалпы құны 5,1 млрд теңгені құрайтын Мұнайлы ауданының Қызылтөбе және Басқұдық елді мекендерін сумен жабдықтау объектілері аудит жүргізу кезінде ауыл тұрғындарын сапалы әрі үздіксіз сумен қамтамасыз етпеген *(шамамен 9 мың абонент).* Осылайша, Басқұдық ауылында су кесте бойынша аптасына бір рет 4 сағаттан берілсе, Қызылтөбе ауылында магистральдық желідегі су көлемі жеткіліксіз болғандықтан су құбыры жұмыс істемей тұр. халыққа суды кезекпен су тасығыш көліктермен жеткізіп тұрды.

Бұдан басқа, жобалардың, соның ішінде құрылысқа арналған жер учаскесін таңдау кезінде пысықталмауы бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуына әкеп соғуда. Мәселен, Мұнайлы ауданы, Батыр ауылында құм басқан төбелердің биіктігі 10-12 метрге жететін аумақта жалпы сомасы 209 млн теңгеге жаңадан салынған тұрғын үйлерді электрмен жабдықтау желілерінің құрылысы жүргізілді. Кейбір аумақтарда мердігерге тірек бағандарын орнату үшін биіктігі 4 метрге жететін траншеяларды қазуына тура келді.

5. АӨК дамыту және өндірістік қауіпсіздік.

Стартап жобаларды іске асыруға бөлінген 824 кредиттің 1,2 млрд теңге сомаға 362 жоба жұмыс істемейді.

Өткен бес жылда бірінші кезекте маңызы бар азық-түлік өнімдерін өндіретін АӨК өңдеу кәсіпорындарының жұмыс көлемінің төмендегені байқалады. Мәселен, сүт өндіру көлемі 53,7%-ға, ірімшік пен сүзбе 42,5%-ға, макарон өнімдері 23,6%-ға, нан 11,4%-ға төмендеді.

АӨК саласында іске асырылып жатқан шаралар өз мақсатына жетпеуде.

Атап айтқанда, 2018 жылдан бері «Каспий» ӘКК қатысуымен іске асырылып жатқан құны 210 млн теңгені құрайтын «Аруана» тұқымды түйелердің аналық басын сатып алу және оларды өсіру бойынша жоба сол қалпы іске асырылмай қалды.

Нан бағасын тұрақтандыру бойынша ЖАО-ның қабылдаған шаралары тиісті ықпал жасамады.

Осылайша, 2022 жылы Азық-түлік корпорациясы ұн тартатын кәсіпорындарға 21 мың тонна арзандатылған бидай бөлді. Бұл ретте ұн тартатын кәсіпорындар бойынша өңірдегі нан өндіруші ұйымдарға бірінші сұрыпты өңделген ұнның көлемін сатуда есептерде берілген көлемдерден жетіспеушілік анықталды.

Өз кезегінде ЖАО арзандатылған бидайды пайдалану бойынша ұн тартатын кәсіпорындардың қызметін бақылауды қамтамасыз етпеген. Ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астық сату кезінде мемлекеттің экономикалық шығыны 165,5 млн теңгені құрады.

Бұдан басқа, аудит барысында ұн тарту кәсіпорындарының ұнды делдалдар арқылы сату схемалары анықталды. Атап айтқанда, «Карат» ЖШС бірінші сұрыпты ұнды «Карат LLP» ЖШС арқылы сатты, одан кейінгі 1 мың тонна ұнды сату расталған жоқ.

Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыруда да проблемалар бар. Мәселен, азық-түлік тауарларын сатып алу арқылы тұрақтандыру қорын қалыптастыруға ӘКК бөлген 962 млн теңге сомадағы бюджет қаражаты кәсіпкерлік субъектілеріне 0,1 мөлшерлемемен кредит беруге заңсыз бағытталды.

Бұл ретте бағаны тұрақтандыру іс-шараларының сапалы орындалуын қамтамасыз ететін қарыз алушыларды іріктеудің нақты өлшемшарттары

айқындылмаған, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуын білдіреді.

Бұдан бөлек, қарыз алушылар азық-түлік тауарларының белгіленген көлемін сату бойынша міндеттемелерін орындамаған: шамамен 1,6 мың тонна көкөністі, сату құны 51%-ға дейін өсірілген 38 тонна сүт өнімдері.

Жалпы, азық-түлік тауарларларының бағасын тұрақтандыру іс-шаралары қажетті нәтиже бермеді.

Кәсіпкерлерге арзан кредиттер беру арқылы қабылданған шаралар оларды айналым қаражаты түрінде пайдалануға және өнімді жоғары бағамен сату арқылы баюға мүмкіндік береді.

Аудит қорытындылары бойынша **1,8 млрд теңге** қаржылық бұзушылықтар, **15,3 млрд теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану, **0,4 млрд теңге** ықтимал шығындар мен жіберіп алған пайда анықталды.

Павлодар облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **3,74** млрд теңге бөлініп, **3,12** млрд теңге немесе **83,4%** игерілді.

Есепті кезеңде іске асырылған **18** жобаның: 7-уі аяқталды, 2024 жылға ауысатыны – 10, аяқталмағаны – 1, соның ішінде:

Жоба	Себептер
Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Қараоба ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу	**Аяқталмаған.** 2023 жылы ҰҚ-дан 164,9 млн теңге бөлінді, 139,4 млн теңге (84,5%) игерілді. Игерілмеу жұмыс кестесінен артта қалуға, өнім берушілердің шарт талаптарын орындамауына байланысты (*МС 06.03.2021 ж. № ЭППВ-0030/21*). ЖБ есебінен 26,3 млн теңге қаражат бөлінді.

Солтүстік Қазақстан облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **4,97** млрд теңге бөлініп, **4,96** млрд теңге немесе **99,9**% игерілді.

Есепті кезеңде **20** жоба іске асырылды, соның ішінде 10-ы аяқталды, 2024 жылға ауысатыны – 10.

Түркістан облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **14,4** млрд теңге бөлініп, **14,4** млрд теңге немесе **100**% игерілді.

Есепті кезеңде іске асырылған **79** жобаның: 35-і аяқталды, 2024 жылға ауысатыны – 44.

Ұлытау облысы

2023 жылы Ауыл-Ел бесігі жобасына ҰҚ-дан нысаналы даму трансферттерімен **1,42** млрд теңге бөлініп, **1,39** млрд теңге немесе **97,9%** игерілді.

Есепті кезеңде іске асырылған **3** жоба 2024-2025 жж. ауысады.

Ұлытау облысында жекелеген бағыттар бойынша мемлекеттік қаражаттың, сондай-ақ «Ұлытау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ активтерінің пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің алдын ала қорытындысы бойынша мынадай жүйелі кемшіліктер анықталды:

1. Қазақстанның орталығында 6 облыспен ортақ шекарасы бар географиялық орналасуына қарамастан, іс жүзінде өңір тек 3-уімен тікелей автокөлік қатынасымен шектелген *(оның ішінде Қызылорда және Қостанай облыстары бағытындағы жолдарда асфальт жабыны жоқ).*

2023 жылға автомобиль жолдары желісін одан әрі дамыту 772 млн теңге *(орта жөндеуі 20 км)* шектеулі бюджетпен тек Қызылорда, Қарағанды және Қостанай облыстарына ғана бағытталған, бұл өңірдің бар транзиттік әлеуетін дамытуға мүмкіндік бермейді.

2. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде **медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектілерін салу мерзімінің кешіктіру** анықталды.

ФАП құрылысының стандартты мерзімі 3 айды құраса, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құрылысы 2023 жылы басталған 5 ФАП-тың 4-і пайдалануға берілген жоқ *(шарттар мамыр айында жасалған, құрылыс қыркүйекте басталған) (Қоскөл, Байқоңыр, Терісаққан, Мибұлақ).*

Құрылыс 7 айдан астам уақыт бойы жүргізілуде *(себеп: бас мердігердің шарттық міндеттемелерді орындауға жосықсыз көзқарасы).*

3. Құнының қымбаттауына әкеп соқтыратын мектепке дейінгі білім беру объектілерін салу мерзімін созу анықталды. Мысалыға:

- Сәтбаев қ. құны 17%-ға өскен 320 орындық балабақша құрылысы 4 жылдан астам жүргізілуде *(бастапқы құны – 607 млн теңге, түзетілген – 806 млн теңге);*

- Жезқазған қаласында құны 14%-ға өскен 320 орындық балабақшаның құрылысы 10 жылдан астам жүргізілуде *(бастапқы құны – 824,2 млн теңге, түзетілген – 938,2 млн теңге).*

4. Жезқазған қ. **жылу желілерін тиімсіз басқару:**

- желілердің тозуы 60%-дан астам;

- «Жезқазған қ. жылу желілерін реконструкциялау және жаңғырту, құрылыстың 2-кезеңі» жобасын іске асыру мерзімінің кешігуі, құнының 3,4 есеге қымбаттауы *(2017 жылғы 4,7 млрд теңгеден 2024 жылғы 16,2 млрд теңгеге дейін).*

5. Қала халқын орталықтандырылған сумен жабдықтаумен тұрақты және сапалы қамтамасыз етуді ұйымдастыруға арналған 5 жұмыс жобасы бойынша **Жезқазған қ. су құбыры желілері мен шаруашылық-ауыз су тазарту құрылыстарын реконструкцилау кезінде елеулі кемшіліктер** анықталды:

- жұмыстар ТЭН әзірлемей жүргізілуде;

- жобаны іске асыру мерзімі 1,5 жылдан 7 жылға дейін асып кетті, бұл да жобалар құнының 1,7 есеге 14 млрд теңгеге *(20,2 млрд теңгеден 34 млрд теңгеге дейін)* өсуіне әкелді;

- 3,8 млрд теңге сомаға материалдар мен технологиялық жабдықтар іс жүзінде орнатылмай қабылданған.

6. 979,4 млн теңгеге жуық сомаға **орындалмаған жұмыс көлеміне ақы төлеу фактілері** анықталды, олар қолданыстағы шарттық міндеттемелер шеңберінде жойылуда.

7. БИЖ іске асыру қарқынының төмендігі. 2022 - 2023 жылдарға жалпы бюджеті 49 млрд теңгені *(ЖБ – 11 995 млн теңге, ҰҚ – 36 364,1 млн теңге, РБ – 658,3 млн теңге),* құрайтын іске асыруға қабылданған 64 жобаның *(соның ішінде 2019 – 2021 жылдардан бастап жалғасып келе жатқан 24 жоба),* 7 БИЖ іс жүзінде аяқталды *(негізгі себебі: қаржыландырудың болмауы, қаржыландыруды көптеген жобаларға бөлшектеу).*

8. «Ұлытау» ӘКК» АҚ төмен тиімділігі.

Аудит барысында «Ұлытау ӘКК» АҚ 2022-2023 жылдары:

1) 19 әлеуметтік маңызы бар тұтыну тауарларының 5 түрі бойынша *(сүт, айран, сары май, сүзбе, тұз)* сатып алу интервенцияларын жүргізбеген;

2) 2022-2023 жылдары облыстық тұрақтандыру қорын қалыптастыруға бөлінген жалпы сомасы **326,7 млн теңге** бюджет қаражаты **пайдаланылмай** *(тиімсіз)* қалды *(соның ішінде, 2022 жылға РБ – 26 млн теңге, 2023 жылға ЖБ – 300,7 млн теңге сомада).*

3) тиімсіз сатып алу интервенцияларының болуы, атап айтқанда қысқы кезеңде байқалды. Сонымен қатар, 2023 жылы ӘМТТ қалыптасқан нарықтық бағалар *(күнбағыс майы, қант, қарақұмық жармасы)* сатып алу бағасынан төмен болды. Нәтижесінде, Ұлытау облысының азық-түлік тауарлары нарығына реттеуші әсер ету мүмкіндігінің болмауы.

2.6. КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕРІ АКТИВТЕРІНІҢ БАСҚАРЫЛУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

ҚР 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары *(бұдан әрі - Ұлттық даму жоспары)* квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалауды көздейді. Реформа квазимемлекеттік сектордың рөлін қайта ойластыруды және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің *(бұдан әрі – КСС)* кез келген нысандарын құру және тарату мүмкіндігінің нақты шарттарын айқындауды қарастырады.

Жоғары аудиторлық палата Үкіметтің өткен жылдардағы есептеріне берген қорытындыларында квазимемлекеттік сектордың жұмыс істеуіне байланысты **жүйелі проблемаларды көрсетті**, солардың негізгілері:

– мемлекеттің экономикаға қатысу үлесінің басымдығы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қайталанатын функциялары мен қызмет салаларының болуы;

– холдингтердің дивидендтік саясатындағы жүйелі кемшіліктер;

– мемлекет қатысатын, мысалы өзінің негізгі функцияларын іске асырудан пайда таппайтын әлеуметтік саладағы заңды тұлғаларды КСС-ға жатқызу;

– квазимемлекеттік секторды басқару жүйесінің ұлттық ресурстарды ұлғайтуға және әл-ауқаттың өсуіне қабілетсіздігі;

– квазимемлекеттік сектордың сатып алу жүйесінің ашық болмауы, оның адал бәсекелестікті қамтамасыз ете алмауы;

– корпоративтік басқару жүйесі тиімділігінің жеткіліксіз болуы;

– квазимемлекеттік сектордың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде қайшылықтар мен олқылықтардың болуы;

– жекешелендіру процесі тиімділігінің төмендігі.

Белгіленген жүйелі проблемалардың барлығының дерлік **өзекті болуы** қазіргі уақытта да **сақталып отыр**.

2022 жылы Үкімет Квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі талдамалық баяндаманы және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын қабылдады[223] *(бұдан әрі – Талдамалық баяндама және Іс-шаралар жоспары).* Талдамалық баяндамада квазимемлекеттік сектордың жұмыс істеуінде жүйелі проблемалардың болуы расталады және олардың негізгі бөлігі Жоғары аудиторлық палатаның жасаған қорытындыларынан туындайды.

Талдамалық баяндама квазимемлекеттік секторды реформалаудың мынадай тәсілдерін ұсынады:

[223] «ҚР квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі талдамалық баяндаманы және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 654 ҚРҮҚ

- квазимемлекеттік секторға қатысты мемлекет меншігі саясатын және мемлекеттің экономикаға қатысуын бекіту *(НҚА-да басшылыққа алатын нұсқаулар жүйесін, қағидаттарды, қағидаларды, өлшемшарттар мен алгоритмдерді бекіту);*

- квазимемлекеттік сектор субъектілерін жүйелеу және жіктеу *(квазимемлекеттік сектордың жаңа институционалдық құрылымын екі негізгі: экономикалық емес және экономикалық топқа бөле отырып қабылдау);*

- квазимемлекеттік секторда корпоративтік басқаруды жақсарту *(КМС субъектілерінің ашықтығы мен транспаренттілігін арттыру, олардың тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау).*

Қазіргі уақытта квазимемлекеттік секторды басқарудың тиімділігін арттыруға қатысты түйінді мәселе **квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі шараларды пәрменді нақты іске асыруды** қамтамасыз ету болып табылады.

Реформалау жоспарында 19 іс-шара көзделген, оның **17-сі** *(2022 жылы - 12, 2023 жылы - 5)* бойынша **орындау мерзімі келген** және Ұлттық экономика министрлігінің ақпараты бойынша жалпы алғанда орындалған.

Реформалау жоспарына сәйкес орындау мерзімі тек екі іс-шара бойынша басталған жоқ:

- КМС-ны мемлекеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізу *(2028 жылғы қаңтар);*

- Мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы дайындау *(2024 жылдан бастап).*

Осыны ескере отырып, Іс-шаралар жоспарын орындау реформалау процесінің аяқталуын білдіреді. Сонымен қатар, бүгінгі таңда квазимемлекеттік сектордың жұмысында жүйелі өзгерістер байқалмайды. Реформалау процесінің аяқталуы жаңа тетіктің жұмыс істеуін және құқықтық нормалардың өзгеруіне байланысты барлық ұйымдастыру шараларын іске асыруды регламенттейтін заңнамалық базаны қабылдауды көздейді, бірақ Жоспарда нақты орындау мерзімдері көрсетілмеген.

Мемлекеттің экономикаға қатысуын одан әрі қысқарту мақсатында 657 мемлекеттік меншік және квазимемлекеттік сектор объектісі, оның ішінде 5 республикалық меншік объектісі, 238 коммуналдық меншік объектісі, ұлттық холдингтер мен компаниялардың 241 объектісі, 173 ӘКК объектісі қамтылған Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда.

Анықтама ретінде: 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Кешенді жоспарға енгізілген объектілер саны 675 объектіні құрады. 2023 жылғы 28 ақпандағы № 165, 2023 жылғы 1 шілдедегі № 535, 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 1093 ҚРҮҚ сәйкес Кешенді жоспардан 18 объект алып тасталды. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Кешенді жоспар 657 объектіні қамтиды.

72-КЕСТЕ. Жекешелендірудің кешенді жоспарының 2021 - 2023 жылдары орындалуы туралы ақпарат

Атауы	Жекешелен-дірудің кешенді жоспары бойынша барлығы	2021		2022		2023		Ескертпелер
		жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты	
Сатылымға қойылды	410	360	333	235	225	86	51	
Сатылды	382		209		150		23	10 объекті бойынша шарттар бұзылды, оның ішінде 8 ЖАО объектісі, 2 КМС объектісі.
РБ объектілері	*3*		2		1		-	
ЖАО объектілері	*147*		129		11		7	
Квазимемлекеттік сектор	*232*		78		138		16	
Сатылғаны, млрд теңге	330		60		240		30	
Қайта ұйымдастырылды және таратылды	67		26		34		7	13 объекті бойынша қайта ұйымдастыру/ тарату туралы бұрын қабылданған шешімдердің күші жойылды

Дереккөз: ММЖК

Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асырудың бірінші жылында орын алған жекешелендіру процесінің белсенділігі **2023 жылы** айтарлықтай **төмендеп**, **небәрі** 23 объект *(2021 – 219 объект, 2022 – 150 объект)* сатылған.

Үш жылдың қорытындысы бойынша объектілердің тек 68%-ның сатылғанын ескере отырып, активтерді сатудың байқалған серпіні **Жекешелендірудің** 2021-2025 жылдарға арналған **кешенді жоспарының табысты орындалуына күмән келтіреді**.

ЖАП жүргізген аудит[224] шеңберінде 2016-2020, сондай-ақ 2021-2025 жылдардағы жекешелендірудің кешенді жоспарларын қалыптастыру мен орындаудың тиімділігі бағаланды, оның нәтижелері бойынша мынадай жүйелі проблемалар мен кемшіліктер анықталды:

1) Жекешелендіру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде кешенді және жүйелі тәсілдің болмауы.

Жекешелендірудің кешенді жоспарларын қалыптастыру квазимемлекеттік секторға қатысты мемлекеттің меншік саясатын ескерусіз және экономика секторларында мемлекеттің қатысу қажеттілігін бағалаусыз, квазимемлекеттік сектор субъектілерін жүйелеу мен жіктеусіз жүзеге асырылған.

Жекешелендірудің жалғыз мақсаты – мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін қысқарту.

[224] 21.12.2023 ж. № 29-Қ «Жекешелендіру саласындағы мемлекет саясатының тиімділігіне, Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға және 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарларын қалыптастыру және орындау бойынша мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне мемлекеттік аудит жүргізу (аралық бағалау)

Жекешелендіру саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттың болмауы 2016 - 2023 жылдар кезеңінде 39 объектінің кешенді жоспардан тыс сатылуына себеп болды.

2) Жекешелендірудің кешенді жоспарларының сапасыз қалыптастырылуы.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, ҚСС-ның іс-қимылдарын жеткілікті деңгейде үйлестірмеу жекешелендірудің кешенді жоспарларының сапасыз қалыптастырылуына әкелді. Нәтижесінде Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары 29 рет, ал Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары іске асырылған үш жыл ішінде 7 рет түзетілді.

3) Жекешелендіру объектілерінің нарықтық құнын анық айқындамау тәуекелдері.

Жекешелендіру объектілерін бағалау әдістері мен тәсілдерін таңдауда нақты регламенттің болмауы сатылатын объектілердің бағалау құнын төмендетуге мүмкіндіктер туғызады.

Мәселен, аудитпен қамтылған коммуналдық меншікті жекешелендірудің 70 объектісінің нарықтық құнын бағалау кезінде 90% жағдайда шығынды тәсіл қолданылған. Бұл ретте 51 объект шығынды емес, бұларға кірісті тәсілді қолданған жөн болар еді *(мұндай тәсілді қолдану неғұрлым жоғары бағалау құнын болжайды).*

4) Жүргізіліп жатқан жекешелендіру туралы жеткілікті деңгейде жария етілмеуі.

Жекешелендірудің кешенді жоспарларының орындалуы активтердің алдағы уақытта сатылатыны туралы кең ауқымды ақпараттық акциямен қамтамасыз етілмеді. Бүгінгі таңда сауда-саттық туралы ақпараттың жалғыз көзі іс жүзінде Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталы болып табылады. Веб-порталдың жекелеген бөлімдерінің белсенді болмауы, онда байланыс және өзге де ақпараттың, статистикалық деректердің болмауы электрондық сауда алаңының танымал болмауына әкеп соқтырды және әлеуетті сатып алушылардың болмауына алып келген факторлардың бірі болды.

5) Жекешелендіру саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің жетілмегендігі.

Аудит жүргізу кезінде қолданыстағы жекешелендіру процесін реттейтін нормативтік-құқықтық база объектілерді нарықтық құнынан едәуір төмен бағамен сатуға мүмкіндік береді.

Жекешелендіру объектісін сату тәсілін таңдау тетігі нақты регламенттелмеген. Жекешелендіруді жүргізу тәсілдерін активтерді сатушылар құратын комиссиялар айқындайды. Бұл ретте ұқсас объектілерді сату әдісін таңдауда түрлі тәсілдер қолданылады.

Мысалы, Жамбыл облысы мен Алматы қаласында 5 денсаулық сақтау объектісі тендер тәсілімен, ал Павлодар облысында 2 денсаулық сақтау объектісі *(емханалар)* сенімгерлік басқару кезеңі аяқталғаннан кейін тікелей атаулы сату жолымен сатылды.

Тікелей атаулы сатуға кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілген объектілер, сондай-ақ Үкіметтің шешімімен айқындалған, стратегиялық инвесторға беруге жататын объектілер жатады. Алайда, стратегиялық серіктесті дұрыс таңдаудың айқын өлшемшарты жоқ, бұл оны анықтау рәсімін нақтыламайды.

Сондай-ақ, мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы заңнама сатушыға объектілерді сенімгерлік басқаруға беру шарттарын таңдау және оларды тендер тәсілімен сату кезінде қызмет бейінінің сақталу мерзімін айқындау кезінде дискрециялық өкілеттіктер береді.

Бұл ұқсас объектілерді сату кезінде әртүрлі құқық практикасын қолдануға әкелді. Мысалы, Павлодар облысында денсаулық сақтау объектілерін сатып алушыларға беру кезінде қызмет бейінін тек 3 жыл, Жамбыл облысында – 10 жыл мерзімге сақтау шарты қойылды.

6) Жекешелендіру объектілерін сату алдындағы дайындыққа қаражатты тиімсіз пайдалану.

Жекешелендірудің кешенді жоспарларынан республикалық меншіктің 35 объектісін алып тастауға байланысты бағалау туралы есептердің талап етілмеуі салдарынан сомасы 1,6 млрд теңге бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланылған.

Мысалы, «AES Өскемен ГЭС» ЖШС мен «AES Шүлбі ГЭС» ЖШС-ны сатуға дайындау үшін 1,5 млрд теңге қаражат жұмсалды. Алайда, кейіннен, 2022 жылы аталған ГЭС жекешелендірудің кешенді жоспарынан алып тасталды.

Сондай-ақ, активтерді бәсекелестік ортаға беру процесінің ұзақтығы және активтерді сату алдындағы дайындық үшін тәуелсіз консультанттарды тарту туралы шешім қабылдаудағы қателіктер КСС-ның сомасы 1,5 млрд теңге ақшалай қаражатын тиімсіз пайдалануға әкелді, сондай-ақ ықтимал шығындар мен жіберіп алған пайда 9,3 млрд теңгені құрады.

Анықтама ретінде:

1-мысал. *2018 жылы бағалау, сондай-ақ инвесторлармен келіссөздер жүргізу үшін тәуелсіз консультантты тартуға, «Тұлпар» вагон құрастыру зауыты» ЖШС-ны сатып алу-сату мәмілесін құрылымдауға және заңды сүйемелдеуге «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның сомасы 148,4 млн теңге ақшалай қаражаты жұмсалғанына қарамастан, сатылмады.*

2-мысал. *«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» ҚР Заңының 32-бабының 2-тармағына сәйкес халықаралық маңызы бар теңіз порттары жекешелендіруге жатпайды. Осыған қарамастан, 2017 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ҰК» АҚ сату алдындағы диагностика және бағалау бойынша тәуелсіз консультанттың қызметтеріне 58,2 млн теңге жұмсап, активті бәсекелестік ортаға беру бойынша қандай да бір іс-әрекеттер жасамаған.*

Ұлттық даму жоспарына сәйкес келесі жылы мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін түбегейлі қысқартуға бағытталған квазимемлекеттік сектордың жаңа моделін құру жөніндегі жұмыс аяқталуы тиіс.

Сонымен қатар, Ұлттық даму жоспары қабылданған сәттен бастап **мемлекеттің экономикаға қатысу үлесінің түбегейлі қысқаруы байқалмайды** және 2019 - 2022 жылдар аралығында оның **үлесі небәрі** 14,9%-дан 14,2%-ға дейін **0,7%**-ға **қысқарды**.

61-ДИАГРАММА. КМС субъектілерінің ЖІӨ-дегі жалпы қосылған құнының үлес салмағы, млрд теңге

Дереккөз: ҰСБ

Квазимемлекеттік сектордың ЖҚҚ салалық құрылымы мынадай болып өзгерді.

73-КЕСТЕ. 2018 - 2022 жылдары мемлекеттің экономика салаларына қатысу үлесінің құрылымы

№	Саланың атауы	2018	2019	2020	2021	2022
1.	Өнеркәсіп	52,6%	54,6%	45,4%	55,0%	62,1%
2.	Көлік және қоймалау	22,2%	20,1%	27,8%	17,8%	15%
3.	Сауда	3,9%	3,2%	7,5%	7,4%	6,2%
4.	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	5,9%	6,8%	6,9%	6,7%	5,6%
5.	Ақпарат және байланыс	4,5%	5,7%	5,6%	6%	4,4%
6.	Білім беру	3,4%	3,5%	1,3%	2,2%	2%
7.	Қаржылық және сақтандыру қызметі	0,8%	1,2%	1,1%	0,7%	0,8%
8.	Құрылыс	1,7%	0,4%	0,3%	0,5%	0,4%
9.	Өзгелер	5%	4,5%	4,1%	3,7%	3,5%

Дереккөз: ҰСБ

Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда экономиканың барлық салалары бойынша квазимемлекеттік сектор үлесінің *(көлік бойынша 2,8%-ға, саудада 1,2%-ға, денсаулық сақтауда 1,1%-ға, ақпарат және байланыс бойынша 1,6%-ға, білім беруде 0,2%-ға, құрылыста 0,1%-ға)* төмендеуі орын алып отыр.

Сонымен қатар, **мемлекеттің өнеркәсіптегі үлесінің 7,1%-ға** айтарлықтай **өсуі** *(негізінен тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі мемлекет үлесінің 41,8%-дан 48,7%-ға дейін 7,2%-ға өсуі есебінен)* байқалады.

2023 жылы квазимемлекеттік сектор субъектілерін қаржыландыру көлемі 2022 жылғы деңгейге қарағанда 4%-ға *(1 136,5 млрд теңге)* ұлғайып, 1 185 млрд теңгені[225] немесе республикалық бюджеттің жалпы шығыстарының 5,5%-ын құрады.

74-КЕСТЕ. 2021 - 2023 жылдардағы республикалық бюджеттің квазимемлекеттік сектор субъектілерін қаржыландыруға арналған шығыстары, млрд теңге

Шығыстар бойынша бюджеттің атқарылуы	2021	2022	2023	2021 салыс-тырғанда 2023 +/-	2022 салыс-тырғанда 2023 +/-
Жарғылық капиталды ұлғайту	30,1	134,9	243,8	8 есе	1,8 есе
Мемлекеттік тапсырма	407,4	314,5	359,4	-11,8%	+14%
Бюджеттік кредиттер	284,7	577,3	410,3	1,4 есе	-29%
Нысаналы аударымдар	30,2	12,3	11,8	-2,5 есе	- 2,5 есе
Нысаналы салымдар	29,9	15,3	7,3	- 4 есе	- 2 есе
ЖАО заңды тұлғаларының жарғылық капиталын ұлғайту	55,2	61,3	124,8	2,3 есе	2 есе
ОМО ведомстволық бағынысты заңды тұлғаларының күрделі шығыстары	10,3	20,9	27,6	2,7 есе	1,3 есе
ЖИЫНЫ	**847,8**	**1 136,5**	**1 185,0**	**1,4 есе**	**+4,3%**

Дереккөз: Үкіметтің есептері

Нысаналы аударымдар мен салымдардың төмендеуімен қатар *(2022 жылмен салыстырғанда 2,5 және 2 есе)* орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың **ведомстволық бағынысты ұйымдарын қаржыландыру көлемінің** *(2022 жылмен салыстырғанда 1,3 және 2 есе)* **өсуі байқалады**.

Қаржыландыру құрылымында ең көп үлесті бюджеттік кредиттер – 35% *(2022 жылға қарағанда -29%)*, мемлекеттік тапсырманы орындауға бөлінген қаражат – 24% *(2022 жылға қарағанда +14%)* және жарғылық капиталды толықтыру – 21% *(2022 жылға қарағанда +1,8 рет)* алып отыр.

Бюджеттік қаржыландырудың ең үлкен көлемі *(ӘМСҚ есептемегенде)* «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға – 402,7 млрд теңге немесе 34% және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға – 212,1 млрд теңге немесе 18% тиесілі болды.

Республикалық бюджет қаражаты өңдеу өнеркәсібі жобаларын қаржыландыруға, ауыл шаруашылығы және жем-шөп дайындау техникасын сатып алуға, көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге, тұрғын үй алуға қарыздар беруге, «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА инфрақұрылым объектілерін салуға, жолаушылар вагондарының паркін жаңартуға және т.б. бағытталған.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау

[225] Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына берілетін трансферттерді есепке алмағанда

шоттарынан (ҚБШ) нақты шығыстары 516 млрд теңгені немесе есепті жыл түсімдерінің 86%-ын *(603,2 млрд теңге)* құрады.

Пайдаланылмаған қаражат қалдығының көлемі 118,4 млрд теңгені құрап, 2021 - 2022 жылдардағы **деңгейге қарағанда 2,5 есе ұлғайды** *(46 млрд теңге),* соның ішінде жарғылық капиталды толықтыруға бөлінген қаражат – 109,9 млрд теңге, мемлекеттік тапсырманы орындауға – 8,5 млрд теңге. 2023 жылғы қаражаттың қалдығы 87,2 млрд теңгені немесе 74%-ды құрады, бұл Бюджет кодексінің[226] 97-бабына сәйкес бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану болып табылады.

75-КЕСТЕ. 2021 - 2023 жылдары квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ҚБШ-дағы пайдаланылмаған қаражат қалдығы туралы ақпарат, млрд теңге

ҚБШ-ға түскен түсімдер	2021	2022	2023	2021 салыс-тырғанда 2023 +/-	2022 салыс-тырғанда 2023 +/-
Пайдаланылмаған қаражат қалдығы	46,6	46,3	118,4	**2,5 есе**	**2,5 есе**

Дереккөз: Үкіметтің есептері

Пайдаланылмаған қаражат қалдығының ең көп көлемі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ, «Қазсушар» ШЖҚ РМК-ге тиесілі.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – 53,7 млрд теңге *(45%),* оның ішінде 2023 жылы Ұлттық қордан «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА инфрақұрылым объектілерін салуға бөлінген 49,5 млрд теңге.

Консорциум құрамындағы сыртқы су құбырының су дайындауды орнату және ағындарын тазарту жөніндегі құрылыс жұмыстарын орындауға жауапты қатысушылардың ауысуына және ЖСҚ әзірлеудің кеш мерзімдеріне байланысты «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-ның жарғылық капиталын ұлғайтуға бөлінген қаражат ҚБШ-да болды.

Нәтижесінде қаражатты игеру 2024 жылдың бірінші тоқсанына ауыстырылды, бұл «Бутадиен» ЖШС *(75% – «Татнефть» ЖАҚ, 25% – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ)* үшін инфрақұрылым объектілерін пайдалануға беру **мерзімдерін кешіктіру тәуекелдеріне әкеп соғуы мүмкін.**

«Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ – жарғылық капиталды ұлғайту жолымен қолайсыз ауа-райынан зардап шеккен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдауға Үкімет резервінен 26,6 млрд теңге *(23%)* бөлінген.

Астық сатып алу бойынша жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілмеуге байланысты АӨК субъектілерін қолдауға көзделген 31,4 млрд теңгеден небәрі 4,8 млрд теңге игерілген.

350 мың тонна астықты сатып алудың жоспарлы көлемінен өтінімдер 290,4

[226] 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV ҚР Бюджет кодексі

мың тоннаға жиналды, **шарттар небәрі 108,2 мың тоннаға жасалды**.

«Қазсушар» ШЖҚ РМК – авариялық су қоймаларын, гидротехникалық құрылыстарды, гидромелиорациялық жүйелерді реконструкциялауға және жаңғыртуға, ирригация мен дренажды қалпына келтіруге 15,3 млрд теңге *(13%)* бөлінген.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің әлсіз қарқыны қаражатты тиімді пайдалануға ықпал етпейді және өткен есепті кезеңдерден қаражаттың созылмалы жинақталуына әкелуде.

Нәтижесінде 2023 жылдың басындағы 19,7 млрд теңге қаражат қалдығынан 15,3 млрд теңге немесе 77%-ы, соның ішінде мына жобалар бойынша игерілмеген:

- «Авариялық су қоймалары мен гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау» (15 авариялық) - 1 млрд теңге;

- «Авариялық су қоймалары мен гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау» (5 жаңа)– 4,5 млрд теңге;

- «Ақтөбе облысында сұранысқа ие жайылым суару жерлерінің гидромелиорациялық жүйелерін реконструкциялау және жаңғырту» – 238,2 млн теңге;

- «Ақтөбе облысының сұранысқа ие суармалы жерлерінің гидромелиорациялық жүйелерін реконструкциялау және жаңғырту» – 1,6 млрд теңге;

- «Павлодар облысының сұранысқа ие суармалы жерлерінің гидромелиорациялық жүйелерін реконструкциялау және жаңғырту» – 1,7 млрд теңге;

- «Ирригация мен дренажды қалпына келтіру» (ИДБ қарызы) – 3,2 млрд теңге;

- «Ақтөбе, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының су шаруашылығы және гидромелиорациялық жүйелерін реконструкциялау және қалпына келтіру» (ЕҚДБ қарызы) – 3 млрд теңге.

Бюджет заңнамасында ҚБШ-ға қаражаттың түсуі мен жұмсалу операцияларын көрсету процесі тек жарғылық капиталды толықтырумен және мемлекеттік тапсырманы орындаумен шектеледі[227].

2023 жылы бөлінген 410,3 млрд теңгенің 65 млрд теңгесі немесе 16%-ы игерілмеген *(58,8 млрд теңге – «Отбасы банк» АҚ салынған кредиттік тұрғын үйді сатып алуға және «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін; 6,2 млрд теңге - «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ өңдеу өнеркәсібінің ірі жобаларын қаржыландыру үшін).*

Бұл фактілер квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бөлінетін бюджет қаражатын тек қазынашылық органдарында ашылатын шоттарда есепке алу қажеттілігін растайды.

Осылайша, Жоғары аудиторлық палатаның жалпыұлттық міндеттерге байланыстыра отырып, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бөлінетін қаражаттың игерілуін **орталықтандырылған есепке алу мен мониторингілеудің** толық ауқымды жүйесін енгізу қажеттілігі туралы қорытындысы **өзектілігін сақтап отыр.**

Өңдеу өнеркәсібінің ірі жобаларын қаржыландыру үшін 20 млрд теңге

[227] 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV ҚР Бюджет кодексінің 88-бабы

қаражат **«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ға** нақты тізбе және «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасында бекітілген тиісті іс-шаралар болмаса да бөлінген[228].

Бұл ретте қаржыландыруға көзделген «Каустикалық сода, ПВХ, кальций карбидін өндіретін зауыт салу» *(қарыз алушы «Састөбе инновациялық кешені» ЖШС)* және «Қуаттылығын жылына 30 мың тоннаға дейін жеткізе отырып, натрий цианидін өндіру зауытының екінші кезегін салу» *(қарыз алушы «Talas Investment Company» ЖШС)* жобаларынан **тек қана бір жоба** - 13,8 млрд теңгеге «Састөбе инновациялық кешені» ЖШС **қаржыландырылды.**

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ның өндеуші өнеркәсіп жобаларын жеңілдікті лизингтік қаржыландыру іс-шараларын іске асыруының **әлсіз қарқыны байқалады.**

Бұл ретте капиталдандырудың 100 млрд теңгеге көзделген көлемі іріктелген жобаларды **қаржыландырудың талап етілетін көлемін** 1,8 есе *(188 млрд теңгеге 19 жоба),* ал жоспарланған жобалардың ҚЭН-ін 3 есе (*309 млрд теңгеге 71 жоба)* **жаба алмайды**.

Анықтама ретінде: ҚЭН-ге сәйкес жарғылық капиталды ұлғайтумен 2025 жылға дейін 71 жобаны 309 млрд теңгеге қаржыландыру көзделген, сонымен бірге ӨДҚ-да 188 млрд теңгеге 19 жоба іріктелді, бұл қаржыландырудың нақты көлемінен едәуір асып түседі, оның тек 5 немесе 7%-ы мақұлданған, соның ішінде:

- «Машина жасау өнімдерін өндіру, оның ішінде тіркеме, аспалы ауыл шаруашылығы техникасы мен құрамдас бөлшектерін өндіру» «REIMANN» ЖШС;

- «Қарағанды қаласында болат су жылыту газ қазандықтарының өндірісін құру» «TERMA BOILER» ЖШС;

- «ҰИМТ АЭА аумағында тоқыма емес геотекстильді мата өндіретін зауыт» «ИНТАГО ҚАЗАҚСТАН» ЖШС;

- «Большевичка» ӨК қолданыстағы тігін өндірісін жаңғырту» «Большевичка» ЖШС;

- «Жабдықтар сатып алу және қойма үй-жайы мен шоу-рум салу» «Бал Текстиль» ЖШС.

Бюджеттік кредиттеу қаражаты есебінен «Жолаушылар вагондарын шығаратын зауыт» ЖШС-дан 2030 жылға дейін **«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның** жолаушылар вагондарының паркін сатып алуы бойынша жобаның **қымбаттау тәуекелдері байқалады.**

Анықтама ретінде: Жобаны іске асыру шеңберінде кейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ арқылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ға жолаушылар вагондарының паркін жаңартуға кредит беру үшін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға кредит беруге 30 жыл мерзіммен 782,2 млрд теңге қаражат бөлу көзделген.

Жобаны іске асыру үшін «Stadler Bussnang AG» компаниясын *(Швейцария)* сату арқылы «Жолаушылар вагондарын шығаратын зауыт» ЖШС «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның құрамынан шығарылды.

Анықтама ретінде: 2021 жылғы 29 қарашада «Stadler Bussnang AG», «Stadler CIS AG» және «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ арасында стратегиялық ынтымақтастық туралы

[228] «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасын бекіту туралы» 2021 жылғы 12 қазандағы № 730 ҚРҮҚ. 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 828 ҚРҮҚ-мен күшін жойған

келісімге қол қойылды, оның шарттарына сәйкес швейцариялық компания «Тұлпар» вагон құрастыру зауыты» ЖШС құрамынан бөлінген «Жолаушылар вагондарын шығаратын зауыт» ЖШС-ның 100% үлесін сатып алуға міндеттенеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ комиссиясы отырысының 2022 жылғы 9 желтоқсандағы №ЦИО/КРА-05/7 хаттамасының қорытындысы бойынша зауыт 12 млрд теңгеге тікелей сату жолымен стратегиялық инвесторға берілді.

Осылайша, отандық зауыт «Жолаушылар вагондарын салу зауыты» ЖШС-дан «Stadler bussnang AG» швейцариялық компаниясының технологиясы бойынша дайындалған жолаушылар вагондарын сатып алу көзделеді.

Ұлттық валютада 537 вагон сатып алу жөніндегі міндеттемелердің қабылдағанына қарамастан, шарттың құны еуро бағамына және 2030 жылға дейін жыл сайынғы қайта бағалауды жүргізумен PPI *(producer price index – өндірушілер бағасының индексі)* индексіне байланыстырылған.

Нәтижесінде, шартқа қол қойылған кезде *(2022 жыл)* 538,4 млрд теңгені құраған тапсырыс құны, тек **1 жыл ішінде 1,5 есеге ұлғайып**, 782,2 млрд теңгені құрады *(бір вагон үшін орта есеппен 1,4 млрд теңгеден).*

Бұл инвестициялық жобаны іске асыру Көлік-логистикалық әлеуетті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына[229] сондай-ақ «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына[230] негізделген.

Тұжырымдамада және Ұлттық жобада жолаушылар вагондарының өндірісін оқшаулау, пайдалану мерзімі 25 жылдан асатын вагон паркін төмендету көзделген.

Бұл ретте көрсетілген құжаттар индикаторларының көрсеткіштері **бір бірімен сәйкес келмейді**. Тұжырымдамаға сай жас жылжымалы құрамның үлесі 2023 жылы 27,9%, 2024 жылы – 24,8%, 2025 жылы – 19,9% деңгейінде жоспарланған, ал Ұлттық жобада тиісінше 34%, 31,5% және 26,5% көзделген.

Сонымен қатар, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясында **жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізу көзделмеген.**

Осылайша, квазимемлекеттік субъектілердің мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі нақты рөлін бекіту міндеті **кешенді түрде шешілмеген**, барлық ұлттық индикаторлар холдингтер мен олардың еншілес компанияларының стратегиялық даму құжаттарында көрсетілмейді.

---

[229] «ҚР көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 1116 ҚРҮҚ

[230] «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын бекіту туралы» 2021 жылғы 12 қазандағы № 729 ҚРҮҚ. 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 828 ҚРҮҚ-мен күші жойылды.

Мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде пайдаланылмаған қаражат қалдығының ең көп көлемі Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі - 3,5 млрд теңге немесе 41% *(«Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы» ШЖҚ РМК, «Инфракос» ШЖҚ РМК, «Astana Hub» IT-стартаптардың халықаралық технопаркі» корпоративтік қоры),* мәдениет және ақпарат - 1,8 млрд теңге немесе 21% *(«Хабар» Агенттігі» АҚ, «Қазақстан» РТРК» АҚ, «Қазконтент» АҚ, «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, «Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ және т.б.),* денсаулық сақтау - 0,9 млрд теңге немесе 11% *(«Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтау орталығы» ШЖҚ РМК, «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК және т.б.),* көлік - 0,8 млрд теңге немесе 10% *(«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ және т.б.)* министрліктерінің ведомстволық бағыныста ұйымдарына тиесілі.

Мемлекеттік тапсырма шеңберінде пайдаланылмаған қаражат қалдығының құрылымы



Қаражаттың игерілмеуінің негізгі себептері: кредиторлық берешектің болуы, қаражаттың үнемделуі, төлеуге берілетін шоттарды кеш ұсыну, тұрақсыздық айыбын ұстап қалу және т.б.

Есепті кезеңде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алу саясаты **айтарлықтай өзгермеді.**

Квазимемлекеттік сектордың жиынтық сатып алу көлемі **мемлекеттік сатып алу көлемінен екі есе асып**, 3,8 трлн теңгені құрай отырып (*2022 жылға қарағанда 0,7%-ға болмашы ғана қысқарумен*) өткен есепті жылдың деңгейінде сақталды.

76-КЕСТЕ. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің 2021- 2023 жылдардағы сатып алу көлемі, млрд теңге

Атауы	2021		2022		2023		+/-(%)	
							2021 жылға қарағанда	2022 жылға қарағанда
Барлығы	**3 457,8**		**3 788,7**		**3 760,7**		**8,8**	**-0,7**
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	3 427,9	99,1%	3 761,3	99,3%	3 697,7	98,3%	7,9	-1,7
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	29,9	0,9%	27,4	0,7%	63,0	1,7%	110,9	130,2

Дереккөз: «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ

Көлемнің қысқаруы әдеттегідей сатып алудың жалпы құрылымында басым орын алатын *(жалпы көлемнің 98%)* «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ сатып алуларының азаюына *(-1,7% немесе 63,6 млрд теңге)* байланысты.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ сатып алуларының азаюы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сатып алуларының 27,4 млрд теңгеден 63 млрд теңгеге дейін **екі есе өсуімен** өтелді.

2023 жылы **бір көзден алу тәсілімен** жүзеге асырылған сатып алу көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 651 млрд теңгеден 2,1 трлн теңгеге дейін **3,3 есе** өсіп, жалпы көлемнің 57%-ын құрады.

77-КЕСТЕ. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің 2021 - 2023 жылдары бір көзден сатып алуы, млрд теңге

Атауы	2021			2022			2023		
	барлығы	бір көзден		барлығы	бір көзден		барлығы	бір көзден	
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	3 427,9	475,1	14%	3 761,3	637,5	17%	3 697,7	2 100,4	57%
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	29,9	12,5	42%	27,4	13,5	50%	63	49,4	78%
Барлығы	**3 457,8**	**487,6**	**14%**	**3 788,7**	**651,0**	**17%**	**3 760,7**	**2 149,8**	**57%**

Дереккөз: «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ

Бұл үрдіс екі корпоративтік құрылымға да тән, олардың құрамында мұндай сатып алулардың ең көп көлемі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға тиесілі *(78%).* Холдинг құрылымында бір көзден сатып алудың негізгі үлесін «Bereke bank» АҚ алып отыр – 35,5 млрд теңге немесе 72% *(2022 жылға қарағанда **5 есе** ұлғайған).*

Есепті жылы бір көзден сатып алудың айтарлықтай өсуі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-да 17%-дан 57%-ға дейін байқалады.

78-КЕСТЕ. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның 2023 жылы бір көзден сатып алу құрылымы, млрд теңге

№	Бір көзден алу үшін негіз	Сомасы	Үлесі %-бен
Барлығы, соның ішінде		**2 100,4**	**100%**
1	Холдингішілік операциялар	721,6	34%
2	Қосылған желі арқылы табиғи газ, су, сумен жабдықтау және жылу энергиясы қызметтерін, кәріз қызметтерін сатып алу	406,7	19%
3	Төтенше жағдайларды оқшаулау және / немесе оның салдарын жою	295,2	14%
4	Мемлекеттік монополия субъектілерінен ТЖҚ сатып алу	217,0	10%
5	Тізбе бойынша күнделікті және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті сатып алу	100,6	5%
6	Өзге де негіздер	359,7	17%

Дереккөз: «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ

Бір көзден сатып алудың негізгі үлесі холдингішілік операцияларға *(34%)* тиесілі. Сатып алуды жүзеге асырудың жаңа тәртібіне сәйкес 2022 жылғы 1 сәуірден бастап мұндай сатып алулар **нарықта баламалардың болмауына байланысты бір көзден сатып алу** тобына жатқызылды.

***Анықтама ретінде**: Сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің 17) тармақшасы - акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде меншік құқығындағы Қорға тиесілі ұйымдардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ құрылтайшылары Қор және(немесе Тәртіпке № 12 қосымшада көрсетілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесіне енгізілген ұйымның/мекеменің жарғысында көзделген қызмет түрі(лері) бойынша) қор ұйымдары болып табылатын мекемелердегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу.*

79-КЕСТЕ. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның 2023 жылғы холдингішілік сатып алу құрылымы, млрд теңге

Барлығы, соның ішінде		**721,6**
1	Жүктерді тасымалдау бойынша теміржол көлігінің қызметтері	109,4
2	Шикі мұнайды құбырлар арқылы тасымалдау қызметтері	106,1
3	Дизель отыны	99,5
4	Тартқыш жылжымалы құрамның қызметтері (локомотив тартымымен тасымалдауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер)	72
5	Көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету бойынша қызметтер	67,8
6	Реактивті отын	47,3
7	Мұнай-газ шикізатын мамандандырылған өңдеу жөніндегі қызметтер	28,5
8	Жолаушылар купе вагондарын жалға беру қызметтері	20,6
9	Жолаушылар вагондарына техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар	10,8
10	Жолаушылар локомотивтерін жалға беру қызметтері	10,6
	Басқалары	149

Дереккөз: «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ

46%-ды құрайтын ең үлкен жиынтық көлем қордың 3 портфельдік компаниясына тиесілі: «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ – 17% *(2022 жылға қарағанда **2 есе** ұлғайған),* «Qazaq Gaz» АҚ – 12% *(2022 жылға қарағанда **2 есе** ұлғайған),* «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ – 17% *(2022 жылға қарағанда **5 есе** ұлғайған).*

Осылайша, квазимемлекеттік секторда сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүргізу негізгі болып қалуда, бұл кәсіпкерлік субъектілерінің **теңдігі** мен адал бәсекелестік қағидаттарына **толығымен сай келмейді**.

Мемлекеттің квазимемлекеттік секторға инвестицияларын есепке алуда **көрсетудің қолданыстағы әдістері** квазимемлекеттік сектордың қаржылық жағдайы, оның активтерінің, міндеттемелерінің, кірістері мен шығыстарының жиынтық мөлшері мен құрылымы туралы **объективті шоғырландырылған ақпаратты білуге мүмкіндік бермейді**.

Аталған ақпараттың болмауы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқару тиімділігіне бағалау жүргізуді едәуір қиындатады, сондай-ақ

мемлекет активтерін басқару бойынша қабылданатын шешімдердің сапасына әсер етеді.

Осы қорытындыны қалыптастыру шеңберінде республикалық квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (*330 ұйым*) қаржылық есептілігі негізінде республикалық деңгейде квазимемлекеттік сектордың қаржылық жағдайына жалпы баға мен серпін беруге мүмкіндік беретін жиынтық ақпарат қалыптастырылды.

Республикалық квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық есептілігінің деректеріне сәйкес 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша **квазимемлекеттік сектор активтерінің жиынтық мөлшері** үш жыл ішінде 34,4%-ға (*39 022,1 млрд теңгеден*) ұлғайып, **52 426,5 млрд теңгені** құрады.

Осы кезеңде квазимемлекеттік сектордың **міндеттемелері** 2021 жылғы 1 қаңтардағы 20 909,3 млрд теңгеден 2023 жылғы 1 қаңтарда **27 395,9 млрд теңгеге дейін** немесе 31%-ға **ұлғайды**.

Осылайша, талданатын кезеңде квазимемлекеттік сектор **активтерінің өсу қарқынының оның міндеттемелерінің өсу қарқынынан 3,4%-ға артуы** орын алып отыр, бұл жалпы алғанда квазимемлекеттік сектордың қаржылық тұрақтылығы көрсеткішіне оң әсер етеді.

Квазимемлекеттік сектордың таза активтері 2023 жылғы 1 қаңтарға 25 030,6 млрд теңгені құрап, үш жыл ішінде 6 917,8 млрд теңгеге ұлғайды. Бұл ретте 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикалық бюджеттен квазимемлекеттік секторға инвестициялардың жиынтық көлемі 14 533,2 млрд теңгені құрады.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша квазимемлекеттік сектор активтерінің жиынтық көлемінің (*49 018,8 млрд теңге*) 93,5%-ы 10 субъектіге тиесілі.

80-КЕСТЕ. Квазимемлекеттік сектордың 10 ірі субъектісінің қаржылық жағдайы туралы ақпарат, млрд теңге

№	Компанияның атауы	Активтер	Міндеттемелер	Таза активтер
1	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	33 575	13 831,3	19 743,7
2	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	12 232,1	10 134	2 098
3	«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ	1 144,4	1 209,2	-64,8
4	«Қазарнаулыэкспорт» ШЖҚ РМК	446,6	459,6	-13
5	«Қазсушар» ШЖҚ РМК	424,2	68,1	356,1
6	«Проблемалық кредиттер қоры» АҚ	297,6	1,3	296,3
7	«Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ	268,6	189,0	79,5
8	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	252,2	2,3	249,9
9	«Қазаэронавигация» ШЖҚ РМК	227,1	26,1	201
10	«Жасыл Даму» АҚ	151	161,6	-10,6
Барлығы:		**49 018,8**	**26 082,5**	**22 936,3**

Дереккөз: Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық есептілігі

62-ДИАГРАММА. Республикалық квазимемлекеттік сектор активтерінің, міндеттемелерінің және таза активтерінің серпіні, млрд теңге



Дереккөз: Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық есептілігі

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша квазимемлекеттік сектор **міндеттемелерінің жиынтық көлемі 27 395,9 млрд теңгені** құрайды, оның 19 697,7 млрд теңгесі немесе **71,9%-ы борыштық қаржылық міндеттемелер** *(квазимемлекеттік сектордың борышы)* болып табылады.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышы 20 259,1 млрд теңгені *(44,6 млрд АҚШ долл.),* оның ішінде сыртқы борыш - 7 561,8 млрд теңге *(16,6 млрд АҚШ долл.)* немесе 37,3%, ішкі борыш - 12 697,4 млрд теңге *(27,8 млрд АҚШ долл.)* немесе 62,7%. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда **квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышы 561,4 млрд теңгеге** немесе 2,9%-ға өскен.

63-ДИАГРАММА. Дереккөздер бойынша квазимемлекеттік сектор борышының құрылымы мен серпіні, млрд теңге



Дереккөз: ҚР Қаржы министрлігі

Квазимемлекеттік сектордың борыш мөлшерінің жалпы ұлғаюына қарамастан, оның **ЖІӨ-ге қатысты 2020 жылғы 22,7%-дан** 2023 жылы **17%-ға дейін төмендеуі** байқалады. Сондай-ақ, ішкі борыштың өсуі кезінде *(2023 жылы 9,5%-ға)* квазимемлекеттік сектордың сыртқы борыш мөлшерінің төмендеуі *(2023 жылы 535,5 млрд теңгеге)* байқалады.

64-ДИАГРАММА. Борышкерлер тобы бөлінісінде квазимемлекеттік сектор борышының құрылымы мен серпіні, млрд теңге



Дереккөз: Қаржымині

КМС-ның жалпы борыш құрылымындағы ең үлкен **борыш** үлесі **49,5%** немесе 10 027,8 млрд теңге *(22,1 млрд АҚШ долл.)* **«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ**-ға тиесілі, ол өткен жылмен салыстырғанда 1,6%-ға өскен.

Есепті кезеңде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның борышы 433,9 млрд теңгеге, сондай-ақ «QazaqGaz» АҚ-ның борышы 115,7 млрд теңгеге азайды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның борышы 390,2 млрд теңгеге, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ бас холдингінде - 133,9 млрд теңгеге ұлғайған.

Еншілес компанияларды қоса алғанда, **«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ борышының** көлемі 7 825,2 млрд теңгеден **8 178,4 млрд теңгеге дейін** *(2022 жылға қарағанда +4,5%)* **ұлғайып**, КМС борышының құрылымында 40,4%-ды құрады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының ұйымдары бөлінісінде борыштың 51%-ы оның бас холдингіне 4 222,2 млрд теңге көлемінде *(158,4 млрд теңгеге азайған)* және 23%-ы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ға *(сыртқы борыш бөлінісінде - 95,6%)* тиесілі.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша **квазимемлекеттік сектордың басқа субъектілерінің борышы 2 052,9 млрд теңгені** құрады, оның ішінде сыртқы борыш – 1 112,2 млрд теңге, ішкі борыш – 940,7 млрд теңге. Есепте орталық мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты 5 ұйымының және жергілікті атқарушы органдардың 17 ұйымының борышы бар.

ЖАП[231] жүргізген аудиттің нәтижелері бойынша **қарыз алудың осы**

[231] 16.10.2023 ж. № 23-Қ Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген борыштың, сондай-ақ жекелеген квазимемлекеттік сектор субъектілері борышының басқарылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит

санатына байланысты жүйелік проблемалар мен тәуекелдер анықталды:

- борыштық міндеттемелерді мониторингілеу және бақылау рәсімдері Қаржы министрлігіне тоқсан сайынғы есептілікті ұсынумен ғана шектелген. Бұл ретте ұсынылған деректердің анық болмағаны үшін жауаптылық шаралары көзделмеген.

Нәтижесінде, кейінгі кезеңдердің есептерінде бұрын ұсынылған деректерді бірнеше рет өзгерту фактілері орын алған;

- есептілік нысаны тек негізгі борышты, оны өтеу және қызмет көрсету серпінін көрсетуді көздейді. Бұл ретте қарыз бойынша дефолттың басталу фактісін көрсету, айыппұл санкцияларын және қарыз мерзімін өткізіп алуға байланысты қосымша комиссияларды көрсету қажеттілігі көзделмейді. Нәтижесінде КМС-ның бір ғана субъектісі бойынша Қаржы министрлігіне ұсынылған есептілікте көрсетілген борыштық міндеттемелер мен нақты қалыптасқан міндеттемелер арасындағы алшақтық 3 млрд теңгені құрайды;

- «Өзгелер» тобына жататын субъектілер бойынша сыртқы қарыз алу лимиттері мен мақсаттары айқындалмаған. Бұл жекелеген жағдайларда ағымдағы іс-шараларға міндеттемелерді қабылдауға немесе алдағы уақытта оларды өз бетінше өтеудің қаржылық мүмкіндігін ескермеуге әкеледі.

Қабылданған міндеттемелер бойынша бес жыл ішінде 481 млрд теңге көлеміндегі борыштарды өтеу ауыртпалығы мемлекеттік бюджетке аударылғаны анықталды;

- қарыз алудың заңдылығы, мақсатына сай пайдаланылуы, қарыз алу мақсаттарына қол жеткізу, борышқа уақтылы қызмет көрсету тұрғысынан, әсіресе жергілікті деңгейде бақылау және бағалау жүзеге асырылмайды.

Мәселен, 6 млрд теңгені құрайтын жобалық қарыздардың 36,6%-ы іс жүзінде экономиканың өсуіне немесе әлеуметтік саланың сапалы жақсаруына ықпал етпейтін ағымдағы іс-шараларды қаржыландыруға бағытталды.

2022 жылы **квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза кірісінің көлемі** 2021 жылмен салыстырғанда **33%-ға ұлғайып**, **2 513,9 млрд теңгені** құрады, **шығын** 19,3%-ға **93,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды**.

2022 жылдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектордың 330 субъектісінің 270 субъектісі қызметін пайдамен, 60 субъектісі шығынмен *(соның ішінде 24 АҚ, 8 ЖШС, 13 РМКК, 15 РМҚК)* аяқтады.

81-КЕСТЕ. КМС субъектілерінің 2020 – 2022 жылдардағы таза табысы (шығындары) және төленген дивидендтер, таза табыстың бір бөлігі, қатысу үлесіне кірістер туралы ақпарат, млрд теңге

	2021			2022			2023		
	2020 жылдың қорытындысы бойынша таза табыс	2020 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер түсімдері, таза табыстың бір бөлігі, қатысу үлесіне кірістер	шығын	2021 жылдың қорытындысы бойынша таза табыс	2021 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер түсімдері, таза табыстың бір бөлігі, қатысу үлесіне кірістер	шығын	2022 жылдың қорытындысы бойынша таза табыс	2022 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер түсімдері, таза табыстың бір бөлігі, қатысу үлесіне кірістер	шығын
Барлығы, *оның ішінде:*	**738,6**	**121,5**	**-203,1**	**1 889,1**	**239,4**	**-78 ,1**	**2 513,9**	**1 380,2**	**-93,2**
АҚ	655,5	115,4	-190,9	1 763,8	223,5	-66,7	2 340,8	1 337,9	-53,5
КеАҚ	55,0	0	-0,9	48,8	0	-2	54,1	0	-2,2
ЖШС	14,4	4,6	-1,9	33,4	12,6	-1,6	27,2	19,0	-1,9
РМК	12,6	1,4	-4,6	39,3	3,2	-3,8	86,7	21,8	-14,9
РМҚК	1,3	0,05	-4,8	3,8	0	-4	5,1	1,5	-20,7

Дереккөз: ММЖК

53,5 млрд теңгені құраған шығындардың негізгі үлесі АҚ-ға тиесілі *(57,4%).* РМК-нің шығын сомасы 14,9 млрд теңгеге дейін 3,9 есе, РМҚК-нің шығын сомасы 20,7 млрд теңгеге дейін 5,2 есе ұлғайды.

Төменде шығындардың жиынтық үлесі квазимемлекеттік сектор шығындарының жалпы сомасының 95%-ын құрайтын КМС-ның неғұрлым шығынды 20 субъектісінің қаржылық жағдайының серпіні туралы ақпарат берілген.

82-КЕСТЕ. Квазимемлекеттік сектордың 2021 – 2022 жылдардағы шығынды субъектілері бойынша ақпарат, млн теңге

№ р/с	Атауы	2021	2022	Шығынның артуы / азаюы (-/+)
1.	«Жасыл даму» АҚ	1,7	- 9 356,8	-9 358,5
2.	«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ	127,1	-17 880,1	-18 007,2
3.	«Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ	3 455,2	-15 859,4	-19 314,6
4.	«Қазақстан шипажайы» АҚ	-53,1	-1 039,6	-986,5
5.	«QazExpoCongress» ҰК» АҚ	-4 948,1	-2 055,1	2 893,0
6.	«Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ	-5 513,8	-3 606,1	1 907,7
7.	«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры» КеАҚ	-1 210,4	-1 976,8	-766,4
8.	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС	-1 049,4	-1 113,8	-64,4
9.	«Қазарнаулыэкспорт (Казспецэкспорт)» ШЖҚ РМК	1 368,3	-10 045,3	-11 413,6
10.	«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК	-2 591,9	-2 940,5	-348,6
11.	«ҚР Ұлттық мұражайы» РМҚК	-3 662,6	-3 205,8	456,8
12.	«Астана» олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК		-15 565,6	-15 565,6
13.	«Проблемалық кредиттер қоры» АҚ	-47 295,2	9 547,1	56 842,3
14.	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ	-2 352,0	2 326,6	4 678,6

№ р/с	Атауы	2021	2022	Шығынның артуы / азаюы (-/+)
15.	«Шәкен Айманов атындағы Қазақфильм» АҚ	-187,4	-881,6	-694,2
16.	«Химиялық парк арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы» АҚ	-722,4	-722,4	
17.	«Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық» ЖШС		-610,9	-610,9
18.	«Талдау және ақпарат орталығы» РМК	8,9	-918,4	-927,3
19.	«Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры» РМҚК	-0,2	-482,6	-482,4
20.	«Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК		-459,6	-459,6
Жалпы шығын		**-69 586,5**	**-88 720,4**	

Дереккөз: ММЖК

Шығынды кәсіпорындардың негізгі массасының жай-күйі жалпы алғанда өзгеріссіз қалып отыр, бұл ретте алдыңғы жылмен салыстырғанда 2022 жылдың қорытындысы бойынша КМС-ның шығынды субъектілерінің құрылымында бірқатар өзгерістер байқалады.

2022 жылы «Жасыл даму» АҚ *(шығын 9,4 млрд теңге),* «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ *(17,9 млрд теңге),* «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ *(19,3 млрд теңге)* шығынды кәсіпорындар санатына енді. Сонымен қатар, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ *(2022 жылдың қорытындысы бойынша – пайда 9,5 млрд теңге, 2021 жылдың қорытындысы бойынша – шығын 47,3 млрд теңге),* «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ-ның *(2022 жылдың қорытындысы бойынша – пайда 2,3 млрд теңге, 2021 жылдың қорытындысы бойынша – шығын 2,4 млрд теңге)* қаржылық жағдайы жақсарып, шығыннан пайдаға шыққан.

2023 жылы квазимемлекеттік сектор субъектілері **дивидендтер ретінде** *(дивидендтер деп сондай-ақ ҚСС-ның таза табысының бір бөлігін аудару түсініледі)* бюджетке **1 380,2 млрд теңге** аударған. Бұл ретте төленген дивидендтердің жалпы көлемінің 99,4%-ы төменде көрсетілген КМС-ның 10 субъектісіне тиесілі.

83-КЕСТЕ. 2022 – 2023 жылдары дивидендтердің негізгі төлеушілері бойынша ақпарат, млн теңге

№	Атауы	2022		2023	
		Таза табыс	Дивидендтер	Таза табыс	Дивидендтер
1.	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	110 880,1	33 042,3	380 625,6	58 616,3
2.	«Проблемалық кредиттер қоры» АҚ	-	-	9 547,1	6 683,7
3.	«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ	3 181,7	2 227,2	3 918,5	2 742,9
4.	«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ	1 070,5	749,3	1 611,1	1 127,8
5.	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	1 629 216,0	170 024,2	1 927 508,6	145 732
	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ *(активтерді бәсекелестік ортаға беруден).*				1 119 021,2
6.	«АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС	2 653	1 857,1	2 674	1 871,8
7.	«АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС	3 201,8	2 241,3	3 181,6	2 227,1
8.	«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС	17 387,4	1 850,1	12 884,3	9 019

№	Атауы	2022		2023	
		Таза табыс	Дивидендтер	Таза табыс	Дивидендтер
9.	«СК-Фармация» ЖШС	8 844,1	6 190	7 918,8	5 543,2
10.	«Қазаэронавигация» РМК	17 538,4	176,2	74 722,1	19 547,2
Барлығы		**1 793 973**	**218 357,7**	**2 424 591,7**	**1 372 132,2**

Дереккөз: ММЖК

Дивидендтердің жалпы 1 380,2 млрд теңге сомасынан, сомасы **1 119 млрд теңге** қаражатты «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Қор активтерін бәсекелестік ортаға беруден қосымша дивидендтер түрінде республикалық бюджетке жібергенін атап өткен жөн.

Соның ішінде Қор 2023 жылғы қыркүйекте «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акцияларын (үлесін) Ұлттық Банкке сату нәтижелері бойынша 1 026,7 млрд теңге сомасындағы қаражатты республикалық бюджетке аударды.

2023 жылғы қарашада тиісті Қағидаларға[232] өзгерістер енгізіліп[233], бұл Қор активтерін сатудан түскен қаражатты Ұлттық қорға емес, республикалық бюджетке аударуға мүмкіндік берді.

Осыған ұқсас, жоғарыда көрсетілген норманы басшылыққа ала отырып, 2020-2022 жылдары активтерді бәсекелестік ортаға беруден түскен 92,3 млрд теңге сомасындағы қаражатты «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ 2023 жылғы желтоқсанда республикалық бюджетке қосымша дивидендтер түрінде жіберді.

Активтерді сатудан түскен қосымша дивидендтерді есепке алмағанда, тікелей **2022 жылғы қызмет нәтижелері бойынша** квазимемлекеттік сектор субъектілерінен республикалық бюджетке **261,2 млрд теңге** сомасында дивидендтер түсті, бұл таза табыстың 10,4%-ын құрайды *(2021 жылғы деңгейден 2,3%-ға төмендеген).*

Жалпы алғанда, ең ірі дивиденд төлеушілердің құрамы өзгеріссіз. «Самұрық – Қазына» ҰӘҚ» АҚ және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға жиынтығында 2022 жылғы қызмет нәтижелері бойынша алынған дивидендтердің 78,2%-ы тиесілі.

2022 жылдың нәтижелері бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ аударған дивидендтер көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда **77,4%-ға** ұлғайды, бұл ретте оның осы кезеңдегі таза табысы іс жүзінде **3,5 есе** өсті.

Активтерді бәсекелестік ортаға беруден алынған қосымша дивидендтерді есепке алмағанда, «Самұрық – Қазына» ҰӘҚ» АҚ-дан түскен дивидендтер көлемі 2022 жылдың қорытындысы бойынша 145,7 млрд теңгені құрады және алдыңғы

[232] «Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден ҚР Ұлттық қорына түсетін түсімдердің қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 мамырдағы № 90 бұйрығы.

[233] «Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден ҚР Ұлттық қорына түсетін түсімдердің қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 мамырдағы № 90 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 қарашадағы № 180 бұйрығы.

кезеңмен салыстырғанда 14,3%-ға төмендеген.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ бойынша дивидендтер көлемінің төмен болуы белгілі бір дәрежеде Мемлекет басшысының тапсырмалары (*әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту)* бойынша акционердің пайдасына өзге да бөліністерге қаражат бөлуге байланысты.

2023 жылы акционердің пайдасына өзге де бөлу көлемі 129,6 млрд теңгені құрап, өткен жылдың деңгейінде *(132 млрд теңге)* сақталды.

65-ДИАГРАММА. 2014 – 2023 жылдары акционердің пайдасына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның өзге де бөліністері, млрд теңге



Дереккөз: «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ

Акционерге өзге бөлу, дивидендтер төлеуден босату, мұндай төлемдерді кейінге қалдыру практикасын алып тастау және акционерлік қоғамдар бөлінісінде мемлекетке дивидендтердің міндетті мөлшерін және оларды төлеу мерзімдерін белгілеу туралы **ЖАП-тың ұсынымы осы уақытқа дейін іске асырылмағанын** айта кету керек.

Акционерге өзге бөлу шеңберінде Қор қаржыландырған жобалардың бірі «*Екі медициналық орталықтың құрылысы* (*Алматы қаласындағы Жұқпалы аурулар ғылыми орталығы және Астана қаласындағы Шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы*)» жобасы болды. 2023 жылы Қор бұл жобаны 44,8 млрд теңгеге қаржыландырды.

ЖАП осы жобаға қатысты 2023 жылы сараптамалық-талдау іс-шарасын өткізді, оның нәтижелері бойынша:

- «Президенттің тапсырмасы бойынша» деген тұжырымды пайдалана отырып, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу тәсілін қолданудың регламенттелмеуі;

- ТЭН-нің болмауына байланысты пайда мен шығындарға тиісті талдау жүргізбестен ЖСҚ әзірлеу;

- сұратылған медициналық техникаға қажеттілік тұрғысынан клиникалық-техникалық негіздеме бойынша ДЗСҰО қорытындысының болмауы және т.б. сияқты бірқатар жүйелік кемшіліктер анықталды.

Бұл жүйелі кемшіліктердің негізгі себебі – **жоба** белгіленген мәселелер заңнамалық тұрғыдан реттелген **бюджеттік тетік арқылы емес, қызметін реттеудің құқықтық тетіктері бейімделмеген** және тиісті нормалар қамтылмаған квазимемлекеттік сектор субъектісі арқылы **жүзеге асырылған**. Бұл сайып келгенде, іске асырылып жатқан жобалар құнының айтарлықтай артуы тәуекелдеріне әкеп соғады.

Нәтижесінде бұл жобалар құнының едәуір жоғарылау тәуекелдерін тудырады, бұл ЖАП-тың акционерге өзге де бөлу практикасын алып тастау жөніндегі ұсынысының негізділігін растайды.

Егер квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өз қызметінің нәтижелері бойынша дивидендтер төлеуі серпінін қарастыратын болсақ, 2018-2021 жылдар аралығында таза табысқа төленген дивидендтер үлесінің 3,9-дан 16,5%-ға дейін ұлғаюы байқалды.

66-ДИАГРАММА. КМС субъектілерінің таза табысы (шығыны) және төлеген дивидендтері, млрд теңге



Дереккөз: Қаржымині

Квазимемлекеттік сектордың дивидендтік жүктемесінің барабарлығын бөлінбеген пайда серпіні, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы ақша қалдықтарының серпіні тұрғысынан қарастырған жөн.

84-КЕСТЕ. Квазимемлекеттік сектордың қаржылық жағдайының көрсеткіштері, млрд теңге

Көрсеткіштер	2021 жылғы 1 қаңтарға	2022 жылғы 1 қаңтарға	2023 жылғы 1 қаңтарға	2021 жылға қатысты 2022 жылғы өсім.
Бөлінбеген пайда	7 244,7	8 930,6	11 007,2	**+23,3%**
Шоттардағы ақша қаражаттары	3 392,8	4 820,1	6 154,9	**+27,7%**
Меншікті капитал	18 112,7	21 528,1	25 030,6	**+16,3%**
Төленген дивидендтер	121,5	239,4	261,2	**+9,1%**

Дереккөз: Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық есептілігі

2021 жылға қарағанда 2022 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтердің өсу қарқыны 9,1%-ды құрады. Бұл ретте осы кезеңде **квазимемлекеттік сектордың бөлінбеген пайда көлемі 23,3%-ға өсіп**, 11 007,2 млрд теңгені құрады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы ақша қаражатының қалдықтары да жыл сайын өсуде, 2022 жылдың қорытындысы бойынша олар өткен жылмен салыстырғанда **27,7%-ға өсіп**, **6 154,9 млрд теңгені** құрады. 2021 жылғы 1 қаңтар - 2023 жылғы 1 қаңтар аралығындағы кезеңде **квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақша қаражатының қалдықтары 81,4%-ға өсті.**

Осылайша, бөлінбеген пайда мен ақша қаражаты қалдықтарының өсу қарқынының дивидендтердің өсу қарқынынан асып кетуі орын алып отыр, ал КМС субъектілерінің шоттарындағы **өтімділіктің артық болуы** квазимемлекеттік сектор **активтері құрылымының ұтымсыздығы** тәуекелдерін тудырады.

III БӨЛІМ. ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Ұлттық жобалар әртүрлі ведомстволар арасындағы жан-жақты өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және іс-шаралар кешенін іске асыруды басым қаржыландыру үшін әзірленген құрал болып табылады. Олар ҚР ұлттық даму жоспарында, ұлттық қауіпсіздік стратегиясында, сондай-ақ елдің аумақтық даму жоспарында[234] айқындалған жалпыұлттық басымдықтарға, мақсаттар мен стратегиялық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін қажетті аса маңызды міндеттерге қол жеткізуге бағытталған.

Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық жобаларға көшу туралы стратегиялық шешімнің маңызды рөлін атап өтті. Бұл қадам мемлекеттік жоспарлау жүйесін жаңарту бағытының негізгі бөлігі болды[235].

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін Үкімет 2021 жылғы қазанда 10 ұлттық жобаны әзірлеп, бекітті[236], олар 2023 жылғы қыркүйекте **мерзімінен бұрын күшін жоюға қойылды**[237].

Үкіметтің 2022 жылғы есебіне берген ЖАП-тың қорытындысында осы ұлттық жобаларды жоспарлау мен іске асырудағы белгісіздік, сондай-ақ өзгермелі экономикалық жағдайларға бейімделудің жеткіліксіздігі туралы айтылған болатын.

Мәселен, жобаны қаржылық тұрғыдан игеру деңгейінің жоғары болуына және жоспарланған міндеттердің көпшілігінің орындалуына қарамастан, ұлттық жобаларды іске асырудың жалпы нәтижесі қанағаттанарлықсыз болды *(10 ұлттық жобаның 7-еуінің тиімділігі төмен екенін көрсетті).*

Ұлттық жобалардың күшін жоюға байланысты индикаторлар мемлекеттік жоспарлау жүйесінің *(МЖЖ)* құжаттарына интеграцияланды[238].

Сонымен қатар, талдау барысында ұлттық жобалардың бастапқыда бекітілген жекелеген көрсеткіштері мен іс-шаралары МЖЖ құжаттарында *(тұжырымдамаларда, ОМО/ЖАО даму жоспарларында, операциялық жоспарларда)* көрсетілмегені анықталды.

---

[234] «ҚР мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 ҚРҮҰ-ның 77-тармағы
[235] ҚР Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауының 1-тармағы
[236] 2021 жылғы 12 қазандағы № 724, № 725, № 726, № 727, № 728, № 729, № 730, № 731 және № 732 ҚРҮҚ
[237] 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 828 ҚРҮҚ
[238] ҚР Үкіметі отырысының 2022 жылғы 29 қарашадағы № 43 хаттамасының 3 тармағының 4) тармақшасы

85-КЕСТЕ. Күші жойылуға қойылған ұлттық жобаларды интеграциялау және қаржыландыру

Ұлттық жобалар	Көрсеткіштер және іс-шаралар саны			2023 жылға арналған бюджет			
	ұлттық жобаларда	МЖЖ құжаттарына интеграцияланған	алшақтық	Ұлттық жобаларды қаржыландыру, млрд теңге	Бюджетті игеру, млрд теңге	Ауытқу млрд теңге	Орындалу %
ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған	**22** көрсеткіш, **77** іс-шара	21 көрсеткіш, 77 іс-шара	1 көрсеткіш	1 010,2	933,6	- 76,8	**92,4**
«Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау	**21** көрсеткіш, **73** іс-шара	21 көрсеткіш, 73 іс-шара	-	783,3	781,3	- 1,9	**99,8**
Ұлттық рухани жаңғыру	**21** көрсеткіш, **66** іс-шара	20 көрсеткіш, 65 іс-шара	1 көрсеткіш, 1 іс-шара	21,8	21,2	- 0,5	**97,5**
«Білімді ұлт» сапалы білім беру	**15** көрсеткіш, **26** іс-шара	15 көрсеткіш, 26 іс-шара, с.і., 2 - орындалды	-	183,2	183,2	0	**100**
Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс	**44** көрсеткіш, **224** іс-шара	42 көрсеткіш, 206 іс-шара, с.і., 51 - орындалды	2 көрсеткіш, 18 іс-шара	415,8	206,3	- 209,5	**49,6**
2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту	**30** көрсеткіш, **70** іс-шара	23 көрсеткіш, 63 іс-шара, с.і., 15 - орындалды	7 көрсеткіш, 7 іс-шара	1 620	1 357, 9	- 262,1	**83,8**
«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері»	**20** көрсеткіш, **94** іс-шара	18 көрсеткіш, 80 іс-шара, с.і., 5 - орындалды	2 көрсеткіш, 14 іс-шара	1 348,6	1 293,1	- 55,4	**95,9**
Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу	**13** көрсеткіш, **56** іс-шара	11 көрсеткіш, 52 іс-шара, с.і., 3 - орындалды	2 көрсеткіш, 4 іс-шара	3 022,4	1 096,7	- 1 925,7	**36,3**
Жасыл Қазақстан	**19** көрсеткіш, **50** іс-шара	19 көрсеткіш, 50 іс-шара	-	157,6	55,3	- 102,3	**35,1**
ЖИЫНЫ	**205 көрсеткіш, 736 іс-шара**	**190 көрсеткіш, 692 іс-шара, с.і., 76-орындалды**	**15 көрсеткіш, 44 іс-шара**	**8 562,9**	**5 928,6**	**-2 634,3**	**69,2**

Дереккөз: Үкіметтің, ҰЭМ-ның есептері

Ұлттық жобалардың осы талдауы **көрсеткіштер мен іс-шаралардың толық көлемде интеграцияланбауын** көрсетті.

Мысалы, Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба бойынша жаңа бизнес-идеялар үшін гранттар беру және ауылда жаңа кәсіпкерлік субъектілерін құру сияқты негізгі индикаторлар МЖЖ құжаттарына интеграцияланбаған. Жауапты

мемлекеттік органның ақпаратына сәйкес – қажеттіліктің болмауына, орынсыздығына және өзекті болмауына байланысты.

Жоғарыда аталған көрсеткіштерді интеграциялау қажеттілігінің болмауы ұлттық жобаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеу міндеті туындағаннан кейін ғана танылғанын атап өткен жөн. Бұл өзекті емес көрсеткіштер мен іс-шаралардың оларды интеграциялауға дайындау барысында ғана анықталуына әкелді, бұл ұлттық жобалардың **іске асырылу барысын мониторингілеу, бақылау және талдау жүйесіндегі** олқылықтарды көрсетеді.

Ұлттық жобаларды мониторингілеу және талдау процесінде анықталған проблемалар ұлттық жобалар шеңберіндегі барлық түйінді көрсеткіштер мен іс-шараларды уақтылы және толық қадағалауды қамтамасыз ету үшін бақылау тетіктерін күшейтудің маңызды қажеттілігін көрсетеді. Бұл мемлекеттік басқарудың тиімділігіне және стратегиялық бастамаларды іске асыруға қойылатын талаптардың артуы аясында сезіле түседі.

2022-2023 жылдары республикалық бюджеттен ЦДИАӨМ-нің **«Цифрлық үкіметті қолдау орталығы» РМК-сіне** 10 ұлттық жобаның іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру мақсатында шамамен 1 млрд теңге бөлінді *(2022 – 366,2 млн теңге, 2023 – 578,7 млн теңге).*

Осы Орталықтың бірінші кезектегі міндеті **апта сайынғы негізде** белгіленген **көрсеткіштерден ауытқуларды уақтылы түзету жөнінде** ұсыныстар әзірлеу болғанымен, нәтиже болмады.

Бұл жағдай **МЖЖ құжаттарының орындалуын және мемлекеттік қаражатты қайта бөлу туралы есептілікті бақылаудың неғұрлым жұмыс істейтін тетіктерін** енгізу қажеттігін тағы да атап көрсетеді. Бекітілген жоспарлардың орындалуын қадағалап қана қоймай, барлық мүдделі тараптар үшін кез келген түзетулердің ашықтығы мен негізділігін сақтай отырып, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге жауап ретінде басымдықтарды өзгертуге икемділікті сақтауды қамтамасыз ететін тетіктерді әзірлеу маңызды.

Сонымен қатар, **тоғыз ұлттық жобаны** *(«Қауіпсіз ел» ұлттық жобасын есептемегенде)* **іске асыруға** 2023 жылы **8,6 трлн теңге** *(барлық қаржыландыру көздері есебінен)* көзделген, оның **5,9 трлн теңгесі** *(69,2%)* игерілді, соның ішінде: республикалық бюджет қаражаты есебінен – 1,9 трлн теңге *(31,2%),* жергілікті бюджеттен – 0,901 трлн теңге *(15,2%),* Ұлттық қордан – 0,57 трлн теңге *(9,6%)* және бюджеттен тыс қаражаттан – 2,6 трлн теңге *(44%).*

Осылайша, қомақты**, яғни 5,4 трлн теңгеден астам** қаражатты **бюджеттен тыс көздерден тарту жоспарланған,** оның ішінде іс жүзінде 2023 жылы 2,6 трлн теңге немесе 48%-ы тартылды.

Мысалы, *«Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс»* ұлттық жобасын іске асыруға 2023 жылы бюджеттен тыс қаражаттың **жоспарланған көлемінің 3,2%-ы ғана** тартылды.

Жобаның инвестициялық тартымдылығының төмен деңгейі, ең алдымен, экономикалық жағдайлардың белгісіздігімен, инвесторлар үшін жоғары тәуекелдермен, сондай-ақ жеке капиталды тартудың нақты стратегиясының жеткілікті болмауымен байланысты.

Атап айтқанда, инвестицияларды қайтару кепілдіктерінің болмауы және пайда табудың түсініксіз перспективалары әлеуетті бюджеттен тыс инвесторлардың қызығушылығын айтарлықтай төмендетуі мүмкін.

Сондай-ақ, ұлттық жобаларда қойылған міндеттерге қол жеткізу дәрежесі маңызды сұрақтар туғызады. Атап айтқанда, ұлттық жобаларды іске асырудың әлеуметтік-экономикалық әсері жоспарланған көрсеткіштерге сәйкес келмейді.

Мысалы, «*Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері*» ұлттық жобасы аясында 2023 жылға қарай 93 965 жұмыс орнын құру жоспарланды, оның ішінде іс жүзінде 8 900 орын ғана құрылды немесе 9,5%.

МЖЖ-ның негізгі проблемаларының бірі – тұрақсыздық, іске асырылғаннан кейін 1-2 жылдан кейін күшін жоюға қою, бұл елдің негізгі құжаттарында *(Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспары, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы)* белгіленген стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді қиындатып, тәуекелдерді арттырады.

Ұлттық жобалардың жиі өзгеруіне және олардың қолданылу мерзімінен бұрын аяқталуына байланысты белгісіздік олардың бюджеттік жоспарлау тұрғысынан жұмыс істеуіне теріс әсер етеді.

Бұл фактор мемлекеттік қаражатты барабар бөлу негіздерін бұзады, сөйтіп стратегиялық бастамаларды ретсіз әрі тиімсіз қаржыландыруға әкеп соғады. Нәтижесінде, ұлттық жобалар стратегиялық дамудың жалпыұлттық басымдықтары мен мақсаттарына қол жеткізудің сенімді құралы ретінде өзінің негізгі рөлін атқармайды.

Белгіленген проблемалар аясында және ЖАП ұсынған ұсыныстарды ескере отырып, ұлттық жобаларды басқару үшін нақты қаржылық негіздер мен бақылау тетіктерін белгілеудің маңыздылығын атап өткен жөн.

Осыған байланысты, ЖАП **әрбір ұлттық жоба үшін оны іске асырудың барлық кезеңіне қаржылық лимиттер белгілеуді** ұсынады.

Осы ұсыныс бекітілген жоспарлардың орындалуын қатаң бақылап, олардың жоспарланбаған өзгерістерінің алдын алуды көздейді, бұл басқарушылардың жауапкершілік дәрежесін едәуір арттырып, жалпы мемлекеттік басқару сапасын жақсарта алады.

Ұсынылған шаралар ұлттық жобалар басшыларының жауапкершілігі мәселелерін заңнамалық тұрғыдан реттеп қана қоймай, сонымен қатар қаржылық бақылау тетіктерін нығайтуды да қамтуы тиіс. Мұның бәрі стратегиялық бастамаларды іске асыру және ел дамуының негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін мемлекеттік ресурстарды неғұрлым тиімді әрі мақсатына сай пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында берілген тапсырмасына сәйкес екі пилоттық жоба: «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы ұлттық жобаға[239] және «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасына[240] бастамашылық жасалып, іске асырылуда.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ПИЛОТТЫҚ ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ

Орта білім беру саласында бұрынғыдай, ең өзекті мәселе, әсіресе, ірі қалаларда – оқушы орнының тапшылығы. Авариялық мектептер, үш ауысымда оқыту және орта білім беру ұйымдарында оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу үшін 2022 жылы мектептердің нысаналы құрылысы, ЖАО-ның салынған мектептерді меншік иелерінен сатып алуы және МЖӘ шеңберінде мектептер салу тетіктері арқылы «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы *(бұдан әрі – Ұлттық жоба)* бекітілді.

Ұлттық жобаға сәйкес 2022 жылы оқушы орындарының ағымдағы тапшылығы 270 мың орынды, оның ішінде қалада – 174 мың орынды, ауылда – 96 мың орынды құрады.

2023 жылы Оқу-ағарту министрлігінің бюджетінде ЖАО-ға білім беру объектілерін салуға 500 млрд теңге мөлшерінде нысаналы трансферттер көзделген.

Анықтама ретінде: 2024 – 2026 жылдарға көзделген қаражаттың жалпы көлемі 1 366 млрд теңге (2024 жылы – 646,5 млрд теңге, 2025 жылы – 719,5 млрд теңге).

Ұлттық жоба бойынша көрсеткіштер *(2023 жылғы қазанда енгізілген өзгерістерді ескере отырып):*

1. 2026 жылға қарай **кемінде 740 мың** *(екі ауысымда оқыту)* **жаңа оқушы орнын пайдалануға беру:** 2024 жылы – 461 мың, 2025 жылы – 279 мың.
2. Жобалық қуаты 300 орыннан асатын **авариялық мектептер үлесі**: 2023 жылы – 0,2 %, 2024 жылы – 0,1 %, 2025 жылы – 0%.
3. Жобалық қуаты 300 орыннан асатын орта білім беру ұйымдарында **үш ауысымда оқытатын мектептердің үлесі**: 2023 жылы – 1,2 %, 2024 жылы – 0,6 %, 2025 жылы – 0%**.**

[239] 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 ҚРҮҚ
[240] 2022 жылғы 30 қарашадағы № 962 ҚРҮҚ

67-ДИАГРАММА. Ұлттық жоба шеңберінде орта білім беру объектілерінің құрылысын қаржыландыруды талдау, млрд теңге



Дереккөз: Үкіметтің есебі

Ұсынылған диаграммаға сәйкес Ұлттық жобаның 520 миллиард теңге көлемінде толық қаржыландырылмағаны байқалады, бұл қойылған мақсаттардың уақытылы қол жеткізілуіне күмән тудырады.

Оқу-ағарту министрлігі есептік ақпаратта қаражаттың игерілмеуін және «Samruk-Kazyna Construction» АҚ – Дирекциясының жұмыстарды уақтылы орындамағанын есепке алмай, **тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілмесе де бөлінген 499,9 млрд теңге қаражаттың толық игерілгенін көрсеткен** *(«2 ауысымда оқушы орындарының құрылысын бастау» ТНК: жоспар – 461 000 оқушы орны, іс жүзінде – 458 600 оқушы орны).*

Сонымен бірге, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ның ақпараты бойынша ЖАО 2023 жылы 208 мектептің құрылысына 496,3 млрд теңге бөлген, оның ішінде жыл қорытындысы бойынша 190,2 млрд теңге игерілген (*38%*).

Бұл ретте қалған 306,1 млрд теңге іс жүзінде игерілмеген және қолма-қол ақшаны бақылау шотында (*ҚБШ*) тұрған.

Анықтама ретінде: 2023 жылғы наурызда Дирекцияның ҚБШ-сына 245,3 млрд теңге түсті, қаражат үш ай бойы қозғалмаған. Қаражатты игеру 2023 жылғы маусымда басталған. 2023 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша шоттағы қалдық 72,3 млрд теңгені, 2023 жылғы 1 желтоқсанда 275,9 млрд теңгені құрады.

Ағымдағы жылғы 5 наурыздағы жағдай бойынша 278,9 млрд теңге аванс төленген *(шарттар сомасының 50%-ына дейін).*

Министрлік бюджетінде мектеп құрылысына бөлінген қаражаттан басқа, Ұлттық жоба шеңберінде жаңадан салынған мектептерді күтіп-ұстауға шығыстар жоспарланған.

2022 жылы Ұлттық жоба бойынша қаулы жобасын әзірлеу және Республикалық бюджет комиссиясының *(бұдан әрі – РБК)* қарауына енгізудің **бастапқы кезеңінде** құрылысы 2023 жылы аяқталатын *(81 мектеп)* басқа бағдарламалар аясында салынып жатқан мектептерді күтіп-ұстауға қаражат бөлу болжанған.

Анықтама ретінде: РБК-нің 2022 жылғы 24 тамыздағы №13 шешімімен Мемлекет басшысының 2025 жылдың соңына дейін кемінде 1000 мектеп салу тапсырмасы шеңберінде (2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі ЖҰЖ-дың 43-тармағы, сондай-ақ «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде) құрылысы көзделген мектептерді күтіп-ұстауға 5,75 млрд теңге мақұлданды.

2022 жылғы 28 қыркүйекте ҚР Президентінің жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңес жайлы мектептерді салудың жаңа тәсілдерін мақұлдады, яғни **құрылысы бұрын басқа бағдарламалар шеңберінде басталған мектептер Ұлттық жобадан алып тасталды**.

2023 жылға арналған Ұлттық жобада аяқталу мерзімі тек 2024 және 2025 жылдарға белгіленген мектептердің құрылысын бастау жоспарланған және тиісінше **есепті жылы жаңадан пайдалануға берілген мектептерді күтіп-ұстауға қаражат қажет емес.**

Алайда, Оқу-ағарту министрлігі **Ұлттық қор қаражаты есебінен 5,75 млрд теңге** сомаға шығыстарды **тиімсіз жоспарлауға,** атап айтқанда, басқа бағдарламалар шеңберінде салынып жатқан **60 мектепті** *(жоғарыда көрсетілген 81 мектептің ішінен)* **күтіп-ұстауға арналған** шығыстарға **жол берді**, бұл Бюджет кодексінің 4-бабы 12) тармақшасының талаптарын сақтамауға әкелді[241].

Бұл ретте Министрлік мектептерді күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды кейіннен бюджетті тиісті түзету мен нақтылау кезінде уақтылы қысқартпаған және 2023 жылғы желтоқсанда ғана бюджетті 6-шы рет түзету шеңберінде Ұлттық қордың 5,7 млрд теңге қаражаты құрылыс-монтаждау жұмыстарының мерзімінен бұрын жүргізілуіне байланысты Астана қаласындағы 4 000 оқушы орынға арналған **2 мектептің құрылысын жалғастыруға қайта бөлінген**.

Анықтама ретінде: Министрлік қаражатты қайта бөлу кезінде бюджеттік өтінімде «Битрикс» ақпараттық жүйесінің мәліметтері бойынша жыл соңына дейін 2 объектіде (Астана қ. Орынбор мен № 37 көшелерінің қиылысында 2000 орындық мектеп және «Көктал» тұрғын алабында Ұлытау мен Наурыз көшелерінің қиылысында 2000 орындық мектеп құрылысы) құрылыс-монтаж жұмыстары мерзімінен бұрын жүргізілуде, темірбетон қаңқасы 90% -ға орындалды, контур бойынша сыртқы қалау жұмыстары 85% аяқталды және тиісті фотоматериалдар қоса берілген деп көрсеткен.

Қаражатты қайта бөлу кезінде ЖСҚ және құрылыс-монтаждау жұмыстарының *(бұдан әрі – ҚМЖ)* кестесі бекітілмегенін, және тиісінше, қолданыстағы заңнамаға сәйкес ҚМЖ жүргізуге тыйым салынғанын айта кету керек.

---

[241] 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV ҚР Бюджет кодексі

Бұл 2023 жылы осы мектептердің құрылысын Ұлттық қордан **қайта бөлінген** қаражат есебінен қосымша қаржыландыруға **қажеттілік жоқ екенін көрсетеді**.

Мәселен, 2023 жылға бөлінген 3,6 млрд теңгеден жыл қорытындысы бойынша әрбір мектептің құрылысын бастауға 1,7 млрд теңгеден *(48%)* аванстық төлемдер төленген.

Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында 18 іс-шараны орындау көзделген, оның 11 іс-шарасы бойынша бүгінгі күні орындау мерзімдері келді.

Бұл ретте, жауапты орындаушылар *(ИИДМ, ЖАО, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ)* ҚР Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығының 42-тармағын[242] бұза отырып, Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 5 іс-шарасын *(№№2,3,5,8,9)* белгіленген мерзімде орындамаған *(ЖСҚ-ны әзірлеу және кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысымен ЖСҚ мемлекеттік банкінде орналастыру, жер учаскелерін бөлу, ЖСҚ-ны жер учаскесіне байланыстыру, ақпараттық жүйені әзірлеу).*

Мәселен, Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес (*2-іс-шара*) «Samruk-Kazyna Construction» АҚ *(бұдан әрі – Дирекция)* **2023 жылғы 31 наурызға дейінгі** мерзімде қайта қолдану үшін бірыңғай стандарт бойынша **37 ЖСҚ** әзірлеуге *(бес климаттық/сейсмикалық аймаққа арналған 6 мектеп типі бойынша, бір климаттық/сейсмикалық аймаққа арналған 2500 оқушы орнына арналған 1 мектеп типі бойынша, 6 жеке жоба)* және **оларға ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындыларын** алуы тиіс.

Дирекция Ұлттық жобаның №8 қосымшасының 16-тармағын бұза отырып, белгіленген мерзімде 37 ЖСҚ-ны әзірлеген жоқ.

Бұдан басқа 2024 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша нысаналы құрылыс тетігі шеңберінде мектептерді «дайын күйінде тапсыруға» жобалауға және салуға жасалған 207 шарттан «Мемсараптама» РМК-нің оң қорытындысы тек 26 жобаға ғана алынды. 1 жоба бойынша қайта конкурстық рәсімдер өткізілуде, ал қалған жобалар (181) әзірлеудің әртүрлі сатысында және «Мемлекеттік сараптама» РМК-нің қарауында.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ ақпараты бойынша[243] 208 объектінің 72 объектісі *(35%)* бойынша құрылыс 1 қабаттан жоғары тұрғызылған, 42 объект *(20%)* бойынша іргетасы тұрғызылған, 47 объект бойынша *(22%)* іргетас үшін негіз дайындалған, 35 объект бойынша *(17%)* шұңқыр қазу жұмыстары жүргізілген, 12 объект бойынша *(6%)* дайындық жұмыстары басталған.

---

[242] «ҚР Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесін бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығы.

[243] 2024 жылғы 5 наурыздағы № 06-1/2798 хат

Құрылыс-монтаждау жұмыстары құрамындағы жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) түрлерінің тізбесіне сәйкес *(ҰЭМ 2015 жылғы 19 наурыздағы № 231 бұйрығымен бекітілген)* топырақтағы арнайы жұмыстар *(қазаншұңқырларды өңдеу),* қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды бұзумен, уақытша инженерлік жүйелерді, жолдарды, қойма алаңдарын, сондай-ақ аумақты сатылай жоспарлауға байланысты дайындық жұмыстары, ғимараттар мен құрылыстардың тіреу және (немесе) қоршау конструкцияларын *(оның ішінде көпірлерді, көліктік эстакадаларды, тоннельдер мен метрополитендерді, жол өтпелерін, құбыр жолдарды, өзге де жасанды құрылыстарды)* салу және басқалары құрылыс-монтаждау жұмыстарына жатады.

Бұл ретте мемлекеттік сараптаманың алғашқы оң қорытындысы 2024 жылғы қаңтардың соңында ғана алынды, ал ЖСҚ-ны бекіту туралы бұйрықтарға а.ж. ақпанда қол қойылды *(13 жобаға).*

Сонымен бірге, «ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 ҚР Заңы *(бұдан әрі – Заң)* 60-бабының 1-тармағына сәйкес **объектілердің** және олардың кешендерінің **құрылысы** *(реконструкциялау, қалпына келтіру, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу),* сондай-ақ коммуникацияларды төсеу, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру белгіленген тәртіппен бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына, елді мекеннің бас жоспары негізінде орындалған құрылыс салу жобасына *(немесе тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі елді мекендерді дамытудың және құрылыс салудың оларды алмастыратын схемасына)* сәйкес әзірленген **жобалау (жобалау-смета) құжаттамасы бойынша жүзеге асырылады**.

Заңның 68-бабының 11-тармағына сәйкес жобалауға арналған тапсырмаға, сәулет-жоспарлау тапсырмасына және өзге де бастапқы материалдарға сәйкес әзірленген **жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы** мемлекеттік нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес **келісуден, ведомстводан тыс кешенді сараптамадан және бекітуден өтеді**.

Заңның 68-бабының 12-тармағына сәйкес **құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін тапсырыс беруші бұл туралы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органдарға** «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңында белгіленген тәртіппен **құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабар беруге міндетті**.

Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды анықтау туралы қағидаларға сәйкес[244] құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны

[244] «Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

туралы хабарламада, соның ішінде, бекітілген жобалық-сметалық құжаттаманың, сараптаманың оң қорытындысының болуы сияқты ақпарат көрсетіледі. Хабарлама толық толтырылмаған, Қағидалардың 3-тармағына сәйкес қажетті құжаттар ұсынылмаған жағдайда хабарлама қабылданбайды.

Осылайша, Дирекция және мердігерлер сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қолданыстағы заңнаманы бұза отырып, **бекітілген ЖСҚ және оларға оң қорытындылар болмаса да** мектептердің құрылысын бастады.

Бұдан бөлек, Ұлттық жобаның 1-міндетінің Бірінші тетігін іске асыру шарттарын бұза отырып, Дирекция ЖСҚ әзірлеу, ведомстводан тыс кешенді мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын **алу**, объектіні бір жұмыстар кешенінде салу сияқты жұмыстардың біріктірілуіне байланысты, жұмыстар кешенін жүзеге асыру бойынша жасалған шарттар шеңберінде ЖСҚ әзірлеу бойынша жауапкершілікті **мердігер ұйымға** *(консорциумға)* **берді**. Бұл ретте жоғарыда көрсетілгендей Дирекция тарапынан бірыңғай стандарт бойынша қайтадан қолдану үшін ЖСҚ әзірленбеген.

Ұлттық жобада көзделген қайтадан қолдану үшін (үлгілік) **әзірленген ЖСҚ-ның** болмауы оларға мектептердің жобаларын байланыстыру мүмкіндіктерін шектеді және тиісінше әрбір мектеп үшін жеке ЖСҚ әзірлеуге арналған шығындарды ұлғайту қажеттігіне әкелді, оның көлемі Дирекция мен консорциумдар арасындағы шарттарға сәйкес орта білім беру объектілерін салуға және технологиялық жарақтандыруға инвестициялар көлемінің 3%-ын құрады *(мысалы, Алматы облысында мектептер құрылысының жалпы құны 134 547 млн теңге болғанда 26 ЖСҚ әзірлеуге 2 090 млн теңге жоспарланған).*

Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде консорциумдарға ЖСҚ әзірлеу бойынша құзыреттерді беру *(жобаларды байланыстырудың орнына)* мектептерді жобалау құнының қымбаттауына алып келді.

Дирекция мен бас мердігер арасында жасалған шарттар бойынша мектеп құрылысының құны Ұлттық жобада белгіленген мектептің жобалық қуатын ескере отырып, бір оқушы орнының құнын есепке алумен айқындалған құрылыстың есептік құнынан асып түсетіні анықталды.

Дирекция мен бас мердігерлер (консорциумдар) арасындағы шарттың жалпы құны 207 мектеп бойынша шамамен 1 132 млрд теңгені құрады, оның ішінде 16,7 млрд теңге ЖСҚ әзірлеуге, қалғаны ҚМЖ. Ұлттық жоба бойынша мектептер құрылысының есептік құны 1 091 млрд теңгені құрайды.

Ұлттық жоба бойынша мектептерді салу және технологиялық жарақтандыру құнынан Дирекция мен бас мердігерлер арасында жасалған шарттардың сомаларының асып кетуінің орташа мәні 3,8%-ды құрады *(макс. мәні 4,4%).* Асып кетудің жалпы сомасы шамамен 41 млрд теңге *(207 жоба бойынша).*

Бұдан басқа, талдау барысында бекітілген ЖСҚ бойынша мектеп құрылысының құны *(26 жоба бойынша)* Ұлттық жобада белгіленген мектептің жобалық қуатын ескерумен, бір оқушы орнының құнын есепке ала отырып айқындалған есептік құнынан орта есеппен **35%** асып кеткені анықталды *(макс. мәні 52%).*

Асып кетудің жалпы сомасы тек **26 жоба бойынша** шамамен **45 млрд теңгені** құрайды**,** бұл бюджеттен қосымша қаржыландыруды бөлуді талап етеді.

86-КЕСТЕ. ЖСҚ бойынша 26 мектепті салу және технологиялық жарақтандыру құнының Ұлттық жоба бойынша есептік құнынан асып кетуі, млн теңге

Ұлттық жоба бойынша құны	Дирекция мен Консорциум арасындағы шарттың сомасы	ЖСҚ бойынша құны	ЖСҚ бойынша құнның Ұлттық жоба бойынша құнынан асып кетуі	% асып кету
127 418,2	131 761	171 948,7	44 530,5	35

Ұлттық жобада құрылысын бастау 2023 жылға жоспарланған 217 мектептің 9-ын ЖАО-ның салынған орта білім беру ұйымдары объектілерін меншік иелерінен тауар ретінде сатып алуы тетігі бойынша пайдалануға беру жоспарланған *(Астана қаласында 1 мектеп).*

Астана қаласы әкімдігінің деректері бойынша[245] Астана қаласының құрылыс басқармасы мен «Binom Nur-Sultan» ЖШС арасында орта білім беру ұйымының объектісін сатып алу-сату туралы 2023 жылғы 13 қарашадағы № 23/69 алдын-ала шарт жасалды. «Мемсараптама» РМК-нің алынған оң қорытындысын ескере отырып, 1200 орындық мектептің алдын ала құны 7 993,5 млн теңгені құрайды, бұл Ұлттық жобаның есептік құнынан 36%-ға жоғары екенін атап өту керек.

Алматы қ. 8 жоба бойынша Алматы қ. әкімдігі мен объектілердің меншік иелері арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылған *(мектептердің құрылысы).*

Анықтама ретінде: ЖСҚ әзірлеуге, құрылысқа және бір оқушы орнын технологиялық жарақтандыруға арналған бюджет қаражатының көлемі (бұдан әрі – бір оқушы орнының құны) 2022 жылғы ағымдағы бағамен Ұлттық жобаға сәйкес орта білім беру ұйымы объектісінің жобалық қуатына байланысты мынадай:

300 білім алушыға – 8 392 мың теңге;
600 білім алушыға – 6 817 мың теңге;
900 білім алушыға – 5 392 мың теңге;
1 200 білім алушыға – 4 886 мың теңге;
1 500 білім алушыға – 4 271 мың теңге;
2 000 білім алушыға – 4 258 мың теңге;
2 500 білім алушыға – 3 692 мың теңге.

Бұл есептеулер болжамды және бір оқушы орнының түпкілікті құны объектінің орналасқан жеріне, іске асыру мерзіміне және тапсырыс беруші бекіткен жобалық тапсырмаға сәйкес құрылымдық,

[245] 2024 жылғы 16 сәуірдегі № 507-07-07/3298 хат

көлемдік-жоспарлау, инженерлік-техникалық және басқа шешімдерді қамтитын жобалық шешімдерге байланысты жеке жұмыс жобасын әзірлеу кезінде айқындалатынын атап өткен жөн.

ЖСҚ әзірлеуге кететін шығыстар бір оқушы орнының құрылысына кететін шығындардың құнына кіреді.

«Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларының[246] 7-тармағына сәйкес Дирекция орта білім беру ұйымдары объектілерінің нысаналы құрылысы бойынша «дайын күйінде тапсырылған» көрсетілетін қызметтер мен кешенді жұмыстарды сатып алуды:

1) **республикалық бюджет** қаражаты есебінен – мектептің жобалық қуатын ескере отырып, бір оқушы орнының құны есебінен айқындалған **объект құрылысының есептік құнынан аспайтын** көлемде тиісті ЖАО-ға жеткізілген нысаналы трансферттер түрінде;

2) **жергілікті бюджет** қаражаты есебінен – орта білім беру ұйымының объектісін салу жоспарланатын орталық/дербес инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға қосылған/қосу жорамалданған жер учаскесін беру және (немесе) ЖСҚ әзірлеуге немесе түзетуге жұмсалатын шығыстарды және (немесе) мектептің жобалық қуатын және **ЖСҚ бойынша осындай объектіні салу құнын** ескере отырып, бір оқушы орны құнының есебінен айқындалған **объект құрылысының есептік құнынан айырманы төлеу** түрінде жүзеге асыратынын айта кету керек.

Осыған байланысты, ЖАП мектептерді салу және технологиялық жарақтандыру құнының қымбаттауы және бюджеттен қосымша қаражат бөлу қажеттілігі, сондай-ақ мектептерді пайдалануға беру мерзімдерін бұзу тәуекелдерін көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген Қағидалардың 3-тармағына сәйкес ЖАО сатып алу-сату шарттарын жасасу арқылы тауарлар ретінде орта білім беру ұйымдарының объектілерін:

1) **республикалық** бюджет қаражаты есебінен – тиісті ЖАО-ға нысаналы трансферттер түрінде жеткізілген, Ұлттық жоба шеңберінде салынған жобалық қуаты ұқсас орта білім беру ұйымындағы бір оқушы орнының құны есебінен айқындалған **объект құрылысының есептік құнынан аспайтын** көлемде;

2) **жергілікті** бюджет қаражаты есебінен – орта білім беру ұйымының сатып алынатын объектісі салынған жер учаскесіне дейін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды (қажет болған жағдайда) жүргізу түрінде не мектептің жобалық қуатын және **осындай объектіні сатудың нақты құнын** және жер учаскесінің құнын өтеуді ескере отырып, бір оқушы орнының құнын есептеу есебінен айқындалған **объект құрылысының есептік құнынан айырманы** төлеу түрінде

[246] Ұлттық жобаға 8-қосымша

және орта білім беру ұйымының сатып алынатын объектісінің меншік иесіне тиесілі жер учаскесінің құнын өтеу түрінде сатып алуды жүзеге асырады.

2024 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 2 өңірде *(Түркістан облысы, Шымкент қ.)* 12 жер учаскесі бойынша шешілмеген мәселелер бар, бұл нөлдік циклді жүргізуге және ҚМЖ-ның уақтылы басталуына кедергі келтіреді.

Сонымен қатар Қызылорда облысының Қызылжарма ауылында жайлы мектеп салу үшін бастапқыда санитарлық талаптарға сай келмейтін жер учаскесі бөлінген *(құрылыс орны бұрын құс фабрикасы болған және құстардың өлекселері көмілген жерлер табылған),* осыған байланысты кейіннен бұл жер учаскесі басқасына ауыстырылғанын атап өткен жөн.

Бұдан басқа, Ұлттық жобада объектілерді салу кезеңінде Дирекция пайдаланушылардың кең ауқымы үшін құрылыс алаңдарының бейнетрансляциясы мен фотоесеп функциясы бар, құрылыс барысын мониторингтеуге арналған ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді деп көзделген. Бұл ретте, Дирекцияның ақпаратына сәйкес Оқу-ағарту министрлігі «Инженерлік-техникалық орталық» ШЖҚ РМК-мен бірлесіп, өткен жылдың мамыр айынан бастап Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде пайдаланылатын деректерді, жедел және есептік ақпаратты «Easy Project» ақпараттық жүйесінен «Битрикс» АЖ-ға көшіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2024 жылғы 19 ақпанда «ҚР ПІБ Инженерлік-техникалық орталығы» ШЖҚ РМК Қоғаммен Битрикс ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті қамтамасыз ету қызметтеріне шарт жасасты. Мүдделі мемлекеттік органдар платформаны әзірлеушілер – «Инженерлік-техникалық орталық» ШЖҚ РМК-ге, ҚР Президентінің Іс басқармасына және Оқу-ағарту министрлігіне ресми сұрау салу арқылы жүйеге қол жеткізе алады.

Сонымен бірге, осы уақытқа дейін аталған жүйеге пайдаланушылардың кең ауқымына қол жетімділік қамтамасыз етілмеген.

«Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасының шеңберінде орта білім беру объектілерін салуға және күтіп ұстауға облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларының 9-тармағына сәйкес нысаналы трансферттерді уақтылы, атаулы, нысаналы және тиімді пайдаланғаны үшін ҚР заңнамасына сәйкес ЖАО мен Дирекция жауапты.

Осыған байланысты, салынып жатқан мектептердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ЖАП мыналарды ұсынады:

1) объектілерге тексеру жүргізіп, Дирекция мен мердігерлер тарапынан бұзушылықтар анықталған жағдайда, қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен жауаптылыққа тартылсын;

2) пайдаланушылардың кең ауқымы үшін құрылыс алаңдарының бейнетрансляциясы мен фотоесеп функциясы бар құрылыс барысын мониторингілеуге арналған ақпараттық жүйенің жұмыс істеуі қамтамасыз етілсін;

3) мектептердің уақтылы пайдалануға берілуі қамтамасыз етілсін.

Мектептердің құрылысы мен жұмыс істеуін регламенттейтін нормативтік құқықтық және өзге де құжаттарды жетілдіру бойынша Ұлттық жобаның 17-іс-шарасын іске асыру үшін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне *(бұдан әрі – Тәртіп)* өзгерістер енгізу көзделген.

2022 жылғы 13 желтоқсанда Тәртіпке 73-баптың 1-тармағына «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асырумен байланысты жұмыстар мен қызметтерді сатып алу» деген 12) тармақшамен толықтыру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді *(ерекше тәртіпті қолдана отырып сатып алу).*

Бұл ретте іс жүзінде ерекше тәртіпті қолдана отырып, сатып алуларды реттейтін нормативтік құжатты Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде тікелей орындаушы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның ведомстволық бағынысты ұйымы орта білім беру ұйымдарының объектілерін нысаналы құрылысы жөніндегі дирекция – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ әзірледі.

Осылайша, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №47/2022 шешімімен ерекше тәртіпті қолдана отырып, сатып алуды реттейтін «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ның Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде орта жалпы білім беретін мектептерді салу және жобалау бойынша кешенді жұмыстарды, техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді сатып алуын жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулығы бекітілді.

Сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық үш рет қайта бекітілді: *(2023 жылғы 7 ақпандағы № 04/2023, 2023 жылғы 2 наурыздағы №08/2023 және 2023 жылғы 22 тамыздағы №30/2023),* 2 рет түзету енгізілді.

ЖАП-тың бағалауы бойынша Ұлттық жобаның іс-шараларын тікелей орындаушының *(«Samruk-Kazyna Construction» АҚ)* ерекше тәртіпті қолдана отырып, сатып алуды реттейтін нормативтік құжатты әзірлеу жолымен іске асыру **сатып алуларға қатысуға тең мүмкіндіктер бермеу**, адал бәсекелестікті сақтау, сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен анықтығы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол беру тәуекелдеріне алып келеді.

Жалпы алғанда, ЖАП-тың бағалауы бойынша бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану 311,9 млрд тенгені құрады *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзышылықтарды және ҚСС ҚБШ-дағы қаражат қалдықтарын есепке алмағанда).*

«АУЫЛДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫРТУ» ПИЛОТТЫҚ ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ

Есепті кезеңде Мемлекеттік жоспарлау жүйесін іске асырудың 85-тармағына сәйкес 2023-2025 жылдарға арналған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы *(бұдан әрі – Ауылда денсаулық сақтау ұлттық жобасы, Ұлттық жоба)*[247] іске асырыла бастады.

Ұлттық жобаның мақсаты: Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету деңгейін арттыру.

Қаржыландыру көлемі: 217,7 млрд. теңге, соның ішінде 2023 жылға – 40 млрд теңге.

Бекітілген пилоттық ұлттық жоба 2023 жылы 22 қыркүйекке дейін қолданыста болған 2021-2025 жылдарға арналған «Салауатты ұлт»[248] ұлттық жобасы шеңберіндегі саланы/қолданыс аясын ішінара қамтиды.

Ауылда денсаулық сақтау ұлттық жобасын іске асыруға 2023 жылы Ұлттық қордан 38 611,3 млн теңге бөлінген, оның ішінде денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға – 22 943,7 млн теңге, денсаулық сақтау объектілерін күрделі жөндеуге – 3 852 млн теңге, жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға – 11 815,6 млн теңге.

2024 жылдың басында 4 006 млн теңге атқарылмай қалды *(үнем – 2 745,1 млн теңге, игерілмегені – 1 260,8 млн теңге).*

Игерілмеу себептері: нақты көрсетілген қызмет көлемі үшін ақы төлеу; орындалған жұмыс актілері мен шот-фактураларды уақтылы ұсынбау; бюджет қаражатының талап етілмеуі; өнім берушілердің шарт талаптарын бұзуы *(тауардың болмауы);* жұмыс кестесінен артта қалу; өтпей қалған конкурстық рәсімдер; тұрақсыздық айыбын ұстап қалу.

Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында 33 іс-шараны орындау көзделген, оның ішінде – 16-сы *(48,5%)* орындалған, 12-сі *(36,4%)* орындалуда, 5-еуі *(15,2%)* ішінара және мерзімдері бұзыла отырып орындалған.

87-КЕСТЕ. Ішінара орындалған және мерзімдерін бұза отырып орындалған іс-шаралар

Іс-шаралар	Мерзімі	Орындалуы
Мерзімін бұза отырып орындалған		
655 МСАК нысандарын салуға жер учаскелерін бөлу	2023 жылғы 1 -тоқсан	ЖСҚ әзірленген 3 өңірдегі (Ақмола обл.-2, Түркістан обл.-2, Алматы обл.-1) 5 МСАК объектілері бойынша олардың орналасқан жері мен нысаналы мақсатын ауыстыруға байланысты жер учаскелеріне құжаттарды қайта ресімдеу **маусым** айында жүргізілді, бұл Ұлттық жоба операторы – «Turar Healthcare» КЕАҚ жүргізетін үлгілік жобалық шешімдерді әзірлеу мерзімінің кешігуіне әсер етті.

[247] 2022 жылғы 30 қарашадағы № 962 ҚРҮҚ бекітілген.
[248] 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 828 ҚРҮҚ күші жойылды.

Іс-шаралар	Мерзімі	Орындалуы
ЖАО-дан бастапқы деректерді алу	2023 жылғы 1-тоқсан	Бастапқы деректер «Turar Healthcare» КЕАҚ-ға 2023 жылғы **наурыз-маусым аралығында** берілген: - Ақмола обл.: 3 объект бойынша СЖТ-2023 жылғы наурызда, 2 объект бойынша жаңа мемлекеттік актілер - 2023 жылғы наурызда және мамырда; - Алматы обл.: 2 объект бойынша СЖТ - 2023 жылғы наурызда, 1 объект бойынша жаңа мемлекеттік акт-2023 жылғы мамырда; - Жамбыл обл.: 3 объект бойынша СЖТ-2023 жылғы сәуірде; - Түркістан обл.: СЖТ және 2 объект бойынша жаңа мемлекеттік актілер-2023 жылғы сәуір мен маусымда. Нәтижесінде-типтік ЖСҚ жобалау мерзімдерінің кешігуі.
3 МСАК объектісінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу (МП, ФАП, ДА)	2023 жылғы 1- тоқсан	Ақмола, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының ЖАО жобалау үшін бастапқы деректерді (дұрыс емес) кешіктіріп ұсынуы.
Оң қорытындылар ала отырып, МСАК объектілерінің 3 түрінің (МП, ФАП, ДА) жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу.	2023 жылғы 1- тоқсан	«Мемсараптама» РМК қорытындыларын алудың нақты мерзімдері: - Ақмола обл. – 2023 жылғы 24, 30 мамыр; - Алматы обл. – 2023 жылғы 22, 23 маусым; - Жамбыл обл. – 2023 жылғы 27, 29 маусым; - БҚО – 2023 жылғы 6, 7 маусым; - Түркістан обл. – 2023 жылғы 23, 24, 27 маусым.
Ішінара орындалды		
ҚР қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес қайта қолдатын жобаларды байланыстыру (бейімдеу).	2023 жылғы 2- тоқсан	227 объект (Ақмола (20), Алматы (25), Абай (7), Жетісу (48), БҚО (26), Қостанай (3), Қарағанды (50), Павлодар (20), СҚО (7), Түркістан (13), Ұлытау (8)) бойынша **ЖСҚ жобалау (**байланыстыру) **аяқталмаған**

Дереккөз: ДСМ

Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша 2 іс-шара бойынша *(оларды ЖАО-ның іске асыруына байланысты):* 98 Көпсалалы орталық аудандық ауруханаға *(бұдан әрі – КОАА)* қолданыстағы ғимараттары мен құрылыстарына техникалық тексеру жүргізу *(ақау актісін ұсына отырып)* және ЖСҚ әзірлеуге бастапқы деректерді алу бойынша орындалуына бағалау жүргізілмеген. Жоғарыда айтылғандар Денсаулық сақтау министрлігінің ЖАО-мен өзара іс-қимылының болмауын және объектілерді салу мен реконструкциялаудың уақтылы аяқтамауының ықтимал тәуекелдерін көрсетеді.

1. ***Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау*** *(22,9 млрд теңге)*

2023 жылға мәлімделген 99 құрылыс объектісі, оның ішінде 35 объект – жаңадан салынып жатқан, 64 объект - ескірген медициналық объектілердің *(дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер, медициналық пункттер)* орнына, барлығы бойынша, 1 объектіні қоспағанда құрылыс жұмыстары басталды.

Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарында құрылыс жұмыстары жоспар бойынша жүріп жатыр.

Мына өңірлерде жұмыс жүргізу кестесінен артта қалушылық байқалды:

- ШҚО – 19 жобаның ішінен 1 жоба есепті жылы іске асырылмаған, құрылыс жұмыстары 2024 жылға жоспарланған басқа медициналық объектіге ауыстырылған;

- Жамбыл облысы – 10 жобаның ішінен 2 жоба бойынша жұмыстар аяқталмаған, 5% тұрақсыздық айыбы өндірілген;

- Қарағанды облысы – 14 жобаның ішінен 5 жоба бойынша жұмыстарды жүргізу кестесінен артта қалушылық байқалады;

- Қостанай облысы – 6 жобаның ішінен 2 жоба бойынша жұмыстарды жүргізу кестесінен артта қалушылық байқалады;

- Ұлытау облысы – 5 жобаның ішінен 4 жоба бойынша кестеден артта қалушылық байқалады.

Нәтижесінде жергілікті халықтың бас тартуы себебінен *(2023 жылғы 10 шілдедегі № 5/4396-И хаты)* *Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының 226 километр разъезінде* медициналық пункт салудың орынсыздығына байланысты **«655 МСАК объектісін пайдалануға беру»** көрсеткішіне *(2023 жылға- 99 МСАК объектісі жоспарланған)* **қол жеткізілмеген.**

2023 жылы 21 қыркүйектегі № 823 ҚРҰҚ-мен Белокаменка кентінде медициналық пункттің құрылыс объектісіне ауыстырылды (*бастапқыда іске асыру 2024 жылдан бастап жоспарланған*). Бұл **ЖАО тарапынан нақты қажеттілікті талдамай жоспарлауды** көрсетеді.

ЖАП-тың бағалауы бойынша Ұлттық жобаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін 2023 жылға арналған республикалық бюджеттің шығыстары 117,1 млн теңге құрады.

Есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша **пайдалануға беруге жататын** 99 МСАК объектісінің **17-сі** *(17,2%)* **жұмыс кестесінен артта қалу себептері бойынша пайдалануға берілмеген**, объектілерді пайдалануға қабылдау актілері ресімделу сатысында.

Тікелей нәтиже көрсеткіштеріне *(053.126 ДСМ ББ):*

- 98 салынып жатқан денсаулық сақтау объектісі *(жоспар - 99);*

- 82 салынған денсаулық сақтау объектісі *(жоспар - 99)* бойынша қол жеткізілмеген.

88-КЕСТЕ. Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау бойынша аяқталмаған жобалар, млн теңге

Жоба	Жаңа орнына	Халық саны, адам	Жобаның құны	2023 жылы бөлінгені	Игеріл-меген сома	Жобаның аяқталмауының себебі
17 объект			**3 894,5**	**3 377,2**	**278,8**	
Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы 226 км разъезінде медициналық пункт салу	жаңа	293	117,1	117,1	117,1	Осы елді мекенде медициналық пункт салудан бас тарту туралы жергілікті халықтың қоғамдық пікірін ескере отырып Глубокое ауданының Белокаменка ауылындағы медициналық пунктке ауыстыру жүргізілді (2023 жылғы 21 қыркүйектегі № 823 ҚРҰҚ)
ШҚО Глубокое ауданы Прапорщиково ауылында бір ауысымда 25 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулатория және 4 төсек-орындық күндізгі стационар салу	орнына	3 219	564,5	501,5	39,6	Шарттың кеш жасалуына байланысты жұмыстар 2023 жылғы қыркүйекте басталды. Объектінің дайындық деңгейі-65%. Объектіні ЖБ қаражаты есебінен 2024 жылы аяқтау жоспарлануда (*10% қоса қаржыландыру көзделген*).

Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қызыларық а/о Сурум а. 5 келушіге арналған медициналық пункт ғимаратын салу	орнына	393	134,1	114	4,9	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Жамбыл облысы Сарысу ауданы Жайлаукөл ауылында 30 адамға арналған дәрігерлік амбулатория салу	орнына	381	254,4	221,7	9,3	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақжарық ауылы, Қызыларай а/о ауысымына 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт салу. Байланыстыру.	орнына	438	154,1	135	43,3	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Қарағанды облысы Бұхар Жырау ауданы Қарақұдық ауылында ауысымына 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт салу. Байланыстыру	жаңа	861	151,7	136,5	1,8	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Қарағанды облысы Бұхар Жырау ауданы Новоузенка а., Новоузенка а/о ауысымына 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт салу. Байланыстыру	жаңа	1 711	156,8	137,3	3,9	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Қарағанды облысы Бұхар Жырау ауданы Ақтөбе ауылында ауысымына 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт салу. Байланыстыру	жаңа	806	156	136,7	3,3	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Қарағанды облысы Бұхар Жырау ауданы Ақжол ауылында ауысымына 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт салу. Байланыстыру	орнына	617	173,2	152,2	-	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Қарағанды облысы Шет ауданы Ақшатау кентінде ауысымына 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт салу	орнына	830	154,2	134,4	14,9	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Қарағанды облысы Шет ауданы, Бұрма а., Бұрма а/о ауысымына 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт салу	жаңа	894	163,4	142,6	-	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Қостанай облысы, Лисаков қ. Октябрь кентінде дәрігерлік амбулатория салу.	жаңа	3 647	608,1	509	-	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Қостанай облысы Қостанай ауданы Владимировский ауылында дәрігерлік амбулатория салу	жаңа	2 647	596,7	497,2	-	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Байқоңыр ауылында 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт салу.	орнына	389	127	110	20,2	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Қоскөл ауылында 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт салу	орнына	503	128,3	111,2	21,1	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Мибұлақ ауылында 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт салу	орнына	525	128,1	111	19,1	Жұмыс кестесінен артта қалу.
Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Терісаққан ауылында 25 адам қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт салу	орнына	325	126,8	109,8	19,9	Жұмыс кестесінен артта қалу.

Дереккөз: ДСМ, БҰС

Еліміздің 2 өңірінің 6 ауылында 6 жаңа медициналық мекеменің уақтылы салынбауы нәтижесінде 11 мыңға жуық тұрғынға заманауи жабдықтармен

жабдықталған жаңа медициналық мекемелерде медициналық көмек көрсетілмей қалған.

Талдау барысында ЖАО құрылымдық бөлімшелерінің іс-қимылдарының үйлестірілмеуі себебінен **қосарланған қаржыландыру тәуекелі жоғары екендігі** анықталды. Мәселен, Үржар ауылындағы жер учаскесінде, Абылайхан даңғылы 85-те орналасқан *«Абай облысы Үржар ауданы Үржар ауылында 10 төсек-орындық күндізгі стационармен 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория салу»* жобасы *(кадастрлық нөмірі 05-248-009-901)*[249] 2023 жылдан бастап «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде іске асырылуда *(2023 жылы 196,9 млн теңге игерілді, объектінің дайындығы 35%. 2024 жылға 26,7 млн теңге көзделген)*, сондай-ақ 2024 жылдан бастап Ұлттық жоба шеңберінде де көзделген *(655,5 млн. теңге).*

Осылайша, аталған тәуекелдерді болдырмау мақсатында **Ұлттық жобадан** осы жобаны іске асыруға арналған шығыстарды **алып тастау орынды** деп санаймыз.

2. Денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыру *(11,8 млрд теңге)*

Осы бағыт шеңберінде іс-шараларды іске асырудың жоспар-кестесінде жұмыс істеп тұрған 12 КОАА және 20 жаңа КОАА-ға *(8 және 9 іс-шаралар)* медициналық жабдықтар сатып алу және жеткізу жоспарланған.

Ауылда денсаулық сақтау ұлттық жобасын іске асырудың барлық кезеңіне енгізілген 32 ауруханаңың, 4 медициналық мекеменің қалалық аурухана мәртебесі бар: Степногорск орталық қалалық ауруханасы *(сомасы 9,1 млн теңгеге 4 бірлік медициналық техника қажеттілігі мәлімделді)*, Шу қалалық ауруханасы *(сомасы 112,6 млн теңгеге 9 бірлік медициналық техника қажеттілігі мәлімделді),* Балқаш қаласының орталық ауруханасы *(сомасы 244,9 млн теңгеге 15 бірлік медициналық техника қажеттілігі мәлімделді)* және Теміртау қаласының орталық ауруханасы *(сомасы 198,8 млн теңгеге 8 бірлік медициналық техника қажеттілігі мәлімделді)*.

Сонымен қатар, бұл **ауыл тұрғындарына** медициналық көмек көрсету деңгейін арттыруға бағытталған Ұлттық жобаның мақсатына қарама-қайшы.

Осылайша, ЖАП-тың бағалауы бойынша Ұлттық жобаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін 565,4 млн теңге мөлшеріндегі қаражатты пайдалану тәуекелі байқалады (*қалалық ауруханаларға 14 бірлік медициналық техника* қажеттілігі).

Сомасы 101,4 млн теңгеге 3 бірлік медициналық жабдықты жеткізуге **қажеттіліктің болмауы себебінен асыра жоспарлау** атап өтілген (*Ақмола облысы Бұланды аудандық емханасын Степногрск қалалық емханасына ауыстыруға байланысты*).

[249] «Абай облысы Үржар ауданы Үржар ауылында 10 төсек-орынға арналған күндізгі стационармен 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория салу» жұмыс жобасын бекіту туралы» 2021 жылғы 23 сәуірдегі №29 бұйрық

Мәселен, 2023 жылға мәлімделген 910 бірлік медициналық жабдықты сатып алудың орнына іс жүзінде 1 810 бірлік сатып алынған, бұл **өңірлер жоспарлаған қажеттіліктен 2 есе артық**. Бұл ретте Ұлттық қордан ағымдағы нысаналы трансферттермен бөлінген атқарылмаған бюджет қаражатының қалдығы бар, ол есепті жылдың соңында 1,2 млрд теңге құраған *(үнем – 574,7 млн теңге, игерілмегені – 644,3 млн теңге*).

Өңірлер бөлінісінде:

- *Ақмола облысы* – 20 бірлік медициналық техниканың 5-еуі сатып алынбаған *(бұрғы, бейнегастроскоп, фибробронхоскоп, бейнеэндоскопиялық кешен, вертикализатор),* 159,7 млн теңге игерілмеген. Бұл ретте, сомасы 103,3 млн теңге жабдықтың 4 бірлігін сатып алу қажеттілігі жоқ, бұл жоспарлау кезеңінде бюджет қаражатын асырып көрсету тәуекелдерін айғақтайды;

- *Алматы облысы* – 34 бірлік медициналық техниканың 6-ауы *(эхоэнцефалограф, 2 фибробронхоскоп, вертикализатор, УДЗ аппараты, бейнегастроскоп)* сатып алынбаған, 157,7 млн теңге игерілмеген. Бұл ретте медициналық ұйымдарда жабдықтың бар болуына байланысты жабдықтың 3 бірлігін алу қажеттілігі жоқ;

- *Атырау облысы* – 42 бірлік медициналық техниканың 10-ы сатып алынбаған, 44,8 млн теңге игерілмеген. Бұл ретте медициналық ұйымдарда жабдықтың бар болуына байланысты жабдықтың 6 бірлігін алуға қажеттілік жоқ;

- *СҚО* – конкурстық рәсімдер өтпегендіктен 19 бірлік медициналық техниканың 1-еуі сатып алынбаған, 11,3 млн теңге игерілмеген;

- *Түркістан облысы* – конкурстық рәсімдер өтпегендіктен 76 бірлік медициналық техниканың 18-і сатып алынбаған, 221,2 млн теңге игерілмеген.

Жамбыл мен Қызылорда облыстары медициналық техниканы сатып алуды жоспарлау кезіндегі қажеттілікке сәйкес алған. Қостанай, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстары және Ұлытау облысы, Жетісу облыстары қалыптасқан үнемдеу есебінен қосымша 926 бірлік медициналық жабдық сатып алған.

Осылайша, Ұлттық қордан берілетін ағымдағы трансферттің үнемделген қаражатын пайдалану Бюджет кодексінің 85-бабының 9-тармағын[250] бұзуға әкеп соқты.

2022 жылғы статистика деректері бойынша қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім коэффициенті Қазақстанда 2-орында, ал жекелеген өңірлерде өлім себептерінің негізгі кластары бойынша 1-орында.

Қан айналымы жүйесінің аурулары бойынша **медициналық жабдықтардың қажеттілігін қалыптастыру кезінде** *(мысалы, ангиографтар, брахицефалдық тамырларға және транскраниальды доплерографияға арналған датчиктер жиынтығы бар сараптамалық кластағы ультрадыбыстық аппараттар)* өңірлер жоғарыда көрсетілген **коэффициентті** (*атап*

[250] 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV ҚР Бюджет кодексі

айтқанда, қан айналымы жүйесінің ауруларынан болатын өлімнің стандартталған коэффициентін) **есепке алмайды**.

Мәселен, ҚР өңірлік бөлінісінде қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлімнің стандартталған коэффициенттерінің ең үлкен мәні Ұлытау облысында *(100 мың адамға 201,06),* Қарағанды облысында *(100 мың адамға 187,76),* Батыс Қазақстан облысында *(100 мың адамға 185,33),* Шығыс Қазақстан облысында *(100 мың адамға 182,83)* байқалады. Алайда, 2023 жылға Ұлытау облысы және Батыс Қазақстан облысы бойынша медициналық мекемелерді жарақтандыру және қосымша жарақтандыру шеңберінде осы жабдықтардың қажеттілігі **мәлімделмеген**.

ЖАП-тың бағалауы бойынша өңірлер басымдық өлшемшарттарын сақтамаса да, қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімді 20%-ға төмендету бойынша жоспарланған әлеуметтік-маңызды әсерге қол жеткізу күмән тудырады *(2021 жылғы деңгейден – 100 мың тұрғынға шаққанда 163,7).*

Сол сияқты ісіктерден пайда болатын өлім-жітімнің жоғары деңгейінің бірі Батыс Қазақстан облысында тіркелген – 80,61 *(100 мың адамға шақанда).* Бұл ретте, ісіктердің пайда болуын диагностикалау жабдықтарымен жарақтандыру және қосымша жарақтандыру шеңберінде (*ангиография функциясы және КТ-перфузия бағдарламасы бар кемінде 1,5 Тесла магниттік-резонанстық томограф, сандық маммограф және т. б.)* 2023 жылға арналған мұндай жабдықтың қажеттілігі **мәлімделмеген.**

Сонымен қатар, отандақ медицинаның неғұрлым осал тұсы **білікті медицина мамандарының, соның ішінде медициналық жабдықтарды кәсіби қолдана білетін мамандардың тапшылығы** мәселесі болып қала береді. Себебі орта және ұзақ мерзімді болашақта мамандардың болмауы жабдықты тиімсіз пайдалану және оның бос тұрып қалу тәуекелін арттырады.

Заманауи медициналық жабдықтардың әмбебаптығын атап өту қажет, сондықтан техникалық күрделі медициналық жабдықты сатып алу кезінде жабдықты сатып алып, орнатқаннан кейін оны тиімді пайдалану үшін оқытылған медициналық маманның міндетті түрде болуын ескеру қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар, талдау *(сатып алынған 1 810 бірлік медициналық техника)* нәтижесі Шығыс Қазақстан облысында ауданаралық ауруханаға **жете жарақтандыру** аясында медициналық техниканың тек бір түрі *(медициналық кереуеттер)* - 100 кереует қана сатып алынғанын көрсетіп отыр.

Ұлттық жобаны іске асыру Ұлттық қор қаражаты есебінен жүзеге асырылатынын назарға ала отырып, мақсаттар мен міндеттерге сәйкес тікелей алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуге бағытталған медициналық техниканы сатып алудағы басымдықты ескере отырып, **нақты қажеттілікті қайта қарау** орынды деп санаймыз.

Медициналық техниканың басым емес түрлерін немесе техникалық жағынан күрделі емес жабдықты республикалық бюджетке жүктемені азайту мақсатында

жергілікті бюджеттерден қоса қаржыландыру лимитін көздеу және белгілеу ұсынылады. Осыған сүйене отырып, ең басым мақсаттар мен міндеттер бойынша іс-шаралар қалыптастырылатын болады, бұл бюджет қаражатын шашыратпауға мүмкіндік береді.

3. *Денсаулық сақтау объектілеріне күрделі жөндеу жүргізу* **(***3,9 млрд теңге***)**

Осы бағыт шеңберінде үш өңірде 4 медициналық объектіге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

89-КЕСТЕ. Денсаулық сақтау объектілерін күрделі жөндеу жобалары бойынша ақпарат, млн теңге

Өңір	Сметалық құны	2023 жоспар	2023 Іс жүзінде	Игерілмеу себебі
БАРЛЫҒЫ		**3 851,9**	**3 675,9**	
«Сарыағаш орталық аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК ғимараттарын күрделі жөндеу *Іске асыру кезеңі: 2023*	1 847,6	1 616,2	1 616,2	Объект 90%-ға аяқталды. РБ-дан қаржыландырылды және толық көлемде игерілді, объектіні 2024 жылғы сәуірде жергілікті бюджет есебінен аяқтау жоспарланып отыр (10%-ға қоса қаржыландыру көзделген)
«Жетісай орталық аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК ғимараттарын күрделі жөндеу *Іске асыру кезеңі: 2023*	1 565,1	1 357,9	1 357,9	Объект 90%-ға аяқталды. РБ-дан қаржыландырылды және толық көлемде игерілді, объектіні аяқтау 2024 жылғы сәуірде жергілікті бюджет есебінен жоспарланып отыр (10%-ға қоса қаржыландыру көзделген)
«Арқалық өңірлік ауруханасы» перзентханасының ғимаратын күрделі жөндеу *Іске асыру кезеңі: 2023-2024*	1 267	400	400	Ауысатын жоба, 2023 жылға жоспарланған жұмыс көлемі орындалды
«Тайыншы ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ КМК стационар ғимаратын күрделі жөндеу *Іске асыру кезеңі: 2023*	180,1	158,2	158,2	мерзімінде аяқталды

Дереккөз: ДСМ

Нәтижесінде тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілмеген, 1 ғана денсаулық сақтау объектісі жөндеуден өткен *(жоспар – 3).*

ЖАП-тың Ұлттық жобаны іске асырудың бірінші жылына жүргізген аралық бағалауының қорытындысы бойынша жобалардың уақытында аяқталмау тәуекелдері бар және әлеуметтік тиімділіктің, атап айтқанда, ауылдық елді мекендердің медициналық көмекпен 100 % қамтамасыз етілуі күмән туғызады.

Сондай-ақ, ЖАО-ның мемлекеттік органдары, ЖАО мен ОМО арасында тиісті ведомствоаралық өзара іс-қимылдың болмауы, Денсаулық сақтау министрлігінің Ұлттық жобаны мониторингілеу жөніндегі функцияны орындаудан абстракциялануы байқалады. Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалмауы немесе уақтылы орындалмауы оларды алдын-ала талдау, жоспарлау және мүдделі тараптармен келісу кезеңінде пысықтау деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетеді *(жоспар-кестенің 5 іс-шарасы).*

Ауылда денсаулық сақтау Ұлттық жобасын іске асыруға бөлінген Ұлттық қор қаражатының тиімсіз пайдаланылуын болдырмау және қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында уақтылы ден қою және қажетті түзетулер енгізу жолымен Ұлттық жоба іс-шараларын жедел мониторингілеуді қамтамасыз ету ұсынылады.

Жалпы алғанда, ЖАП-тың бағалауынша бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану 1,3 млрд тенгені құрады *(аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзышылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қаражат қалдықтарын есепке алмағанда)*.

IV БӨЛІМ. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН БАҒАЛАУ

Жоғары аудиторлық палата республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне *(бұдан әрі – РБ ШҚЕ)* аудитті 2020 жылдан бастап жүргізеді.

2020-2022 жылдардағы РБ ШҚЕ-ге қатысты жүргізілген аудиттердің қорытындысы бойынша ескертпемен пікір білдірілді.

2023 жылы РБ ШҚЕ 39 РББӘ-нің есептік деректері және түсімдер бойынша қаржылық есептілік негізінде жасалды.

Шоғырландырылған баланс валютасы 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 25 512,5 млрд теңгені құрады, 2023 жылы республикалық бюджеттің жиынтық кірістері 24 310,6 млрд теңгені, жиынтық шығыстар – 27 008,4 млрд теңгені *(есептеу әдісі бойынша)* құрады.

68-ДИАГРАММА. РБ ШҚЕ құрылымдық элементтерінің серпіні, млрд теңге



2023 жылы РБ ШҚЕ аудиті шеңберінде анағұрлым маңызды 21 РББӘ-нің қаржылық есептілігіне, сондай-ақ түсімдер бойынша қаржылық есептілікке аудит жүргізілді және шоғырландыру мен РБ ШҚЕ-ні жасаудың дұрыстығына тексеру жүргізілді.

Мемлекеттік аудит органдары барлығы: активтердің 84,7%-ын, міндеттемелердің 88,8%-ын, кірістердің 71,9%-ын, шығыстардың 65,3%-ын аудитпен қамтыды.

Бірінші РБ ШҚЕ жасалған кезден бастап оның **сапасы мен анықтығының айтарлықтай жақсарғаны** байқалады. ЖАП ұсынымдарын ескере отырып, Қаржы министрлігі **сомасы 5 730,2 млрд теңгеге активтердің, 296,8 млрд теңгеге міндеттемелердің танылуын және шынайы көрсетілуін қамтамасыз етті**, соның ішінде 2023 жылғы РБ ШҚЕ аудитінің қорытындылары бойынша 85 млрд теңгеге активтерді, 1,6 млрд теңгеге міндеттемелерді көрсетуді қамтамасыз етті.

РБ ШҚЕ-нің негізгі мақсаты республикалық деңгейде мемлекеттің активтерін, міндеттемелерін, кірістері мен шығыстарын объективті және анық ұсыну болып табылады.

Өз кезегінде, 2023 жылғы РБ ШҚЕ бойынша осы мақсатқа қол жеткізу әлі де қамтамасыз етілмей отыр, себебі оның **бірқатар негізгі элементтері объективті көрсетілмейді**.

Мәселен, РБ ШҚЕ деректеріне сәйкес 2023 жылдың қорытындысы бойынша **4 246,7 млрд теңге сомасында теріс жинақталған қаржылық нәтиже және 4 232,4 млрд теңге сомасында** республикалық бюджеттің **таза активтерінің теріс мәні тіркелді** *(РБ ШҚЕ-ге сәйкес соңғы 2 жылдың қорытындысы бойынша міндеттемелер активтерден асып түскен).*

90-КЕСТЕ. РБ ШҚЕ-нің негізгі көрсеткіштерінің серпіні, млрд теңге

Көрсеткіштер	01.01.2021	01.01.2022	01.01.2023	01.01.2024
Таза активтер	171,9	68,6	-1 097,4	-4 232,4
Қаржылық нәтиже	160,4	57,5	- 1 112	- 4 246,7
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	15 876,7	17 480,6	19 593,5	22 239,7
Баланс валютасы	19 658,3	21 433,8	23 839,1	25 512,5
Қаржылық тұрақтылық коэффициенті *	0,816	0,819	0,776	0,706

* *$К_ф$ = таза активтер + ұзақ мерзімді міндеттемелер / баланс валютасы. Қаржылық тұрақтылық коэффициентінің 0,8-ден 0,9-ға дейінгі мәні қаржылық жағдайды қаржылық тұрақты деп сипаттайды. 0,8-ден төмен көрсеткіш сыртқы қаржыландыруға және төлем қабілетсіздігіне тәуелділік тәуекелдерін көрсетеді.*

Жоғары аудиторлық палатаның бағалауы бойынша, негізінен, бұл жағдай **РБ ШҚЕ-ні жасау әдіснамасының тұжырымдамалық кемшіліктеріне** байланысты.

Осылайша, **қаржылық есептіліктің үш негізгі элементінің** объективті көрсетілмеуі 2023 жылғы РБ ШҚЕ-дегі қаржылық нәтиже мен таза активтердің **анықтығын қамтамасыз етпей отыр:**

1. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қаржылық инвестициялар РБ ШҚЕ-де **11 441,8 млрд теңге** сомасында көрсетілген**.** Осы инвестицияларды **өзіндік құны** бойынша көрсетудің қолданылатын әдісі қоғамдық сектордың қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттарына *(ҚСҚЕХС)* сәйкес келмейді және осы активтердің өзекті жай-күйінде объективті ұсынылуын көрсетпейді.

ЖАП-тың есептеулері бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі республикалық бюджеттің таза активтерінің **баланстық құны** екі еседен астам төмендетілген және **25 031,2 млрд теңгені** құрауы тиіс**.**

2. РБ ШҚЕ-дегі **үкіметтік борыш** өзіндік құны бойынша **24 914,7 млрд теңге** көлемінде көрсетілген, бұл жалпы әлемдік практика мен есептеу қағидатына сәйкес келмейді, өйткені **ақшаның уақытша құны ескерілмейді**.

ЖАП үкіметтік борыштың әділ құнын *(капитал құны мен қызмет көрсету шығындарын ескере отырып, болашақ ақша ағындарын дисконттау жолымен)* есептеді, оның нәтижелері

бойынша осы бапты объективті ұсынудың 4 084,8 млрд теңге сомаға асырылғаны анықталды *(міндеттемелер асырып көрсетілген).*

3. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне берілген бюджеттік кредиттер РБ ШҚЕ-де **1 646,8 млрд теңге** сомасында көрсетілген.

Бұл кредиттердің басым бөлігі нарықтық емес шарттарда *(орта есеппен 0,1%)* ұзақ мерзімге *(орта есеппен 20 жыл)* берілді.

«Арзан», «ұзақ» ақша беру кезінде осы активтер осындай шарттарда қарыз беруден болған шығынды тани отырып, әділ құны бойынша ескерілуге тиіс.

Осы бюджеттік кредиттердің әділ құнын есептеу *(капитал құнын ескере отырып, болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы)* оның іс жүзінде 429,2 млрд теңгені құрайтынын көрсетті. Бұл ретте **РБ ШҚЕ-де бұл активтер 1 217,6 млрд теңгеге асырылған.**

Нәтижесінде, РБ ШҚЕ-де міндеттемелер жыл сайын ұлғайып, ал инвестициялардың қайтарымына негізделген активтердің өсуі байқалмайды. Жоғарыда көрсетілген үш элемент объективті көрсетілген жағдайда 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақталған қаржылық нәтиже оң серпінге ие болып, бағалау бойынша 12 666,7 млрд теңгені құрар еді.

Жоғарыда аталған жүйелік кемшіліктермен қатар, 2023 жылғы РБ ШҚЕ-де **тану өлшемшарттарына сәйкес келмейтін** және ҚСҚЕХС-ке сәйкес активтер құрамында көрсетілуге жатпайтын **активтер** әлі де көрсетілген:

- банкроттардың және мәжбүрлеп таратылатын өзге де заңды тұлғалардың **салық берешегі**, сондай-ақ мемлекеттік кіріс органдары мәжбүрлеп өндіріп алудың барлық шараларын қабылдаған берешек жалпы сомасы **631,7 млрд теңгеге**;

- қарыз шарттары шеңберінде өз міндеттемелерін орындамаған мемлекеттік кепілдіктерді алушылардың **өндіріп алу үшін үмітсіз берешегі**, мұнда **43,1 млрд теңге** сомаға мемлекет кепілгер болып табылды.

Бұдан басқа, 2023 жылғы қаржылық қызметтің нәтижелері туралы шоғырландырылған есепке республикалық бюджеттің кірістеріне қосымша декларациялар беру арқылы салық төлеушілер ШҚЕ жасау күніне азайтқан есептелген салықтардың сомалары енгізілген.

Бұл ретте салықтарды азайту сомалары республикалық бюджеттің шығыстары ретінде көрсетілген. **Нәтижесінде, РБ ШҚЕ-де көрсетілген республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстары 3 827,9 млрд теңгеге асырылған.**

Сонымен қатар, **негізгі құралдардың амортизациясын есептеу** кезінде жүйелік кемшіліктер орын алған. Республикалық бюджеттің негізгі қаражатының құрылымында автомобиль жолдары айтарлықтай үлесті құрайды *(28,2%).*

Бірыңғай есеп саясатына сәйкес автомобиль жолдарының амортизациясын есептеу 7%-ды құрайтын амортизацияның белгіленген нормасы пайдаланыла

отырып жүргізіледі. Яғни, пайдалануға берілгеннен кейін автомобиль жолының белгілі бір учаскесіне амортизация 14 жыл ішінде есептеледі, содан кейін ол нөлге тең тарату құнына жетеді.

Автомобиль жолдары комитетінің мәліметтері бойынша 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша **жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы** *(бастапқы құны 184,9 млрд теңге)* **республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының 105 учаскесі есепте нөлдік құны бойынша көрсетіледі.**

ҚСҚЕХС талаптарына сәйкес пайдаланылуы жалғасып жатқан негізгі құрал есепте нөлдік құны бойынша көрсетілмеуі тиіс.

Осыған байланысты, Жоғары аудиторлық палата автомобиль жолдарының жөндеуаралық мерзімдерін белгілеу жөніндегі ұсынымдармен айқындалған **пайдалы пайдалану мерзімін қолдана отырып, автомобиль жолдарының амортизациясын есептеуді көздейтін** бухгалтерлік есепті жүргізу әдіснамасына өзгерістер енгізуді ұсынды.

Бұл тәсіл салалық мемлекеттік органға жолдарды баланстық құнына қарай жаңғырту немесе күрделі жөндеу жүргізу шығындарын жоспарлауға мүмкіндік беретінін айта кеткен жөн.

Көрсетілген кемшілік негізгі құралдардың басқа кластарын есепке алу кезінде де орын алған. Мәселен, РБ ШҚЕ-де пайдаланылуы жалғасып жатқан және тиісінше белгілі бір құны бар **ғимараттардың** едәуір саны *(бастапқы құны 136,5 млрд теңге)* **нөлдік құны бойынша есептелген.**

Осыған байланысты, есепте объективті көрсету мақсатында ЖАП жеке тұлғалардың мүлкіне салық салу мақсаттары үшін Салық кодексінде келтірілген есептеулерге сәйкес нөлдік құны бойынша есептелетін тұрғын үй ғимараттарының құнын қайта қарауды ұсынды. Сонымен қатар, тұрғын емес ғимараттарға қатысты құнын қайта қарау мақсатында есептеудің ұқсас тетігін әзірлеу ұсынылды.

Жоғарыда айтылғандарды, сондай-ақ **2023 жылғы РБ ШҚЕ мемлекеттің қаржылық жағдайы** және оның республикалық деңгейдегі **қызметінің нәтижелері туралы объективті көрініс** бермейтінін ескере отырып, Жоғары аудиторлық палата оған қатысты **ескертпемен пікір білдірді.**

Осыған байланысты, Жоғары аудиторлық палата активтер мен міндеттемелердің жекелеген санаттарын неғұрлым шынайы ұсынуды қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ ҚСҚЕХС-ға толыққанды көшуге бағытталған жүйелі шараларды қабылдау бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді ұсынды.

V БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІК

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР МЕН БЮДЖЕТТІК ШЫҒЫСТАРДЫҢ ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІНЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

2023 жылы іс жүзінде экономиканың өсуі 5,1%-ды құрады. Мемлекет басшысы 2029 жылға қарай экономиканы екі есеге арттыру міндетін қойды, ол үшін экономиканы кемінде жылдық 6% деңгейінде тұрақты өсіру қажет. Бұл Қазақстанның орташа деңгейден жоғары табысы бар елдер қатарынан жоғары табысы бар елдер қатарына ауысуын білдіреді.

7,7%-ға төмендеу байқалатын ауыл шаруашылығын қоспағанда, **экономиканың көптеген салаларында оң нәтижеге қол жеткізілді**. Сонымен қатар, көптеген дамушы елдерде дәл осы ауыл шаруашылығы инновацияның көзі. Дүниежүзілік Банктің бағалауы бойынша осы саланың едәуір әлеуеті әлі іске асырылған жоқ.

Үкіметке ауыл шаруашылығының дамуын болжау кезінде **осы саланың табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділігін ескеру** ұсынылады.

2013 жылдан бастап Қазақстанда 65 жастан асқан халық үлесінің тұрақты өсіп келе жатқаны байқалады. Егер 2000-2011 жылдары зейнеткерлер саны 3%-ға азайса, 2011-2023 жылдары, керісінше, олардың саны 35,5%-ға өсті. Демек, әлеуметтік-экономикалық дамуды болжау және бюджетті жоспарлау кезінде республикалық бюджет шығыстарының ұлғаюына әсер ететін **демографиялық үрдістерді** *(халықтың қартаюы)* **ескеру** қажет.

Сонымен бірге, 2022 жылы орташа зейнетақы бойынша алмастыру коэффициенті небәрі 23,8% құрады. Салыстыратын болсақ, Еуропалық одақ *(бұдан әрі – ЕО)* елдерінде бұл көрсеткіш 70%-ға жетеді. ЕАЭО шеңберінде Ресей мен Беларусьтегі зейнетақыны алмастыру коэффициенті Қазақстандағы ұқсас көрсеткіштің мәнінен де жоғары және тиісінше 33,9% және 47,2% құрайды.

Осыған байланысты, орта мерзімді перспективада одан әрі экономикалық интеграция шаралары шеңберінде зейнетақыны алмастыру коэффициентін ЕАЭО бойынша әріптес елдердің деңгейіне, ал ұзақ мерзімді перспективада - ЕО деңгейіне дейін жеткізу ұсынылады.

Есепті жылы әлемдегі геосаяси жағдай, тауарлардың жекелеген топтары бойынша жоғары импортқа тәуелділік және жекелеген тауар нарықтарының жоғары шоғырлануы инфляция деңгейіне әсер етті.

ҚР Үкіметінің инфляцияны тежеу жөніндегі шаралары экономиканың нақты секторын, қазақстандық құрамы жоғары тауарлар өндірісін дамытпай тұрақты нәтиже бермейді.

ЕАЭО шеңберіндегі жекелеген көрсеткіштерді салыстыратын болсақ, Қазақстандағы жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің ең жоғары көрсеткіші өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерімен сәйкес келмейтінін көрсетеді. Атап айтқанда, Қазақстан тағайындалған зейнетақының орташа мөлшері мен ең төменгі еңбекақы мөлшері, жұмыссыздық деңгейі және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі бойынша Ресей мен Беларусьтен төмен.

2023 жылы жалдамалы жұмыскерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың арақатынасы сәйкесінше 72,3% және 23% құрады. 2020-2022 жылдары **жұмыссыздық** деңгейі 4,9% деңгейінде өзгеріссіз қалды. Бұл ретте 2022 жылы абсолютті мәнде жұмыссыздар саны 2021 жылмен салыстырғанда 8,6 мың адамға артты.

Бұдан басқа, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың 36,7%-ы ғана жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылған. Тиісінше, **өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың** 60%-дан астамы **әлеуметтік жағынан қорғалмаған.**

Әртүрлі бағдарламалар мен бастамалар аясындағы жұмыс орындарының басым көпшілігі уақытша құрылған, бұл **тұрақсыз жұмыспен қамтуды** көрсетеді. Өз кезегінде, **ЖІӨ-дегі еңбек кірісі үлесінің өсуіне ықпал етпейді.**

Мәселен, ЖІӨ-дегі еңбек кірістері үлесінің көрсеткіші бойынша Қазақстан G-20 және G-7 елдерінен, Батыс Еуропа елдерінен табыс деңгейі орташа елдердің *(жоғарғы топ)* орташа көрсеткішінен артта қалып отыр. ЕАЭО бойынша әріптес елдер арасында Қазақстаннан кейін Қырғызстан ғана төмен орналасқан.

Тұтыну шығыстарының жоғары үлесі, халықтың тапқан табысының төмен болуы ішкі инвестициялар үшін әлеуеттің өсуіне ықпал етпейді.

Дүниежүзілік Банктің бағалауы бойынша, егер Қазақстанда еңбек өнімділігі өспесе, келесі онжылдықта жан басына шаққандағы ЖІӨ шамалы ғана өседі *(жылына 0,4%-дан аспайды).*

Соңғы жылдары ЖІӨ құрылымында төмен еңбек өнімділігімен сипатталатын **қызмет көрсету секторы басым**. Өз кезегінде, өндіріс секторының **тау-кен өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда жоғары еңбек өнімділігі сақталуда**.

Тұтастай алғанда, еңбек өнімділігінің көрсеткіші бойынша Қазақстан ЕАЭО және Орталық Азия елдері арасында ғана емес, сонымен қатар табысы орташа елдер тобының *(жоғарғы топ)* орташа көрсеткішімен салыстырғанда көш бастап тұр. Сонымен бірге, Қазақстан осы көрсеткіш бойынша Балтық жағалауы елдері мен

Батыс Еуропа елдерінен едәуір артта қалып отыр.

Осыған байланысты, Үкіметке **тұрақты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету** және тиісінше тұрақты жұмыс орындарының санын ұлғайту жөнінде **шаралар қабылдау** ұсынылады.

Есепті жылдағы болжамды параметрлердің орындалуын талдау нәтижелері болжау кезінде қателіктердің бар екендігін көрсетеді. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығының нақты көлем индексі бойынша нақты қол жеткізілген мәндердің ауытқуы -10,9 п.т.-ға дейін, инфляция деңгейі бойынша бір жарым есеге дейін жетеді.

Тиісінше, **әлеуметтік-экономикалық дамуды болжауды сапалы қайта қараудың** объективті қажеттілігі бар. Болжау тарихи тәжірибе мен сараптамалық болжамдарды ескеретін әлеуметтік-экономикалық дамудың ықтимал сценарийлерін нақты алдын ала білуі тиіс.

Орнықты дамуды және инклюзивті өсуді қамтамасыз ету БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі Орнықты даму саласындағы күн тәртібінде көрсетілген. Сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық одақтың негізгі мақсаттарының бірі – «Мүше мемлекеттер халқының өмір сүру деңгейін арттыру мүддесіне орай олардың экономикаларының тұрақты дамуы үшін жағдай жасау» *(ЕАЭО туралы шарттың 4-бабы).*

Мемлекеттің экономикалық дамуын бағалаудың баламалы жүйесі инклюзивті даму индексін *(Inclusive Development Index)* қамтиды.

Еуразиялық экономикалық комиссияның әдістемесіне сәйкес ЖАП-тың бағалауы бойынша **Қазақстан экономикасының дамуы** «Кедейлік және теңсіздік» бағыты бойынша **инклюзивті емес**.

Мұның бәрі **стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың түйінді бағдары ретінде халықтың өмір сүру сапасының барлық аспектілерін стандарттау** және мемлекеттік бюджет шығыстарының орташа қазақстандықтың әл-ауқатына тигізетін әсерін өлшеу және бағалау үшін халықтың өмір сүру сапасының Бірыңғай ұлттық стандартын *(индексін)* **енгізу** қажеттілігінің пісіп жетілгендігін көрсетеді.

ҰЛТТЫҚ ҚОР ҚАРАЖАТЫНЫҢ ТҮСІМДЕРІ МЕН ПАЙДАЛАНЫЛУЫ

Ұлттық қор активтерінің біртіндеп ұлғаюына қарамастан, соңғы үш жылда ЖІӨ-ге пайыздық арақатынаста жинақталуы төмен.

Ұлттық қордың қаражаты 2015-2023 жылдар кезеңінде республикалық бюджеттің шамамен 30%-ын жабады, соның ішінде 2023 жылы – 19%.

Инфрақұрылымдық дағдарысты шешу үшін шығыстарды ұлғайту мақсатында қолданылатын аталған тәсіл жыл сайын бір уақытта бюджет тапшылығын арттыра отырып, осы қаражаттың сақталуына қауіп төндіретін болады.

Республикалық бюджет шығыстары жыл сайын өскенмен, Ұлттық қор шығыстарының үлесі төмендеп жатыр, алайда тартылатын трансферттердің көлемі абсолютті мәнде сақталып отыр.

Бұл ретте есепті жылдың қорытындысы бойынша пайдаланылмаған және Ұлттық қорға қайтарылмаған қаражаттың сомасы 29 млрд теңгені құрады (*2023 жылы толық пайдалануға рұқсат етілген қаражатты есептемегенде, оның бір бөлігі 2024 жылдың соңына дейін қайтарылуға жатады).*

Ұлттық қор құрылғаннан бері **заңнамалық база** бес жыл сайын дерлік **бірқатар тұжырымдамалық өзгерістерге ұшырады:** барлығы Тұжырымдаманың төрт нұсқасы қабылданды (*Үкіметтің өкілеттіктері кеңейтілді, бірқатар шектеулер алынып тасталды),* бұл тұтастай алғанда Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану бойынша ұзақ мерзімді және тұрақты саясаттың жоқ екендігін көрсетеді.

Ұлттық қордың отандық компаниялардың (*«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ*) облигациялық қарыздарына салынған қаражатынан түсетін сыйақылар түріндегі түсімдердің мөлшері төмен деңгейде қалып отыр. Бұл жағдай әлеуметтік бағдарланған объектілер мен стратегиялық маңызы бар объектілердің құрылысына инвестициялар салумен түсіндіріледі, олардан түсетін кіріс ұзақ мерзімді сипатқа ие.

Мәселен, 2014-2023 жылдары бөлінген 1 276,6 млрд теңгенің 100%-ға жуығы немесе 1 276,2 млрд теңгесі игерілді, оның ішінде: ЭКСПО-2017 объектілерін, жалдамалы и кредиттік тұрғын үй салуға – 370,7 млрд теңге, кәсіпкерлік субъектілері мен «Отбасы Банк» АҚ-ның салымшыларына кредит беруге – 472 млрд теңге, ЖАО облигацияларын сатып алуға – 97 млрд теңге, жалпы ұзындығы 836 км теміржол учаскесінің екінші жолдарын салуға – 336,5 млрд теңге (*жобаның жалпы сомасы – 542 млрд теңге*).

2023 жылы осындай қарыздардан сыйақы ретінде Ұлттық қорға небәрі 73,2 млрд теңге түсті.

Осыған байланысты, ЖАП мыналарды **ұсынды:**

1) Ұлттық қорды орта мерзімді кезеңге пайдалануды нормативтік-құқықтық реттеудің тұрақтылығы үшін жағдайлар жасау;

2) экономикалық құлдырау кезеңдерінде мемлекеттік шығыстардың ұлғаюын, экономикалық өсу циклдері басталған кезде мемлекет шығыстарының (*тиісінше Ұлттық қор жинақтарының өсуін*) тежелуін көздейтін контрциклдік тәсілге

байланыстыра отырып, Ұлттық қордан трансферттерді бөлуді жүзеге асыру;

3) аса маңызды инфрақұрылымдық жобаларға Ұлттық қордан трансферттерді бөлу оларды нарықтық тетіктер, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, қарыз қаражаты есебінен немесе бюджет қаражатын қайта бөлу жолымен іске асыру мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылуға тиіс.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІНІҢ АТҚАРЫЛУЫ

2023 жылға арналған ***республикалық бюджеттің түсімдері*** 23,5 трлн теңге көлемінде бекітілді, бюджетті нақтылау салдарынан 5,5%-ға ұлғайтылып, 24,8 трлн теңгені құрады, 99,4%-ға атқарылды.

ЖІӨ өсу көрсеткіштері мен шоғырландырылған бюджет түсімдерінің сәйкес келмеуі байқалады, 2023 жылы номиналды ЖІӨ **16,2%-ға** өскен кезде елдің шоғырландырылған бюджетінің салықтық түсімдері жалпы алғанда **10,5%-ға** ғана өсті. Сонымен қатар, бюджет түсімдеріндегі тау-кен өнеркәсібінің үлесі 36,3%-ға дейін төмендеді (*2021 жылғы деңгейге жақындаған – 35,7%*), ал өңдеу өнеркәсібінен түсетін түсімдердің үлесі 11,4% (*өсу 0,2 п.т.*) құрап, іс жүзінде ұлғайған жоқ.

ЖАП-тың бағалауы бойынша, тиісті болжамның жасалмауы салықтық түсімдер жоспарының орындалмауына әсер етті.

2023 жылы салықтарды артық төлеудің қомақты сомалары (*РБ-да 3,5 трлн теңгеден астам*) және өтелуге жататын ҚҚС сомалары (*594,1 млрд теңге*) түсімдер жоспарының **экспорттаушыларға ҚҚС қайтаруды тоқтата тұру және** есепті кезең ішінде **аванстау** есебінен орындалғанын көрсетеді, бұл **келесі жылдың бюджетіне салмақ түсіреді**. Сонымен қатар, аудит барысында бюджеттен жалпы сомасы 245,5 млн теңгеге негізсіз қайтарылған ҚҚС анықталды.

Жоғарыда көрсетілген манипуляцияларды ескере отырып, 2024 жылдың қорытындысы бойынша РБ атқарылмау тәуекелдері бар (*аудит барысында шамамен 822 млрд теңге белгіленді*).

Аудитпен қамтылған 784 млрд теңгенің **42,6%** РБ-ға түсетін қосымша түсімдер салықтық және кедендік әкімшілендіру **нәтижелеріне жатпайды** *(334 млрд теңге)*.

Мемлекеттік кірістер органдарының қызметі әкімшілендірудің кемшіліктері мен жеткіліксіздігі салдарынан экономикаға қосымша резервтерді тартуға мүмкіндік бермейді. Мәселен, шағымдану нәтижелері бойынша қосымша есептеулердің азайтылған сомаларының өсу үрдісі байқалады (*2020 жылы – 3,3%, 2023 жылы – 11,7%*).

Қабылданған салықтық бақылау шараларының уақтылы жүргізілмеуі

(*мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы соттың заңды күшіне енген шешімдері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар қоймау, талап қою мерзімі өткеннен кейін мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы соттың заңды күшіне енген шешімдері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар қою, тауарларды шығару сатысында кедендік құнын төмендету бойынша хабарламалар қоймау*) сомасы **4,6 млрд теңгеге** салықтар мен кедендік төлемдер (*КТС, ҚҚС және кедендік әкелу бажы*) түріндегі бюджет шығындарына алып келді.

Аудитпен нысаналы индикаторға қол жеткізу мақсатында ҚХР-дан әкелінетін тауарлардың **кедендік құнымен айла-шарғы жасау** жолымен **«айна статистикасындағы» алшақтықты 5,8%-ға**, оларды кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырған кезде оларды бірнеше рет асыра бағалау жолымен кедендік статистикамен барынша теріс алшақтықтары бар **асыра бағалау** белгіленді.

Салық төлеушілердің банкроттығы туралы мәліметтерді ақпараттық жүйелерде мерзімінен бұрын көрсету және уақтылы көрсетпеу практикасы жалғасуда, бұл бересі мен бюджет алдындағы борышкерлердің саны туралы деректердің анықтығын төмендетеді.

Банкроттық рәсімдер әлі де тиімсіз және бірінші кезектегі талаптарды өтеумен және оны жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарды төлеумен шектеледі.

Оңалту көбінесе салықтық міндеттемелерді орындау жауапкершілігінен жалтару құралына айналуда.

2023 жылға арналған ***республикалық бюджеттің шығыстары*** 23,5 трлн теңге көлемінде бекітілді, бюджетті нақтылау салдарынан 6%-ға ұлғайтылып, 25,1 трлн теңгені құрады, 99,2%-ға атқарылды. 2023 жыл ішінде шығыстардың шамамен 33%-ы (*құрылған 5 жаңа министрлікті есептемегенде*) қайта қаралды.

Республикалық бюджет дәстүрлі түрде шығыстардың жалпы көлемінен 34% **әлеуметтік бағдарланған.** Ағымдағы нысаналы трансферттерді ЖСТ базасына беруге байланысты өңірлерге берілетін субвенциялар үлесі шығыстардың жалпы көлемінің 20%-на дейін ұлғайды. Қарыздарды өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар үлесінің жалпы шығыстар көлемінің 19%-на дейін ұлғаюы алаңдаушылық туғызады. Абсолютті түрде бұл шығыстар соңғы 3 жылда 2 есеге өсті (*2021 жылы 2 трлн теңгеден 2023 жылы 4,3 трлн теңгеге дейін*). Сонымен қатар, экономиканың нақты секторы шығыстарының үлесі төмен күйде қалып отыр, яғни шығыстардың жалпы көлемінің 15%.

Соңғы 10 жылдағы шығыстар тұрақты түрде өсіп келеді, бұл ретте **мұнайға**

қатысты емес кірістермен қамтамасыз етілу 50% деңгейінде (*2023 жылы – 54%*) ауытқиды, қалған алшақтық дәстүрлі түрде Ұлттық қордан берілетін трансферттер мен қарыздар есебінен жабылады (*2023 жылы кірістер «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-дан 1 трлн теңге мөлшерінде дивидендтермен қосымша толықтырылды. Бұл ретте салықтық түсімдер бойынша жоспар 1,4 трлн теңгеге орындалмады*). Демек, шығыстардың өсуі мұнай бағасына және тұрақты интервенцияларға байланысты тиісті кірістермен бекітілмеген.

Бюджет саясатының контрциклді сипатының сақталуы байқалмайды (*анықтама ретінде: Қазақстан сияқты мұнай елдері үшін контрциклді бюджет саясатының мәні мұнайдың бағасы жоғары болған кезде кірістер ұлғайып, болашақ тұрақсыз кезеңдер үшін резервтер құрады (Ұлттық қорда жинақтай отырып), бұл ретте шығыстар әдейі тежеледі (ұлғаймайды)*). Дүниежүзілік Банктің сарапшылары Қазақстанның экономикасы туралы «Ертеңгі күнді қалыптастыру: ұзақ мерзімді өркендеуге арналған реформалар» баяндамасында (*2023-2024 жж. қыс*) Қазақстанның салық-бюджет саясатының проциклдік үрдісіне назар аударады.

Жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет **шығыстарының өсу қарқынына белгіленген шектеулер** (*инфляция бойынша мақсатқа ұлғайтылған ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейі*) белгілі бір дәрежеде контрциклді ереженің диссонансына кіреді.

*Анықтама ретінде: инфляцияның орташа деңгейі кезінде ұзақ мерзімді өсудің жеткілікті жоғары деңгейінде (және мұнай бағасының жоғары болуы) шығыстардың қарқынына шектеу ұзақ мерзімді өсу деңгейінің төмендеуімен салыстырғанда (қолайлы 2011 жылы – **61,4%**) **жоғары** (пандемиялық 2020 жылы – **33%**).*

Сонымен қатар, **бюджеттен тыс қорлар** бойынша операциялар мен активтерді қамтитын тұтас көрініссіз салық-бюджет саясатының тиімділігіне толыққанды болжамдар мен тиісті талдау жүргізу мүмкін емес. Бұл экономиканы тұрақтандыру және мемлекеттік ресурстарды тиімді қайта бөлу үшін қажет.

Мемлекеттік сектордың мөлшері туралы деректердің толықтығын қамтамасыз ету мақсатында ЖАП Үкіметтің жыл сайынғы есебінде мемлекеттік қаржының статистикалық талдауын (*бюджет және бюджеттен тыс қорлар бойынша есепті кезеңде жүргізілген деректер мен операцияларды қамтиды*) ескеруді ұсынады. Сонымен қатар, шығыстар сыныптамасының айқын болмауына назар аударылды (*бір «Өзге қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігінде барлық шығыстардың 6% шоғырланған*).

Осылайша, бюджеттің тұрақтылығы мен теңгерімділігін арттыру мақсатында мыналар ұсынылады:

1) Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансфертті пайдалану бойынша шектеулерді көздей отырып, бюджет саясатының контрциклді сипатына сәйкес келтіру мақсатында ковенанттарды нақтылау;

2) инвестициялық шығыстарды қоса алғанда, дамытуға бағытталуы тиіс шығыстардың көлемін белгілеу;

3) Үкіметтің жылдық есебіне мемлекеттік басқару секторының бірліктерімен институционалдық қамтуды кеңейте отырып, мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі есепті (*проблемалық кредиттер қорларын, жәбірленушілерге өтемақыны қоса алғанда және т.б.*) енгізу;

4) бюджет шығыстарының сыныптамасын жетілдіру мақсатында шығыстардың ерекшеліктерін экономикалық мәніне сәйкес жіктей отырып, нақтырақ көрсету.

Республикалық бюджет ***тапшылығы*** ЖІӨ-ге шаққанда 2,6% немесе 3 120,9 млрд теңге мөлшерінде қалыптасты, бұл 2022 жылғы деңгейден 31%-ға жоғары (*2 390,8 млрд теңге).*

Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығының *ковенанттары* номиналды түрде сақталып, ЖІӨ-ге шаққанда 7,3% *(8 764 млрд теңге)* құрады және бастапқыда бекітілген деректермен *(ЖІӨ-ге шаққанда 6,8%)* салыстырғанда едәуір кеңейтілді.

Тапшылық параметрлерінің өзгеру хронологиясы **шекті мәндерді сақтаудың ыңғайлы шеңберіне дейін ұлғайту, сондай-ақ тапшылықты төмендетуден оны белгіленген дәлізде ұстап тұруға назарды аудару** саясатын көрсетеді.

Анықтама ретінде: бұған дейін жаңа Бюджет саясатының тұжырымдамасында бюджет тапшылығын 2018 жылдан бастап ЖІӨ-ге шаққанда 1%-ға дейін төмендету көзделген болатын. Қолданыстағы Мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасында нысаналы бағдар 2030 жылы бюджет тапшылығын ЖІӨ-ге шаққанда 2%-дан аспайтын деңгейге дейін төмендету болып белгіленді.

Айта кету керек, ЖІӨ-ге қатысты бюджет тапшылығының жалпы шектелуі есепті жылдың соңғы айларында салық төлемдерін аванстау, Ұлттық қор қаражатын жанама пайдалану (*ҚМГ акцияларын сатып алу*) есебінен сақталды, бұл бюджеттің теңгерімсіздігінің өсу тәуекелдеріне және бекітілген нысаналы параметрлердің кеңеюіне әкеледі (*бюджет тапшылығы ЖІӨ-ге шаққанда 2%-дан аспайды, мұнайға қатысты емес тапшылық ЖІӨ-ге шаққанда 5%-дан аспайды*).

Бюджет тапшылығын қаржыландыру әдеттегідей қарыздар мен бюджет қаражатының қалдықтары есебінен жүзеге асырылды.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша **Үкіметтің борышы** 24,9 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге шаққанда 21% құрады (*шектеу 2030 жылға қарай ЖІӨ-ге шаққанда 27,5%-дан аспайды*), соның ішінде: сыртқы борыш – 7,1 трлн теңге, МБҚ шығару есебінен қалыптасқан ішкі борыш – 17,8 трлн теңге. Аудит МБҚ нарығы бюджет тапшылығын **қысқа мерзімді перспективада** жабу үшін **жедел шара ретінде**

қабылданатынын, осы құралдың дамуын жеделдетпей, қаржы нарығының өтімділігін қолдаусыз және елдің экономикалық белсенділігін реттеусіз жылдам ақша рөлін атқаратынын анықтады.

Жалпы алғанда, ЖАП аудиті ковенанттарды есептеудің әдіснамалық негізі әлсіз және сараланған борыш саясатын қалыптастыру үшін олардан алынатын тиімділік белгісіз екенін анықтады. Номиналды шамаларға (*номиналды ЖІӨ, инфляция қарқыны*) байланыстыру түріндегі шектеулердің пайдаланылатын моделі **шекті мәннің пропорционалды өсуіне** және мемлекеттің кредиттік жүктемесінің кеңеюіне әкеп соғады.

Сонымен қатар, 2023 жылы **қарыздарды өтеуге және оларға қызмет көрсетуге** 4,3 трлн теңге бағытталды, бұл бюджеттің барлық кірісінің 28%-ын (*Ұлттық қордан берілетін трансферттерді есепке алмағанда*) немесе шығыстардың 19%-ын құрады.

Мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасын қабылдай отырып, үкіметтік борышқа қызмет көрсету және оны өтеу шығындарының мөлшерін басқарудың әдіснамалық тәсілдерін өзгерту 2030 жылға қарай республикалық бюджет шығыстарының 10% аспауға тиіс **үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығыстарды** (*негізгі борышты өтеуді есепке алмағанда*) **ғана** есепке қалдырып, қолайлы көрініс қалыптастыруға мүмкіндік берді. Осы тәсіл бойынша ковенант күткеніміздей болды (*8,1%*).

Нәтижесінде, ковенанттың 10%-ға дейін формальды түрде әлсіреуі ақшалай түрде қызмет көрсету шығыстарының өсу шегін екі есеге арттыруға, сондай-ақ бюджет кірістерімен өзара байланыс жасамауға мүмкіндік берді.

Осылайша, ЖАП-тың пікірінше, мемлекеттік қаржының осалдығын бағалау және олардың ықтимал күйзелістерге қарсы тұрақтылық шегін анықтау үшін қарастырылған ковенанттар мен шектеулер жеткіліксіз, бұл алдын-ала басқарушылық шешімдер қабылдауға кедергі келтіреді. Жүйелі кемшіліктерді жою мақсатында мыналар **ұсынылды:**

1) мүмкіндіктер мен тапшылықсыз бюджетті қалыптастыруға кедергі келтіретін тәуекелдерге талдау жүргізу;

2) борыштық орнықтылықтың ағымдағы жай-күйін сапалы бағалауды қамтамасыз етуге қабілетті базалық көрсеткіштерінің тізбесін кеңейту (*мемлекеттік борыштың ЖІӨ-ге арақатынасымен, борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстардың республикалық бюджет кірістеріне арақатынасымен тең және басқалар*);

3) Бюджет кодексінде қарызды басқарудың мәлімделген мақсаттарымен салыстырғанда тәуекелдер мен нәтижелерді бағалаумен, мемлекеттік борыш

қаражатын пайдаланудан макроэкономикалық/құрылымдық әсерді бағалаумен осындай борыштың жай-күйі туралы ақпаратты ашуды талап ететін Парламентке ол бойынша есептілікті ұсына отырып, құжатты әзірлеу қажеттілігі туралы талапты регламенттеу.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА БӨЛІНГЕН БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУ ТИІМДІЛІГІ

ЖАП 38 РББӘ бойынша (*соның ішінде: елдің дамуына тікелей әсер ететін салалық саясатты іске асыратын 21 РББӘ бойынша; мемлекеттік басқару органдарына жатқызылған 17 РББӘ бойынша бекітілген параметрлерге сәйкестікке талдау жүргізілді*) республикалық бюджеттің атқарылуына бағалау жүргізді, олардың атқарылуы 99,5% (*немесе қарыздарды есептемегенде 22 417,4 млрд теңге*) құрады.

ЖАП талдауының нәтижелері бойынша қаражаттың жеткілікті түрде жоғары игерілуіне қарамастан, мыналар анықталды.

1. Бюджетті жоспарлау сапасының төмендігі.

Мәселен, іс жүзінде барлық РББӘ бойынша индикаторлар, бюджеттік бағдарламалар, бюджет қаражаты арасындағы өзара байланыс нашар немесе оның жоқ екені және олардың РББӘ даму жоспарларының құрамында формальды түрде бекітілгені анықталды.

2023 жылы 177 макроиндикатордың 69-на қол жеткізілді, 22-не қол жеткізілмеді (*соның ішінде 1-уі ішінара*), 86 макроиндикатор орындалуда.

Макроиндикаторлардың жартысына жуығын (*49%*) деректердің болмауына байланысты бағалау мүмкін емес, өйткені олар есепті кезеңнен кейін қалыптасатын статистикалық мәліметтерге сүйенеді.

Осыған ұқсас үрдіс нәтижелер көрсеткіштері бойынша да байқалады (*тікелей және түпкілікті*):

- бюджет қаражатын толық игеру және тікелей нәтижелерге қол жеткізбеу жағдайлары орын алған және керісінше (*мысалы, денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға бөлінген қаражат жергілікті деңгейде 89,8%-ға игерілді, ал тікелей нәтиже көрсеткіштері 2 есе асыра орындалды (ДСМ 053.128 ББ)*);

- қаржыландыру көлемі өзгермеген жағдайда есепті жыл ішінде нәтижелер көрсеткіштерінің елеулі түзету енгізілгені байқалады (*мысалы, «Қосылу жылдамдығы **8 Мбит/с-тан асатын** ТОБЖ технологиясы бойынша Интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметтерімен қамтамасыз етілген АЕМ-дегі абоненттер саны» көрсеткіші **75 есеге төмендетілген**, ал «Қосылу жылдамдығы **2 Мбит/с-тан 8 Мбит/с-қа дейін** Интернет желісіне жеке қол жеткізу қызметтерімен қамтамасыз етілген АЕМ-дегі абоненттер саны» көрсеткіші **2,3 есеге** ұлғайтылған. Бұл ретте бұл көрсеткіштің сапалық құрамдас бөлігіне әсер етті (ЦДИАӨМ 003.105 ББ)*);

- бөлінген бюджет қаражатының бюджеттік бағдарламада көзделмеген мақсаттарға пайдаланылғаны тіркелді (*мысалы, тапсырылған өнім үшін шығындарды ішінара*

өтеу қант қызылшасының орнына майлы дақылдар – мақсары (АШМ 255.114 ББ) тапсырылған көлемі есебінен субсидияланды);

- министрліктің жүргізіп жатқан жұмысы түпкілікті нәтиже көрсеткішіне қол жеткізуге әсер етпейді (*мысалы, АШМ бойынша қаржыландырылған инвестициялық жобалар саны бойынша тікелей нәтиже көрсеткішіне қол жеткізілмеген жағдайда, сүт өндіру көлемін ұлғайту бойынша түпкілікті нәтиже көрсеткіші асыра орындалды. Түпкілікті нәтиже көрсеткіші статистикалық мәліметтер негізінде қалыптасады және бүкіл елімізде өндірілетін сүттің барлық көлемін қамтиды*).

Нәтижелер көрсеткіштерінің ыңғайлы тұжырымдары орындаушыларға оларға қол жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдамауға мүмкіндік береді, нақты жағдайды бұрмалайды және бастапқы кезде шығыстар көлемі мен көрсеткіштердің мәндері арасындағы өзара байланыстың болмағанын көрсетеді.

Жекелеген РББӘ шұғыл шығындарға арналған Үкіметтің резервінен бөлінген ақшаның пайдаланылмаған бөлігін (*ДСМ, ЭТРМ, СРИМ*) уақтылы қайтаруды қамтамасыз етпеді.

2. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде елеулі кемшіліктер анықталды.

Жобалау кезінде алдын ала сапалы талдау жүргізу жеткіліксіз. *Мысалы, Ақмола облысының Есіл өзенінде Есіл контрреттегішін салу бойынша ЖСҚ әзірлеу 2020 жылдан бері жүргізілуде, 601,6 млн теңге игерілді. Алайда, жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың болмауына, ЖСҚ құнының жобаның ТЭН-нен асып кетуіне, автомобиль жолын ауыстыруға техникалық шарттардың болмауына байланысты ЖСҚ әзірленбеген.*

Ұзақ уақыт салынып жатқан құрылыс жобаларының мәселелері уақтылы шешілмейді, бұл уәкілетті орган тарапынан бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқарудың салдары болып табылады (*мысалы, 2014 жылдан бастап Пресновский топтық су құбырын реконструкциялау жүргізілуде*).

Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың әлсіз болуы (*мысалы, Түркістан облысы Ленгер қаласының Алатау шағынауданында автомобиль жолын салуға және инженерлік желілерді жүргізуге қаражат бір мезгілде бөлінді*).

Әлсіз әкімшілендіру салдарынан жобаларды іске асыру мерзімдерін ұзарту, бөлінген қаражат кезінде қаржыландыруды бірнеше рет ауыстыру сияқты фактілер байқалады, оларды ЖАП **созылмалы ретінде** бірнеше рет атап өтті. *Мысалы, «Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь» ШЖҚ РМК жанында орналасқан 120 төсек-орынға арналған көпбейінді аурухана салу бойынша ЖСҚ әзірлеуге қаражат 2021 жылдан бастап бюджетте бірнеше рет резервке қойылды, содан кейін конкурстық рәсімдердің ұзақтығына байланысты игерусіз қайтарылды. Нәтижесінде, соңғы 3 жылда ауруханаңың инфрақұрылымы кеңейтілген жоқ.*

Жоғарыда көрсетілген жоспарлау кемшіліктеріне байланысты шығыстардың **қысқартылуы немесе қайта бөлінуі** белгіленді, бұл шығыстардың негізсіздігі және бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару фактілері туралы куәландырады.

Жобаларды салалық белгісі мен құзыретіне қарай қаржыландырудың нақты өлшемшарттарының болмауы республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемін бөлу кезінде белгісіздікке әкеледі.

Атап айтқанда, ҰЭМ бойынша көп бағытты жобалардың іске асырылуы байқалады (*«Ауыл - ел бесігі» шеңберінде шағын және моноқалаларда, облыс орталықтарында және АЕМ-де ауылдық клубтар салудан бастап жолдарды, су, электр-, газ-, жылумен жабдықтау желілерін салуға және (немесе) реконструкциялауға дейін*). Мәселен, ҰЭМ шығыстары шеңберінде «Түркістан қаласының Шавгар шағынауданының Ортақ тұрғын алабына кәріз желілерін салу. 2-кезек. Сметалық құжаттаманы түзету» жобасын іске асыруға 300 млн теңге бөлінген болатын. Бұл ретте, Түркістан қаласының Шавгар шағын ауданының Ортақ тұрғын алабына **1 және 2- кезек** кәріз желілерін салу бойынша ұқсас жобаларды іске асыру 2023 жылы **ӨҚМ** арқылы көзделген.

ЖАП 98 бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламалар шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және *(немесе)* ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделген шығыстардан бағаланған **экономикалық әсердің** толықтығы, өлшемділігі және нақтылығы тұрғысынан талдау жасады. Бекітілген 20 бюджеттік бағдарламада/кіші бағдарламада (*мысалы, СРИМ «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру» бағдарламасы бойынша*) тұжырымдалған экономикалық әсердің жоқтығы атап өтілді.

Бұдан басқа, Үкіметтің бекітілген бағдарламалары мен есебіндегі экономикалық әсерлер базалық өлшемшарттарды – жобаны іске асырудан немесе субсидиялаудан, бюджетке салықтар түріндегі түсімдерден алушылар санын көрсетпей жалпыланған, бұлыңғыр түрде ұсынылған. *Мысалы, «Атырау қаласында «Тухлая балка» сарқынды сулардың буландырғыш тоғанын тазарту» жобасы бойынша алынған экономикалық әсер түрінде «іс-шаралар қоршаған ортаға кейінгі жағымсыз әсерлердің алдын алуға мүмкіндік береді. Сарқынды сулардың буландырғыш тоғанын тазарту буландырғышқа іргелес елді мекендердегі атмосфералық ауаның сапасын жақсартады» деп көрсетілген (ЭТРМ).*

2023 жылдың қорытындысы бойынша 91 бюджеттік инвестициялық жоба аяқталмай қалған, соның ішінде: газ-, жылу-, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы жобалар – 64 бірл., фельдшерлік-акушерлік пункттер, мүгедектерге арналған оңалту орталықтарын және т.б. салу жөніндегі жобалар - 21 бірлік, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасының шеңберінде – 6 бірлік.

3. Салалық саясатты іске асыруда жекелеген кемшіліктер орын алған.

Әлеуметтік сала бойынша

ЖАП аудитінің нәтижелері бойынша 2023 жылы жекеменшік мектептерді жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде жүйелік проблемалар, кемшіліктер мен бұзушылықтар анықталды. **Оқушылардың функционалдық сауаттылығының** (*2023 жылғы ББЖМ қорытындысы бойынша*) **және жекеменшік**

мектептердегі білім беру процесі сапасының (*2020-2023 жылдардағы ҰБТ қорытындысы бойынша шекті балл жинаған жекеменшік мектеп педагогтарының үлесі*) **төмендегені** байқалады, бұған басқалармен қатар педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби даму деңгейі әсер етеді.

Жатақханаларда орындарды уәкілетті органдар әрбір өңір мен қала, оператор, оқу орындары мен өнім берушілер арасында үйлестірудің болмауы салдарынан ағымдағы және болашақ қажеттілік негізінде оларға жеке есептелген бекітілген жоспарсыз бөледі. Соған байланысты жатақханаларда жаңа орындарды енгізу бизнес тарапынан ниет білдіру бойынша ғана жүзеге асырылады, бұл өңірлерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуде теңгерімсіздікке әкелуі мүмкін.

Студенттерді **жатақханаларда орындармен** қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігі нормативтік сипаттағы бірқатар олқылықтарға ие *(қолданыстағы заңнамада орын тапшылығын есептеу тәртібі немесе әдістемесі айқындалмаған, өнім берушілермен шарттар жасасу кезінде нақты өңірдегі орындардың ағымдағы тапшылығын және демографиялық ахуалды ескеру талаптары көзделмеген, нақты орналасқан орындарға мониторингті жүзеге асыру регламенттелмеген, мемлекеттік тапсырысты төлеуді жүзеге асыру үшін студенттің жатақханада тұру уақыты (айына 12 сағат) бойынша талаптар жеткіліксіз, тұратындар туралы мәліметтердің дұрыс болмауы салдарынан студенттер нақты тұрмаған орындар үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша төлемдерді алу тәуекелдері)*.

Медициналық жабдыққа қажеттілікті қалыптастыру кезінде көрсеткіштерге сан жағынан қол жеткізуге ұмтылу кейде қажеттілік болмаса да жүзеге асырылады. *Мәселен, 2023 жылға сатып алуға мәлімделген 910 бірлік медициналық жабдықтардың ішінен іс жүзінде 1 810 бірлік сатып алынды*.

Санитариялық авиацияда тарифтерінің қолжетімділігіне байланысты ескірген әуе кемелерін пайдалану байқалады, бұл пациенттер үшін де, медициналық персонал үшін де қауіп төндіреді.

Бюджет қаражатын мақсатына сай пайдаланбау тәуекелдері түрінде **Жастарға микрокредит берудің** қолданыстағы қағидаларының жетілмегендігі анықталды.

ҒЗТКӘ шығыстарының өсуі кезінде ЖІӨ-ден **ҒЗТКӘ-ге ішкі шығындардың** үлесі ЖІӨ-ге шаққанда тұрақты түрде 0,12-0,14% төмен деңгейде сақталуда. Нәтижелері ел экономикасының өндірісі мен дамуында практикалық қолданыста болатын ғылыми зерттеулердің үлесі төмен деңгейде қалып отыр. Іргелі және қолданбалы зерттеулерге жұмсалатын шығындар үлесінің өсуі байқалады, ал **тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге** жұмсалатын шығындар қысқаруда.

Мәдениет объектілерінің (*театрлар, бюджет қаражаты есебінен фильмдер шығару*) қызметін үнемі шығынмен жүзеге асыратыны байқалады. Фильмдер мониторингінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін іске асыру

мерзімін ұзарту отандық киноны өндіру және прокаттау процесінде ашықтықтың болмауына әкеледі.

Талдау көрсеткендей, 2019-2023 жылдар аралығында прокатқа шыққан кинокартиналарды жасауға 6 704,1 млн теңге жұмсалды, бұл «Қазақфильм» АҚ арқылы қаржыландыру прокатының алым мөлшерінен едәуір асады (*4,8%*), алайда бұл **жұмсалған картиналар бюджетінің үштен бірін де қамтымайды** (*«Дос-Мұқасан» және «Офлайн демалыс 2» фильмдерін қоспағанда*).

Туризм және спорт министрлігі бойынша әрбір жоспарланған іс-шара бойынша өзара байланысты емес бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде спорттық іс-шараларды орындау барысында өзгертуге мүмкіндік беретін дұрыс емес тәсіл байқалады.

Консалтингтік қызметтер және имидждік іс-шаралар бойынша. Консалтингтік қызметтер көрсететін ведомстволық бағыныстағы ұйымдар жұмысының нәтижелері ресми сайттарда жарияланбайды. Мемлекеттік органдарға өздерінің ресми интернет – сайтында, телеграмм – арнасында, фейсбукте, инстаграмда осындай сауалнамадан өту үшін сілтемелерді орналастыру арқылы жоғарыда аталған мәселелерді дербес зерделеуге мүмкіндік беретін, серпінді дамып келе жатқан заманауи ақпараттық технологиялар кезінде әлеуметтік сауалнамалар жүргізу үшін қоғамдық ұйымдарды тарту арқылы оларды қаржыландыруға арналған шығыстарды жоспарлау практикасы жалғасуда. *Мысалы, халықтың амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуіне қанағаттануын бағалауға, ұлттық денсаулық сақтау шоттарын бағалауға, пациенттердің медициналық көмек сапасына қанағаттануын бағалауға және т.б. 600 млн теңге бөлінді*.

Бюджет қаражаты есебінен имидждік іс-шараларды өткізу практикасы жалғастырылды. Мәселен, «Qazakhstan Project Management Awards» жобалық басқару бойынша ұлттық конкурс (*бұдан әрі – Конкурс*) (*ЦДИАӨМ 004 ББ*) өткізуге 42,8 млн теңге игерілді. Бұл ретте, бөлінген ақшаға Конкурс өткізу үшін ассессорлардың, PR-сүйемелдеу жөніндегі қызметкерлердің, халықаралық және ұлттық консультанттардың бірлесіп ұйымдастырушыларының саны он есе аз тартылды, бұл шығыстар көлемін жоспарлаудың дұрыстығына күмән келтіреді *(тікелей нәтиже көрсеткіштері: 160 асессердің орнына 26 асессер тартылды; Конкурсты PR – сүйемелдеу бойынша – 5 қызметкердің орнына 2; Жобалық басқару жөніндегі форумды ұйымдастыру және өткізу бойынша – 8 бірлесіп ұйымдастырушының орнына 7; мемлекеттік органдарда жобалық жетілуді бағалауды өткізуге – 139 халықаралық және ұлттық консультанттардың орнына 52 тартылды)*.

Экономиканың нақты секторы бойынша

Экология және табиғи ресурстар мәселелері бойынша Қазақстан 2023 жылы қоршаған ортаның ластану деңгейі бойынша елдер рейтингінде 17-орынды (*2022 жылғы деңгейге қарағанда 1 позицияға төмендеп*), ауыз судың сапасы бойынша – 66-

орынды (*2022 жылғы деңгейге қарағанда 12 позицияға нашарлай отырып*) иеленді. Сонымен қатар, қалдықтар көлемі 2,4 есеге өсті, бұл ретте ҚТҚ қайта өңдеу және қайта пайдалану деңгейі 2022 жылы тек 25,4%-ды құрады.

Өрт ошақтарын ерте анықтаудың жаңа және заманауи технологияларын пайдалану **ормандарды, жануарлар дүниесін күзету, қорғау жөніндегі міндеттерді тиімді және сапалы орындауға сәйкес келмейтін ескірген нормалар мен нормативтерді** қолдану арқылы күрделене түседі.

Су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасында ЖАП-тың мынадай: трансшекаралық өзендерден су алу көлемін есепке алудың бірыңғай тәртібін әзірлеу; тірек гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі декларациясын алмаған 206 объектіге көп факторлы зерттеу жүргізу (*77 су шаруашылығы объектісіне немесе 37% көп факторлы зерттеу жүргізу жоспарланған*) бөлігіндегі **ұсынымдары толық көлемде ескерілмеген**.

АӨК субсидиялау саласында бюджет қаражатын көзделмеген мақсаттарға пайдалану орын алады, мысалы, қант қызылшасының тапсырылған өнімі үшін шығындарды ішінара өтеуге бөлінген субсидиялардың бір бөлігі басқа дақыл – мақсары есебінен игерілді (*қант қызылшасын жалпы жинау бойынша көрсеткішке қол жеткізілмеді*).

Бұдан басқа, ЖАП азық-түлік астығын өткізу кезінде шығыстарды **субсидиялау қағидаларында жүйелі кемшіліктерді** анықтады, бұл, сайып келгенде, астық құнын өтеуге төленген субсидиялар түріндегі мемлекеттің шығындарына және нан пісіру кәсіпорындарын шикізатпен тұрақты қамтамасыз ету, халықты белгіленген баға бойынша қажетті көлемде нанмен уақтылы қамтамасыз ету түріндегі әлеуметтік-экономикалық тиімділікке қол жеткізбеуге әкеледі.

Атап айтқанда, бұл түпкілікті тұтынушыларды әлеуметтік нанмен қамтамасыз етудің толық циклінің болмауы; ұнның, өндірілетін нанның белгіленген бағасын айқындау жөніндегі тетіктің; қайта өңдеуші кәсіпорындардың ұнды тек нан-тоқаш өнімдерін өндіретін кәсіпорындарға өткізу жөніндегі міндеттемелерінің; астықты қайта өңдеу және ұнды өткізу мерзімдерінің; 1-сұрыпты ұнға астықты қайта өңдеу нормаларының; ұн тартушы кәсіпорындардың ұнды өткізуді растайтын құжаттарды ұсынуы жөніндегі шарттардың, арзандатылған астықтан алынған 1 сұрыпты ұнды өткізуді растайтын құжаттардың болмауы.

Сондай-ақ, ұн тарту ұйымдарының **есепті деректерінде** арзандатылған астықтан өндірілген ұнды өткізу көлемі бойынша **алшақтық** фактілері, сондай-ақ нан өнімдерін өндірмейтін кәсіпорындарға ұнды өткізу фактілері бар.

Өсімдіктер мен жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты отандық өндірушілер үшін **экспорттық мүмкіндіктерді кеңейтуге бағытталған іс-шаралар толық көлемде іске асырылмайды**. Мәселен, отандық өндіріс

объектілерін импорттаушы ел тарапынан инспекциялау бағдарламалары бойынша қаражаттың жыл сайын қысқаруы орын алуда (*249.113, 255.109 ББ*).

АӨК-де сақтандыруды қолдау тетігінің (*250.108 ББ*) нәтижелері төмен екенін көрсетті (*2023 жылдың қорытындысы бойынша сақтандырылған алаңдардың ауданы елдегі жалпы егіс алқабының 1% ғана құрады, субсидия алушылардың саны жоспарланған деңгейден 6 есе аз (жоспар – 1372 бірлік, іс жүзінде – 227 бірлік), ауыл шаруашылығы алқаптарын (жоспар – 770 мың га, іс жүзінде – 279,1 мың га) және мал мен құс басын (жоспар – 9 449 мың бас, іс жүзінде – 4 077,4 мың бас) сақтандырумен қамту шамамен 3 есе аз болды*). Бұл ретте **«АНК» АҚ шотындағы қаражат қалдықтары** 2022 жылмен салыстырғанда **37%-ға** (*2,4 млрд теңгеден 3,3 млрд теңгеге дейін*) **ұлғайды.**

«ҚазАгроҚаржы» АҚ **бюджет қаражаты есебінен** неғұрлым тиімді шарттарды ұсына отырып, **жеке лизингтік компанияларға бәсекелес болады.** Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдетілген лизингтік қаржыландыруды көздейтін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде жеке компанияларды тарту тетіктерін кеңейту орынды деп санаймыз.

Осы уақытқа дейін бюджет қаражаты есебінен салынған **газ тарату және газ тасымалдау жүйелерінің** 1 481 объектісі **пайдаланушы ұйымдардың балансына берілмеген.** Бұл жобалық шешімдерді әзірлеу кезеңінде техникалық тапсырманы дайындау, бағалау және шаралар қабылдау үшін газ тарату және газ тасымалдау жүйелері объектілерін салу саласындағы ЖАО құзыретінің жеткіліксіз деңгейінің салдары болып табылады.

Еліміздің елді мекендерін газдандырумен қамту қарқыны төмен күйде қалып отыр (*60%*).

НҚА-ға өзгерістер енгізу бойынша шаралардың **уақтылы қабылданбауы** Көлік министрлігі бойынша ҚР Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін салуға және реконструкциялауға жоспарланған бюджет қаражатының игерілмеуіне әкеп соқты.

Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын **автомобиль жолдарын** салу және реконструкциялау жөніндегі жобалардың басымдылық өлшемшарттары **экономикалық әсерді есептемей** және жолдардың ағымдағы жай-күйін бағаламай **жалпыланған, «формальды»** болып табылады.

«БАКАД» автомобиль жолын салу және пайдалану» **концессиялық жобасы** бойынша төлемнің барлық көлеміне таралатын валюталық тәуекелді өтеу шартымен концессия шартын жасасу концессиялық міндеттеменің 511 млрд теңгеден 751 млрд теңгеге дейін ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін.

Бағдарламаны іске асыру тетігін жоспарлау кезеңінде жеткіліксіз

пысықталғандықтан, нарықта ресми жалға берушілердің шектеулі саны жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін азаматтардың жекелеген санаттарына **тұрғын үй төлемдеріне** бағытталған шығыстардың қысқаруына себеп болды (*тиісінше пәтерлердің 69 267-ден 3 963-ке дейін азаюы*).

Бұдан басқа, қаражаттың едәуір қалдығы «Отбасы Банк» АҚ-ның осал санаттағы азаматтарға тұрғын үй сатып алуға арналған шоттарында жатыр. РББӘ қаражат бөлу кезінде олардың нақты қажеттілігін ескермейді (*58,8 млрд теңге игерілмеген*).

Қостанай қаласындағы индустриялық аймақта «KIA» автомобиль өндіретін зауыт құрылысына бюджеттік инвестициялар есебінен **өнеркәсіпті дамыту жөніндегі жобаның уақтылы іске асырылмауы** орын алған (*ҰҚ-дан нысаналы трансферт есебінен 062.032 ББ бойынша 15 млрд теңге*). Жобаның басталуы 2023 жылдың наурызына жоспарланған болатын, бірақ құрылыс жұмыстары іс жүзінде қараша айында басталды (*кестеден 8 ай артта қалған*). Осыған байланысты, өндірісті уақтылы іске қоспау тәуекелдері бар (*жобаны іске асырудың жоспарланған мерзімі – 23 ай, өнімді іске қосу – 2025 жылдың басы*).

ЖАО мен Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі арасында **сумен жабдықтау және су бұру бойынша іске асырылған жобалар саны** бойынша сәйкессіздіктер бар (*ЖАО – 165 жобаның 132-сі немесе 80%-ы аяқталды. ӨҚМ – 138 жобаның 114-і немесе 83%-ы аяқталды*), бұл Министрлік тарапынан іске асырылып жатқан және аяқталған жобаларға мониторингтің тиісті деңгейде жүргізілмейтінін куәландырады.

2019-2023 жылдардағы кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдаудың қаржылық шараларына талдау жасалып (*сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, ішінара кепілдік беру*), қамтылған 2 249 субъектінің 18,3%-ында - тауарлар мен қызметтерді өткізу бойынша айналымдар жоқ; 42,7%-ында - жалдамалы жұмыскерлер туралы ақпарат жоқ; 16,1%-ында - салықтарды төлеу бойынша міндеттемелер орындалмағанын; 1,6%-ында - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру тоқтатылғанын; 0,3%-ында - қызметі тоқтатылғанын көрсетті.

МЖӘ жобаларын іске асыру саласында мынадай кемшіліктер анықталды:

- жоба деңгейіне және оған мемлекеттік міндеттемелердің болуына қарамастан, МЖӘ-нің барлық жобаларын шоғырландырылған есепке алу қамтамасыз етілмеген;

- жеке әріптестерге барлық инвестициялық шығындарды ғана емес, сонымен қатар операциялық шығыстардың өтемақысын, қолжетімділік төлемдерін, жобаны басқарғаны үшін сыйақыларды өтеудің заңнамалық көзделген кепілдігі жұмсалған шығыстарды нақты растаусыз **жеке инвестициялардың мемлекетке 1,4-ке арақатынасын** (*жергілікті жобалар бойынша – 1,4 теңгеге 1 теңге, республикалық жобалар*

бойынша – 1,5 теңгеге 1 теңге) белгілеуге әкелді. Бұл ретте ЖАП-тың болжауынша, республикалық деңгейдегі МЖӘ жобаларының мемлекеттік міндеттемелерін өтеу бойынша республикалық бюджетке ең жоғары жүктеме 2025 – 2029 жылдарға (*жыл сайын 100 млрд теңгеден астам*) тиесілі болады;

- **инвестицияларды тартуды**, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету инфрақұрылымы мен жүйелерін, жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуды **көздемейтін** МЖӘ жобалары бойынша міндеттемелер қабылдау (*109,2 млрд теңге сомасына 43 жоба абаттандыруға, көгалдандыруға, жасыл желектерді күтуге, саябақтарды күтіп ұстауға, санитарлық тазартуға, шіркейлер санын қысқартуға, омарташыларды оқытуға, ағылшын және мемлекеттік тілді оқытуға бағытталған және т.б.*);

- мұндай жобаларды іске асыру жекеше әріптестерге «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңда көзделген **конкурстық рәсімдерден өтпей-ақ 2-3 жылдан астам уақыт бойы тұрақты қаржыландыруға** кепілдік беруге мүмкіндік береді, бұл жекелеген жағдайларда жекеше әріптестермен **жоғары бағамен келісімшарттар** жасауға мүмкіндік берді.

Мысалы, 2023 жылы Шымкент қаласында «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» 009 ББ бойынша 3 443 көшеде санитариялық тазалықты сақтау үшін 5 088,2 млн теңге немесе 1 көшеге орта есеппен 1,5 млн теңге жоспарланған, ал МЖӘ жобасы бойынша 443 көшені қамтумен 11 332,5 млн теңгеге міндеттемелер қабылданған немесе 1 көшеге орта есеппен - 25,5 млн теңге.

Ақпараттық жүйелердің дамуында да бұзушылықтар бар. Сауда және интеграция министрлігі бойынша экспорттаушыларды қолдау шараларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар ақпараттық қауіпсіздік талаптарына қажетті сынақ рәсімдерінен өтпеген портал арқылы жүзеге асырылады.

ЦДИАӨМ тарапынан жеткілікті үйлестірудің болмауына байланысты ОМО 235 АЖ ішінен 24-і өнеркәсіптік пайдалануға енгізілмеген (*Еңбекмині – 5, ҒЖБМ – 3, ҚНРДА – 3, АШМ – 2, БП – 2, ПІБ – 2, ІІМ – 1, ЭГТРМ – 1, СРИМ – 1, ДСМ – 1, ӨҚМ – 1, Конституциялық Сот аппараты – 1, ТСМ – 1*).

Бұл үрдіс тиісті салалардың дамуының баяулауын, сондай-ақ игілік алушылардың тиісті мемлекеттік қызметтерді алмауын білдіреді.

Бұдан басқа АТ өнімдері экспорты көлемінің абсолюттік мәнде асыра орындалуына қарамастан (*жоспар - 84 млрд теңге, іс жүзінде - 241,4 млрд теңге*), тауарлардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялары (АКТ) экспортының үлесі экспорттың жалпы көлемінде де (*0,1-0,2%*), сондай-ақ көршілес елдермен салыстырғанда да тұрақты төмен болып қалып отыр (*Қазақстан – 0,1%, Өзбекстан – 0,16%, Армения – 0,51%, РФ – 0,52%, Қырғызстан – 3,58%*)

Осылайша, бюджеттік бағдарламалардың берілген параметрлерінің формальды түрде орындалуы (*нәтижелер көрсеткіштері, бюджет қаражатын игеру*) сақталып отыр. Бұл ретте Үкіметтің есебі әлі де бекітілген параметрлермен өзара

байланысты талдаусыз, РББӘ өткізген іс-шараларының саланың әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне тигізетін әсерін жан-жақты талдаусыз нақты орындауды мәлімдеумен шектеледі.

Нәтижесінде ЖАП-тың бағалауы бойынша **бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау, пайдалану және бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару 537 млрд теңгені** құрады (*аудит қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды және КСС ҚБШ-дағы қаражат қалдықтарын есепке алмағанда*), соның ішінде: тиімсіз жоспарлау – 58,1 млрд теңге; тиімсіз пайдалану – 384,2 млрд теңге; бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару – 94,7 млрд теңге.

Осыған байланысты, ЖАП мыналарды **ұсынады**:

1) жаңа Бюджет кодексі жобасының ұғымдық аппаратында «әлеуметтік әсер» және/немесе «әлеуметтік-экономикалық әсер» анықтамасын көздеу, сондай-ақ олардың өлшемін регламенттеу.

2) бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларының және олардың мазмұнына қойылатын талаптардың шарттарына сәйкес экономикалық әсерді көрсету бөлігінде бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бекітілген бюджеттік бағдарламаларды қайта қарау;

3) бюджеттік инвестициялық жобалардың уақтылы аяқталуын қамтамасыз ету мақсатында заңнамаға жауаптылық шараларын күшейту бойынша өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау;

4) бюджетті жоспарлау кезінде атқарушы органдарға әлеуметтік-экономикалық әсерді көрсете отырып, алдағы қаржы жылында аяқталуы жоспарланатын жобалардың нақты санын өкілді органдарға енгізуді бекіту. Кейіннен бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп аясында жоғарыда көрсетілген жобалар бойынша жүргізілген жұмыс туралы толық ақпарат беру;

5) мемлекеттік органдар басшыларының тиімсіз бюджеттік шешімдер қабылдағаны және жалпыұлттық міндеттерді іске асырудың сапасыздығы үшін дербес жауаптылығын енгізу;

6) бюджет қаражатының қайтарылмау тәуекелдерін болдырмау мақсатында жастар кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі мәлімделген қызметті нақты жүзеге асыру мәніне қарыз алғаннан кейін 3 жыл ішінде жеңілдетілген кредитті алушыларға жыл сайынғы мониторинг жүргізу ұсынылады (*Еңбекмині*);

7) кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікті лизингтік қаржыландыруды көздейтін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде жеке лизингтік

компанияларды тарту тетіктерін кеңейту (*АШМ*);

8) ауыл шаруашылығы саласының сыртқы климаттық факторлардан ерекше осалдығын ескере отырып, сақтандырушылар мен сақтандыру өнімдерінің санын ұлғайту жолымен АШТӨ-ні агроқұрылымға тарту жөніндегі шараларды күшейту (*АШМ*);

9) СРИМ **даму жоспарына** Су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасының мақсаттарын, міндеттерін, нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштерін **декомпозиялау**;

10) жатақханаларда енгізілетін жаңа орындардың көлемін айқындау кезінде мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігінің ашықтығын арттыру мақсатында өңірлердің қажеттіліктерін және күтілетін әлеуетті ескеру қажет (*ОАМ, ҒЖБМ*);

11) Оператордың (*«Қаржы орталығы» АҚ*) жатақханаларда студенттердің нақты алатын орындарына мониторинг жүргізу жөніндегі функцияларын регламенттейтін нормаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу (*ОАМ, ҒЖБМ*);

12) нәтижелерін өндіріске енгізе отырып, қолданбалы зерттеулерді қаржыландыру үлесінің өсуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлеу (*ҒЖБМ*);

13) МАМ ЦДИАӨМ және «ҰАТ» АҚ-мен бірлесіп, бюджет қаражаты есебінен де, жеке инвесторлардың қаражаты есебінен де қаржыландырылатын фильмдерді прокатта шығару және алымдар туралы ақпаратты көрсете отырып, БААЖ-ды өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жөніндегі жұмысты жеделдету;

14) «prime-time» кезеңінде қазақ тіліндегі (*қазақ тіліне дубляждалған*) фильмдердің үлесін ұлғайта отырып, мәдени бірегейлікті сақтау мақсатында отандық фильмдерді (*ПРОМО-акцияларды пайдалану, әлеуметтік-белсенді блогерлерді, инфлюенсерлерді тарту*) танымал ету жөніндегі жұмысты күшейту (*МАМ*).

ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Ұлттық жобаларды талдау көрсеткендей, **көрсеткіштер мен іс-шаралар** МЖЖ құжаттарына **толық көлемде интеграцияланбаған.**

Жоспарланған 205 көрсеткіштің 7%-дан астамы (*15 көрсеткіш*), 736 іс-шараның 6%-ға жуығы (*44 іс-шара*) күші жойылғаннан кейін интеграцияланбаған.

Белгіленген проблемалар аясында және ЖАП ұсынған ұсыныстарды ескере отырып, ұлттық жобаларды басқару үшін нақты қаржылық негіздер мен бақылау тетіктерін белгілеудің маңыздылығын атап өткен жөн.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаға сәйкес 2023 жылы «Жайлы мектеп» және «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» атты екі пилоттық ұлттық жобаға бастамашылық жасалып, іске

асырылды.

«Жайлы мектеп» білім беру саласындағы ұлттық жоба

208 мектептің құрылысына ЖАО бөлген 496,3 млрд теңгенің 38%-ы (*190,2 млрд теңге*) игерілді, қалған 306,1 млрд теңге «Samruk-Kazyna Construction» АҚ (Дирекция) ҚБШ-сында болды.

Ағымдағы жылдың 5 наурызындағы жағдай бойынша 278,9 млрд теңге аванс төленді (*шарттар сомасының 50%-ына дейін*), мектеп құрылысының жұмыстары басталды (*72 объект 1 қабаттан жоғары тұрғызылды, 42 объект бойынша іргетасы қаланды, 47 объект бойынша іргетастың негізі қаланды, 35 объект бойынша шұңқыр қазу жұмыстары жүргізілді, 12 объект бойынша дайындық жұмыстары басталды*)

Бұл ретте, 2024 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша іске асырылып жатқан келісім шарттар жасалған *(208 жаба ішінен, 1-і бойынша қайта конкурстық процедуралар өткізіліп жатыр)*, 207 жобаның **тек 26-сы бойынша ЖСҚ әзірлеу рәсімі аяқталды** (*белгіленген тәртіппен ведомстводан тыс сараптамадан өтумен*), **есептік құны 45 млрд теңгеге асып түсті** (*Ұлттық жобада белгіленген мектептің жобалық қуатын ескере отырып, бір оқушы орнының есептік құнынан*). Сонымен қатар, Дирекция қайта қолдану үшін бірыңғай стандарт (үлгілік) бойынша 37 ЖСҚ әзірлеген жоқ (*Ұлттық жобаның іс-шаралар жоспарына сәйкес мерзімі – 2023 жылғы 31 наурызға дейін*).

207 мектеп бойынша Дирекция мен бас мердігерлер (консорциумдар) арасындағы шарттың жалпы құны шамамен 1 132 млрд теңгені құрады, оның ішінде ЖСҚ әзірлеуге 16,7 млрд теңге, қалғаны ҚМЖ-ға. Ал Ұлттық жоба бойынша мектеп құрылысының есептік құны 1 091 млрд теңгені құрайды. **Асып кетудің жалпы сомасы** шамамен **41 млрд теңгені** құрайды.

Тікелей орындаушы (*Дирекция*) Мемлекеттік сатып алу қағидаларын оларға бірнеше рет өзгерістер енгізе отырып (*3 рет қайта бекітілді, 2 рет түзетулер енгізілді*) бекітті, бұл **сатып алуға қатысу**, адал бәсекелестікті сақтау, сатып алу рәсімінің ашықтығы мен анықтығын сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол беру үшін **тең мүмкіндіктер бермеу** тәуекелдерін тудырады.

Осылайша, ЖАП мектептерді салу және технологиялық жарақтандыру құнының қымбаттауы және бюджеттен қосымша қаражат бөлу, сондай-ақ мектептерді пайдалануға беру мерзімдерінің бұзылуы тәуекелдерін атап өтті.

ЖАО-ның орта білім беру ұйымдарының **салынған объектілерін** олардың меншік иелерінен тауар ретінде **сатып алу** тетігі бойынша Астана қаласындағы 1 мектептің Ұлттық жобадағы есептік құннан 36%-ға асып кетуі белгіленді.

Ұлттық қор қаражаты есебінен 5,7 млрд теңге сомасына шығыстарды тиімсіз жоспарлауға жол берілді, атап айтқанда, басқа бағдарламалар шеңберінде салынып жатқан **60 мектепті ұстауға арналған** шығыстар (*жоғарыда көрсетілген 81 мектептен*).

2 өңірде (*Түркістан облысы, Шымкент қ.*) **12 жер учаскесі** бойынша шешілмеген мәселелер бар, бұл нөлдік циклды жүргізуге және ҚМЖ-ның уақтылы басталуына кедергі келтіреді.

Пайдаланушылардың кең ауқымы үшін бейнетрансляция және құрылыс алаңдарының фотоесептері функциясы бар құрылыс барысын мониторингтеу мүмкіндігімен ақпараттық жүйеге қол жеткізу қамтамасыз етілмеген.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру кезінде бірқатар бұзушылықтар байқалады, атап айтқанда, Ұлттық қордың қаражаты бірқатар қалалық ауруханаларды медициналық жабдықтармен қамтамасыз етуге бағытталған, бұл Ұлттық жобаның мақсатына қайшы келеді. ЖАО құрылымдық бөлімшелерінің **іс-қимылдарының үйлестірілмеуі себебінен қосарланған қаржыландырудың жоғары тәуекелдері** белгіленді (*«Абай облысы Үржар ауданы Үржар ауылында 10 төсек-орындық күндізгі стационармен 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория салу» жобасы 2023 жылдан бастап «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде іске асырылуда (2023 жылы 196,9 млн теңге игерілді, 2024 жылға 26,7 млн теңге көзделген), сондай-ақ 2024 жылдан бастап Ұлттық жоба шеңберінде көзделген (655,5 млн теңге)*).

14 ауылдық елді мекенде жаңа медициналық мекемелер құрылысының уақтылы аяқталмауы 14 мың ауыл тұрғынына уақтылы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетілмеу тәуекелін тудырады.

Сондай-ақ, 2 аудандық ауруханаға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді аяқтау мерзімі бұзылды, бұл медициналық көмек көрсету сапасы мен мерзіміне әсер етеді.

Медициналық жабдыққа, мысалы, қан айналымы жүйесінің аурулары бойынша қажеттілікті қалыптастыру кезінде өңірлер өлімнің стандартталған коэффициенттерінің мәнін ескермейді. Қан айналымы жүйесі ауруларынан ең көп өлім-жітім Ұлытау облысында, Батыс Қазақстан облысында байқалады. Алайда, бұл өңірлер 2023 жылға қан айналымы жүйесінің аурулары бойынша мамандандырылған жабдықтың қажеттілігі туралы өтінім бермеген.

Ұлттық жобаларды бағалаудың қолданыстағы бақылауы көбінесе орындаушылық тәртіпті бағалауды білдіреді және іс-әрекеттерді, іс-шараларды, көрсеткіштерді белгіленген аяқталу мерзімдерінен артта қалуды және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді, ал ең нашар жағдайда кезекті олардың күшін жоюын күтпей уақтылы түзету мақсатында, алынған нәтижелерді талдауға мүмкіндік бермейді.

Жоғарыда аталған кемшіліктер Ұлттық жобалардың стратегиялық дамудың жалпыұлттық басымдықтары мен мақсаттарына қол жеткізудің сенімді құралы

ретінде өзінің негізгі рөлін орындамауына алып келеді.

Белгіленген проблемалар аясында және ЖАП ұсынған ұсыныстарды ескере отырып, Ұлттық жобаларды басқару үшін нақты бақылау тетіктерін белгілеудің маңыздылығын атап өткен жөн.

Осыған байланысты, Үкіметке мыналар **ұсынылды**:

1) салынып жатқан мектептерге тексеру жүргізу және Дирекция мен мердігерлер тарапынан бұзушылықтар анықталған жағдайда қолданыстағы заңнамада көзделген жауаптылыққа тарту;

2) пайдаланушылардың кең ауқымы үшін құрылыс алаңдарының бейнетрансляциясы және фотоесептері функциясы бар құрылыс барысын мониторингілеу үшін ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

3) әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін уақтылы пайдалануға беруді қамтамасыз ету.

ӨҢІРЛЕРГЕ БӨЛІНГЕН БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Республика өңірлерінің табыс деңгейі 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 123,4%-ға ұлғайып, 13 552,6 млрд теңгені құрады. Жергілікті бюджеттердің кірістер құрылымында 2023 жылы меншікті кірістердің үлесі **50%-дан төмен**.

Аумақтардағы қаржылық дербестік көрсеткіштерін жақсарту және болашақта донор өңірлерді дамыту үшін өңірлерге үлкен дербестік беру және салық саясатын қайта қарау *(салықтарды орталықсыздандыру жұмыстарын жалғастыру, соның ішінде салықтық жеңілдіктерге түгендеу жүргізу арқылы)* ұсынылады.

Осыған байланысты, жаңа Салық кодексін әзірлеу шеңберінде Қаржыминіне ҰЭМ және ЖАО-мен бірлесіп, салық түсімдерінің қосымша түрлерін жергілікті бюджет деңгейіне беру, салық жеңілдіктеріне түгендеу жүргізу арқылы одан әрі орталықсыздандыру мәселелерін пысықтау ұсынылады.

Бюджетке түсетін түсімдерді болжау және **жалпы сипаттағы трансферттердің есептеулері** бойынша жетілдірілген әдістемелерді қолдануға қарамастан, **жүйелі проблемалық мәселелер толық шешілмеген**. Болжамды мәндерді жоспарлау түсімдер бойынша тиісті деңгейде жүзеге асырылмайды. Жергілікті бюджеттер кірістерінің жоспарлы мәндерін төмендету практикасы жалғасуда, нәтижесінде ЖСТ есептеулерін бұрмалау тәуекелдерін арттырады және жекелеген өңірлерде РБ-дан субвенциялар көлемінің ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін.

Мәселен, жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігінің атқарылуы *(трансферттерсіз және субвенциясыз)* - 6 386,6 млрд теңгені құрады және бекітілген жоспарды 1 211,4

млрд теңгеге асып түсті *(жоспар - 5 175,2 млрд теңге)* немесе 23,4%-ға өсті.

Осыған байланысты, Қаржыминіне, ҰЭМ-ға ЖАО-мен бірлесіп, бюджет түсімдерін болжау әдістемесін, оның ішінде өңірлердің экономикалық әлеуетін ескере отырып, субвенциялар мен алып қоюлар көлемін есептеу тәсілдерін одан әрі жетілдірумен қайта қарау ұсынылады.

Есепті жылы ЖАП «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының призмасы арқылы ЖАО-ның бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруына бағалау жүргізді, онда мынадай **кемшіліктер** атап өтілді:

- қаражатты сапасыз жоспарлау (*2023 жылы Ұлттық қор есебінен 1,2 млрд теңге сомасына 2022 жылы пайдалануға берілген 9 объект қаржыландырылды*);

- Ұлттық қор қаражаты есебінен көшелерді жарықтандыруға, жарықдиодты шамдарды орнатуға бағытталған жобалар қаржыландырылады;

- жұмыс істеп тұрған объектілердің сапалық сипаттамаларын, олардың техникалық жай-күйін және объектілерді салу немесе реконструкциялау қажеттілігін ескермей, Өңірлік стандарттар жүйесі бойынша жобаларды сапасыз іріктеу.

Жалпы, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде РБ қаражатының игерілуін талдау қорытындысы бойынша көлік инфрақұрылымы, мәдениет, спорт және білім беру салалары бойынша 6-ға жуық жоба аяқталмаған.

Осыған байланысты, мыналар **ұсынылады**:

1) Жоспарлау кезеңінен бастап нақты пайдалануға бергенге дейін БИЖ-ді есепке алу және мониторингілеу жөніндегі автоматтандырылған жүйені іске қосуды енгізуді жеделдету;

2) БИЖ-ді іске асыру кезінде мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі шеңберінде әлеуметтік-экономикалық әсердің өңірлерді дамыту жоспарларының нысаналы индикаторларымен және нәтижелерінің көрсеткіштерімен корреляциясын қамтамасыз ету.

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ

Үкімет 2022 жылы қабылданған Талдамалық баяндамада көрсетілген тәсілдерге сәйкес ҚР 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында көзделген тиісті Іс-шаралар жоспарын орындау арқылы квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау процесін іске асыруда.

Жоспарда көзделген барлық дерлік іс-шаралардың орындалуына қарамастан, квазимемлекеттік сектордың құрылымы мен қызметінде тұжырымдамалық өзгерістер байқалмайды. Оның жаңа қағидаттарға сәйкес жұмыс істеуін реттейтін заңнамалық база бүгінгі күні қабылданған жоқ.

Нәтижесінде, Үкіметтің өткен кезеңдердегі есептеріне қорытындыларда ЖАП-тың квазимемлекеттік сектор қызметіне қатысты көрсеткен жүйелі проблемалар өзінің өзектілігін сақтап отыр. Экономикадағы мемлекеттің қатысу үлесінің түбегейлі қысқаруы да байқалмайды (*4 жыл ішінде 14,9%-дан 14,2%-ға дейін 0,7%-ға төмендеу*).

Қалыптасқан жағдайдың себептері жекешелендіру процесінің тиімсіздігіне, сондай-ақ квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі мемлекеттік органдар қабылдайтын практикалық шаралардың жеткіліксіздігіне байланысты.

Аудит нәтижелері жекешелендіру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде кешенді және жүйелі тәсілдің болмауын көрсетті. Жекешелендірудің кешенді жоспарларын қалыптастыру экономика секторларында мемлекеттің болу қажеттілігін бағалаусыз, Талдамалық баяндамада көзделген реформалау тәсілдерімен өзара байланыстырмай жүзеге асырылды.

2023 жылы квазимемлекеттік сектор субъектілерін қаржыландыру көлемі 1 трлн теңгеден асып, 2022 жылғы деңгейге қарағанда 4%-ға ұлғайды. Бюджеттік қаржыландырудың ең көп көлемі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға (*34%*) және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға (*18%*) тиесілі.

Бұл ретте 2023 жылғы квазимемлекеттік сектор субъектілерін мемлекеттік қаржыландыру көлемінің шамамен 50%-ы орталықтандырылған есепке алу және мониторинг жүйесінен тыс қалды.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан нақты шығыстары 516 млрд теңгені немесе есепті жыл түсімдерінің 86% (*603,2 млрд теңге*) құрады. Пайдаланылмаған қалдық көлемі 118,4 млрд теңгені құрап, 2021 - 2022 жылдар деңгейіне қарағанда 2,5 есе ұлғайды (*46 млрд теңге*).

Анықтама ретінде: пайдаланылмаған қаражат қалдықтарының ең көп көлемі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға («Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА инфрақұрылым объектілерін салуға 49,5 млрд теңге), «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ-ға (қолайсыз ауа-райынан зардап шеккен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдауға 26,6 млрд теңге), «Қазсушар» ШЖҚ РМК-ге (авариялық су қоймаларын, гидротехникалық құрылыстарды, гидромелиорациялық жүйелерді реконструкциялауға және жаңғыртуға, ирригация мен дренажды қалпына келтіруге 15,3 млрд теңге) тиесілі.

Жекелеген ББӘ қаражат бөлу кезінде алдыңғы кезеңдердің қалдықтарын есепке алмайды, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жіберілетін қаражатқа нақты қажеттілікке бағалау жүргізбейді.

Мемлекеттік жоспарлаудың бірыңғай жүйесі шеңберінде ұлттық индикаторлар мен квазимемлекеттік сектор көрсеткіштері арасында декомпозиция мен келісімділіктің болмауы мәселесі кешенді түрде шешілген жоқ.

Мәселен, өңдеу өнеркәсібінің ірі жобаларын қаржыландыруға арналған 20

млрд теңге қаражат «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ға нақты тізбе және «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасында бекітілген тиісті іс-шаралар болмаса да бөлінді.

Көлік-логистикалық әлеуетті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының және «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының жолаушылар вагондары өндірісін оқшаулауды, пайдалану мерзімі 25 жылдан асатын вагон паркін төмендетуді көздейтін көрсеткіштері оларға қол жеткізуге негізгі жауапты болып табылатын «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Даму стратегиясында көрсетілмеген.

Корпоративтік сатып алу жүйесінде бір көзден жүзеге асырылатын сатып алулар бұрынғысынша басым болып отыр, олардың көлемі өткен жылға қарағанда 3,3 есе ұлғайып, жалпы көлемнің 57% құрады. Мұндай сатып алулардың ең көп көлемі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға тиесілі (*78%*), бұл жергілікті бизнес үшін ашық бәсекеге қабілетті нарықты дамытуға ықпал етпей, квазимемлекеттік сектордың сатып алу жүйесін корпоративішілік оқшаулағанын куәландырады.

КСС қаржылық есептілігінің жиынтық деректерін талдау 2023 жылғы 1 қаңтарға квазимемлекеттік сектордың активтері (*52,4 трлн теңге*) оның міндеттемелерінен (*27,4 трлн теңге*) асып кеткенін және үш жыл ішінде квазимемлекеттік сектордың таза активтері 38,2%-ға өсіп, 25 трлн теңгені құрағанын көрсетеді.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша КСС борышы 20,3 трлн теңгені құрады (*бір жылда 2,9%-ға өскен*). Борыш құрылымында ең көп үлесті «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ борышы 10 трлн теңге (*49,5%*), сондай-ақ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ борышы 8,2 трлн теңге (*40,4%*) алады.

ЖАП аудитінің нәтижелері бойынша тиісті бақылау мен регламенттеудің болмауына байланысты қарыз алудың осы санаты бойынша жүйелі проблемалар мен тәуекелдер белгіленді, бұл сайып келгенде қарыз алу мақсаттарына қол жеткізбеуге және қарыздарды өтеу ауыртпалығын мемлекеттік бюджетке ауыстыра салуға әкеледі.

2022 жылы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза кіріс көлемі 33%-ға ұлғайып, 2,5 трлн теңгені құрады, шығын 19,3%-ға 93,2 млрд теңгеге дейін өсті.

2022 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтердің өсу қарқыны 2021 жылға қатысты 9,1% құрады. Бұл ретте, осы кезеңде квазимемлекеттік сектордың бөлінбеген пайда көлемі 23,3%-ға өсіп, 11 трлн теңгені құрады, ал КСС шоттарындағы ақша қаражатының қалдықтары 27,7%-ға өсіп, 6,2 трлн теңгені құрады.

Бөлінбеген пайда мен ақша қалдықтарының өсу қарқынының дивидендтердің

өсу қарқынынан асып кетуі, сондай-ақ КМЖ субъектілерінің шоттарындағы өтімділіктің артықтығы квазимемлекеттік сектор активтері құрылымының ұтымсыздығына қауіп төндіреді. Активтерді сатудан түскен қосымша дивидендтерді есепке алмағанда, 2022 жылғы қызмет нәтижелері бойынша КСС-дан 261,2 млрд теңге сомасында дивидендтер түсті.

2023 жылы 129,6 млрд теңгені құраған «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тарапынан мемлекет пайдасына өзге де бөлу тәжірибесі сақталуда.

КСС қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базаның жетілмегендігіне байланысты ЖАП сараптамалық-талдау қызметі шеңберінде өзге де бөлу арқылы іске асырылатын жобалардың құнын асыра бағалау тәуекелдерін тудыратын бірқатар жүйелі кемшіліктерді белгіледі (*Алматы қаласында жұқпалы аурулар ғылыми орталығының және Астана қаласында шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының құрылысы*).

Осының салдарынан ЖАП-тың мынадай ұсынымдары сақталады:

- алынған қаржылық нәтижеге сәйкес бюджетке таза кірістің бір бөлігінің 70%-ын аударуды қамтамасыз ету және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ акционеріне өзге де бөлу практикасын қысқарту немесе алып тастау жөнінде шаралар қабылдау мақсатында барлық КСС субъектілерінің дивидендтік саясатын қайта қарау бойынша;

- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тобына КСС субъектілерін орталықтандырылған платформада сатып алудың бірыңғай рәсімдерін тарату бойынша.

Бұдан басқа, ЖАП мыналарды **ұсынады**:

1) жаңа Бюджет кодексінің жобасында қаржыландыру нысанына қарамастан мемлекеттік бюджеттен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бөлінетін қаражатты игеру үшін қолма-қол ақшаның бақылау шоттарын ашу және қолдану міндеттілігін көздеу;

2) Квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі іс-шаралар жоспарында нормативтік-құқықтық базаны қабылдаудың, сондай-ақ жаңа тетікке сәйкес квазимемлекеттік сектордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін барлық ұйымдастырушылық іс-шараларды іске асырудың нақты мерзімдерін көздеу;

3) Талдамалық баяндамада көзделген квазимемлекеттік сектордың құрылымы бойынша тәсілдерге жекешелендірудің Кешенді жоспарының келісілуін қамтамасыз ету;

4) «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ таза кірісін бір жылдағы қызмет нәтижелері бойынша бөлу кезінде Қор тобының активтерін бәсекелестік ортаға беру нәтижесінде аударуға жататын қаражат сомаларын қоспай, республикалық

бюджетке жіберілетін дивидендтердің мөлшерін айқындауды жүзеге асыру.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН БАҒАЛАУ

Жыл сайын 2020 жылдан бастап ЖАП **республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне** *(бұдан әрі – РБ ШҚЕ)* аудит жүргізеді.

Қамтамасыз етілген қамту мемлекеттің 2023 жылғы мүліктік жағдайы мен қаржылық нәтижелері бөлігінде объективтілік пен шынайылық туралы пікір білдіруге мүмкіндік береді.

Алғақшы РБ ШҚЕ жасалған кезден бастап оның сапасы мен анықтығының айтарлықтай жақсарғаны байқалады.

Қаржымині ЖАП ұсынымдарын ескере отырып, 5 730,2 млрд теңге сомасына активтерді, 296,8 млрд теңгеге міндеттемелерді тану және нақты көрсетуді қамтамасыз етті, соның ішінде 2023 жылғы РБ ШҚЕ аудитінің қорытындылары бойынша 85 млрд теңгеге активтерді, 1,6 млрд теңгеге міндеттемелерді көрсету қамтамасыз етілді.

Бұл ретте, 2023 жылғы РБ ШҚЕ әлі де негізгі мақсатқа – мемлекеттің активтерін, міндеттемелерін, кірістері мен шығыстарын республикалық деңгейде объективті және шынайы ұсынуға қол жеткізуді қамтамасыз етпей отыр, өйткені **оның бірқатар негізгі элементтері объективті түрде көрсетілмейді**. Тиісінше, ЖАП ескертпемен пікір білдіре отырып қорытынды дайындады.

Осыған байланысты, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге активтер мен міндеттемелердің жекелеген санаттарын неғұрлым шынайы ұсынуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ҚСХҚЕС-қа толыққанды көшуге бағытталған жүйелі шараларды қабылдауға бағытталған өзгерістер **ұсынылады**.